

Николай
Анастасьев



АБАЙ

Николай Анастасьев

А Б А Й

Самғау салмағы



Орыс тілінен аударған Жұмабали Ысмагұлов



УДК 821.161.1=03:811.512.122

ББК 84(Рус-Каз)7-4

А56

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АКПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АКПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАФАТ КОМИТЕТИНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Анастасьев Николай.

A56 Абай. Самғау салмағы. *Николай Анастасьев.*

Орыс тілінен аударған *Ж.Ысмағұлов.*

Астана: Аударма, 2010. – 472 бет.

Мұқабаның бірінші бетінде суретші Жұмакұн Қайрамбаев
салған портреттің фрагменті пайдаланылды.

Абай Құнанбайұлы (1845 – 1904) казак әдебиетінің негізін салушы ретінде жүртшылықта кеңінен мөлім, өзінің шығармашылығында Қыр елі ақын-жырауларының ғасырлық дәстүрлерін Ресей және Еуропа мәдениетімен үштастырған гуманист-акын. Ол сонымен бірге нәзік лирик, терең ойшыл және замандастарының келенсіз мінездерін батыл сынаған сатирик. Абайдың өмірі сырттай қараганда оқигаларға бай емес, алайда шығармашылық ізденістерге, жаңа пішіндер қарастыруға, Батыс және Шығыс классиктерімен сырттай сұхбаттасуға толы. Оның өміrbаяндық шекарадан алысқа тараған “сөздік болмысы” осындей еді. Белгілі әдебиеттанушы әрі жазушы Николай Анастасьев “Жизнь замечательных людей” сериясымен жарық көрген жана кітabyнда осы жайттарды шығармашылық түрғыдан жаңаша құрастырып, қайта жанғыртқан. Оның Абайы – өз халқының ағарту және гүлденту жолында күрескен даланың ұлы перзенті ғана емес, сонымен бірге Пушкинмен және Гётемен, Шекспирмен және Декартпен сұхбаттас болып, солармен бой тенестіре, дүние жүзі мәдениетіндегі ұлы қайраткерлердің тұғырнамасында қатар тұратын тұлға ретінде суреттеледі.

ISBN 9965-18-301-5

УДК 821.161.1=03:811.512.122
ББК 84(Рус-Каз)7-4

© Қазақша аудармасы, Ж.Ысмағұлов, 2010
ISBN 9965-18-301-5 **“Аударма”** ғаспасы, 2010

АУДАРМАШЫДАН

Аударма мәтіні түпнұсқа деңгейінде шықты деген ойдамыз. Бір ғана ескерту ретінде айттар жайт – шығармада келтірілген Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің, ол жайындағы эпопеядан алынған үзінділердің нұсқасы қолтума түпнұсқадағы мәтіндерімен салыстырылып алынды. Олардан өзге әр замандағы қазақ ақын-жыршыларынан алынған үзінділер де сол күйінде енгізілді. Ал енді Шығыс және Батыс классиктерінен алынған бірлі-жарым өлең жолдары аударылғаны аударылған күйінше, аударылмағандары негізгі үйқастық үлгілері сақтала отырып, жаңадан аударылды, жолма-жол аудармалары сол күйінде берілді.

Аударма жайындағы қалған үкім оқырманның билігінде деп білеміз.

ПРОЛОГ

Ескерткіште сомтұлғалық сипат бар – осының өзі анық жалаң қайталауышықтың мысалы. Тіпті бұл поэтикалық үшқыр қагылездіктің данышпандары – Пушкинге немесе Моцартқа арналған ескерткіш болса да солай. Гранит пен мәрмәр тас өздерінің ырқына көндіреді, сондықтан мәселе материалга көрсетілген қарсылықтың мөлшерінде гана. Түпнұсқаның құпия сырына үңіле білудің мөлшерін мен сөз де қылмаймын – ол өзінен-өзі түсінікті нәрсе.

Абайдың ескерткіштеріне келгенде бір ыңгайсыздық сезінемін. Олардың бәрі заманының өзіндей зілмауыр көрінеді; өздерінде тау тұлғаның қуаты бар, олардан бастан кешкен кемеңгерліктің, көп-көп қасіреттің жүгін арқалаган білім-біліктің лебі есіп тұрады. Солай болуы керек те. Абай Құнанбаев деген, шынында, тау тұғалы адам гой, ол – шын мәнінде кемеңгер, шын мәнінде Мұса пайғамбар секілді тұмас бір халықтың тағдыры үшін жауапкершіліктің ауыртпалығын өз еркімен, саналы түрде арқалаган, сол себептен де туган жерінде екі аяғын тең басып тұрган қасіреткөр.

Менің ойымша, күні бүгінге дейін Абайга арнап орнатылған ескерткіштердің ішіндеңі ең тәуірі – Мәскеудің Чистые пруды махалласында гана орнатылған белгінің өзінде де ...ие, деймін, бір жетімсіздік бар: ол – музага қызымет етудегі Пушкиннің жанкештілігі, Моцарттың елгезектігі, Беранжениң уыттылығы, Байрон-Лермонтовтардың тұнжырлығы; ал осының барлығына жазмыштылықтың түйсігін қосқанда, ақынның алхимиясы болып шығады. Анатоль Франстың айтқанындағы,

Париждегі Құдай-ананың соборында пілдің ауырлығы мен көбелектің жеңілдігі бар.

Абай деген бір өлшемнің екі басындағы шетін үшқарылықтың азап-бейнетпен келіп, бір сәтті мезеттегі үштасуы, қосылмастың қосылуы, тіл жетпестің бейнесін тапқандығы, жер тартылсының қуатты қүші, адам қияльының қисының тауып кететін тегеуріні. Қысқасы, Абай деген самгаудың жеріне жеткен де, жете алмаган да ауыр салмагы. Бұл – Ұлы дағаның үстіндегі аспан күмбездерін өзінің алыпқа біткен қос иығымен көтеріп тұрган атлант.

Тау жоталары Шыңғыстау аталауды. Бір есептен ол Тянь-Шань, Орал, Альпі, керек десеңіз, Американың Жартасты таулары деп аталауды да мүмкін еді. Қазақстанның солтүстік-шығыс жағындағы Жидебай ауылынан тартылған желі бірде ашиқ, бірде жасырын түрде басқа бір замандарға, тіпті алыс-алыс қияндарға қарай, кейде тіпті сол Дарадан талай мыңдаган шақырымдарға созылып кетеді. Абайдың өлеңдері, философиялық қара сөздері сияқты сан түрлі қосалқы ойларға жетелейді – ұсынылып отырган кітаптың уақыт жүйесіндегі кейбір тіркестер мен құрылымындағы ұздік-создықтар, бәлкім, сондықтан да болар.

Жазушының өмірбаяны – ең алдымен, оның шығармаларындағы сөздері, суретшінің керілген кенептегі бояулары, композитордың ноталары. Рас, кей-кейде бастаң кешкен өмір де шығармашылықта жарқ етіп сәулесін түсіретін кездер болады. Дантеңің, Науай мен Пушкиннің өмірінде құғыншылық болды. Сервантес, Стендаль мен Толстой согысты көрді. Байрондікі – Муссолинги. Герцен шетелге кетті. Мелвилл мен Конрадта – басты айналдыратын теңіз саяхаттары. Ал енді бұлардан басқа тікелей аралас-құралас болған адамдар ортасы өз алдына; соларды құрастыра келгенде суреткердің өзіне жақындағы түсуге болады: “Мен сахнадан кетерде және кетіп бара жатқанда өзім ала кететін өзімнің бүкіл ортамды айтып отырмын” (Борис Пастернак).

Абайда ондай орта болған жоқ. Отбасы мен ру тайпасы болды, шәкірттері, сүйген әйелдері және болды, өмірінің кейінгі жартысында Сібірге айдалып келіп,

осында мерзімдерін өтеп жүрген орыстармен танысты, кейбіреулерімен достас болды. Бірақ орта деген, өзі араласа жүріп, бар өмірі байланысты болған, өткен өмірі ортақ, дүниені түйсінуі ортақ, ой-пікірлерінің багыт-багдары ортақ, міне осындаі орта деген онда болған жоқ.

Сеніскең досым да жоқ, асыгым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да...

Бұл жай жаза салған өлең жолдары емес, бұл – тағдыр, дұрысын айтқанда, болашақ тағдырды сезінуі, өйткені өмірінің таусыншақ шеті әлі алыста болатын, алда әлі жиырма жылдай өмірі қалған-ды. Эрине, мұндай жалғыздық – қасірет және бақытсыздық. Бірақ айтуга ауыз бармайды, мұндай қасірет болмаса, мұншалықты орасан зор тұлғалы агартуышы-ақын да болмас еді. Есесін қайтару заңының нәтижесі. Абай өз замандастары арасынан дос таба алған жоқ, бірақ ол бөгделік бөгеттер мен таптық алауыздық дегенді білмейтін әлемдік мәдениет әуенінен өзіне достарды тапты.

Өзіне жақын ортасы болған жоқ, жалпы алғанда, әрине, Абайды еріксіз араластырып отырган жергілікті ағайындарының ырың-жырыңдарын есепке алмаганда, айта қалғандай оқига да болған жоқ. Ол былай тұрсын, жазған кітаптары да саусақпен санарлық қана. Дұрысын айтқанда, автордың көзі тірісінде ондай кітаптары болған жоқ. Мұндай істің мәнісін билетін, әдеби сында тұмас бір библиографиялық мектептің негізін салған Шарль Сент-Бёв мынадай түсінік айтады: “Ұлы ақынның өмір шежіресі болу үшін ең маңызды нәрсе – оның ең алгашиқы асыл туындысын дүниеге келтірген кездегі барлық жагдайдың... содан азды-көпті себеп боларлықтай тогысқан кезеңін іліп ала білу, соны ой жүзінде қорытып бүкіл тұлғасын талдай білу. Егер сіз ақын өмірінің осынау бір екі талай кезеңінде оны түсіне білсөніз, сол кезеңнен болашаққа қарай тартылған желінің түйінін шеше білсөніз... онда сіз бұл ақынды білемін деп айта аласыз.

Бірақ Абайга байланысты көлденең тұратын жагдайдың қыындығы сол – мұндай кезеңді кездестіре алмайсың.

ондаидан бір із қалмаган: сондықтан, Сент-Бёвтің сөзіне бақсақ, Абайдың өмірбаянын жазу тіпті де мүмкін емес. Енді, ақыр-соңында, тағы бір кедергі. Ағылышының тамаша тіл маманы, әдебиет зерттеуші, мәңгі өлмейтін ұлагатты сөздерін былай қойғанда, “Ақындар өмірі” кітабының авторы Сэмюэл Джонсон мынадай пікір айтқан: “Өзінің қаһарманымен бір үйге тұрган адам гана оның өмірбаянын жаза алады. Оның өзінде сәті түссе қалған жағдайда гана. Осындаі біліктілік пен әділеттілік тек сондай көршілерде гана болады. Жаңагы “бір үйде” деген сөзді бейнелі түрде түсінгеннің өзінде мұндаі іс менің қолымнан келмес еді – өйткені аралас-құраластық болмаган жерде іштей жақындық бола алмайды гой”

Сондықтан суреткер мен сәуегейдің өмірбаянын мен жазбақшы еместін.

Әдеби-сын очеркін де жазбаймын. Мұндаі жанр мен үшін үйреншікті-ақ, бірақ бұл арада асу бермес бір кедергі бар – мен ол кісінің тілін білмеймін, ал Абайдың орыс тіліне аударылған өлеңдері тек нобайы гана тәрізді. Білемтін адамдардың айтуы солай. Естір құлагы дұрыс оқырманның қай-қайсысы да мұны теріс дей алмайтын сияқты.

Жә, өмірбаян болмасын, әдеби сын болмасын – сонда бұл не? Ең дұрысы – оның суреті немесе тіпті жай гана нобайы, өткен гасырлардагы әдеби-қогамдық өмірге қатысуши адамдардың өз болмыстары мен сырттай тартылғандарының толқымалы тобының баршасына ортақ байгазы.

Birinihi taray

ШЕТ АЙМАҚТАРДЫҢ МИФОЛОГИЯСЫ

Wer den Dichter will verstehen
Muss in Dichter Lande gehen*

“Батыс-шығыс дәптеріндегі” осы бір өлең жолдары жиіжі қайталаңғандықтан, таңғы ауадай тап-таза лебін баяғыда-ақ жоғалтып алса да, даусыз ақиқаттығынан айрыла қойған жоқ. Ал Гетеңін өзінде ой-пікірдің бұлттан асқан асқақ шыңдары мен қайдығы бір жойдасыз қарадүрсіндіктің өмпейлесе қалатыны, өлеңнің тәнірі лебізіндей өуеніне көшениң дөрекі сөздері килігіп жүретіні ылғида қайран қалдырады.

Тірі адам ізім-ғайым жоғалмайды,
Мәнгілік тіршілігі тоқталмайды.
Болмысқа жақындардың бәрі бұла!

Сексенінде Олимпінің сенгіріне көтерілген Европадағы ақыл-ой әміршісінің болашаққа аманат етіп қалдырған “Өсиетін” амикошон әуейісінің ызының ыскырығымен қалайша үйлестіруге болады?

Ей, Хронос, жылдамдат, ыбылжыма!
Қамшыңды басынқыра мәстегіңе!

Осының бәрі бір қолдан шыққандығына көз жеткізу үшін, шынында да ақылға көніп, Майндағы Франкфуртқа

Білгің келсе ақынды, еліне карай сапар шек. (нем.)

қарай жол тарту, сөйтіп, ертелі-кешті дауылдатқан заман өкпегіне қарамастан, соның ауасында сақталып қалған ескілік сарындарымен тыныстау қажет болар еді. Расында да, солардың әлеміш өрнектерінің сырын үғыну үшін жолаушыға Гетеңің өзі-ақ көмектесе алады. Өзінің балалық шағын еске алатын “Поэзия және шындық” атты еңбегінде бұл қалаға ертеден тамыр тартқан мәдени дәстүр – гректер, римдіктер, ортағасырлық қамалдар, соборлар, бекініс қорғандары, күмбезді ратушь залдары – осының барлығы даңғаза жәрменкелерімен, құлақты жарғандай дабыл даңғырымен және айталық, “Инабатты адамдар” атты қоналқы үйлермен бірде жанаасып, бірде жарасып тіршілік етіп жатады. Әрқайсысы өз тілінде дабырласып жатса да, сак құлақ әртүрлі сөздер мен дауыс ырғактарынан бір үқастық андағандай болар еді.

Ал енді Шекспирді жақсырақ түсіну үшін, жә, оны толық түсіну қайда, тіпті, ең болмаса, нобайлап шала-шарпы анғару үшін де, егер реті келе қалса, Стратфордқа барып серуендеу, Эйвонның жағалауына шығу, саяхатшылар жүретін жолдан қаға берістеу бір жердегі сыраханада отырып алып, көлденен жүртқа көзтүрткі болмайтындей бір онашалықта, жан-жақты барлап алып, осындағы жүрттың сөйлеген сөзіне құлақ түру керек болар еді. Мұндағы уақыт айырмашылығы екі ғасырдан да астам, тарихи көрініс ондағыдан мүлде өзгеріп кеткен, халықтың сөйлеу тілі Шекспир заманындағыдан тіпті басқаша; бірақ соған қарамастан, шіркін-ай, осы арада анау көк сокқан саппас және жалмауыз, сужурек қорқақ және мақтаншақ, бейпіл ауыз Джон Фальстаф қандай сайрандар еді-ау деген ойға қаласын. Ал әне бір қарсыдағы үйде нақ Джульєттаниң күтушісі, бірде мылжың, бірде тілазар, бірде жәдігөй, бірде қырсық, бірде анқау, бірде арамза әйел тұратын болса, неси бар. Қалай десен де, бір кездегі Веронаның екі отбасындағы манғаз мырзалардың тұқым қуалаған араздығына куәгер итальян әйелі болмас еді ол.

Міне бұл Гете, бұл, нақ соның сөзімен айтқанда, жаңа замандағы барлық ақындар мен драматург жазушылардың тұп атасы Шекспир – олардың пайда болатын кеністіктері біздің түсімізге де кірмейді; сол себептен де олар ұлы борышқорлығының үстіне ұлы несиегерлер де болып шығады; былайша айтқанда, оларды туған жердің табиғаты

калай қалыптастырса, олардың өздері де сол жерді дәл құдайдай өзгертіп, түрленте алады. Ал оның ар жағында өні қайсы, тұсі қайсы – өзің ажырата бер. Достоевский өзінің Петербургын өзі-ақ қолдан жасаған жоқ па еді. Өзі айтқандай, қияллы шындыққа, шындығы қиялға ұласып жататын нағыз елес қала емес пе еді онысы.

Америкада аймақтық деп, бізде деревнялық деп аталып жүрген жазушылар туралы қандай сөз болуы мүмкін? Олардың қай шығармасын алсаң да, оларда туған өлкелерінің ауаны былай тұрсын, жай тұрмысының өзі менмұндалап тұрмай ма?

Қазірге дейін мен онда талай рет болдым, біраз уақыт тұрып та көрдім. Американың провинциялық қаласы Оксфордқа алғаш рет барғанымда, – бір ғажабы сондағы көргенімнің бәрі өзіме бұрыннан таныс сияқты көрінген. Қыратты жер бедері де, айналаның бәрінде мұлгіген тыныштық та, – мұнда бірде-бір адам, тіпті үнемі безектеп жүретін студенттерге дейін ешқайда асықпайды, тіпті ауадағы иіске дейін, қара топырақ пен ешқашан өнін бермейтін қыш араласып, мұрынды жарады. Сол неліктен? Өзгені былай қойғанда, осы қаланың іргесіндегі егістік шетінде тырп етпей мелшиіп тұрған қашырдың көзге жылы ұшырай кеткені қалай? Ал, шындығында, ешқандай қашыр болған жоқ. Өзім талай рет қайталап оқыған кітапты еске алып, ой жүзінде парақтап шыққандағы көрініс қана болатын:

“ Әлде бір Гомер келіп, мақта даласындағы қашыр мен оның Оңтүстік өңіріндегі маңызы туралы сага жазсын дейік. Ерекек атаулының жүрегін тілгілеген, бүгінгі күннің қатігез, қасаң қам-карекетіне мейлінше немқұрайлы қарайтын, тіршілік жағдаяттарының қатал тегершігінің тегеурініне шыдай алмай жер дүние зыр қағып тұрғанда міз бақпайтын, осы жерге қашанда адал, жанды-жансыздың ішіндегі ең төзімдісі осы қашыр...” Шындығында, осы жолдардың авторы Уильям Фолкнер еді ғой жергілікті жердің Гомері бейнесінде елестеп кеткен; бәлкім, соның қашырлары (сондай-ақ, сол суреттеген сиырлар, тауықтар, жанаттар, тағы басқа жан-жануарлар) болар, мына жерде мұлгіп тұрған құйма қашыр, тасмұсін қашыр емес, бәлкім, сол алдыңғылары көнілге қонымдырақ болар, сірә.

Демек, әлбетте, Сарторис дейсіз бе, Компсон дейсіз бе, Сноупстер дейсіз бе – және басқалар ма, – әйтеуір бірінің соңынан бірі қайталап, көп томдық сағада бірінен соң бірі көлбендеп өтіп жата қоймас, бірі екінші сюжетке жөнді-жөнсіз ауыса бермес; уақыт та өртегідегідей, біресе кері кетіп, біресе зыр етіп ілгері зымырап, ақыр-соңында бір күйде тоқыrap қалmas. Қысқасы, егер осы Оңтүстік жерінде дүниеге келіп, бұкіл өмірін осында өткізген, соны бірде аялап, бірде оған аяусыздық көрсетіп, қайғылы тарихын жасаған жазушысы болмаса, әлгінің бірде-бірі болмас еді.

Бұл өлкелердің тарихы – жазушы Уильям Фолкнердің өз өміrbаяны, оның рухани және күнделікті өмірі, оның өз тұсында және одан бұрын да болып өткен оқиғалардың көрінісі; оның бір романындағы кейіпкері сияқты, осы жерде өсіп-өнген, “оның тұла бойында, қаңыраған бос дәліз секілді, жеңілгендердің аты шулы есімдері жаңғырыға гүілдеп тұратын; ол өзі әрілегенде тірі пенде емес, жеке организм емес, бұкіл қауымдастықтың бейнесі болатын”

Бір сөзben айтқанда, “Wer den Dichter will verstehen”

Откен заманның данышпандары әуес болған нәрсеге “ауыл-аймақшылдар” ғана ынталы; бұлар да өздерін әдебиеттегі халықаралық әлемнің азаматтары санайды. Ал ондағылардың бәрі де – таныс-бейтаныс адамдар, замандастар мен араларын ғасырлар бөліп тұрған жандар – бір-бірімен тілдесіп, бірін-бірі түсінісп жатады. Жазушы Уильям Фолкнерді қалыптастырған америкалық Оңтүстік. Ал Оңтүстіктің өзін жасаған да жазушы Фолкнердің қуатты қиялы, соны өзімсініп отырып айтып берген де өзі: бір орайы келгенде Йокнапатоф атты ойдан шығарылған үндіс аймағын тауып алды да, өзінің барлық романдары мен әңгімелерінің оқиғаларын сол жерден өргізді. Онысы Оксфорд қалашығы орналасқан нақты Лафайетт округының картасына ұқсайды (қалашық Фолкнер шығарма-шылығында Джейфферсон деп аталады). Және бұл карта түпнұсқасына онша ұқсас та емес: оны егіздің сынары деуден гөрі қандас туыс деп қана шамалауға болар еді. Сондықтан олардың қайсысы шындыққа жақын, қайсысы нақты болған оқиға, қайсысы көркем ойдың жемісі деп ешкім де кесіп айта алмас еді.

Фолкнер соншалықты қара топырақшыл бола тұра, философиялық ой толғауға өүес. Ал енді Марк Твен ше? Бүкіл американлық ең жаңа әдебиеттің құрсақ анасы болған “Гекльберри Финнің бастан кешкендері” атты кітабында ол метафизика атаулыдан ат-тонын ала қашады; абстракция дегеннің қай түрінен де сірескен заттық бейне мен тұра мағынасында “жергілікті тілді” артық көреді. Шындығында, ол бірсыптыра уақыт Америкадағы ықпалды әдеби мектептің көсемі деп те саналып келді. “Гекльберри Финн” мынадай түсініктеме сөздермен басталады: “Бұл кітапта бірнеше диалектілер қолданылған. Атап айтқанда, олар: Миссури штатындағы негр диалектісі, Пайк-Каунтидегі мақау диалектінің ең бір соракы түрі, содан кейін осы соңғысының біршама жөндемі дерлік тағы бір төрт нұсқасы. Сөз саптаудың мұндай түрлері кездейсоқ, қалай болса солай алынбаған; қайта, керісінше, сенімді басшылықтың арқасында, барынша мәттағамдалып, оның үстіне осындай сөйлеу нысپыларымен өзімнің тікелей таныстырым негізінде іріктелген болатын”

Тікелей таныстық деген тым жұпның айтылған сөз. Сэмюэл Клеменс сол замандағы құл иеленуші Миссури штатындағы Флорида дейтін титімдей қалашықта туған, онысын тіпті санаулы үйі бар селен деп айтса да болғандай еді. Ол сондағы тұргындардың сөз машығын құлағына сініріп өсті, сонымен етene болып, тіпті таптырмайтын табиғи ортадай қабылдады. Әрине, ондағы сөз өрнегін басқа тілге аудару мүмкін емес-ті, ондай жағдайда ең тәуір деген аударманың өзі сәтсіз болып шығар еді. Сондықтан оның орысша нұсқасын жасағанда, Пайк аймағындағы сөз үлгісін Ресейдің әлде бір орталық өніріндегі, айталық, Курскі төңірегіндегі сөйлеу мәнерімен аудару өрекеттінінен бас тартып, Нина Дарузес өте дұрыс жасаған. Бұл да өншейін сөз орайына қарай айтылған пікір. Ал, тегінде, менің айтпағым: өзіне “Марк Твен” дейтін бүркеншік атты меншіктеген жазушының таланты ағыны қатты Миссисипи өзенінің жағалауында толысып жетілді; оның барлық кітаптары, – мейлі олардың оқиғалары Артур корольдің сарайында бола ма немесе Жанна д'Арк заманында өрістей ме, – бәрібір, жағағы өзеннің кең шалқар айдынды ағынындаі, ал кейде оның долданып буырқанған кездегі қаһарлы толқынындаі, күллісі соның ауасына, түрлі-түсті бояуына

толы болар еді. Марк Твен сол ұлы арналы өзінің мәнгі қарыздар екенін әрдайым еске салып отырады.

“Миссисипидегі өмір” – тым шытырман ертегідей “күшіктің”, теңізші шәкірттің, ақыр-сонында аты шын аңызға айналған жазушының өміrbаяны; ал ең бірінші кезекте “Гекльберри Финнің бастан кешкендерін” ауызға алсақ, бұл жалпы алғанда, сүйіспеншілік хикаясы; оның эпикалық кең құлашына бақсақ, барып тұрган лирика – осынау сөзуар, сықақшыл авторға жат көрініс дерсің, – ал оның аржағында тым ұзаққа созылып жатқан поэтикалық үзіліс, соның өн бойына созылып жатқан адамды бірде жылатып, бірде құлдіретін, неше түрлі жақсылы-жаманды адамдар басында болатын не қылыш хикаялар.

Томас Стернз Элиот па екен, әйтеуір біреудің былай деп айтқан сөзі бар; тегін айтылмаған уәж: Миссисипиді ойлап тапқан – Марк Твен дейді. Егер Элиот болса, ол нағыз космополит, әлем азаматы, бірақ тамырында Сент-Луис перзентінің қаны бар, Флоридадан жүз мильдей ғана қашықтықта, дәл сол өзеннің бойында туған. Бұл бір өте тауып айтылған сөз. Бұған өзімнің де көзім жеткені бар. Бірде жолым түсіп, бір замандарда Гек Финн мен қашқын құл Джим жүріп өткен ізбенен мен де сапар шеккенмін. Әрине, салмен емес, машинамен-ақ. Бірақ Өзен жағалауынан онша алыстап кетпедім. Сонда деніз, келе жатып, ылғи айналаға сол классикалық кітап авторының көзімен қарап отырдым. Қараған сайын өлкө өнірі бұлдырап, көз алдында мұнартада берді, үнемі өңін өзгертумен болды.

Сірә, жаңағы сөз рас та шығар. Өйткені Марк Твеннің ойлап тауып жүргені, тегінде, солтүстігінде Миннесотадан басталып, оңтүстікке қарай аққанда Мексика шығанағына келіп тіреліп, Солтүстік Америка құрлығын қақ жарып тұратын өзен емес еді. Ол табиғаттың өзі жаратқан, талай жиһангерлер ашып, өздерінше суреттеген өзен болатын; ал мына жерде суреткер, өзінің түйсігі ме, әлде әдейілеп бостандық бейнесіне айналдырысы келді ме, әйтеуір американалықтардың жүзеге аспаған арманына балапты (ал орындалған арман деп жүргеніміз жай бір жалпыға ортақ нәрсе ғана ғой). Сонда деймін-ау, Марк Твен өзінің жас кезіндегі мамандығын неге сонша жақсы көрді екен, жазушыға бүркеншік ат тауып бергені үшін бе екен (“mark twain” тереңдігі екі саржан деген сөз; қарсы жолыққан

кеменін жүргізушілері бір-біріне осылай деп жөн сілтейді екен)? “Себебі белгілі: ол заманда лоцман деген (Марк Твен Миссисипи бойындағы көне заманды еске алып отыр. – Автор) адамзаттың бірден-бір басы бос ұрпағы болатын” Қалғандарының барлығы – жағдайдың тәуелді кепілдігі, бәрі де тұтқындар, құлдар, корольдер – парламент пен халықта, журналисттер – газет оқырмандарына, священниктер – жергілікті діндарларға, жазушылар – қалың көпшілікке тәуелді. “Кітап жазғанда біз ашығын айтып, батыл жазамыз, бірақ басқызар алдында ғой бипаздап, “түзетіп жіберетініміз” Демек, лоцмандар ғана ондай құлшылықты білмейтін.

Ал енді жаңағы жершіл натуралист өзінің туған үйін, қаласын, қалашығын, фермасын, өзенін, ауылын қаз қалпында суреттеуді қойып (біз бәрібір жете алмаймыз ғой), енді оны өз қиялышнан туғыза бастағанды, жаңағы туған үйінің қабырғалары кеңейіп, немесе, сақтай ғөр, қақырап кетеді де, дүниежүзілік сахнаға айналып жүре береді. “Гекльберри Финндегі” оқиғалар басталатын Санкт-Петербург – бұл Марк Твен өзінің балалық шағын өткізген Ганибалдың бүркеншік аты ғана емес. Бұл – мәнісі бар бүркеншік ат, белесті бүркеншік ат. Петр әулиенің жұмақ қақпасын құзетіп тұратыны баршага мәлім. Марк Твеннің азызға айналдырып отырған жұмағы – өзінің балалық шағы. Романдағы қаланың аты соған орайлас аталған. Ал енді Гектің өзі болса – үйінен қашып кеткен бала. Содан туатын мағынасы – салға отырып саяхат шегу деген сөз. Яғни жоғалған жұмақтың тарихы. Тіпті керек болса – жұмақтан құтылудың тарихы.

Үй іші таршылық етеді, ағаштың тамыры терендеген сайын жапырағы жан-жаққа жайыла бермей ме??!

Абай да дәл сондай далаға бауыр басып кеткен, аты дала емес, соның белгілі бір пұшпағына. “Аңшының жазбала-рындағы” Тургенев пен “Мцен уезінің Леди Макбетіндегі” Лесковтің Орталық орыс жазығымен, жас Гогольдің Малороссиямен, Фолкнердің Америкадағы Оңтүстікпен, Марк Твеннің орта ағысты Миссисипимен туыстыры сияқты... Айта берсөн, жүрек жылтытар ұзақ тізбек.

Абайдың бала шағындағы, жігіт кезіндегі Тобықты руымен көші-қон мекені болған жерлерді барып көзбен көрмейінше, ақын Абайды, ойшыл Абайды түсінуге, ол

тұрмак терең сезінуге, сірә, мүмкін болар ма? Сол өнірлердегі жусанның ашқылтым ісін сезбейінше? Жаяу боранына қасқып қарап тұрмайынша? Жер бедерінің ойшұқырына, жатаған тауларының қырат-қырқаларына көз кадап қарамайынша?.. Оқыған сайын роман-дастандай құнықтыра беретін роман-эпопея жазған Мұхтар Әуезов-тен асырып бәрібір ешкім айта алмас еді:

“Үш күндік жолдың бүгінгі соңғы күніне бала шәкірт барын салды.

Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да тан атар-атпастан өзі оятып тұрғызып еді... Жазықсыз сары биік, көкшіл қоныс, ақ қөделі әдемі өлке мұнарланады. Барлық айналадағы кен дүниеге, әсіресе, мынау өзі туған сахара, өлке-белдеріне соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды... Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желтіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рахат. Осы желмен құлпыра толқып, су бетіндей жыбыр қағып шалқып жатқан алқурең көде мен селеу далалары... дала емес – теніздейі қандай!”

Эрине, мұнын өзі де көркемдік шындық, бұл жерде де табиғат әлемін бозбала жігіттің, оның қиялында бой көтеріп келе жатқан ақынның ішкі дүниесіндегі жанырағына бағындыра алған психолог жазушының, ісмер шебердің қолы сезіліп тұрмай ма?

Бірақ қалай болғанда да, бұл – осы жердің табиғаты, осы өнірдің аспаны, осы жердің ауасы, осы жердің жаңғырығы.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан тұлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет.
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға,
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сырсың қағып із шалғанда.

Қыстың тымық күнінде мұлгіп тұрған табиғаттың дәл осы көрінісін басқа қай жерден табуға болар еді:

Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұландалап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздел, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастаганда,
Жарқ-жүрк етіп ілінер көк дауылпаз.

Дүниежүзілік поэзия маусымы – осынау көктем көрінісі өр елдің ақынында әртүрлі. Гетеңің көктемі жанағыдай шұбыртпалы әсем көрініс тізбегінің орнына өзге бір өнірдің өмірін көзге елестетер еді:

Аспаны, айдын көл қабағы –
Ақ күміс зереннен.
Шоршыған ақ балық шабағы
Ойнақтап тереңнен.

Осынау аспан, осынау айдын көл, шоршыған балықтар – бәрі де шарттылық. Ал “Қауырт көктемге” (өлеңнің аты осындай) шымыр үйқас ырғактары өзінше дәлдік сипат беріп тұр.

Ал енді Абай кекслеу кезінде көп үңілген Лермонтовтың көктемінде мұндан шағырмақ ашықтық жоқ, қайта ол құнғірт, көмескі.

Кім көп кешсе қасіретті басынан,
Жүргегінен жылды сезім табылmas.

Әлемдік поэзия – ғасырлық талас алаңы; ол – көбінесе үнсіз, жасырын талас; рас, кейде ашық кететін кездері де бар.

Орыс ақыны айтады: “Нақыл боп тақылдаған ой өтірік”
Неміс ақынының сөзі: “Қисыншыл ойда, достым, нәр болмайды...”

Ағылшын ақынынің тіпті зілді: “Осынау ойдың зәрі – қашанда у...”

Ал қазақ ақыны болса жердің үстінде тұр, оның жері де, орыстікі, немістікі, ағылшындікі сияқты, айна қатесіз өз жері:

“Адасқан күшік секілді, ұлып жүртқа қайтқан ой...”

Білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын... Көмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты... піскен алма секілді тәтті қызды... – Мінеки Абайдағы көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай анық бедерлі, ашық теңеулер.

Қактаған ақ күмістей кен мандайлы,
Аласы аз қара көз: нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сзып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Әлішер Науаймен үндесіп жатқан мына бір шендерестіру шеберлігі ше:

Біз – қырғауыл, сіз – түйғын,
Тояттай бер де алып.

Даланың жазығындағы теп-тегіс, бұралаң-бұрылыстары жоқ тұра міnez, ақ адад, ашық қылыш. Шығыстың ортағасырлық ақындарындағы анызға айналған кейіп-керлердің астарлы сөз, ойнақы міnez, алдамшы аярлық дегендерінен ныспы жоқ:

Атының аяғы ақсап, болса майып,
Патшаның бастан бағы кетер тайып.

Махаббат зарын тартып күйгенің де.
Өзіңе келер қайтіп сүйгенің де.

Қол-аяғы байлаулы бір бейшараң
Бақыт емес, сор болса – бар ма шырақ?

(Низами. “Хусрау-Шырын”)

Салтқа сіңген күйкі көріністер осындағы мәңгіліктің бейнесіне айналып жатса, Абай өлеңдеріне өзек болған тұрмыс тауқыметі туралы не айтуға болады; ол әлдеқалай ойға оралған дала өмірінің өткінші бір көрінісі ғана ғой.

Сияз бар десе жүргегім
Орнықпайды суылдан.

Бір қарағанда, күлкі шақыратын жалған үрей, тіпті осының өзі поэзияға нәр бола ала ма – болыс сайлауды деген? Бірақ бұл, біріншіден, өлең, яғни айтқанда, шағын ғана цикл – жарым-жартылай сатира, жарым-жартысы адамның өзін-өзі аяусыз соққылап, рухани жазалауды; әлде бір дәмелі ойдың жетелеуімен билікке ұмтылған, ал соған қолы жеткеннен кейін, неше түрлі жауыз сатқын

аярлықтың тұтқынына қамалып, жанын ұшыра жалпактаған байғұс. Бұл арадағы ең бастысы – осынау өлең жолдарынан титімдеп жинастыра келгенде, қазақтардың 1820 жылдарда Қыр еліндегі тұқым қуалаған хандық билікті жойған реформадан бастап, Петербургтен сан сатылы бюрокроттық басқару жүйесін орнатқан “Сібір қазақтары туралы Жарғы” бойынша жоғарыдан төмен қарай құлдыраған құрдымның, содан туындаған демократияның не бір тамаша тарихын ой жүзінде көзге елестетуге болар еді. Өлеңнің кермек дәмінен көп-көп жайттар ойға оралып, көз алдыңа келгендей: құрмеуі құрделі, ауыр салмақтан құрт омырылған, нағыз Шекспир дәстүріндегі жан түршігерлік әке тағдыры, сонымен қат-қабат қайталаityын Хан Кене, Исадай Тайманұлы және олардан гөрі кішігірім тарихи адамдар тіршілігі; солардың барлығын тізбектей келгенде, қазақ халқының басынан кешкен бағзы заманы, ұлттық әлемнің бүкіл болмыс сиқы танылатын тәрізді.

Сол әлемнің әлеуметтік, мұліктік және басқа жіктерінің жөн-жосығын нұсқалайтын, соларды жалаңаштап ашып көрсететін, мүшелеп талдап беретін ұлан-ғайыр әдебиет бар. Абайдың кейбір өлеңдері сондай талдау кезінде дәйек бола алады және болып та жүр; байыбына барыңқырасақ, бұл өлеңдер сол заманың нақты әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарынан тұп-тура түссе қалғандай болып көрінеді:

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып...
Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы...

Сонымен, біз сөз басында келтірген: “Wer den Dichter will verstehen” деген өлең жолына қайтып ораламыз.

Сондағы айтпағымыз: Dichter дегеннің мәні ақын болып шығады.

Домбыра шегінің күмбіріне құлак тұрсан, көрініс күнгірттене бастайды, уақыт жылжып алыстай береді. Соның мәнісін білгің келіп, ақынның үйіне кіріп барсан, – кәдімгі Спасское-Лутовиновадағы Стратфордтағы жағдай – бұл баяғы ақын дүниеге келгендері үй емес, маңайы Абайдың бала кезіндегі көрініс емес, оның бозбала

кезіндегі “атпал азamat болғандағы жағдайдың бірі жоқ, тіпті қолына мылтық алып, құс atқандағы немесе көш басында кетіп бара жатқандағы кездері де білінбейді:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Біз су бетінде қалқыған айдың сәулесін көреміз, сылдырап аққан судың дыбысын естіміз; себебі – оны суреткер ақын жай суреттеп кеткен жоқ, солардың тірі бейнесін жасап кетті.

Міне соны жасау кезінде өнердің жалпылама заңы қайтадан қүшіне енеді: қара жердің қыртысына ірге теуіп, берік орныққан үйдің есігі дүниеге айқара ашылады – сөйтеді де, сол дүниені бойына тартып алады.

Бәлкім, Шыңғыстау баурайындағы Жидебай ауылында мұндай түйсік басқа жерлердегіден гөрі өткірірек сезілетін болар.

Осының өзінде кейбір сәйкесіздік, тіпті, керек десеңіз, кейде бір құпия сыр бар сияқты болып көрінетіні бар (ал мұның бір ыңғайда жалпы Абай атты шығармашылық стихияның болмыстық түрінің өзінде осындай бір сыр жататын сияқты; жә, ол жөнінде кейін айтылады). Бір жағынан алып қарағанда, ақын өз үйінен онша көп алысқа үзамаған, тіпті Верныйға да (қазіргі Алматы ол кезде солай аталған) бармаған тәрізді. Ендеше ондағы мифте осындай терендік, осындай көпқырлылық пен түйсік қайдан пайда болған?

Мигель Анхель Астуриас үндістердің майя-киче тайпасының эпосы “Пополь-Вухтен” алып өзі жазған “Маис адамдарының” арғы төркінін креол қыздарының мұңлы көздерінен, шала-шарпы сақталған көне мәтіндердің сарқылмаған қуатынан іздеуге кеңес берген. Өзінің отандастары Латын Америкасындағы жаңа прозаның негізін салушы деп, ал европалықтар өздерінің интеллектілік ізденистерінде бағдаршам деп есептейтін Хорхе Луис Борхес (Мишель Фуко өзінің “Сөздер мен заттар”, атты зерттеу еңбегін Борхестің бір мәтінінен шықты деп есептейді) – міне осынау “кітапхана-адам” деп аталатын кісі бірде өзінің новеллаларын “шет аймақтардың

мифологиясы” деп қалғаны бар. Айталақ, бұл сияқты тіркестерде белгілі бір қайшылық бар – ол терминдердің өзінен туындағының қайшылық дейік. Миф дегеніміз қай халықта да кездесе беретін аныз емес, яғни, Томас Маннның сезімен айтқанда, “өмірдің әу бастағы үлгісі, әу бастағы түрі, уақыттан тыс схема, мәнгуден бергі формула, өзін-өзі енді ғана сезіне бастаған, бір кезде өзінің пешенесіне жазылған белгілерді қайтадан иемденуге үмтүлған формула”, ол орталық, белдік ұфым, оның жарықшактары шет аймақтарға қарай ұшып бара жатқан жолда өздерінің төл формаларынан айырылып қалады да, барған жерлелінде өз белгілерін қайтадан тауып алады.

Айтқандай-ақ, бұл ретте жұмбак біршама оңай шешіледі; дәлірек айтсақ, бұл мәселемен айналысқан білгіштер мұны біз үшін баяғыда-ақ шешіп қойған. Борхестің айтып отырғаны – өзінің балиғатын жоғалтып, әдеби өндеуден өтіп кеткен мифология; оның мәнісін бір кезде Якоб Гримм былай деп түсіндірген: “бейнелеу өнері мен ақындық өнер халық нанымынан туындаған жағдайда, өнер сол нанымдарды қорғайды да, мәнгі өлмейтін шығармалармен көркейтеді; бірақ бұл арада естен шығармайтын бір жайт – әлгі екеуі, ақын да, суретші де, жаңағы қасиет тұтқан ежелгі үлгілерден бірте-бірте аулақтан, сол заттарды өздерінің шама-шарқынша суреттейтін болады; себебі ақынға да, суретшіге де мифтегі белгілердің барлығы да керек емес; сөйте тұра, көбінесе ол бұларға аздық етеді; сондықтан оларды бірде алып тастап, бірде басқа бірденелерді қосып алуға тұра келеді” Борхестің көркем эсселерінде немесе “Иосиф пен оның туыстарынан” немесе “Улисстен” біз бұл сияқты қосып-алулардың тамаша нәтижелерін көреміз.

Ал енді Абай ше? Эрине, оның “Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу” эпосы сынды шет аймақтық аныз түріндегі табан тірептің берік тұғыры болатын.

Ескілікті сюжетке сүйене отырып, XIII- XIV ғасырлардың аралығында біржола қалыптасқан өзінің поэтикалық сонылығымен, әпсаналық қуатымен Пушкинге кереметтей әсер етеді де, ол 1835 жылы В.М. Дағымен бірге қазак ауылдарын аралай жүріп, сүйіспеншілік пен қаһарман-дыққа толы осынау хикаяның қысқаша мазмұнын жазып алады. Содан кейін, арада он бес жылдай уақыт өткенде,

оны атакты жыршы, ақын Бейсебай Шоқанға жырлап береді; Одан беріректе бұл жырды Абайдың шәкірттері қағазға түсіреді; сонсоң, ақыр-аяғында, Абай өмірден өткен кезде, Мұхтар Әуезовтің күш салуымен эпос кітап түрінде баспа бетін көреді. Міне сол кезде жаңағы бастырушы кісінің мұңая күрсініп тұрып, былай деп айтқаны бар екен: “Ертегі ауызша айтылып жүргенде, онда туындылық қуат болады, ол өз бетімен өмір сүреді. Ал қағазға түсіріліп, әдебиетке берілгеннен кейін, ол тамаша шығармаға айналады, бірақ өздігінің “туылу”, “жасалу” қуатынан айрылады”. Несі бар, прогрестің мықтылығы сондай, роман – эпостың өлген жері; бұл жалпыға ортақ шындық.

Ал Абай болса, өлі де жалғасып жатқан “жасампаздық” заманымен тұстас келді; сол сөздік-дыбыстық ортаның аясында өмір сүрді, сол романдық эпостың дыбыс өуені жол-жорасы, сондағы тарихтың бұрылыштары оның еркінен тыс өзіне тән ақындық әлеміне бір бөлшек болып кіріп жатты, оның қиялын шарықтатып, дауысын асқақтата түсти.

Халықтың ақындық шығармашылығының осынау ескерткішін арнайы зерттеген филолог ғалымдардың ертеде айтқан пікірі бойынша, бұл эпостың өн бойына әлдеқайда алыс Европадағы сарындар сіністі болған: айталақ, рყашарълар әдебиетіндегі сияқты мұнда да оқиғаның басы мен аяғы, өмірдің басталуы мен аяқталуы бір-біріне үқсас болып келеді: Тристан сияқты Қозы да өмірге әкесі өлген кезде келеді. Эпостың көп нұсқаларының бірінде ғашықтар өлгеннен кейін олардың қабірлерінің арасында тікенек қурай өсіп тұрады. Ал мұның өзі, академик А.Н.Веселовскийдің айтудың адам мен табиғат өмірінің үқастығын бейнелейтін дүниежүзілік фольклордағы символика екен.

Дегенмен, тағы да қайталап айтайдын, “Қозы Көрпеш” – ең алдымен, аңыз, онда ою-өрнек, жергілікті бояу тым басым; ол әрбір сөзге кереметтей поэтикалық тартым-дылық береді, бірақ мифпен табиғилығы ортақ жалпы адамдық мән-мағынаның толық қолемінде жеткізілуіне мүмкіндік бермейді.

Міне сол сәтінде Абай өзі табан тіреген топырақтан ажырап шыға келеді. Жақындау. Алыстау. Айналышқтау. Сайып келгенде – бір самғау; оны жердің тартылыш күші

қаншама зорланса да үстап тұра алмайды. Осы жерде бой көрсететін тағы бір шындық: рухтың өлемді кезіп жүруі үшін ендіктер мен бойлықтардың желісін жағалап жылжуы шарт емес, айтар сөзін бір орында тұрып-ақ жеткізе алады. Әлбетте, ол үшін белгілі бір жағдай керек. Ең алдымен, олай тілдесу үшін іштей ынтызарлық болуы шарт.

Гилберт Кит Честертон айтады: адам бір сөтте бірнеше заманда қатар өмір сүруі керек; яғни, оның ойынша ол өзінің пешенесіне жазылған өлшеулі ғұмырды бүкіл-әлемдік уақыттың бір бөлшегіндегі қылыш өткізуі керек екен. Шамасы, кеңістік жөнінде де осының айтуға болатын сияқты. Сонда туған үйінді, қомсынбай да, қолпаштамай да, жалпыға бірдей мәдениет кеңістігінің бір бөлшегі деп қабылдаудың қажет екен. Сонда бір нүктеде пайда болған дем-тыныс, алыс-жақындығына қарамай өзге бір нүктеде қайталайды екен. Хош, олай болғандығы біздің жаңағы “қажет”, “қайталайды” деген сөздеріміздің мәнісі не болмақ? Бұл жай ғана сән үшін айтылған сөз емес; үндестік – тарихи қажеттілік қана емес. Әлемнің көркемдік қуатын өз халқының және өз заманының қажетіне қарай өзгертіп отыратын және, керінше, өз халқы туралы, оның қаһармандары туралы, оның тарихи салт-дәстүрлері туралы сол әлемге хабар жеткізетін аралық делдал пайда болады. Және де мындаған жылдардың қуатын іліп алуға қабілетті тұлға пайда болады.

Бұл – ұлы дарын, сол санаулы адамдарға ғана дариды, біздегі данышпандар деп аталатын – солар, рас, біздің талғамсыз, тұрлаусыз заманымызға бәрі бір бәс. Спорт газетінде данышпандық “пас” (допты дәл беру, бағыштап ұру деген мағынада) әдебиет газетінде – “данышпандық теңеу” деп айтыла береді. Бұлай сөйлеу, ең аз дегенде, сөздің мағынасын шатастыру ғой. Теңеу сөз де, допты беру өдісі де, дәл болуы мүмкін, шеберлік немесе онтайлы деп айтуға болар. Ал данышпандық деген, қайталап айтайын, тапқыр ойдың бүкіл дүниежүзілік үндестіктің өлшемі емес пе. Ол тек қана Вергилиге... Шекспирге... Гете... Пушкинге... Достоевскийге тән болуы мүмкін.

Сондай-ақ Абайға да.

Оның бойында терен ұлттық тамыр жалпы жаһандық негіздермен тамаша табиғи үйлесім тапқан еді. Соның арқасында Пушкиннің орыстар үшін әмбебап болға-

нындей, Абайда да қазақтар үшін кең алымды жан-жақтылық болатын. Дананың дүниеге келуі – қашанда жұмбақ, қашанда жұлдыз сәулесінің шашырауындай шапағатты. Бірақ осындей құпия сырмен қатар онда тарихи занылықтар да бар. Мәселен, “қам көнілді герман даналығының бейнесі болып нақ сол Гетеңің танылуы не себепті еді, түптердің түбінде ұлттық әдебиеттер негізінде дүниежүзілік әдебиет пайда болады деген сөуегейліктің нақ соның аузымен айтылу себебі неліктен еді – оны ешкім ешuaқытта айта алмайды. Бірақ та сондай алыптың пайда болуы мен жарқырап көріну басқа уақытқа емес, нақ сол дәуірге бұл кезде аузы онша уәлі болмай қалған Энгельстің сөзімен айтқанда, Германияда оқу-ағарту ісі де, баспасөз бостандығы да, қоғамдық пікірде болмаған кезде – “зұлымдық пен өзімшілдіктен басқа түк жоқ кезге және отандық әдебиеттің болашақтағы үміті жанаған белгі беріп келе жатқан кезге сәйкес келу себебі неліктен еді” – оны ішінара түсіндіруге болар еді. Дәл сол сияқты, Қыр елінің тіршілігіндегі томаға тұйықтықтың да не себепті дәл сол XIX ғасырдың екінші жартысында сөгіле бастағанын жобалап болса да түсіндіруге болады.

Сол уақытқа дейін ол баяғыда-ақ дүниежүзілік өркениеттің шет аймағы болып қалған: Батыстан да, Шығыстан да – дүниенің қай пұшпағынан қарасаң да, солай болып көрінетін. Одан ертеректе бұл жерде пайда болып, өркен жайған мәдениет бар еді; Отыrap, Тараз сияқты гүлденген қалалары болатын. Монғол шапқыншылығынан кейін соның бәрі күл-талқан болды. “Кең дастарқанға сараң әйелдің қолымен шашылған бауырсак сияқты” деп Мұхтар Әуезов айтқандай, қазақтар ен далада, жапанның жалпағына шашыраған ауыл-ауыл болып тіршілік ететін. Арада талай жыл өткенде ақын Олжас Сүлейменовтің ашынып айтқан мынандай өлең жолдары бар:

Ей, Отыrap,
Есте тұrap,
Асыл мұран –
Бабалардың сөзі бол,
Ел бағына,
Ұрпағыңа
Жеткен шакта кезі кеп.

Айтқанындаі-ақ, тағдырдың жаңағыдай ауыр соққысының есесі бір қайтқан ғой. Европа жеріне ауру жүркетей тілім-тілім болып шекара сыйықтары түскенде, географиялық бір кішкентай телімде қара құрым халықтар сығылысып, қадау-қадау қалалар орнықсан кезде, сол халықтар әрқайсысы әр тілде шұлдірлесіп кетіп, өзімен өзі масайрап қалған жәйттері болған. Қыр еліндегілер ондай соқтығысты білмейді, ондағы соққан самал баршаны бірдей желпиді де, басқалармен ауыс-түйіске өте қолайлы жағдай жасайды. Бір кезде бұл өлкелерден Ұлы Жібек жолының тартылуы да тегін емес, – ол жай ғана сауда керуендерінің жүретін жолы болмай, кең тынысты мәдениет арнасы болатын. Европа мен Азияның тәң ортасындағы кең алап Қыр елінің кез келген шапқыншылыққа, мәдени құлдықтың қандай түріне де, қасқайып төтеп беруін қамтамасыз еткен. “Орта Азия, – деп жазды Н.И. Конрад, – сонау мәңгу замандарды да адамзат өркениетінің аса маңызды бастауларына апаратын тоғыз жолдың торабы болған және өзі де сол өркениеттің орталығына айналған. Сондықтан IX-XI ғасырлардағы Орта Азия әлемінің озат ойлы ғылым және философия қайраткерлері – өздерінің ұстанымдары бойынша шын мәнісіндегі гуманистер – жаңа білім-білік, жаңа ағарту жүйесін жасай отырып, өздерінен бұрынғы Қытай бауырлары сияқты және өздерінен кейінгі европалық бауырлары сияқты, біздің заманымыз бен ежелгі әлем арасында жатқан өлдебір тарихи кеңістікті, басқаша айтқанда, өздерінің “орта ғасырларын” аттап өтті. Ал содан кейін олардың өз Дәуірлеу заманы, маңызы мен жарқындығы жағынан тенденсі жоқ атақтылары бар бес ғасырды бастан кешті: ол атақтылары поэзияда Фирдаусиден Науаиге дейінгі, ғылымда әл-Фарабиден Ибн Рушд-Аверроэске дейінгі кезең болатын.

Хорке Луис Борхесте “Аверроэстің ізденістері” дейтін новелла бар, онда автор: мұсылман әлеміне Аристотельді ашып берген осынау ұлы ойшыл “Поэтиканың” кейбір маңызды тұстарын не себепті игере алмады деген қисынды ұсынады. Сөйтсе, ол қара басып, кейбір ұғымдарды шатастырып алған екен: “білгіш Аристу” жандайшаптықты трагедия деп, сатираны комедия деп ұқты деген түйінге

келіпті. Новелланың аяқталуындағы мазмұндық толым-дышы мен қорытындысындағы үйлесімділік тіпті ғажап. Шығармасына нұкте қойған бойда Аверроэс темір айға қарайды да, “кенеттен ұшты-күйді жоқ болып кетеді, кәдімгі бір жай түскендей жым-жылас, сонымен бірге тұрған үйі де, оның алдында тасада тұрған шыжым да, солармен бірге сөредегі кітаптар, қолжазбалар, аулада үнемі ұшып жүрген көгершіндер, қаптаған қара шашты құндер … өсіп тұрған гүлдер бәрі-бәрісі көзден ғайып болады. Олар түгіл, ағып жатқан Гвадалквивир өзені де жоғалып кетсе керек” Сол сәтінде жаңағы жан иелерімен де және де кәдімгі бір айналма көріністе бейнеленген сурет секілді Шығыспен бірге автордың өзі де жоқ болып кетеді, бұл бүкіл шығарманың өзі келеке қылғандай әсер қалдырады екен.

Мәдениеттер диалогының және құрлықтар мен замандар арасындағы ықтиярсыз кездесулердің бірде драмалы, бірде құлқілі қисынсыздықтары міне осындей. Борхестің жазуына қарағанда, мұндай олжалардан гөрі Аверроэстің ізденістерінің өзі, керек десеңіз, сол жолға тап болған қындықтары да маңыздырақ болып табылады; өйткені сол ізденістер арқылы Ежелгі дәуірден Ортағасырларға, Қайта өрлеуге, Ағарту заманына, тіпті ақырсоңында Хорке Луис Борхестің өзіне дейінгі тартылған ақыл-ойдың жолы айқындалады.

Шет аймақ деген ұғымның, сырт қарағанда, байқалатын даусыздығы осы ретпен жоққа шығарылады. Осы тұста мен академик Конрадтың беделіне, оның осыдан қырық жыл бұрын жазылса да, осы уақытқа дейін өзінің интеллектілік сонылығы мен ғылыми маңызын жоймаған “Ортағасырлық Қайта өрлеу заманы және Әлішер Науан” деген мақаласына қайтадан жүгінемін. Ол бұл мақаласын оқиғаның терең тұнғиығына шомудан, Ескендір империясы пайда болған, біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырдан бастайды. “Мен Александр емес Ескендір деймін, өйткені бұл жаулаушы македониялықтардан ирандыққа айналған, бір түкпірдегі шағын патшалық билеушісінің баласынан Амон-Раның ұлына айналған кезде ғана жаңағы империяны құрды. Грекияның Иранды, Мысырды билеп тұрып, бірде қаһарлы қолбасшы, бірде ақылды және ізгі жанды мемлекет қайраткері ретінде Кашмирді, Үндістанды, Қытайды қосып

алған немесе өзіне жақындаған нақ осы Ескендір болатын; осынау ұлан-байтақ кеңістік, географиялық жағынан алғанда, Ескі Дүниенің Аралық қана емес, Орталық аймағы екенін: саяси жағынан алғанда – аса қуатты державаның орталығы ретінде, ал мәдени тұрғыдан алғанда – сол кездегі дүниежүзілік, жоқ, жергілікті мәдениет емес, шын мәніндегі дүниежүзілік мәдениеттің ошағы болғандығын тұңғыш рет мейлінше айқын көз жеткізе дәлелдеп берген нақ осы Ескендір болатын”. “Адамзаттың ең ұлы идеяларының бірі – әмбебаптық идеясы, – деп жалғастырады өз ойын академик, – нақ сол кезде берік орнықты”, бірде заман райының қолайсыздығынан білдірмей шашырап кетіп (бірақ ешуақытта өлмей), енді бірде серіппедей серпінді қарқынмен күш алатын оның асқак рухының өзі нақ сол кезде пайда болды, сөйтіп үрпақтар өміріне нәр берді, адамдарды біріктіріп отырды.

Сөздің кең мағынасында алғандағы Абайдың рухани отаны шындығында осындағы; оның ой әрісі, эпикалық мәртебесі қаншалықты зор, поэтикалық тартымдылығы қаншалықты құшті болғанымен, бір ғана халық аныздарының аясымен шектелмейді. Оның Ескендір туралы поэма жазуының өзі тегін емес-ті; ежелгі дәуірлердің қаһарманы жөніндегі көзқарастың барлық ерекшеліктеріне қарамастан (ал біз кезегі келгенде оны өзімізге қарай сөзсіз икемдейтін боламыз), соған қарай көз қадаудың өзінде үлкен мән жатыр.

Қазір мұнда ешқандай жаңалық жоқ. Өзге емес, өзі әрі суреткер, әрі ғалым, филология ғылымында Абайтану атты тұтас бір бағыттың негізін салған Мұхтар Әуезов өткен ғасырдың алғашқы жартысында-ақ Абай шығармашылығының үш қайнар бұлақтан нәр алғандығын анық айқындағы берген-ді:

“Біріншісі – өткен заманда халықтың өзі туғызған ауызша және жазбаша ескерткіштерде жинақталған ежелгі қазақ әдебиеті...

Екіншісі – Шығыс мәдениетінің: тәжік, азіrbайжан, өзбек халықтарының әдебиеті...

Үшіншісі – орыс және сол арқылы келген дүние жүзінің әдебиеті”.

Сол кезден бастап, талай білгіштер осынау аса қуатты интеллектуалдық іргетасқа сүйене отырып, Абай поэзиясы

атты сиқырлы дүниеде тоғысатын талай жолдар мен соқпақтардың табанын тазартумен болды. Мұның өзі өсіреле таяу жерлерде із түсірген, былайша айтқанда, Қыр өнірінің өз табанында тартылған сонарларға және қашығырақтағы – қашық болғанда да, Шығыстың рухани және көркемдік тарихына қарай мензейтін бағыттарға қатысты еді. Сондықтан да мен өз сапарларымда сол ізашарларға алғысымды айта отырып, солардың күре жолдарымен жүремін. Ал енді Батысқа қарай бұрылған айнадан Абай бейнесі өзірше күнгірттеу көрінеді, сондықтан да (автордың өз тәжірибесі мен ынтызарлығынан басқа), нақ осы бағытта көзді көбірек қадайтыны түсінікті болса керек.

Қалай дегенмен де, жолдың қай-қайсысы да, алысы да, бұралаңы да алғашқы қадамнан басталатыны белгілі.

Екінші таралу

ӨЗІНІҢ КИЗ ҮЙІНДЕ

*Ол Римде болса Брут,
Афинде туса Периклес болар еді...*

А.С.Пушкин

*Абай тағдыр өз отанының бейіуақыт
заманына алып шыққан құйма алтын еді.*

Әлихан Бекейханов

Дүниежүзіне Абай атымен мәлім болған Үбрайым Құнанбайұлының өмірбаянын кітаптың бірнеше жолына сыйғызуға болады.

Ол 1845 жылы 10 тамызда (ескі стильмен 29 шілдеде) Шыңғыс тауларының баурайында Жидебай деген жерде туыпты.

Ол кезде болашақ ағартушы-ақынның әкесі, қаһарлықатал билеуші Құнанбай Өскенбайұлы бастаған Тобықты руы осы өнірде көшіп-қонып жүрген. Бала он жасында Семейдегі имам Ахмет Ризаның медресесіне беріледі де, үш жыл оқып, құранның сүрелерін игереді, араб, парсы тілдерін үйреніп, алғаш рет классикалық Шығыс поэзиясының дәмін татады, кейін өзінің алғашқы кібіртік тәжірибесінде содан нәр алады.

Сол кездері Абай өздігінен орыс мектебіне барып жүріп, алғаш рет орысша сөйлемді, кітаптан орыстың сөзін оқыды. Бірақ онысы ұзаққа бармады – Үбрайым Құнанбайұлының оқуы жалпы аяқталды. Бүкіл өмірі рубасылардың

айтыс-тартысымен, дау-жанжалымен өтіп, қартая бастаған әкеге сенімді таяныш керек болды да, екінші әйелі Ұлжаннан туған оқудағы баласын дереу шақыртып алды. Сөйтіп екінші мектеп – қатал билік мектебі басталды. Көлденен қозға бәрі дұрыс, ойдағы іс орнына келіп жатқандай. Жігіттікке қарай енді ғана аяқ басқан жасаң бозбала “Абай” деп анасы қойған атына бағып, мінез майысқақтығын танытқан жоқ, бой-басын жинақы үстады. Бар ойлағаны – ешкімге сөз ақысын жібермеу. Атадан келе жатқан жосық сол, жүйесін тапқан екі ауыз сөз ердің құнын бітіреді. Кейін империяның қатаң тәртібі орнаған кезде де халықтың бұл жорасы санада сақталып қалған. Абай сөзге үсталығымен бірге өлеңмен де әуестенген, соның кейбіреуіне ән шығарған. Осының бәрін жалпы жүртқа дабыра қылмай, Абайдың төңірегінде жүретін Көкбай деген жігіттің атынан жариялайтын болған. Мұның да мәнісі бар. Ол заманда аталы ақсүйек адамдар үшін өлең шығару, ән айту деген лайықсыз нөрсе саналған. “Ата тегімізде ақын мен бақсы болмағанына да шүкір” деп тоқмейілсіп отырады екен кейбір байшыкештер.

Уақыт өте келе, қөздеген мақсат пен оған барап жолдың арасында алшақтық байқалды. Сөз жарысы, шешендік өнер жақсы-ау, ондағы озғанның абыройы да артық. Бірақ соның арғы түбіндегі олжан қайсы, жеткен мақсатың қандай? – осыны ойлағанда, Абай өзінен өзі жерінетін болды. Анығын айтқанда, жерігені өзі емес, өзінің атқарып жүрген ісі болатын. Мұның аяғы ақынның жиырма сегіз жасында әкеден де, әке тапсырып жүрген істерден де адакүде безіп шығып, іргені аулақ салумен тынды. Енді ол өзін бала жасынан тербеткен арманды ойларына қарай анық ойысып, ғылым-білімге, фәлсапашыл қисын-қиялдарға, үйқасты өлең сөзге қарай тұра бет бүрган. (Осы соңғы үрдісі жасы қырықтарға таман ел-жүртқа ашық жария болып еді). Ендігі өмір қалпына келіп, сабасына түскен, бұрынғы беймаза абыр-сабыр алаңы жоқ. Анда-санда бір жол түсे қалса, арасы екі жұз шақырымдай Жидебай мен Семейден аспайды. Күнделікті аралас-құралас аясы айналасындағы жас талап ақындармен шектеліп, олардан шығар арнасы сонау Ресей жақтан айдалып келген, кесек ойды кесіп айттар білгіштерге қарай бетбүрган. Өзі де енді ішкі ойға көбірек үніліп, арғы түптен

кернеп шыққан қалың толқынды бейнелі сөз өрнегімен өруге машиқтана берген. Және бір ерекшелігі, бұл өзгеріске ешбір оқиғаны, ешқандай елеулі кездесулерді, айта қалғандай жол-сапарларды күә ете алмайсын.

Бір кезде Лессинг айтқан екен, Абай да соны қайталағандай, тұра жолдың бәрі бірдей ең қысқасы емес, ой-қырына қарамай, төтесінен баса-көктеп, тіке тартқан сонарғана сол болады дейді. Бірақ оны кім өлшеп көріпті? Алдындағы ізашары Шоқан алыстағы Петербургтен бір-ақ шықты; орыс Гоголь мен Достоевский одан да алыс Европаға кетті; өзі шығармаларын ләззаттана оқып, шабыттана аударған Пушкин мен Лермонтов сияқты ең болмаса, Кавказға да жете алмады; ал енді тағы бір өзі сондай рухани жағынан жақын көріп, сүйіктілері қатарына санаған (әйтпесе өлеңін қазақшалар ма еді) ақын Байронның буырқанған қызы қандылығы бұған тіпті жат болатын. Абай ол сияқты Миссолунгиде өле алмайтын еді, мұны отқа оранған Грекия елінде де, революциялық дүмпүлерден дүр сілкініп жатқан қазіргі дүниенің басқа жерлерінде де көзге елестету мүмкін емес еді.

Бір ғажабы, оның рухани ізашарлары саналатын соғылардың өздері де сөздің тұра мағынасында жер шарлап, ел актап жүргенде, Абай өзінің киіз үйінен ең үзап шыққанда іргелес жатқан Ұлы жүздің көрші ауылдарынағана тәбе көрсетсе керек. Ал шындығында, XIX ғасырда Европада да, Шығыс елдерінде де жол жүрісі мен қатынас құралдарының жылдамдығы Орта ғасырлармен салыстырғанда өлде қайда жеделдей түскен еді ғой.

Сонымен, Жидебайда басталған өмірдің, кем дегенде екінші жартысы сонда өтті де, кенеттен кілт үзіліп кетті. Өрімдей екі ұлы, болашақта өзінің ақындық дәстүрін ілгері қарай жалғастырап деген қос боздағы мезгілсіз өмірден озған соң, карттыққа аяқ басқан кезінде өзіне мықты таяныш болған Мағауияның қазасынан қырық күн өткенде, алпыстың асуына жетер-жетпесте, ұлы жүрек соғуын тоқтатты.

Міне, бар болғаны осы.

Әрине, бұл өмірдің күнтізбесін парактай бастаған кісі оның кейбір беттеріне ой кідіртіп, назар аударар; сонда солардың кейбірі көдімгідей ойды сергітсе, бағзы біреулері көнілге мұн ұялатып, өкініш туғызғандай болар еді.

Айталық, 1903 жылы, Абайдың бақылыққа аттанар кезінің алдындаған, Қыр өлкесінің әкімшілігіндегі шенеуніктер ақынның үстінен тұтас бір іс қозғап, соның дүмпуі сонаш Петербургке дейін жеткен. Сондағылары Кекшетау молласы Шаймерден Қойшығұлов деген кісінің Абайға жазған хатына байланысты көрінеді. Ондағы бар айтылған сөз: әдетте инабатты қазактардың өзара хатта айтылатыны ауыл-аймақ, мал-жан амандағын сұрасқаннан кейін, хат иесі осы кезде көп ағайындардың шариғатқа шалалық танытып, оған онша көңіл бөлмей жүргендігіне байланысты реніш білдірсе керек. Соны айта келіп, жоғары мәртебелі, баршаға кадірменді халық басшысы Ұбырайым мырзадан үшбу хат хақында езінің кесімді пікірін айтуды етінеді. Хат мынадай сөздермен аяқталыпты:

“Рахметолла өулиенің сөзімен айтсақ:

Өтер өмір өтті.

Жазмышты өлім таянып келеді.

Әрқиыл кептерді айтуға болар еді; бірақ қазактың мұқтажын білдіруге кедергі көп”

Сол “көп кедергілерді” айтсаң шенеунік атаулының шамына тиеді. Оның үстінен осы оқиғалардың алдындаған (1903 жылдың 6 наурызында жөнелтілген бұл хат арада үш ай өткендеған мағлұм болған һәм оны жария еткен хатты алушы емес, пошта кеңесіндегі хат-қағаздарды актарыстырған жандармдар екен). Қыр өлкесінің генерал-губернаторы Сухотин қазақтар (ол кезде қырғыздар деп аталған) арасында мұсылман дінінің рухы қүшіне бастағанын ішкі істер министріне аландаушылық білдіре хабарлап қойған-ды). Соның бір айғағы ретінде, мысалы, өзге бұратаналар секілді, біздің оку орындарымызда қазына есебінен білім алған қырғыз интеллигенттері пайда болып, Ресейге қарсыластар қатарын көбейте түсіпті-мыс. Айталық, Абайдың өз басы мемлекеттік қазынаға ешқашан көз алартқан емес, алайда Қыр елінде оның абырай-беделінің құшті екені анық; сол себептен де Семей облысының әскери губернаторына “Құнанбаев дегеннің кім екені жайында анық мағлұмматтарды тез арада жинастырып жеткізу” тапсырылған-ды. Енді сол бұйрық толық орындалып еді.

“Құнанбаев деген парасатты, ақылды адам, екі рет үш жылдан болыстыққа сайланған... Сол кезде елін ақыл-

дылықпен басқарып, қызметін іскерлікпен атқарды, үкіметке адалдығын танытты... Жергілікті әкімшілік адамдарымен әңгімелескенде, өзінің пікірлерін айтқанда, біздің мемлекеттік мұдделерімізді толық түсінетіндігін білдіреді, отанымыздың азиялық иеліктеріміздегі біздің мәдени миссиямызға көзқарасының дұрыс екендігін аңғартады. Ол фанатик мұсылмандардың біздің үкіметтің іс-қимылдарына қарсылық әрекеттерін жазғырап отырады. Саяси тұрғыдан ешқандай күдік тудырмайды, сондықтан оны әбден сенімді адамдардың қатарына жатқызуға болады”

Басқаша айтқанда, әулиелер қатарындағы адам – бұл өкімет адамдарының түсінігі. Әттең, сондай өспет сөздерді жазған адам көпке барған жоқ, үкіметке қарсы қозғалыспен күресте ешбір пайда келтіре алмайтын шенеунік ретінде қызметтен босатылды. Бірақ генерал Галкинге біздің тарапымыздан алғыс айтылса, сөз жоқ, орынды болмақ: көбіне-көп соның күш салуының арқасында ғой жоғарыдағы істің оң нәтижемен аяқталғаны, яғни турал аяқсыз қалдырылғаны (олай дейтініміз, бұған дейінгі ондаған жылдар бойы Абай мен оның ауылы астыртын бақылауға алынып, арам ниетті қаскөйлердің жаласымен ақынның өзі “ақ патшаның қас жауы”, басбұзар, өкімет үшін өте қауіпті адам ретінде көрсетіліп келгені бекер емес-ті.

Мұрағат құжаттарында Абайдың өмір жолынан басқаша іздер қалғанын айғақтайтын деректер де баршылық еді. 1885 жылы Семей облысының бірнеше үйездерінің би-болостары мен құрметті ақсақалдары бас қосқан төтенше (шербешнай) сиезде “Қарамола ережесі” (“Чарское положение”) дейтін құжаттың қабылдануы өте үлкен оқиға болған. Бұл осыған дейін ауыл арасында талай дау-жанжалдың ұйтқысы болған құрмеуі қын мәселелердің ең дұрыс шешімдерін тауып берген зандық күші бар құжат болатын. Әрине, европалық тәрбие алған бөгде адам үшін, тіпті әрілеп айтқанда, жалғыз европалықтар ғана емес, басқа көп жұрттар үшін де бұл кодекстің кейбір баптары өте сөлемекет көрінуі мүмкін-ақ: “Егер бойжеткен қыздың айттырған қүйеуі өліп қалып, қалыңдық қайнағасына шығуға ризалық білдірмесе, онда қыз әкесі алған қалың малын қайтарып береді”. Немесе: “қүйеуі өлген жесір әйел

қайын жұртындағы басқа біреуге шығамын десе – ерікті. Ал ешкімге шыққысы келмесе, онда да зорлық жоқ”.

Қыр елінің халқы үшін бұл бұрын болмаған жаңалық; қазіргі тілмен айтқанда, мұлде соны заңдық үрдіс қана емес, жаңа бір рухани кеңістікке қарай бетбұрыс. Халықтың ой-санасы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрден ауыр қиналыс үстінде болса да қол үзіп, жаңа бір өріске бет түзей бастаған. Абай ұсынған “Қарамола ережесінің” кеменгерлік қүшін бейнелеп айтса, ғасырлар бойы тамыры теренге кеткен бәйтеректің әлде бір себеппен жаңадан нәр тартқан діңі өзгеше жапырақ жая бастаған.

Бұдан тіпті өзгеше де оқиғалар болған. Абай өзінің туған ортасынан біржола қол үзіп, оңашалықта қала алмады. Өзіне арнап келген болыстықтан талай рет бой тартса да, ел өміріне араласпай отыра алмады, кейде соған тікелей жөн-жоба айтуға тұра келді. Айталық, соның емеурінімен болыстыққа бірде туған інісі Оспан, бірде немере інісі Шәкәрім сайланып отырғаны бекер емес. Кейде шиеленісken дау-жанжалдың қалың ортасында қалған кездері де болды. Әлдебір себеппен болыстардың шекарасын өзгерту қажет болған. Соның төрелігіне Абай шақырылады. Ақыры не болды дейсіз ғой? Болғаны сол, дауласқан екі жақтың бір тобы қолдан жанжал туғызды да, ара ағайын ретіндегі ақсақалдың үстіне келіп бас салды. Біреуі беліндегі кездігіне, біреуі басындағы тымағына жармасы, енді біреулері қамшы да жұмсады, Құдай сактағанда, бас жарылышпен көз шыққан жоқ. Ағайындар келіп ара түсті.

Осы төніректе тергеу жүргізілді, іс сотқа берілді. Бірақ нәтижесін “ісі білмей, кісі білетін” заманда “ешқандай шабуыл болмапты”, сондықтан жазалайтын кінәлүлар да зым-зия жоқ болып шығыпты. Сонан соң Абай арызды Үкімет сенатына жіберген. Сол ұзак хат қазір мұражайдан алынып, жалпы жұртшылыққа жария болды. Сондағы арыз иесінің ой жүйесінің өрістілігі мен келтірген дәлелдерінің даусыздығы кісіні қайран қалдыратын еді. Онын үстінен орыс тіліне жетіктігі, өсіреле зан қызметкерлері әуес келетін қисыншыл ой орамдары ерекше назар аудартатынды. Соған қарағанда, Петербургтегі зиялды қауымға және жалпы Ресей жұртшылығына ағартушы-ақын Абайдан гөрі зангер, сыншыл ойдың сардары ретіндегі Абай

бұрынырақ танылды ма деген де ой келеді. Әлбетте, Абайды өкіметке қарсы бүлікшілдік әрекет жүргізеді деп айыптаудың жөнсіз екендігі анықталды, бірақ оның өз өтініші аяқсыз қалдырылды.

Ал сонда генерал Галкиннің айтқаны қате болып шықса ше? Егер Сенаттағы білгіштер “Семей облысындағы Шыңғыстау болысының қазағы Абай Құнанбаевтың” арызына құлақ қойған жағдайда не болар еді?

Бізде ақын өмірінің жалпы нұсқасын қалпына келтіріп, тұтас қарастыруға мүмкіндік беретін басқа да үлкендей-кішілі деректер баршылық. Оларды, ең алдымен, бір кездері Мұхтар Әуезов қозғау салған әр үрпақтың өкілдері зерттей жүріп тапқан. Отken ғасырдың сонау 20-жылдарының соңына қарай Мұхтар Омарханұлы өзінің ұлы жерлесінің және оның алыс-жақын үрпақтарының ізімен жүріп отырып, біраз деректерді жинастыра алған. Олардың ішінде қазақ арасында ұзын құлақтан асырып айтқан аныздар мен ел аузына ілінбей қалған шынайы әңгімелер де баршылық болатын. Бірақ бір тәуір жері, ақынның әлі де көзі тірі бірен-саран етжақын адамдарымен жүздесіп әңгімелесудің сәті түскені Әуезов үшін үлкен олжа болған. Солардың ішінде Абайдың үлкен бәйбішесі Ділдә мен екінші әйелі Әйгерім және ақынның көп жыл дәмдес, сыйлас-сырлас болған шәкірті Көкбай да бар еді. Соңғы кісі Абай о дүниелік болғаннан кейін ел аузында шашырап, әр тұста сақталып қалған асыл мұрасын жинастырумен болыпты. Солардың айтқан әңгімелері мен құнды деректерін Ұстаздың жас жоқшысы барынша қастерлеп, өзінің болашақтағы зор жұмысына арқау еткен.

Сол деректерді қорыта келіп, Мұхтар Әуезов 1933 жылы Абай өміrbаянының алғашқы нұсқасын жариялады, одан кейін басқа да нұсқалары пайда болды. Әуезовтің ізімен оның өзге де серіктегі зерттеу ісіне араласты. Мәселен, Әлкей Марғұлан Омбыдан Абайдың отбасына байланысты маңызды құжаттар тапты. Ал сол кезде осы істі жалғастырған жас зерттеушілер бұл күнде белгілі ғалымдар қатарында аталаған. Сейтіп, ақынның өміrbаянына байланысты құдікті жайттар сейілді, енді ол біршама анық сенімді деректермен толықтырылды.

Ал бірақ ақын тағдырының жұмбағы шешілді ме? Кәдімгі Абайдың өз қолымен жазылып, оқырмандар мен

тындармандар көңілін күпті қылған жұмбақ ше: “Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла” деген?

Мына бір жайт ойландырмай қоймайды. Ақын өміrbаянының үш бірдей нұсқасы жарияланды, “Абай жолы” тетралогиясының алғашқы екі кітабы жарыққа шықты. Сөйті тұрып, ақынның жүзжылдық мерейтойы қарсаңында сол еске түсіру салтанатында жасамақшы болған баяндамасының тезистерінде өзін бұдан көп жыл бұрын әдейі жолға шығарған: “Абай кім еді?” дейтін кінаратты сұрақты тағы да алға тартқаны қалай? Ол не себепті өміrbаяндық роман жазбай, көркем роман жазуға кіресті? Айталық, Андре Моруа, Стефан Цвейгтер осындай өміrbаяндық шығармалар жазған жоқ па еді? Олар былай тұрсын, өзінің батыс европалық замандастарына қарағанда, фактілер мен құжаттарды пайдалануда өзін әлде қайда еркін үстайтын Юрий Тыняновтың өзі де солай істеген еді ғой. Ендеше бұл неге роман жазып, өміrbаяндық сюжетті неге көл-көсір баяндау үлгісіндегі шығарманың бір бөлігі етіп қана қалдырыды?

Мынадай сұрақ туады: каторгадан босатылғаннан кейін Сібірлік жетінші шекаралық батальонның әуелі қатардағы солдаты, содан кейін прaporщигі болған Федор Достоевскиймен қиял жүзінде кездестіру Семей медресесіндегі балаң шәкірттің жан дүниесін байыту үшін оның мектептегі үқыпты сабағынан гөрі маңыздырак көрінді ме екен? Баланың өзі бұдан мүлде хабарсыз болған. Ал шынтуайтында ондай кездесу болған жоқ. Ие, рас, Достоевский Омбыдағы қамаудан босап, Семейге келген кезде бұл шағын ғана қалашық болатын. Демек, өздігінен орыс мектебіне барып жүргенде Абайдың үстіне шенел киген орыс адамын көрүі әбден ықтимал еді. Өйткені ол осы маңдағы Исаев деген көпес үйінің екі бөлмесін жалдап тұрған. Сондайлық маңызды нәрсе ме осы? Жаңағыдай кездесуді ойдан шығармай-ақ, бәлкім, шығарманың композициясы тарындық еткен болар, романның оқиғасы Абай қаладан қайтып келген кезден басталады; Мұхтар Әуезов Семейдің көшелерін, үйлерін, мейманханаларын суреттей бастағанда, бейне бір оның кейіпкері “Ағайдың көрген түсін”, осынау “Мордасов шежіресін” оқып шыққандай әсер туғызады; шындығында, бұл жерде Семей мен оның

провинциялық тұрмысы жайындағы Мұхтар Әуезовтің бір кездегі өз әсерлері бейнеленген.

“Ағайдың көрген түсі” немесе “Степанчиково селосы” ғана емес, тіпті “Өлі үйдің жазбаларындағы” жер астының жан түршігерлік қапас ауасынан сыртқы көріністердің үсқынсыз алалықтарына дейін, аты аталмаса да сырт сипаты Семейге ұқсан тұрған қаланың әйелін өлтірген қылмысы үшін осында абақтыға қамалған марқұм Александр Петрович Горянчиковтың қолжазбаларына мүлде керісінше болып шыққан. Басталуында – құс қанатымен самғап ұшқандай кеңістік, жасыл ағаш, гүлге оранған К. қаласы, әрі қарай суреттеуінде, яғни мәтіннің басым бөлігінде – биік қоршаулар мен сұрқай көрініс; ал анада – далиған кен көшелер, мынада – шетінен тарс бекітілген қақпалар, анада – көгілдір биік аспан, ал мынада – сол аспанның бір шеті ғана.

Сыртқы әлемнің бет-жүзі дәл осы сияқты “Абай жолы” романында да ақынның құбылмалы жан дүниесінен хабар беріп отырады; ол құбылыстар Абайдың дәл өзінде де, мәселен, жылдың төрт мезгілі туралы тамаша лирикалық циклінде дәл осылай қас қаққанша өзгеріп отырады ғой.

“Абай кім еді?” деген сұрақты алдына қойған Мұхтар Әуезов әрі қарай былай деп жазады: “Деректер аз, хаттар да, мемуарлар да, естеліктер де жоқ...” Бірақ маған мынадай бір ой келеді: қажымай-талмай дерек жинаған оның өзі осы жеткіліксіздікке іштей қуанатын да сияқты. Егер шын солай болса, бұл нақты оқиғалардың қара дүрсін шындығы қиялға тосу, колға тұсау болмаса еken деп тілейтін суреткердің қуанышы болмақ. Айтқандай-ақ, жаңағы шындықтың сілемдері аздығының үстіне тым қарабайыр, шабыт шақырмайды. Солардың бірі – Абайдың кіші ұлы Тұрағұлдың жарияланған үстірт естеліктері. Бұған да шүкіршілік, әрине. Бірақ ондағы кейіпкерді біз көбінесе отбасылық жағдайда ғана көреміз: тамақты аз жейді, шайды стақанмен суытып іshedі... атқұмар, жылқының артықша қасиеттерін қапысыз таниды (бірақ жылдар өте келе салт жұруді азайтқан), құс салып аң аулауды ұнатады еken. Ал әкесінің міnez жағына келгенде, Тұрағұл көбінесе тайғақси береді. Абайды ептеп көзге елестетуге болады, әрине, дегенмен, анық танып білу қын. Тұрағұлдың айтуы бойынша, ол “жүзі ашиқ, ажары

сыртында, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширак жанды... Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы аса мол... Бір істі қызықтамай, алжайы салбырап, бейжай шаруасын істеп отырмайтын” адам болған.

Тұрағұлдың еске алуына қарағанда, жасырақ кезінде жігерлі де қағілез болған әкесі жылдар өте келе ша тартып, ерте қартая бастаған тәрізді. Бұл – жұмбак. Бірак естелік авторы оған көңіл аудармай, сөзін өрі қарай жалғастырады да, ой ағынының ырқымен әкесінің өмір тарихын, міnez машиғын айта береді: әкесі жасы үлгайған сайын ашуы азайып, жұмсақ тарта берген. Өз әкесі Құнанбайдың қайтпайтын қатты, сұық мінезін Абай ұнатпай, сөгіп отыратын болған. Ал өз балаларына деген ықыласы мұлде бөлек: көз алдында қандай ойын ойнап отырса да тыйып қақпай, еркін еркелетіп, ал теріс мінездерден қазақтың қыз баланы қорғаштағанындай сақтандырып отырады екен.

Міне бәрі осы ғана. Ал осынау қарапайым жазбалардың ішіне үңіліңкірей қарасақ, Тұрағұлдың ой көзі жіті, ол өзінің жас өспірім кезінде-ақ әкесінің жай қарабайыр адам емес екенін, жасы үлгайған сайын мұлде өзгере бастағанын анық аңғарған. Өзгені былай қойғанда, он төрт жасар өспірім Абайдың өміріндегі басты ерекшеліктің – шығармашылық қызметтің шешуші кезеңдерін есінде жақсы сақтаған: “Бір мұсаға мінген кісідей өңі қашың-қырап, азырақ ентіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасауранқырап, естір-естіместей қып күніренгеннің ішінде күбірлеңкіреп жазып кеп кеткенде, көп тоқталып ойдана бермейді де, қайта сзып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге үқсайды”

Өте өсерлі көрініс, қас қағым сөт дәл ұсталған, енді бір қадам жасалса, жаңағы шығармашылық машиқтың әр жағында суреткердің жан дүниесі ашылғалы тұр. Бірак ол, жаңағы қадам, жасалмаған, сондықтан Абайдың жеке басының құпиясы ашылмай қалғаны былай тұрсын, – ондай кінә тағу мұлде әділетсіздік болар еді, әлгіндей құпия бары тіпті сезілмеген-ді.

Естеліктер, кездейсоқ байқалған ескертулер, мұрағат тереңінен қопарып алынған үлкенді-кішілі қызығылықты әпизодтар... Олар өздігінен алғанда назар аудараплық, бірақ ғасырлар бойы үнсіз жатқан Дағаны бүкіл

дүниежүзілік оркестрге қосқан дананың пайда болу, дүниеге келу құпиясын шешу бағытында бір қадам да ілгері жылжытпайды.

Ал мұның өзі де бірден түсінікті бола қойған жоқ. Тіпті өте ақылды, көреген, үлкен ғалым, қайнаған қогамдық қажыр иесі, қазақ зиялышарының алғашқы буынының кесемі Әлихан Бекейханов та Абайды Ресейге ашып берген мүнәһіб мақаласында ақын шығармашылығының дүниежүзілік маңызы туралы бір ауыз сөз айтқан жоқ, тек оның өмірінің кезеңдерін атап, шын мәнісінде ақын боп қалыптасуына орыс классиктерімен таныс болуы әсер еткенін айтумен ғана шектелді.

Бұл жердегі мәселе тау шынының биіктігі алыстан көрінетіндігінде ғана емес, – Абайдың түрмис жағдайларының өзі оның тұлғасын көп уақытқа дейін толық көрсетуге мүмкіндік бермей келгендейді. Әділін айтсақ, жаңағы қазанама авторы ақынның беймезгіл заманы туралы түспалдап қана өтеді де, оның айтқыштық таланты тек атақты билермен айттыста және партиялық сайыстарда ғана көріне алғандығын анғартып өтеді. Бұл жайында тек ақын қайтыс болғаннан кейін он жыл өткенде ғана дәлірек те ашына айтқан адам ақынның немере інісі, өзі философ, ақындық дарын қуаты өте күшті, кезінде чекистердің оғынан мерт болған Шәкөрім еді: “Ыбрайым мырза қазақ даласында өмір сүрді, сондықтан дүниежүзіне тиісінше таныла алмады, ал шындығында данышпан ақын, ағартушы, философ болған еді. Ол болымсыз ортада туып, қорлықты ғұмыр кешті”

Қысқасы, Римде болса, Брут болар еді...

Отандасының артықша асыл қасиеттерін толық бағалай алған жалғыз Мұхтар Әуезов болды, ақынның өлең жолдарындағы терен мағыналы сөздердің, ән ырғактарындағы әуеннің, философиялық ғақлия сөздердің кілтін тауып, мәнін ашқан сол еді. Ол үшін бір адамның басында көреген суреткердің, жанкешті ғұмырнамашының, мәтінші ғалымның қасиеттері ғаламат үйлесімділікпен ұштасуы қажет еді.

Жидебайдағы мемориалдық кешен – Абай мен Шәкөрім мәнгілік дамыл тапқан мавзолей табаны жер бетінен едәуір

биік көтерілген еken. Жан-жағы ашық, едәуір алыстан көрінеді. Бұл араға жақын келу үшін жер астындағы жолмен өтіп, жоғары көтерілу керек. Амфитеатрдың басқыштары тұра аспанға өрлегендей енсели. Кешенниң архитектурасы қазақтардың көк аспан жөніндегі дәстүрлі ұғымын білдіргендей.

Зәулім мәрмәр тас айналадағы мұлгіген тыныштық пен іштен тынған салмақты сабырға салтанатты сипат дарытқандай. Айналаны алыстан қоршаған жатаған қырқалар теп-тегіс жазық далада тағадай иіліп келіп, әлде қайда алыста уілдеген өкпек желден мықты тосқауылдай корғап тұр. Және содан кейін – бұл өнірде уақыттың жылжуы жай ғана баяу емес, тіпті өте баяулығы соншалық, соңғы кездері жылдар ғана емес-ау, тіпті ғасырлар бойы мұнда онша көп өзгеріс бола қоймаған секілді болып көрінеді. Қалай болғанда да, бұл жерлерге бұдан біржарым-екі ғасыр бұрын келіп кеткен европалықтардың қандайлық экзотикалық әсер алғаны қазіргі біздің замандастар үшін өте түсінікті.

Атак-данқы дардай немесе одан гөрі сәлдеу талай жолаушылардың қалдырған жолжазбалары мен күнделіктірінен адамдардың дүниеге көзқарасы мен философиялық ой толғауларында тапжылмай тоқтап қалған жердің бейнесі елестейді. Бұл бейнеге қарбалас атаулы жат, оның тыныштығын тек шапқан ат түяғының дүбірі ғана бұзса керек. Одан кейінгі елді елең еткізеп – ат жарыс пен ақындар айтысы ғана. Бір кезде Орталық Азиядан Каспий теңізіне қарай жол шегіп бара жатқан әйгілі этнограф және жазушы Александр фон Гумбольдтің осы бәйге мен айтысқа кереметтей таңғалғаны есімізде. Сапарының мақсаты да, оның нәтижесі де бізге жақсы таныс – ғылымдағы іргелі зерттеу болатын; сөйті тұра, осы өлкенің жер қыртысы мен ауа райының ерекшеліктерін зерттей жүріп, ешқандай сезімталдығы жоқ ғалым отағасы бір сәт лирикалық көңіл күйіне берілетіні бар. Ал оның замандасы, ақындығы да одан кем емес, романтик-карбонарий Джакомо Леопарди, өзінің отандасы сапар шеккен кезде Орынбор-Бұқар бағытында жүріп өткен басқа бір жолаушы барон Мейендорфтың күнделігіне сүйене отырып, “Азияда да көшіп жүрген даланың тұнгі бақташысы” деген әрі асқақ, әрі мұнды мынадай өлең шығарған:

Сен, Ай-Зуһра, жүресің келмей тілге,
Бұл жалғанда томсарып жалғыз кезген.
Тұнде туып, батасың жарық құнде,
Кезің бар ма түйсініп сырын сезген.
Шыр айналған мәңгілік бір ізбенен
Қайтпады ма меселің жалғыздықта,
Әлде сенен үмітін бір үзбеген
Пенделікпен біз үнсіз қалғыздық па?

Орыс тіліне Николай Томашевский тамаша тәржімалады осынау өлеңнің сөз өуенінің өзінде өмірдің астана кестенмен аулақ орнықтылығы мен ауанды айналымы бейнеленген.

Ақыр-аяғында, француз дипломаты және, шамасы, Европадағы орыс әдебиетіне арналған тұнғыш жүйелі зерттеудің (“Русский роман”, 1886) авторы Эмиль де Богюдэ Туркістан темір жолының ашылуына қатысып, содан кейін күнделігіне былай деп жазған: “Шығыстың өзгермейтін себебі, Батыс тынымсыз бастан кешіп отырған қауіп-қатерді ол білмейді, бізге өмір бұйырғанда, ол халықтарға кеменгерлік бұйырған”

Мұндай көріністе сөзсіз поэтикалық тартымдылық бар, сонымен бірге, онда бірсыныра дәлдік те болса керек және, сондай-ақ, сірәғисында, дағаның тылсым үнсіздігі мен Шыңғыс қырқаларының ішіндегі ең биік шыңының ақтығында да дау болмаса керек. Бұл жерде, шынында да, қозғалыс сезілмейді, бұл жерде ең биік мағынасындағы тыныштық тұнып тұр.

Бірақ осының бәрі де – елес, жалған. Арапарының қашықтығы бірнеше шақырым бола тұра, бір-бірімен қанаттасып қатар жатқандай сезілетін қыр ауылдарының жайлаулары мен қыстауларының көршілігі сияқты. Абай өмірбаянының қайшылығын да, тағдырының тұпсіз терендігін де бүркемелеп тұратын сыртқы нобайының көңілсіз мәттәғамдығы сияқты.

Тарихы жоқ халық бақытты деседі, бірақ ертегідей Эльдорадо елі қайда екен? Қалай болғанда да, қазақ даласы емес. Мұнда жергілікті атаулардың өзінде де заман ағымының шынайы, яғни ешқандай әшекей боямасыз қаһарлы сипаты есте сақталған күйінде бейнеленген. Мінеки Шәкәрім жазып кеткен мынадай бір аңыз бар (кейбір

білетіндердің айтуына қарағанда, оның авторлығына құман келтірушілер де жоқ емес, бірақ біз ол таласқа араласпаймыз).

Семейдің оңтүстігіне қарай 170-180 шақырым жерде Шыңғыстау жоталарының ортасында Хан атты жеке бір шың бар. Жаңағы аңыз бір кездे атауы болмаған осы шың туралы. Темучин он екі елді жаулап алғаннан кейін пайғамбардың өсietі бойынша өзін Шыңғысхан (әлемнің әміршісі) деп жариялаған. Сонда жаңағы жаулап алынған жерлер мен тайпалардың өкілдері жиналыш келіп, шыңның төбесіне бір-бір қазық қаққан да, үстіне тақтай төсеп, ак шатыр тіккен. Соңсоң Темучинді ак киізге орап көтеріп әкеліп, ак шатырға кіргізген де, әрқайсысы өз тілінде: “Шыңғысхан! Мәртебен арта берсін, Шыңғысхан! – деп айқайласқан. Соданбылай қарай шың “Хан” деп, ал бүкіл тау сілемі “Шыңғыстау” деп аталып кеткен.

Дала – бүкіл зұлымдығын, опасыздығын, қatalдығын ішіне бүккен әмір театры. Ол аз десең, онда өлі тіріге жабысып жатады, бірақ ол өлі емес. Даланың зердесі өте мыкты, онда ешиңерсе ұмытылмайды, қайта айықпас дерт, басылмас жәбір, естен кетпес ой болып жаңғыра береді.

Абай мен Шәкәрімнің мавзолейінен жоғары қарай көтерілген бұралан жол Кенгіrbай бидің мазарына апарады. Ол – XVIII ғасырдың аяғында, жонғарлардың жойқын шабуылынан кейін ел-жұрттың өз жеріне бастап әкелген Тобықты тайпасының рубасы.

Біз бұл тұста Абайдың әміrbаянына қайтып ораламыз. Рас, ол оқиғаға онша бай емес, бірақ оны сүренсіз деу де бекершілік, ейткені оның алдында өткен ру таласының, ағайын арасындағы кикілжіңің ғасырларға созылған тарихы, билікке таласқан қырқыс, қашанды ұзакқа созылмайтын жаулық – осының барлығы жиналыш келгенде біртіндеп ойшыл ақынның жеке басын қалыптастырғанды; сөйтіп ол өзінің әмірге келуімен-ак Даланың үлкен тіршілігінде қасіретті кезеңнің белгілі бір жолайрығы болуға тиісті еді.

Кенгіrbай Үрғызбаймен жақын туыс адам, ал Үрғызбай – Абайдың арғы атасы. Жұрттың айтуынша, ол асып кеткен атағы жоқ, бірақ кісілігі бар, момын да қағілез, бір сөзбен айтқанда, жомарт жанды адам екен, сонымен бірге, шешесіне тартқан өлең шығарғыш өнері де болған дейді.

Қалай болғанда да, ел бастирлық қасиеттен мұлде ада болыпты да, ел билігін түгелдей бүкіл Тобықтыны уысында ұстап отырған ағасына беріпті. Өзі жаужүрек батыр Қенгіrbай оның ұстіне елден ескі жол-жораның сақталуын қатты талап ететін заңшыл болыпты да, одан сәл ауытқыған адамды жазалауға келгенде аяушылық дегенді білмейді екен. Бірін-бірі жақсы көрген қос мұндық – Енлік пен Кебекке жауыздық жаза кескен тап соның өзі екен дейді. Қазір сол екеуіне де ескерткіш орнатылыпты. Бұл, әрине, адап сезім бұйрығымен ешкімге рақымы жок қатал ру жорасына қарсы шыққан екі жастың қайсарлығына қойылған ескерткіш еді. Элбетте, бұл – осы заманың белгісі, бұрын, Абай заманында біржола жойылып кетуге айналған, жермен-жексен төмпешік қана болатын. Бірде Абай өзінің жас ақын шәкірттерімен көш бастап жол жүріп келе жатқанда, сол екі жастың зиратының тұсынан өтетіні бар. Сол көріністі Мұхтар Әуезов эпопеясында былай суреттеп жазады: “Абай атының басын өзгелерден оздырынқырап кеп, қос молаға көз жіберіп, көп үнсіз тұрып қалды...”

– Бұл қос мола, ішіне бір ауыр сыр бүккен молалар... Бұнда жатқан бір қыз, бір жігіт... Осы екеуін махабbat үшін өз елінің қатал үкімі, замандастарының қолымен, зорлықпен өлтірткен болатын...

– Өлтірген кім?

– Өлтірткен кім?

– Өлтірткен Қенгіrbай! Осы тұрған көбіміздің атамыз. Сол күндегі елдің анандай иен көшін бастаған әруағымыз Қенгіrbай! – деп, Абай айнала тұрған жастардың түріне барлағандай бағып қарады... Өзге жастар анырғандай. Тек Дәрмен ғана:

– Әруағы да өзі, жастарының жендеті де өзі болғаны ма? – дегенде, Абай оған сәл сүйсіне қарады”

Әуезовтің бұл қайғылы оқиғамен шұғылдануы бір бұл емес – ол өзінің шығармашылық өмірін дәл осы тақырыптағы пьесамен бастаған да, оған далалық Ромео мен Джульєттаның атын берген. Сол пьесада Абыз атты кейіпкер бар – халық ойының жаршысы десен болар, сезінде бір ағаттық жок, оның аузынан шыққан әрбір сөз ақиқаттың дәл өзіндей естіледі. Пьесаның соны соның сөзімен аяқталады: “Ата!.. Атамын мен аныраған! Мен ата,

сен немере! Бауырындағы шаранасы кеппестен шырылдап қалған шөбере! Бауырым өрт, үнім зар! Бауырым өрт, бетім жас... Ата, немере, шөбереміз – үш зарлық! Ел олар емес, ел бізбіз, ұлым, жаң балам! Қара тастай қатал құндер ішінде туар келер біздей толқын-толқын ата, бала, немере... алып кетсін жазықсыздар аттарын, сақтап өтсін... ақтап өтсін арыстарым арманын... Жадында тұт, жасыма десін арғыларға, ұрпаққа. Жадында тұт, жасыма, ұлым, елім шермендем!..."

Жауыздар құрыр, жазалылар жасай берер деген кеменгер сөзі жартылай ғана шындыққа айналды: мәрмәр тасқа құрбандар мен ескі тәртіптің сақшысы болған зорлықшылар аттары бірдей жазылды. Жұрттың айтуынша, Мұхтар Әуезов киіз үйде, далада, тұра сол қанды оқиға болған жерде осы пьесаны қойғалы жатыр деп естігенде, Кеңгіrbайдың алыс-жақын ұрпақтары бұл оқиғаны болғызыбауға әрекет жасаған. Сонда Тұрағұл ара түсіп, авторға болыстық жасаған: ол тұра Абай атынан сөз сөйлеген, ал аруақ атынан айтылған лебіз Қыр елінде ешқашан жерде қалмаған.

Тіпті қазірдің өзінде, арада талай замандар өтсе де, Кеңгіrbайдың мазарына апаратын жолға шөп шықпаған. Адам санасы ескішіл, жаңалыққа селқос, зымырап ілгері озған заман талабымен тіпті де есептескісі келмейді. Ал көшпенді ел санасы одан екі есе тұтқыр, шабан, ол құні кеше болған жайттарды ұмытса да, ескіден қалған анызды естен шығармайды, қол қойылып, мөр басылған құжаттан гөрі миф пен аңызға көбірек сенеді. Тіпті қазіргі біздің оқымысты заманның өзінде де артқа қарай көбірек жалтақтап, сол кездің көнерген бейнесіне шаң жуытқысы келмейді.

Міне сол себептен де суреткердің қиялы мен нақты шындық арасында талас тууы мүмкін. Кейде ол жалғыз бір адамның санасында да туды. Мен бұл жерде, әрине, Мұхтар Әуезовті айтып отырмын. Жазушы саҳнаны түрлендіреді, жарықты ыңғайластырып бөледі, актерлерді орны-орнына жайғастырады, барлығын да көркемдік шындықтың талабына сай етіп реттейді; тарихшы басқаша ойлайды, ол басқаша шындықты – нақты өмірдің шындығын қалпына келтіруге тиіс. Осы бізге Абайдың ата тегі қайдан белгілі болды? Ие, Әуезовтен, өйткені ақын

өмірбаянының алғашқы нұсқасын жасаған сол кісі (ол нұсқа идеологиялық себептермен бұрын орыс тіліне аударылмаған, ал қазір неге аударылмайтыны, өзгені білмеймін, әйтеуір маған белгісіз). Міне сол өмірбаянды қазір параптап отырғанда көзіміздің жететіні – Абай мықты мінезді, бір ғана ол емес, көздеген мақсатына жету жолындағы ерік пен табандылықты және жалпы бүкіл бір рудың басшысы һәм ұстазы болуды да арғы атасынан (бәлкім, тікелей болмаса да өз атасы немесе әкесі арқылы) мирас етіп алған болар. Ерте ержетіп, асқан қабілетті болып, өз тұрғыластары түгіл, жасы үлкен замандастары алдында да мойын оздырып ілгері шығу мүмкіндігіне Абай, Әуезовтің айтуына қарағанда, өзінің өрлігі мен басқанын ойына мойын ұсынбайтын дербестігі арқасында жеткен. Ең бастысы – мақсатқа жету, ең бастысы – жеңісті қолдан бермеу. Жас кезінде, – деп жазады Әуезов, – Абай Жігітектің он жеті адамы Сібірге айдалғанын көзімен көрген. Жігітек пен Ырғызбай ертеден жауласып келеді, қазір Жігітек жағы әлсіреп тұр. Сондықтан ол жағдайды пайдаланып қалу керек деушілер жағында болды. Шынында да, ол кезде тым қызба еді. Алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы мол. Күші толысып, ықпалы артқан сайын қайсарлығы да еселене түскендей-ді. Тіпті Абайдың орыс тілін үйренуге деген ынтасын да автор оның отаршыл әкімшілік шенеуніктері алдында өз руластарының опық жемеуін көздегендіктен туған еді дегендей сынай танытады.

Ал енді жас ортасынан асқаннан былай қарай жастықтың жаза басқан қателіктерімен қинала қоштаса отырып және өткен өмірін еске ала келіп, бір кездегі Пушкин сияқты, Абай да сол қателіктерінің өкінішін қатты қамығып еске алады, соларды қалай жуудың амалын таба алмайды. Автор сөзімен айтқанда, болашақта, оның өзіне де, аталас ағайындарына да еш пайдасы тимеген сол қателіктері үшін қатты жан азабын тартады. Өзгені былай койып, өзінің қас жауы Оразбай сайлауда жеңіліп қалып, сонын кегі үшін бұған қастандық жасағанда да, бұл оны өзге емес, өзінің қылықтары үшін орынды жаза деп қабылдайды. Басқаша айтқанда, Құдай мен Ібіліске қатар құлшылық еткендік деп бағалайды.

Бұл орайда, Абай өмірден өкінішсіз өткен бабасынан көп ілгері кеткен, бірақ солай дегенмен де, өзінен жапа шеккен адамның кек аламын деп төменшілікке бармағаны үшін Кенгіrbай да іштей мазасыздық сезінгені бекер болмаса керек. Қалай болғанда да, арғы атасының қабірі басында тұрып, Абай: “Құдайдың саған мейірі түсіп, өзіне ізгілік дарытты, сондықтан мені жұрт алдында есалаң қылмай, осы өмірден алып кетсін деп Алладан фатиха тіле” деген екен дейді.

Әйтсе де, тарихтың аяқ алысина қиянат жасамай-ак қояйық, өйткені Кенгіrbай мен Абайдың арасында кем дегенде екі үрпақ бар және бұл тамырларында соның қаны соғып тұрған үрпақтар. Соның бірі – Өскенбай, қазақтың сөзімен айтқанда, Кенгіrbайдың заманы өтіп бара жатқанда ат арқасына отырған жас. Бұл-дағы, Толстойдың сөзімен айтсақ, екі жұзді адам болыпты-мыс. Бір жағынан алғанда, халықтың сүйген құлы, ақ ниетті би, әділетті билеуші, кек сақтамайтын, ақылды және адамгершілігі бар кісі болған. Оны өзінің руластары ғана емес, көрші елдердің кісілері де сыйлайды екен. Одан ақыл сұрап қиян алыстағы ауылдардан адамдар келіп, Тобықты еліне ешбір қатынасы жоқ мәселелерге төрелік айтқызатын болса керек. Ал, екінші жағынан, сол Өскенбай қатты ашуға мінген кезде не істеп, не қойғанын білмей қалады екен. Жаңа ғана жайдары отырған адам жұрттың көзі алдында тұра айуанға айналып кетеді дейді. Бір жолы, ол, мәселен, әлде неге ашуланып, бақуатты мейман адамның мұрнын кесіп алыпты да, екінші бір ретте найман батырының денесін ыстық темірмен күйдірген, айырмасы – жаңағыдай мейман емес, қолға түскен тұтқын болса керек.

Енді жаңағы екі үрпақтың екіншісіне келсек, ол – Абайға жақын тұрған Құнанбай Өскенбайұлының өзі. Ақ мәрмәрдан қидырып Кенгіrbайға кесене орнатқан да сол. Қартқа басқан кезінде би Құнанбайдың өкесіне барынша қамқорлық жасап, іс жүзінде рудың барлық билігін соның қолына беріп кеткен.

Бұл кісінің болмысына көбірек токталған мақұл, себебі оның ақын ұлының өмірі мен бүкіл шиеленісті тағдыры соның өзімен тығыз байланысты.

Құнанбай көп уақыт бойы бізге негізінен “Абай жолы” тетралогиясы арқылы мәлім болатын. Оның кескін-келбетінің кейбір нышандары мынадай болып келеді:

“Әкесінің ат жақты келген үзын, сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындаған көрінеді. Онсыз да үзын, үлкен бетіне, үп-үзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өнірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтерінкі жалтұмсығының сол иығына шығып алғып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өнірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші”

Мынау міnez машығы:

“Жалғыз көз шүңейт емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Тұсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алышты. Зор дауысында ыза мен зіл бар”

Міне мынау міnez болмысы: ешкімді бет қаратпай, ешкімнің ешбір сөзін құлаққа ілмей, тіпті өзінің қандас туыстарына да шұғыл түрде аяусыз қатал жаза қолдана алады. Шекспирдің қуатты қаламымен жазылғандай қаталдықпен жүзеге асырылған Қодар мен Қамқаны жазалау оқиғасы бала жігітке орасан зор әсер етіп, оның әлі қатаймаған әлжуаз жан дүниесіне жазылмастай жара түсіреді, оның болашақтағы адамгершілік тәрбиесінде өшпестей із қалдырады.

Қысқасы, озбыр билеуші, қайырсыз қатал әмірші, жалғыз көзді дәу.

Бейне шынайы жасалған ба?

Міне осы жерде ілкідегі бір сұрақ тағы да көлдененнен қылаң береді: сонда кімнің алдында шынайы, қандай мақсатқа шын, адал болуы керек?

Көркемдік шындыққа ма? Ие, соған. Заман өзгерді, әлі де өзгере бермек, ал біз болсақ, қолдан миф жасауға өуестіктен әлі де ешбір арыла алмай келеміз. Бар бітіретініміз бұрынғы бояуды өшіріп, қараның орнына аппақ ақ бояуды жағамыз. Кейбіреулер Құнанбай жөніндегі бұрынғы үкімді өзгертіп: ол мінсіз тұлға еді, қарапайым халықтың жанашыр жақыны еді, Мұхтар Әуезовтің оны қанішер жауыз, екі жұзді қарабет етіп көрсеткені бекер болды дейтін көрінеді. Ал автордың ақтағысы келсе, кінәны сол кездегі қатал тәртіпке аудармақ болады екен: жазушыны сынаушылар, олардың ішінде өзінің қаламдас жолдастары да, оны “феодалдық-байшылдық ортаны дәріптеді”

деп кінелады, сондықтан автор асыл қазынаны сактап қалу үшін ымыраға баруға мәжбүр болды деп мәймөңкелейтін болса керек. Біршама таяуда жарияланған бір басылымда тұра былай деп жазылыпты: “Ұрдажық пролетариат жазушылары ұлы Абай жөніндегі шығарманы біржола аяқтарымен таптап тастамаулары үшін ақынның әкесі Құнанбай Өскенбаевтың жарқын бейнесін құрбан етуге тұра келді”, – деп жазды.

Тіл безеп, ой шарықтатудың бір өнімсіз жосығы осындай-ақ болар дерсін. Романшы Әуезов өз тетралогиясының көп қабатты композициясын түзе келгенде, ақын жүргін қарс айырған тарихтың аяқ алысын бейнелей келгенде, қажет деп тапқаны екі жұзді Янус сипатындағы нақ осындай Құнанбай болса ше? Бірде ол жыртқыш жауыз, дініне тастай берік фанатик, енді бірде жер бетіндегі құштарлық атаулыдан bezіп шыққан бейкүнә мүләйім. Сонымен бірге осы қасиеттерінің бірде-бірін ұзак ұстанип тұрмайды, үнемі құбылып, өзінің шынайы болмысынан сыр алғызыбайды. Дәл осындай мұдделерді, яғни айтқанда, көркемдік мұдделерін бетке ұстаған жоқ па еді Толстой, мәселен, Наполеон Бонапартты бейнеле-генде: бірде ол Францияның аса қаһарлы императоры және Европаның жаулаушысы, енді бірде ол – ықтиярынан айрылған ырымшыл; қанқұйлы басқынши Арыстан жүректі Ричардты ізгілікті сері етіп суреттейтін Вальтер Скотт ше; ел аузындағы өсек-аянға сүйеніп суреттегендеге Пушкиндең талантты композитор Антонио Сальери де кісі өлтіргіш күншіл болып шықпай ма?

Мәселе басқада – Блок айтқандай, бір-бірімен қанша-лықты ымырасыз болса да, поэтикалық шындық пен өмір шындығының арасындағы өзара сәйкестік өлшемінде.

“Абай жолы” романының қаһарманы мен ілкі кезінің өзінде ықпалын жүргізген жас бидің, одан кейінгі болыстық старшынның және ақыр-аяғында Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болған Құнанбай Өскенбайұлының арасында үқастық бар ма? Кейбір жағынан алғанда, бұл сұрақта мән бар және азды-көпті шынайылықпен оған жауап беруге де болады, өйткені біздің қарауымызда суретші салған сурет қана емес, деректі куәліктер де бар, бәлкім, олар кезінде Мұхтар Әуезовке мәлім болмаған шығар (ал тіпті мәлім болғанның өзінде де, қайталап айтайын, онымен санасуға

ол тіпті де міндетті емес-ті. Ал бірақ, қалай болғанда да, осы тұста жазушы Әуезов пен тарихшы Әуезовтің арасында тағы да бір қызық әңгіме туындағалы түр.

Кейде олар бір жерден шығады. Романышыдан бұрынғы тарихшы (Абай өмірбаянының әкесіне көп орын берілетін алғашқы нұсқасы 1933 жылы, яғни романның жария болуынан он жыл бұрын жазылған) Құнанбайдың діни фанатизмі, қанішерлігі, шексіз биліккүмарлығы туралы жазады. Әрине, кейіпкерге қатты іштартқан жағдайда және кешірімшіл болғанда, жаңағының біріншісін де, екіншісін де, тіпті үшіншісін де руластардың мүддесі жолындағы күресте көрсетілген ерлік пен табандылық деп атауға болар еді (осы сияқты бір өмірбаяндық кітаптың авторы Құнанбайға іштартып қана қоймай, оны шексіз сүйеді де екен) дәл осылай істепті. Бұл жердегі гәп сөзді қалай қолдануда: бәз біреу қызған темірмен денені күйдіруді ерлік деп бағаласа, енді біреу Мұхтар Әуезовтің ізімен Қодарды азаптап өлтірген сияқты мұны да барып тұрған айуандыққа санар еді (өмірде ондай жазаны қолдаушылар да болған).

Жоғарыда айтылғандай, академик Марғұлан Омбының мұрағатынан Құнанбайды сотқа тартатын қалың бір бума іс қағаздарын тауып алады. Онда оған қарсы: пайдакунем, паракор, халыққа өте қатал, қырдағы ел басқарудың дәстүрлі тәртіпперін сақтамайды, халықтың пікірімен санаспастан, өзінің інісі Майбасарды болыстың старшыны етіп қойды деген сияқты көптеген арыз-шағымдар айтылған. Жалпы алғанда, Л. Әуезова жүйеге келтіріп, жариялатқан бұл құжаттар – жауап алған кездегі ант-су ішіп немесе жай сендеріп берген күеліктер – өздігінен алғанда өте қызықты да тағылымды-ақ: олар ел арасындағы рушылдық талас-тартыстар, әртүрлі бопсалар, өсек-аяңдар мен ауызжаласулар жайында анық мағлұматтар берумен қатар, қыр елінде ертеден қалыптасқан әдет-ғұрыптардың, дәстүрлі ойлау мен сөйлеу машығының патшалық кенселер мен шенеуніктер тарапынан тықсырылып, бірте-бірте шеттетіліп келе жатқанын да анғартатындей еді. Ал олардың арыз-шағым жазғандағы немесе сот тергеушілеріне жауап бергендеңі сөз саптауы, мәселен, былай болып келер еді:

“Бөжей би Ералин мен Байсал Әйтиев өз руластарынан қол жиып, манайындағы елге тиыштық бермейді, ылғи

зорлық-зомбылық жасайды... Ауылдағы старшын Шойын Барманов Құлыншақ үйіне таяна бергенде, қолында балтасы бар бір шалды көріп: “мынау балтаң не?” деп сұраса, ол айтады: Мен Пұшарбаймын ғой, шайтан азғырып, болысқа қолым тиіп кетті, енді онымен татуласып, ат-шапан айыбымды төлеймін ғой” дейді... Қарқаралы дуанындағы Күшік Тобықты болысы қазақ Майбасар Өскенбаев 1853 жылғы 25 қантарда тергеуші Гусевке берген жауабында былай дейді: “қазақ-орыс Ворошиловты қалай үрганымды айта алмаймын, мен тіпті оны көрмеген де сияқтымын, алдында мендуананың сұын ішіп едім, мұлде есімнен адасып қалыптын...”

Қарқаралы округының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбаевтың заңсыздық істері және сол болыстағы қырғыздардың (қазактардың) жергілікті әкімдерге бағынбаған қылықтары жөніндегі тергеу ісі бірнеше жылға созылған. Үақыт өткен сайын оған жаңа арыздар, жаңа деректер мен мағлұматтар жамалып, істің көлемі есе берген, қампия берген, соған орай оларға кенсе тілімен жазылған әрқиылдықтама, түсініктер қосылған. Бір бөлмеден екінші бөлмеге, бір этаждан екінші этажға көшіп жүрген осынау қағаздар тасқыны тіпті қиял шарықтау-ында шек жок Франк Кафканың өзін де таңғалдырғандай еді. Сөйтіп, талай айларға созылған әртүрлі қағаздардың мазмұнын жинақтап айтқандағы қысқаша мазмұны “Қарқаралы округының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбаев-тың заңсыз озбырлықтарынан қорғау жөніндегі Күшік Тобықты болысының билері мен старшындарының арыз-шағымдары” және “сол аталған болыс қырғыздарының жергілікті әкімге бағынбайтындығы жөніндегі” еki істі біріктіріп қарауға болатын-болмайтындығы туралы мәселеге барып тірелетін еді.

Бірақ, дұрысында, бізге керегі – Құнанбай жөніндегі шенеуніктердің өуре-сарсаңы емес, Құнанбайдың өзі. Құжаттарға қарағанда, аға сұлтан мен көшпелілер ішінде өте беделді саналатын тұлға – Бөжей арасындағы ертеден созылып келе жатқан бас араздықты суреттеп жазған Мұхтар Әуезовтікі – көркемдік шындық. Және сол құжаттарға қарағанда, Құнанбайдың мінезі өте шұғыл, өзінен басқаның айтқанына төзгісіз, біреуді жазалай салуға тым шапшаш, кейде ондай жазасы айуандыққа ұласып

кетеді. Бірде соның бүйріғы бойынша ғой – ауылдың екі адамын “жылқы ұрлады деген айыппен естерінен танғанша сабағандары және онымен қоймай, Майбасардың ауылына апарып, бірнеше күн бойы құніне үш мезгіл қамшымен 25 реттен дүре соқтырғаны және, сол аз дегендей, тұнге қарай мойнына темір бұғау салдырып, керегенің сыртына байлаттырып қойғаны” Тағы бірде ол өзінің інісін болыстың старшындығынан тұсір деп талап қойған адамдарға “қысым жасап, қыстауларынан қуып тастаған, содан соң оларға шабындық жер де бермей қойған... Ешбір жазықсыз төрт адамның аяқ-қолдарының терісін сыйдыртып, аяқтарына шідер салдыртып қойған... және сол 1850 жылы Қаратай мен Бектас екеуін киіз үйдің шаңырағына бастарын төмен қаратып, бірнеше сағат бойы аяқтарынан асып қойған және сол күйлерінде қазақ-орыстарға сабаттырған”

Романнан тағы бір байқайтынымыз – Құнанбай Өскенбайұлы қолында билігі бар ықпалды болуының үстіне, шексіз бай, нағыз даланың феодалы болған. Несі бар, бұл тұста көркемдік шындық істің нақты жағдайымен расталады. Айталақ, 1830 жылдардың аяғына таман бүкіл Орта жүздегі ең бай адамдар қатарында болған Құнанбай ойланbastan қайын жұртына мың жылқыны бере салған.

Ақыр-аяғында, оның құдай жолына шын берілген мұсылман, елдегі тәртіптің берік сақшысы екені де даусыз еді. Оның әртүрлі шұғыл шараларға, тіпті қылмысты істерге де бару себебі сондықтан еді. Солардың ішіндегі жалғыз-жарымы да және ең ауыры да Қодар мен оның келінін азаптап өлтіртуі болатын. Ал енді сонда не істеу керек, жөнсіз ақтау амалдарын қарастырып, соған ілкімді ілік іздеу ме? Кейбіреулердің айтуынша, Құнанбайды мұнданай ауыр қылмысқа арандатып айдап салған, қыр елінде беделі күшті, Құнанбаймен ертеден бақас Барак сұлтан болыпты-мыс. Оны көзімен көрген бір европалықтың айтуынша, Геркулестей алып денелі, ақыл-оізы асқан, жаужүрек: “кәдімгі сал-серілер дәстүрінде тәрбиеленген, феодалдар заманындағы баронның үрпағындей” адам болса керек. Сол бір жиын үстінде діни әдет-ғұрыпқа берік Құнанбайдың насыбай атудың ерсілігі жөнінде айтқан бір ауыз сезіне шамданып: “Менің насыбайымды көргенше, өз еліндегі келінімен ашына болған Қодарынды тыбышп

алмайсын ба? – деп салған екен. Құнанбайдың осыдан кейінгі қатал үкімі “Абай жолында” былай дәлелденеді:

“Қодар сүмның қылышы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық!.. Өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген жаза керек!” Бәлкім, бәрі де солай болған шығар, бәлкім, бейкүнә бейбақтарды жазалау жөніндегі үкімді кескен Семейдің имамы Ахмет Риза шығар – олай болғанда Құнанбайдың қылышы ақталып шығар еді. Бірақ осының бәрі не үшін керек? Мұндай пікірталасында біреудің актауы да немесе біреудің даттауы да Құнанбайдың зорлығымен жасалған қатал қылмысты бәрібір ақтай алmas еді.

Ал дінге беріктіктің жөні мүлде бөлек, ол қандай істі де онға шығара алады. Патшалық кеңесесінде екі жылға созылған ырын-кезекті сәтті аяқтағаннан кейін Құнанбай өз қаражатына Қарқаралыдан мешіт салғызып, қасынан мектеп ашқызды; картайып келген шағында қажылыққа барып, Меккеде әр елден қажылыққа келген жолаушылар түсетін 150 адамдық пәтержай салдырды.

Міне дәл осы тұста роман мен шын өмірдің арасында жанды үн қатысу, қанша айтысса да келісімге келе алмайтын қызыл сөз емес, кәдімгідей жанды пікір алысатын салмақты үндесу басталады. Рас, бұған анық көз жеткізу үшін бізге, орыс адамдарына, Әуезов шығармасын қайта оқып шығудың жаңа бір тәжірибесі керек болды. Біз ен соңғы уақытқа дейін Құнанбайға тіпті Мұхтар Әуезовтің де емес, сонау Леонид Соболев пен соның тетралогияны аударысқан тәржімашылардың көзімен қарап келгенбіз. Ал сол аударма миллиондаған таралыммен талай рет басылып, бірте-бірте мызғымайтын ақиқатқа айналып кеткен-ді. Солай бола тұра, мұндай көзқарастың өрісі тым тар, сынаржақ болатын. Әлде көркемдік сезімталдық жетіспеді ме, әлде тоң-торыс догманың әсері ме, бәлкім, сол екеуінің әсері бірдей болған шығар, әйтеуір, аудармашылар кейіпкерді мейлінше жағымсыз (қаныпезер, зорлықшы, тағы сондай) етіп көрсетті, соның салдары болар, Абайда бір сәт әкесі туралы қайшылықты ой туатыны бар: теріс мінездерін көре жүріп, бірде оған әкесі тегін адам емес, бойында бір ірілік бар секілді болып көрінеді, бірақ онда қандай сыр бар екенін аңғара алмайды (оның кейіннен өзі

жайында да жалғанға жария етіп айтатын жұмбағының бір шеті осында жатқан жоқ па екен?).

Міне енді келіп Анатолий Кимнің жаңа, тамаша аудармасы пайда болды да, Құнанбайдың бұрынғы тұғырында берік тұрган тұлғасы әуелі шайқала бастады, одан кейін тамыры біржола үзіліп, бұрынғы жалғыз көзді дәудің орнына енді Янус та емес, көп қырлы Протей пайда болды да, сынаржақ пенденің шенберіне сыймай қалды. Енді оның басы жайғана “қаздың жұмыртқасы емес, жұртты қалтыратқан кереметтей алып қаздың жұмыртқасы” болып шықты. Ал Меккеге қажылықта барған төрт жылдық сапардан қайтып оралғанда, көрілік женіп, жай қажығанымен бұрынғы маңыздылығы мен маңғаздығынан әлі де айырылмағандай көрінген: “Сүйекті денесі әлі де қапсағай, зор болғанмен, бет әжімі мол. Қуаң тартып тозған ажары бір кездегі үлкен, қатаң, қуатты адамның әл-шамасы азайғанын танытады”. Міне сондықтан да Абайдың оны не себепті “қабат-қабат жақпар тастардан құралған биік тау шыңына” үқсататыны енді түсінікті болып еді.

Міне сондықтан да ол – шың, ал шында қatal болғанның өзінде де ұлылық бар.

Құнанбайды құдды “Илиададан” даланың өкпек желі айдал әкелген Агамемнон дерсін.

Құнанбай енді бірде көзге Таураттағы ашуға булыққан Саул патша болып елестейді де, оның қасына келіп ән салған ақынның лебізін тыңдал тұрган Байрон бейне бір өзінің “Еврей саздарын” жазған болып шығады. Оны Лермонтов орыс тіліне еркін аударған болып шығады. Содан кейін оны тағы да еркіндікпен Абай қазақшаға аударады:

Көңілім менің қараңғы, бол-бол, ақын!
Алтынды домбыранмен келші жақын..

Құнанбай – зангер Ликургтің барып тұрган нағыз өзі.

Георгий Гачев көшпелі қазақтар әлеміндегі ұлттық бейнелерді ұғыну талабында осынау биік теңеулерді келтіреді. “Абай жолын” оку үстінде оның осынау байқағандары тамаша-ақ: идеологиялық өктемдіктер ашық бел алып тұрган кезенде тіпті аударма әдебиеттің өзінде мұндай теңеулерге бару үшін, шынында да, ойшыл адамның сергектігі мен оқырман тілекtestігінің зор

дарыны керек болар еді. Бұл жердегі автордың ой толғаулары бірде кісіні еліктіріп, енді бірде секем алдырып отырса да, содан түйген қорытындыларының кейбірі оның анық батылдығымен таңдандыратыны шын-ак:

“Калай болғанда да әркім өзінің руын кәдімгі киіз үйінде отырғандай қорғаныш етеді. Егер Құнанбай эпопеяның бас кезінде Қодар байғұс пен оның келіні жөнінде айуандық жасаған болса, осының өзі кейінгі оқиғалардың шиеле-нісуіне үлкен себеп болды, жұрттың рушылдық намысын оятты: дәл “Илиададағы” кепілдікке берілген Бризиданы Ахилден тартып әкетіп, билігін асыра пайдаланғаны, сөйтіп кекшіл гректерді өзіне қарсы қоятын Агамемноның озырылдығы сиякты.

... “Абайдың” сюжеті – ру мен жеке адамның шек аралығында тұрған бір кентавр: өз халқының зандарын біледі және құрметтейді. Бірақ өркениеттің де тәтті дәмін татқан: Семейдің қаласы, орыстың тілі, кітаптары, Пушкині және бар – осының бәрі қызықтырып, өзіне тарта береді”

Жақсы-ак! Бірақ қалай болғанда да метафора ғой, ал бірақ Георгий Гачевтің жазып отырғаны, автордың өз анықтауы бойынша, ойбейне тізбегі, – тіпті дәл болғанның өзінде де, ылғыда шектеулі, ол бойынша адамның мінезі мен оқиғаның сипатын тек шартты түрде ғана қалпына келтіруге болады. Шындығында, сірө, метафора атаулының бәрі сондай болса керек.

Мінеки, оны көзі көрген адамның пікірі мынадай, бірақ ол онша әділ де бола қоймас, ейткені оны айткан өзге емес, оның өз немересі Шәкәрім: “Құнанбай қажының барлық іс-әрекеті туралы, бәлкім, мен түгел жеткізіп айта да алмаспрын... ейткені олардың бәрі қазақтың үш жүзіне түгел мәлім” Ал енді оның өмірбаяншысы Мұхтар Әуезовтің пікірі әбден-ак әділ болуы мүмкін. Оның айтуынша, жасында қайыру бермейтін өжет, пайдалы еңбек пен тағылымды оқудан гөрі ат арқасында ағызып жүруді артық санайтын желөкпелікке әуес сияқты еді, бара-келе пайдакүнемдікке қарай ойысып, ақырында есепқор, есті басшының өзі болып шыққан. Құні осы уақытқа дейін ел жадында сақталып қалған азызға қарағанда, алған бетінен қайтуы жоқ, бір беткей, қайсар мінезді адам болған. Осындай іскер, онтайлылығының

үстіне кейінгі алғыр ұрпаққа өнеге боларлық ұтқыр ой, орамды тілге де бейім болса керек:

“Құл мен қожа соғыста, жас пен кәрі білімде, бай мен кедей жомарттықта, жаман мен жақсы өлімде тенеледі.

Дүниедегі ең оңай нәрсе – біреудің бойындағы кемшілікті көру, ал ең қыны – өз мінінді мойындау.

Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі – көзбен көрген шын да, құлақпен естіген – өтірік”

Қысқасын айқанда, көп жағдайда түқым қуалайтын осы қасиет роман оқығаларында да жиі көрініс беріп отырады.

Сонан соң, ақыр-аяғында, сырттан қарағандағы әсердің бір мысалы бұдан бір жарым ғасыр бүрын бірінші рет “Қазақ даласынан жазған хаттар мен күнделіктер” деген атпен Парижде басылып шыққан кітапта келтірілген. Алдымен оның авторы Адольф Янушкевичтің кім екенін айтایық. Бұл өзі тағдыры тым ауыр болып қалыптасқан, бірақ жеке басы өте ізгі, зиялы адам болған. Ол жас жігіт кезінде сол тағдырдың бүйрүғымен өзінен гөрі атағы зор екінші бір поляк – Адам Мицкевичпен танысады. Ақын оны өзінің “Дзяды” деген драмалық поэмасының үшінші бөліміндегі өзі аттас Адольфке прототип етіп алады. Бұл өзі табиғаты өзгеше, ішінде нақты тарихи оқиға ол дүниелік күнгірт елестермен, фольклор нақты болмыспен, бір жанр әлде бір жұмбақты жолдармен екінші жанрға, эпикалық баяндау лирикалық монологқа, әсірелеу жалаң үгітке ауысып отыратын өзгеше шығарма. Оның үстіне орыстық сарын анық аңғарылып тұрады:

Кар жамылған аппақ даала бір тылсым,
Күйме шана, жолаушыға – бұл бір сын...

Тоқтағандай тұнғиыққа тіреліп,
Табиғаттың өзі бейне тірі өлік...

Бәрі де жат құрдым өмір шетіндей,
Жазылмаған ақ қағаздың бетіндей.

Жол шығыстан батысқа қарай тартылған, кенет бір кезде жолаушының көз алдынан Петербургтің қарасы көрінеді:

Салдырған кім астанасын орыстың,
Кім болса да ойы жұмбақ құрғыр-ай.

Жолы жойқын, пәле басы бар істін,
Ағып жатқан суды құртқан “сұмырай”
Ырыс емес жаудырғаны аспанның,
Дән орнына зәр сініріп жерге де.
Рас болса тосылмағы асқанның,
Соқпай кетпес зауалы сол пендеге.
Патша айтқан соң екі болмай бұйрығы,
Қала орнады асқан сәнді сәулеті.
Бірақ оның ігілігі бұйырды
Асқандарға дәрежесі, дәулеті.

Арада көп уақыт өтпей, Мицкевичпен адамгершілік және ақындық қарым-қатынасы XIX ғасырдағы Европа әдебиетінде тұтас бір тарауды алғып жатқан Пушкин “Мыс салт аттыны” жазғанда, оның сөздері жаңағы өлең жолдарымен тікелей үндесіп жатып еді.

Осының бәрі не үшін айтылып отыр? Оның айтылып отырған себебі, ішкі түйіндері әр тұста бір түйіледі де, арқауы әр түсқа тарап кетіп барып, кейін қайтадан ортақ бір шоғырға жиынтықталады. Арада біраз жыл өткенде Абай Пушкин мен Мицкевичтің өлеңдерін аударады, содан кейін Герценді оқиды, сондықтан, бәлкім, саналы түрде болмаса да, ол өзінің “Фақлияларында”, ең жоқ дегенде стилистика жағынан соған ұқсасы әбден мүмкін еді, ал Герцен болса, “Болғандар мен толғамдар” (“Былое и думы”) атты жазбаларында Париждегі Мицкевичпен кездесулерін қалай жазғаны есімізде.

Жә, бұл жайында кейін айтыла жатар, әзірге Янушкевичке, яғни “Дзядының” жетінші сахнасында, шенеуніктер, әскери адамдар мен игі-жақсы ханымдар бас қосқан Варшава салонында пайда болатын оның әдеби бейнесіне оралайық. Сондағы кейіпкер өзінің аттасы Адольф Циховскиймен кездескені жайында әңгімелейді. “Дзядыдағы” көптеген басқа тұлғалар сияқты, бұл да өмірде болған нақты адам – поляктардың жасырын құрылған Патриоттық қоғамының мүшесі, төрт жылын Ресей абақтыларында өткізген құрескер.

Есімде тұтқындардың зарлы шері,
Арасын қеуlep кеткен ет пен тері.
Өзі емес, өзгелердің аныз қылып
Ерлігін ертегідей еткендері.

Сібірдің қипысында қалды-ау бәрі
Күрестің шежіресі етіп кеткендері.

Осы жолдар пайғамбар сөзінде болып есте қалды...

Адольф Янушкевич 1803 жылы сол кездегі Минскі губерниясындағы Несвиж деген жерде туған. Шешесі Тадеушпен жақын туыс екен, сондықтан үй ішінде аты анызға айналған қаһарман жиі аталып, Польшаның тәуелсіздігі жолындағы күрестің романтикалық және апапты жылдары еске алынып отырады екен, демек, жас жігіттің болашақ өмірі осының өзімен-ақ айқындалған деп айтуға өбден болады: Вильно университетіне түскен бойда-ақ Янушкевич филоматтар дейтін жасырын үйрмеге мүше болды. Ол Польшаның ұлттық тәуелсіздігі идеясын әртүрлі жолдармен насиҳаттайтын еркін ойлы жастардың үйымы болатын. Көп ұзамай 1830 жыл келді, Европада аласапыран басталды. Варшавадағы көтеріліс соның бір көрінісі болатын. Янушкевич дереу елге қайтады да, келген бетінде ауыр жарапанып, тұтқынға түседі. Одан арғы жолы Брест пен Мәскеу арқылы Вяткаға қарай тартады (бұл таяуда ғана Герценнің тұрған жері болатын). Содан кейін Киевте сот болады, үкім шығарылады: дворян атағы жойылып, Тобылға жер аударылады, одан әрі Есілге тұрақтап, Сібірге жер аударылған поляктардың тұтас бір колониясына қосылады. Бұл жерде Янушкевич сегіз жыл тұрып, полицияның жария бақылауынан құтылады, бірақ еліне қайтуына рұқсат берілмейді, әскери немесе азаматтық қызмет етуіне жол ашылады. Ол “Сібір казактарының” ісі жөніндегі басқарманың кенсе қызметкері болып орналасады да, Қыр елін көп аралап сапар шегуге мүмкіндік алады.

Сөйтіп, Адольф Янушкевичтің өмірінде өзінше тағы бір романтикалық кезең басталады. Европалық өмір салты мен соның табиғатына бауыр басып, қаланың қайнаған өміріне, салтанатты салондарына, мұражайларына, қысқасы, өркениет аталатын тіршілікке бойы үйренген адамға енді өзге бір өріс, өзге бір өмір салты ашылды. Бірақ жасынан әлжуаз денсаулығы сыр бере бастады, үнемі сапарда жүріп, киіз үйлер мен кейде жеркепелерде қону қыынға түсетін болды, онын үстіне қызмет бабымен ұзак уақыт үстел басына байланып отыруға да шыдам жетпеуге

айналды. Ұзаққа созылған айлар мен жылдар баяулап өтіп жатты, науқас мендетейін деді. Елге қайтармын деген үміт бұлдырсағым болып барады, бірақ туыстар мен достардың күтқарып алу талабында тоқтау болған жоқ. Сол көктен күткен арманды құн I Николай өлгеннен кейін ғана жетті – бірақ тым кеш еді. 1856 жылы маусым айында Адольф Янушкевич бүкіл Ресейдің тең жартысында кез келген көлікке ілесіп отырып Варшаваға жетеді; сөйтіп, әбден қалжырап шалдыққан шал күйінде, өзі ширек ғасыр бойы бас сұқпаған үйіне оралады да, елуден жаңа ғана аса бергенде өмірден өтеді.

Ол Есілде жүрген кезінде-ақ өзі де саяси іспен жер аударылған отандасы Густав Зелинскиймен танысып, дос болады. Шамасы, сол кезде “Киргиз” (“Қазақ”) атты романтикалық поэма жазып жүрсе керек, онысы кейін Европаның кей елдеріне мәлім де болған. Еліктеу сарында тайыз жазылған бұл шығарма Пушкиннің “Сығандарының” сүренсіз жаттанды көшірмесі секілді әсер етеді екен:

Қазактың тамылжытып салған әні...
Зарланып жанқүйерін жоқтағаны;
Аттандал атой салған жау келгенде,
Ұқсайтын ол да ерлік жан бергенге.

Несі бар, француз ба, неміс пе, орыс па, мейлі, кім болса да әйтеуір европалық болған соң, кімге де қызық қой деген болар. Бейтаныс, жат, беймәлім – осы ғой оны еліктіріп, барынша зорландырып, бояуын қалындана түсуге итермелеген. Зелинский жалғыз-жарым емес-ті. Осы құралыптас кітаптар – өлеңдер, хикаяттар, тіпті романдар да көп болатын; бәлкім, осының бәрі әдебиет сахнасынан ысырылып бара жатқан романтизмнің соңғы көшінің айқасы болар. Мүмкін, біз олардың біразын шынайы өмірді сыртынан қамтымай, іштен шала, түбегейлі қарпityн Абайдың өткір қalamына төсеніш ете салғастыра қарау үшін әлі де парақтайтын болармыз. Бұлар – Клер Клермонттың “Владимири мен Зарасы”, Н.Муравьевтің “Қазақ тұтқыны” (бұл да Пушкиннің “Кавказ тұтқынына ашық еліктеу”), Фаддей Булгариннің “Иван Выжигині”, В.Ушаковтың “Қырғыз-қайсақ” және В.Дальдің “Бекей мен Мәулене” хикаяттары (соңғы екеуі, қалай дегенмен

де, өзгелермен салыстырғанда этнографиялық дәлдігімен біршама ерекшеленетіні бар).

Міне сол Густав Зелинский жаңа таныс болған адамының өзіне революциялық жағынан ғана емес, ақындық жағынан да жақын екенін сезгеннен кейін, оны Қыр елін аралаған сапарларынан күнделік жазуға итермелейді. Досы қайтыс болғаннан кейін, оның қолжазбалары өз қолына түседі де, соны отбасының келісімімен “Адольф Янушкевичтің өмірі” деген жалпы атпен Парижден поляк тілінде баstryрып шығарады. Қазір, арада талай ондаған жылдар өткен кезде, сол кітап Сібірге айдалған поляктардың өміріне байланысты нәрселердің барлығының табанды жоқшысы Ф.Стеклованың күш салуымен орыс тілді оқырмандардың игілігіне айналды. Демек, осынау бостандық сүйгіш арманшыл адамының бейнесімен таныс болған оқырман Зелинскийдің ол жөнінде қателеспегенін мойындар деп ойлаймыз: бұл күнделіктер мен хаттардың авторы шын мәнінде де романтик болған еді, сондықтан Қыр елі оған қиялдағы бостандықтың тамаша бейнесіндегі болып елестеген.

“Мен, – деп жазады ол шешесіне жолдаған бір хатында, – баурайында қалың орман өскен, оның ішінде бірде-бір Евropa адамының көзі көрмеген аю, марал, бұлан, бұғы сияқты андар өріп жүрген тауларды басып, талай арналы өзендерден жүзіп өттім, он екі жыл бойы тұңғыш рет құлаққа майдай жағатын бұлбұлдың сайрағанын естідім... Ұзындығы 25-30 шақырымға дейін созыла шұбатылған, жалпы саны мың қаралы киіз үйлері бар қазақ көштерін көрдім, солардың сонынан айдалған үйір-үйір жылқылар, келе-кеle түйелер, отар-отар қойлар, табын-табын сиырлар өз алдына бір тамаша көрініс... Ташкент пен Қоқаннан осылай қарай ағылған сауда керуендері, жапан далада топ-тобымен жөңкілген киіктер мен жабайы жылқылар, бұлар мұнда құлан деп аталады екен... Солар аз болғандай, далада лаулаған қалың өрттен жіңішке жолдарды бойлап талай рет зулатып өткен де кездеріміз болды.

Осының бәрі қызық емес пе? Немістің картоп отырғызылған телімдеріне, Неапольдің макаронмен қарындарын қампитқан шаруаларына қарағанда, осының бәрі әлде қайда көңілді көрінбей ме? Мен мұнда еш жерден егіндікті немесе қоршау жасалған өнірді көрген емеспін, айналаның

бәрі шексіз кең дала. Шөл даланы кезген араб сияқты
кеуденді керіп тыныс аласың”

Осы хаттың аяқ жағы қызықты, оны оқығанда кісі
көреметтей бір көтеріңкі ораторияны тыңдағандай әсер
алады. Европа адамы бұл даланы көргенде, өзінің
үйреншікті өлшемімен келеді. Абылай ханды сөз қылса,
Наполеонды ауызға алады. Шешендік өнер сынға түсетін
айтысқа кездессе, ондағы сайыскерлерді Тъермен, Гизомен
салыстырады. Ал мұнда жұрт екі жақты бірдей қызық-
тайды. Шампан шарабы мұнда Франциядағы Шампаниден
көп ішіледі, бүлікшіл Кенесары басқа бір Югурта болып
елестейді, барымта рыцарлық өнерге баланып, ат бәйгесі
Мицкевич пен Байронның қаламынан шыққан көрініспен,
Алатау жоталары Альпімен, ақын-жыраулар трубадурлар-
мен теңестіріледі. Мінеки, қара сөзбен жазылған осынау
поэманы өз қаламынан тудырған адам қызмет бабындағы
әрбір сапарында қазак даласынан “екінші бір Ниневияны
табамын деп дәмеленсе, ешбір артықтығы жоқ” Жаңа ғана
айтыстан шыққан жігіт есін тандырған әсерін былай
жеткізеді:

“Міне, деп ойладым мен, осының бәрін ғой жапан
далада, әлем жабайы деп, тағы деп есептеп келген
халықтың қалың ортасында отырып, өз көзіммен көрдім,
өз құлағыммен естідім! Осы таяуда ғана бір-бірімен
жауласқан екі партия өкілдерінің айтысқанына күә болдым.
Сонда мен Демосфен мен Цицеронның аттарын да
естімеген ел адамдарының ду-ду қол шапалақтағанын
көріп қайран болып едім, енді бүгін не оқи, не жаза
білмейтін ақындардың айтысында, сөздерін үқпасам да,
мәнін жан-жүрегіммен ұғынып тәнті болдым. Жабайы
тағылар дегеніміз осылар ма?! Ешқандай болашағы жоқ,
бақташылықтан басқа ешнәрсеге де икемсіз деп сыртынан
бал ашып жүргендегі осы халық па?! Жоқ! Тіпті де олай
емес! Жаратқанның өзі осындай қабілет дарытқан
халықтың өркениеттен тыс қалуы мүмкін емес, оның рухы
күндердің күнінде бұл жерге де жетеді, соның бойындағы
от ұшқының маздатады әлі, сөйтіп, Үндістандағы
ақсүйектердің жалаң аяқтарға қарағанында, бұларға да
мұрның шүйіре қарайтындарға қасақана, қазіргі көш-
пелілер де бір кезде өзге халықтардың арасынан құрметті
орын алатын болады...”

Айтқандай-ақ, жаңағыдай айтыстарға еліккен Янушкевич бір жолы екі көзі соқыр айтыскер Жазық деген ақын қызбен таныстыруды өтініпті дейді. Сондағы алған әсері автор күнделігінде де, ел жадында да сақталып қалыпты. 1846 жылғы 25 тамыздағы күнделік жазбада былай делинген: “Біздің ақын қызымыз батыл. Барлық сұрақтарға жадырай құліп, байсалды жауап берді. Өлең шығаруды үйреткен кім деп сұрап едік: “Құдай мені кембағал жаратты, бірақ ол маған рух берді. Менің кемтарлығыма байғазы ұсынды. Содан шабыт алып, мен өлең шығарамын”, – деді. Ол ғаріп адам ретінде еленіп, бізben бірге шай ішуге шақырылды... Шайдан кейін ол қайта толғады:

“Тағдырдан тепкі көрген бір соқыр жанмын. Данқы жер жарған ұлы адамның алдына келіп түрмyn, бірақ оның нұр шашқан ақ жүзін көре алмаймын... Құдайым маған көз бермеді, бірақ жақсы естімін және сеземін...” Біздің ықласымызды сезіп, берген сыйлығымызды алғаннан кейін қуанып, тағы да өлең айтты. Өлеңдерінің үйқасы айқын анғарылады, тіл өнерін еркін менгергені көрініп тұр, дауысында да әйелге тән бір әсем нәзіктік бар. Мен талай маман әншілерді тыңдағанда да дәл мұндай тебіренген емеспін”

Арада талай жылдар өткенде Жазық қыздың өлеңдері қағаз бетіне түсті, орысшаға да әп-әсем аударылған еken, бірақ неге еkenі белгісіз, аудармашы В.Цыбин қыздың сұлтан Бөлек төреге арнағанын “Адольф Янушкевичке” деп өзгертип жіберіпті. Мағынасы “Бөлеке, мейірбан жүзінді көре алмағаныма өкінем... Халықтың айтқаны құлағыма жетті, сен ұлысың, ақылдысың, әділсің...” деген сарында болатын.

Бірақ өлеңнің жалпы мазмұнында жаңылыс жоқ, дәл үстінен түскендей: Янушкевич шынында да “ұлы, өте әділ” адам еді. Күнделіктің романтикалық сарыны да осы шындықты қүшайте түскендей.

Жарайды, далалық Аркадия елінде жаны романтикаға толы бақташылар болмай-ақ қойсын; кедей адамдардың жоқшылығын көргенде көз ұялатыны бекер емес: шалқыған байлық пен тақыр кедейліктің арасы жер мен көктей. Ауыл адамдарының бетіндегі шешектің дағын көргенде жүрегін езіледі. Бірақ тұнерген бұлттың артынан аспанның шайдай

ашылатыны бар емес пе? Ауа да тазарып жүре береді ғой. Бұл да сондай бір ғажап нәрсе: өзі айдауда жүрген адам, қол-аяғының бұғауда екенін ұмытып, алыс болашақ-қа көз жеткізе алатыны және сол көрегендігінде қазіргі мал сонында бейнет кешіп жүрген бейбақтардың ар жағында, дәл осы топырақта өсіп шығып, оның “табиғат сұлулығынан” басқа да мұн-зарлары бар екенін көре білетін, халқының бақытты болашағын ойлайтын адамдарын да көргісі келетінін қайтерсін? Мәселен, Шоқан Үәлихановты және өсіреле Абайды. Несі бар, ойда жоқта кездесіп, әрі қарай жалғасын тапқан таныс-білістік бола береді, кейде алыстағы арман да жүзеге асып жатады. Ал ондай жолда ауырлық кездесіп, құрбандық болып жатса, оның жөні басқа – романтикерден гөрі оны реалистер жақсы түсінеді. Тарихи оқиғаларды жадында сақтап, бүгінгі заманың ауыртпалығын арқалаған адамдар да мұны түсінсе керек. Адольф Янушкевич – бітімі бөлек адам. Ол: “Біздің Қыр елінде...” деп жазады ылғи. Бірақ онымен Қыр елі онықі болып жатқан жок.

Міне осындай адам бірде өзінің қазак құрбыласы – араларында бір-ақ жас айырма бар – Құнанбай Өскенбайұлын кездестіреді, сонда оның бұған күшті өсер еткендігі ғой, ол сол кезде Польшаға қайтып оралған Густав Зелинскийге хат жазып, оның түп-тура қаһармандық бейнесін жасап береді. Соны осы арада түгел келтірсе де артықшылығы жоқ:

“Қарапайым қазақтың баласы. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді, даала зандары мен құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындағын діледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай пайғамбардың даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жаста, көрі де, кедей де, бай да небір шалғай ауылдардан келіп жатады.

Тобықты руының сеніміне ие болып, ол ел билеушінің қызметіне сайланған. Өз қызметін бақайшағына дейін біледі, бар қайрат-жігерін сарқа төгіп атқарады, иегін көтерсе болды, әр бүйріғы, әр сөзі орындалады. Кезінде ол көрікті ерек болған. Бұдан бірнеше жыл бұрын шешек оны Мирабо секілді көрден бір-ақ шығара жаздаған, қазір

оның бетінде содан қалған іздер бар. Ол көсіліп сөйлеп кеткенде, тыңдаушылар оның сиқы қашып, рені тайған жүзін мұлде ұмытады. Қатерлі дерптің табы жерлестерінің мұсіркеп, оның жолында бәйек болғанын Құнанбайдың есіне әлсін-әлсін түсіріп отырады. Осының өзі оның қызыметі мен маңызының дәлелі.

— Мен жанымды қайда қоярымды білмей жатқанымда,
— деді ол маған тебірене және іштей мақтаныш сезімімен,
— адамдар күні-түні менің киіз үйімді апыр-топыр болып қоршап тұратын. Олардың көз жасы мені шыжғырып әкетіп бара жатқан отты сөндіріп, менің тірлігімді алламнан жалбарынып сұрап алып қалды.

Европаның ең оқымысты елдерінін бірінде көз жұмып бара жатқан от тілді, орақ ауызды шешенді дәл осылай қоршап тұрманап па еді, ол да дәл осы Құнанбай сықылды дәулеттілердің әділетсіздігі мен зорлығына қарсы қалқан болған жоқ па еді; бірақ ол халық мынадай қарандырылған Елден гөрі бақытсыз болды да, өздерінің қорғаушысын Құдайдан сұрап алып қала алмады, соған деген алғысының белгісі ретінде оған пантеон орнатты”

Сонымен, аттары аңызда айттылатын немесе шын өмірде болған ұлы қаһармандардың шежіресі ұлғая түседі де, Құнанбай Саул, Агамемнон, Ликургтер қатарындағы ең ірі қайраткерлердің және, бәлкім, солардың ішінде француз революциясындағы асқан айтқыштарының бірі Мирабоға ұқсас болып шығады.

Янушкевич Құнанбайдың дәл осы шешендігі туралы ерекше шабыттанып жазады, әрине, арасында ептеген мысқылы да жоқ емес: “Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина сияқты ғана емес, оны бұрауы таусылғанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұра салып сөйлей бастайды, содан көзі үйқыға кеткенше сөйлеп береді. Минут сайын оған қазактар ақыл сұрап келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып алып, ол абызша сұнқылданап кетеді. Оның зерделілік қабілеті таңғаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады”.

Тұрасын айттайық, суреті “Абай жолында” жазылған дағыдай емес, ие, “жазылған” деген сөзді бекер айттып отырған жокпыз, бұл жерде ол басқа бір тілдік орталыққа көшіріп апарғандағы сыртқы өзгеріс қана. Ұқсамайды,

бірақ түпнұсқаға келе ме? Бұл арада мұндай сұрақ қалай дегенмен де қисынды, өйткені күнделік роман емес, бұл жерде дәлдіктен бөтен, құжаттық дәлдіктен бөтен өлшем жоқ. Сондықтан күмандануға болады. Өйткені өлкедегі ең бай адамдардың бірін “байлардың әділетсіздігі мен зорлығына қарсы” халықтың қалқаны болды дегенге сене қою қиын-ақ. Сонсоң жадау көнілді жерлестерінің оған деген сүйіспеншілігі туралы айту да тек әдебиетте ғана болатын нәрсе (“қалтқысыз адалдық” және т. б. сияқты) немесе жай мақтаныш, сырттан келген европалық мейманға ұнап қалайық деген пендешілік ой. Ал қорқыныш пен бағыныш – басқа нәрсе.

Сонда қалатыны не? Фактілер. Жоғарыда айтылғандай, қазіргі қол жетерлік фактілер мен құжаттар. Содан кейінгісі – шама келгенше ұғыну және өзгеге түсіндіру.

Факт дейтініміз – 1849 жылдың қыркүйек айындағы бес жастағы болыс Құнанбай Өскенбайұлының Қарқаралы округіне аға сұлтан болып тағайындалуы, онда тұрған пәлен дерлік ештеңе жоқ, қызмет бабындағы жоғарылау, бірақ бұл жердегі кілтипан – оның шыққан тегінде. Сонау жылды Мұхтар Әузевотің өзі Абай туралы өмірбаяндық очеркінде оның әкесінің қара қазақ болғанын қайта-қайта шегелеп айтқан болатын. Өйткені бұл Қыр елінде бұрын болмаған оқиға еді, аға сұлтандыққа тек төре түкімінан ғана бекітілетін. Бұл әсілен ойламаған жерден бола қалған кездейсок оқиға емес-ті. Эрине, Құнанбайдың мансап жолында бұлай шарықтап көтерілуіне 1822 жылдың қыркүйек айында “Сібір қазактары туралы уставтың” үлкен әсері болды. Онда Қыр еліндегі хандық билік жойылып, “қара сүйектілерге” саясатта жол ашылған болатын. Оны Ресей үкіметі Қырдағы аталы ақсүйектерге қарағанда қара халық жөнінде жасалған бір женілдік деп санаған. Көшпелі халық демократиясы қағаз жүзінде сақталып қалды, бірақ іс жүзінде аға сұлтандықты тағайындау билігі отаршыл үкіметтің өз қолында қалған. Ендеше сол мүмкіндікті пайдалану үшін де өнер керек еді!

Сөз жоқ, Құнанбайдың бұдан былайы тағдырында оның өз ата тегі де тиісінше рөл атқарды: оның атасы Ырғызбай Абылай ханның жақын ұзенгілесі болғанда, өз әкесінің атақты би, руластары арасында өте ықпалды адам болғаны өзімізге мәлім. Бірақ бұл тұста да алдындағы баспалдақтан

секіріп өте білу керек. Әкеден қалған мұраны рәсүа қылыш, қор болатындар аз ба? Ал Құнанбай, керісінше, отбасының дәулеттің молайтып қана қойған жоқ, нағыз феодал. Қырдың айтулы ақсүйек бароны болып алды. Жалпы алғанда, оның жүргізген күресі, европалық үғымдармен айтқанда, үшінші сословиенің күресі болатын. Дәл сол Құнанбайдың кәмелетке келген кезінде, дала жұртшылығының ішінде, деп жазады Әуезов, төрелер мен ауқаты әртүрлі қара қазақтар арасындағы жіктелу шиеленісе түсті. Соңғылардың ішінде ірі байлар да бар еді. Құнанбай қатарлы аса дәулеттілердің аузынан төрелер туралы: “Олар қазақты ыдыратпаса біріктірмейді” деген сөздер де шыға бастады. Осы орайда “ақ патшаның” жергілікті өкілдері де хан тұқымының артықшылығын өлі де жоқтағысы келетін төрелерден гөрі баю жолына түскен қараларға қарай икемделе бастаған-ды.

Соған да қарамастан, істі онға бастыру үшін, бұл сияқты қолайлы жағдайлардың өзі жеткіліксіз болатын: Құнанбай атқа мінген кезде одан ықпалы да, дәулеті де басым адамдар баршылық болатын. Демек, олардан басым тұсу үшін басқа да артықша қабілеттер, бақталастарды орап алатын жеке бастың дарыны қажет болды. Дес бергенде, ондай дарын Құнанбайдың бойынан табылды. Ол сөзге өте шебер, шешен еді. Егер ол мансапқа және басқа артықшылыққа құмартпаса, өз ортасының нағыз Демосфені болып шығар еді. Тегінде, Адольф Янушкевич Құнанбайдың зерделілігін асырыңқырап та айтқан болар, бірақ жасында оқу оқымаған оның табанды еңбек-қорлығының арқасында есейе келе сауатты адам болғаны бекер емес еді. Құраннан басқа да кітаптарды көп оқитын. Орыс, араб тілдерін үйренген. Олары шын мұсылман-дықтың шегінен шығып жатса да, барлық білімнің тірегі жалғыз сол діни кітапта тұрмағанын ол жақсы білді. Құнанбайдың үлкен ұлы Халиоллаға сол заманың түрғысынан қарағанда тамаша білім алғызуы тегін емес-ті. Ол бір кездері Шоқан Уәлиханов пен Григорий Потанин оқыған Омбыдағы Кадет корпусын бітірді, офицер дәрежесін алды, орыс-түрік соғысына қатынасты, ал әскери қызметтен шыққаннан кейін фольклормен, әдебиетпен шұғылданды, тіпті әкесінің ауылдында әдебиет үйірмесі сияқты бір іс үйымдастырғанын Шоқан атап

жазған. Халиолла қазактардың ішінде бірінші болып Лермонтов, Тургенев, Толстой шығармаларын ана тіліне аударды, сөйтіп, інісінің алдынан орыс әдебиетінің әлемін ашты. Құнанбай үлкен ұлының бұл әуестігін тікелей қолдай қоймаса да, оған кедергі жасамаған және ешқандай қысым да көрсетпеген. Осының бәрі оның беделін көтере түсіп еді. Пайғамбар болмай-ақ қойсын, бірақ ел ішінде сыйлы болғаны анық. Мынадай бір аңыз бар, біреулер ойдан шығарса өздері білер, бірақ ел аузында айтылатыны хақ: бірде Абай қартайынқырып қалған әкесіне келіп айтыпты-мыс: “Жұрт айтады, мениң атағым сізден асып кетті дейді, осыған не дейсіз? – деп. Сонда әкесі сөл ойланып тұрып, жайлап қана: “Әуелі өзінен асып кететін ұл туғыз, әлгі сөзінді содан кейін келіп айтарсың. Есінде болсын, тақыр жерге шөп шықпас болар”, – деген еken дейді. Абай біраз үнсіз тұрыпты да, үйден шығып кетсе керек.”

Дегенмен де, Құнанбайдың мұншама биікке көтеріліп кетуінің себебі не?.. Тағы да Адольф Янушкевичті тыңдал көрейік. Қырдағы феодалдардың көбі алым-салықтан қашқанда, малдарының санын кемітіп жаздырады. “Ал Құнанбай кейбір ретте екіжүзділікке барады: ол әлгіндей жылқылары мен қойларының санын кемітіп жаздырған байлардың біразын бізге шығарып берді. Егер осыны кім айтқанын біліп қалса, олар Құнанбайдың жанын қоймас еді”

Мінеки, көп нәрсе өз орнына келді. Бұл бұлқынған тұлға белгілі бір нақты өлшемге сия бермейді, бірақ өзгениң бәрін былай қойғанда, Құнанбай саясаткер еді: қабілетті, тіпті іскер, есепқор, көп ретте қуаяқ саясаткер болды. Тіпті керек десеніз, саясатшы да еді. Бұл жерде саясаткер мен саясатшының арасында көп айырма жоқ. Саясатшының бір өзгешелігі, ол үнемі қогамдық мұдделерді бетке ұстайды. Бір кезде Макиавеллидің өзі айтқан болатын: саясат пен адамгершілік бір жерге сыйыспайды деп.

Әлбетте, руластардың өтірігін әшкерелеу “Құнанбайдың өмірі” атты қойылымдағы өткінші ғана көрініс. Ал енді жер ауып келіп, кішкентай шенеунікке айналған поляк пен ықпалды биді кездестірген эпизод, көшпелі болмыс – міне, бұл би үшін, бәлкім, оның өміріндегі тағдыр тақілеттес ірі эпизод болса, ол ғажап емес.

Барлық оқиға мынадан басталды: 1846 жылы көктемде Омбыдағы Шекаралық басқарма бастығы генерал Вишневскийге Ұлы жүздің бес руынан Ресейдін бодандығына қабылдау жөніндегі өтінішпен елшілік келді. Оған әртүрлі дәлелдер келтірілген, солардың ішіндегі ең бастысы бейбітшілік жағдайында өмір сұру тілегі болатын. Ал Қазақстанды Ресей патшалығынан тәуелсіз ету жолында үнемі құрғызіп келген бүлікшіл хан Кенесары Қасымов осы бейбітшілікті қайта-қайта бұзумен келген. Генерал сол ақсақалдармен келіссөз жүргізу үшін экспедиция жасақтап, оны тікелей өзі басқаратын болды. Сол сапарға басқарма қызметкері Адольф Янушкевич бірге бармақ. Бұл жерде мынадай жорамал әбден қисынды: Құнанбай өзінің ішкі есебінде Кенесарының тәуекелге бас тіккен қарсылықты қуресіне тілектес: ол өзінің ауылында Шемілдің туы астында соғысқан екі қашқынды ұстап отыр деген сыйыс бекер айтылмаса керек. Олар соғыста қолға түсіпті де, тұтқын ретінде Омбының абақтысында отырған екен, содан қашып шығып, Құнанбайға паналапты -мыс. Кейін оны Құнанбай астыртын сол кездегі тәуелсіз Коқан хандығына өткізіп жіберіпті-мыс.

Одан басқа да бір сыйыс болған: Құнанбайдың аға сұлтан кезінде Кенесарының жасағында болған сарбаздар да Сібірден қашып келіп, Шыңғыс тауларында тығызып жүрген екен, Құнанбай соларды білмеген болыпты-мыс. Мұның рас-өтірігін ешкім білмейді. Бірақ мәселе онда емес. Мәселе – Құнанбайдың қандай жағдайда да өкіметке жаға білуінде. Оның өз есебі ішінде бола берсін, бірақ ақылға сала келгенде, жас аға сұлтан Кенесарының ісінің мүшкіл екенін, түпкі жеңіс оның қарсыластары жағында екенін, орыстар жеңетінін білді. Сондықтан өзірше аңысын андалап, екі жаққа да бейтарап екенін анғартты. Сонда кезі келгенде қай жаққа да мойын бұру киын емес-ті. Ол, шынында да, көреген кісі еді.

Құнанбайдың бір анық білгені – уақыт бір қалпында тұра бермейді, көшпелі өмірді сол патриархалдық нұсқасында ұстап тұру мүмкін емес, сондықтан зымырап өзгеріп жатқан заманға ілесе білу керек. Ол үшін де, ең әуелі, өкіметке қарай ыңғайласып, онымен одаққа бару керек. Жағдай расында да солай болып шықты. Құнанбай генералға қызмет етуге дайын екенін танытты. Генерал

оның аға сұлтандыққа сайлануына ықпалды өсер етті. Соған орай Қыр елінде мұның өз беделі де күшті еді. Сөйтіп, 1849 жылы Құнанбай Өскенбайұлы Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып тағайындалды да, одан әрі қарай лауазымына сай саясат жүргізуге міндettі болды. Оның жүргізілуі арадағы көптеген буындар арқылы арғы түбі Санкт-Петербургке, “ақ патшаға” барып тірелетін-ді.

Ал бұл саясат, ұлттық қадір-қасиет деген өте нәзік, тым кінәмшіл ұғымды былай қоя тұрғанның өзінде, тұтас бір халықтың жалпы тұрмыс салтында, демек, ой-санасында, ойлау жүйесінде де азды-көпті түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз еді. Оның ар жағында шыдамсыз, құрал талғамайтын, ең бастысы, өзімшіл өкімет билігі, тарихпен де, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыппен де санас-пастан, әлгі өзгерістерді әртүрлі шаралармен шапшандата бергісі келеді. Бірде Ұлы Екатерина Ертісті бойлап отырықшылық шекарасы дейтінді ойлап тауып, содан әрі “бұратаналарды” өткізбеу тәртібін ойлап тапқан өз шенеуніктерінің қолапайсыз әрекетін ұнатпай, Сібір генерал-губернаторына айқын нұсқау берген ғой. Онда былай деп жазылған: “Сіздің генерал-прокурор князь Вяземскийге жолдаған рапорттарының қарағанда, Қазақ-қырғыз ордасының кейбір аға сұлтандары, олардың сол жерлердегі орнықты мінез-құлықтарына, шекаралық бастықтардың бүйрек-жарлықтарын мүлтіксіз орындауларына орай, олардың бізге деген адалдығы мен иғі ықластарын ескере отырып, сіздерге мынадай тәртіп беремін: егер олар қырдағы алыс өнірлерден Ресейдің ішкі жеріне көшуге тілек білдірсе, ондай қазақ старшиндарының тілегі қанағаттандырылсын, бірақ олардың жаңа қоныстары бір-біріне жақын болып, шоғырлана орналас-тырылсын”

Алланың жаралғандай дидарынан,
Ақылы пайғамбардың кенішіндей,
Ханзада алып еді қамқорына
Қазақтың қырда жүрген қалың елін.
Сол елдің ғибрат етіп әдет-ғұрпын,
Падиша қалдырған-ды ұрпағына.
Шөбере Хлор атты қабыл етіп,
Өзінің дәстүр еткен құзырына.

Соның да шарапаты тиген шығар
Асқақтап патша даңқы кеткеніне.
(Жолма-жол аударма).

Шөбере Хлор деп отырғаны – сол кездегі бес жасар бекзада I Александр, ал Державиннің атақты одасындағы Фелица атты падиша – Екатерина, шөбересіне арнап қазак даласында болған оқиғалар туралы ертегі жазған да – соның өзі.

Бұл, әрине, жолай айтылған жай сөз, ал негізгі айтпағымыз “аманат ақыл” кейін ұмытылып кетті де, II Николай мен Победоносцев ата-бабаларының сақтығын біржола естен шығарды. 1760 жылы Екатерина қазактарды Ертіс бойына шақырса, арада жұз елу жыл өткенде үкімет “Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарының шекаралық жер қорын анықтау жөніндегі нұсқауында” осы облыстардың жеріндегі “қазактардың иелігі ол жерлерді алу үшін кедергі бола алмайды” деп жазылды. Сөйтіп, мемлекет өзінің талау-тонау әрекеттерін занға айналдырыды да, оны анық екіжүзділікпен: мұндай тәргіп “қазактарға қысым көрсеткендік болмайды, қайта олардың отырықшылық өмірі мен енбек сүйгіштік қызметі үшін қолайлы болып табылады” деп дәлелдемек болды.

Көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу жалқаулық атты қырсықтан арылып, енбекқорлық дағдыға көшудін бірден-бір жолы емес екенін айтпағанның өзінде, мындаған жылдар бойғы түрмис салтынан қол ұзу деген тікелей апат болып табылатында дәу-пері түріндегі мемлекеттің ешбір шаруасы жоқ, міне соны былай қойғанда, жаулаушының жарылқаушы болды дегеніне сол құрбан халықтың өзі түгіл өзгелер де сене қоймас. Ал патшаның жаулаушы болғанына айқын айғақты мынадай статистикадан көруге болады: жиырма бес жылдың ішінде (1893-1917) жергілікті халықтан 56 миллион десятина жер тартып алынған.

Ал 1916 жылы патша “бүратаңа” халықты тыл жұмысына алу туралы жарлыққа қол қойды. Бұл алдау, аярлықпен айтылған ап-ашық алдау еді, өйткені өкіметтің ешбір жағдайда империяның ұлттық шет аймақтарынан әскери қызметке адам алмау жөнінде салтанатты түрде берген анты бар. Патриоттық сана тым сенгіш және ол қағаздан гөрі ауызша айтылған сөзге көбірек сенеді. Өйткені ол

қағаздағы сөзді оқи алмайды, ал ауызша айтылған уәдені құдай сөзі деп қабылдайды. Оның үстіне бұл оқиғадағы әнгіме патшаның қағаз жүзіндегі заңымен бекітілген ғой. Оны ілуде біреу оқыса оқыған шығар. Ал мұқым халық ауызша естіді. Бір ақсақал осыны айтып, үйез бастығына қарсылық білдірген: Адам бермейміз! Ақ патшаның уәдесі бар, қазақтан солдат алмаймыз деген. Мері басылып, қолы қойылған. Ендеше бұл қалай? Сендер сол уәдені бұзып, патшаныңabyroyын аяққа басып отырсындар деген. Халықтың ортақ жадында сақталған осы әнгімеге негіздел, кейін Мұхтар Әуезов өзінің ең мықты, психологиялық жағынан алғанда өте шыншыл хикаяттарының бірі – “Килы заманды” жазды. Ал оның орыс құрбыласы (араларындағы жас айырмасы төрт-ақ жыл) Виктор Шкловский өзінің дауылды революциялық жастық шағындағы “Сентиментальное путешествие” атты шығармасында былай деп жазады: “Біз бөтен елге келдік, соны басып алдық, оның өз басындағы қара түнекті өз зорлығымызбен үстедік, олардың зандарын келеке қылдық, саудаларына қысым жасадық, шахтарына қолдау көрсеттік... Бұл империализм еді және, ең бастысы, орыстың империализмі, яғни ақымақ империализм болатын”

Персия қайда, Қазақстан қайда, ал бірақ бәрі қалай үқсан түр, тіпті қазактың үш жүзі бірдей Ресейге өз еркімен қосылды дегеннің өзінде айырма жоқ. Шкловскийдің сөзіндегі бір ғана ерсілігі – орыс империализмі деп қадап айтқан жері ғана – әйтпесе ақылды империализм деген де бола ма еken? – деп дау айтуға болғандай.

Бірақ осының бәрі, сайып келгенде, саясат, ертедегісі мәнде кейінгі, тіпті Құнанбай түгіл, оның ұлы перзентінің өзі де бұл қара жердің бетінен баяғыда-ақ көшіп кеткен кездегі саясат па, бәрі бір. Ал бірақ саясаттан басқа тарих, тарихи занылық дегендер де бар. Олар, бәлкім, ең шұғыл, ең ақылсыз нұсқауларға қарағанда да анағұрлым қатал, анағұрлым қайырымсыз болады.

Мейлінше өзіндік байырғы мәдениетін, адамдар арасындағы қарым-қатынастың түрпаттың, кейін анықталғанындағы (немесе ең бері салғанда, сырт көз европалықтың байқауынша), өзіндік көзқарасы бар, мындаған жылдар бойы өмір сүріп келген жылқышы-көшпелі өркениет шын мәнінде де отырықшы өркениетке қарағанда кемшін соғып

отырған. Даланың табиғи көрінісі өзгерді, тарихи сахнасының дыбыстық тұрпаты жаңарды – Қыр елінің тылсым үнсіздігін жәрменкенің дабыр-дүбір жаңғырығы бұзды, – қысқасы, өзіндік жарғысы, өзіндік тілі бар нарықтық шаруашылық қалыптасты. Анықтамаларда тіркелген цифrlарды тілсіз мылқау дерсін: Бір ғана 1881 жылдың өзінде Семей облысының ең ірі деген жәрменкелерінде екі жарым миллион сомның әртүрлі кездемесі, ұны, астығы, малы және т.б. пұлы сатылды. Тарихшының анықтамасы да сондай кесімді, салқын: “Тіпті таза көшпелілердің шаруашылығына да базар мен жәрменкенің қеуlep кіріп кеткендігі сондай және оның дүниежүзілік капиталистік нарықпен мықтап байланысып кеткендігі сондай, енді ол байланысты үзу тіпті де мүмкін емес” Ал енді суреткердің қаламынан туған тарихи жазмыштық сөзсіз жүрек, жан, тағдыр қасіретіне айналып отырады: “Менен бұрын айдауға кеткен Балағаз онда өлді. Қатын-баласы торғайдай тозып ол кетіпти...” Бұл, әрине, Мұхтар Әуезовтің, “Абай жолы” романы; оның күші де нақты сонысындағой: халықтың өміріндегі нақ бір жер сілкінгендей іштен бұлқынған қуатты күш бір демнің ішінде өрі өзінің болмыстық құдіретті эпикалық толымдылығымен, өрі жүйке жүйендей тебірентетін, жаныңды қүйзелтетін жалқылық әсерімен баурап алғып кетеді.

“...Өзімен өзі түйікталған индивидте өзінің мәңгі қозғалысы мен еркінен басқа ешқандай мазмұн жоқ. Коршаған ортадан азат, өздігінен жорғалай алатын мақұлықтардың өзі өсіп тұрған жерден, ажырай алмайтын өсімдіктерден айырмасы қандай болса, көшпелі ұжымның диқаншылықтан айырмашылығы да дәл сондай. Көшпелі халық дегеніміз – “қаңбақ”: ол расында да “өз денесін өзі алғып жүреді”, бұл тұста ол ешкімге тәуелді емес. Жанағы ұжымды адам қоғамының өлі ешкімнің қолы жете алмаған жоғарғы тұрпатына жақындастып, сонымен туыстыратыны да сол ерекшелігі болар еді және ондай қоғам өзінің барлық алғышарттарын өз бойынан тауып, қоршаған табиғатқа тәуелді болмас еді... Міне сондықтан да көшпелі тайпалар өздерінен кейінгі отырықшы халықтарға бостандықтың символында болып көрінді... Өрмекшінің өрмегіндегі тәуелсіздікке барған сайын шырматыла берген өркениетті адам ешкіммен ешқандай байланысы жоқ,

сығанға (Алеко немесе Лойка Зобар) немесе құстарға (Сүнқар мен Дауылпаз) мұңлы қызғанышпен қарайды... Бірақ көшпелі халықтың қоршаған жағдайлардан тәуелсіз болған бұл еркіндігі сонымен бірге барып тұрған кіріптарлық және құлдық. Оның көше беретін себебі де сол – онда түк жоқ, сондықтан – мейлі баққан малы арқылы болса да – жайылым іздейді, сол себепті де табиғаттың жемісіне тәуелді болады. Ол өндіруші емес, өсіп тұрған өнімді құртушы... Бұл даму емес (яғни уақыт аясындағы қозғалыс емес), кеңістіктегі қозғалыс.

Дүние жүзіндегі әртүрлі халықтардың ұлттық космостары туралы пікір толғай келіп, Георгий Гачев осылай деп жазады. Бәлкім, оның кейбір ойлары даулы да шығар, кейбір пікірлері шапшаңдықпен асығыста айттылған шығар, бірақ, менің ойымша, адам өркениетінің ауыр дерптің қантөгіс арқылы келетін тоғысулары туралы айтқан пікірі сөзсіз жемісті.

Алайда, оның бұл фәлсапалық ойларының біздің әңгімемізге қандай қатысы бар? Тікелей. Өйткені тарих дегеніңіз тірі адамдардың тағдыры арқылы жүзеге асырылады. Фридрих Ницшенің әділ айтқанында, мәңгіліктің мәселелері көше бойларын кезіп жүреді. Тұлға неғұрлым ірі болса, ол неғұрлым жарқын да маңызды болса, біздің заман қайшылықтары деп жүргендеріміз оның бойынан соғұрлым айқын көрінеді.

Құнанбай Өскенбайұлы – ауыспақ замандар тоғысындағы құрделі тұлға, ал сондағы өзгерістерге байланысты туған жан азабы оның баласында одан әлдеқайда ауыр болды. Өйткені, қайталап айтайын, әкесі қебінекей саясатшы, яғни бір ғана өткінші сәттін адамы болды. Ал ақын үшін өткінші сәт – үлкен тарихтың бір бөлшегі ғана, өткен заманнан болашаққа қарай баар жолындағы аялдама ғана. “Мен дегенім – мен және менің айналамдағы жағдай” – деген Бернард Шоу. Егер сол сөз рас болса, – рас еkenі айдан анық, Абайдың айналасындағы аса маңызды “жағдай” оның әкесі болатын. Сондықтан, қайталап айтайын, оның әкесінеге деген біздің ынтамыз осыдан келіп туындейды.

Бұл жердегі қыындық неде? Құнанбай дүниеге көзін ашып, тура қарап өмір сүрді, ол әрбір қадамын ойлап басты да, билік басындағылармен саналы түрде ынтымақ-

тасты, түрмис қамында ылғи да табысты болды – мал басы көбейіп, мансап биіктеп жатты. Бірақ сол тамаша табыстардың астарында, бәлкім, әдейілеп те болмас, бірақ әрдайым сарқылмайтын ауыр құрбандықтар қатарласа жүретін. Бұл қайғылы қисынсыздық еді. Құнанбай аяғын ілгері басқан сайын өлікті аттап, адам тағдырларын аяққа басып өтеді, ол ілгері қарай жүргенде мойны кері қарай қайырылып тұратын.

Хатқа тізіліп, қағазға түскен құжаттарға, ауызша айтылған сөздерге қарағанда, бұл – дәстүрге берік, әдет-ғұрыпты қатты сақтайтын адам. Бұл орайда да оның көркем бейнесі шындықтан ешбір ауытқымайды. Меккеге сапар шегердің алдында әбден кәрілік женіп, пендешілік істердің бәрінен безініп шықкан Құнанбай үрім-бұтағына қаратып мынадай сөздер айтады (эпопеядан үзінді):

“Ей, менің балаларым, дос-жарым, іні-туғаным! – деп, ойлы, салқын көзben айнала жүртты шолып өтті. Үй іші жым-жырт, шай да құйылмай тоқтап қалған еді. Құнанбай қеудесін көтеріңкіреп, қарсы алдына жалғыз көзін салмақпен қадай отырып, сөйлеп кетті:

– Сендер мені осы сапарға қимайтын сияқтанасындар. “Картайған шағында қайда шырқап барады, қайта оралып көрмейміз-ау, кеткені-ау!” – деп есіркеп қарайсындар! Осыларың мынау жолға мені қимау емес, маған осы жолды қимау болады. От басында немереге, ас басында келінге, мал басында малшыға: “Әй, өй” деп отырып өлетін байбай болып өтсем, не мұратқа жетер ем!? Бұл сапар – ендігі менің қалған тірлігімнің мұраты. Бәріңе айттар бір өтінішім, осы жолда, ак бүйрықты ажал сағатым жетіп, қаза тапқаным естілер болса, сол шақта бірде-бірің мені аяп, мүсіркеп: “әттең, өкініп өлді-ау, арманда кетті-ау” деп еске алма. Оларың маған достық емес. Сендер үзак жасар жастықты мен де армансыз құшып, жасап өткем. Әлі сендер алда татар балды да, зәрді де татып өткем. Аз ба, көп пе, бүйрықты құндерді туыс боп, бауырлас боп, бірге кештік. Сол маған қанағат. Үбірлі-шұбірлі боп тіршілік кешіп жүргенмен, әрқайсымыздың өлім-қазамыз өз бетімен, оқшау келеді. Ол келген соң қай жерде келгенінде, қай сәтте келгенінде не таңдау бар? Қуыс шатты ен соңғы мекені еткен көрі арқардың келте сокпағындағы аз тірлігім қалды. Менің ендігі қысқа жолыма енді сендер де кешірім

етіндер. Жыламастан, сықтамастан аттандырындар! Айтпағым осы. Ал енді бізді аттандырудың қамына кірісіндер! – деді”

Бұл жай ғана қызыл сөз емес. Құнанбай айтулы шешен адам болған, біз оны білеміз. Мұхтар Әуезовтің романында бұл кереметтей, кейде тіпті адам айтқысыз тегеуірінді күшпен көрсетілген, мәселен, Қодар бейшарага айтқан үкімін еске алудың өзі бір қиямет. Академик В. В. Радлов, аса көрнекті шығыстанушы ғалым ғана емес, асқан аңғарымпаз саяхатшы, әр халықтың әдет-ғұрыптарын жетік білетін, оның үстіне музыкалық талғамы өте күшті адам, бірде көшпелілердің кейде жай бір қара сөздің өзін өлеңге, әнге айналдырып жіберетін қабілетін айта келіп, қазақтарды Батыс Азияның француздары дегені бар. Одан бұрынырақта Шоқан Уәлиханов көшпелі нәсілдердің поэзияға бейімділігін айта келіп, былай деп жазған: “татар нәсілдес, біршама ақындыққа бейім халықтардың ішінде қазақтар бірінші орын алады десе артық емес. Біздегі белгілі шығыстанушы Сенковскийдің арабтар туралы айтқан: “өлеңші бәдәуи табиғатының өзінде ақын” деген сезін қазақтар жөнінде де айтуға болады” Ендеше осынау ғажайып дарын қайдан пайда болған – оны кім біледі? Бәлкім, табиғаттың өзінің осынау саңырау бір сарын-дышының, осынау ұшы-қиырсыз жалаңаш жазықтың сүренсіз бейнесінің төлеуі үшін қайтарған сый-сияпаты болар. Қалай болғанда да, Құнанбай жоғарыда Радлов пен Шоқан айтқан, әлде “бәдәуи”, әлде “француз” тәрізді, табиғаттан “туа біткен ақынның” нақ өзі еді, тіпті “француз” болғаның өзінде де, ол жай француз емес, кәдімгі Александр Дюманың айтқанындей, ауыз сөздің шешендік өнері ерекше дамыған Гасконның жұрағаты болып шығар еді. Айтпақшы, жаңағы аталған атақты жазушы және қажымас жиһангер адам дүние жүзінің әртүрлі түкпірлерін шарлап жүргенде, қазақ жерінің де бір пұшпағын жанап өтсе керек. Бірақ одан көп із қалдырмаған, тек баласына жазған бір хатында Елтон, Басқыншақ көлдерінің әсем көрінісін, жылқы етінің тіл үйірген тамаша дәмділігі мен қымыздың сөл ғана ашқылтым тартымдылығын айтатыны бар. Бұл – жай, орайы келгенде айтыла қалған сөз.

Ал енді Әуезов романының кейіпкері Құнанбайдың қажылықта жүрер алдындағы қоштасу сөзіне оралсақ, мынаны айтуға тура келер еді: бұл – басқасын былай қойғанда, ен бастысы, халқының талай ғасырлар бойы қорланған зерде-жадысы қанына сіңген, оның бүкіл мінездешмашығы, оның тек сөз саптау өнері ғана емес, бүкіл ойлау тәсілі бойына дарыған адам. Меккеге аппаратын жол мындаған километрге созылған ұзақ сапар ғана емес, бұл – соғылардан аманат болып қалған адамның өзін-өзі тану жолы. Бұл жөнінде әңгіме кейінірек болады.

Абайдың әке жайын ойлағанда ішке түйген бір сырды бар еді ғой: бұл өзі үлкен адам, бұралан-бұрылыстары көп тау жынысының қабат-қабат қатпарлары сияқты, тереңде жатқан жан дүниесіне оңайлықпен жол тапқызбайтын жұмбақ жан. Бұл өмірде арқалаған кінәсі мен күнәсі да бар, бірақ үлкен адам. Халқының ата дәстүріне адал, діні берік, ол жөніндегі пікірін бүкпесіз ашық айтады. Сол ата-бабадан мирас болып келе жатқан әдет-ғұрып пен мына бақ-дәулеттің мұрагері де, мирасқоры да осы болады деп жүрген кіші ұлынан өлі де үмітін үзген жоқ. Сол үміттің үзілмеуі үшін Құнанбай оған қай заманда да, қай аспанның астында да қажетіне жарап деген саясат-шылдықтың әдістерін үйретеді: “Ең әуелі... өзіндегі барынды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің... Жайдаксың! Жайдак суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді” Даланың Демосфені сонымен бірге даланың Макиавелли де еді. Міне дәл осы жерде Құнанбай өзінің әмбебаптық, космополиттік қасиетінен айырылып қалады да, анық далалық емеурінге көшеді (Бұл өзгерісті Абай да қалт жібермей дәл анғарып қалып еді): “Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасын. Дін, мұсылман жат санайтының ескермейсің!” Ие, ру татулығы деген желеумен өзінің титімдей сәби қызын шырылдатып басқа бір отбасына бергізіп жіберу жөніндегі өзінің қатал шешімін де Құнанбай сол ақсақалдар үйғарымымен ақтамақ болған. Оны жеке бастың мұddeсінен жоғары бағалаған, оған ешбір шұбәсі болмаған. Енді мына Абайдың қарсы айтқан дәлелді дауына да қауымның

қатал заңын қарғаша қылмақ. Бірақ ол уәлі уәж айта алмайды. Шарасызың жаңын танытып, үнсіз қала береді.

Әрине, мен ұмытқаным жоқ, бұл жерде әңгіме роман кейіпкерлерінің іс-әрекеттері мен сөз сайыстары туралы болып отыр. Сондықтан бұл арада стенографиялық дәлдікті іздеудің мәнісі жоқ. Ал бірақ тарихи дәлдік сақталып отыр, ол былай тұрсын, харәктер шындығының биік шыңына қарай талпыныс бар, өйткені бұл арада, өнердің заңы бойынша, Құнанбайдың жан дүниесін қак бөліп, екі ұдай қылған тартыс күшейтіліп отыр: өйткені ол әрдайым өзінің ішкі есебін, байлыққа ұмтылған ашқарақ аранын, көкейіндегі көсемшілдік ынтасын, қысқасы, өмірде болып жатқан өзгерістерге қарай икемділікті және өкімет орындарымен татулықты талап ететін (ал өкімет дегенің әкесі баласын жерітпек болған орыстардың қолындағой) жайттардың барлығын ол өзінің сүйегіне біткен табиғи көшпелі адамың түп тамырымен бітістірмек болатын, ал көшпелі халық жер тағандап ілгерікейін жүруді ғана біледі, жоғары-төмен секіруді суқаны сүймейді. Бәлкім, Құнанбай бұл ымырашылдыққа әлдебір іштей ақталу да тапқан болар. Ол – Тәртіптің адамы, Заңынің адамы, ал тәртіп пен заңды өкіметтен артық сақтайтын не бар дүниеде? Былайша айтқанда, стихиялы түрдегі гегельшілдің өзі. Ал одан басқаның бәрі – жай ойын, өсек-аян, алдау, яғни саясат. “Абай жолында” бұл да барынша бедерлі бейнеленген.

1868 жылы кезекті үкімет қаулысы бойынша, бұрынғы аудандар ұсақ-ұсақ аумақтарға бөлінетін болды – патша әкімшілігі ұлан байтақ империя әлкелеріндегі өз ықпалын осылай нығайтпақ болған. Құнанбай желдің қай жақтан соққанын бірден сезді де, “болыстық басқару туралы заң шығысымен-ақ... лауазымдық қызметтөн бас тартуға берік бекінді. Бүкіл округті басқаратын аға сұлтандық тұсында Құнанбай билікке қызыққан. Кейін төмендеп қалып, Тобықтыға старшын болды, бірақ онда да бүкіл тайпа қол астында болды, “ашса алақанында, жұмса – жұмырында” Ал қазір үкіметтің қолы ұзарды, оны қаттырақ батыра алады. Бұрынғы тұтас Тобықты енді жоқ – ол үш болысқа бөлініп кетті. Оның үштен бірін басқару абырой емес! Ал лауазымнан тыс сыртқары тұрып, бүкіл тайпаға беделінді өткізе аласын”.

Жалпы алғанда, ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың өкесі Құнанбай Өскенбайұлы жаңа замандағы жағдай мен саясаттың түтқышы мен түтқыны. Ал болмыс-бітімі мен мінез-машығы жағынан ол – патриарх, егер қолында билігі болса, ол көшпелі тұрмысты мызғымас асқақ айбынды қалпынан айнаңтайсақтап қалуға бар.

Әлбетте, қыздырманың қызыл тіліне баққанда, әке мен баланың айырылысқан жері осы еді деп айта салуға болар еді, оның үстіне ескішіл қынырлық Абай бойындағы революцияшыл құштарлықты қыздыра түскені рас, өйткені ол Қыр елін ғасырлар бойғы қасандық пен мақаулықтан алып шыққан болашақтың жаршысы еді. Несі бар, өткен заман адамның рухы мен еркіндігін анық құрсан, қысып келгені рас – ол шындық, осы шындықты Мұхтар Әуезов құشتі харakterлер сомдау арқылы бейнелеп берді. Бірақ оның Абайы тек қиратқыш революционер ғана ма? Зорлықтың бүкіл өлемін... деген сияқты. Сірөғысында, ол қиратқыш бүлдіруші ме? Тегінде, өмірбаяншы Мұхтар Әуезов Абайдың дәстүрге қатаң беріктігі жайында бекер жазбаған болар – мүмкін, ол өзгеріске қарай икемделуге мәжбүр болған организмнің қорғаныштық амалы шығар, ал бірақ біреуге сүйініш, біреуге күйініш болып келетін сол өзгерістің өзі жаңалықтың жаршысы емес пе еді.

Қасандық пен мақаулық – миф. Жоқ, дала үнсіз жатпаған, тек бұғып қана қалған; бірақ сол бұғуы көпке созылып еді: ол тек өзі білетін сөздерді ғана айтып, таныс әуендерін ғана күйттейтін. Сол бұғумен ол көп жатты, үмітін төзім етті: өз әуендерін өлемнің өзімен бәсекелес басқа елдеріне жеткізе алатын адамын күтті. Ақыры сол күнге де жетті. Абай – Қыр елінің бүкіл адамзатқа жолдаған елшісі, Төлбасының тауып айтқанындей, халқының көреген көзі, мейірбан жүрегі, ыстық сезімі мен қайсар еркінің, жайсан жанының, бойындағы барлық ізгі қасиеттерінің жиынтығы. Сонымен бірге Абай – өте күшті жанғырық, оның поэзиясында бүкіләлемдік мазасыздықтың дүбірін, талай ғасырлардың гейгейін жеткізетін алып дауылпаздың жер жарғандай дабылы бар. “Зираты оның манында Шыңғыстаудың”, – деп жазған еді Олжас Сүлейменов жас ақын кезінде. Осынау өлең жолдарында және одан кейінгі:

“солған гүлдей сарғайған қайғы-зары” деген жолдарда поэтикалық дәлдік қана емес, сонымен бірге тағдыры шындығы да бар болатын. Алайда сол тағдыр дегеніңнің өзі шабыт кілтінің даусыздығына күмән да туғызғандай (өлеңнің басы да, аяғы да жоғарыда келтірілген жолдардағы ойлармен түйінделеді). Маңында ма? Әрине, маңында, тіпті тиіп тұр. Бірақ сонымен бірге барлық жерлерде. Абай – көшпелі елдің перзенті, оның жайлаған жері Шынғыс тауларынан басталады да, жан-жаққа, адам рухының өзге аймақтарына да тарап кетеді. Абай атты өлең – айнала жан-жағын түгел қамтитын шенбер, ол адамның жан-жүргі мен ақыл-ойын, өткен, қазіргі және болашақ замандарды түгел қамтиды. Сондықтан бұл өлең әр заманның қатерлі қателерін де қамтымай кетуі мүмкін емес. Сүлейменовтің кейінірек жазылған басқа бір өлеңі – “Тұнгі экспресс” тұра Абайға арналмаған, бірақ оның поэзиясының рухына сәйкес келетін сияқты. Соңғы екі шумағы (өзендерді темір жолдың шпалына ұқсатқаны сияқты) Абайдың уақытты тоғыстырғанына, яғни заманның қатерлі үштасуына дөп келгендей:

Қара тұнек апаннан тұн ішінде,
Лықсып шықкан түйнектей тар өнештен,
Тау бөктерлеп зулаган жат пішінде,
Аза-қайғы, сен-дағы бар емес пе ең?!

Кешірімшіл көздер мен кеудедегі
Ескі қайғы жарысып бірге оянар.
Ақ жамылғы тартылған кермедегі –
Желбірейді бейне бір қол орамал

Кейбір адамдардың, тіпті үлкен адамдардың тағдыры үшін өткен өмірмен қоштасу бақытсыздық болып табылады. Құнанбай – дәл сондай адам. Ал ақын тағдыры – әр уақытта да замандар арасындағы шиеленісті байланыстың қасіреті; ондай байланыс кез келген сәтте үзіліп кетуі мүмкін, ал сақталып қалатын болса, ол – ең алдымен суреткердің тікелей өзінің күш салуы арқылы сакталуы мүмкін, ейткені оның мандайына, Джеймс Джойстың сөзімен айтқанда, тарихтың талқысына төтеп беру жазылған.

Үшінші таралу

ӨЗІНІҢ ДАЛАСЫНДА

*Шешендіктің сәні жоқ –
Сөзіне сүттей ел үйіп...
Басына бақыт қонбаса.*

Дулат
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Абай

Абайдың ақын ретінде туған мерзімін 1886 жылмен белгілеуге болар еді: сол жылы ол “Жаз” дейтін тамаша өлеңін жазды – бұл өзі лириканың, натурфилософия мен азаматтықтың ғажап құймасы болатын; соны жазып отырғанда, автор бейне бір Пушкинге, Тютчев пен Некрасовқа кезек-кезек қарап отырған сияқты әсер туғызады. Сол кезде оның жасы қырықтан асқан – ақындық алғашқы тәжірибе үшін әжептөүір мосқал жас.

Бірақ ақын тағдырының нақты күнтізбесі оның шынайы жас мөлшерімен қайшылыққа келеді. Мұның алдындағы бес-алты жылда Абай өлеңді көп жазған, шабыттанып жазған, алайда сол өлең-әндері ел ішіне жас шәкірті Көкбайдың атынан тараған. Сонда Абайдың көлеңкеде қалу себебі не? Бір есептен, сірәғысында, ол аталаған тұқымнан шыққан адамдардың бойындағы міні саналатын мінездерді жұртқа жария етпейді дейтін ескі ұғымның зардабы болар: ол, біздің естуімізше, өлең шығару, өзі шығарған әндерді жұрт алдында орындау осындай міндерге жатады. Несі бар, бүгінгі күннің талабына, ал одан да

бетер, ғасырлар мен мындаған жылдардың дәстүріне үлкен адамдар да бағынышты болған.

Ал бірақ, шынтуайтқа келгенде, бұл жердегі кілтипан басқада болса керек.

Абайда дәл сол 1886 жылы жазылған басқа да бір өлең бар, ол мынадай жолдардан басталады:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба...

Нәтінде, бұл сөздерді тіс қаққан ересек адам жас бала жігітке айтып отырған болуы керек; ал одан арғы сөздер ғылым-білімді дәріптеуге айналады:

Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсан бақ,
Бір ғалымды көрсөніз...
Ғылым да өзі, мал да өзі,
Ғылымға көніл бөлсөніз.

Осы жолдарды оқып отырғанда, оқырманда мынадай түйсік пайда болады: ақын өзімен-өзі сөйлесіп отырған сияқты, оның өткен өмірінің сынынан өткен қатал көзқарасы сыртқа ғана емес, өзінің ішіне де үңіліп тұрған тәрізді.

Суреткер, әсіреле ойшыл ақын өмір бойы адасып жүреді, яғни айтқанда, үнемі іздену үстінде болады; бұл түсінікті – Абайдың өлең жолдарында өзінің қолы жеткен олжаларына тоқмейілсу деген атымен жоқ. Мақсаты әрдайым өзін ілгері жетелеп отырады. Ал мына жерде одан басқаша. Мәселе дауыс ырғағын табуда, жол таңдауда болып отыр. “Өленді өмірге өзек ету осылай басталады”, – деген еken арада талай ондаған жылдар өткенде басқа бір елдің ақыны; тағдырға тағзым етудің құпиясын ол солай ашқан. Абай өмір бойы өлең шығарумен айналысқан, басқаша айтқанда, жанынан үйқас іздел отырған. Тіпті мектептегі оқуы үзілген кезде де. Әкесінің ырқына көніп, жергілікті байлардың саяси өсек-аяндары мен ру таластарына араласқан жылдарда да. Тіпті Құнанбайдан көл үзіп, саясат сахнасынан аулақтап кеткен тұста, уақытын Семейде жаңадан ашылған кітапхананың тыныш залында өткізген күндерде де, ол тұрмақ, саяси қылмыс-

пен айдалып келген орыс адамдары ортасында да, жас ақындар арасында да. Мұны құжат жүзінде растауға болмайды, оны Мұхтар Әуезов те қостайды “Ақынның жас жігіт кезінде жазған аздаған өлеңдерінен басқа біз оның ұмытылып қалған немесе жоғалып кеткен шығармалары туралы өкінішпен айтқан сөздерін ғана білеміз”, – деп жазды ол. Бірақ жоғалған қағаз парағымен бірге кеткен өлең бе немесе қағаз бетіне түспеген өлең бе немесе әлдекімдерге арналған құпия жолдар ма, – мұның бәрі ақын өмірбаянында кездеспей қоймайтын жайттар. Одан басқаша болуы тіпті мүмкін емес. Ие, ол өлеңді өмір бойы шығарған. Ал бірақ өлеңді өміріне өзек етуі кәмелетке келген жылдары басталған және осы ішкі өзгерісті сезген бойда, сол сәтті дәл аңғарған кезде ғана, ол ақындық құжатты өзіне өзі берген. Бұл жерде бұрынғы дәстүрлі тыйым салулар дәрменсіз болып қалған.

Егер кең далада шалқыған өсем өуенді тіпті ең бір парықсыз құлақтың өзі іліп алатын болса, егер өте бір қатаң мінезді ғалымның өзі: “халқы айтқыштық өнерден кереметтей ләzzат алып, ырғакты сөзді дүние жүзіндегі өнердің асқар шыңы деп бағалайтын болса” (Радлов), онда сол халықтың ақын бол туған перзентіне не жорық?

Абай жас басынан өлең-ән ортасында өсті, ол ырғак пен дыбыстың перзенті еді. Осы ерекшелікті Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясының дауыс ырғағы, дыбыстық лебі құрылымының өзінде тамаша бере білген. Баяндау арқылы берілген сөз әрдайым шалқи толқып, бір сәт өз ауанымен жазыла сорғалап, енді бір сәтте шапқан аттың жүрісіндей құйқылжып, құйынданда құбылып тұрады.

“Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды...” – осылай басталатын романның алғашкы сөйлемінде, байыпты ырғакпен басталатын баяндау үрдісінің өзінде кейінірек басқа бір екпінге ауысып кетерлікте мүмкіндік нышандары ап-айқын білініп тұрады. “Барын салды...” деген тіркес қаншама баяу айтылғанымен, әр жағындағы ширак қымылдан хабар беріп тұр. Бірақ сөз мәнері әзір асыға қоятын емес, жүріс баяулап барып тоқтап қалғандай. “Жолдың бұл тұстары ылғи белес-белес болатын. Осы қазіргідей боп Шынғыска, жайлауға қарай көшкенде елсіз боп қалатын жер. Алыстан бағып отыратын тұрғылары бар. Так иек артпадан, өкпе тұстан жүргіншіге жауды қоян-қолтық, құшақтастыра

түсетін ұры сай, жасырын жыралары да бар” Ал одан әрі тырақтайлап тұра шабыс: “Енді жарыса жөнелгенде, амалсыз егеске түсіп, “мен озам, мен озаммен” тепкілесіп, созыла берді. Бір белден асып, екінші белдің өріне қарай тоқтамай жарысып келе жатты. Осы өрде бурыл ат есік пен төрдей алға түсे беріп еді. Белге шығып алып, шауып келе жатып қарағанда бала көрінбеді. Бұлар тағы сілтесе бермек болды...” Абай поэзиясының ырғакты бейнесі де дәл осындей. Бірде көшкен елдін сабырлы салқам жүріспен жылжыған қалыпты қозғалысында, бірде теп-тегіс даланың бетіне түскен әжімдей ирелендей созылған құм төбелердің үнсіз қыбырындағы тылсым тыныштық, енді бір тұста қырғи құс қанатының суылындағы екпінді, одан әрі жер төсін тепкіліген ат тұяғының дүрсіліндей:

Көлеңке жасын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса...

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да.

Өзінің бір сілтеуінде мың түрлі серпіні бар бір қолдың, бір үнінде сан түрлі саздың өуені бар бір өңештің табы байқалады.

Осынша өнер қайдан шыға берген? Табиғи дарын екені өзінен-өзі белгілі ғой. Бірақ солардың сыртында дала төсінен естілген әрбір қыбыр, әрбір сыйыр, әрбір көрініс баланың зердесінен бірде-бір қалыс қалмай, аралас адамдардың тілекtes, жылы жұзді ықыласы арқылы соған құйыла берген. Сәби күнінен бастап оның қасында анасы Ұлжан мен әжесі Зере болған; әсіресе әжесінің табиғи мейірбандығы үстіне ақынға біткен сезімтал зердесі, ақындық жан дүниесі соны аялаған. Айналадағы бүкіл кеңістікті кернеп түрған сазды әуендей немересінің құлағына алғаш рет әндептіп жеткізген әжесі еді, кейіннен оны өз құлағымен ажырата алатын болды; кейбір ақындардың, солардың ішінде не бір дүлдүлдерінің лебізіне өз түйсігінің әсерімен мұлгіді... Әлбетте, Абайдың ілгергі де, кейінгі де

өлең тәжірибесінде осынау тамылжыған өуен, осынау төкпелеткен ақын сөздері жаңғырықсыз қала алмады. Ие, солардың ішінде бүкіл Ұлы далада ел аузына ілігіп, жалпы халық құрметіне бөленген тұлғалар атына айтылған ашысын да бар еді:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау.
Әткең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде көрінеу түр-ау!

Өте зілді, әділетсіз айтылған, бірақ поэзиядан әділдік іздеу не үшін керек? Оның үстіне өлең деген нәрсені сөзбе-сөз түсінбеу керек. Содан кейін – ең қатал деген сынның өзінде жанамалап мойындау қатар жүреді, анық тәуелділік болмаса да, үн қосу, ұсыну бар.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен.
Әмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селен.

Өлеңді айтпақ түгіл ұға алмайсың,
Айтсан да ұддесінен шыға алмайсың.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мұнша сіресіп құп алмайсың?

Осынау өлең жолдарындағы жақын, рух жағынан туыстас адамдарға деген, сондай-ақ, алыстағы, тілі сенің тіліңе ұқсамайтын, бірақ сөз бер өуен өздеріне де жат емес жандарға деген сүйіспеншілік сезімін қалайша естімеуге болады?

“Сарапал көрейік,— деп жазыпты Төлбасы кезекті сөйлер сөзіне дайындалу үстіндегі нұсқалық жазбаларында. — Абайға дейінгі көрініс... Мәнді, өте талантты, сан алуан халықтық әдебиет...”

Екінші бір тағы сондай асығыс жазылған, бірақ кеңірек дәйектелген нұсқалық қолжазбасы мынадай:

“1. Қазақ мәдениеті (ауызша фольклордың классикалық мұрасы және шығармашылықтың халықтығы):

а) халықтың қаһармандық эпосы (“Едіге”, “Қобланды”, “Ер Тарғын”, “Орақ-Мамай”, “Қамбар”, “Бөгембай”, “Исатай”, т.б.);

- б) лирикалық эпос (“Қозы Қөрпеш”, “Бозжігіт”, “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан”, т.б.);
в) әлеуметтік-тұрмыстық өлең-поэмалар (жар-жар, жоқтау, ақындар айтысы);
г) халық әңгімелері, аныздары, батырлар жырлары, т.б.;
д) атақты халық ақындарының, сұрып салма ақындардың, жыршилар мен айтқыштардың (Асан қайғы, Сыпира жырау, Жиренше шешен, Қорқыт, Бұқар жырау, т.б.) шығармалары”.

Содан соң тағы: “Абайдың тіл арқылы төменгі жіктермен байланысын, жанды жалпыхалықтың тілге жақындей түсүін анықтау қажет, өйткені мұның өзі Абайдың шығармашылығын және оның ақындық тілінің бұқараның жанды тіліне тигізетін кері ықпалын сипаттайды” ...

Және одан өрі қарай: “Абай өзінен бұрынғы ақындарды, өлеңшілерді, ақындық өнердегі артықшылық бедел үшін халық алдында сайысатын өнерпаздарды түгелдей дерлік білген”

Сонсоң ақырында: “Сексенінші жылдардағы өлеңдердің көпшілігі сол кездегі ауылдың өзгеше тұрпатты қалыбы мен тұрмысына және қазіргі қоғамның тарихи тағдырына арналған. Сонымен бірге ол өлеңдерде өз халқының бүкіл рухани құндылықтары терең көркемдік-сын тұрғысынан қайта қаралу бар еді... Қоғамды және өз халқының бүкіл тарихын түбебейлі қайта өзгертуші Абайдың жаңа ақындық бағдарламасы жарияланды. Бұл шығармаларында Абай халық мұрасына тікелей жақын келіп жанасады”.

Баршаға мәлім, кейіннен тұтас бір сынни-библиографиялық циклге ұласқан осы тақырыптардың, осы тезистердің ақыл-ой әлеуеті күні осы уақытқа дейін ғалымдардың ізденісіне азық болып келеді. Ол былай тұрсын, білгіштердің айтуына қарағанда, Шебердің алға қойған мәселелерінің көбі осы уақытқа дейін шешілмей, ақыл-ойды толғантып, ізденіс жолын жалғастыра беруге шақырып отыр. Бұл өзі, Гильберттің проблемасы сияқты, алға қойылғалы не заман, ал дүние жүзіндегі әр елдің математик ұрпақтары осы уақытқа дейін сонымен әуре болып жүр.

Білгіштерге сену керек. Оларға шығармашылық сергек-тік пен сәттілік тілейік. Ал бізге қалатыны алғыс сезімімен

ілгері қарай соқпақты жолмен жылжи беру де, Абай өлеңдері мен өткен заманнан қалған әңгімелер және аныздар арасындағы үндестіктерге құлақ түру болмак.

Абайдың бірде-бір өлеңінде дала Орфейі – Қорқыттың, қобызды ойлап тапқан және өзінің уытты өлеңдерімен өлімнің бетін қайтарған осынау ғажап адамның аты аталмайды. Бірақ өмірге тек өзі ғана рухани азық болатын әсем күй сазының идеясы, нақ осындағы мифологиялық қаһарман бейнесінде көрінген идея Абай жүргегіне жақын еді, Ақын көлеңкесі дәл осы Қорқыт сияқты өлімге қарсы, іріп-шіруге қарсы құрал іздеумен болған; сол көлеңке әр жылдардағы өлеңдерінен елес беріп тұрады:

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Көнілім әнді ұғады,
Жүргегім бойды жылтып.

“Бұл бүкіл жер бетіндегі әдеби мұра ішінде ең құнды шығарма!” деген екен Г. Н. Потанин, “Қозы Қөрпеш пен Баян сұлу” атты қазақтың романдық эпосын алғаш рет тындағанда, өзінің таң-тамаша болғанын жасыра алмай.

Осы дастанды қайтыс боларының алдында атақты айтқыш ақын Қамбарұлы Жанақтан естіген Шоқан Уәлиханов сәл саябырлау айтса да, өте дәл айтқан сияқты: “Көптен бері қазақтың ертегілерін, миғтерін, эпикалық өлеңдері мен аныздарын жинастыра жүргенде бір таңғалғаным – солардың сарындары Европа халықтарының, әсіресе славяндардың осы текстес шығармаларындағы сарындармен үқсас келеді екен”

“Қозы Қөрпештің” жазба нұсқасымен Пушкин бұлардан да бұрын, В.И.Дальмен бірге Пугачев болған жерлерді аралаған сапары кезінде танысқан. Қалай болғанда да, бұл жазба кейін ақынның архивінен табылған және пушкин-танушы ірі ғалым Л. Н. Модзалевскийдің айтуынша, ақын “қазақтың халықтық шығармашылық өнерінің бұл тамаша туындысымен таныс болған”, оған күмәндануға болмайды.

Ал Абай болса әлі де үнсіз, халықтың рухани тарихындағы мұншама маңызды шығарма жөнінде айтар сөзі жок тәрізді. Дегенмен, ертеректе бұл дастанның бір нұсқасын өзі жариялатып, одан кейін ол тұрасында “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты іргелі еңбекке тұтас

бір тарау өзірлеп берген Төлбасы бұл мәселенің тамырын ашып берді.

Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,
Сипаты жаннан асқан ол бір серім!
Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты,
Шашының ұзындығы тізін басты.
Гүл төгілер аузына меруерт тісті,
Ондай жан дүниеде жаралмас-ты.

“Қаса сұлу” Баянның бұл суреті Абайдың махабbat лирикасында жеке мүшелерінің “ұқсастығымен” әркез қайталанып отырады.:

Қактаған ақ күмістей кең мандайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жана ұқсатамын туған айды.

Әлбетте, Абай тұпнұсқадан алшақ кеткен – басқаша болуы мүмкін емес. Әдебиеттің мифті қолданғанда өзін еркін ұстайтыны және алдына қойған шығармашылық міндеттіне қарай әрдайым әртүрлі түсіндіретіні сияқты, ол фольклор жөнінде де солай еркін, тұпнұсқа жөнінде өзіне ешқандай міндеттеме алмайды. Оның үстіне бұл анық тұпнұсқа да емес, соның қалыпқа түскен көшірмесі іспетті.

Абайдың сұлулары, былайша айтқанда, романдық зпостагы сурет, кейіпкерге қараганда, көзге бедерлірек көрінеді. Бұл кәдімгі ет пен сүйектен жаралғандай, ақынның жүректі толқытатын, тәтті ләzzатқа толы махабbat лирикасы, халық аңызында ондай болмайды.

Содан кейінгі бір ғажап нәрсе мынадай. Гердер айтады: кітап зпостың көріне айналды – кіслер өзінің аңыздарын әріпке беріп қойғаннан кейін, адам жадында сақталып келген музаның даусын тұншықтырып тастанды, дейді. Шындығына келгенде, дәл осы ойды Мұхтар Әуезов те айтқан: “Ертегі ауызша айтылғанда жаңадан туған секілді, оның жаны болады. Қағазға жазылып, әдебиетке берілген-нен кейін ол әсем мүсінге айналады, бірақ “қайта жанданудан” қалады” Несі бар, шығын шықпай олжа келмейді, бұл әдettен поэзия қалыс қала алмайды.

Сөз өрнегінің тіндері сол жақтан, тереннен тартылады, Абай атаусыз әуендерді іліп алғып, ескі заманның кестесін тігеді:

Тар төсекте төсінді
Иіскер ме едім жаланаш.
Иығымда сіздің шаш,
Айқаласып тай-талас,
Ләzzат алсақ болмай ма,
Көз жұмылы, көніл мас?
Сізде сымбат, бізде ықылас,
Сіздей жардың жалғанда
Қызығына жан тоймас.
Етің етке тигенде,
Демің тиіп сүйгенде,
Тән шымырлап, бой еріп,
Ішім оттай қуйгенде.

Шындығында, Абай басқа бір бұлактардан сусындалғантыры; Шығыс поэзиясының әсері онай сезіледі; тіпті клас-сикалық та емес, мұсылмандыққа, христиандыққа дейінгі Шығыстың: “О, аяғың неткен әсем еді сандал киген, бекзада қыз! Қыпша белің жұп-жұмыр, моншақ дерсін шебер суретшінің қолынан шыққандай-ақ; ішің сенің сарқылмайтын шарап толы дөңгелек тостағандай; ішкі сарайың қызыл гүлге оранған бидайдың сабағындей; екі анарың ғазелдің егіз туған лағындей...” (Жырдың жыры, 7:2-4).

Жө, ілгері озбай-ақ қояйық, әзір біз далада, Қыр лебінің киіз үйінде отырмыз ғой. Тіл тоқтаусыз өзгеріп отырады, көптеген сөздердің дәл мағынасын жаңа ұрпақтар мүлде түсінбейді, бірақ ол сөздердің ішкі мағынасы бұзылмаған, ұғынықты қалпында сақталуда, және бір қызығы, оларды ғасырлардың тоты баспаған: “Қандай тамаша, қазақтар өздерінің ежелгі аңыздары мен нанымдарын сол қалпында сақтап қалған, ал одан да тамашасы, байтак даланың ең бір шалғай түкпірлерінде де өлең сөздері бірдей, салыстырып қарасан, бір-бірінен айнымайды, бәрі бір қолжазбадан алынғандай. Көшпелі, хат танымайтын жүрттың ауызша дүниелерінің мұндайлық адам сенбестей дәлме-дәлдігі қаншалықты әбес көрінсе де, бұл – күдік туғызбайтын шындық”

Көшпелі тұрмыстың сюжеті тым бір сарынды сияқты көрінеді – ылғи бір жерді шиырлай беру, үйреншікті бір сүрлеу, баяғы бір көрген жайлау, өзгермейтін жайылым,

аудиоспайтын қоныс... Сол сюжетке орайлас дала реңінде де бір сарын. Ал бірақ көреген халықтың ақын көзі, қағілезд ақын құлағы көзге көрінбейтін өзгерістерді, жасырын жатқан алалықты қалт жібермей іліп алады да, өзінің ән-өлеңдері арқылы жеткізіп отырады. Ал содан кейін ол өзгерістер суреткердің қыл қаламымен салынған қайталанбас көріністей болып таңбаланып қалады. Міне осынау драмалық өзгеріс Абай өлеңдерінен анық байқалады; бұл өлеңдер даланың табиғи тіршілігінің тербелген бесігі тәрізді.

Ол “Жаз” атты өлеңімен өзінің жасырын атын ашты да, содан кейінгі бір-екі жыл ішінде жыл мезгілдері текес тұтас бір цикл өлеңдерін жазды:

Безендірген жер жүзін тәнірім шебер,
Мейірбандық дұниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.

(“Жазғытұрым”)

Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтында,
Ат-айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ынқылдал.

(“Жаз”)

Кемпір-шал құржан қағып, бала бұрсен,
Көңілсіз қара сұық қайда жұрсен.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жок, тышқан аулап, қайда көрсен.

(“Құз”)

Дем алысы – үскірік, аяз бер қар,
Кәрі құдан – қыс келіп, өлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызырып ажарланды.

(“Қыс”)

Әрине, бұл енді жаңа тіл, жаңа ғана емес-ау, жеке адамның дара тілі. Эпосты жасаған беймағлұм адам – далалық рапсод – мұндай сөзді айтпас та еді, мұндай өлеңді шығармас та еді; бірақ өздерінің бейкүнә аңқаулығы

мен халықтың азыздардың баяғыда өтіп кеткен, енді қайтып оралмайтын замандарда туғызған метафоралық құрылымдары, тропикасы, тұракты символ-бейнелері солардың артында қалды. Қаз, Аққу, Ақ аруана – міне бұл Абайға солардан, алыс тереңнен келді. Өзінің жастық қуатын ешқашанда жоймайтын жіті, ыстық қан да – солардікі. Ал енді ен бастысы – дүние жүзін көретін көргіш көз, сол аныз-әңгімелердің поэтикалық жиынтығы өзінің құш-қуаты мен алғыр сергектігін ұрпактар зердесінде сақтай білді. Тұпнұсқасында, дейді білетін адамдар, осынау көп дауысты үндестік өсіреле айқын өткірлікпен сезіледі. Академик Зәки Ахметов сол кездін өзінде хрестоматиялық шығармаға айналған Лермонтов өлеңін Абай аударған кезде оған қазаққа тән бейнелілік дарытқанын өте жақсы көрсеткен.

Мен көрдім көктің ғажап жасалғаның,
Жер үйқтап, көкшіл шықпен бу алғанын.

Басқа бір өзге көніл күйіне тап болғанда, (әлбетте, жолма-жол аудармада) бұл жолдар басқаша болып шығады еken.

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әр нені.
Бір себепсіз қайғы құр
Баса ма еken пендені?

Осы интонациялық құрылыш, осы стиль – тіпті жай көріністің де емес, ішкі жан дүниесінің стилі – “Қозы Көрпеш” пен “Қызы Жібек” сияқты поэтикалық азыздардың композициясын түзетін стиль болып шыққан.

Тұрмысты, оның сәлғана нышанын елестеткен, ен бір қарадүрсін, күнделікті белгілерін әсірелеп жырлау – Абай әлеміне кірген бойда көзге бірден ұшырайтын нәрсе, сірә, осы болса керек. Бұл ауыл әлемі, оны мекен еткен даланың ала-құла пенделері – бай-бағландар, кедей шаруалар, басқарушылар, болыстар, молдалар, барымташы ұрылар, кім жоқ дейсін оларда. Бұл жерде естілетін сөз де өздерінікі, оқиғалары да әлдеқайдағы жат өлкелердікі емес, сол оқиғалардың үйлесімді, дәлме-дәл заттық бейнелері де көзге танымал, етene. Бір сөзben тұрасын айтканда, бір емес, екі емес, талай рет айтылған, құжат арқылы

дәлелденген, далалық өлкенің шамамен жарты ғасырлық көшпелі өмірінің нақты бейнесін Абайдың өлеңдеріне қарап отырып-ақ қалпына келтіруге болар еді. Бірақ әңгіме онда емес, тіпті қалай болғанда да, әдебиет статистиканы алмастырмайды және алмастырғысы келмейді де. Ең маңыздысы мынада: осы дәстүр дегеннің өмірінің ұзақ болу-болмауы халық өміріндегі қандай да бір маңызы бар оқиғаның, оған қатысы бар деген қандай да бір адамның көркемдік санадан үндестік табуына байланысты. Тарих поэзиямен қосылып кетпейді, бірақ онымен жақындасуға өте бейім, аныз дегеннің болған оқиғадан туындауды, оған қиялдың тамаша ренін дарытып, рухани аумағын көнектіке түседі. Мұны Шоқан Уәлиханов та атап кеткен: “Егер Гомердің поэтикалық хиссалары мен Геродоттың естігеннен жинастырған дүниелерінің қандай да бір тарихи құндылығы болатын болса, егер қандай да бір бұрмаланған ертегі сыңайлас аңыздардың негізінде оқиға мен ақиқат жататын болса, онда қазақтардың да дәлелді және дәйекті аңыздарының, олардың тұрмыс салтының, олардың ата-бабаларының болмысын бейнелейтін және салыстыра қарағанда тарихи нұсқаларға барлық жағынан сәйкес келетін қазіргі замандағы салт-дәстүрлерінің тарихи маңызы болуы әбден мүмкін фой. Қоғамның бүкіл бұқарасының сезімдерін, өмірі мен прогресін анықтайтын таза халықтық ақыл-ойдың шығармалары ретінде..., бүкіл халықтың аузынан шыққандай болып, бір адамның атынан танылған шығармалар ретінде, олар тарихи, филологиялық, сондай-ақ психологиялық мән-маңыздан құр бола алмайды”

Ол былай тұрсын, тарихи оқиға көркемдік тұрғыдан расталғандаған көшпелілердің ұжымдық санасында даусыздық сипатқа ие болады.

Оның терең тамыры сондай, ен терендегі қабаттары сондай.

Бірақ олардан басқа, беріректе, үстіңгі бетке жақыннырақ жатқан қабаттары да бар, Абайдың поэзиясын қоректендіретін нәр соларда да жинақталған, мұның өзі – киіз үйдің эстетикасы мен поэтикасы, соның керегелері мен шаңырағы.

Филолог ғалымдар қазақ әдебиетінің шығу кезеңі жөнінде байсалды талас жүргізіп, фольклордың өзіндік

текті, атаусыз бастауын қашан жойған, автор тұлғасының қашан пайда болғанын, ауызша сөздін жазба сөзге айналған кезеңдерін анықтауға тырысада. Осындай талас кезінде тақпақшы жырау Асан Қайғының есімі сөзсіз ауызға алынатыны бар. Осы тұлға тарихта болған ба, әлде аныздан туған ба, сол жері түсініксіз. Мәселен, Мұхтар Әуезов Асан Қайғының өмір сүрген кезеңінің өзі көмескі, оның қай ру-тайпаға жататыны да белгісіз дейді, қалай болғанда да ол жөнінде ешқандай дерек жоқ екенін айтады. Сондыктан да ол нақты адам емес, “қазақ халқының бастан кешкен ауыр тарихына білдірген наразылығының көрінісі” деп бағалайды. Шоқан Үәлиханов басқаша пікірде болған сияқты: Асан Қайғы немесе Қасіретті Асан, Бейшара Асан – көшпелілердің философы дегенді айтады. Ал енді Шоқанды зерттеушілер анық басқаша ойда. “Ыстықкөлге барған сапардың күнделігіне” берілген түсініктен мынадай сөздерді оқимыз: “Асан Қайғы (өмір сүрген мерзімі белгісіз) – ақын, философ, әртүрлі аңыз-ертеғілердің кейіпкері. XV ғасырда, Алтын Орда тарап жатқан кезде өмір сүрген, өуелі Сарайда, одан кейін Қазанда тұрған, әртүрлі хандар тұсында беделді би болған. Қартайған шағында “қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жерүйықты”, халық қайғы-қасірет дегенді білмейтін жұмақ өлкені ізден сапарға аттанған. Ол қазақ хандары Жәнібек пен Керейді қазактың Жетісу және Дешті Қыпшак жерлерін біріктіруге, өз халқын достық пен бірлікке шақырған. Өзі жемлямен қазақ жерлерін, оның таулы, орманды өлкелерін шарлаған, бірақ жерүйықты таба алмай, арманда кеткен”

Атақты ғалымдармен тікелей де, жанамалап та айтысқа тұсу бізге жараспайды; өсіресе Үәлиханов, Әуезов, Марғұлан сияқты тұлғалармен (Шоқанның бес томдық шығармаларының редакциясын басқарып, түсініктерін қараған – Марғұлан). Бірақ көлденең көзге де көрініп тұратын жайттар бар: кейде қарсы пікірлердің бір жерден тоғысып қалатыны болады. Айталақ, мынадай бір анық жайтты еске алайық. Алтын Орда ыдырап жатқан кезде өмір сүрген бір адам бар екен, ол пәлендей қаланың тұрғыны, пәлендей билеушінің кеңесшісі болған екен, ол да барша жұртты игілік пен бақытқа кенелтетін өлкені ізден таппақ болыпты дейік. Тарихта ондай оқиғалар расында да орын алған. Солардың біреуі, уақыт жағынан алғанда,

біздің әңгімемізден онша алшак емес, ал болған кеңістігі жағынан келгенде, өлде шын, өлде аңыздағы Асан Қайғыдан тым қашықта жатыр. Менің айтпағым – Уолтер Рэли және оның Ориноко өзенінің бойымен шеккен сапары. Рэли – сөзсіз болған адам, мінез-құлқы жөнінен өте жарқын, ренессанстық тұлға. Тенізші – ағылшындардың Калис түбіндеги испандарға қарсы жүргізген тарихи шайқасында жеңіп шыққан. Жаңа жерлерді ашқан географ. Ақын. Гуманитарлық саласындағы зерттеуші, атақты “Дүние-жүзілік тарихтың” авторы. Табиғаттанушы. Шекспирдің тікелей ізашары Эдмунд Спенсер Рэлиді “Мұхиттың бақташысы” деп атаған; өткен ғасырдағы таңдаулы американалық ақындарының бірі Уильям Карлос Уильямс оған бола алмаған пайғамбар, құштарлық пен сөтсіздіктің данышпаны деп ат қойған. Рэлидің жарқын да бақытсыз тағдыры алғашында оны королева Елизаветаға жақын-датып, одан кейін I Иаковтың тұсында Тауэрге апарып түсірді де, ақырында басын жаңғырыққа салғызды. Осының бәрі ұсақ-түйегіне дейін құжат түрінде расталған. Солардың ішінде ол өзінің “жерүйіғын” іздейп, үш рет Америкаға барған.

Олай болса, Рэлиден жұз жылдай бұрын дәл сондай мақсатпен қазақ даласын шарлаған адамға неге сенімсіздік көрсетіледі?

Бірақ дәл осы жерде кейбір келісімсіздік туады. Ол Қасіретті Асанның астындағы көлігіне байланысты – бұл өзі неткен жүрдек түйе? Жаңағы ағылшын мұхитты сол заманың ең жетілген кемелерімен кешіп өткен. Ал Асанның өзі сол даласындағы Эльдорадоны іздеген мазасыз сапарындағы барған жерлері тым мұқият тізбектелген. Әнеки, ол Бұхарадан екі апталық қашықтықтағы иен жатқан жайылымды зерттейді. Одан кейін Ыстықкөлге, Фискарға, Нарынға, Хиуаға, Қоқанға барады, Ресей жерінде Жайықты жағалайды, тағысын тағылар. Мұндай нақтылықты ертегі қабылдамайды, қайта ондай дәлдікке скептиктер әуес болуы мүмкін.

Сөйтіп, сайып келгенде, шындық пен поэзия соншалықты сыйыспайтын нәрселер емес екен, әсіресе Қыр елінде. Оған Шоқан да назар аударғанын көрдік. Дұрысында тек Қыр елінде ғана емес екен: Уолтер Рэлидің іс-әрекеттерінің бәрі дерлік нақты. Бәрі дерлік деп отырғанымыз, бір нәрсе

оғаш – адмирал Оринокода болмаған, Эльдорадо атты жұмбақ ел орналасты дейтін бойлықтардағы әрі қызықты, әрі қатерлі сапарларға да бармаған. Оның бәрі – жалған елдікке елтіген елдін ойдан шығарғаны.

Жалпы алғанда, Асан Қайғы өмірде болған, өлең де шығарған десек, ешқандай ағаттығы жоқ, ал қалғанда-рының барлығы – халықтың ойдан шығарғаны, сүйсінген ел қошеметінің көрінісі десек, оның қандай ерсілігі бар?

Адалын айтқанда, ақпейіл-әуестік тұрғыдан ұсыныла-тын нұсқаның ыңғайлы болатын себебі, ол Асан шығар-машылығын мифтен Абай поэзиясына алып келетін әлде бір аралық буын деп қарастыруға жол ашар еді. Бұл жыраудың екі жақты кентаврлық бейнесі – жартылай шындық, жартылай аңыздық, өуелі жартылай фольклор-лық, кейін жартылай әдеби бітімі осындай рөлді атқаруға өте қолайлы болып шығады. Қайталап айтайын, мұның бәрі жорамал ғана, онда тіпті шалағай да ғылыми негіз жоқ, ал енді мынау XV ғасыр мен XIX ғасырдың поэтикалық-музыкалық диалогына келетін болсақ, бұл – анық көркем-дік ақиқат, ол келесі ғасырда да сақталып қалды. Бұл – бүркеніш, көрінеу қалқан, бірақ өткеннің мұрасымен, оның кейіпкерлерімен бұлай емін-еркіндікке барудың дөлелдей-тіні – Уильям Фолкнердің жиі қайталап айтатыныңдай, “болды” деген ұғым жоқ, тек “бар” дейтін ғана ұғым болса керек.

Алыстан талып жетіп, біздің заманымызда сақталып қалған дауыс мынадай, “бар” деген мынау:

Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады,
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады.

Аудармашы Всеволод Рождественскийге құдік келтіру-ге болар – Пушкиннің өндеуіндегі орыс ертегісіне қарай әдейілеп болмаса да, стиль жағынан аздал бейімделу бар:

меруерт, су тубі деген сияқты... Оның үстіне бұл жағдайда әрбір поэтикалық аудармаға тән шарттылық еселене түседі: тұпнұсқа өлең түрінде – оны қалай бересін? Және де жыраудың немесе ақынның табиғатында сұрып салмалық сипаты бар шығармасын қалай жеткізесін? (Сол себептен де Абайды орыс тілінде және басқа тілдерде оқи алмайтын боларсын, олай болса қазақ тілін үйрену керек).

Осы үлгі дәлме-дәл қалпына келтірілген Абай сегізаянының үзіндісі мына төмендегідей:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
 Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан
 Надандар бәһра ала алмас.

Міне бұл жерде күдіктін бәрі сейіледі, өйткені тұрақты метафора дәл сондай тұрақты ойдан туындаиды, ал ол ой өзінің табиғатын сақтай отырып, басқа бір сөздік құрылымда көрініс табады:

Өзеге, көнілім, тоярысын,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дерпті жоярсың...

Өлеңге әркімнің-ак бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтың, сырты күміс, сөз жақсысын
Қазактың келістірер қай баласы?

Айтқандай-ақ, жыр тіні осы жерден кейін – әдебиеттің бастапқы кезеңіне (Цицеронның “Ескерткішіне”) және ілгері XX ғасырға (Маяковский: “бір ғана сөз үшін...”, Т.С.Эллиот: “айтылған сөз үнсіздікке батады”, Ахматова: “ал құдіретті сөз мәңгілік”) қарай тартылады.

Мұның өзі дүние жүзіндегі поэтикалық кеңістіктің архитектуралық бірлігін тағы бір рет дәлелдейді, онда форумның шенбері мен аспанға қарай шанышылған зәулім үй, таудың басында жапырайған үйшік пен даладағы киіз үй тату-тәтті жаразтық табады.

Жә, Қазақ өлемінің ақындық биіктігін өрлеп жүре берсек, сонда біз оның көлбеу кеңістікке қарай еңіскенін де көреміз.

XVIII ғасыр, өсіреле оның алғашқы жартысы қазақтар үшін өте ауыр болды. Жонғарлардың жойқын шабуылы ақырында 1723 жылғы “ақтабан шұбырындыға” апарып соқты; Орта жүз бен Ұлы жүздің көптеген тайпалары баспанадан, малдан, жайылымдық жерден айрылып, онтүстікке қарай жөнкілді. Халық өмірінің өзі тарихтың таразысына тартылды. Бірақ тағдыры қыл үшінда тұрғанда қазақ халқы қыындыққа төтеп берді. Парасатты ақыл-ой ру-тайпалық араздықты жеңді, ұлттың өзін-өзі сақтау түйсігі көшпелі елдің табиғи төзімі мен атты сарбаздың қажыр-қайратын шындаі түсті, әлеуметтік жоғарғы топтың – хандар мен билердің Ресеймен бірігуге қарай бейімделген онтайлы дипломатиясы жауға қарсы төтеп беруде қуатты тірек болды. 1750 жылдарда жат жүрттық басқыншылық тыйылды, ал 1758 жыл Жонғар хандығы біржола құртылды, оны Цин империясы жұтып жіберді. Айтқандай-ақ, орасан зор құрбандығы болған, ішкі қайшылықтарға, әртүрлі мұдделер мен өзімшілдік тарзысына толы осы оқиғалардың барлығы арнайы әдебиетте де, көркем шығармаларда да жазылған. Сонау Шоқан Үәлихановтың өзі “Қазақтың Ұлы жүзі туралы” очерк жазып, онда жонғар соғысы мен “Батыстан” төнген өзімшілдер – Қоқан хандарына қарсы соғыстың соңғы кезеңі туралы баяндады. Одан кейін “XVIII ғасырдың батырлары – Абылай хан мен оның үзенгілестері туралы тарихи аныздарды” жаза бастап еді, бірақ оны аяқтай алмай кетті.

Бірақ бұл қалай болғанда да өткенге, мейлі таяудағы болса да, өткен заманға, Шоқанның өз сөзімен айтқанда, қазақтың серілік дәуреніне белгілі бір көзқарас еді. Ал енді жинастырылған аныз-әңгімелердің авторлары үшін ол ғасыр сол заманның қаны сорғалаған қазіргі кезеңі болатын да, онда серінің ізгілігі мен барып тұрған пасық зұлымдық қоян-қолтық қатар жүре беретін. Шынтуайтына келгенде, оның өзі үшін де бұл қатерлі сәт еді – аныз сөздің толық мағынасында әдебиетке айналып кете беретін. Несі бар, ұлт өзінің биік дәржесінде болса, оның шығармашылық рухы да ішкі тұрақтылығын көрсетеді. Ауысу, ілгері қарай

жылжу – анық, бірақ ол өткеннен бас тарту емес, түбірлі байланыстарды ұзу емес. Бұл біртұтас қан айналымының жүйесі: әдебиет, қазақтың мифі сияқты, өзінің өмірін ағымдағы болып жатқан оқиғалардан қол ұзу деп қарамайды. Жалпы алғанда, Қыр елінде ауыз сөздің әдебиетке ауысусының, дүние жүзінің басқа аймақтарына қарағанда, өз ауанымен жайлап өтуі ғажап емес. Мұнын себебі ауыз сөз бен жазба сөздің ұзак уақыт тығыз байланыста қолданылғандығымен түсіндіріледі. Трубадурлар ақындық сахнасынан XIII ғасырда, миннезингерлер олардан бір ғасыр кейін кетті, ал ақындар, егер Жамбылды еске алатын болсақ, біздің замандастарымыз деуге сияды.

XVIII ғасырдың ең көрнекті айтқышы саналатын Бұқар жыраудың өмірі де, Асан Қайғының тағдыры сияқты, аңызға толы: ол анадан туғанда сақау-санырау болыптымыс, жеті жасқа толған кезде, бір күні ауылда жалғыз қалған баланың үстінен қатты құйын соғып өтіпті де, кенет балаға тіл бітіп, құлағы ашылып кетіпті және ол бірден өлеңмен сөйлеп кетіпті,— дейді. Екінші бір лақап бойынша, түсінде бір ақ сақалды шал оған тіл бітіріп, ақындық өнер дарытыпты. Оның өмір жасында да осындей аңыздық сипат бар. Кейбір беделді басылымдарда әртүрлі мәлімет көрсетіледі: Мәселең, 1668 – 1781. Бұдан гөрі шындыққа жанасымдылауы 1693 – 1787, ал кейбір авторлар тіпті түспалдап: XVII – XVIII ғасырлардың арасы деп кете береді.

Қайткенде де, Бұқар жырау – тарихи тұлға, сондықтан аңыз оның өмірбаянын тек көркейтеді. Ұзак өмірінің алғашқы жартысында атағы онша әйгілі болмаған. Жас жігіт кезінде Тәуке ханның қасындағы биі болыпты. Сол тұста ол айтқыштығымен, шешендігімен танылып, “жез таңдай” атанады. Содан біраз уақыт дәулеті қайтып, беймәлім ғұмыр кешеді де, Абылай ханның дәуірлеген тұсында қайтадан атағы шыға бастайды. Нақ сол кезеңде ақындық атақ-даңқымен бірге ол өте ықпалды саясаткер ретінде танылып, Қазақ хандығының беделді санагері дәрежесіне көтеріледі. Оның Абылай ханмен де қарым-қатынасы күрделі болған. Бұқарды белгілі бір мағынада сарай ақыны деп те атауға болатын шығар; ол өзінің әміршісін байтақ далада бытырап жүрген тайпаларды

өзінің қанатының астына жинап, бастарын біріктіруші деп білді. Сондықтан оның көзі тірісінде ерлік-батырлығын жырлап, қайтыс болғанында тебірене жоқтау айтты:

Періштесін жұрт үстінен дулатқан.
Еңсесі биік боз орда
Салтанатқа орнатқан...
Сандығын сары алтынға майдырған,
Көшсе қырқын арта алмас,
Қырық мың атан тарта алмас...
Имандышын ісіне қарап бет берген,
Бір құдайдың дидарын
Сен көрмесен кім көрер...

Бұл өлеңнің жолма-жол аудармасын Ә. Марғұлан жасаған да, орысшаға Вс. Рождественский тәржімалаған, ал қазақшасын жоқтау үлгісі ретінде араб әріпперімен Шоқан Уәлиханов қағазға түсірген.

Қалай дегенмен де, Бұқар өлеңіндегі билікшінің бейнесінде жарықшақ бар. Халықтың жоқшысы және қамқоршысы кейде озбырға айналып кетеді, бірақ ақын ханның жаза басқан жерлерін ақылмен айтады, оны зорлық жасаудан, халықтың сенімі мен құрметінен айыратын жаңсақ қадамдардан сақтандырып отырады. Осының бәрі оның хан алдында өте беделді болғандығын көрсетеді.

Ақын мен билеушінің арасы әрдайым қыл үстінде, ал Шығыста сонау Рудаки заманынан бермен қарай ерекше екі ұдай болған, бірақ біз қазір оның ұнғыл-шұнғылына барып жатпаймыз. Бізді қазір қызықтырып отырған Ортағасырдың ұлы ақынынан гөрі бақыттырак болып қалыптасқан Бұқардың тағдыры емес, бізге керегі – соның поэзиясынан Абайға қарай тартылған арқау – біз оның осы арқауды қалай ұзгенін көргенбіз. Ендеше оның себебі не еді? Біздің ойымызша, Абайға ұнамайтыны – Бұқар поэзиясының рәсімдік сипаты, ақынның даланың сыртқы бейнесін жарқырата суреттеуге өуестігі болса керек. Өйткені даланы олай суреттеу XIX ғасырға қарай әдетке айналып кеткен. Айталақ, оның өзі де бүркіттің самғагана на қызыға қараған, ат пен түйе онда да бар, бірақ сол жанды табиғат түгелдей ғарышта шашырап кетеді де, бұрынғы нышандары поэтикалық әрін сақтай отырып, сыртқы белгі болудан қалады. Ал Бұқарда арғымақтың

жалдары, күземелер, буралар, құландар, қасқырдай ұлыған төбеттер көбінене әлемшті бояуға айналып кетеді. Бәлкім, Абайдың “жамаулы поэзия” деп батыра айтуды да сондықтан болар.

Қалай дегенмен де, қайталап айтайдын, Абайдың бұл кекесін сезінде әділдік жоқ, шындық та жоқ. Бұқар ол “жамаулармен” ойдың келтелігін немесе басқа бір жетімсіздікті бүркемелеп отырған жоқ. Абайдан оның айырмашылығы – дәстүрге, ал бұл тұста мифологиялық канондарға пейілділігінде, ал мұндай жағдайда дәстүр дегеніңіз игіліктен кесірге айналып кетуі әбден мүмкін. Эккерманнның қуәландыруы бойынша, кезінде бұл жөнінде Гете жақсы айтқан. Шекспир оның көзіне әрдайым алып болып, өре жетпейтін биік болып көрінген фой, сөйте тұрып, “ол тым бай, шамадан тыс құшті. Жаратылысында жасампаздыққа бейім бола тұра, ол жылына бір-ақ пьеса оқи алады, әйтпесе құриды ғой. Менің “Гец фон Берлихинген” мен “Эгмонтты” жазғаным дұрыс болды, мойныма зіл болып жүрген жүктен солай ғана құтылдым, Байронның соған табына бермей, өз жолымен кеткені де жөн болды. Шекспир талай талантты немісті құртты, Кальдерон да сейтті”

Қалай болғанда да, Бұқар аңызға өте тәуелді бола тұра, оның мифте жоқ және бола да алмайтын бір артықшылығы бар; миф кешегінің, бүгінгі мен ертеңгінің арасындағы айырмашылықты білмейді, ал жырауда уақыттың тегеу-рінді, ауыр ықпалын түйсіну, одан да бетер, өлімді сезіну бар.

Қарғыын десен екі жағы ор екен
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсөн түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен.
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтүғын неме екен.

Уақыттың ісі қыын-ды,
Уақытымыз жеткен сон,
Айтып айтпай немене.
Жайнап тұрган қызыл шоқ
Су құйылып өшкен сон.

Бұл дала көркінің аясында тұа салған жай суырып салма емес, бұл қасіретті ойдың оянуы, бұл философиялық лириканың бастауы; Абайдың қаламына іліккеннен кейін ол, әлбетте, одан әлдекайда толық, жан-жақты көрінісін табады, сондықтан оған әлеміш тағудың қажеті болмайды.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-құлмес.
“Мені” мен “менікінің” айрылғанын
“Өлді” деп ат қойыпты өңшең білмес.

Абай өзінің ауыр ойын созып келгендеңі түсінісетін тілі, өзі талай рет ескерткендей, сырт көзге соңашалықты түсінікті болғанымен, тіпті өзінің замандастарына да күнгірт көрінген, ал одан кейін бір ғасыр, жарты ғасыр өткенде оны түсіну одан бетер мүмкін емес. Бірақ сөзде қимыл бар, ол түгел айтылып болғысы келеді, соның жолын іздейді, ал оның шешіміндегі өз рөлін Бұқар тамаша атқарып шыққан.

Абай атты құбылысты тудыруға тиісті рухани және шығармашылық құш-қуат осылай қорланып келіп еді.

Ал енді оның алдындағы ізашарларының, өсіресе Бұқардың, әрлі-берлі шыырлап таптаурын қылған жолдағы оның бағдар етер сүрлеуі қайсы десек, ол анық дидактика болып көрінер еді. Поэзияның ешкімнен жасырын етпей көздейтіні – білім беру, мектеп болу, мақсат көрсету, тағылым беру, сақтандыру.

Бұқардың бір өлеңі дәл осы бағытта – “Тілек” деп аталады, – бұл шындығында да, дәл сабакта дәріс бергендей мәттағамдал тұрып тізбектеген он бір түрлі тілек: Алланың өзі бүйірған жолмен ата-баба өсietіне адал бол, ауырып-сырқама, ақырында, өлмей бақ:

Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа...

Содан соң, әлбетте, Абылайға айтатын ақыл-кеңестері Бұқардың шығармашылық мұрасының едәуір бөлегі болып келеді де, олар көбінесе тақпақ өлең түрінде болып келеді.

Айталақ, Абай мұндан туралықтан қашқақтайды, ондағы сөз қадірі тек практикалық мұддемен тәмамдалмайды. Сөйтеп тұра, ол ұстаздық, тіпті ақылгөйлік дәстүрге де ададығын сақтап қалады.

Көлемі ұзак, жүз жолға тартатын “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” атты өлең өмір көріп, ақыл тоқтатқан сақа адамның алдында отырған ілтипатты жас ақын жігітке айтқан ақыл-кеңесі тәрізді:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз.

Біреуді көркі бар деп жақсы қөрме
Лапылдақ көрсө қызар нәпсіге ерме!..

Ер жігіт таңдал тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшінің бәрі бір бәс... .

Кейде осындағы байсалды әңгіме қаһарлы ашуға, ызакек, женіл өзілге ауысып кететіні бар, бірақ өлендерінде бейтарап селқостық және әсіресе төмендегі қыбыр-жыбыр пенделерге жоғарыдан қарайтын тәқаппар менмендік деген болмайды:

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамың, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер кор болып кетер түзге.

Ал кейде Абай өлеңі тіпті оттай лаулап, өлең мен шайқас арасындағы айырмашылық мүлде жойылып кететін тәрізді:

Қуаты оттай бұрқырап,
Уәзінге өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай зырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз...

Абайдың бұл жерде де қырдағы ізашарлары, эпикалық шығармаларды тұра мағынасында жауынгерлік намыс пен әділетті қорғаныс құралы еткен ақындар бар. Бұл жерде алдымен ауызға алынатыны – Махамбет, оның жаңа, XIX ғасырдағы Қазақстанның азаматтық тарихынан алатын орны ақындық тарихындағы орнынан бір де кем емес. Осынау қаһарман ақынның тегеуірінді, жарқын, ең жемісті кезінде үзіліп кеткен өмірі қазақтың Пугачеві немесе Ян

Гусы, 1836-1837 жылдардағы халық көтерілісінің көсемі Исадай Таймановтың тағдырымен тығыз байланысты. Бұл екі майданда, бірі Жәңгір хан бастаған өз ақсүйектеріне қарсы, енді бірі отарлық жаңа аймақты өз жеріндегі игеруге кіріскең империяға қарсы жанқиярлықпен жүргізілген романтикалық аса ауыр құрес еді. Махамбет Исадайға өте жақын дос қана емес, сонымен бірге адад серік те бола білді, сол қатерлі жолдағы кездейсоқ жеңістің қуанышы мен ауыр жеңілістердің қасіретін бірдей бөлісті. Содан кейін, әрине, оның жеңістерінің шабытты жаршысы болып, оларға тамаша өлеңдерін арнады. Исадай сол шығармалардың аныз-ертегілердегідей жеңімпаз, алып қаһарманы болып көрінеді:

Мандайына сары сусар бөрік басқан,
Жаурынына құшіген жұнді оқ шанышқан,
Айғайласа белдігі байланған,
Астана жұртын айналған,
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Адырнасын ала өгіздей мөніреткен,
Атылған оғы Еділ, Жайық тен өткен,
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан
Арыстан еді-ау Исадай!

Әлде бір мезетте атымен аталған Исадай, сол есімін жоғалтқандай-ақ, ар-намыстың, теңдесі жоқ ерліктің, сарқылмас қалың құштің бейнесіне айналып кеткендегі болады. Бірде ол кең даланың үстінен қырандай қалқып өтеді, енді бірде аң патшасындағы ақырып айбат шегеді:

Арыстан еді-ау Исадай,
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?

Ал екінші жағынан, Махамбет өлеңдері көтерілістің саяси хроникасы іспетті, соған қарап, тарихи хроникамен бірге қарулы қурестің басынан бастап, халықтың шынайы қасіретіне айналған Исадайдың қазасына дейін толық қадағалап отыруға болады.

Тайманың ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді,
Исатайды өлтіртіп,
Қырсық та шалған біздің ел..

Қалай дегенмен де, жауынгер Махамбет, ұлттық қаһарман Махамбет, қасіретті Махамбет (ол Орынборда айдауда жүргенде опасызыңған өлтірілген), ең алдымен, ақын еді. Одан да бетер, сол ақын қалпында қалды. Уақыт өте келе, мейлі ол зымырап тез өтсе де немесе өз ауанымен баяу өтсе де, бәрібір оқиғаның зәрулігі басылады, тіпті ең ірі, ең қасіретті дегендері де сондай, сөйтіп алдыңғы қатарға сөз шығады. Оны басқа бір ақын, біздің заманымызға жататын және Махамбет үшін өте маңызды фольклордың бейнелілігінен алыстап кеткен ақын Олжас Сүлейменов өте тамаша іліп алған екен:

Бәрі дұрыс, бәрі жөн-ақ, Махамбет,
Ақын болдым, сол қуаныш,
Сені білдім ақындықпен,
Өнерінді таныдым.

Тегінде, менің өте қара дұрсін көзқарасыма төрелетсек, Олжас – орыс тілді қазақ жазушысы – көшпелілер ақынының мәнін көп авторларға қарағанда дұрыс жеткізген, баяндамаған, зерттемеген (әлбетте, оның филология ғылымына жат емес екені мәлім), поэзияның өз ырғағымен нақ жеткізе білген. Оның Махамбетке арналған тағы бір өлеңі бар, – оны көп нұктемен рәсуса қылмай-ақ түгел оқытқанды жөн көремін. Бұл “Махамбет батырдың ажал алдындағы дұғасы” деген тақырыппен берілген кейіпкердің монологы:

Бісміллә!
Жорықтарда өзімді өзім ұмытып,
Көп жылдарды шайқасумен өткіздім,
Бастан асты өкініш.
Ат үстінде туып едім,
Әліп барам бұғауда.
Қарғылы иттей байлаудағы
Жұрт алдында мазақ боп.
Жауға мінген тұлпар ұмыт,

Жатқан жерім – көр зындан.
Көнбіс әйел көңілден шет,
Алдан күтем ажалды.
Жалаң қылыш айбатымды
Тот бастырдым қапыда.
Жүрек тулап зар илесе,
Бірде жылан, бірде қырги,
Бәрі соның жан азабы.
Ауызда тек иман, дұған,
Өзгесінің бәрі жат.
Шөл даланың ай сәулесі
Алысқандай аруақпен,
Және інгендей түн ішінде
Бура қуып тұралатқан.
Жерошакта қазан қайнап,
Тасыған сүт – бір көрініс...
Арсылдаған арлан тәбет,
Үй сыртында қырғын талас.
Қол созамын айға мұлгіп,
Несібем боп түсер нандай.

(Жолма-жол аударма)

Осындағы өрнек сөздерді және солардың артында тұрған тарихты, тұрмысты, сананы, көшпелінің көңіл қүйін алып тастаса, зындан мен казанды алып тастаса, аруақты, ата-бабалардың рухын алып тастаса, сонда алыста қалған орыс ақындары, дұрысырағы, орыстың кеңестік романтик ақындары: Тихонов, Багрицкий, Светловтар оны өзіміздің ақыннымыз деп құттықтаған болар еді.

Еске түсірініздерші, “Жастықта біз аттандық қылыш алып жорыққа...” немесе мына тәмендегі:

От, арқан, оқ пен балта,
Еретін соңымыздан қарсылықсыз...

Сол баяғы тығыз ырғақ, сол баяғы балладаның құйыннатқан шапшаңдығы, сол шапшаңдыққа елтіген көңіл.

Бірақ ештеңені алып тастаудың керегі жоқ, алуға болмайды. Тегінде, Олжас Сүлейменовтің ақындық зердесінде өткен ғасырдың 20-жылдарындағы орыс ақындары да өмір сүретін болуы керек, бірақ олардың ерікті-еріксіз

түрде қатынасы қатынас-байланыс аясын кеңейте түседі, ал ол аядағы құрметті орын Махамбеттікі, тек – аты ғана емес, өзінікі. Бірақ ол да, фольклорлық стихияға соншалықты жақын бола тұрып – Мұхтар Әуезов оған тәуелді деп те айтқан болатын, – бәлкім, санадан тыс болар, баллада түріне бейім. Ал бірақ, мұлде санадан тыс болмас – сайып келгенде, баллада аңыздан мұлде безбейді, безбеу былай тұрсын – ол оған құмар, сенбесеңіз, XIV-XVI ғасырлардағы ағылшын-шотланд поэзиясына құлақ түріп көріңіз, мәңгі жасайтын Робин Гудты еске алыңыз.

Алты күндей алаулап,
Он екі күндей ой ойлап,
Ақылды алпыс жаққа шаптырып,
Ақылы жөнге келгенсін
Толғай-толғай жүгірген,
Топырағын суырған,
Ертеден салса кешке озған,
Ылдидан салса төске озған,
Қой мойынды кек жұлын,
Томаға көзді қасқа азбан,
Кек жұлынды жетелеп,
Қабырға, кол сөгіліп,
Арғымақ ат бүгіліп,
Әзіреттен ант ішіп,
Ақыретті жанға байланып,
Талай жүрдік далада,
Әділ жаннан түніліп...

Махамбеттің қуғында жүріп айтқан бір өлеңінде осындай сарын бар, Олжас Сүлейменов соншалықты сергектікпен іліп алған дұға сарыны да дөл осы. Даланың тірлігі мен үні дүниежүзілік көркемдік көпдауыстылыққа осылай ұласуда.

Өзінің ізашарының дауысын Абай да естіген, тыңдаған, бір тәуірі – онда олардың арасында уақыт алшақтығы әлі онша қалыптаса қоймаған. Махамбет аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлының баласы Ыбырайым туғаннан кейінгі келесі жылы қаза болған. Ол кезде Исатай Тайманұлының көтерілісі әлі тарихқа айнала қойған жоқ-ты, сондықтан

оның ақынының өлеңдері әлі әсерлі естілетін, алғашқы ықпал күшінен айрыла қоймаған.

Айталақ, Абай канондық, провансалдық мағынадағы (ұш жолы тұрақты түрде ұйқасып отыратын) балладаларды жазған жоқ, Махамбет әуелден солай, ол жалпы өлең жазбаған. Демек, стильдеу туралы, “балладаға” ұқсатып өлең жазу туралы ешқандай сөз болуы мүмкін емес; оған тек XIX ғасырдағы ағылшындар, немістер, орыстар ғана өүес болған. Стильдеу – кемелділіктің сыбағасы, ал қазак әдебиеті ол кезде тым жасаң болатын. Ал өлеңді сомдауы – баллададай.

Жастықтың оты жалындал,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындал,
Әр қынға салған шақ.

Дұрысында, Абай дәстүрлі түрге тіпті Махамбеттен гөрі жақындау да, ейткені төрт аяқ ұш аяқпен алмасып отырған кезде, онда құрылым пайда болады да, ақындық сөздің қарқыны барынша шапшандай түседі:

Балалық өтті, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?

Бұл енді Махамбеттегі сияқты суырып салма емес, иіні қанған өлең, шебер жазушының жұмысы.

Ал кейде ұқсастықтың бір-біріне жақындал кететіні сондай, бір ауық Абай сөз өрнегінің кестесін басқа бір дайын үлгінің үстінен жүргізіп отырғандай сезілетіні бар (егер бұл екі аудармашы – Вс. Рождественский мен А.Штейнбергтің кездейсоқ тоғызы болып жүрмесе; бірак олай емес сияқты, ал бір түйсіктен шыққан ойлардың ұқсас түр арқылы көрінетіні бекер емес қой).

Махамбette:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі наиза қолға алмай...

Ақын бұдан әрі ар-намыстың тұтас бір кодексін тізбек-теп кетеді де, соның орындалуын еркек адамға шарт етіп көрсетеді.

Ал Абай болса, соның ізінше ойын былай өрнектейді:

Жайнаған туын жығылмай
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай...

Бұл жерде де адамның өмірден өзіне-өзі ырза көңілмен өтуі үшін қажетті қасиеттер бір-біріне жалғастыра берілген. Ал енді екі ақынның ой жарыстыра пікірін өз бетінше толғауы басқа әнгіме, айтыс кезінде де солай ғой. Махамбеттің кейіпкері – ең алдымен және тек қана ержүрек жауынгер.

Ер төсектен безінбей...
Ерлердің ісі бітер ме?

Ал Абайдың кейіпкері – жаразтықты үйлесімнің адамы, ол соғыста да, жайшылықты да өз болмысынан айнымайды.

Енді олардың алдында, әлде қайда өзге бір қырда, тіпті ойда жоқта, өзінің баяғыда-ак хрестоматиялық шығармаға айналған “Егерімен...” Киплинг қара көрсетіп келеді. Қалай дегенмен де, ойда жоқ болса да, кездейсок емес. Өйткені ол өзге емес, одан да өткен атақты – “Шығыс пен Батыс туралы балладаның” авторы ғой. “Шығыс та жоқ, болған емес Батыс та” дегенді сол айтқан.

“...Күндердің бір күнінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартан, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, “Қозы Қөрпеш – Баянды” жырлап берген Байкөкше деген жырши.

...Қонақтармен жай сұрасып, амандастып болған соң Ұлжан Абайға қарап жымын?

Әжеп мен екеумізді қажай беруші едің, әнгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын! – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті келген, зор дауысты ақ сары кісі Барлас Абайға салғаннан ұнады...

– Е, балам, “шешенің судай төгілген, тыңдаушын бордай егілген” дегендей, сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел – ел-дағы. Тыңдауға сен жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас! – деп жас жолдасына қарап күліп қойды...

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде

шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соктырып, ескектете келген әнінен бе? Беубеу қаққан қоңыр, майда бояу домбырадан ба? Қалай да болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар ешнәрсе есітпеген сияқты болды”

Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі Барластың өзі сүйген құлақ қүйі сияқты термелер болады... Мұның ұғымтал зеректігіне қатты ырза боп, шын сүйсінген Барлас бір оңашада, жай ғана тақпақтап:

Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсөң, сірә, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасан шынға жетерсің –

деп кеп, Абайға домбыраны ұсынды.

– Міне, балам, осы менің батам болсын. Тіпті, шынымен мейірім түсіп айтқызып отыр, – деді”. Бұл патшаның қолынан ұсынылған сыйлықтай бойында ақындық өнер оянып келе жатқан жасқа берілген батадай болып еді.

“Абай жолында” суретtelген эпизод осындай. Бірақ Барлас деген есім кейін пайда болды, өуелгі аты басқаша болатын. Бірақ бұл ешкімді, тіпті кітапты қолына бірінші рет ұстап отырған адамды да адастыра алмайтын еді: Барластың әр жағында көшпелі елдің Абайға дейінгі заманындағы ең танымал айтқыш ақыны Дулат түр еді. Шын ақын, өйткені оның алғашқы өлендер жинағы 1880 жылы Қазанда басылып шыққан болатын.

Қыр еліндегі төменгі әлеуметтік топтардан шыққан, өз бетімен оқып, заманындағы ең білімдар адамдардың бірі атанған бұл кісінің жастиқ шағы сондай кезеңді Русь елін ақтаумен өткізген Горькийге ұқсастау, ал өз аты поэзияда “Зар заман” атанған ағыммен тығыз байланысты. Бірақ ол атауды ойлап шығарған бұл емес, оның кіші замандасы Шортанбай. Соның осы аттас өленіне орайлас аталаған кеткен.

Бұл қандай заман еді? Мезгіл жағынан алғанда – XIX ғасырдың бірінші жартысы. Ол кезде көшпелі тұрмыстың дәстүрлі түрі іштен де, сырттан да қатты қысымға ұшыраған да, соған жанталаса қарсылық көрсеткенімен,

іргесі сөгіліп, қақырай бастаған құрылышты құтқару мүмкін болмай қалған-ды. Қысқасы, бұл тарихтың тереңнен бұлқынып шыққан тегеуріні партиялармен бірге идеялардың да қатты қақтығысын туғызып жатқан. Біз, бірінен соң бірі тізбектеле келген талай европалық соғыстар мен революциялардың мұрагерлері, мұны жақсы түсінеміз, алайда біз өз дертімізге қатты қиналғанмен, шалғай саналатын шет аймақтарға онша көп мойын бұра бермейміз.

Баршаға мәлім, сол кезде Европаның өзі де қайшылыштардан қатты сілкініс үстінде болатын. Сол жарылыштар әртүрлі көзқарастар мен мінез-құлықтарға әсерін тигізген. “Сіздің кең байтақ отаныңызда – деп жазды Герценге аса ірі ағылшын ойшылы, тарихши, жазушы Томас Карлейль, – талант көп, ол жағынан бірінші орында сыздар, сонымен қуаттысыздар, басқа елдерден асып түсесіздер, ондай талант, бағына білу таланты барлық үлттарға қажет..., бірақ ондай талант басқа елдерде әсіресе қазір сөн болудан қалып барады” (бұл хат 1855 жылы 13 сәуірде жазылған). Карлейль сөздің дәл және ізгілікті мағынасында реакционер еді. Хатты ол тағы да сөздің ең мәртебелі және қаһармандық мағынасындағы революционерге жолдап жазды. Герцен хатты алғаннан кейін өртеніне былай деп жауап жазды: “Біздің ар-намысымызға сәйкестеп бағына білу таланты – ізгілік. Ал бірақ біздің ар-намысымызға қайши келетін бағынуға қарсы күресу таланты – ол да ізгілік!.. Күресу мен қарсыласу таланты болмаған жерде дүние жүзі Жапонияның көзқарасында болар еді де, тарих та, даму да болмас еді”

Не ірі-ірі қалалары, не университеттері, не кітапханалары жоқ қазақтың кең даласында бұл тәрізді айтыстар өрістей алмайтын. Бірақ онда болып жатқан оқиғалар Европадағыдан кем түспейтін. Керек десеніз, бұл өзі жай оқиғалар емес, тарихтың тектоникалық дүмпуі болатын. Францияда, Германияда, Ресейде әлеуметтік күштер қақтығысқа келген болатын, оларда күрес әлеуметтік реформалар жүргізу немесе құрылышты толық өзгерту жолында өрістеген. Ал Шығыста тұтас бір өркениет дүниеден кетіп бара жатқан. Бәлки, алыстан оны түсіну қыын да шығар, әсіресе ол кезде оны түсіну мүмкін де емес

еді. Николай казармасын өлердей жек көрген Герцен “Колоколдың” бетінде отаршыл әкімшілікке қарсы әділ наразылық білдірді: “Аугсбургская газета” Орынбор губерниясындағы қазактардың көтерілісі мен шапқышылығы туралы хабар тарап, шаруаларда үрей туғызғанын жазады... бірақ осы сұмдық оқиға туралы ештеңе жазбағаны өкінішті болған... Ерте замандарда болған соғыстар мен монгол шапқыншылығынан беріде қатігездігі жағынан полковник Кузьмин мен майор Дерышевтің шапқыншылығынан өткен жауыздық болған емес. Бұл қанқұйлы болған оқиға әлі өзін баяндап жазуды күтіп тұр”. Бірақ та полковник пен майор деген не – олар державаның бүйірігін орындаушы кездейсоқ адамдарғана; ал державаның ойы барып тұрған айуандық жолмен тұтас бір өмір салтын талқандауға тырысу, міне бұл туралы мақалада бір ауыз сөз айттылмайды. Жарайды, “Колокол” Лондонда шығарылады екен, көп нәрсе ол жақтан көрінбейді. Бірақ Адольф Янушкевич қастарында болып еді ғой, бірақ ол Лепсі өзеніне барған сапары туралы әңгімелегендегі, шын соғыс Кенесары хан мен империяның арасында емес, өркениеттің екі тұрпаты арасында болып жатқаны туралы бір ауыз сөз айтқан жоқ-ты. Тегінде, Герцен сияқты Янушкевич те революционер болған тәрізді. Мәселе сонда болуы керек.

Қыр елінде уақыты жеткенше өзінің радикалдары болған жоқ, ал олар пайда болып, тарих сахнасына шыққан кезде байқалғаны – олардың ілгерішілдік талап-тілектері үлттық мұрамен өте тығыз байланысты екен. Алаш Орданың жанкешті қаһармандары ескі дүниені түп тамырымен құртқылары келмедин, аныз олардың көзіне өте маңызды, қасиетті нәрсе болып көрінді. Бірақ олардың, өкінішке қарай, өте қысқа болған жұлдызды сағаты туатын кез әлі алда еді, ал Қыр елі әлі өз ішінен герцендерді бөліп шығара алмады, бірақ карлейльдерді туғызды.

Азаматтық сілкіністерге жаны қас, “Sartor Resartus” пен “Француз революциясы” авторының ғасырлар көленкесінен қарай батып бара жатқан Англияны және жалпы ортағасырлық Европаны жоқтағаны сияқты, Дулат және оның ең жақын пікірлестері – Шортанбай мен Мұрат өздерінің көз алдарында өзінің берік жарғысымен бірге ыдырап бара жатқан көшпелі өмірді жоқтады.

Осы таяуда ғана, бірақ басқа заманда, мынадай сөздердің оқуға болатын еді: “өз заманындағы әлеуметтік және қоғамдық өмірдің теріс құбылыстарын (патша шенеуніктепері мен “өз” феодалдарының екі жақты езгісінен зар илеген еңбекші халықтың ауыр жағдайын) әділ сынай отырып, қанаушылардың ашқарақтығын, пайдакунемдігі мен өзімшілдігін өшкерелей отырып, “зар заман” ақындары сонымен бірге патриархалдық-феодалдық идеологияның жаршылары және қорғаушылары болды. Олардың өткен заманды, ғасырлар бойғы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды әспеттеуге негізделген саяси бағдарламаларының жарамсыздығы нақ осы жағдайға байланысты болды”

Дұрысты дұрыс деу керек, әспеттеу де, қорғау да болды. Ал бірақ ешқандай идеология да, әсіресе ешқандай саяси бағдарлама да болған жоқ десем, қателеспейтін сияқтымын. Әрине, өткенді зарлана жоқтау болды. Сол кездегі көрер көз бен тебіренген сезімнің сыртқы көрінісінің өзі сондай ғана болған ғой. Ие, солай, кейін қарай бұрылыш қарағандағы “зар заман” ақындарының көргені қөшпелі өмірдің сәнді жағы ғана еді, ешқандай алауыздықтың зардабы туралы сөз болған жоқ, ал қаталдық, екіжүзділік, өзімшілдік дегендер қай заманда болса да бола береді, оларға уақыттың өмірі жүрмейді.

“Дулат сынды сорлыда үйқы-тыныштық бола ма?! – деп зарлайды ақын, сол тыныштық болды ма екен, сірә?

Өрісің бейбіт дер едің,
Қонысың қен кер едің,
Тебініңді теуіп тел ескен
Төрт түлікті жер едің,
Ойың қекпен ойылған,
Қом жасап түйен тойынған,
Жылқыңың шабы бусаған,
Шөбінді сенің татқан мал
Құламасы сусаған,
Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай жері едің!

Сары арқаның ойы-қырын түгел аралап шыққан тағы бір кезбе ақын – Шортанбай Дулатқа үн қосып, осылай жырлайды. Бірақ қайда сол Эльдорадо, қайда сол Арманды жер, қайда сол Асан Қайғы таба алмай кеткен Жерүйық?

Қарқ олжаға батқан жер,
Алтыннан тұрман таққан жер...
Айыр өркеш сары інген
Кілем жайып үстіне
Қыл арқамен тартқан жер.
Мындан жылқы айдаған,
Жұзден нарды байлаған,
Салтанат түзеп мырзалар
Тамашаға батқан жер.

Және бір ақын, “заршының” ең кішісі – Мұрат ақын, ол да кедей, ол да шала оқыған, ол да халықтың эпосы мен ескілікті аңыздарды жетік біледі, бірақ сол даланың тамаша әр жағындағы қасіретті көріністерді қалай көрмейді, жаназаның қайғылы дауысын қалай естімейді?

Көрмеген. Естімеген.

Бірақ поэзия деген тарих емес және идеология да емес, ол басқа бір нәрсе, сондай-ақ поэтикалық әділет пен тарихи әділет бір емес, әсіресе біз сөз қылып отырған заманда – құрт өзгерісті заманда бір болмайды.

Зар Заман – бұл жанның қиналысы, бұл жүректі жарып шықкан дұға, бұл салтанатты қасірет жыры.

Әлбетте, арманның қасында, қиялдағы үйлесімнің қасында қазіргі жараның тыртығы өте ұсқынсыз көрінеді:

Ер деп елді бұзғышты,
Сұқсыр деп сұмырай қызығышты,
Кезқұйрықты лашын деп,
Кенеусізді асыл деп,
Құладынды сұңқар деп.

(Дулат)

Бәрі өзгереді, бәрі өзінің кері мағынасына айналады, қазіргі заманың масқаралық ен-таңбасы – рухтың жұтандығы, жан жарасы, алдау, жаппай зымияндық, жүрт біткеннің алды тұңғиық, – Шортанбай соны ойлап күрсінеді:

Шексіз ауыр тіршілік...
Таусылар күні болар ма?
Әкені бала тындарас,
Сорға біткен ол мұндар.

Ал Мұраттың сарынында бұдан да өткен үмітсіз ақырзаман.

Асылсыздың баласы
Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі пүл болды.
Шыр көбелек айналып
Замананың адамы,
Замана мұндай сүм болды.

Дулат 1802 жылы Семейдің маңындағы бір ауылда туып, жетпіс екі жасында сол жерде қайтыс болған. Шортанбай одан алты жас кіші, жастық шағы Қаратая баурайында өткен де, кейін Орталық Қазақстанға қарай қоныс аударып, қалған өмірін сол өнірде, халықтың қадір-құрметіне бөленіп өткізген. Шортанбай дүниеден 1881 жылы өтіп, содан жеті жыл кейін алғашқы жинағы жарық көрген. Ал Мұрат 1843 жылы туған, өмірінде Маңғыстау өлкесін, Еділ мен Жайық бойын көп аралап, ақырында Өрлік дейтін Қазақ-орыс станицасында орын тепкен де, жаңа ғасырда, 1906 жылы қайтыс болған.

Сөйтіп, зар заманың ең ірі үш ақынының үшеуі де Абайға замандас, ал Мұрат тіпті онымен түрғылас десе болғандай: одан екі жыл бұрын туып, екі жыл кейін қайтыс болады; демек, Абай бала жасынан осындағы ақындық ортада өсіп, соның әуенін бойына сіңіріп өскен; айтқандай-ак, бұл жағдай Мұхтар Әуезовтің романында жақсы көрсетілген. Сонымен, Барлас-Дулаттың ауызben айтпаса да, түйсікпен сезінгендей, домбыра сыйлау арқылы көрінген жорамалы шындыққа шығып, Абайдың өзі де ақын болды, солардың өлең-жырларын зердесіне құйып өсті, соларды өзіне сабақ етті (“Ел ақтаған ақын емес қой, сөзін ұғып ал осының! – деп қоюшы еді Ұлжан”).

Алауыздықтың ащы зардабы, тағдыр-талайы кемшін кедейлерге байлардың көрсететін жәбір-жапасы қашанда көзге ұрып тұратын:

Сараң байға бақ тұрып,
Қолынан қайыр бермейтін..

Дулаттың әшкере сөзі осылай түзілсе, Абай оны былай жалғастырады:

Байлар жүр баққан малын қорғалатып,
Өз жүзің, онын беріп, алар сатып.

Шортанбай өзінің мұнды сөзін былай толғайды:

Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді...
Кедейін қайтіп күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны.
Жаздай арық қазады
Күздей пішен шабады.
Оны-мұны жиғанын
Шығын деп тілмаш алады...
Кедейге салып шығынды
Негізі байдың тоймайды.

Абай осы сарынды да іліп әкетеді:

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып...
Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы...

Бұл жерлерде жай ғана баяндау, тікелей тегеуірінді ықпал жоқ. Өлең нақты болмыстың өз тілімен сөйлеп түр, бой көрсеткен белгілі бір ақын да көрінбейді, сөйлеп түрған эпикалық аңыздарға қарай бет бүрған дәстүрдін өзі – бұл зұлымдықты жазғырып, жетімді жебейтін дәстүр. Ақынның жүртқа қаратып айтатын нақыл сөз дәстүрі де осы:

Қайырысız байдан пайда жок –
Нашарға жәрдем бермесе...

Дулат ағайынға арнаған сөзін осылай түйіндейді. Ал Абай болса, мүлде өзге өрістен ой тербел, бәрі бір нақыл-дап, жалпы адамшылық соныға жетелейді:

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсан әрқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, калан!

Байқасақ, уақытқа және әртүрлі замандарға көзқараста Абай мен зарзаман ақындары жай ғана сұхбаттастар секілді, ал кейде пікір таластыратын да кездері бар. Ие, өзінің алдындағы таяу ізашарлары – жастары үлкен

замандастары есепті болғандықтан, кейде Абай кейін қарай мойын бұрып, өткенді сағына ансайтын тәрізді:

Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды...

Алайда оның кейінге қарай қадалған көзі қатқылдау, онда парықсыз романтика да, сол Дулаттың өзінің өткен заманның салт-дәстүрін еске алғандағы бұрынғы елігіп елтуі де жоқ.

Ақжайлау мен Сандықтас –
Атамның қонған қонысы:
Тұн асса тұтам түк өскен,
Басылмайтын сонысы!

Ие, ол әрдайым соны бола бермеген! – деп, інісі ағасына басалқы айтатыны сияқты, жұт та болған, адамдар да бір-бірімен айқасқан; жалпы өмір дегенің кешегі мен бүгінгі деп жай жіктей салуға келе бермейді, кешегің бүгінгіге ауысып жатады, жарығың да кейде қара тұнектен айыр-ғысыз бол қалатыны бар. Ол былай тұрсын:

Жақсылық ұзак тұрмайды,
Жамандық әр кез тозбайды.

Бұл Абай сынды философ ақынның айтқаны, ал Дулат философ емес еді.

Бәлкім, сондықтан да шығар, бұл екеуінің көзіне бүгінгі күннің келбеті бірдей болып көрінбейтіні. Ие, Абай айналасына көз жіберіп қараса, ол да “зар заман” ақындары сияқты, әдет-ғұрыптың ыдырап, бұзылып бара жатқанын көрер еді:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем мен сонан...
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр,
Болдың ақыр тап-тақыр.

Оның өлеңдерінде өмірдің, оның ішінде қазіргі өмірдің де, толымдылығы бар, ал ондай нышан, жалпы алғанда, оған рухы жақын басқа ақындарда жоқ; Абайда бүгінгі күннің қылау түспеген қуанышы бар, ие, тек болмыстың

ғана емес, жылт еткен бір ғана сәттің қуанышы, ауда қалықтаған көбелектің бе немесе қыранның еркін самғауы сияқты жеңілдік. Әттең сондай жеңілдік қазіргі Абайға арналған ескерткіштерде болар ма еді шіркін... Ондай жеңілдік Дулатта да, басқа ақындарда да жоқ, олардың өлеңдерін қайғы-мұң мен қасірет қара тастай басып түр. Абайдағы “Жазғытурым” сияқты өлеңді, дүние үйқыдан ояңғандай, табиғат адамның басын айналдырғандай құлпырып тұрған сәтті ол жаза алмайды. Дарыны жетпегендіктен емес, ол туралы әңгіме жоқ, мәселе көзқарастың басқалығында.

Жазғытуры қалмайды қыстыңсызы,
Масатыдай құлпыраш жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Осы өлеңді жазғанда Абайдын жасы қырықтың бесеуінде болатын – бозбаланың жасы емес.

Қысқасы, ақындардың өмір сүрген заманы бір, бірақ дүниеге көзқарастары әртүрлі, тіпті пікірлес адамдардың жай әңгімелесуінің өзінде әжептәуір пікір алалығы байқалып қалады, әркім өз бетінше түйе айдайды.

Ал енді өлең табиғатының өзінде – міне осы тұста шеберлік мектебі қылаң береді. “Зар заман” деген салтанатты атау, көтеріңкі сөз, бірақ сөйте тұра бұл дәуірдің поэзиясында әнтек бұқарашылдық сипат бар, керек десеңіз, адамды өзімсіне сөйлеп, іш тартады, күйкі тіршіліктің гөйгөйін тартып кетеді:

Қайран қазақ, қайтейін,
Қасиетті еді хан, қаран.
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер бас аман,
Бәйбіше – тантық, бай – саран,
Бозбаласы – бошалан,
Қырсыға туды қыз балан.
Нары – жалқау, кер табан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан,
Жырғалаң жоқ, жобалан.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?!

Құлдырау көрінісін суреттегендегі Дулат метафизика атаулыдан аулақ, ал бірақ “сандарап” деген сөз, сірә, жүрттың бәріне таныс, әркімге жақын болмыс аясында жат естілетін болар (түпнұсқада бар ма екен өзі?). Бұрынғы замандағы серілер мен жыраулар және оларға дейінгі анызды шығарушылар тілдің ертеғіге тән ерекшелігін, демек, оның материалдық табиғатын қадірлекен. Жалпы мифтің сөзі, ең алдымен, өзінің оралымдылығымен және даусыз дәлділігімен ерекшеленеді; “метафора мен символда пайдаланылатын бейнелердің барлығын да,— деп түсіндіреді А.Ф.Лосев,— мұндағылар тұра мағынасында, яғни мұлде шынайылық яғни субстанциялық түрғыдан түсінеді” Басқаша айтқанда, егер көркем шығарма-шылықтағы реализм деп өмірге адалдықты түсінетін болсақ, онда оның бірден-бір мінсіз ұлгісі деп мифті мойындауға тұра келер еді. Адамдар мифке символдық мағына бергенге дейін көп уақыт өтуге тиіс еді. Біз үшін бұл Энейдің өлі жандар еліне бара жатқан жолда жұлып алған ағаш жапырағы – қасиетті жапырақ сияқты көрінеді, ал оның өзі, яғни Афродитаның ұлы және Троя патшасы Приамның немересі үшін шын мөнінде еменнің (немесе омеланың) жапырағы еді, бірақ ол кезде оның ішінде Немей көлін құзететін жәдігөйдің жаны сақталады деп есептелетін.

Мұндай өзгеріс мифтен әдебиетке, салт пен рәсімнен театрға көшкен кезде болады. Берідегі Цицеронның өзіне айқын болған бір шындық бар: римдіктер нанды Цереро деп, шарапты Вакх деп атаған кезде, бар болғаны жалпыға мәлім мынадай риторикалық өрнекті қолданған ғой: “Дүниеде өзінің жеп отырған тағамын шынында да құдай деп ойлайтын ақылсыз адам бар дегенге сіз рас сенесіз бе?” Олай болғанда, Тернердің табиғат көрінісін салған мына суреті де мұлде шартты түрдегі дүние болып шықпай ма: онда сонау тарихқа дейінгі замандарда жаңағы Немей көлінің жағалауында үнемі мынадай рәсім қайталанып түрған: адамдар еменнің бұтағын сындырып алғып, сонымен соққылау арқылы кәртамыш жәдігөйді өлтірмек және денедегі ескі қанды жаңа қанмен алмастырмак болады екен.

Кейбір жағдайда Дулат та сол Цицеронның немесе Тернердің немесе мифті құртпақ болатын кез келген суретшінің кебін киеді. Эпосты, айталық, қазақтың

романдық эпосы – “Қозы Қөрпеш пен Баян сұлуды” түдірған адам стихиялы түрде демократияшыл, ал ақын осы стильді саналы түрде, әдейілеп жасайды. Сондықтан да жанағы мектеп жайындағы сөзді айту орынды болып шығады.

Шешендіктің сәні жоқ –
Сөзіне сүттей ел үйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт конбаса.

Дулат шындығында “зар заман” поэзиясының сындарлы манифесін жасап берді, онысы өткен заманның өзін жоқтағандай табиғи болып шыққан. Әйтпесе, одан басқаша түрде болса, күңгірт және сылбыр сөзбен қайғыны жеңілдете аласың ба, қаһармандық, ерлік, арнамыс сезімдерін сөзбен тірілте аласың ба – осының бәрі бір кезде көшпелілерде бар еді, соның бәрінен қазір айрылып қалды емес пе?

Абай осы эстафетаны іліп алып, уақытты бері жылжытты. Кейде мынадай да әсер пайда болады: орта ғасырдың айтқыштары түдірған аңыздарды Дулат және басқа ақындар өздерінше оқып, ойға салып, қайта өндегеннен кейін, енді олар Абай тілімен сөйлемп түрган секілді.

Ескі бише отырман бос мақалдан,
Ескі ақынша мал үшін түрман зарлап,
Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдал.

Осы жай ғана аяң сөз бе? Ие, әрине, өте қарапайым. Сонымен бірге Абай поэзиясының суреті ғана емес, бояуы ғана емес, сюжеттері ғана емес, солармен бірге дыбыстары да, сөздері де, бейнелері де – осының бәрі таныс, осының бәрі тіпті сауаты жоқ, ең қара қазақтың да ақыл-ойы мен жүрегіне жақын.

Караша, желтоқсанмен сол бір-екі ай,
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырар бай.

Осындай қарапайым сөз кімге түсініксіз, кім оны теріс дей алады: ие, дәл солай, білеміз, оған етіміз үйренген, жылма-жыл қайталап түрады:

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтіретіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.

Күн райының қандай екенін кім білмейді, қайдағы бір болыснайлар мен үйезнайлардың бұрынғы қыр адамына тән намыс пен тәуелсіздік рухынан айрылып, белдері бүгілгенше еңкейе, жығылып-сүрінетіндерін кім көрмейді?

Ал бірақ ақын сөзі сондай қарапайым болса, оның бәрі көзге көрініп, көңілге қонымды болып тұrsa, онда Абай өзін де, сөзін де жұмбақ деп неге қайталай береді, “өлеңі бар өнерлі інілеріне” қарап, оларды сақтандырады, тіпті жалынғандай болады:

Шұу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей...

Бұл енді басқа бір демократия, басқаша бір сөз, оның өз заңдары, өз биігі бар. Ол осы аймақта естілгенімен, басқа жаққа қарай сүйрейді, байларды, билерді, болыстарды құлақтары естімеген, таудың самал рухы есіп тұрған басқа биіктерге қарай тартады:

Дүниеге дос ақиремеке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей болып орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

Жалпы поэзия дегенің асau, ал ақын – әрдайым диссидент, тіпті өмір салты баяғыда-ақ орныққан ортада да солай. Октавио Пас – ақын, оның айтатыны да өзгелердікі сияқты, сөйте тұрып ол басқаша сөйлейді. Шортанбайды жүрт өте діншіл болған адам деседі, тіпті діннің фанатигі деуге дейін баратындар да бар; шарифаттан сәл ауытқудың өзін ол ауыр күнөға санаған, ал қайғы-қасіретке беріліп зарлау исламның түбірлі ережелеріне қайши келеді дейді. Мүмкін, солай да шығар. Ал бірақ сол Шортанбай қолына домбыра тисе болды, өзгеріп сала береді екен:

Қызы сыйламас енесін,
Арттым мен деп егесіп.
Салыстырар денесін

Пысықсыған немесі.
Көзінді ойып барады,
Күнде тесіп тәбесін.
Ақсақалдан әл кетті,
Болмаса тәңірім демесін.
Азаматтар, әлеумет,
Мұның да несін сөгесін?!

Бұл сөздерде қапалық бар, бұл сөздерді өткен заманың дәстүрлері мен тәртіпперін қатты сыйлайтын адам айтып отыр, бірақ мұнда ешқандай фанатизм жоқ, Шортанбайдың кейбір өлеңдерінде кездесіп қалатын діни экстаз да жоқ. Дегенмен, әділдік үшін айта кету керек, бұл сияқты ерсі ойлар социалистік идеологияның көз қарықтырар сөүлесі тұсында ғана ауызға алынатын. Бірақ ең қызығы бұл да емес. Тіпті, ең анқау деген оқырманның да көзіне бадырайып көрініп тұратын нәрсе мынау: Шортанбайдың исламында да демократиялық нышан бар, бұл өзі – қолға үйретілген үй ішілік дін. Бәлкім, оған таңдануға да болмас, өйткені қыр еліне Таю Шығыстан келген діни ілім өзінің сөзсіз қатаң сақталатын кейбір сипаттын жолшыбай жоғалтып алған.

Қыр елі – кең байтақ дала. Оның айналасы қамалмен қоршалған қалалары жоқ, әр жайлау сайын, әрбір тоқтаған жерде мешіт сала алмайсың, дала көрінісінің өзі догмаға жат. Ілім рухының жөні, әрине, бөлек. Ол сақталғанда да нақ осы тұрмыспен табиғаттас болып сақталады. Ал Шоқан Уәлиханов мұсылмандық Қыр еліне XIX ғасырда ғана келді, сондықтан ол қазақтың қаны мен жанына әлі сіңіп үлгірген жоқ деген де пікір айтқан. Сол “Оңтүстік – Сібір тайпаларының тарихы жөніндегі жазбаларында” Орта жүздің сұлтаны Барак туралы анекdot айтылады. Жұрт жиналған жерде татарлар мен бұхарлықтар пайғамбардың атын жиі-жиі атай берсе керек. Соған таңданған сұлтан: сол Мұхаммед дегендерің кім өзі депті де, жауабын күтпестен: “соғылған біреу шығар” депті дейді. Әлбетте, әрбір шын ниетті діндар адам секілді. Шортанбай да мұндай сөзді күпірлік деп санар еді. Сондай-ақ, ол өзінің ойын бүрмалап жіберген жасы кіші замандасының сөзімен келіспеген болар еді: бұл жерде ақын: қазіргі құлдырау ислам қағидаларын сақтамағандықтан болды десе, ғалым оған керісінше: аз уақыттың

ішінде, 1822 жылы алғашқы округтер құрыла бастағаннан былай қарай, үкіметтің қамқорлығы арқасында ислам кереметтей ілгері басты деп отыр. Шамасы, Шоқан өз сөзіне өзі елігіп кеткен сияқты, қалай дегенмен де, біздің билетініміз, Қошығұлов молданың хатына қарағанда, “үкіметтің қамқорлығы” басқалау жаққа қарай бағытталған сияқты. Бірақ мәселе онда емес.

Осынау сырттай жүргізілген пікір таласында Абайдың тұрғысы қандай болар еді?

Оның кейбір өлең жолдарынан Мұхтар Әуезов бір терең діни сезімді байқағандай болады. Бұл әсіресе сүйікті баласы Әбіштің қатты науқасқа ұшыраған кезінен бергі жазған өлеңдеріне тән. Бұлары тіпті өлең де емес – іштей таусыла айтылған жалыныш, жалбарыну, егіліп тілену сөздері тәрізді.

“...Бұл өлеңдерде Абай – анық діншіл ақын. Діні ислеміят жолының қағидаларына табынған, мұсылманшылықтың алласын, пайғамбарын, иманын үнемі ауызға алып отырған дін ұстазының ұғым-нанымын көрсеткендей” Бұл Абайдың өміріндегі кездейсок оқиға емес. Сондай-ақ бұл кейде жабырқау түрінде болып, енді бірде қайтадан жадырау түріне ауысатын көніл күйі ғана емес. Бұл – өмірдің бір қызын сөтінде сыртқа шыққан шындық.

Шынында да солай. Оның құдайға қаратып айтқан сөзінде іште булыққан зар, жанды жеген қасірет бар:

Я, Құдай, бере гөр,
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықты
Шошыған жүректі.

Шын жүрек елжіреп,
Алладан тілеймін.
Шын қалқам осы күн
Болып түр керекті.

(Мен осы өлеңді қазақша оқығанда тыннадым – сонда кәдімгідей мұсылмандарды таң намазына шақырған муәзіннің мақамына келтіре, дауысын созып, елжірей айтқан дұғасын естігендей болдым. Өлеңнің орысша аудармасында ол нақыш мүлде жоғалып кеткен, тіпті оның сөздерінен атеистік тәрбиенің лебі есіп тұрғандай:

құдайдың мейірін тілегенде “твердят” деп шегелемей-ак, “говорят” деген жұмсақтау сөзді қолданса да болар еді фой, одан тіпті өлеңнің үйқасы да бұзыла қоймас еді. Бірақ амал қанша, ол 1954 жыл фой, Абай өлеңдерінің бір шама толық жинағы сол жылы орыс тілінде тұңғыш рет жарық көрген. Демек, большевиктердің алғашқы құндерден бастап дінге қарсы ашқан соғысы әлі де түтеп тұрған болатын).

Әлбетте, сол бір қорғасындай ауыр зұлматты жылдары Төлбасы өзінің ойындағысын ашық айта алған жоқ – ақынның исламға көзқарасы жөнінде пікір айтатын “Абайдың ақындық айналасы” дейтін мақаласы ұзак жылдар бойы жазушы үстелінің тартпасында жатты да, кейін Әуезовтің мұрағатына көшіп, содан сексенінші жылдардың аяғында ғана жарық көрді.

Мұхтар Әуезов онда жоғарыдағы пікірін әрі қарай жалғастырады: ие, деп жазды ол, Абай – мұсылман, бірақ оның діншілдігі онша берік емес, “оны моралистік және жалаң ойшылдық философиямен ұштастырмақ болды” Басқа бір жерде оны сыншыл ойдың философиясы деп атайды.

Мінекей, жаңғақтың дәні дәл осы арада. Абай Ахмет Ризаның медресесінде “ұзын шапан киген қырбық мұртты сәлделі” молдалардың дін жөніндегі сабағын жақсы игерді ме, жоқ па, оны біз біле алмаймыз, бірақ қалай болғанда да оның өлеңдерінен тыңдаушысын құран қағидаларына ұйытатын анық мұсылманды көре алмаймыз. Солай бола тұра, Абай өлеңдеріне нәр берген діни сезімде Шортанбай поэзиясындағы ашықтық пен қарадүрсіндік жоқ. Абай шын мәнінде философ, ойшыл, ой-қиялды жарық сәулеге қарай үмтүлған жіті көзді ақын. Сондықтан да бір-бірімен онша қабыса қоймайтын ақыл мен сенім онда оңай ұштасады. Абайдың ішкі тірегі, деп қорытады Мұхтар Әуезов, дін болды, бұл тұрғыдан алғанда, ол өмір бойы өз сеніміне адал болып қалды. Бірақ осы топырақта рационалистік ақыл-ой көзқарасы қалыптасады.

Киіз үйдің туырлығы осылай ажырасады, оның тұндігі де гүл құлтесі сияқты осылай ашылады, ал жақындағы дос сөз бер ойдың одан гөрі кеңірек аумағы – тағдырға барып осылай ұласады.

Төртінші тарау

ӨЗІНІҢ ШЫҒЫСЫНДА

*Ақылдың ақыргы қадамы – одан басым
түсемтін нәрселердің шексіздігі бар
екендігін мойындау.*

Блез Паскаль

Шанти шанти шанти

*T. С. Элиоттың “Тандырыс з жер” атты
поэмасының ең соңғы жолы; санскрит тілінде:*

*“Ақыл атаулыдан биік тұрган дүние” деген
мағынаны білдіретін “Упанишадтың”
қайталама қайырмасы*

Дөл жиырма сегіз жасында, ру таласының дау-жанжалы мен неше түрлі өсек-аяқынан әбден мезі болған, қаһарлы әкенің жанына талай жыл тыныштық бермей келген мансап атаулыға ешқандай ынта-ықыласы жоқ Абай толып жатқан басқару комитеттерінен біржола безіп шығып, өзін жас күнінен толғандырған ақындық өнер мен ғылым-білімге қарай біржола бел шешіп шықкан. Ол үшін қайдағы бір жер дауы деген немене, жылқы ұрлаған барымташының жанжалы деген немене, әрдайым мұның құлағын елең еткізіп тұратын шолпының сылдыры мен даладағы өлең шөптің суылышынан артық не бар бұл дүниеде, солардың сырын ұғып, соны сұлу сөзге айналдырғаннан қызық нәрсе болар ма, сірә? Ақын деген патшадан да биік және,

ең бастысы, одан жоғары түр – мұны Абай ерте сезінген, ал қазір, әкесі тарапынан жасалып жатқан әділетсіз істердің куәсі болып, соларға, амалсыз болса да, сөзсіз қатысып жүрген кезде, бұған әбден көзі жетіп еді.

Әрине, оны түсіну де, одан безінү де, тіпті біржола қол үзіп шығу да оңай болған жоқ. Қарт Құнанбаймен таласта өзінің дұрыстығын анық көріп жүр, бірақ ақылдан басқа жүрек деген бар ғой, ол даланың озбыр Агамемнонына қарсы тұрумен бірге, соған қарай тартып тұрады, өзінің жеңілгенін мойындағысы келмейтін ескі тәртіптің осынау тастай берік қамалына қарай ұмтылып тұрады. Оның үстіне сол тәртіптің өзі де екіүдай сезім тудырады – содан жеріне тұра, Абай соған етене екенін де сезінбей тұра алмайды. Оның өзі де сол тамырдан шықты ғой. Бірақ қайткенмен де, шығармашылыққа құмарлық қандастық сезімнен басым болып шықты.

Бірақ осы текетірес жекпе-жек тек екі түрлі мінездің ғана таласы емес еді, отбасылық ішкі қатынастардағы қатігездік араласқан бұл таласта тағы бір байқалғаны, ақындық шығармашылықтың соншалықты таза тартым-дылығы мен мына даланың шексіз кеңдігіндегі еркіндігі жай ғана тәтті арман екен, ал шындығында әкеден қол үзіп шыққанда, сонымен бірге бойынан сілкіп тастармын деп ойлаған неше түрлі ырың-кезектер мен шаң-тозаңнан ешбір құтыла алмайды екен.

...Шабытты ақын көнілі қазір көз алдында дала емес – теңіз, кең, тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге, өмір тарих мұхитына бір кеме жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да ғажайып шұғылалы бір жағаға, ұзақ сапарға басты ол кеме... Абай кең далаға қарап еді. Мұхит емес, күндегі құлазыған дала боп көрінді. Ол – әлсіз жүдеу Ералы жазығы. Сол жазықта енді шаң шығады. Будак-будақ бұлік шаң. Бұ не? Абайдың қасына дұрсілдетіп шауып отырып, асығыс жүрісті салт атты жетті. Сырт жағынан келген аттыны Абай енді ғана аңғарды. Жүргіншінің астындағы аты қан сорпа... асығып жеткен шапқыншы екен. Жас жігіт, Абай оқытып жүрген шәкірт – Садуақас боп шықты.

– Анау шаңды көрші, Абай аға! Сол жау! Жатақтың азғантай жылқысына тиғен жау! Айдал, қуып әкетіп барады әні.

Осы сөздерден кейін жаңағы елес біржола сейіліп кетті.
Сондай елес болып па еді өзі?

“Теңіз де, қиял да жоқ. Аз алданыш, қуаныш та сөне берді. Тағы өмір шындығы, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты”

Мұхтар Әуезов тетralогиясының екінші кітабы осылай аяқталады. Жазылмаған және жазылмақ та емес – тек қана таза үннен тоқылған ән осылай тынған. Өзгені былай қойғанда, осы аймақтағы ең кедей тап – жатақтардың өзінен.. жатырқайтын ән.

Кезекті болыс сайлауында сол лауазымға сайлану жөніндегі әке сөзінен бас тартып, баласы абыройсыз жеңіске жеткен уақыт пен Абай шын мәнісінде ақындық атаққа ие болған уақыттың екі арасындағы жеті жылда қандай оқиғалар болды, – оның анық-қанығын біз білмейміз. Біздің билетініміз – тек қана оның балалары өсіп, ер жетіп келе жатқан (ұлкені Ақылбай он бірге толған) Жидебайдан Семейге аттанып, өзі баяғыда-ақ қол үзіп кеткен ортаға – білім оргасына ынтыға бас қойып кеткені еді. Әрине, ол өзі бала күнінде талай рет жүрген жолын тағы да шиырлап, ауылға келіп тұрды, салт атпен де жүрді, киіз үйде түнеді, ал содан кейін даланы кезіп қызырды, тауға шығып серуенdedі – мұндай орта, мұндай ауа болмаса, ол бір жол да өлең жаза алмас еді. Ал бірақ ол өлеңді жазды, көп жазды, елігіп шабыттана жазды, сол жазғандары Көкбай атымен байтақ далаға тарап жатты.

Бірақ қалай дегенмен де, бастауына қайтып оралған бұл сапарларын үзіп, қайта-қайта қалаға қайтып кете беретін; оның әдет-ғұрпы да, тұрмыс-салты да, тілі де, тіпті адамдарына дейін ауылдағыдан өзгеше. Сондықтан оған бірден қөндігіп, бой үйретіп кету де оңай болмаса керек. Адам бала кезінде тұрмыстың өзгерісіне тез үйреніп кетеді, оның үстіне мұның бұрынғы оқыған медресесінде тәртіп қатты болатын, ондағы жағдайда сыртқы өмірмен еркін араласуға мүмкіндік шектеулі еді. Ал есейген кездегі жағдай басқаша, мұндағы айырмашылық көзге де ұрып тұрады, жүйкеге де мазасыздау. Әсіресе кең далада, ішінде барыс, түлкі сияқты аңдары бар тауда өскен адамға Семейде онша қолайлы бола қоймаса керек. Онда қозғалыс көп, еркіндік бар, мұнда халықтың көптігіне қарамастан, марғау қимылсыздық, былайша айтқанда,

еркіндік жоқ. Ертеректе, Абайдың оқып жүрген кезінде, Семейде қылмыстық және азаматтық істермен шұғылданатын стряпчий – қазіргі тілмен айтқанда, облыстық прокурор болып, таяуда Царское Село лицейін бітірген Александр Егорович Врангель деген жігіт істеді. Айдаудан кейін осы қалада орналасқан Сібірдің жетінші линиялық батальонына қатардағы солдат болып ауыстырылған Достоевский інісіне жазған хатында жаңағы жігіт туралы мынадай пікір айтады: “Бұл өзі өте жас, тіпті момын, бірақ point d'honneur¹ өте құшті дамыған, кереметтей мейірбан, аздаған такаббарлығы бар (бірақ ол сырт көзге ғана, онысы маған ұнайды), ептеп жастықтың шалалығы да жоқ емес, білімді, бірақ білімі асқан терең емес, оқығанды жақсы көреді, міnezі өте сылбыр, әлжуаздау, бірақ тым түйік; өзгені қатты ызаландырып, ашуға булықтыратын нәрсе мұны тек ренжітеді ғана. Tres comme il faut²”.

Қысқасы, қарабайыр ғана, бірақ тартымдылығы да бар мырза. Арада біраз жыл өткеннен кейін ол Семейдегі Достоевскиймен кездесулері туралы кітап жазған, сонда Семейді суреттейтін жерлері бар:

“Семей Ертіс өзенінің оң жақ жағалауында, биік жарқабақта тұр; бұл балығы көп, пароходты көрмеген, ол түгіл паромы да жоқ өзен... Бір ғана православиелік шіркеуі, жеті мешіті, жалғыз-ақ тас үйі, үлкен “менаунай ауласы”, казармалары, госпиталі мен көпшілік орындары бар қала. Жалғыз дәріханасының өзі де қазынанікі. Магазин атаулыдан галантереялық бір дүкен бар, темір шегеден бастап Париждің әтіріне дейін керек-жараптың бәрін содан алуға болады; кітап дүкені жөнінде ауызға алушын да қажеті жоқ, онда кітап оқитын адам болмайды”

Қысқасы, құлазу мен қаңыраған иесіздік қана. Семей басқа бір келіп кеткен жолаушыға да дәл осындай әсер еткен көрінеді: ол – осы өнірге бұдан отыз жыл кейін келген американлық журналист және саяхатшы Джордж Кеннан. Бұл авторды өзінің “Сібір және ауып келгендер” деген кітабымен бірге әлі де сөз қыламыз, сол кезде онымен жақынырақ танысармыз, өзірге айтарымыз – соның сөзімен сипатталған Семейдің жалпы көрінісі ғана. Іші қаңыраған бос, адам дегенініз жай ғана елес сияқты көрінетін

¹ Намысқойлық сезім (фр.).

² Өте тәрбиелі (фр.).

қалашық, “бір жағы, көшелерінде ағаш, өсімдік атаулыдан түк болмағандықтан, екінші жағы, қиқайып кеткен өңкей бір түсті бөрене үйлердің сұрқай, сүреклік көрінестіндігінен және, үшінші жағы, көшелері аяқ алып жүргісіз сусыған құм болғандықтан” осындай әсер туғызған. Айтқандай, дәл сол себептен де онда тұрған орыс офицерлері қаланы “сайтанның құм ойнағы” деп атаған. Бір атап айтарлығы, осылай қарай келе жатқанда, Джон Кеннан “даланың көгілдір көлін айнала қоршаған ылғалды табиғи жазира өңірдің қасынан өткен... бұл шындығында да тамаша гүлзар еді; онда розаның неше түрі, алгұл, алтей, астра, маргаритка, шашақты қалампыр, розмарин, хош иісті күлтелі бұршақ және биіктігі адамның иығынан келетін тамаша қаракөк аконит гүлдері өсіп тұрған”. Эрине, осы сияқты әсем көріністің қасында жаңағы әктелмеген үйлердің сиықсыз түрінің сұрқай көрінуі занды еді. Бірақ өзі де көріксіз шет аймақта туғанмен, американлық саналатын Кеннанның көзімен қарау бір жөн де, – ол бейтаныс өлкедегі көзіне көрінген нәрсенің бәріне таңданып, “тамсануға” тиісті ғой – ал осы “тамашаны” өзінің “туған үйіндей” көретін дала адамының көзімен қараудың жөні мүлде бөлек. Дәл жанағыдай, астаналы Санкт-Петербургтің тұрғыны да Семейге мүлде өзгеше көзбен қарайды. Солай бола тұрғанмен, бұл жер Абай үшін де, алғашқы жылдары, жат болып көрінген-ди.

Бірақ сол қолайсыздықтардың барлығының орнын толтырған кітапхана болды – бұл оқиға Кеннан суреттеген кезден он жыл бұрын, ал барон Врангель өңгіме қылған кезден жиырма жыл кейін болған, сондықтан бұл кезге таман қаланың жалпы көрінісі біраз өзгерген, тіпті басқасын былай қойғанда, кітап таңсық болудан қалған. Міне дәл осы жерде, осы кітапхананың ішінде, Абай ұзак күндер бойы тапжылмай отырып, кетерінде бір құшақ кітапты үйге ала кететін болған. Мұндай сапарларында ол көбінесе ауқатты банк қызметкері Әнияр Молдабаев деген кісінің үйіне тоқтайтын және ол үйде оның құзырына ортасына жатаған үстел қойылған кең бөлме өзір тұратын. Абайдың кітапханадан алып келген том-том кітаптары да сол үстелдің үстінде тау болып үюлі тұратын.

Онда ол не оқыды?

Орыстан Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды... Батыс Европадан орыс тіліне аударма арқылы – Гётені, Байронды, Гейнені, Мицкевичті... Тіпті саяси ойшылдарды да, сондай-ақ натурфилософтардан – Бокльді, Милльді, Дарвинді...

Бірақ, әлбетте, оның көңілі, бұдан жиырма жыл бұрынғыдай, Шығысқа қарай тартады да тұрады, оның тағы бір себебі – орыс тіліне қарағанда, араб, парсы тілдерін Абай бала кезінен жақсы білетін, бұл жерде түркі халықтарының бәріне ортақ шағатай тілін сөз қылудың тіпті де жөні жоқ еді; демек, Семейден Герат пен Ширазға қарай бастайтын жол Абайдың алдынан даңғыл болып ашилдып жатқан. Бірақ ортақ аныз, ортақ сенім тек тілде ғана емес-ті.

Шығысқа сапар – тамаша сапар. “Абай жолына” тағы да сілтеме жасайын, бірақ бұл оған соңғы рет жүгінуім болmas, өйткені, шүкір деп айтайық, қазір қолымызда романның өзіне лайық аудармасы бар.

“Таң алдындағы бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл тұнді үйқысыз өткізді. Бірақ әлі талған жоқ. Әлі де кітап бетіне үңілуде. Әр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан да гөрі әлі де ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алатын білім, нұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асығыс қажет болған бір шағы еді. Абай соңғы күндерде, өсіреле осы соңғы тұнде, өзіне бұрын дағды болмаған бір халде. Ол бір ескі “ғалымдар” ма, “рауайлар” ма, солардай бір күйде отыр. Осы жайында өзі танырқай түсіп, қызыға да қарайды.

Парсы кітаптары бұны біресе Шираздың ғұлзарына әкетеді. Самарқандың мазар ғимараттарына қадалтады. Мәру, Мешнедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын, самал хауыздарына үңілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Фырат, Фазна, Бағдаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады. Осылардан бір ауық, орысша кітапқа түскенде Орта Азия, Иран, Араб жер-суы, шөл-құмы, қала-сауда тірлігін айқын тани түскендей болады.

Абайды бүгін өзіне үңілдірген – жаңағы елдер мен уәләяттардың дәл бүгінгі көрінісі”

Әдемі айтылған, сірә, ой болжамы дұрыс сияқты: кезінде өзі бола алмаған қалалармен шұғыл түрде танысу, соларды игеру талабында отырып, расында шынайы кітапқұмар күйіне түскендей еді. Кітап оку бұл күндері бұл үшін әрі өмір салты, әрі мынау айналасындағы ауыл тіршілігінің бір сарын мимырттығын сейілтудің амалы және өзіне әлі беймағлұм болашағына қарай алып шығар көпір сияқты сезіліп еді.

Эрине, Шираздың бақтары бұл үшін бұрыннан да мұлде бейтаныс нәрсе емес.

Медреседен қайтып келгенде, өзіне жастайынан туған анасындаі болып кеткен сүйікті әжесі Зеренің денсаулығы онша көрінбеген. Құлағы мүкістеніп қалыпты. Соны бақсы-құшнаштарға көрсету керек, жұрттың айтуы бойынша, молдаға дұға оқытып, құлағына үшкіртсе, мүкісі бірден жазылыш кететін көрінеді. Біреулер ойын қылышп, енді біреулер шынымен айтып, Абайға осыны істепек болады. Несі бар, бес жыл оқыды, молда болған шығар ендігі, үшкірсін десіп жатыр. Медреседе мұндайдан әбден зығыр болған бұл өуелі сәл қашқақтап тұрды да, сәлден кейін елігіп және әжесін де аяп, расында да үшкіруге кіріскең. Ауызын әжесінің құлағына жақындастып келіп, бір нәрселерді ақырын жыбырлатып айта бастағанда, шынында да молдаға үқсан кеткен:

Иузи – раушаң, көзі – гәүһәр,
Лагилдек бет үші өхмәр,
Тамаги қардан өм биһтар,
Қашин құдрәт, коли шигे.

Киіз үйде жиылышп отырған жұрт анырып, бір-біріне қарасып қалған, бірақ Абай оларға назар аудармай, сөзін жалғастыра берді: көзі жаудырап, жұмақ рахатындаі... Сол “дұғасын” аяқтағаннан кейін тағы да бірденелерді сыйырлап келіп: шөп арасына жасырынған бозторғайды және басқа сөздерді араластыра, нағыз көнігі молдалар сияқты екі ұртын томпайта, аузына жел толтырып алды да, әжесінің құлағына қатты үрлеп кеп жіберді: “Су-үфф”... Мұның бәрі жай ойын екенін енді ғана ұққан жұрт ду құліскең.

Абай Шығыс классиктеріне еліктеп өзі жазған өлеңінен үзінді айтып еді: оларды өзіне медреседе оқып жүрген кезде ашқан. Арада біраз уақыт өткенде, сол жылдарды, сондағы ой жүзіндегі кездесулерді ол кейін еске алған:

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси.
Хожа Хафиз, – бу һәммәси
Мәдәт бер шағири фәрияд!

Сонда қалай, медет беріп пе? Бергені сол, жас жігіттің жанын ба, әлде санасын ба, сондағы толғантқан сазды аспап шегінің ызыңы жүз жылдан кейін жазылған ғажайып өлең жолдарына айналып, өуенді үнге, асыл рухани байлыққа қосылып еді. Соларды қазір қайталап, дәл сондағыдай орындаған көрер ме еді. Қалай болғанда да, құлаққа жағымды үйқасы, төгіліп түрған ырғағы ап-айқын сезілетін. Абай ол кезде мағынасын түсінген жок, бірақ жаңағы ырғақтың әр жағындағы әсем бейнелер анық көзге елес берген.

Әуені – гүлзардағы қызғалдақтай,
Әр сөзі – гүлге тамған нәрлі шықтай.

Қалай айтылған! Гераттың Әлішері қандай тамаша баламалар тапқан! Бәрі қандай көз алдында ап-анық жарқырап түр және осы анықтық өлеңнің буалдыр мұнарында бұлдырап барып, қайтадан мінсіз қалыпта құлпырып шығуы ғажап!

Кеше біздің шайқы шықты бүқпантайлад мешіттен,
Одан бізге тағылым бар деп пенде бар ма есіткен?
Біз Қағбаға мойын созып, көз тіккенде алыстан,
Ұстазымыз оңашада ішкілікпен табысқан.

Бақсақ, өлеңді тек махабbat туралы, гүл туралы және ай туралы ғана жазбайды екен, ғазелді жай ғана қарадүрсін сөздерден, өзіміз күнде көріп жүрген қатардағы көріністерден де құрастыруға болады екен; соңсaң тағы бір жайт: сонау Хафиз заманынан бері, алты жүз жылдан астам уақыт өтсе де, көп нәрсе өзгерे қойған жок екен, – казіргі молдалардың да аузы бір нәрсе айтса, колы басқа бір нәрсені істейді екен. Ендеше Құран сөзін өзіне есім етіп алып, соны бастан аяқ жатқа біletіn адамның (Хафиз деген

сөздің мағынасы зердесі күшті дегенді білдіреді екен) бұл дүниедегі мықтылар мен ұстаздар туралы жаңағыдай ғайбат сөздерді айту үшін қандайлық дәрежеде батыл болуы керек десеніш:

Сағди, сенің сөзін батыл әрдайым,
Қолда тұrap өткір қылыш дап-дайын!

Қандай өжеттік, орда бұзар жас қайрат, қанды айқаста тайсалмайтын табандылық!

Күндердің күнінде мен де осылай жаза алар ма екенмін, ең болмаса сол ұлылардың жарым-жартысындай дәрежеде, – деп ойлайды бұлдыр арманға берілген бала, бірақ ол қазір бала емес, бозбала жігіт, ерте заманда жазылған кітаптарды параптап отырып.– Несі бар жазса, шәкірттік кезеңін өткізген Әлішер ше, оның ескі өзбек тілінде жазғанын бұл басқалардан гөрі жақсырақ түсінеді; сонда оның өзінен бұрын өткен Низами, Хұсрау, Жами сынды ақындық өнердің шайқыларына мойын бұрып табына беруі тегін емес кой, ол соны өзіне ар көрмеген.

Қайда барса ұстаздарым сайрандалап,
Мен еремін сондарынан тайрандалап.
Жер астына түссе де олар мәңгілік,
Қарғылы иттей мен іздеймін қаңғырып.

Әлішер де медреседе оқыды, сонда оның да Аттардың “Сайрауық құсы” сынды қол жетпестей үлгісі болды, сол кітапты оқығанда оның аңғал жүргегі тыным таппай толқып кететін. Ол жайында өзінің айтқан сөзі де бар: “Менің бүкіл жан-тәнімді билеп алып еді ол кітап... Оған менің ынтызарымның күшті болғаны сондай, басқа адамдармен байланысым мұлде үзіліп кетті...”

Науай дастандары, Сағди, Хафіз, Жами ғазелдері, Низами қасидалары, Омар һайам рубайлары Абай үшін де дәл сондай үлгі болды... Балан кездегі ақындық бұл дәріс игерілгеннен кейін арада көп жылдар өткен кезде де Абай өзінің алғашқы ұстазының өлеңдерін қайталап айта алатын еді...

Бірақ арада уақыт өтіп, даланың бейнесі тығыздалып, Абай өлеңдері арқылы қайта жасалған кезде, ол өзінің шексіз аумағына Генжаны да, Иранды да, Аравияны да, тағы басқа алыс өлкелерді және, кейін анықталғанындай,

одан да шалғай өнірлерді тартып алады. Абайдың өлеңді неге Шығыс жағалауда бастап, неге сонда аяқтағанының себебі оның өмірінен кейін толық анықталады. Оның соңғы жазған бір өлеңінен Шығыстың дем-тынысы өте айқын да еркін байқалады:

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу- қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Бұған дейін әлі алыс, Абай әлі ізбасар емес, бар болғаны шәкірт қана. Ол кездегі өлеңдерінен сақталғаны көп емес, ал сақталып қалғандарының өзі еліктеумен жазылған сүренсіз жолдар. Солай деп жазған адам – Абай өлеңдерінің ең жіті ойлы және, бәлкім, ең мұдделі оқушысы Мұхтар Әуезов былай деп жазды: иран, араб, түркі әдебиеттерімен танысып ұлгірген бала солардың ақындарына (Науай, Шамси, Сәйхали – Н. А.) еліктеп, солардың рухында өлеңдер жаза бастады... Оларда араб, парсы сөздері көп ұшырасатын. Сұлулықты Шығыс дәстүрімен жырлағанда, қалыптасқан рубай ұлгісімен жазғаны қазактың ақындық үрдісіне жат көрінетін. Жалпы алғанда, Ұстаздың ақын жырлары жөніндегі тұғырлы да, және, бәлкім, ең тұқыртып айтқан да пікірі осы болар – расында да жас Абай өзінің табиғи үнін таба алмай жүрді; тіпті оның қара өлең ұлгісіндегі, үшінші жолы үйқастан шығып қалатын үрдісінің өзі еліктеу болып шығатын, онысы шағатай поэзиясына үқсас ғаруза болып шығатын. Бір сөзben айтқанда, Абайдың қазақ тілінде жазған алғашқы өлеңдері қазақ поэзиясы емес еді. Шығысты ол шын ақындық шабытпен қабылдай алмаған, оның Шығыс жағалауына шығуы таза еліктеу түрінде ғана болған еді.

Өрлеу заманындағы Шығыспен Абайдың екінші рет кездесуі мүлде басқа түрдегі өмірлік негізде жүзеге асты. Шираздың бақтарында серуенде, Гераттың кітапханаларына ендігі еркінде кіріп жүрген бала емес, кемелді жігіт болатын. Ол қасірет шеге білетін, ал қасірет дегеніңіз, Семейде жүргенде имам Ахмет Риза медресесінің шәкіртін ақыры көре алмай кеткен Достоевский айтқандай, – сананың бірден-бір себебі. Демек, Абай енді классиктерді басқаша көзben оқыды, өлеңнің қисының келтірген

тамаша шеберлікке тандана отырып қана емес (әрине, ол да бар, ие, ол да бар!) енді олардың тереңдігіне ой жіберіп оқитын болды, бұрын ол жағын мүлде еске де алмайтын. Бұрын бәрі де ап-айқын сияқты көрінуші еді, енді көкжиек тұманданып, тұп-тура көрінген жол бұраландаңып кетті. Расында да, мұны қалай түсіну керек?

Алдымға мақсат тұтпадым біреудің кулық-жұмбағын,
Келмеді менін шатысқым, қумадым даңқ гүл-бағын,
Өлеңімде бәрі бар, баянды да баянсыз,
Қалдыратын атымды осы болар ұжмағым.

Ие, қалай түсіну керек, егер осынау жүрек тебірентер-лік жолдардың авторы, ақындардың шайқысы Нұрилдин Әбдірахман Жамидін өзі жауабына күдіктенгендей болып тұрса? Бірақ мұндайда шешімі жоқ жауаптан гөрі сұрақтың өзі күшті болып шығатын болар.

Арада талай ондаған жылдар өткен кезде, мүлде басқа бір мәдени топырақта өскен жазушы, XX ғасырдағы ең бір тұғырлы романдардың бірі – “Қадірі жоқ адамның” авторы австриялық Роберт Музиль: адам қайшылықтардың арасында өмір сүре алатындағы қайсар болуы керек, дер еді. Шығыс өрлеуі заманындағы ақындар осындағы қайсар болатын.

XIV ғасырда Имадеддин Насими былай деп жазды:

Мен Алланың нұрымың, жұмақтағы бақшамың,
Мен – періште, жұмақ аузын күзеткен.
Мен – каф пен нүң, бүкіл әлем тұтқасы,
Мен – құранның сұресі мен аяты.
Өмір менен өлім де – мен бір өзім,
Қорған болсам – бар қорғанның мықтысы.

(Жолма-жол аударма)

Былайша айтқанда, адам, әдейі қыр көрсеткендей, Әлемнің орталығында тұрмын деп жариялайды да, өзін Жаратқанға балайды (мен Құдайдан жараптый, мен – өзім де Құдаймын). Осылай айту мүмкін бе, әсіресе жеке адам өзін рудан, тайпадан, қауымнан бөлек сезіне алмайтын Шығыста? Әлде, бәлкім, осы мұндар өзінің азапты өлімін өйгілегісі келген болар ма? Мейлі, ол соңғы сәтіне дейін өзінің уағызшы деген қадір-қасиетін сақтағысы келген

шығар: өйткені өлім жазасын көруге жиналған топты жүрттың ішінен біреу оған дауыстап: – “саған қайдағы құдайлыш, қаның сорғалайын деп түрғанда құп-құ болып кеттің ғой” – дегенде, ол манғазданып: “О, бейбақ, сен білмейді екенсің ғой, мен мәңгіліктің аспанындағы маҳаббаттың құнімін. Ал құннің көзі батарында әрдайым солғын тартады”, – деп жауап берген екен. Жоқ, ажал алдында айтылған мына сөз өрлік емес, ал әлгі өлең де данғойлыққа жатпайды. Ақынның өрлігі – беймағлұм адамның өрлігі. Адам деген әмбебап ұғым, ал ешбір таянышы жоқ пышана қуйінде ол түк емес. Онда тұлғалық бейне жоқ. Яғни ол жалқы қуйінде Аллаға да, Адамға да қажет емес, күш дегенің нақ сол жалпылықта.

Мен – тағдырдың кітaby, Жебрейілдің серігі,
Мен – Исраиф, дабыл қаққан әлемге.

Міне бұл – шешімін аңсап күткен, бірақ шешіле алмай келе жатқан қайшылық.

Кейін Абайдың өзі де осындай қалт жібермес қауіпті шенбердің ортасына түседі де, соңсоң оның дінкесі құрыған “мені” жалғыздықтың қызығы мен қауымдықтың шылжығы арасында үнемі шере-шере болып жүреді:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді үғар елім жоқ.
Моласындаи бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!

“Фақлияның” он төртінші сөзінде ол былай дейді: “Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректін ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың “жүректісі” мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада түрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің сонынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нөрсеге, қын

да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойында мау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз”.

Бәрі де көп ұзамай болады. Өлең жолдары ертең-ақ жазылады. Фәлсалапық ойдың уақыты кейінірек келер, бірақ олар да қалыптасып, шығар жолын іздестіріп жүр. Бірақ Абай айнала қамалаған қайшылықта жүріп, өмірге барад жолға әзірленуде. Оның өз шығармаларын жазғанда, әзірше авторлығын жасырып, шәкірттерінің атынан жариялат жүрген көп себептерінің бірі осы емес пе еken? Бәлкім, бұл өлеңдері одан, енді көп ұзамай атағы шыға бастайтын, бірақ әзірге ол дәрежеге жете қоймаған Абайдан кемшін соғады деп сезіктеніп жүрген болар? Шығыспен екінші рет кездесуге бұл кісі өмірдің қатал сабағынан өтіп қана қоймай, оқу-білімнің біраз жемісінін дәмін татқан кезде келді. Ол кітапты көп оқыды, өткеннін есесін қайтарамын деп, құнығып оқыды; сөйтіп жүргенде, біртіндеп оның алдынан географиялық карта сиякты, көптеген елдер мекен еткен бір үлкен кеңістік ашыла бастағандай болды және соның тұрғындары, өздерінің тұрақты үйіне, ана тіліне қаншалықты бауыр басқандарымен, үнемі маңындағы көршілерге көз тастап, кейде ашық, кейде астыртын арадағы бөлініс шегінен өтіп кете береді еken. Бір кезде оған әкесі: сен орысшылсың деп кінә артқанда, мұның қарсы дау айтқан жауабын Мұхтар Әуезов былай деп жеткізген еді: “Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен тірлікten ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма?.. Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас... – деді”

Несі бар, Ресеймен екі арадағы қарым-қатынасы соншалықты шайдай ашық болмағанымен, оның Абайға берген олжасы аз емес-ті. Ең алдымен бергені – өзінің мәдениеті, өзінің поэзиясы. Одан әрі ол бұл үшін Батыс Европамен қарым-қатынаста аралық өткел болды. Бұл олжаның қаншалықты жомарттық болғанын біз кейін бағалаймыз. Ал қазіргі әңгіме басқа жайында.

Ол кезде Достоевский орыс әдебиетінің бүкіл дүние-жүзілік көлемде көрсеткен жанашырлығы жөніндегі өзінің әйгілі сөздерін әлі айтпаған болатын және 1880 жылы 6

маусым күні, Мәскеудің Тверь бульварында Опекушиннің Пушкинге арнаған ескерткішінің ашылуында сөйлеген бұл сөзі Қыр еліне бірден жете қойған жоқ-ты. Бірақ Гораций “Ескерткішінің” Пушкин мен Державин жасаған нұсқаларын оқып алған да, өзіне ертеден таныс, бірақ мағынасы енді ғана ашыла бастаған өлеңдердің әлде бір алыстан талып естілген жаңғырығы орыс-латын өрнегінде көзге елестегендей болған. Міне, мәселен, сондай бір өлеңнің ақыры былай аяқталады екен:

Тар пейілді тағдыр сенің таланыңды байлаған,
Қайыршы боп қолың жай да, тос шалғайды далитып.
Е, Хафизым, қапаланба, тәнің шіріп өуелі,
Содан кейін данқың артып, болар барша жан ынтық!

Мейлі, бұл жерде тіпті қасірет пен ылажсыздық та орыс ақындарынан байқалғаннан басым, әлде қайда басым болар, бірақ аяғында жолдары түйісіп тұр. “Ел ізі оған салған суи білмес” – осы сенім б. з. дейінгі римдікті де, XIV ғасырдағы парсыны да, XVIII- XIX ғасырлардағы орыстарды да ортақ сеніммен біріктірген.

Франц Риккерт жасаған неміс нұсқасы бойынша 1840 жылдардың орта кезінде Жуковский өзінше еркін жазып шыққан “Шахнамені” Абай қолында ұстап тұр. Ұстап тұрып, Фирдоусидің ұлы поэмасының рухын мына орыстың қалайша дәл жеткізе алғанына таң-тамаша. Байқаса, сөздері бұдан он-он бес жыл бұрын өзінің туған қазақ тіліне аударылған нұсқасынан гөрі тұпнұсқаға мынау әлде қайда жақын көрінеді. Бәлкім, бұл дәлірек те. Анау жақынырақ шығар, Абай орыс тілінің бүге-шігесін өзір жетік біле қоймағанмен мұны іштей сезініп еді.

Дәл сол сияқты “Құранға еліктеудің” сазы мен сөзінің бүкіл байлығын да ол өзірге толық бағалай алмас, бірақ сейте тұра, Қасиетті кітаптың сүрелерінен ауытқып кеткен жерлерін көруге мүмкіндігі әбден бар еді. Пушкин шындығында да тұпнұсқадан ауытқып, өзінің “басасау даналығының” өуенімен кетіп қалған жерлері жоқ емес. Ие, алғашқы шумағының өзі-ақ шамалас, тіпті анық еліктеу:

Ант етемін таспиықты қолға алып,
Ант етемін өткір қылыш тезінде,
Ант етемін таңшолпанмен толғанып,
Ант етемін кешкі дүға кезінде.

Медресенің бұрынғы шәкірті 93-сүре мен оның аяттарын жатқа біледі: “1. Таңтеренмен ... ант етемін! 9. Ендеше жетім-жесірді қорлама, 10. Қайыршыны дауыс көтеріп қума! 11. Тәңіріңің өзіне берген иғлігін адамдарға насиҳаттап айтып жүр” Алайда Құранның бұл жолдарында да, басқа жерлерінде де ешқандай “құфындау” және “ақыл-ойға өктемдік” деген жоқ. Ал анттың жөні басқа: бұл жерде автор өзін ақтау үшін, айтальық, 89-“Фажр сұресіне” сілтеме жасауына болар еді: “1. Таң рауанымен..., 2. Зулхажжаның алғашқы он кешімен..., 3. Құрбан айының әр жүп пен таққа өткен түнімен ант етемін!”

Ақын сондай-ақ 48-“Фатих сұресін” де мейлінше еркін аударады. Онда тақыр бастар мен қаны сорғалаған қылыштар туралы әнгіме атымен жоқ, онда тек мұсылмандар мен кәпірлердің құресі туралы сөз болады, кәпірлердің тамүқ отына баратыны айтылады. Құмды ыстық өлкелердің балаларына арналған жалынды ұрандар да жоқ, онда былай делінген: “Сендер енді күшті бір жаумен белдесуге шығасындар. Мүмкін, олар соғыспай-ақ мұсылман болар. Егер сендер бүйрыққа бойысынсандар, Алла сендерге жақсы сый тағайындаиды. Ал егер бұрынғыларың сияқты, тағы шықпай қалсандар, Алла сендерді қатты азаппен қинайды” (16-аят).

Абай сынды еркін ойлы мұсылман, ал Абай әрдайым сондай болған, – Эразм, Монтень, Владимир Соловьев, біздің замандастымыз Александр Мень әкей сияқты христиандар да дәл сондай еркін ойлы болған – міне, солар үшін зорлықты бұлғұрлы қatalдықпен уағыздау, бұлғұрлы ашық тәзімсіздік бәлкім, жан шошытарлық болар. Бәлкім, екінші жағынан, өзі діндар, Құранды құрметтейтін адам – Абай үшін Қасиетті кітапқа бұлғұрлы жеңіл-желіпі қарау орынсыз да көрінер. Ал сірағысында, бұл өлеңдерді оқығанда онда өзгеше бір ойлар туған тәрізді. “Еліктеудің” жазу үстіндегі алғашқы нұсқасы Абайға жеткен жоқ:

Күпірлік пен күнөға батқан болар,
Малданды деп Мұхаммед құр елесті:
Ақындықпен айтқан сөз жалған болар,
Шын ақиқат бұлжымас бұл емес-ті.

Ие, бұл жолдарды ол білген жоқ, бірақ өзінің бүкіл жантәнімен түйсінді, сезінді бұл сынды ескерткішке еркінірек

келудің жөні бар екенін: бұл – суреткердің суреткерге көзқарасы. Сезінді де, сол болжалының дұрыстығына анықтаманы өзі түсінетін Пушкиннің өзінен тапты. Әсіреке “Еліктеудің” бесінші бөлігіне берілген түсінік Абайды ерекше таңдандырған болар. Ол былай басталады:

Жер орнында, аспанның асты қуыс,
Жаратқаның әмірі екі болмас.
Құрлық, мұхит – ежелден болған туыс,
Басқа өмірге адамның көнілі толмас.

Міне осы өлеңге берілген авторлық түсінік мынадай:
“Физикасы нашар, ал поэзиясы сондай өте батыл!

Барлық кілтипап осында.

Құран – поэзия, Пайғамбар – суреткер. Бұл сияқты көзқарас әсемдікті Алланың өзі жаратқан дейтін ислам мәдениетінің дәстүрлі ұғымына әбден сай келеді. Шынайы әсемдік – тек ол дүние ғана, ал оның інжумаржаны Алла болса, ол – “мәңгіліктен бұрын жаратылған суреткер” Мұндай ұғымды Абай сонау шәкірттік жылдары игерген. Ал мынау орыс ақыны, алдағы уақытта онымен талай бақытты кездесу түрған Пушкиннің ойы осыған ұқсас. Мұның өзі бірден пайда болған жақындық сезімін нығайта түседі.

Алда Лермонтовпен де талай кездесу бар, Абай оны тәржімелейді, ал өзірше – жай оқып жатыр; оқыған сайын орыс ақындарының Шығысты құр қабылдап қана қоймай, бойларына соншалықты терең сіңіре білетініне ғажап қалуында шек жок. Лермонтовтың өзі жақсы көретін өлеңдерінің бірі “Уш пальманың” тақырыбының астына “Шығыс ақызы” деп тақырыпша қоюының өзі де тегін болмас. Шынында да бұл жай ғана стильдік ұқсастық емес, Шираз бақтары мен Самарқан кесенелерінің жаңғырып қабылдануы еді.

Ажырасып кеткен соқпақтар осылай қайта тоғысар болар.

Ресей Абайға өз мәдениеті мен Батыстың мәдениетін ғана сыйлаған жок, Шығысты да, өзінің туған Шығысын да бүкіл шексіз ұланғайыр ақыл-ой толымдылығымен және ақындық әсемдігімен жаңадан ашып берді. Баршасы баршасымен байланысты. Қөшпелі сюжеттер бір-біріне өзара ауысып жатады: Ләйлә мен Мәжнүн, Фархад пен

Шырын, Жүсіп пен Зылиха, Таурат пен Құранда мазмұны баяндалатын Қияппатты Жүсіптің тарихы жайындағы – “Жүсіп пен Зылиханың” қазақша нұсқасы да бар. Тегінде, бұрындары Шығыс классиктері жырлаған талай дастандар мен сюжеттер қазақтарға жақсы танымал. Шығыс өркениетінің ұлы поэзиясы, Рудаки мен Фирдоусиден бастап Жами мен Науаиге дейін, баяғыдан бері көшпелі елдің игілігіне айналып, ұрпақтан ұрпаққа тарап келеді; жай ғана тарап емес, арғы түп-тамырын естен шығармаған күйі, жаңа бір өуендермен жаңарып, жаңғырыға тарауда.

Ұлы да ұлағатты есімдер! Бірақ есімдерден де биік, аспанмен таласқан шындардан да басым ұғымдар бар. Яғни, басқаша айтқанда, солардың барлығын біріктіріп, одан әрі, уақыт аясында биіктей түсетін, жан-жағына жайыла түсетін ұғымдар. Олар қайсы?

Рухани қазына ма?
Дүниеге көзқарас па?
Лім бе?
Ақыл-ой байлығы ма?
Тұрмыс салты ма?

Ие, осылардың барлығының жиынтығы – яғни, өзінің бар болмысымен енді қайтып қайталанбайтын Шығыс және сонымен бірге оның алдынан дүниенің қақпасын ашып, Сағди мен Хафизді туғызған Шираз бен Гетеңің жер бетіндегі өмірі аяқталған Веймарды туыстырған ұғым.

“Ей, софылар, келіңдерші, көлгірсуді тастайық!”

(Хафіз)

“Дәруіш келіп тұрағына софының
Айтқан екен...”

(Сағди)

“Софының жан әлемінде өте биік ниеттер бар; ол үшін заттардың мән-мағынасы адамдардың ұғымынан мұлде өзгеше, ал адам ұғымы қоғамның ықпалымен қалып-тасады”

(Әл-Фазали)

“Ток тіленші – адам сайтаны,
Харакетсіз – софы монтаны”

(Абай)

Міне, софы, софылық деген сөздерге кез болдық.
Бұл не нәрсе?

Дәл осылай қойылған бұл сұраққа соңғы мың екі жүз жыл бойы жауап табылмай келе жатыр, ол былай тұрсын, шын аузын уәлі адамдар, мәселең, пәкістандық уағызшы Үйдірыс Шахтың ойынша, сұрақты бұлайша қоюға болмайды: “Мәселе соғылықтың не нәрсе екендігінде емес, мәселе соғылық туралы не айтуда болатындығында”, – дейді ол. Орыстың аса көрнекті шығыс зерттеушісі Е.Э.Бертельстің Үйдірыс Шахтан өзгешелігі – ол соғы емес, ал бірақ сол ұғымнан біршама қашық тұрғандықтан, жаңағы ұғымға анықтама беруге мүмкіндігі бола тұрып, ол да соғылықтың шығу себептері туралы, оның шыққан мезгілі туралы, тарихи тағдыры, т. б. туралы жазады да, сөйте тұрып, жаңағыдай анық тұжырымдамаға мүлде жоламайды. Ал енді көп жағдайда тілінде құпия болмайтын ақын Сергей Есенин де бұл сөздің мағынасын іздел көп өүре болыпты:

Хорасанда бар-ды сондай бір есік,
Бірақ соны аша алмадым, не шара.

Ол тұрмак, рухани қозғалыстың негізін салушы ғұламалар, философтар мен ақындар – Омар һайам, Аттар, Сағди, Хафиз, Жами, Руми және басқа көптеген адамдар да бұл хақында анық нұсқаулар қалдырмадаған.

“Әбу Саид Әбіл Хайыр шайқыдан – құпиясына қасиет дарығыр сол кісіден де сұраған екен:

– Соғылық деген не? – деп.

– Ойында не бар, соны шығар басынан, қолында не бар, соны өзгеге бер, өмірде не кездессе де тайынба, – депті ол”

Парсының ұлы ақыны, философ және XV ғасырдағы соғылықтың уағызшысы Әбдірахман Жамиде мынадай нақыл өлең жолдары бар:

“Көніл токтық, уайым жоқтық, өмірдегі тыныштық,
Адал достық, жан сырластық бес қасиет тым ыстық,
Бір басыңа айнала ұшып қонса келіп өмірде, –
Дейді дана – кесе тартқан кемдік болмас көнілде”

Соғылық туралы мұнда сөз жоқ. Қысқасы, түсінікті: тағдырдың соққысына әзір бол, асқақтама, жақыныңа қарас. Әр жағы онша айқын емес. “Соғы болу дегеннін

мәнісі – бұл дүниеге келгенге дейін қандай болса, сол қалпын сақтау”, – депті тұспалдап өйгілі соғы, Бағдад шайқысы Әбу Бәкір әш-Шибли. Соғылықтың құпия табиғатынан бейхабар және оған жақындасу ниеті жоқ, бірақ ол жөнінде бірдене білсем деген бейкүнә ниетті адамға жаңағы сөздер не бере алады? Айталақ, Абайдың шығармашылық мұрасын білгісі келетін маған не бере алады? Басқа бір ірі бедел иесі, “Сайрауық құстар” дастанының авторы Фарид-ад-диннің жолашарынан пайда болар ма? Рас, бұл дастанның атақ-данқы біздің орыстар үшін аралық жаңғырық арқылы жеткен. Мұны Әлішер Науай алғашында аударма деп бастаған да, кейін жұмыс үстінде нағыз қолтума дүние болып шыққан. Хош, сондағы Аттардың мынадай нақыл сөзінен дұдамалдықтан басқа не алуға болар еді: “Соғылар әртүрлі болады: біреулері білімді жақтайды, енді біреулері Құдайға құлшылықты үағыздайды, үшінші біреулері махаббатты жақтайды, төртіншілері Құдай бір дегеннің жағында, қалғандары осының барлығының түгелдігін жақтайды. Ал кейбіреулерде соғылық осылардың барлығынан төмен; ешбір анықтамасы жоқ соғылық та бар”

Хорасанда туған тағы бір ақын, парсы Құраны деп аталып кеткен “Мәснауи” поэмасының авторы, кейінгі ақындар мен жыраулардың ізашары болған (өйткені ол өз өлеңдерін де, басқалардың шығармаларын да жазып алып, жатқа тақпақтап айтып жүрген) Жалад-ад-дин Руми, мәселен, соғылық туралы былай деп жазған сөздерімен маған қандай көмек көрсете алар еді: шарап ішпей мас, тамак ішпей тоқ; ақылынан алжасқан, ас-су мен үйқыны ұмытқан; жай адамның киімін киген король; қоқыс арасында жатқан асыл; ауадан да, оттан да, судан да жаралмаған; шет-шегі жоқ теңіз. Руми асқақ ақындық толғанысқа беріліп жазады, сөз мәнері мінсіз, бірақ соның рухына беріліп, нақыл сөздерінің түпкі мәнін түсініп бола ма? Шараптың түбіндегі қалдығы, аспазшы, ақын, арфа, сазды әуен, ғашық жар, шырағдан, шарап және мастықтың кәйфілігі – осының бәрі мен. Дүние жүзіндегі жетпіс екі түрлі дін мен секталар атымен жоқ: Құдай атымен ант етейін, дін және діни секта атаулының бәрі – мен. Жер мен ауа, су мен от, тән мен жан дегендер – мен. Ақиқат пен жалғандық, ізгілік пен зұлымдық, оңайлық пен қындық басынан

аяғына дейін түгелдей, білім мен таным, тақуалық, инабаттылық пен сенім, осылардың баршасы – мен. Ешқандай күмән болмасын, тамұқтың аузындағы ақ жалын да, тамұқ отының өзі де, жұмақ та, хор қыздары да, солардың баршасы да – мен. Жер мен көк, солардағы барлық тіршілік иелері, періштер, перілер, жынсайтандар, бұлар да – мен”.

Айталық, ой жүзіне сайып келгенде, адамның ұлылығына, оның мүмкіндігінің шексіздігіне арналған осынау шабытты гимнді осыдан екі ғасырдай бұрын Европада қалыптасқан гуманистік ілімнің алғашқы нобайы деп шамалауға болар еді. Бірақ Шығыс данышпанының менмендік шабыты мен Пико делла Мирандоланың нәзік рационализмі бір-біріне тым ұқсамайды-ақ, ұқсастық болғанның өзінде де өте мардымсыз; әлбетте, оны да ескермеске болмас еді.

Бірақ, қалай болғанда да, өлеңдерінде парсы классикасының “алтын күзінің” “Мен”, “мен” деген қызуы шарпып тұратын Әбдірахман Жамиді қалай еске алмассын: “мен деймін жүрттың бәріне, бірақ сол “мен” дегенің не нәрсе өзі?” деп еді ғой ол.

Бәлкім, сол соғылық даналықтың мына бір сөздері де тегін айтылмаған болар: “Құпия сыр өзін-өзі қорғайды, оны тек жұмыстың рухы мен тәжірибесінде ғана аңғаруға болады” деген сөз бар емес пе еді онда? Басқа сөзben айтқанда, соғылықтың не екенін білу үшін адамның өзі соғы болуы керек екен. Солай да шығар. Бірақ ол жақсы ма, жаман ба, оны білудің жолы біз үшін жабық, сондықтан соғылықтың жұмбақ екенін, соғылық деген, Шығыс ақындарының өлеңдеріне түсінік жазып жүргендердің кесіп айтқандарында, мұсылмандардың жай бір мистикасы ғана емес екенін мойындауға тұра келеді; олай болса, оның сырын ұғынудан күдер үзгеннен кейін, өткен заманның ұлы адамдарының ақыл-ойы мен жан дүниесіне және солардың замандастарына жүгінуге, сөйтіп, олардың туған үйіндей болып көрінетін бұралан-бұрылыстардан солардың ізімен жүріп өтуге тұра келетін болар. Бәлкім, осы жол бізді Абайға алып келер, өйткені ол бізге түйіні шешілместей болып көрінген қайшылықтардың қалың ортасында өзін емін-еркін сезінген ғой.

Соғылықтың шығу тарихы – ертеден келе жатқан, шым-шытырығы көп, қанды тарих, өзінің қаһармандары мен қасірет шеккендері бар тарих. Ол сонау алғашқы халифтер тұсында, Әкімет билігі жолындағы қанды қүресте Осман әлтіріліп, омейдтар женген, сөйтіп зайырлы мемлекет орнатылған кезден басталады. Осындай ауыр жолмен қалыптасып, енді ғана іргесі беки бастаған мұсылман қауымы іс жүзінде қайтадан ыдырай бастайды, инабаттылық екіжүзділікке айналады, талау мен тонау етек алады, байлық пен кедейліктің арасы алшақтай түседі. Сондай бір сәтте, ауыздығын енді-енді тістей бастаған билік, өз қылыштарына әлдебір рухани жарияялық қажеттігін сезініп, соның амалын ойластыра бастаған. Әлбетте, ақталудың бірден-бір жолы Құран еді. Міне сол тұста діни ілімнің өнін айналдырып, Пайғамбар осылай депті-мыс (соның өз аузынан естігендердің айтуы бойынша) деген лақаптар билік басындағы әулеттің мұддесіне қызмет істей бастайды. Сөйтіп, мемлекеттің Құран Сөзін қорғамақ болған әрекеттері кері нәтиже береді. Соған қарсы наразылық салдарынан билік басындағыларға қарсы рухани оппозиция қалыптасады.

Бұлар тақуалық өмір салтын уағыздал, құдай құдіретінің алдында үрей тудыратын қatal ригористер болды. Олар өздерінің әлдебір қылыштарымен бұдан мың жыл кейін басқа бір жерде қысқа ғана өмір сүрген кісі – XVIII ғасырдағы америкалық тамаша діндар, шіркеу қызметкери Джонатан Эдварсты еске түсіретін еді. 1741 жылы 8 шілде күні Энфилдте Эдварс уағыз айтып, өзінен кейінгі үрпакқа визионер және діни фанатик деген жаман атақ қалдырды. Оның уағызы “қаһарлы Құдай алдындағы күнәһарлар” деп аталған, бірақ ол шындығында уағыз емес, зарлау, үйқысынан шошып оянған адамның зарлы байбаламы, ызалы қолдағы шоқпар болатын. “Сендер мен тамұқтың араларында ешбір тосқауыл жоқ, – деп зәр төкті оның миҳрабтан естілген даусы, – сендерді бұл жақта ұстап тұрған Құдайдың құдіреті, соның құбылмалы мінезі ғана... Сендердің бәрін де соның қолындастындар, оның қалай бұйырары белгісіз. Тамұқтың отына күюлерін әбден ықтимал; сендердің әрбір минут сайын қалтырап-тітіреп тұруларың орынды-ақ”.

Джонатан Эдварстың Құдайы Жаңа Өсиет Құдайына мүлде үқсамайтын жөйттердің Құдайы Иегова болатын. Немесе VIII ғасырдағы тақуа мұсылмандардың Құдайы тәріздес – замандар мен адамдар арасында мұндай жөнсіз үқастықтар бола береді екен. Діндар адамдарды олар Farasat сотының ауыр жазаларымен үрейлендіреді. Бұл жөнінде күнəхарларға қолданылатын ауыр жазалар Құранда да өсерлі айтылған: “Құдай жарлығын қабыл еткендерге ең жақсы сыйлық беріледі. Қабылдамағандардың қолында жер бетіндегі байлықтың бәрі, тіпті одан екі есе көп қазына болса да (қияметте қаһардан құтылу үшін), әрине, соның бәрін сарп етер еді. Олардан қатаң есеп алынады. Баратын жайы тозақ болады. Ал ол – барып тұрған сұмдық” (13:18). Осынау тақуалар мен жер бетіндегі рахатты тәркілеушілер өздерін заһидтер (оқшауланушылар) немесе абидтер (Құдайға құлшылық етушілер) деп атаған, міне соларды соғылардың арғы ізашарлары деп есептеуге әбден болады.

Осынау шынайы діндар адамдар, әлбетте, өздері аңдамастан, алыста жүріп, өзге өлкелерде және мүлде өзге замандарда дінмен арадағы қарым-қатынастары едөуір қайшылыққа келген қайраткерлер орденінің пайда болуына алып келді; айталық, француз энциклопедистері немесе Франклін мен Джейфферсон сынды американлық демократтарды. Олар мемлекетке қарсылық көрсетудін іргетасын қалады, өйткені мемлекет жеке адамның бостандығына қарсы қастандық жасаудың кез келген түріне бара алатын еді, айырмашылығы тек агрессияның мөлшерінде ғана болатын. Ол кездегі мемлекет ислам ғана еді, сондықтан қарсылық атаулының бәрі исламға қарсы жаулық болып саналатын. Шынайы мұсылмандар үшін мұның өзі орасан зор қындық қана емес, сонымен бірге өте ауыр жан дүниесінің қасіреті болып табылатын да, оның дауасын алғашында уағыз арқылы, ал кейінректе трактат арқылы табуға тырысатын.

Өйткені арада біраз уақыт өткеннен кейін тақуалық пен діни зікірлік өздерін теориялық тұрғыдан негіздеуді қажетсіне бастады. Міне дәл сол кезде басқа діндермен – христиан дінімен, буддизммен, зороастризммен, сондай-ақ антика философиясымен өзара бірлесе отырып, бара-бара өте күшті ықпалға ие болған, бірақ та діни сипаты бар ағым

пайда болды. Софылық дегеніміз осы еді, бұл қарапайым тілмен энциклопедиялық сөздік рухында айтқанда, адам мен Құдайдың тікелей тілдесуі идеясына негізделген ілім (сондай-ақ ойлау салты, өмір салты және т.б.) болатын.

Жеке адам құпия түрде Фарышпен байланысты, Жалқы жаратындының жеке бөлшегі, толымдылық қасиетінің бүкіл ғаламға бытырап кеткен белгілері, оларды біртұтас етіп жинақтауға тек Жаратқанның батасын алған адамның жанығана қабілетті. “Алла тағала адамды ізгі қасиеттердің жиынтығы етіп жаратқан, онда Үлкен дүниенің идеялары біріктірілген. Алла тағала адамды Үлкен дүниеде бар нәрселердің барлығын біріктіретін көшірме нұсқа ретінде жаратқан,— деп түсіндіреді XII-XIII ғасырлардың аралығында халифаттың шығыс өнірлерінде өмір сүрген софылықтың аса ірі ойшылы, лирик ақын Ибн әл-Араби, ал оның әсем ғазелі осы ойды әрі қарай дамытып, оған тамаша көркемдік әр береді:

Қағбаның тасын сүйіп, бас иетін
Көре алмай асқан артық қасиетін,
Пайғамбар айтқан екен жұртына кеп,
Адамның мәртебесі жоғары деп.

Пайғамбардың аузына ақынның, жұмсартып айтқанда, осындай оспадарлық сөз салуы мүмкін бе, сірə?

Жә, асығыс ілгерілеп кетпейік. Жалпы ағынның ішінде, әлбетте, ауық-ауық секталар пайда болып, діни сипатты шағын соғыстар туындал жатты, өзіндік инквизиция мен өзіндік Томас Торквемаданың ізашарлары пайда болды, олардың қаталдығы Фердинанд пен Изабелланың бірінші министрінің, сондай-ақ Қасиетті трибунал президентінің қаталдығынан кем соқпады. Адам мен Алланың бірлігі идеясын үағыздаған діни үстаз және әдебиетші әл-Халладж сондай қаталдықтың құрбаны болып кетті. Ауыр бейнетті ізденістер мен тақуалықтан кейін жаңағыдай бірігудің бір сәттік бақытын бастан кешкен әл-Халладж Пайғамбардың айтқанын сөзбе-сөз қайталап тұрып, өзінің: “Менің өзім – аузынан шықкан ақиқат” деген әйгілі нақыл сөзін жария етіп еді. Сол күпірлік сөзі үшін ол әуелі Бағдатта қара бағанға байланып, одан кейін абақтыға қамалды да, арада сегіз жыл өткенде тақтайға шегеленіп, одан кейін басы кесілді.

Бір сипатты ерекшелік, софылықтың ашық мистикалық элементтері дүниені рационалистік тұрғыдан түсіндіруге бейімділікпен және ғылымға, оның ішінде медицина мен философияға деген сүйіспеншілікпен өбден жаразтық тауып жүретін. Визионерлер, рационалистер, натуралистер... Мистиктер мен эмпириктер. Бұл дүниеден сыртқары тұрып, осы дүниеде күн кешетіндер. VIII ғасырдың өзінде-ак, мәселен, мына сияқты ұрандар естіле бастады: “Даналыққа құлақ қойындар, мейлі, ол кепкүдайшылдар аузынан шықса да соған пейіл болындар”, немесе: “Тал бесіктен жер бесікке дейін ғылымды менгеруге үмтүлышындар” Осында либералдық Мұхаммет пайғамбар айтты дейтін мынадай бір нақыл сөзге негізделуі де ғажап емес. Оның мағынасы мынадай: “Кімде-кім көкті көксеп жерден безбесе, немесе, соған керісінше, жерді көксеп көктен безбесе, кімде-кім сол екеуін бірдей қадір тұтса, құдайдың нағыз сүйген құлы сол болмак”.

Арада тарихи тұрғыдан көп уақыт өткен жоқ, өзі дәрігер, философ және психолог Ибн Сина (Авиценна): “Адамның ойы жалпы қағиданы жеке заттардан түйінде шығараады” деген нақыл сөз кестесін ойлап тапты да, оны жүз жылдан кейін дінттанушы және құқықтанушы, математик және һәм философ Ибн Рушд (Аверроэс) қайталап шықты. Әрине, бұл әлі Декарт емес еді. Бірақ сол бағыттағы бір қадам болатын. Нақ сол тұста, XI ғасырда, Омар һайям өлеңдер жазды, математикалық формулалар ойлап тапты, астрономиялық есептер шығарды, күнтізбеке реформа жасады, ал одан екі ғасыр бұрын әл-Фараби Аристотель мен Платонды жаңа платон-шылдармен татуластырды, сөйтіп, ол өзінің бүкіл драмалық өзектілігімен Орта ғасырдан Өрлеу заманына өту кезеңіндегі Европаның алдында тұрған міндетті шешіп берді.

Міне осылардың барлығы софылар болатын, рас, тұра мағынасында емес, яғни олардың бірде-біреуі софылар қауымына кірген жоқ. Ақындар мен ойшылдар, құрылымдық жағынан өздерін қаншалықты демократиялық сипаттамыз деп есептесе де, ұжымдық тәртіппен байланыстыра алмайды.

Қарама-қарсылықтардың – мистика мен ақыл-ойдың – тоғысуы осындағы, жалынды, кейде тым қызба сенім мен

салқын ақылдың мұндай одағы кейде өсіре тұжырымшыл әуестіктен алдын-ала сақтандыратыны бар. Сұрақтар сол сұрақ қүйінде қала берсін, қызу қанды жақтаушы да, асып кеткен білгіш те емес, бар болғаны осыдан талай ғасырлар бұрын болып өткен рухани және интеллектілік драмаларды білуге ынталы біздер академик Бертельстің мынадай тұжырымын ой сергітер сезіммен ғана қабылдай аламыз: “Сайып келгенде, біргұтас соғылық ешуақытта болған емес, сондықтан да, барлық ағымдарға азды-көпті ортақтығы бар қағидаларды бөліп қарауға тырысамыз да, біз амалсыздан мәселенің шынайы жағдайын тек шамалап қана бейнелей алатын өте зор ауытқуларға келе аламыз”.

Солай бола тұрганмен, деп түйіндейді академик ойын, кейбір ортақтық элементтері баршылық; ендеше бұрынғы шиырланған іздермен ілгері жылжи отырып, Абайдың жеке тұлғасы мен шығармашылығы жөніндегі бұдан былайғы баяндау-ойтолғау мұдделері үшін жаңағы ортақ белгілерді бөліп қарастыру керек.

Билеуші тәртіпке қарсы рухани күш ретінде пайда болған соғылық өзінің наразылық рухы мен канондық ислам жөніндегі диссиденттік сипатын ғасырлар бойы сақтап қалды. Рас, бұл, қазіргі тілмен айтқанда, конструктивті оппозиция болды. Сонау XI-XII ғасырлардың тоғысында, (бір кезде Есенинге, әлбетте, қазір бізге де) көп есіктері ашылмаған Хорасанда туған діндар, асқан ақылды, кең білімді адам, өз заманында Құранды жетік білген Мұхаммед әл-Фазали өзінің басты еңбегі – “Сенім жөніндегі ғылымның қайта тірілуі” атты төрт томдық кітабын жазған. Сол еңбегінде ол өзінің батылдығы жағынан адам сенбестей әрекет жасап, сенім мен ақылды, Құран мен интеллектіні келістіруге әрекет жасаған. Соған аралық көпір етіп соғылықты таңдаған. Ол әрекеті қаншалықты сәтті болды – ол өз алдына мәселе, оны шешетін біз емес: тек мынаны ғана атап өтеміз: біріншіден, оның ойлары мәдениетті дүниенің шекараларын жасырын кесіп өтіп, арада бір дәуір өткенде, Николай Кузанский, Паскаль еңбектерінде, Джон Бенъянның “Қажылыш жолдары” атты кітабында жаңғырық тапты; ал соңғы кітабы жарыққа шыққаннан бастап, кейінгі кездерде де, тіпті бүкіл XVIII ғасырдың өн бойында оқымыстыны әлем жұмыла оқыды. Ең бастысы сол, күні кеше ғана бүйірғы

жүрген, тіпті заңнан зәредей ауытқымайтын адам бүгін дінбұзар қатарына қосылып кеткендей болды; ресми дін азып, салт-дәстүр түріне айналып кетті, бұрынғы әсері мен жаңға жақындығынан айрылып қалды, онсыз шын мәніндегі сенім болмайтын еді. Сондықтан соғылық тарапынан бір әрекет болса керек еді және ол қажет те еді. Сонымен бірге қарсы пікірдегілер тарапынан да өз ниеттерін білдіруде және күнделікті міnez-құлықта белгілі бір мөлшер сақталуы қажет болатын.

Сөз жоқ, бұл сияқты рухани және ақыл-ой парасаты көшпелілердің дүниеге көзқарасына жақын болуға тиіс еді, сондықтан да араб-парсы әлемінен соққан жел таяу уақытта бұларды да желпінтсе керек-ті. Қыр елінде Мекке жоқ, Бағдат жоқ, Самарқан жоқ, ол табиғат жағдайына қарай әдет-дәстүр дегенді сақтауға тіпті әзір емес-ті, сондықтан мұндағы ең діндар деген адамның жаны да Сағидидың “Бостанындағы” айтқандарына шын ниетімен ден қоюға тиіс еді:

Көкірек пен сөзде емес қой ұлылық,
Адамдықтан өзге емес қой ұлылық.

(Яғни мазмұн, сенім олардың сыртқы көріну түрінен жоғары болады.)

Ал мынау сол әл-Фазалидың өз әсемдігімен Құранның сұресінен де асып түсетін өлең құдіреті жөнінде және соған қосымша түсініктеме ретінде айтқан сөздері: “Жүректердің де сол: егер оларда Жаратқанға деген махабbat оты лаулап жаңып тұрса, бейтаныс бәйіт құраның сұресінде айтылған сөзден де күшті сезімді жеткізе алады”.

Қалай болғанда да, әлгі өлең жолдары мен оған берілген түсінік сөздерді және сол ғазелдің өзін 700-750 жыл өткеннен кейін оқыған немесе естіген (ең жоқ дегенде оқуға немесе естуге мүмкіндігі болған) бір адамға солардың рухы жақын болып шығыпты. Ол адам Абай еді және оның өзі де дәл солай ойлаған еді. Ел есінде сақталып қалған мынадай әнгіме бар. Даланың бір маңғаз мырзасы оған Құранда айтылған уағыздарды бұлжытпай орындалап жүру керек деп ақыл айтса керек. Сонда жаңағы философ ақын оған: “Сен біреуғе ақыл айтқанша анау біреуден тартып алған малы мен жерін қайтарсаншы. Сонда сен

Алла тағалаға адалдығынды көрсөтесін” деген екен. Бұл – ауызша әңгіме, ал мынау жазба құжат. Абайдың өмірінің соңғы кезеңінде, 1890 жылдары жазған “Фақлия” қара сөздері. Тіпті оны қолмен жазбаған да болар, Мұрсейіт Бікеұлы деген молдаға жатқа айтып отырып жаздырған болар. Гетеңің айтқанын Эккерман, доктор Джонсонның айтқанын Босуәл дәл солай жазып отырған ғой. Абай мұрасының ішінде оның “педагогикалық” бөлімі бар екені 1916 жылы Орынборда басылып шыққан өлеңдер жинағына “Қара сөздерінің біреуі енгізілгенде ғана белгілі болған. Сол “Он үшінші сөзінде” ол былай деп жазады:

“Иман деген – Алла уа табарака уа Тағаланың шәриксіз, файыпсыз бірлігіне, барлығына уа әртүрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайкум уәссәләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылымен дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі – кітаптан оқумен яки молдалардан естүмен иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек”

Ал көнілге реніш үялататын “Он алтыншы сөз” былай басталады: “Қазақ құлшылығым Құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып-тұрып жүрсек болғаны, – дейді”

Алғашқы кезде намаз үйреткен соғылардың дауысы естілгендей болады.

Біз де соларға қарай оралайық.

“Фазалиден кейін, – деп жазады Е.Э.Бертельс, – соғылық тек қала халқының ғана игілігі болудан қалды. Оның алдынан феодалдардың қамалдарына қарай да жол ашылды”. Осы тұста білгіштердің арасында да кейбір қайшылықтар тұа бастайды. Бертельс мынадай ұстанымға сүйенеді: Фазали діндарлар мен билік басындағылардың арасын жарастыруға тырысты, – дейді, сөйте тұрып өзі билікшілерге іш тартатын сияқты. “Осы (соғылық – Н. А.) қозғалысты белгілі дәрежеде билікші топтарға бағындырудың жолын табу керек болды. XI-XII ғасырлардың ірі ғалымы, өзіндік бір ойшыл, әйгілі Фазали осы міндетті өзіне алды. Ал ІІдырыс Шах, керісінше, оны дәруіш, яғни ақиқаттың жоқшысы және маҳаббаттың уағызшысы деп

білді, ал мұның өзі мемлекетке жағымсыз болатын. Мұхтар Әуезов те осындай ойға қарай ойысып, Фазалиді мұсылмандықтың, демек, мұсылмандық мемлекеттің де қаталынышы деп есептеуге және нақ осы себептен де ол Абайды Фазалидің рухани мұрагері деп ойлауға бейім тәрізді көрінген.

Ашығын айтканда, мен Ұйдырыс Шах пен Әуезовтің айтқандарын дұрыс дегім келер еді, бірақ мынадай қалың орманда адасып кетуің оп-оңай ғой, сондықтан ұнғылшыңғылына бармай-ақ, білгіштердің келіскең ортақ пікіріне тоқталғанды жөн көремін. Фазалидің алғашқы ойлары қандай болғанын айтпағанның өзінде, оның тынымсыз жүргізген ақыл-ой қызметінің негізгі өзегі бейбітшіліктің баяндылығы болған. Ол кімнің мұддесін жақтаса да, оның барлық күш-жігері қоғам мен мемлекет арасындағы, яғни іс жүзінде қоғам мен белсенді ислам арасындағы керегар алшақтықты мүмкіндігінше жоюға немесе ең болмағанда жақыннатуға бағытталған. Жұрттың айтуынша, міне оның осы бағыттағы жұмысы нәтижелі болған дейді: сол заманың либералдары ғана емес, барып тұрған ең діндарлары да соның сонынан еріпті. “Осынау күнөхар дінбұзар, – деп жазады Ұйдырыс Шах, – өзінің қызметінде керемет табыстарға жетіп, іс жүзінде мұсылман мешітінің атасына айналғаны сондай, не бір белсенді діндарлардың өздері де оны ауызға алғанда, шайхы-ул-ислам дейтін ең жоғарғы академиялық атақты коспай айтпайды” Екінші жағынан алғанда, Фазали ең қызба соғылардың өзін де кеудеден итермеген. Ал соғылар сәнді сарайларда тұрмаған, бұрынғысынша, жеркепелерде, немесе, айталақ, ауылды жерлердегі және қалалардағы ханакаларда тұратын болған. Былайша айтқанда, жазылғаны бар, ауызша айтатыны бар, барлық жарғыларының қатандығына қарамастан, соғылар қауымы демократиялық сипатта болды. “Фазали” деген жалған атының өзі “жұн тұтуші” деген мағынаны білдіруі де тегін болмаса керек: шайхы Мансұр әл-Халладж, шынында да, макташының баласы екен. Айтқандай-ақ, таңдаулыларға арналған эзотериялық ілімді жай қарапайым адамдардың игілігіне айналдыруда шешуші рөл атқарған адам нақ соның өзі болған. Сол үшін де ол қатты жазаланған, ондай жанкештілердің тағдыры жәніл болмайтыны белгілі.

Ал енді демократия болса, ол сословиелер санасының көрітартпалығын жойып қана қоймайды, ой-пікірдегі фанатизмді, әркімнің өз пікірін дұрыс деп ойлайтын шексіз сенімін, интеллектіні құбыжық көрушілікті теріске шығарды. Демократ сөйлеуді ғана білмейді, ол тыңдауды да біледі. Демократия – адамның жан дүниесі мен ақыл-онының бүкіләлемдік бірлігі деген сөз. Нақ соның өзі софылықтың табиғатына жақын, ал софылықтың ең жағымды қасиетінің өзі де – оның өзгенің пікірін қадірлеуінде, өзара түсінісуге өзірлігінде, бір сөзбен айтқанда – ТӨЗІМДІЛІГІНДЕ.

Софылық алғашында бас асау арындылықтан бастаған да, бара-бара саябыр ортаға қарай ойысып, ақырында екі жақты ұшқарылықты бітістіруге ден қойған ғой.

Мен бір ауық өз ойыма патшадай қожа болсам,
Енді бірде тіл-ауызсыз тұтқынымын сол ойдың.

Мінекей, софылықтың Руми қаламынан туған батыл ақындық бейнесі осындей. Оны жігіт кезінде жасы үлкен замандасы Аттар болашақта бүкіл әлемге тәнірінің ұлылығындей таңданыс отын маздататын дарын деп болжаған еді. “Химик” (яғни “Дәріханашы”) қателеспепті – Шығыстың ұлы ақындар шоғырында Европаңың алғаш танығаны нақ осы Руми еді, адамның басын айналдырғандай осынау ғажап дүниені соған ашқан да нақ осы Руми болатын. Атын атап айтпаса да, Чосер Румиге үнемі жалтақтап өткен. Ал энциклопедист, құлдіргі-скептик доктор Джонсон өзіне жат асқақ адуынмен былай дейді: “Руми ел ақтаған дәруіш алдынан Бірігудің құпия жолын ашады, сөйтіп, Мәңгілік Ақиқат Жолының Жұмбақтарын шешіп береді”

Жалпы алғанда, кенеттен жақындасу пайда болады. Гегельдің үштігіндегі мағынасы бұлдыр құрес және қарама-қарсылықтарды алып тастау деген софылықтың түп негізінде жатыр. Екінші бір ұлы неміс, Томас Манн да, соның рухын дәл жеткізетін сөздерді іздейді де, дәл тауып айтады: батылдық деген жақсы нәрсе, дейді ол, бірақ та ең жемістіңі және шығармашылық түрғыдан ең өніктің тек жуан ортасы ғана. Ал Поль Валери ше, бала жегіш Кронос сияқты, ол өзін өзі жейтін таза интеллекті үлгісіндегі Тестінің бейнесін жасағанда, бір кездегі

соғылыштың шебері До Сараның айтқан ойын қағып алғандай, былай деп сұрап қояды: “Өзін-өзі түгелдей бақылап тұратын ойды көзге елестете алатындарының бар ма – егер ол түгелдей бақылаумен шұғылданатын болса, онда ол нақ не нәрсені бақылай алмақшы? Ал егерде ой өзінің төл қызметін атқарып тұрған болса, онда бақылаудың үлесіне қалатын не нәрсе болмақшы?” Расында да, Тест мырзаның мынадай нақыл сөздеріне белгілі бір дәрежеде іштей жақындық байқалғандай:

ой түбінде айқыш-ұйқыш қайшылық;

мен – тұғыры жоқ тұрақсыздық;

акыл – иіліп тұрған икемділік – дәйексіздікке қабілеттіліктің кемсіз кемелдігі.

Орталыққа қарай ойысқан, өзімшілдіктің өз бойындағы сауытына түмшаланған дүниемен бұл сияқты үндестіктің тіпті санадан тыс түрде де болуы мүмкін емес екені түсінікті. Ал сонымен қатар жанның қасиеті мен ақылдың бейімділігі нәсілдік жолымен жақын адамдарға оңай ауысатындығы да түсінікті, бұл да кейде мүлде күтпестік жағдайда жүзеге асуы мүмкін.

Әдебиеттің жөні өз алдына ғой, бірақ та қазақтардың сан алуан нәсілдер мен сан алуан дін адамдарын өз аспанаңының астына және өз үйлерінің панасына алуға дайын тұратындығы сол төзімділіктің табиғи түрде қабылданған сыйы емес пе екен? Әрине, соғыс жылдарында немістер мен балкарларды, ингуштар мен қалмақтарды олар өздері шақырып алған жоқ – ол жоғарғы державалық өкіметтің ырқымен болған іс, дәл сол сияқты бұдан жұз жыл бұрын самодержавиеге қарсы айбат шеккен орыстар мен поляктарды осылай қарай қуған да империяның қысастығы болатын. Алайда оларға өз еркінен тыс қожалық етуге мәжбүр болған қазақтар жомарттықпен қонақжайлышы танытты да, қуғындағылар бұл жерден өз үйлерін тапты.

Әрине, тарих деген Нева даңғылының тас жолы да, даланың жазық төскейі де емес. Төзімділік – адам жанының тынымсыз енбегі, бір-бірімен айқасқан қарама-қарсылықтар олардың бітісуімен жойылмайды, ал жойылғанда да қан мен қасірет арқылы ғана тынады.

Абай мен әкесінің арасындағы талас, сайып келгенде, қалтқысыз өзіне өзі сенгендіктің қақтығысы емей не нәрсе

еді, соғылық та содан басталып, кейін төзімділік соның мұраты мен мәніне айналған жоқ па еді?

Адам баласының жүріп өткен жолына жоғарыдан көз жіберіп, солардың ішінен хакімдер мен ғалымдарды көргенде, Абайдың күрсінетін жайы бар:

“Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым... Хакімдердің ғақлиятымен жетсе, иман шынайы болады... Бұл хакімдер үйқы-тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақтығына, яғни электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, әсіресе адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты үйреткендігі – баршасы пайдалы болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ”.

Шындығында, бұлай деп ой толғау өмірдің ауыр тәжіриbesін арқалап, білім мен рухтың биік ақиқаттарынан сусындал, нәтижесінде өзі де хакімге айналған адамның ғана аузынан шыға алса керек. Бұл – Абай, ал жаңағы келтірілген – соның “Отыз сегізінші сөзінен” үзінді. Оның ең ұзак, бәлкім, ең терен және сондықтан да ең мұнлы сөзі осы, – өйткені бұл ислам туралы, ақиқат, білім, үйлесім туралы сөз, Адамгершілік туралы, адамдар мен халықтардың туыскандығы, сенім мен оқудың ішкі байланысы туралы сөз. Абай тұлғасы Құнанбайдан ажырасар алдында, жаңа биіктеге баар жол үстінде осындағы болып көрінеді. Сондағы жекпе-жек сайысы мынадай болатын:

“Дос пен қасты сараптамайсын. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді...

– ... Ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы “айт” десе өргізіп, “шайт” десе жусататын болған. Бертін келе, ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып “шөк” десен, аңырып барып қана бұрылады. Ал қазіргі ел көрбалалықтан, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бер боранда, жауын-шашында топ не көрсе соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп,

мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташығана баға алады”

Бір есте болатын нәрсе, бұл ойдан шығарылған кейіпкердің сөзі, өзінің аттас прототипіне қанша жақын болғанымен өзі емес. Тәннен жан артық еді. Ал оның тура өз аузынан шыққан сөз мынадай, бұл енді ұстаз Абайдың сөзі. Әлгіден гөрі аңырақ, өйткені бұл тұстағы халық онша момаңан көрінбейді.

“Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды қөбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызыса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзактай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық”

“Жетінші сөзде” осылай делінген, ал оның алдындағы алтыншы сөзде де реніш бар, бірақ оның тенеуінде жаңағыдай қыжыл жоқ.

“Қазактың бір мақалы: “Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік” дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса еken дейді... Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес”

Сонымен қатар “Төртінші сөз” де бар. Мазмұны – күлкі туралы; ақылды, ақылсыз күлкілер болады еken. Қысқасы, бір қалыпты, байыпты, байсалды өмір туралы.

“Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антүрғандық. Және әрбір жаман кісінің қылышына күлсөң, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңдан күл, ызалы күлкі – өзі де бір қайғы... әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына күлсөң, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл.. Көп күлкінің ішінде бір күлкі бар-ау, Құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сөндер, әдемішілік үшін құлетін бояма күлкі”

Гогольдің бір айтқаны бар: Пушкин – орыс адамының екі жүз жыл өткеннен кейінгі бейнесі, – деген. Мүмкін. Абай да әлі қалыптастып болмаған қазактың бейнесі шығар, қазақ ақынының емес, нағыз қазактың өзінің; өйткені

Пушкиннің орыс поэзиясында тікелей мұрагері жок (жұрттың бәрі сонын мұрагеріміз деген кісіде Мұрагер болмайды), сондықтан Қазақстанда Абайдың да мұрагері жоқ шығар.

Ал бірақ өзі жуан ортаның адамы болғандықтан да Абай халқының рухын бейнелей алды ғой, демек, ол өзі де – тарихи дамудың бір буыны.

Абайдан жеті жарым ғасырдай бұрын, Түркістанға таяу, қазір Сайрам аталатын қалашақта Қожа Ахмет Йасауи туып, кейін соғылардың шейхы, көреген ақын болып, бүкіл түркі жұрттының құрметіне бөлөнген әулие атанды. Мұхаммед пайғамбардың жасына жеткен кезде, ол өзін күннің көзін көруге лайықсызбын деп есептеді де, жердің астынан қылуует қаздырып, соған тұсті; қалған өмірін сонда өткізіп, шәкірттерін күн сайын жер астында қабылдан тұрды.

Арада екі жұз жыл өткенде әмір Темір сол жерге кесене мазар салдыртты да, кейін ол Орта Азиядағы Ай-Софы және екінші Қағба атанды, қажылыққа баратын жұрт енді солай қарай ағылатын болды. Оған үш мәрте барған адам Меккеге барған қажылыққа теңгеріледі деп есептелді, ал мазардың өзі замандар арасындағы мың жылдық байланысты бейнелегендей болып, Ұлы жібек жолының үстінде жатқан ортағасырлық мекенді көзге көрінбейтін желімен Түркістанға жақындана тұсті. Мазардың көгілдір мұнарасы жан-жаққа көз ұшынан көрініп тұрады. Анықтамада жазылған, отыз метр биіктікten әлдеқайда зорайып бой көтергендей, аспан әлемінде мұнартып қалқып бара жатқандай өсер етеді. Мазар кесенесі бір есептен жалпақ даланы бір өзінің аясына сыйғызып тұрғандай да, екінші жағынан, сол даланы өзі тудырғандай, өйткені осы кесене алып жатқан сегіз гектар жер жан-жаққа жайылып алысқа тарап кеткендей сезіледі. Бұл өзара тәуелділік пен жоғары дәрежедегі өзара алыс-берістің әмбебап заңы: адам қолымен жасалған өнер жемістері өмірге қанша қарыздар болса, өмірдің өзі де оларға соншалықты қарыздар: Йасауи кесенесі де сондай жемістердің бірі.

Бұл сияқты ірі тұлғалардың төнірегінде болатындыай, талай ғасырлардың ішінде бұл кісінің айналасында да, өзінің ықпалы жөнінен де және, әлбетте, ақындық уәжі жөнінен де анығына жете алмастай талай аныздар туған

(дүниеге келген, Бұқарада оқыған, әулиелік құрған, т.б. қызметтер атқарған мезгілдері анық белгіленбеген). Йасауи өмірбаянының халық жадында неше түрлі қияли аныздармен әлеміштенгені соншалық, бөлкім, кейбір шығыс зерттеуші ғалымдарды оның басты ақындық шығармасы – өйгілі “Хикметтерін” де замандастары мен ең жақын мұрагерлерінің ұжымдық еңбегі деп жорамалдауға итермелеген болар.

Ал бірақ аныздар да шындықтан туындайды ғой. Қожа Ахметтің өмірі мен жер бетіндегі қызметінің өзі адамдардың өзімшілдікке, кез келген меммендікке – мейлі ол ұлттық, мәдени немесе діни түрде бола ма – бәрібір, сектанттық фанатизмге, өшпенделікке қарсы тұратын көпшілік арманының жиынтық көрінісі еді. Сөз жоқ, ол рухтың беймәлім өміріне шомып кеткен-ді, әлемнің биігіне бой ұрды, бірақ күйігінен бой тартқан жоқ; “Ә, соғылар, Жаратқанның дидарын көргілерің келсе, қара тобырға қарай жүгіріндер” деп даурықкан жоқ.

Йасауи тіпті пайғамбардың өзіне де белгілі дәрежеде еркінсіп, “әулиелердің хатшысы” деп сөйлейтін.

“Хикметтер” деген не нәрсе?

Өзіне-өзі үцілген рухтың азапты сапарлары туралы хикая: “Ақиқат жолында тосқауыл бар мың түрлі”

Алла тағалаға сүйіспеншілікті түйсіну: “Алланы сүйген құлдың жүзі нұрлы!”

Ақыр заманның келе жатқанын сезіну: “Ей, достар, ақыр заман келді әнекей” деген сөзден кейін дүние астан-кестен болып, әлемді қара түнек басады.

Жанды-жансызда жарық дүниеге келе алмағандардың қайғы-зары бір жүйе: “сабағынан үзіліп түскен гүлді бұлбұл ғана жоқтайды”

Мынадай бір сырттан қарап тұрып қағазға түсіргендей бейкүнә көрініс:

Сыртқы түрі бұлбұл құстай кәдімгі,
Қанаттары жасыл жебе секілді,
Пыр етті де кетті зулап аспанға.

Ие, “хикмет” дегенініз – тұтас бір әлем, онда бөтен жан жоқ. Сан алуан қорқынышты әлем, бірақ онда баршаға орын бар. “Егер алдында кәпір тұрса, оны ренжітпе. Қатал жүректі зорлықшыл пенdeden Тәнірі теріс айналып

кетеді” Әлем үй секілді, әлем жатақхана секілді, мұндай құрылымның өзіне лайық жаңғырығы бар.

Басталуы көбінесе мынадай болып келеді: “Ей адамдар” немесе: “Ей, софылар” Былайша айтқанда, “Хикметтер” дегеніміз – жұртқа қарат айттылған жария сөз, назарына бағышталған ауызша сөз. Тіпті, Паскаль айтқандай, ақыл-ойдан тыс жатқан, танып болмастай, жоғары сатыдағы заттарды қамтығанның өзінде де, одан да бұрын “Упанишадта келтірілгендей (осы тараудың эпиграфын қараңыз), ол іштен айттылмайды, тастүйін жабық күйінде айттылмайды. Кітаптың соңында мынадай ырғакты жолдар бар:

Хикметтерім кетті тарап жалғанға,
Хикметтерім – дөртке дәрмен күш берер,
Хикметтерім – дүниеге жыр дастан,
Хикметтерім – шекер менен балдай-ды,
Хикметтерім – жалындаған маҳабbat.

“Фақлиялар” да осы сияқты, олардан да баяғыдағы дастандардың жаңғырығы естіледі, солардағы дөртке дәрмен мен жаңға нәр бұларда да бар.

Кейде тіпті одан да жақындық сарыны естіледі.

“Мениң өмірім желдей есіп, босқа өтті де кетті деп, Қожа Ахмет дәрмені құрығандай үйілесе, соның күрсінгеніне Абай алыстан назаланып үн қатады:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң тұспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бірақ жақындығы тек тақырып жақындығынан ғана көрінбейді. Абай дін туралы, игілік туралы, сый-сияпат туралы, күнә туралы, өмір мен өлім туралы ой толғайды, бірақ онысы уағыз түрінде емес және тіпті діни трактат түрінде де емес; кәдімгі қарапайым көшпелі қазақпен арадағы еркін әнгіме рәсімінде.

“... Дүниеде жүргенде туысың, есуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дene бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жок

па?... Біріңе-бірің қонақ екенсін, өзін дүниеге де қонақ екенсін, біреудің білгендігіне білмestігін таластырып, біреудің бағына, малына құндестік қылып, ия көрсек-қызыарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? Тілеуді Құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен енбегімді жандыр демей, пәленшешенікін әпер демек – ол Құдайға айттарлық сөз бе? (“Отыз төртінші сөз”).

Фылымның дәлелмен келтіргенін поэзия қиялмен сезіп біледі.

“Орта Азия ежелгі замандарда адамзат өркениетінің аса маңызды бұлақтарына барап жолдардың тоғысар тұсы болған да, өзі де сол өркениеттің бір орталығы есептелген. Сондықтан IX-XI ғасырлардағы Орта Азия әлемінің озат ойлы ғылым және философия қайраткерлері – өздерінің үстанымдары жағынан шын мәнісіндегі гуманистер, жаңаша білімділік, жаңаша ағартушылық жүйесін жасай отырып, өздерінен бұрынғы Қытайдағы, ал өздерінен кейінгі Европадағы туысқандары секілді, өздерінің заманы мен ежелгі әлем арасында жатқан әлде бір тарихи аланнан, басқаша айтқанда, өздерінің “орта ғасырларынан” аттап етті”

Оқымысты ғалым барлығы да бірімен-бірі байланысып жатқан дүниежүзілік мәдениеттің өткен жолы туралы ой толғағанда, осылай деп жазған еді (Н. И. Конрад. “Тарих ғылымындағы Орта ғасырлар”).

Бірліктің құтысының аузы ашылды,
Келіндер, дәм татындар, ләzzәт алып,
Жай тапсын біздің дағы жадау көніл

Діндар, әрі ақын кісі (ал “Хикметтер” де, “Факлиялар” секілді, сөз жоқ, поэзияға жатады), байқаусызда болашақтағы ғылыми жаңалықтарды және Джон Доннан (айтпақшы, ол да діндар және ақын) – ешбір адам арал емес дейтін сөзі бар – Андрей Платоновқа дейінгі көркемдік әлемнің жаңа туындыларының келешегіне із салып, – “мен жоқта аздық етер адамзатқа” деген сөзді айттып қалған ғой.

Аспанға көз салғанда екі аяғымен қара жерді басып тұратын Абай да осы жолдан өткен.

Йасауиді оқыды ма екен ол? Оны білу қыын, кітапхана деректерінде көрсетілмеген, Төлбасы да ештеңе айтпайды.

Фирдоуси, Низами, Науай, Физули, Хафиз, Сағди – Абайдың төнірегіндегі шығыстық орта – осы айтылғандар. Олардың ішінде Қожа Ахмет есімі жоқ, бәлкім, ол “соғылар” деген жалпы тізімде атаусыз жүрген шығар. Анығын біліп алса, әрине, жақсы болар еді, бірақ енді оны біле алмассың. Сондықтан ауызша айтылған сөздердің жүрнағын міссе тұтуға тұра келеді; ал ондай сөз тіпті тікелей ықпал болмаған күннің өзінде де айтылмай қалуы мүмкін емес – Абай, оның өз сөзіне қарағанда, ұлы шайх салғызынан жан қаласын мекендеген. Адамның ақыл-ойы уақыт өте келе өзінің жаңашылдық қасиетін жойғанмен, ұзақ сақталған шараптың ләззатты дәмі мен жұпар иісін жоймақшы емес.

Йасауден шамасы жұз жыл бұрын, 1015 (басқа бір нұсқада 1020) жылы, Шу аңғарына таяу, сол кездегі сауда мен қол өнерінің ірі орталығы Баласағұн қаласында Жұсіп Хас-Хажиб туған да, кейін Жұсіп Баласағұн аталып кеткен; оның өз замандастары арасында және кейінгі ұрпақтарда атақ-даңқын асырған – “Құтадғу білік” атты кітабы. Ал шындығында бұл кітап ұрпақтарына тез арада жете қойған жоқ-ты. XVIII ғасырдың ең аяқ кезінде ғана австриялық шығыстанушы ірі ғалым фон Хаммер-Пургшталь Стамбулда сол кітапты тауып алғып, Вена кітапханасына тарту етеді. Фылыми айналымға ол жұз жылдан кейін ғана енгізіледі. В.В.Радлов кітаптың түпнұсқасы мен неміс тіліне аударылған мәтініне түсінік жазып, бастырып шығарады. Қазір оның орыс тіліндегі нұсқасы да бар – әуелі оның ірікеп еркін аударылған нұсқасын (“Бақытты болу ғылыми” деген атпен) Наум Гребнев жүзеге асырды да, кейін толық қүйінде, фылыми жарактаратымен қоса жаңа атпен (“Құтадғу білік”) С. Н. Иванов бастырыды.

Бұл шығарманың шығыстанушы ғалымдар қатарындағы мамандық шекарасынан шығып кетіп, халықаралық көлемде әйгілі болуы ненің арқасы еді? (Жасырмайын – менің бұл өлкеге қарай жолымның түсуіне Мұрат Әуезовтің “Иппокрена” атты кітабының бірнеше беттік өте мазмұнды бөлігі себеп болып еді: Абай, Мұхтар, Мұрат деп бәрі сабактасып келіп тұр...).

Ал бірақ осығұрлы көлемді жұмыс алғаш рет сол замандағы ресми, былайша айтқанда, әдеби тіл араб тілінде емес, түрік тілінде пайда болған, ол неліктен?

Шындығында, Отырадың, Бұқардың, Қашғардың, діни оку орындарында тамаша білім алған Жұсіп араб, парсы тілдерін еркін менгерген де, сол тілдер оған ана тіліндегі болып кеткен ғой, демек, оның алдында тілден кедергі болмаған. Шамасы, мұның екі түрлі – айталық, идеологиялық және практикалық себебі бар. Кітап пайда болған кезде Таяу Шығыстың, бұдан сегіз жұз жыл кейінгі қазак даласындағы сияқты, тұрмыс салтында тұбірлі өзгерістер болып жатты, солардың сыртқы белгісі мұсылман әлеміндегі қарахандықтардың адам айтқысыз даңғазалы әскери-саиси женістері түрінде көрінген. Жаңа өulet кейбір мәдени салада өз мәртебесін қамтамасыз етуге мәжбүр болды, – өзіндік өктем тілі жоқ, Шығыста дәстүрлі түрде құрметтелетін поэзияның той дастарханында бұрынғы үstem тілдің табағынан қалған қоқымды корек етегін билеуші өкімет бола ма? Араб тілімен қатар түрік тілі де Шығыстың ұлы тілі болып табылады деген ойды замандастардың санасында нығайту қажет болды. Айналасы бір жарым жылдың ішінде жедел жазылған “Құтадғу Білік” осы міндетті орындауға тиісті болды, ал оның ішінде екі жолдық алты жарым мың бәйіт бар болатын. Бұдан төрт ғасыр кейін жазылған Әлішер Науайдың мәңгі өлмейтін “Хамсасы” ғана осындай шапшандықпен жазылған-ды. Ал енді екінші, болмыстық себеп мынадай еді: Жұсіп сөзін бұрын құлағы араб тіліне үйреніп қалған зиялды және діни ақсүйектерге ғана, білікті соғылар тобына ғана арнаған жоқ, қарапайым отырықшы және көшпелі адамдарға да арнады. Ол “Алла масаны да, одан кішкентай жәндіктерді де мысалға келтіруге арланбайды” (2:26) деген Құран сөзіне бақты.

Кейбір мағынада алғанда “Құтадғу Білік” – шындыға да білім, өмірдің әр түрлі саласынан алынған мағлұматтардың жиынтығы. Бірақ сонымен бірге өмір мағынадың көрінісі, шыр көбелек айналған табиғат ортасындағы адамның жағдайы мен рөлі туралы, ақылдың сәулесі мен надандықтың қара түнегі және т.б. туралы мәліметтер жинағы. Сонымен бірге бұл саяси трактат, тіпті керек десеңіз Макиавеллидің “Алдияры” стиліндегі саяси философия. Яғни хронологиялық мағынада, әрине, керісінше – “Алдияр” одан 450 жыл кейін жазылған. Бұл жалғыз ғана ескерткіш емес. Өзгелер ерікті-еріксіз түрде

жаймашуақ етіп жазған жайлар туралы Никкола Макиавелли әбден көз жеткізе, турасын айтады. Ал көбінесе үндемей кетеді; өкімет билігіне өзінің істеген істері жөнінде моральдық жағынан ақталу іздеу қажет емес. Чезаре Борджианың у беріп кісі өлтіргенін ол анық білді, бірақ бұл жағдай онын пікірінде герцог Валентиноның ұлылығын ешбір кеміте алған жоқ: “Герцогтың істеген істерін жинақтай келгенде, мен оған ешқандай кінә арта алмадым; керісінше, өкімет билігіне тағдырдың мархабатымен, басқа біреудің қаруымен қол жеткізген адамдардың бәріне оны ұлгі етіп көрсетуге болатын еді, мен солай істедім де” “Алдияр” – егер әр нәрсені өз атымен атайды болсақ, бейморальдық пен ұстанымсыздықтың нағыз жандайшабы. Саясат пен дінде, деп ақыл айтады автор өзінің трактаты арналған Лоренцо Медичиге, қандай болғаның емес, қалай көрінгенің керек, ойлаған мақсатына жету үшін қандай құрал қолдансаң да лайық.

Жүсіп бұған тұра қарама-қарсы тұрғыда, оның қанша-лықты сүйкімді екенін айтып жатудың қажеті жоқ, бірақ тарихтың қатал сабағына бақсақ, Макиавеллидің айтқаны дұрысқа шықты. Ежелгі кітапта “Алдиярларды алқалаудың ережелері” жинақталған, ал мұның өзі ар-намыс, ақыл-парасат, төзімділік пен зиялыштық туралы ережелердің жиынтығы. Онда “Державалардың игілігі туралы” айтылады, ал оның өзі, автордың ойы бойынша, ізгілікке, білімге және рухтың нақты қажеттіктермен табиғи одағына негізделген, нақ осы мағынада Жүсіп кімнің “қандай болуы керек” екенін тізбектеп жазады. Олар:

Елші;

Хатшы;

Қазынашы және т.б.

Одан кейін биліктің басқа адамдарға “қалай қарайтыны” айтылады. Олары:

Соқашы;

Ақын;

Колөнерші;

Саудагер және т.б.

Ал осы ережелер бұрын бұлжытпай орындалып келіп, қазір аяқ асты қадірсіз болып кетсе, онда бұл салт-дәстүрдің қайғылы түрде құлдырап кеткенін көрсетеді.

Жұсіп осыған қайғырады: Хафиз бен Науайдегі таза жетіскендіктің қайрат-жігері мұның кітабында сезілмейді.

Бұл өзірге өзара шүйіркелескен адамдардың тар шенбері ғана, ал Жұсіп, тағы бір ескертейін, баршаның естүін және түгел түсінуін қалайды. “Менің кітабым зерделі адамның баршасына түсінікті”, – деп тоқмейілсиді ол. Басқасын былай қойғанда, “Құтадғу Білік” сан алуан ақыл кенестердің нұсқаулар мен дәрістердің тізбегі, онда әйелді қалай таңдау мен қонақты қалай қабылдаудың ережесіне дейін айтылады. Бір сөзбен айтқанда, бұл шын мәнісінде кітаптың пайда болған жері мен мезгіліне сәйкес энциклопедия болып шыққан.

Бірақ қалай дегенмен де замандастары мен олардан кейінгі мұрагерлерінің Жұсіпке назарын аударған нәрсе оның үнемі ізденіп жүретін мазасыз ойының мазмұнының сан алуандығы мен солардың қөлемі ғана емес еді ғой.

“Құтадғу білік” – бұл жоғары дәрежелі, құштарлық сезімге толы, жұмбақ және сонымен бірге баршаға түсінікті, формасы жағынан демократияшыл поэзия, ондағы халық мәтелдері стихиясының соншалықты ықпалдылығы тіпті де тегін емес еді ғой. Ондағы философиялық материялар да, түрмис та, тіпті ақырзамандық жорамалдар да өлеңмен беріледі және сол өлеңнің өзіндегі айтылатын ойлар ешбір күмән тудырмайды.

Бұл дүниеге тыр жалаңаш келдің сен.
Сол жалаңаш күйінде һәм кетерсің.

Атақ-абырой артта қалып, бүкіл айналаны қайғы-қасірет басып тұрса, сол дүниені апаттан құтқаратын – тек сөз ғана, Анна Ахматова айтқандай, сөз мәрмәр тас пен болат темірден де мықты.

Өтер-кетер дүние, тағат етпес,
Қалатыны – сөзің ғой естен кетпес.
Алтын да емес ырысың, құміс те емес,
Жөн сөзінді ешкім де бұрыс демес.

Домбыра шегінің күмбірі – сол ғой ұзын арқаудай тартылып, алыс-алыс замандар мен қиыр-қиыр өнірлерді бір-бірімен жалғастырып, бір шеті Қазақстанның солтүстік-шығысында жатқан Жидебай ауылына дейін келіп жеткен.

Даналығынан туған бір дән топыраққа ұрық болып себіліп, содан әрі ауаға тарап, ғасырлардан ғасырларға үрпақ жайып, тамыр тартып, ақыры Жүсіп арқылы жер мен көкті жалғастырған:

... Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен...

Кенет күмп етіп жерге түседі:

Қатыныңың ойнасын
Білсең, және қоймасын ...

Абай да жүрттың бәріне естіртіп бір-ақ айтады:

Қор болды жаным,
Сенсізде менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.

Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәнда?

Осынау құштарлы, ышқынған зар жоғарыға қарай, тек тандаулыларға ғана арнап айтылған, бірақ шын жүректен шыққан, тіпті ағынан жарылып жеткізілген, сондықтан құрым үйде амалы құрып, қалтырап тоңып қарапайым шаруаның да жанын тебірентерліктең сөз. Ақын сөзін тұра соған арнайды:

Қадірін жақсы сөздің білер жанға
Таппай айтпа оған да айтар кезді.

Шындығында, біз бұл жөнінде айтқанбыз, қайталай беретін несі бар, тек бір нәрсені әлі де қоса кеткен артық болмас; қарапайымдық дегеннің өзі алдамши келеді, сондықтан Абайдың ұлы орыс замандасының: іш тарту деген тындарман-оқырман үшін сирек кездесетін игілік, – деген бір сөзі бар. Тютчев білген осы көңілсіз шындықты Абай да білген, сондықтан да ол ешбір өрліксіз, қайта мұнды сезіммен өзінің жұмбақ екенін қайталап айта берген.

Кейде Жүсіптің тынбай қайталайтын сөзін Абайдың сол қалпында іліп алатыны бар:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістіреп қай баласы?

Ой ортақтығы, сенім ұқсастығы, рух тұстыры –
осының бәрі дыбыс ырғағының бірлігімен расталады,
сонымен нығайтылады.

Өлең – сөздің патшасы...

Абай өзінің қадір тұтқан осынау ойына қайтып оралып
отырады, оны құбылтып қолданады, мәпелейді, ақынды
аламан бәйгенің тұлпарына теңейді, өзі алтын арфаның
шегін ойнатқан Орфейге үқсап кетеді.

Әлішердегі бір кездегі ақындықты ардақтап,
Қол жимадым басқа елдерді шабуға,
Жібермедім елшіні де бірлік-бітім айтуда...

Бұдан бұрын да Жұсіп жазған-ды былай деп:

Бұл кітапты қабыл алып қарапсын,
Түркі тілі ғажабына қаларсын...

Қол ұсынып, білім ізден терледім,
Сөзді сөзге өріп, тізіп зерледім!
Түркі сөзін үркек тағы киіктей
Қолға үйретіп, қамап, ерік бермедім!

Солардың барлығы да – түп аталар, мұрагерлер,
мұрагерлердің мұрагерлері, – жапырақ жайып, гүлденген-
деріне мастанбаған, түп тамырларын ұмытпаған.

Ал тамыры, негізі – бұл тіл Өлең – тілдің патшасы, ал
тілдің езі – тарихтың, діннің, әдет-ғұрыптың, бүкіл халық
өмірі тәртібінің сақшысы.

Абайдың ең мықтылармен, ең атақтылармен араласа
жүріп, бұдан жүздеген жылдар кейін кірген ортасында
ерте заманның тағы бір тұлғасы – Махмұт Қашқари пайда
болады.

Қарахандар мемлекетінің жоғарғы тобына жататын
отбасынан шыққан бұл кісі 1030 жылы Қашқарда (қазіргі
Шыңжан жерінде) туған. Ол тумай тұрғанда, әкесі
Баласағұн қаласының бастығы, қазіргі тілмен айтқанда, мэрі
болған, міне сол жылдары дүниеге Жұсіп те келген. Сөйтіп
алғашында жұлдыз арқылы туысқан бұл екеуін кейін өмір
мұраттарының бірлігі жақындастырады. Бірақ Жұсіптің
жас өмірі алаңсыз гуманитарлық білім саласында өтсе,
Қашқардағы Махмұтты тағдыр ұзақ уақыт ел актатып,
әуре-сарсанға салып қояды. Орта Азияның ең ірі медресе-

лерінен тамаша білім алып шығып, ғалымдық пен өкімшілік жұмыстың қайсысында да, бәлкім, тіпті өскери қызметте де тамаша лауазымға әзір түрған кезінде, ел ішіндегі патшалықта ырың-кезек дау-жанжал басталып, өкімет билігі үшін қиян-кеске талас туады да, жас жігіт өлде қашып, өлде қуылып, Қашқардан кетуге мәжбүр болады. Сол қаңғыру жылдарының аяғы ақырында адам айтқысыз шарықтау биігіне айналады. Бақыттың қайдан дері бар ма...

Ел ақтап, дала кезіп, еш жерде ұзак тұрақтай алмай жүріп, Махмұт әр елдің әдет-ғұрпын зерледі, тіл шұрайы мен халық мәтелдерін жинастырды, жер бедерін зерттеді, ақырында, Бағдатқа жетіп, сонда университет кафедрасына басшылық етті, сол жерде он жыл бойы ғылыми жұмысқа шомып, нәтижесінде дүниежүзілік атақ-данққа ие болды. Бұл еңбегі “Дивани лұғат ат-түрік” деп аталатын, арабшадан аударғандағы мағынасы “Түрік сөз шұрайының жинағы” деп аталатын. Соның сақталып қалған жалғыз данасы XIII ғасырдың бас кезінде Стамбул кітапханасына түскен екен, сол қүйі осы уақытқа дейін сақталып келіпті. Ол нұсқасынан кітап Европа және Шығыс тілдеріне аударылған, таяуда осы еңбектің 700 беттік қалың томы орыс тілінде шықты, яғни айтқанда, тағдырдың бір бүйрек болар, осынау алып еңбекті өз мойнына алып, орыс тіліне тамаша аударып шыққан (істің жайын білетін адамдардың бағалауы бойынша) – Мұхтардың немересі, Мұраттың қызы Зифа-Алуа Әуезова болды. Тағы да бәрі осылай тоғысып-толысып жатқан...¹

“Өзім осынау тамаша тілде сөйлейтін түрік нәсілінен шығып, ата тегім жағынан жоғары әuletке жататын болғандықтан, түріктердің барлық елді мекендерін аралап, барлық кеңістіктерін кезіп жүріп, түріктердің, түрікмендердің, оғыздардың, шығылдардың, яғмалардың, қырғыздардың тұрмыста қолданатын және ұйқасты сөздерін санама сініріп алғанмын. Міне сондықтан да ұзак жылдар бойы шұғылданып, іздестіріп келіп, осы кітапты ен көркем, ең түсінікті тілде жазып шықтым”, – деп жазады Махмұт (ал одан кейін Жусіп, одан кейін Әлішер), бейне

¹ Бұл еңбек 1997 жылы Н.Ә.Назарбаевтың кіріспе сөзімен Асқар Егеубаевтың аудармасында Алматыда “Хант” баспасынан уш том болып қазақ тілінде басылып шықты. – (Ж. ІІ.)

бір болашаққа аманат еткендей және өзінің мамандық һәм моральдық тұрғыдан хақылы екендігін растағандай болып. (Және, сонымен бірге, садақ атуға келгенде ешкімнің өзіне тең келе алмайтындығын да ескерте кеткенді жөн көрген сияқты). Бірақ бұлай ескертудің қажеті жоқ еді. Өйткені оның өз замандастары да, олардан кейінгі үрпақтардың өздері де Махмұт Қашқари арқылы дүние жүзіне ұлы лингвист-лексикограф және диалектолог келгендін, оның кітабында өткен замандардағы арабистиканың ең ғажайып табыстары жинақталып қана қоймай, сонымен бірге кейін, XIX-XX ғасырлардың тоғысында ғана қалыптасқан жаңа білім саласына жол салып бергенін түсінді.

Жә, қазіргі сөз ол туралы болып отырған жоқ.

“Жинақ” дегеніміз тек түсіндірме сөздік қана емес, дәл сол мәртебедегі тарихи еңбек, географиялық очерк, мақалдар мен мәтелдер жинағы, поэзиялық жинақ, этнографиялық трактат, бір сөзben айтқанда, “Құтадғу білік” тәрізді, түрік энциклопедиясы болып табылады.

Оны ақын-ғалымдар, жоғарыда айтылғандай, шамасы, бір ғана мақсатпен басшылыққа алды. Неше түрлі қыындықтар мен құғын-сүргінге қарамастан, патриот және мемлекет қызметкері бола тұрып, Махмұт, Жүсіп сияқты өзінің “Диванинда” дүрысында Шығыс әлемінде анық жетекші орын алған ұлы халық пен ұлы державаның бейнесін жасауға тырысты. “Халыққа ізгілік, сұлулық, әсемдік, ибалылық пен инабаттылық, үлкенді сыйлау мен сөзге беріктік, кішіпейілділік, өр мінезділік – тағы басқа сансыз көп қасиеттер тән!”

Ал енді мемлекетке келетін болсақ, онда, деп сендерді Махмұт (Бұқарда естіген Құран хадисіне сілтеме жасай отырып), оның биік мәртебесін Пайғамбардың өзі болжап білген. Өмірде жиі кездесетініндей, ғалым мен ақынның шабыты, қатардағы азаматтың ұлттық мақтаныш сезімі мен ақыл-парасатынан басым түсіп жатады. Шындығында одан басқаша болуы мүмкін де емес: поэзиядағы шындық (ал “Дивани” – ең алдымен поэзия) саяси салауаттылықтан жоғары тұр.

Тіл маманы түріктің “узлак” деген сөзін арабша (заман деп) аударады да, одан кейін ізінше берілетін түсінікtemесі

көрнекі мысалдан, жеткіліктілік түрғысынан, өзіндік ақын сөзі ретінде, әлдеқайда кең мағынада болып шығады.

Ол (уақыт – *H.A.*) садақпенен атқанда
Мына опасыз жалғанды,
Тау шыны да күйремек.

Сөздікті құрастыруши адам “барыс” деген сөзді түрік тілінен жайғана аудара салады, ал ақын одан халықтың аңызын құрастырады.

“БАРЫС” (барыс жылы) – түрікше жыл санаудың кезекті бір жылы. Түріктер он екі түрлі жануардың атын алып, соларды жыл аттары қылып қойыпты. Адамның туған жылы, соғыс болған, тағы басқа оқиғалар болған жылдар солардың аттарымен анықталатын болған. Оның себебі мынадай екен: ертеде бір патша езінен бұрынғы патша тұсында болған соғыстың мезгілін құрастырғанда, жұрт оны қате айттыпты. Содан кейін патша халқымен ақылдасса керек: “Қазіргі біз сияқты бізден кейінгілер де қателесетін болады ғой. Сондықтан біз он екі жылды айлар мен зодиак жүйесіндегі жұлдыздардың атымен атайдын болайық”, – дейді. Жұрт: “Мейліңіз білсін”, – дейді.

Содан кейін патша аңға шығады да, Жыл атты ұлы өзеннің аңғарына он екі түрлі аң айдалып келсін деп жарлық береді. Айтқандай-ақ, аң баққан жұрт андарды суға қарай тоғыта бастайды. Он екі түрлі жануар судан жүзіп өткен екен, солардың әрқайсысының атымен бір жылды атайдын болыпты. Ең бірінші болып тышқан өткен екен, сол жыл басы сижган (тышқан) жылы болыпты.

Одан кейінгісі Сиыр жылы болады.

Әрі қарай – Барыс жылы, тағысын тағы, солай болып кете береді...

Аңыз ұзыннан ұзақ созыла түседі, оған үстемелеп, жана бір әңгімелер жалғасады, сөйтіп бара-бара оның сөздік қоры түгелдей дерлік өзгеріп, ақыр-аяғы бұлдырап кететін тәрізді.

(Айтпақшы, бертінгі XX ғасырда осы анызды Мұхтар Әуезов өзінің бір орыс досына айтса керек; мазмұны өзгелерінен гөрі әдемірек бұл нұсқасында Барыс мұлде жоқ дейді, әңгіменің қак ортасында Тышқан жүреді: жыл санауының басында Арыстан емес, титімдей осы жәндіктің аты аталады. Несі бар, бұл да болса, сынаптай жылжыған

халық қиялышын еркіндігін көрсетсе керек: бір аңыздың өзін бірнеше саққа жүгіртпі, тек сол ғана өзгерте алатын болғаны ғой.)

Зифа-Алуа мына бір жайтқа назар аударады: Махмұт, дейді ол, түрік тілдерін сұрыпташ саралай келгенде, олардың бірін жоғары, бірін төмен деп, жікке бөледі екен, олардың бірі “таза” сөйлейді, енді бірі одан пәsteу, ал үшінші біреулері тілді мұлде бұзып, бұлдіре сөйлейтін, көп сөзді басқаларынан алатын болса керек (бұл әдettің үйреншікті екені бізге де мәлім). Зифа-Алуаның айтуынша, Қашқари лингвистикалық ұлғі етіп, Құран жазылған араб тілін жоғары қояды екен, ал шындығында, икемділігі жағынан түрік тілі де одан кем соқпайды: екеуі де “бәйгеге қосқан қос жүйрік” секілді қатар шабатын болса керек.

Сөз жоқ, расы сол Ал бірақ сырттан қараған маған, бұрынғысынша, прагматик Махмұт романтик Махмұтпен, патриот Махмұт космополит Махмұтпен таласқа түсетін сияқты болып көрінеді. Ол әуелі: “ізгіліктің биік шыны – тіл” деп алады да, соған жалғастыра: “тіл қадірі сөздің әсемдігі арқылы болады” дегенді айтады; олай болғанда, осы екі ұфым – тіл мен сөз – өздерінің ұлттық ерекшелігін жойып, абсолютті құндылыққа айналып кетер еді ғой.

Олай болатын себебі – тіл сенімнің қоймасы және сондай-ақ білімнің сақшысы болып табылады.

Міне осы арадан келіп, соғылық рухтың барлық үшпалығына қарамастан, тағы бір біріктіргіштік қасиеті келіп бой көрсетеді: ол – мистика мен ағартушылықты, танымсыздыққа өуестік пен танымға құштарлықты үштастыруға келгендері таңданарлық қабілеттілігі. Айтары жоқ, жолдың бір басы әулие Фомаға қарай тартқанда, екінші басы Бэкон мен Декартқа қарай бұрып тұр.

“Соғылар үшін ең бастысы сөз емес, ішкі түйсік, – деп үйретеді әл-Фазали. – Мен кітаптың берерін түгел алып болдым. Оның әр жағында ешнәрсені оқып та, сөз арқылы біліп те болмайды” Осындай ойын айта салып, Фазали дереку соны теріске шығарады: “білікке талпыныс – әрбір мұсылманның міндеті” – деп жазады; жалпы оның “Сенім жөніндегі ғылымның қайта тірілуі” дейтін кітабы “Білім туралы кітап” деген бөліммен ашылады. Рас, табиғат сыйлаған білім болмаса өз бетімен алған білімнен пайда

жоқ, ал бірақ соқыр адамның күн сәулесін сезбейтіні сияқты, надан адам санасының мистикалық жолмен оянуы да мүмкін емес. “Білім деген – өсіп тұрған ағаш та, жағдайы – оның жапырағы, ал қымылы – жемістері есепті”

“Ақылмен ойлап тапқан нәрсенің Жаратқанның ісінен хабары жоқ”, – дейді шабыттана, әл-Фазалидің кіші замандасы, ғазналық Әбліл-Мәжд жаңы Санай. Ол бірде соғылықтың энциклопедиясы, енді бірде “Мәснави” секілді парсының Құраны саналып келген “Ақиқат бақшасы” атты поэмалың авторы. Санай осыны айтады да, өз сөзіне ескерту жасап: “Егер білім адамға қызмет етсе, ол білгенге жасалған марапат болып табылады” дейді. Бұл тұста ескерте кететін бір жайт: мұндай қайшылық Гегельдің өзін де қынжылта алмаған. Ол ортағасырлық Шығысты қатты бағалаған, ал Фазалидың есімін зор құрметпен атайдын болған.

Румиде мынадай бір аңыз бар: бірде түрік, парсы, араб және грек төртеуі білмestіктен мынадай талас қылады: бір қайырымды адам соларға бақыр ақша берген екен, бұлар соны қалай жұмсауды білмей таласады. Ангур сатып алу керек дейді парсы. Жоқ, дұрысы – эйнаб деп, араб қарсы дау айтады. Сіздер қалай айтасыздар, дұрысы үзім емес пе дейді түрік. Ал грек стафиль сатып алуды жақтайды. Сонда әлгі байғұстар бәрінің бір нәрсені айтып тұрғанын білмепті: бәрінің де алайық дегені жүзім екен. Сондағы аңыздың айтпақ болған моралі:

Сөз үқпаған жоқтан-барға бақырмак,
Ұққан адам татулыққа шақырмак.

“Әлем тұнған нақыл сөздің ошағы, соның бәрін ойлы пенде жасады”, – деп үйретеді Жәми.

Ал бірақ іспен дәлелденіп, жеке адамның тәжірибесімен бекітілмеген сөз кімді сендіре алады? Бірақ басқа бір жағдайлар да болады. Соғылардың бейресми орденінің магистрлары шетінен өз заманының ең оқымысты адамдары болған, ал кейбіреулері заманнан озып та кеткен. “Рухани қабілет деген болады, мен оны нақты ақыл деп атایмын, – депті әл-Фазали, басқа шаруаларымен қатар Бағдад университетінде ислам құқығынан және басқа ғылым салаларынан дәріс оқып жүргенде. – Бұл ақыл өзіне

неғұрлым көп білім жинаған сайын солғұрлым ләззаттана түседі”.

Бәлкім, Мұхтар Әуезов Абайдың дүниеге көзқарасын сыншыл ойдың діні дегенде осыны ескерген болар. Қалай болғанда да, автордың көзі тірісінде жарық көре алмай кеткен “Абайдың ақындық айналасы” атты мақаласында оның осы екі есімді – Фазали мен Абайды жұптап қатар атауы тегін болмаса керек.

Жүйелі дұрыс білім ала алмаған кемшілігі үшін Абай бүкіл өмір бойы қиналып өткен. Жай сака ереккә жасы былай тұрсын, тіпті атақты ақын және құрметті би болған тұста да ол өзін жұрт алдында үнемі кінәлап сөйлеген:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң тұспеді уысыма,
Қоымды мезгілінен кеш сермедім.

Дұрысын айтқанда, Сағди мен Хафиздің, Науай мен Фирдоусидің аруақтарын алғыс сезімімен тебіренткенде, Абай, ең алдымен, ақындық шеберліктің тағылымын еске алып еді. Бірак, қалай дегенмен де, ол шала білімді шәкірт дәрежесінде болды, – сондықтан саналы түрде болмаса да, аса білімді ақын ретінде соларға қарап жалтақтаған, өйткені онсыз, соғылар соншалықты қадірлейтін білім қызметкерлері былай тұрсын, ақынның өзі де болуы мүмкін емес-ті.

Сол себепті де оның өлеңдерінде, одан да бетер, “Фақлияларында”, білімнің ізгілікті табиғаты туралы пікір анық білініп отырады, және де, сол нақылдылық, ғибраттылық сарын Абайды жер бетіне өзінен көп бұрын келіп кеткендермен үнемі туыстастырып, жақындастырып отыратын.

Дұрысында, тек солар ғана емес, өз замандастары ішінде де, іріктең болса да, осындай ықыласта болғандар баршылық.

Абайдан төрт жыл бұрын, сол заманың ықпалды және оқымысты, Орта жүздің абырай-беделді отбасында Ыбырай Алтынсарин дүниеге келді. Бірак, өттең, өмірі қысқа болды, елуге де келмей дүниеден өтті, бірақ артына өшпестей із қалдырыды. Жиырма үш жасында едәуір білімді болып, орыстың тілін игеріп алғаннан кейін, Ыбырай

Торғайда бастауыш мектеп ашты, оған жергілікті халықтың он төрт баласы қабылданды. Оның ағартушылық-ұстаздық қызметі осылай басталды. Ыбырайдың кәміл сенімі бойынша, “әлі надан, бірақ ешқандай зиянды заттардың зардабынан бұзылмаған, пайдалы нәрселердің барлығын қабылдағыш халық – қазақтың мектепсіз, білімсіз болашағы жок екеніне анық көзі жеткен адам еді. “Мектептерде жақсы (яғни біршама жақсы) білім беретін болсын, – деп жалынды ол өкімет орындарына, – оқу бітіргендеге қандай да бір артықша жағдай туғызылсын, сөйтіп, кешеу қалған халықты еліктіретін болсын, сонда оқушылар саны тез, өте тез көбейетін болады, сонда сол оқушылар саны халық арасында молайып, өздері ғылым рухымен сузындал, әрнәрсеге көзқарастары түзелгеннен кейін, бүкіл халыққа ықпал ететін болады” (“Болыстық мектептер туралы жазбаларынан”).

Қайтпас қайрат-жігері бар адам – Алтынсарин мектептер желісін кеңейту жөнінде үнемі тілек білдіре жүріп (онысы көбіне нәтижесіз де болмаған), соларға арнап Ушинский жазған “Балалар өлемінің” үлгісімен кириллица әліппесі бойынша “Қазақ хрестоматиясын” жазады. Онысы кейін бес рет қайта басылып шығады. Тегінде, Ыбырай өзінің ұлы замандасынан да бұрын, соның ізашары болып, қазақтардың рухани көзқарасын кеңейтуде орыс әдебиеті мен орыс білімінің қандай рөл атқаратыны жөнінде бар дауысымен жар салып, жария қылған еді (әрине, одан сәл бұрынырақ Шоқан Үәлиханов болған, бірақ оның жөні бөлегірек және ол туралы сез кейінірек болады). Алтынсарин Толстойдың бірнеше әңгімесін, Крыловтың мысалдарын, жаңағы Ушинскийдің шығармаларынан үзінділерді қазақшаға аударып, бұл ретте де Абайға жол салды.

Қазақ ағартушысының өз шығармашылығы асқан көркемдік қасиеттерімен ерекшелене де қоймас, сірә, ол өзін ешқашан ақынмын деп есептемеген, тек ғылымның қажеттігі жөніндегі өзінің тағылымды ойларын отандастарының құлағына қонымды үйқасты және гибратты сөздермен жеткізе білген. Хрестоматияның беташарында берілген әйгілі екі өлеңі – “Кел, балалар, оқылыш” пен “Өнер-білім бар жұрттар” дәл осындай шығармалар еді, ал енді “Бай баласы мен кедей баласы” деген әңгімесі

Салтыков-Щедриннің екі генералды тойындырған мұжық туралы ертегісімен тікелей үндесіп жататын.

“Иван Алексеевичтің бүкіл өмірі, – деп еске алады оны өзі үйымдастырған мектептердің бір мұғалімі Алтынсарин-ді сол кездегі әдетпен орысша атап, – менің Қыр елінде болған кезімде өзі сүйген қазақ халқына білім беру ісіне арналған еді. Ол халық өмірін қырағылықпен қадағалап отырды және өзі оны терең түсінетін...”

Қысқасы, ол ізгі мінезді, ағарту жолында жанқиярлықпен еңбек еткен, өз халқын шексіз сүйген адам болған.

Бұл жағынан келгенде, ол Абайға ұқсас еді. Бірақ одан бір түбірлі айырмашылығы да болған.

Алтынсарин – практик-педагог, ұстаз-педагог еді, ол өмір жолында аяқтарын жаңа ғана апыл-тапыл басып жүрген балалар мен жас өспірімдерге тәрбие берді. Ол Қыр еліндегі Ушинский немесе Песталоцци немесе Януш Корчак болды.

Ал Абай ше, ол ілім-білімнің философы, ағартушылықтың идеологы және метафизигі және осы мағынада Шығыстағы Өрлеу заманындағы рационалист-мистиктердің тікелей мирасқоры еді.

Алтынсарин – Халық әңгімелерінің авторы Толстойға, ал Абай философ-суреткер ретіндегі Толстойға жақын.

Үбірай балалармен олардың өздеріне түсінікті тілде сөйлеседі:

Надандақтың белгісі –
Еш ақылға жарымас...
Кел балалар, оқылық.
Оқығанды көнілге
Ықылышпен тоқылық.
Оқысаныз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Абай сәби шақтың тамаша қасиеті жайында ой толғайды: “Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, үйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демектік”, Абай мұны жанға тыныштық бермейтін

тілек деп атайды. “Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады” (“Жетінші сөз”). Заманында Руми де осылай мораль оқыған:

Көздерімен көрмегендер анықтап,
Солай пілді түсіндірді халыққа.
Қараңғылық! Қараңғылық осы ғой!
Көрсокырылғық надандықтың досы ғой.

“Фылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Фылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайды” (“Оныншы сөз”).

“Әуелі иманның іхтихадын махкемлемек керек, екінші үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды” (“Он екінші сөз”)

“Құдай Тағала фылымды, рахымды, ғадаләтті құдіреттеді. Сен де бұл фылым, рахым, ғадаләт – үш сипатпенен сипаттанбақ иждиһатыңмен шарт еттің, мұсылман болдың” (“Отыз сегізінші сөз”).

Осынау нақыл сөздердің барлығы талай бастың өткелегінен өткен жолында, өз ойының нәрін жоғалтып алмай, бейне бір XI және XII ғасырлардан XIX ғасырға, Хорасан мен Фераттан Жидебай ауылына көшіп келіп қонған секілді болады.

Мысал жанрын да Абай Аттар мен Сағидидан, Фазали мен Румиден кем бағаламаған.

“Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтсысып, таласып келіп, фылымға жүгініпті” Әрқайсысы өз қасиеттерін артық көріп, бірінің айтқанына бірі көнбей тұрғанда, фылым айтыпты: “осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала әрдайым қалпыңа қарайды деп кітаптың айтқаны осы,— депті” (“Он жетінші сөз”).

Бір ғажап нәрсе мынадай: ақыл-ой өзінің мән-мағынасын толықтыра өзгертіп жүргенде, тек уақыт шенберінде ғана емес, сонымен бірге кеңістік шенберінде де шыр көбелек айналады екен. Алдыңғы Шығыс Азия елдерінен

қазақ даласына қарай бет алған жолында сол ақыл бағытын кілт өзгертіп, Англия жағалауына қарай бұрады да, өзін Фрэнсис Бэконның: “ғылым – күш” дейтін ең шымыр нақылымен нақтыладап алады. Түрдің артықшылығы осында, ол жаңғактың дәнін аршип алады да, санаға орнықтырады. Ал жаңғақтың өзі бұрын өзге бір өлкелерде өскен. Бірақ, шындығында, айталық, Аттар сияқты (“Шамшырақ ақыл тек табалдырыққа дейін ғана апарады. Ал сені оның өзіне жеткізетін соның жомарттығы” дейтін), Бэкон, ең маңызды “Ғылымның артықшылығы және оны арттыру туралы” деп аталатын кітабында ғалым: ғылым дегеніміз – шамшырақ қана, ол әлі танылмаған және танылып болмайтын заттарға жеткізеді деп жазған. Бұл, жалпы айтқанда, онша түбебейлі философ емес, бірақ кейінірек ғылымда төтенше рөл атқарған индукция әдісінің негізін салған адам; ол өзі – ақиқат екі түрлі болады; бірі – ақылдың ақиқаты, екінші – жаңадан ашылатын ақиқат дейтін қисынның жақтаушысы. Бэконмен оның отандасы Джон Стюарт Милль арқылы Абай кейін кездесетін болады.

Ие, идеялардың бұлай көшіп жүруі өте жақсы нәрсе, бірақ оған таңданатын ешиңрсе жоқ. Сірағысында да, өйткені идеялар осылай дүние жүзін ақтап жүріп қана өздерінің өміршешендігін дәлелдей алады, ал жекелеп айтқанда, Шығыстың ұстаздары жөнінде де солай.

Жол бейнесі – соғылықтың халықаралық туыстығының дүниеге көзқарасында да, тарихында да тұтқалы бейне. Әрине, білетін адамдардың айтуына қарағанда, бұл жол – рухтың көшбасшысы, ол “шарифатқа жай тұрмыстағы нем-құрайды қараушылықтан” бездіретін “тәубашылдық”, “құлшылыққа – яғни тағдырдың қандай соққысына болса да мойын ұсынып төзушілік, ол былай тұрсын, оны сондай қасірет екен деп те ойламаушылық” (Бертельс). Бірақ мұндай шың басына шығу бізге жазылмаған, шықпақ түгіл біз оның басына көз жіберіп қарай да алмаспыш. Одан да осы төменде, теңіз деңгейінде қала бергеніміз жөн болар.

Жол жүрісі, көшпелілік, олардың арасындағы мезгілді қоныстар – жайлау-қыстаулар – осының бәрі даланың әрі тұрмысы, әрі философиясы, әрі поэзиясы. Бәлкім, сондықтан да болар, соғылық идеялары Шығысқа қарай

тараған бетінде шайқы Йасауиға ілесіп Қазақстан шекарасына жеткенде, Қыр елі оның мистикалық мәніне онша терендей жатпай, соншалықты жеңіл және табиғи түрде қабылдағаны; тіпті сол көші-қон идеясының өзі де, расында да алысқа ұзап кетпей-ақ, бас-аяғын байыптаң жатпай-ақ, бір өнірді шиырлап, қайта-қайта көшіп-қонып жататынының өзі назар аударапты.

Рас, Мұрат Әуезовтің еске салуына қарағанда, Асан Қайғының өзі де бірде: “Нәлет біздің жүріске!” деп ренжігені бар екен. Несі бар, қай медальдің де екі жағы бар, бұлтсыз аспандай жарқырап тұратын бақыт болмайды, ал бірақ жатқан жерінен жеңіл көтерілу – ол да Құдайдың бергені, өзгесін былай қойғанда, тағдырдың тәлкегіне төтеп бересің және болмашы сәтке мастанып, асып-таспайсың. Сондықтан болуы керек, Жүсіп Баласағұнның былай деп қайталап айтатыны:

Көшпелілер салмаған салтанатты сарайлар...

Жолда жүрген жолаушы іздемейді баспана.

Көшкен елде болмайды көлікке ауыр артық жүк.

Есесіне жол үсті әңгімесіз де болмайды, – үзік-үзік тапқыр сөздер айтылады, ұзақ-ұзақ тағылымды хикаялар баяндалады, осындаі бір майын тамызып айтылған оқиғаларды көлік шалдырған отырыстарда жұрт мейірленіп тыңдайды. Өзінің белгілі бір мақамымен жұрт алдында айтылатын әңгімелерді Сағди мәжіліс деп атайды екен. Ондайда алдымен үйқасты жыр айтылады да, одан кейін Пайғамбар атына мадақ сөз сөйленіп, аяғы неше түрлі құлдіргі әңгімелермен, ескі азыз-ертеғілермен ұштасып кете береді екен. Мәселен, сондай бір кеп сайрауық бұлбұл жайында. Ол күні-түні бақ ішінде сайрап, әсем ғулдермен әуестеніп, өзінің әніне мас болып жүргенде жаз өтіп кетеді де, салқын күз түсіп, ғулдер солып біткенде, бұлбұлдың әнін тыңдайтын жан қалмайды, жазды күнгі мол жем де таусылады. Бұл енді жаз бойы еңбектенген құмырсқаға жалынышты болады. Бұл тағылымды мысалдың бір нұсқасын біз Крыловтың мысалынан білеміз. Ал бірақ жаңағы мысалдың орыс қаламгері жазған нұсқасында бұлбұл емес, құмырсықаға келетін Шырылдауық шегіртке еді. Құмырсқа соны келеке қылып былай дейді ғой:

Ала жаздай ән салсан,
Селкілде де билей бер!

Ал Шығыс ақыны мысалдың түйінді жеріне келгенде билікті өз еркіне алып, әңгіменің жалпы ырғағын өзгертпестен, екі көзін тауға қарай бұрады да, сол отырған жерінен былай деп сейлейді:

“Оу, қымбатты достар, мына бұлбұл жайындағы аңызды тыңдандар да, өз жағдайларыңмен салыстырып көріндер. Біліп қойындар, әрбір тіршіліктен кейін ажал келеді, әрбір кездесудің артында айрылышу бар. Ғұмырдың таза шарабының түбінде тұнбасы қалады, өмірде киген жібегің қабірдің ақыретіне ауысады. Егер сіздер Ақиқатты іздеу жолына түссеніздер, мына сөздерді оқып көрініздер, онда: “Ақиқатында жұмаққа имандылар ғана барады” деп жазылған. Бұл сіздерге өзірленген сыйлық; ал енді сіздер өз көшелеріңізге ұрыс-жанжал жүгін алып баратын болсаңыздар, онда мына сөздерге құлак салыңыздар: “Ақиқатында кұнаһарлар тамұқтың отына күйеді” Бұл – сіздердің құналарыңыздың жазасы. Бейбітшіліктің көктемінде тұрғанда бұлбұл сияқты қамсыз болмаңдар, бейбіт өмірдің топырағына Құдайға деген құлшылықтың ұрығын себіндер, өйткені бұл өмір болашақ өмірдің танабы, сондықтан ажалдың күзгі қара дауылы соғып келе жатқанда қабірге құмырсқа сияқты өмірде сепкен, яғни істеген игі істеріңің дәнін көрге ала кетесіндер”

Нақыл сөз, бірақ қандай поэзия деніз!

Онысы тіпті сөз ырғақтарында да сақталған – Фақлия Сөз деген сол.

Замандар мен есімдер арасындағы байланыстын шиеленіскең тағы бір түйіні міне осы жерде шешіледі.

“Иран мен Орта Азияның үстінен маңғұл шапқыншыларының қара дауылы соққан кезде, “дүниені біз ұстап тұрмыз” деген талай билеушілердің тақтары шайқалып келіп, талқан болған кезде, сарай ақындарының үні өшті. Жыраулар мақтайдын ешкім қалмады, өйткені түсініксіз тілде былдырлаған қасидаларды маңғұл хандары керек қылмады. Қайыр-садака болмағаннан кейін сарай ақындарының да қарасы батты, өйткені олардың өнері

көбінese қайыр тілеуден артыққа бармайтын. Олар айтатын сөздің өзі де қалмаған. Бірақ сол ауыр жылдарда да софылық ақындардың үні өшкен жоқ. Олардың сезін тыңдайтын қара бұқара орнында қалған, себебі билеуші әuletтерді құртса да, халықты жойып жіберу мүмкін емес-ті. Софылық ақындардың сөз арнайтын адамдары бар еді, бары өз алдына, енді сол бұқара олардың сезіне бұрынғыдан әлдеқайда зәру болды, өйткені әбден тоналып, таланып, қор болған жұртқа көніл жұбатарлық сөз керек еді. Софы ақындар тыңдаушыларына жақыныңды сүй, солармен бірік, біріңе-бірің көмектес деп уағыз айтты. Бұрынғы жеке өзімішліктің орнына ортақ мұddenі жоғары қойсандар аман қаласыңдар деп үйретті. Сол жылдары олардың шығармаларын оқырмандары қалай қабылдағанын біз анық білмейміз. Бірақ бір нәрсе айқын: сол заманда парсы әдебиетінің ең жақсы дәстүрлерін сақтап қалған нақ сол авторлар болды; олар сол дәстүрлерді XIV-XV ғасырларға жеткізді, сейтіп оның дүние жүзі әдебиетін Хафиздің мәңгі өлмейтін ғазелдерімен, Әбдірахман Жамидің сан алуан барлық туындыларымен байытуна мүмкіндік туғызды”

Жақсы ойлар, жақсы сөздер – бәрі де Бертельстікі, – ең бастысы, бәрі де орны-орнына қойылды, көлегейленіп жатқан байланыстар ашылды, ілгері қарай желілер тартылды.

Софылық деген, әрине, өнер емес, шын мағынасында поэзия да емес, бұл – рухани кеменгерлік, бірақ ол көркемдік түрі болмаса өмір сүре алмайды.

Софылықтың алғашқы ұстаздарының да, кейінгі мирасқорларының да көміл сенімі бойынша, олар Ақиқатқа тек шабыттанған шақта ғана жетуге болады деп ойлаған, олай болса, кісіні ақынның жігерлендіргіш сезінен басқа не нәрсе шабыттандыра алушы еді? Әсіресе әнмен өрілген өлеңнен басқа? Исламның белсенді жақтастары, рас, бұл сияқты қисынды мойындаған жоқ, оны Құран сезінен ауытқығандық деп білді, ал бірақ қарапайым адамдар оны күпірлікке санаған жоқ. Қайта, керісінше, бойларында қанатты рухы және өзгеріске бастайтын қасиеті бар өлең мен ән Кітапта айтылған мызғымас асқақ биіктерге қарай баар жолды жарқыратып көрсетеді деп ойлады. “Жаңа әндерді қайта-қайта айта бересін, – деп

үйретеді әл-Фазали, – ал Құранды бір оқығаннан кейін қайтып оқу мүмкін емес. Пайғамбар заманында арабтар Құранды алғаш рет тыңдағанда еңіреп жылап, есірік болған, – дейді. Әбубекір айтады еken: “бір кезде біз де сендердегі болғанбыз, артынан ғой жүргегіміздің қасандынып кеткені,” деп. Яғни Құранға құлақтары үйреніп кеткен. Сөйтіп, жаңаның әсері қашанда күшті болмақ, сондықтан да ғой Ғұмардың қажылыққа келген адамдарды тезірек елдеріне қайтаратыны: “Олар Қағбаға үйреніп кетсе, оған деген жүрек мейірлері суынып кетеді” дейді еken ол Поэзия мен сазды өуенниң қажет болған бір себебі осы болса керек. Екінші бір себебі, – деп жалғастырады ойын Фазали, – жүректі әнмен, ырғақпен қозғап қана тебіренте аласың. Сол себептен де жай сөзден адамның жүрегі онша елжірей қоймайды, ал ырғағы мен өуені күшті әннен ол тіпті елігіп толқып кетеді”.

Сондықтан да соғылық поэзия өте демократияшыл: ой жетпес, ақыл жетпес нәрселердің өзін қаланың қол өнершісі мен даланың бәдәуиіне де үғынықты етіп, сөз бер әнге аудара алады. Мейлінше мистикаға бейім бола тұрып, күрделі символдарды мейлінше ұната тұрып, бұл өзі – тура мағынасында халықтық өнер. Ол әзіл-қалжын араластыра жүріп, әрі лұғат айтады, әрі уағыз айтады, әнші-ақын мен тыңдарман-оқырман арасын ылғи жақыннатып жүреді. Соғылық поэзияның басы ойын болып келетіні даусыз анық. Оның анекdot ойлап шығаруға құмарлығы да сондықтан, не бір қасиетті үғымдар төңірегіндегі кейбір одағайлықтары да тегін емес. Мәселен, бір өлең шығарғыш діндар туралы мынадай бір күлкілі әңгіме бар:

Молдекен мінберден өте нашар өлең оқиды да: осы өленді мен кеше ақшам намазын оқып тұрғанда шығардым дейді, өзі соған мақтанып тұрып: “Құдай ақына. Өлеңді намаз үстінде шығардым” деп ант-су ішеді. Сонда қасында тұрған бір кісі айтады:

– Намаз үстіндегі өлеңің осындай дәмсіз болғанда, сол намазыңың өз дәмі қандай екен?” – дейді.

Айтып едің: “Күні кеше намазшамда жаздым осы өленді,
Барлық өлең атаулыдан асып кетер ол енді!”

Бірақ, байқа, шамадан тыс шабыт қысып жүргесің,
Арт жағынан андаусызыда “бәйіт” шығып жүрмесін!

Бұл кім? Әбдірахман Жәми ме әлде Франсуа Рабле ме?
Боккаччо ма? Франсуа Вийон ба? Джейфри Чосер ме? Бәлі,
әдебиеттегі “тәннің арты” Шығыста Батыстағыдан бұрын
пайда болған екен ғой. Сөйтсе, мұның өзінде қасиеттілікке
қайшы келетін ештеңе жоқ екен-ау, Жәми бізге соны
ескертіп отыр емес пе:

“Қасиетті Пайғамбардың – Алланың оған нұры жауғыр
– өзі айтыпты ғой: әрбір мұсылманның тілі өткір, көңілі
көтерінкі болсын, ал кәпірлердің көнілдері қараңғы болып,
қабактарынан қан жаусын депті ғой, ал мұсылмандардың
әміршісі Әли – оған да Алланың нұры жауғыр – және де
айтқан екен: Адамның әзіл-қалжың айтқанында ешқандай
құпірлік жоқ, қайта, мұсылман көнілді болса, маңайына
қайғы-мұң жоламайды”, – депті.

Бәлкім, Қайта өрлеу заманының бүкіләлемдік тұстасты-
ғына тән дуниеге көзқарасының демократиялық табиғаты-
ның және өмірге қуанышпен қарайтын адамгершілігінің
арқасында болар – соғылық поэзияның талай мемлекеттер
мен халықтардың шекарасын емін-еркін кесіп өтіп, өзін
әлдебір араб шайхысының сарайында да, парсының
дуылдаған базарында да және басқа бір алыс қырларда,
айталық, Қыр елінде де өз үйіндегідегі сезінетіндігі.

Ел ақтаған жыраулар мен суырыпсалма ақындарда
мистикаға әуестік болмаған, олар өздерінің тыңдаушы-
ларын зікір салып еліктіруге тырыспаған, бірақ отандас-
тарының жүрегіне әсер ететін ең төте жол – әуенде өлең
сөз екенін баяғыда өтіп кеткен Бағдат пен Хорасанның
айтқыштарынан кем түсінбеген.

Абай ең алғашқы өлеңдерінде өзіне пір санап табынған
Сағди, Хафиздер сияқты, дәл солардай соғы болмаған,
тіпті Науайдің соғылығын да білетін адамдар жай бір
романтикалық әуестікке санаған. Алайда оның кәмелетке
келген кездегі ақындығы – Шығыста сол соғылықтың
әбден дәүірлеп тұрған кезінде қалыптасқан дәстүрге жай
ғана шәкірттік еліктеушілік емес, соны шын саналы тұрде
қабылдауының елеулі бір көрінісі. Жас шәкірт өлеңнің
сазды әуені мен үйқасының мінсіздігіне қызығады, ал тіс
қаққан ақын дыбыстың басқалар ести бермейтін нәзік
толқынының да аңғарады.

1880 жылдардың ортасына таман Абай өзінің қажыр-
қайратының әбден кемеліне келіп болды. Ақындық дарыны

сыртқы көркемдігін жоймастан, ішкі мән-мағынасы тереңде, толыса тұсті, сөзі де жастықтың асau арынынан арылып, өмір жайындағы, адам жайындағы байсал тапқан салмақты ойдың байыпты орамдылығымен үйлесіп қалған. Дәл осы тұста оның Қыр еліндегі бас ақын деген атақданқы аспандап кетіп еді. Оның ең тандаулы, ең тебіреністі, ең нәзік өлеңдері осыдан кейінгі он шақты жыл ішінде жазылды да, ақындықтың дүниежүзілік энциклопедиясына асыл қазына болып қосыларлық сол өсем түмса әуендейтілігін кейінгі жұз жылдан астам уақыт бойы жойған жоқ; олары – “Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек”, “Қалың елім, қазағым, қайран жұртый!”, “Өлең – сөздің патшасы...”, “Мен жазбаймын өлеңді ермек ұшін”, “Сегіз аяқ”, “Жаз”, “Көзімнің қарасы”, “Көк тұман алдындағы келер заман”...

Айтқандай, осы сөз болып отырған заманның алдындағана, өзге бір өлкеде, өзге бір жағдайларда, өздерінің кемелері мен қайықтарын Сена өзенінен өткізіп келе жақтан теңізшілер Руанаға жақындағанда, бір-біріне жөн сілтеп: “Мсьё Флобердің терезесін бағдарға ал” – деп дауыстайды екен. Шынында да, тұн ортасынан ауып кеткен шақта жағаға таяу жердегі атақты жазушының терезесінде жанып тұрған шамның сәулесі су кешкен жолаушыларға адастырмас бағдар болып қызмет еткен. Ал енді сол кездегі жасы бар, жасамысы бар, барлық әдебиетшілерге Париждің Фобур Сен-Оноре көшесіндегі пәтер шын мәнісінде бағдаршам болып қызмет еткен. Альфонс Доде мен Ги де Мопассан, ағайынды Гонкурлер, Генри Джеймс, Джозеф Конрад жазушылық өнердің құпиясын осы үйде игерген. Тургеневтің өзі де осында келіп-кетіп жүреді екен.

Қыр елінде Жидебай ауылындағы Үлкен ақбоз үй де жүртты осылай магнитше тартып тұратын болды. Төлбасының айтуына қарағанда, “елдің шалғай өнірлерінен оған ақындар, композиторлар, әншілер ағылып келіп жататын. Әйгілі Біржан, ақын Әсет, соқыр ақын әйел Ажар, жастары үлкен Шортанбай мен Кемпіrbай ақындар оның өндерін жаттап алып айтып жүрген. Абайдың ақын замандастары Жүсіпбек Шәйхіслемұлы, Мәшһүр-Жүсіп Қөпейұлы, ақын қыздар Қуандық, Сара және басқалары оның өлеңдерін жалпак далаға кеңінен жайып жіберген”.

Сол кездің өзінде-ақ Абайдың өз айналасындағы жас өнерпаздар, кейін ақындық мектебі аталған топқа кіретін жастар – Көкбай, Ақылбай, Кәкіттай, өзінің кіші ұлы Мағауиялар – сол кездің өзінде қалыптасқан еді, бірақ, не керек, кейін солар жөнінде ешбір қажетсіз талай айтыстар болып, талай найзаның үшы майырылды.

Бірақ алыстан жарқыраған сөулеге тек айтқыш ақындар ғана жиналмайтын. Абай лауазым атаулының барлығынан баяғыда-ақ айрылған, қазір би де емес, болыс та емес, бірақ қалың ел оны ар-абыройдың, әділет пен жүйелі төреліктің биік мұнарасы деп біледі. Жидебай Қыр еліндегі Ясная Поляна сияқты болып кетті де, байы мен кедейі де, төресі мен қарасы да ақыл-кеңес сұрап, осылай қарай ағылатын. Бәлкім, жаздың алтабы мен қыстың аязына қарамай толассыз келген сол жүртпен кездесулер, сондағы ұзак-ұзак әңгімелер себеп болды ма еken, кім білсін, әйтеуір бір кезде Абай өзінің айтулы Фақлия – Қара сөздерін жазуға кіріседі. Олардың алғашқылары тіпті тез жазылды – ағымдағы ғасырдың соңғы ііріміндегі онжылдық ішінде, ақын өлеңдерін күйіне келтіре, иін қандырып жатқанда, солармен қат-қабат пісіп, тыңдаушылардың құлағына бірге жеткен-ді.

Абай сөздері сан алуандығымен қайран қалдырады. Домбырада екі ғана шек бар, ал бірақ соларға Абайдың саусағы жанасып кетсе болды, тұтас бір оркестр ойнап түрғандай әсер еткен. Ал саз дегенінің – нағыз симфония, онда неше түрлі тақырып бір-бірімен жымдасып, жігін білдірмей ұласып жатады.

Абай – даланың Құдіретті өулиесі.

Оның сықақ өлеңдері тиген жерін қоламтадай күйдіріп өтеді, ондағы азаматтық сарын өте биік, қаһарының от үшқындары бейне Ресейдегі Некрасов пен Европадағы Беранженің сөздеріндегі шарпида.

Бай сейілді,
Бір пейілді
Елде жақсы қалмады.
Елдегі ерекек,
Босқа селтек
Қағып елін қармады.

Бірақ осындағы ашу-ызаға қайғы-мұн аралас, ақынның ашынып айтқан сөздері сол бойда-ақ көңілдің күрсінісіне ауысып жүре береді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қаң, бірі май боп енді екі ұртың.

Абай – ұстаз және ағартушы, өзінің халқын қараңғылық пен надандықтың қара түнегінен жарыққа жетектеп алып шыққан Мұса пайғамбар секілді.

Фылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба...
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз...
Өсек, өтірік, мақтаншак ,
Еріншек, бекер мал шашпак
Бес дүшпаның, білсеніз.
Талап, еңбек , терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеніз.

Қысқасы, ақынның өзі талай қайталап айтқанындей, ол өлеңді ермек үшін жазған жоқ, адамның жанын жадыратып, ақылына сәулө түсіру үшін жазды.

Ұстаздың қасында мен кімнен кеммін деп желдей ескен желөкпелер де, сөз сауған мылжындар да, қайғысыз, қамсыз бозөкпелер де аз болған жоқ.

Жастықтың оты жалынданап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арынданап,
Әр киынға салған шақ.
Уайым аз, үміт көп,
Ет ауырмас бейнетке.
Бүгін-ертен жетем деп,
Көңілге алған дәuletке.

Бұл жерде қандай ұстаздық болсын, – үйлескен үндестік, төгіліп түрған үйқас, тербелген ырғақ; Абай соңшалықты қадірлеп ардақ тұтқан Олимпінің дүлдүлі

Гётені қалай еске алмассын: “Көркем өнерді ойлап отырғанда көңілсіздікке орын болушы ма еді!” Әлде біреудің аузынан ақынның өмірі ауыр қасірет-ау деген сәуегейлікті естігенде, немістің екінші бір ұлы перзенті Томас Манн айтқан екен: “Қасіретті өмір дейсіз бе? Мен суреткермін. Яғни менің іздегенім – сауық-сайран!” деп. Әттегенесі сол, әлгіндей сауық-сайран кей-кейде жанның дергіне және ақыл-ойдың шамадан тыс қызметіне айналып кетеді, ал осының екеуі бірдей қалай ұштасады – бұл өнердің әлі шешілмеген құпиясы.

Абайда кілтипаны жоқ, мағынасы жалаңаштанып келген өлеңдер көп кездеседі, ондайда ақын ойы сыртқы қауыз сияқты әргүрлі өлеміш тенеулерден ада болады да, өлеңнің мәні ақыннан оқырманға қарай тұра жол тартады.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдал.

Ал ақын өлең сөздің басқа бір тілін – нәзік, талғамды, көп мағыналы тілін де менгерген болатын. Кейінректе Мұхтар Әуезовтің атап көрсеткеніндей, Абай тіпті қазақтың ауызша суырыпсалма өлеңіндегі буын санына да, үйқас өрнегі мен қалыптасқан ырғақ ыңғайына да өзгеріс енгізген. Ол тыңдаушысынан қол үзіп қаларлықтай тәуекелге барған, оның тәуекелдік екенін де білген, өзі сүйген орыс ақыны айтқандай, ұрыс үстінде келетін шабыт бар, тыңдан табылған сөз үйқасы өрнегінің ақжарылқап қуанышы бар, әуен үндестігі мен нәзік саздылықтың әсемдігі бар, олар көлденең тұрған асқақ ойлардың қандайымен де санаспайды.

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйіт-мысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Айтқандай-ақ, Құранның көркемдік табиғаты туралы алғаш жазған да Абайдың орыс досы болатын – неткен поэзия десенізші!

Абай – осы дүниенің адамы, ол қара жерді басып жүреді, осы ауадан тыныс алады, сондықтан оның өлеңдері

болмыс материясының ең бедерлі белгілерімен барынша қанық суарылған. Сырт көзге соншалықты болмашы көрінгенімен, мұндағы жұрт үшін кереметтей тағдыршешті болып көрінетін оқиғаларға Абай бір ғана өлең емес (“Болыс болым, мінеки”), тұтас бір топтама шығармаларын арнай алатын еді. Дәл сондай-ақ, өз өмірінің жекелеген, қағаз жүзінде куәландырылған оқиғалары да өлеңіне тақырып бола алатын-ды:

Кешегі өткен ер Әбіш
Елден бір аскан ерек-ті.
Жүргі жылы, бойы құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.

Бірақ осы тұста көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін тағы бір өзгеріс байқалады, барлық көріністері дау туғызбайтын қарабайыр болмыс шындығы уақыт өлшеміне көне бермейтін басқа бір көмілдікке ауысады. Қай шамадағы мәнді жайттар да өзгеше бір наным-сенімге бағынатын асу биікке немесе терең шынырауға бастайды.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
“Мені” мен “менікінің” айрылғанын
“Өлді” деп ат қойыпты өңшең білмес.

Абай Гётеге қарай анық бет бұрады да, жасырын Тютчевке қол созады.

Қысқасын айтқанда, бұл – философиялық лирика, онда материалдық заттарды қолыңмен ұстап, көзіңмен көре алмайсын, сағаттың тілі тоқтап қалады, сондықтан ақындық тебіреніске уақыт – мәңгілік уақыт қана нысан бола алады:

Сағаттың шықылдағы емес ермек.
Нәмишә өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұксас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Одан әрі ырғақ бұзылады, ол бірқалыптылығынан айырылып, керісінше, уақыт өлшемінің қатерлі қалпын аңғартады.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған.
Өмірді білдірмеген, күнді ұрлаған...

Осы арада басқа бір тіл қатысу басталады:

Сағат қалды, уақыттың өзі кетті...

Бұл – Рильке. Эрине, Абай өзінің австриялық жасы кіші замандасының өлеңдерін оқыған жоқ, оның біраз уақыт Ресейде түрғанына қарамастан, бұл оның атын да естіген жоқ. Сондай-ақ Рильке де Абай жөнінен хабарсыз еді. Бірақ құлағы антенна сияқты, ол дыбысқа өте қағылез, кейде бір жай сыйбырды, сәл ғана қыбыр еткен қимылды қағып алады, тіпті естімесе де сезіп отырады.

“Уақыт – тауды өрлеген тұманның бір сілемі...” – осы бір тармақ өлеңнің өзінен ғана сол уақыт неғұрлым алыстаған сайын тұрақты таянышыңың тайқып бара жатқанын сезінген мұн дүниені, өсіреке Батыс әлемін барған сайын баурай тұскенін, қандай да бір сілкіністерге төтеп бере алатын әлде бір мықты тұғыр бар деген сенімінді талқан ететін рухани қатер мен бұлышыры сезім солғұрлым айқынырақ байқалады.

Осы тұрғыдан қарағанда, Абай поэзиясының қасіретті сипаты өзінің табиғатын ғана емес, тұтас бір дәуірдің беймәлім дүниетанымын ашып береді; бұл дәуір француздардың айтуымен *fin de siecle* деп аталған да, өмірде жиі кездесетін қасіретті оқиғалар өмірдің өз қасіреті деп қабылданатын.

Сөз жоқ, Абай қайғы-қасіреттің ақыны.

Сонымен бірге қуаныштың және адами, тән махабатының ақыны, әйел сұлулығын адамның ес-ақылын алатын қуаныш деп білетін ақжарылқап дәруіш. Тегінде, оның махабbat лирикасы – әлемнің ақындық шежіресінің жарқын бір беті; Абай өлеңдері Европа мен Шығыстың әртүрлі тілдеріне лайығымен аударыла келе, сол шежіреден өзінің занды орнын алуға тиіс.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нүр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тұра тұскен қырлы мұрын,
Ақша жұз, ал-қызыл бет тіл байлайды.

Абай мың құбылады, бет-бейнесін өзгертіп отырады.
Сол баяғы құдіретті тұлға қалпы.

Бірде ол қылышылдаған жігіт, махаббатшыл бозбала, енді бірде заманы өткен қарт:

Келдік талай жерге енді,
Кірге-ақ қалдық көрге енді.

Кейде ол жүрттың бәріне жолдас, замандас, кейде ешкім сөзіне түсінбес жат адам:

Картаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса әр істің бәрі тайғақ,
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймак.

Бір сөзбен айтқанда, Абай поэзиясы өлде бір драмалық оқиғаны, көп дауысты қойылымды еске түсіргендей болады, жалғыз-ақ оның ерекшелігі – бір өзі әртүрлі рөл атқаратын жалғыз актёрдің театры секілді. Ол табиғаттың мәнгі шыр көбелек айналып жататын көріністерін бақылаушы философ та бола алады, сottaғы өділдіктің жоқшысы да, барлығын жүрекпен түсінетін кеменгер, қамкөніл өке де (“Жылағанды тоқтатып...” деп, өмірден ерте кеткен баласының жесіріне айтқан жұбатуы), сол қаралы жесірдің өзі де (“Айналайын, құдай-ау”, – келіні Мағынша шығарып берген жоқтауы) бола алады.

Міне нақ осынданғай тәжірибелі, құбылмалы, бірақ біртұтас өзегін жоғалтпайтын өзгергіштігімен Абай Шығыстың ұлы поэзиясының адаптациясы мираскоры болып көрінеді.

Осындан борышқор мұрагер, сөз жоқ, тәжірибелі, көреген көз Абайдың кімге қалай міндетті екенін де айналаспай анық көрсетіп береді.

Айталақ, Жалалиддин Румиге – дүниені философиялық-лирикалық тұрғыдан көруге барынша машықтанған қасиеті үшін, адам баласын әрдайым басқа ешкімде қайталанбайтын мінезі мен тағдырын жіті қөзбен көре білуге қашанда өзір тұратындығы үшін, жеке тұлғаны жетілдіре беру жолындағы асқақтығы үшін.

Тәуап қылған Қағбаға мұсылманың,
Онда барсаң жәнннатта болар жаның.

Конъядығы соғылар туысқандығының негізін салған және алты томдық “Астыртын мағына туралы поэмалың”

авторы болған ақынның осы сөзін арада ғасырлар өткеннен кейін өлеңдерімен іліп алған, содан соң өзі де адамгершіл сом тұлға қалыптастыруды арман еткен Абай былай деп жазады:

Дүниеге дос ахиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

Осынау өлең жолдарында мына күнәһар дүние атына айтылған ешқандай ғайбат сөз жоқ, ендеше Ортағасырлық Шығысбылай тұрсын, одан әлдекайда теренде, заман тұңғиғының ең түбінде жатқан, таурат заманындағы Жырдың жырына алып баратын адамда ол қайдан болсын:

Екі алма кеудесінде қисаймайлы...
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.

Ие, классик, әлбетте, тақуалықтың қандай түрінен де аулақ.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да –
Бәрінің де қызығын көріп білсек.

Ие, өзінен өзі безу деген жоқ, бірақ өзге бір дүниелерге карай жүлқыныс бар; бұл дүниеден табанды аудармай-ақ өзге дүниеге барған адам толық көмәлатқа қол жеткізеді екен.

Айталақ, әрі қарай, Томас Манн атап кеткендей, поэзияның педагогикалық пафосы, философиялық дидактикасы, Абай тынымыз жырлап өткен ақыл-ойдың рухы үшін ол жүзге келген ақсақал, Гүлстанды мекен еткен Сағдиге борышты болатын.

Әлішердің сөзіне қарағанда, махаббаттың шарапхана-сында ақиқаттың шарабына, көлгірлер мен екіжүзділерге қаны қайнаған өшпенделікке, сондай-ақ – нәзік күйшілдік-ке мас болған Хафизге;

Өмірге шаттана қарап, еркін ойлылыққа құштар болған және өлеңінде ешбір мін жоқ Омар Хайямға борышты еді.

Осындай әрбір сәтке кейде тіпті төтенше ұтымды келетін үқастықтардың мысалын көптер келтіруге болар

еді: кейде Абайдың өлеңдерін оқып отырғанда, баяғыда біреулер із салып кеткен өрнек үстіне жаңадан бояу тартқандай әсер тудыратыны бар.

Бұл дүниенің опасызын кім білген?
Бар ғаламның сырын үккан ғалым да
Білген ақыры дәрменсізін өзінің,
Болмасын да ақаусыз ой-сананың.

Бір өкініштісі, тегінде, өмірге жарқын жүзімен қарайтын Хафиз дүниенің жаппай құлдырап бара жатқанын қадағалай келіп, бір кезде осындай түйін түйіп кетсе, ара-да бес жұз жыл өткеннен кейін де ай астында ешнэрсе өзгермегенін, Шираздағы баяғы сол рухани жұтандық қазак даласында да сол күйінде тұрғанын көруге болатын еді:

Ел бүлігі Тобықты
Көп пысыққа молықты.
Малдының малын көре алмай,
Көрінгенге обықты.

Жә, мұндай жақын үқастықты тым тере бермейік. Эсіре сілтемешілдіктің кісіге абырой өпермейтіні бар – ескі киімге жаңа жамау жапсырған секілді болып тұрады... әрине, ақынға онша оқа да емес, жай қарабайыр өмірбаяншыға жараса бермейді. Ал сөздін шынына келсек, ол жалпы мазмұн бірлігіне негізделіп жатса, жай үйқастың аржағында дүниеге көзқарас пен рухтың бірлігі жатса, онда бір жөн.

Енді осы рух жағынан алатын болсак, Абай Шығыстың классикалық поэзиясына адалдықтан айнымайды, одан алатын нәріне айттар алғысы әрдайым өзір.

Мұның аты – әмбебаптықтың ұлы рухы деген сөз, ондай-да құбылыс, немесе ұғым, немесе бір жалт етіп барып жоқ болып кеткен бейне сыртқа қарай жайылып кетеді де, солардың арасында туыстық байланыс пайда болады. Хафиздің өлеңін оқығаннан кейін Гёте таң-тамаша қалғанғой, оның сондағы сезімін орыс тілінде Фет былай жеткізеді:

Сөз қалындық болғанда, рухы – күйеу,
Күәдүрге арада дарын қонар.
Ақындыққа айналар мықты сүйеу,
Хафизге де мәнгілік сол дос болар.

Баршасы бір-бірімен өзара және барлық жайда сырттай тұтасып, бірігіп кеткен.

Омар Хайям жырлаған шарапқа басқалар да табынған, өйткені ол – көңіл сергітер сусын ғана емес, өмірдің өз шырыны.

Махаббат – әйелге де, Аллаға да, бір өткінші сөтке де, мәңгілікке де бірдей арналған ортақ сезім.

Поэзия – ақындық сөз өнері, сөздің сазды өуені, сонымен бірге ол ағартушылық құралы, адамгершілік дәрісі, ақиқат жолы.

Бір өзі – баршасының жынтығы.

Ақындардың аттарын тізіп қойып, олардан мәртебенің сатылы баспалдағын жасау жөн емес. Терезесі тен адамдардың ішінен біріншісін іздеу ақылсыздық болады.

Абай жас кезінде табынған Шығыс ақындарының атақты жетеуі ішінде Әлішер Науайдың есімі соңынан санағанда үшінші орында тұр. Бірак өзі есейген шағында Абай әлде не себеппен соның өлеңдерін көбірек оқитын сияқты, сондағысы тіл жағынан жақындығы ғана болмаса керек; әрине, парсылық ұлы ақындар – Сағди, Жәми, Омар Хайядарға қарағанда, Әлішерді тіл жағынан оңайырақ түсінгені бекер де болмас. Сондай-ақ, әлбетте, тағдыр тақілеті жағынан ұқастығы да себеп болмаған шығар, рас, ондай ұқастықтың кейде бір мәні болуы да ғажап емес.

Әлішер Әмір Темірдің сарайына жақын жүрген бір әулеттен шыққан, Абай да – Қыр еліндегі сондай бір ықпалды феодалдардың ұрпағы.

Әлішер жас кезінде Фираттағы саяси толқулар түсінда нақақтан құрбандыққа ұшыраған қыын кезендерден кейін, өзінің балалық шақтағы досы Хұсейін Байқара билік басына келген кезде, Сарай маңында мәртебелі дәрежеге ие болған. Абайдың өмірінде де мансаптық дәреженің сәтті-сәтсіз кезендері болғаны мәлім. Әлішер де сол сияқты бірде жоғары мансап сатысына көтеріліп, енді бір шақта бір жылға ғана болса да Фираттан қуылып кеткен.

Науай отыз бес жасында мемлекет қызметінен кетіп, өзін түгелдей ақындық шығармашылық жолына арнайды. Абайдың өміріндегі дәл осындай бетбұрыс одан гөрі сәл ертерек басталады.

Науай дүшпандарының қастығына және сарай маңындағы кикілжінге қарамастан, өзінің “Хамсасын” адам

айтқысыз қысқа мерзімде (шығармасының көлемімен салыстырғанда) жазып шыққаннан кейін, бірден бүкіл-халықтық атақ-данққа бөленді. Бұл оның қырықтан жана ғана асқан кезі болатын. Сол жас шамасында Қыр еліндегі Абайдың да абырой-беделі дәл солай асқақтаған.

Ақыр-аяғында олардың екеуі де алпысқа жетер-жетпесте дүниеден өтті.

Ие, бұлардың өмірінде ұқсастықтар көп, бірақ олар әлде қалай кездейсоқ жайттар, соншалықты шешуші емес.

Джеймс Джойстың бір кейіпкері айтқандай, дүние жүзінің in folio тарихын жасаған, өзінің рухани әлемінде батыс Ренессансының бүкіл қасіретін, гуманистік дүние түйсігінің азап-бейнетке толы бүкіл күрделілігін шоғырландыра білген (әйтпесе оның әрбір трагедиясының сонындағы тау-тау өліктер қайдан пайда болар еді?) данышпан Шекспир сияқты, Әлішер Науайдің поэзиясы да бес ғасырдың бойында Орта Шығыста қалыптасқан және жүзеге асқан көркемдік идеялардың аяқталған қорытындысы және шоғырланған жиынтығы болды.

Откен дәуірлердегі эстафета таяқшаларын – егер құбылыстар аумағының кеңдігін ескерсек, сол дәуірлердің шамшырағы деп айтарлық, – ал адам есімдерін еске алсақ, жұлдызды жолдың асуларында деп айтарлық – ұлылығын бір қолдан бір қолға ұстаратқандай қызып толымды түрде жеткізу аманаты өзіне тапсырылғанын Әлішер өзі де сезінген. “Хамсаның” бес бөлімінің әрқайсысының басталуында ол өзінің “қасиетті ұстаздарына” қарайлап, соларға сыйынып отыратыны тегін болмаса керек:

Мен сенем аруағына Низамидің,
Жебер деп Хұсрау мен һәм Жәмидің.

“Хамсаның” аяғы да алдыңғы буын саналатын “жер үстіндегі періштелермен” арадағы сыпайы диалогпен тәмамдалады, сонан соң оларға басқа даналар келіп қосылады да, барлығы алқа қотан болып тұра қалысады – араларында Фирдауси, Сағди, “һәм көреген Санай, һәм Унсури, һәм ғажайып Хагани, һәм Әнуари” бар.

“Хамсаға” бүкіл дүниежүзі, Шығыс пен Батыс сыйып тұр, олар ешнәрседен қысылмайды, кеуде керіп, еркін дем алады. Әрі қуатты, әрі әсем осынау ғимараттың архитектурасының өзі оның қанатының астына бүкіл

дүние жүзін, бүкіл адамзатты, оның барлық құштарлықтарымен, адасуларымен, тапқан олжаларымен қоса түгел шоғырландыру жөніндегі құпия талапты әшкере қылышпайтында түр. Сонымен бірге XV ғасырдың оқырманы бұл айнадан өз суретін де айқын көріп таныр еді, сөйтіп, сол замандағы ақыл-саналық және әлеуметтік сілкіністерге тартылышпайтын кеткен болар еді. “Хамса” – ғажайып қойыртпақ жанр, онда жаһанды кешкен жолсапарлар мен адам жүргегіне үнгіген тәжірибелер алмакезек ауысып отырады, ал жанды дүниенің сан алуан құранды әлеміші мен әрқылды тілдері бір сәтте рух пен жаннның қозғалыстағы әлемі болып көрінеді; ал ол дегениңіз “дene әлемінің падишасы, ол сау болса, дene де сау, егер ол ауру болса, дene де ауру” Әлемге билік жүргізетін – махаббат, соның жанағыдай рухани-тәндік толымдылық түрінде ұғынылатын нұсқасы. Дүние думанындағы өмір тек соның арқасында ғана қаулайды, сөзді тірілтетін де – сол: “махаббат жоқ жерде адамның сөзі – өлі дene; адамның сөзі мен айтқан ойлары – гүлі жоқ, хош иісті шөптері жоқ қу дала, қараңғы түнек. Ақындық нәрі жоқ сөз – жарығы жоқ шырақ; махаббаттың қызыуынан ада поэзия – қызығы жоқ қоғам. Махаббаттан өзгенің бәрі – кенеуі жоқ ертегі. Шынайы сөз тек махаббатты ғана айтады; Өмірдің мәні – тек сол ғана”

Анау жоғары жақта қалай бәрі үйлесіп жатады, замандар мен құрлықтар арасындағы шекара қандайлық шартты деңіз.

“Мен адам тілінде және періште тілінде сөйлескенде, менің жүргімде махаббат сезімі болмаса, онда менің сөзім мыс табақтың немесе жай кимвалдың даңғыры болып шығар еді” – деп үйреткен жоқ па еді қасиетті апостол Павел Фираттық данышпаннның сөзі де сонау мәңгуден естілген осы сөзбен үйлесіп жатқандай.

“Тәні саудың рухы сау” – ежелгі Римде туған осынау нақыл сөз де жанағы данышпаннның жанына өте жақын көрінеді.

“Хамсаның” әлемі – өзара ұғымдар алмасуының патшалығы. Жоғарыдағылар мұнда тәменгілермен емін-еркін ауысып жатады, біреуі екіншісінсіз өмір сүре алмайды, “ол” дегениң – “мен”, “мен” дегениң – “ол”, Батыс

– Шығыс және Шығыс – Батыс, жыл мезгілдері адам өмірінің жас мөлшерінде бейнеленеді, қалалар өздерімен өздері бола тұрып, өз бойларына әлемнің толымдылығын сыйғыза алады:

Хорасанның айналасы тым ұзак:
Кете алмайсың жүз жыл жүрсөн сен ұзап.

Ал бір минут дегеніңіз – мәңгілік.

Әсте ұмытпа, әрбір сөтте қас қағым
Түр болашақ және өткен жас шағың.

Осыған орайластырып айтар болсақ, адам да өз алдына бір шағын ғалам (микрокосм), гуманизмнің тұтқалы идеясы; оны Әлішер, Фираттың көшесінде серуенде жүріп, ақын тілімен былай деп тұжырымдаған екен және бір ғажабы, дәл осы ойды одан жүз жыл шамасындағы бұрын Флоренциядағы Платон академиясының аллеясында серуенде жүріп, Пико де Мирандона философиялық түрғыдан негізден шыққан екен.

Періштелердің қиялдағы әлемінен шығып, “тән мемлекетінің астанасына” келген бойда ел ақтаған дәруіш есін жияды; сондағы өзіне айтқаны мынадай екен:

Патша да өзі, патшаның тағы да өзі,
Елдің байлық-дәuletі, бағы да өзі.
Асып-тасып жүргенде ойға қалып,
Ақиқатты таныған тағы да өзі.

Абай Науайдан табиғат лирикасының шеберлігін үйрәнді, сондықтан “Жыл мезгілдері” топтамасындағы (аты, әрине, шартты түрде алынып отыр) түр-тұс және жалпы ақындық сарын “Иманжүзділердің ибаға келуіндей”, айталақ, он жетінші әңгімеге үқсас екенін аңғару тілті де қын емес сияқты көрінеді.

Абайдың өзі жақтырмаған билер мен Қыр елінің әртүрлі билікшілерінің жаңағы Фираттағы ақсүйектерге, өте өзімшіл, әділетсіз, жыртқыш, тобырлар тобына қаншалықты үқсас болғанын аңғару қын емес:

Дәуірден дәуір өткіздім, дәуірдің көрдім жәбірін,
Көз салып кімге сүйінsem, қайғының көрдім ауырын.
Көп жәбірдің тепкісі қайта теуіп өзіне,
Жоқтықтың селін басқандай, сұлдесін сорды жанымның.

Шығыстың Ромеосы мен Джульєттасы атанған, ал шындығында вероналық қос мұңлықтан дүниеге бұрын келген “Ләйлі мен Мәжнүндегі” сүйіспеншілік көріністері Абайдың махаббат лирикасына анық нәрлі бастау көзі болды.

Бірақ осының бәрі қалай дегенмен де туынды дүниелер, ал солай дей түрғанмен: шөп жерден өспей ме, ағаштың жапырағы тамыры мен діңінен өркенде жайылмай ма, ал сондағы олардың нәрлі шырыны, жұпар іісі, жайнаған гүлі қандай!

Қайткенде де жердің топырағы мен ағаштың діні орнында қалады.

Сол сияқты Әлішер Науай де Абай үшін тұтастық пен толымдылықтың – әмбебаптықтың қайталанбас үлгісі болып қала береді. Осы орайда Н. И. Конрадты тағы бір еске ала кеткен орынды болмақ. Оның айтуынша, тарихи әмбебаптықтың поэтикалық бейнесі жайғана Орта мөлшерлі емес, нағыз Орталық аймақта пайда болды. Адамзаттың шын мәнісіндегі бүкіл ғаламдық идеясы Антик заманында, одан кейін Ортағасырда және үшінші рет Әлішер Науай заманында пайда болған.

Фархад ақиқатты іздегенде, жол оны қалай қарай бастап еді? Батыс философиялық ой-пікірінің негізін салған Сократтың үнгіріне қарай бастаған. Бірақ ол тек батыстық қана емес еді:

Денесі жерге ғана байланған-ды,
Рухы бар әлемді айналған-ды.

Абай да дәл сондай ғасырлар мен жер жүзінің түкпір-түкпірін қамтитын тынымсыз ой-пікір әлемін шарлаған жиһангерт, жолаушы, дәруіш, елес болғысы келді және дәл солай болды да.

Ермен шықты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд¹ қылып,
Тыныш өлсөңші тегінде.

Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.

¹ Әдет, машық деген мағынада.

Бірақ қалай дегенмен де Абайдың шығармашылық кеменгерлігінің шырқау толымдылығының барынша айқын көрінерлік биігі – оның “Фақлия сөздері” мен поэмалары. “Сөздеріне” біз кейінірек тоқталамыз, ал поэмаларын осы қазір оқып қарайық.

Олары үшеу, бәрі де, Төлбасының айтуына қарағанда, Абайдың шың басына шыққан шынардай бой көтеріп, алтын кенішін ашқан он жылышының дәл қарсанында жазылған.

Жалпы алғанда, бұл жанр жағынан үлкен дұмпу болмаса да, бөгетті бұзып-жарып өткендегі кезең болып еді. Абайға дейін қазақ даласы поэма дегенді естімегенін түсіну оңай: жазба шығармашылығы жасаң әдебиеттерде поэманың орнында эпос жүретің, олар роман мен поэманды енді-енді ғана игере бастаған. Тіпті Ұстаздың өзі де бұл бағытта алғашқы қадам жасағаннан кейін, осы жолмен жүруді жастарға мәслихат еткен. Ол ескі мола басына келген бір сапарда ру намысы деген қанды оқиғаның құрбандары туралы аңызды айтып тұрып, осыны дастан етіп жазуды сол жастардың өздеріне тапсырған. Бұл жайында біз “Абай жолының” екінші томын бастағандағы Мұхтар Әуезовтің сөзінен білеміз. Сонда Ұстаздың жас ақын шәкірттері арманда кеткен екі ғашық – Еңлік пен Кебек туралы естелік поэма жазайық деп Ақсақалдан бата сұрайтыны бар. Содан кейін Мағауия шынында да осы оқиға туралы поэма жазып шығады. Рас, ол шығарма кезінде жүртқа көп мәлім болған жок.

Одан гөрі екінші шығармасы – “Медғат-Қасым” көбірек әйгілі болған. Сірәғысында, жас жігіт Пушкин мен Лермонтовтың оңтүстік поэмаларын, Байронның шығыстық лирикасын жартылай әкесінің аудармалары арқылы, жартылай орыс тілінде оқып алған болуы керек, өйткені ол Семейдегі орыс училищесінде оқыған да, жасынан орыс тілін білген, – сондықтан сол тамаша үлгілерге еліктең, құлдықтағы жігіттің иесінің асыранды қызына үмітсіз ғашық болатыны, ал ол қыз өз орайында басқа бір бай төренің баласын сүйеттіні жайлы романтикалық оқиғаны ойдан шығарған.

Сірағысында, Теніздің арғы жағындағы экзотиканы – Ніл дариясының жағалауын да, мәні түсініксіз болғанмен естілуі қызықты атауларды да (Занзибар) замандастары

жатсынбаған және оларға алданбаған: өздері сол поэма кейіпкерлерін, солардың оттай ыстық құштарлығын, шығармадағы қанды айқастар мен керуен тонаған қарақшылардың шабуылдарын нақ ескі азыздардың төл адамдары мен оқиғалары деп қапысыз үққан, ал кейде олардан өздерін көргендеге де әсерде болған: тек қана байларға шабуыл жасайтын Робин Гуд, Карл Моор немесе Дубровский бейнесінде көрген. Сонда олардың өз жүректері де әділдіктің жеңетініне және махаббаттың салтанат құратынына сенген автор жүргегіне үн қосқан.

Абайдың үлкен ұлы Ақылбай да поэма жазған. Ол әкесінің он алтыдан жаңа ғана асқан бозбала жігіт кезінде туып, одан қырық күн кейін өлген. Ақылбайдың “Зұлыс”, “Дағыстан” деген екі поэмасының біреуі жартылай, екіншісі түгелдей сакталған. Стильдік жағынан алғанда, біреуі Лермонтовтан Абай аударған (Ақылбай орыс тілін білмеген) “Теректің”, екіншісі – Хагтардтың Сүлеймен патша туралы романының мазмұнынан алынған болса керек, соңғы романды да Абай еркін мазмұндапты, онысы ел арасында өте әйгілі болыпты деген бір сөз бар көрінеді.

Абайдың мазмұндап жазғандары өте шебер, тіпті талантты шыққан деседі, шәкірттерінің жазғандары оған маңайлай да алмаса керек, бірақ оларды жақындастыратын қандастықтан басқа мәтіннің “қондырмалық” сипаты деген де үғым бар – ол дүниежүзілік поэзияда кең тараған үғым.

Абай да алдындағы ізашарларына сүйенген, оның жазғандары да – “көшірме”, бірақ олары қандайда бір түпнұсқадан алынған-ау?

Көп адамдардың пікірінше, “Масғұт” – Тургеневтегі “Шығыс легендасының” қазақша нұсқасы. Шындығында да, автордың қолжазбасында “Тургеневтен” деп белгі соғылған дейді. Тағы біреулердің айтуынша, поэмалың “Легендаға” ешқандай қатынасы жоқ екінші бөлімі Бирманың халықтық ертегісінен алынуы ықтимал екен. Абай оны қайdan білмекші? Сол дақпыртты айтушылардың өздері жаңағы ертегінің орыс тіліне Абайдан көп кейін аударылғанын және растайды. Ал Абайдағы нұсқаға үқсас дерек жалпы түркі тілдес халықтардың бірде-бірінде жоқ болып шыққан. Ондай жұмбақты шешу, әрине, фольклор-танушылардың өз шаруасы, ал біз үшін маңыздысы – “Масғұттың” бірінші бөлімі “Шығыс легендасына” өте

ұқсас, тек кейіпкерінің аты өзгеше – Жиаффар, ал аныздағы аты жоқ шал – кәдімгі жолаушылардың жебеушісі Қыдыр-Хызыр, оқиғаның болған мезгілі де айқын – ол енді Тургеневтегідей, бір “Құдай жар болған халиф” емес, кәдімгі һарун әл-Рашид. Қалғандарының барлығы бір сюжет.

Бағдадтың шет жағында серуенде жүрген жігіт біреудің айқайлаған дауысын естіп, жүгіріп барады да, қарақшы өлтіргелі жатқан шалды құтқарып алады. Бірақ ол тегін қайыршы емес екен, құтқарған ақысы үшін үш түрлі алма ұсынады. Біреуін жесе асқан ақылды, екіншісін жесе асқан бай, ал үшіншісін жесе барша әйел затының махаббатына ие болмақ. Жігіт үшіншісін таңдайды (Тургеневте – мыжылған сары тұсті, ал Абайда – жақұттай жалтыраған). Шал да сол таңдауды құптайды.

Сюжеттің ұқастығы ойдың жақындығымен бекиді.

“Senilia” (Кәрілік) – жасы жетпіске келген Тургенев қара сезбен жазылған тамаша лирикалық өлеңдер циклін осылай атамақ болған дейді; жалғыздығы мен өмірінің аяқталып келе жатқанын сезген көңіл күйі содан айқын-ақ танылып тұр. Бір тал шөптің тасты жарып шығатыны сияқты, таянып келе жатқан ажалға да махаббат сезімі солай қарсы қойылған ғой.

Ұясынан жел қағып жерге құлатқан балапаны аңшы итінің аузына жем болғалы тұрғанда, соны қорғамақ болған қара жемсаулы кәрі торғайдың сол итке айбат шегіп қарсы тұрғанын кім көрген.

“Әлгі ит сонда оған қандайлық дәу қара пәле болып көрінді екен десейші! Бірақ соған қарамастан, жоғарыдағы қауіпсіз бұтақтың үстінде шыдап отыра алмаған-ау, патшағар... Күш, өзінің ырқынан да ықпалды күш қой, оны сол жерден ырғытып түсірген.

Мениң Трезорым тұра қалып, кейін шегінді... шамасы, әлгі құшті ол да мойындарды-ау деймін.

Мен қорғалаған тәбетімді дереу шақырып алдым да, марқайған көңілмен жүріп кеттім.

Ие, күлменіз. Мен титімдей жаужүрек құсты көріп, соның балапанына деген сүйіспеншілік ерлігін көріп марқайдым.

Сүйіспеншілік махаббат ажалдан да, ажалдың үрейінен де құшті екен-ау деп ойладым мен. Өмірді ұстап тұрған,

соны ігері бастырып тұрған – тек махаббат қана” (“Торғай”).

“Әлемнің жарық күні” – Жиаффардың ерлігі де осындай ерте оянған сананың шабытынан туған еді. Сол таңдаудың сыры Масғұттың мына сөзінде ашылады:

Қызылды жесем мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем не жан күйер?
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.
Еркектің ерек адам болса қасы,
Қатың, шеше, қызы жоқ қімнің басы?
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Сырт қарағанда – тек даңқойлық немесе жастықтың албырттығы деп ойлайсың. Сол кезде басқа бір үн – сабырлы, жастықтан гөрі естиярлау салиқалы үн және естіледі:

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдан дау бола ма?

“Мен” дегені енді жай ғана “мен” емес, ол – шығыс классиктері рухындағы әлем мен шығармашылық ақиқат болып шығады.

Алайда әбден жакындасар сөтте, – біржола бірігіп кетпегенмен, жоқ, әлбетте, ажырасу емес, жай ғана достық ниетпен қоштасу сөтінде, – бір түрлі жағдай болады. Тургенев нұктे қойған жерде (“Әлемнің жарық күніндей, ұлы да әйгілі Жиаффарды кім білмейді?”), Абай әрі қарай жалғастырып әкетеді. Ол өзі солай болуы керек те, өйткені олардың біреуі лирикалық өлең жазғанда, екіншісі поэма жаза бастаған.

“Масғұттың” екінші бөлімі – бірінші бөліміне қарама-қарсы қосымша, ол бүкіл поэтикалық ойдың мәнін мулде кеңейтіп жібереді. Құн сәулелі, жарқын дүние күнгірт тартып, бұрынғыдан мұлде өзгеше күйге үшырайды. Бағдадтың үстіне Қыдыр айтқан ессіздік нөсерінің қатері төнеді: сол жанбырдың сұы тиғен адамның ақылы ауысып кетеді екен. Халиф пен оның уәзірі, сол баяғы жігіт, тек

біраз есейіп, жұрт аузында “Шәмсі-жиһан яғни “бұл дүниенің күні” атанған, екеуі елдің халқын тыныштандырмақ болып, көп жалынады. Айтулы бір аптаға шыдандар, содан кейін бәрі орнына келеді, жұрттың бәрі сауығады деп үгіттейді. Бірақ оған жұрт тоқтамайды:

Олар шықты есікten ханға өкпелеп,
Көшеде шулап және жылаған көп:
– Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен, – деп.

Содан кейін билеушілерде зәре қалмайды, қорық-қандарынан екеуі де жынды судан іshedі, сөйтіп жұртпен бірдей бұлар да ақылдарынан ауысып кетеді.

Поэманиң аяғында дидактиканың сарыны бар, ал сондағы моралі қандай?

Ие, әлбетте, надандық деген пәле, масқара, ол тірі жанның бәрін қырғынға ұшыратады.

Ие, әлбетте, тобырдың қолындағы билік – өте қауіпті билік, әлде әлсіздіктен, әлде халық айтса қалпы айтпайды деген жалған дәмемен (осы қасіретті ой кейін “Фақлия сөздерде” ауыр сезіммен талай рет қайталанады) сол тобырга ерік берсең, оның ақыры бүкіл адамзаттың түбіне жету болып шығар еді.

Көптің бәрі осындай, мысал етсен,
Көп айтты деп алданып уағда күтсөн.
Фаніл боп көп нәрседен бос қаласың,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсөн.

Ал осындай ешбір жасырыны жоқ, ашық нақылшылдықтың әр жағында педагогикалық тағылымның қандайынан да басым түсетін бейне көзге елестейді. Ол толымды дүниенің – әрі әсем, әрі қатерлі дүниенің бейнесі, онда зиялыштық надандықпен, жомарттық ашқараптыхықпен, сүйіспеншілік өшпендейлікпен, қысқасы – ізгілік зұлымдықпен тікелей соқтығысып жатады. Ал осындай бітіспес соғыстың нәтижесі, Тауратта жазылғанындей, өте неғайбыл.

Абайдың екінші бір поэмасы – “Әзімнің әнгімесі” шығармасының бастау бұлақтары жөнінде ешкандай талас жоқ. Бұл – “Мың бір тұн”, басралық Хасан деген жігіттің басынан кешкен кептері туралы әнгіме; зергердің шәкірті

өзінің сенгіш аңғалдығы мен өуескөйлігінан босқа өліп кете жаздайды. Абай анызды өз заманына және өз жұртының талғамына, үғымына және тіліне бейімдеп біраз өзгерткен (мәселен, теңіз қарақшыларын жігіттер деп атайды), сондай-ақ бірсыныра фантастикалық сюжеттерді ықшамдап, кейіпкердің қанатты қыздарға құмартып қасірет шегетін, бай саудагердің мүлкін бөліске салатын тұстарын қысқартқан. Ол өз алдына болсын, ал оқиға ең қызық жеріне келгенде кілт үзіліп қалады. Арада көп бейнет шеккен жігіт ақыры бір салтанатты сарайға тап болып, жылы жүзді екі сұлу қызға кездеседі. Олар бұған бар көңілдерімен ықылас білдіріп, сарайдың барлық салтанатын көрсетеді, бірақ оқшау бір есікті ашпауды қатты тапсырады. Әзім қас қылғандай, бір күні нақ сол бөлменің табалдырығынан аттайды.

Кірсе, ар жағы дөңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір хауыз бар, ернеуі тас.
Бұлбұл сایрап, миуасы салбырап тұр,
Салтанатын түгендей айтып болмас.

Тас ернеуі – меруерт, ол көрінген,
Кеткісі келмес жанның мұны көрген.
Ер Әзім тамашалап қарап тұрса,
Бір түрлі таңғажайып құстар келген.

Әңгіме осы жерден үзіледі, жаңағы келіп қонған құстардың не екені жұмбақ күйінде қалады. Неге бұлай болды, әңгіме неге үзіліп қалды, оны қазір кім айта алады? Былай болуы да ғажап емес: көп нұктенің ар жағында өрістейтін ертегінің оқиғасы, дастандық тұрғыдан қаншалықты қызықты болғанымен, Абайға ерсілеу көрінуі мүмкін. Ол әңгіменің жалпы мазмұндық қаңқасын сақтаған да, қатысуышыларын орны-орнына қойып берген: дастанда да, ертегіде де айтканға сенгіш аңқау жігіт қорғасыннан алтын жасайтын сиқыршы зұлым кісінің құрбандығы болып кетеді: ол өз ыдысина шал құйып жіберген уды ішіп қояды да, дүние жүзінің мұхиттарында жасырын жүзіп жүрген кемеден бір-ақ шығады. Сол жерде ол өз дінінен шығып, шал айтқан отқа табынушылардың дініне кірмеймін дегені үшін шал оны ұрып-соғады. Құдай өзінің адап құлына осындай зорлық жасағаны үшін теңізге дауыл

жібереді. Содан қорыққан теңізшілер шалдан тұтқынды дереу босатуды талап етеді.

Шал солардың айтқанына көнгенімен, Әзімді тағы да алдайды. Биік таудың басында алтын жасауға керекті топырақ бар деп, сонда жібереді. Онда барғаннан кейін жігіт аузынан от шашқан аждаһамен айқасқа түседі, оны жеңіп, өлтіргеннен кейін, терісінен арқан есіп, сол арқылы шың басынан жерге түседі. Ауыр азаппен төрт күн жүріп, әбден шалдыққан кезде алдынан бір алтын сарай көрінеді. Сонда оны екі сұлу қызы жылы жүзбен қарсы алады.

Алайда, ертегінің жалпы сұлбасын сақтай отырып, Абай әу басында-ақ аңызға ғибраттық сипат береді, өзара ымыраға келмейтін ізгілік пен зұлымдықтың шекарасын айқындалп алады. Ертегіде жүздеген жылдар бұрын қалыптасқан алаңсыз бейқамдықтан ныспы жок; өмір болмысында тұнғыш рет жалғандықпен және зұлымдықпен кездескен қарапайым адам жүрегінің қасіретінен із тастау байқалады. Сонымен бірге Абай зергер жігіттің бойынан дүние сырын ашуға, табиғаттағы алхимияның құпиясына бойлауға, білім-білікке құмарлықтың нышанын аңғарады. Осының барлығы өзгеше поэтиканы талап ететін еді, ал ертегінің ережесі мұлде басқа, жалғандық ақынның жолын тарылта бастаған. Абай өте қызғылықты аңыздан біржола безбейді, сондықтан оны қызықты тұсына келгенде тоқтата қояды.

Біздің өз жормалымыз осындей.

Ал енді үш поэмалың ішіндегі ең елеулісі – “Ескендірді” оқып қарайық.

Оның түбі де қабат-қабат.

Айталық, Абайдың дастаны мен Жуковскийдің “Александр туралы аңызының” арасындағы үндестік көлденен құлаққа ертеде естілген болатын. Ол кезде Абай орыс классиктерін құныға оқып жүрген-ді, сонда осы әңгіме де оның көзіне түсіп қалуы ғажап емес. Оның нақты аты – Шамиссоның “Sage von Alexandern (nach dem Talmud)” деген өлеңмен жазылған хикаяты. Бұлардың екеуінде де қаһарлы патшаның шөлді өлкеге жасаған жорығы баян етіледі.

Александр өзінің қолын бастап,
Бөтен елді шабуға келе жатты.

Шөл даланың құмынан өткен кезде,
Тап болды өзен, ағыны
Тым-ақ қатты...

Осылай басталатын шығармасын Жуковский өзінің жасы кіші жолдасы Киреевскийге жаңа жылдық сыйлық ретінде әкеліп тапсырады, ол сол кезде “Москвитянин” журналының уақытша редакторы болып тұрған (тағдырың жазуы болар, хикаят Абай туған жылы жарық көреді).

Ал, “Ескендірдегі” тиісті жолдар мынадай болып келеді:

Жүре-жүре бір елсіз шөлге тұсті,
Алып жүрген сұнының бәрін ішті.
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлденеп,
Басына құдай салды қыын істі.

Сөйтіп, қатты бір қиналған шағында ат үстінде тұрған патшаның көзіне алыста жылтыраған сәуле шалынады. Ол әскерін бастап солай қарай беттейді:

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлак,
Таспадай бейне арықтан шықкан құлап.
Түсे сала Ескендір басты қойды,
Ішсе сұы өзгеше, тәтті тым-ақ.

Оқиғаның аяғында екі шығарма бір-біріне тіпті жақындаі түседі. Екеуінде де ұлы қолбасшы әлдебір қамалға келіп тіреліп, күзетшіден сыйлық талап етеді. Сонда алғаны қуарған көз сүйегі екен, соған бұл қатты ашуланады:

“Маған ба! – дейді патша қаһарланып, –
Мына Александр патшаға! Неткен мазақ!
Қуарған қу сүйекті!” – Сонда оған
Айтыпты бір данышпан басалқы сөз:
“Жазғырмай қу сүйекті, жөнін сұра,
Аларсың бір кесімді жауап оған”.

Орыс ақыны неміс шайырының жазғанын осылай аударған екен. Ал Абай нұсқасы мынадай:

Орамалды қуанып қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта барды.
Қараса ішіндегі бір қу сүйек,
Бұл неткен мазағы деп аң-тан қалды.

Ашуланып сыйына болды кекті:
– Ең болмаса білмеді сый бермекті.
Осы менің теңім бе? – деп ақырып,
Лақтырып жіберіпті сол сүйекті.

Сірә, байқасақ, Абай Жуковскийді оқып, соған сүйенген тәрізді. Ал сонда Жуковскийдің сүйенгені де (немісше түпнұсқасы сиякты) – Талмуд.

Таяуда тұскен еді колыма бір
Талмудтан Александр жайында аныз.
Соны жазып жария еткім келді.
Еш өзгеріс ішіне енгізгем жоқ,
Еврейдің кітабынан алған күйі.

Өлеңмен жазылған хикаяттың кіріспесінде осылай деп жазылған. Сөйтіп, IV ғасырда Таяу Шығыста тартылған желі XIX ғасырдағы Европаға жетеді де, содан Ресейге қарай тартылып, ақырында Шығыска – Қазақстан даласына қайтып оралады. Ал осы желінің орта тұсын жалғастырған мықты бір арқау бар, ол – классикалық Шығыс поэзиясы. Сол поэзия бір кезде шағын мешеу мемлекеттің патшасымағы болып, кейін оны аса қуатты империяға айналдырған, сөйтіп дүние жүзінің тен жартысына билеуші болған Амон-Раның баласын назардан тыс қалдырмаған.

Ол туралы Фирдауси мен Жами де, Әмір Хұсрау мен Низами де, Махмұт Қашғари мен Әлішер Науай де жазған. Фылымның анықтауы бойынша, осынау занғар аспандан Абайға бәрінен гөрі жарығын көп түсірген жұлдыз гәнжалық Низами “Хәмсасының” соңғы бөліміндегі – “Ескендірнама” болса керек. Рас, жалпы көлемі он бес мың өлең жолындей осынау орасан зор поэмадан Абай 200 жолға толар-толмас бір эпизодты ғана алған. Ол біздің өзімізге жақсы таныс болып отырған әбілхаят сұы бар дейтін өлкеге жасалған жорық жайындағы шағын ғана әңгіме. Алайда онда арманды бұлақ болмай шығады – ол бұлақ ағатын шатқалдың жолы аспанмен таласқан биік қақпамен бекітулі екен. Классик өз дастанында кел-көсір қылып кенінен баяндалған сюжетті бірнеше ғана өлең жолына сыйғызып, оны моральдық нақылға орайластыра пайдаланады. Дастанда баяндалатын сюжеттен асып түсерлік тұтас бір анызға айналған нақ соның өзі еді.

Жоралы сыйлықтың орнына шүберекке түйілген кішкентай затты лақтыրғандары үшін шамданып, қақпаның ар жағындағы елді қырып-жоймақ болған Ескендірді тәрбиешісі Аристотель сақтандырады: босқа қаһарланғанша түйіншектегі жұмбақ заттың сырын біліп алуға кеңес береді:

Таразыны әкел де сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,
Таразыны құрдышып, ортаға алды.
Қанша алтынды күміс пен салса-дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Билемеші бұған таң-тамаша. Сол кезде данышпан ұстазы ақыл косады:

Хакім жерден топырақ алып барды,
Бір уыстап сүйекке шаша салды.
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Александр сонда да түк түсінбейді, содан кейін ұстазы ар жағын жұмбақтамай, болған кереметтің мән-жайын түсіндіреді:

Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Олсе тояр көзіне күм күйылғанда.

Қысқасы, тіршіліктің бәрі жай арпалыс, дүниедегі атақ-даңқтың бәрі өткінші, өзгермейтін – ажалдың хақтығы ғана.

Ал баяндаушы мысалшыл әңгімені байлай қорытады:

Ку өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
Өз күлкіне өзің қарқ болма бекер!
Ұятың мен арыңды малға сатып,
Ұятызда иман жок түпке жетер.

Мұхтар Әуезовтің ойынша, “Ескендір” кейбір жағынан алып қарағанда, тұтас бір дәстүрді сөз жүзінде теріске шығару болып табылатын көрінеді, әрине, оның айтқаны дұрыс.

Низамидің Александр Македонски – ержүрек, ізгі ниетті жауынгер, айлакер стратег – Дарийді жеңген патша, көреген де әділ билеуші, құдайлардың сүйген құлы, ол аз болса, – ұлы адамсүйгіш. Оның өлер алдындағы шешесіне жолдаған хаты – жер бетіндегі барлық адамдармен бақылдасқан сәлемі.

Бақильтыққа бет бұрып бассам қадам,
Қайғы-мұндан арылсын барлық адам.

Жұрт оны шексіз ізгілік пен парасаттың бейнесі деп үққанда, біразы барлық жер әлемді бағындырған патша деп, енді біразы – данышпан деп, үшінші біреулер – тіпті пайғамбар деп қабылдағанда, ақын шамадан асып кеттім-ау деп қымсынбайды; оған бір-бірлеп ақыл-кеңестер беріп, Сократ, Платон және Аристотельдер келіп жатады. Сөйте тұра, соңғы екеуі жолдаған хаттарының аяғында оған ақыл айтудан бас тартады – себебі пайғамбарға ақыл айтудың қажеті жоқ, “оны Жаратушы мен ақыл-парасат өзі ілгері бастап отырады” деп ойлаған.

“Ескендір-наме” – қаһармандық жыр, сондықтан жанрга сәйкес (әрине, формалық жағынан емес) композициясы кеңінен далиып, патшаның даңқты өмірбаянының жаңа бір өрістерін баяндаған кетеді, сөйтіп, оқырманды осынау ұлы адамның рухын танып-білуғе шақырады; ал сол ұлы адам ажал аузында биік ақиқаттың сырын ашып кетпекші:

Патша сезіп ақтық дем жетер кепті,
Оң қолымды табыттан көтер депті.
Көнбістікпен тағдырдың бергеніне,
Толтырыпты топырақ шенгеліне.
Дүние әлемнің барлығы сыйған қолы,
Бір уыс топыраққа болды толы.
Есіне алып байлық пен мансап кезін,
Бір сәттік пенделікке етіп төзім,

Айтыпты: “Мына шөкім жер топырақ –
Бәріне жолдас болар көр топырак!”

Осынау өктем дауыс жүздеген жылдар бойғы уақыттың қалың қабатын жарып өтіп, жаңғырығы бергі заман ақынының өлең жолдарынан естіледі... дегенмен оның алдындағы басқа бір бастауларға құлақ түрейік.

Ұлы Александрды Низамиден кейін Әбдірахман Жәми мадақтап жырлайды. Бірақ ол көзқарасын біршама өзгерткен: “Ескендірдің даналық кітабы” біздің көз алдымызыда бітімгер, халық игілігінің қамқоры, ақиқаттың тынымсыз жоқшысы бейнесінде көрінеді. Соған орай композициясы құрделі сипат алады. Орталық сол орталық күйінде, ал Низамиде шеткегі қалған тұлғалар, ен алдымен Аристу-Аристотель сол ортаға қарай жылжытылған Соңы “Ескендір-намеге” ұқсас: ұлы билеуші ақыретінің екі бүйірін тесіп, содан екі қолымды шығарып қойындар деп өсиет етеді: ондағысы жұрт сол қолдарымда шоғырланған деп ойлайтын күш-қуаттың бекер екенін халыққа жария ету екен:

Шах кетті мәңгілікке сол бетімен,
Бір түйір мұлік алмай жер бетінен:
Ел де жоқ тізе бүккен шаһар да жоқ,
Халықты қалтыратқан қаһар да жоқ.

Міне енді, ақыр-аяғында, Науайдің “Хамсасының аяқ жағындағы “Ескендірдің қамалына” келейік. Оның қаһарманы да қуатты, бірақ өділетті:

Тағы да сапар шекті ғалам шарлап,
Алды да ізгілікпен елді есіне.
Бұл жолы ашу емес, ақ ниетпен
Махаббат, мейір тілеп пендесіне.

Сондағысы жай дүниекорлық емес, тіпті де дүниекорлық емес, тек жомарттық қана:

Бетінде алғұл жайнап нұр-қияпат,
Еліне таратыпты сый-сияпат.

Патшаның өмір жолы поэзияда қалыптасқан дәстүрлі жолмен аяқталды. Бірақ онда қаһармандық сарын аздау да, онан гөрі әжュー мұсіркеушілік басымдау, тіпті өкініш те көбірек тәрізді.

Табыттың бет тақтайын тесіп ойып,
Шошайтып шығартыпты қолын қойып.
Сондағы шахтың ойы – сабақ ету,
Жазмыштың жалғандығын айтып кету.
“Ескендір патша болды жер-жаһанға,

Сыйғызып бәрін осы алақанға.
Тағдырдан келді міне соңғы сағат,
Қалдырмай ес жиюга ешбір тағат.
Мен кеттім бұл дүниеден сенделмеде,
Сол болар бұйырары сендерге де”

Екі рет қайталанған хамса және жай емес, жайылған алақан, – бұл енді түйілмек түгіл, жай жұмылған да жүдьырық емес.

Осындай қайшылықта Абайдың “Ескендірінде” өзінен бұрынғы нұқсалардың беделін жер қылғандық бар деуге де болар еді. Сондықтан бізге қалатыны – Мұхтар Әуезовтің ізімен Александр патшаның ерліктерін үстірт шолу деген пікірін місі тұту ғана. Әйтпегенде, бұның тұра тонау мен аяусыз зорлық-зомбылыққа айналып кететін түрі бар:

Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Сол дүние жүзінің қак жартысын билеп алған жаулаушы мен қайырусыз билеушіні әшкерелеу де, оны өзіне әшкерелету де осындай-ақ болар. Алдынан кездескен белгісіз қаланың қақпасын күзетші ашпайды, өйткені оның ар жағында Жаратқанға апаратын жол жатыр:

Білмесен, мен Ескендір патша деген,
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.
Қақпанды аш, хабарынды айт, білдір маған,
Қорлығым өзім туып, көз көрмеген.

Солай... Бәрі солай, басқаша болуы мүмкін емес, бір кезде бас атанып, қазір онша беделді болмай қалған клас-сиктің айтқанындаид, тарих қайталанып қана қоймайды (әуелі трагедия, одан кейін фарс түрінде), ол тіпті – бірінен кейін бірі алмасып келетін үрпақтардың тарихы түрінде қайтадан да жасалады. Ол сөзсіз субъективтік сипатта болады, фактілер, құжаттар, мұрағат дегендер бұл жерде ештенені өзгерте алмайды, жалғыз-ақ, бәлкім, поэзия ғана бұл сияқты субъективтіліктің анық көрсеткіші бола алуы мүмкін (Тыняновтің “көзбен көргендей өтірік айтады” деген сөзі осыдан шыққан).

Мәселен, Софоклдың Антигонасы Корнельдің Антигонасы бола ала ма? Немесе Жан Ануйдің Антигонасы сол екеуінің біріне ұқсай ма?

Дәл сол сияқты, өнер өзінің заңды түрдегі ауа жайылғыштығымен тарихи қаһармандарды да өзгерте береді.

Біздің байқағанымыздай, Ескендір классиктердің бейнелеуінде екі мәрте, үш мәрте өзгеріп шықты, ал шындағында, тарих күнтізбесіне төрелетсек, сол классиктердің өмір сүрген замандарының арасында сондай бір керемет шыңырау жатқан жоқ, ал біздің казіргі түрғымыздан қарасақ, олардың бәрі бір-бірімен замандас сияқты көрінер еді: Низами “Ескендір-намесін” 1203 жылдар шамасында аяқтаған, Жәми оны 1486 жылы қайталаған, Науай де өзінен жасы үлкен досынан бірер жыл ғана бұрын жазған. Бірақ сол үш жұз жылдың ішінде болған көп өзгерістермен бірге жаңағы беделді қаһарман жөніндегі көзқарас та өзгеріп кеткен. Ол өзінің сөзсіз талассыздығынан айрылды, басқарудың, дәлірек айтсақ, басқару-шының кеменгерлігі мен ұлылығы енді оның білім-білігі мен жан дүниесінің ұлылығымен өлшенетін болды. Әлішердегі Ескендірдің қайта-қайта Аристуден ақыл сұрай беретіні және рух қалтарыстарында өз бетімен жүрген дәруіштің Зұлқарнайын сынды мінсіз патшадан жоғары тұрғы тіпті де тегін емес:

Қайда барсаң опасыз бір дүние,
Бар абыроға патша емес, қайырши ие.
Шах емес, дәруіштің айтқаны – зан,
Қалайша қайнамасын кек пен ызың?!

Бұдан арғы өңгімеде Ескендір бір кезде патша болып, қазір қайыршылық халге түсken кісіні сол қасіретінен құтқарып, тәжі мен тағын қайтарып берейін десе, ол көнбейді, одан өз басының қазіргі еркіндігін артық көреді.

Олай болса, енді төрт жұз жылдан кейінгі Ескендірдің бұрынғыдан басқаша көрінуіне таңданатын ештене жоқ, себебі – бұл жүзжылдықтар Низами мен Науай арасындағы жүзжылдықтардан әлдеқайда ұзағырақ болды: уақыттығыздалды, дүниеде өте көп соғыстар болды, өте көп қан төгілді, көп дауылдар соғып, көп үміттер үзілді. Сол өзгерістер өнерден көрінуі керек еді, көрінді де. Солардың барлығының үстіне ұлттық психология дейтін бар. Қыр елі мен тынымсыз көшіп қонған түрмис, тұрақты үй-

жайлары мен реттелген өмірі бар қалаға қарағанда, өкімет билігіне өзгешерек қарайды.

Ал бірақ ең қызығы әлі алда.

Абайдың поэмасында бір ерекшелік бар; Ескендер мен оның іс-әрекетін бейнелеудегі бұл ерекшелікті айтуға оңай болуы үшін, оны өзірге реализм деп аттай тұрайық: онда көзқарастың қысындылығы бар, бірақ өшкөрелеу мен мансұқтаудан ныспы жоқ. Қаһарман сол қаһарман күйінде қалады:

Алдынан шыға алмады ешкім мұнын,
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының...

Абай классиктердің санасынан өткен ойды сол қалпында сақтайды да, әрі қарай дамытады. Бұл жерде қосып айтарлық нәрсе, жаңағы ойда поэтикалық кана емес, тарихи да шындықтың мәнісі мынада: қаншалықты қатал бола тұра, қаншалықты империялық өктемдігі бола тұра (қандай билеуші момақан болушы еді, қандай билеушіде даңқойлық жоқ), Александр Македонский дүниежүзілік қайраткерлер ішінде бірінші болып, әртүрлі, атап айтқанда, азиялық және европалық мәдени бастауларды бітістіруге негізделген империя құрған патша болды. Евразиялық идеологтардың бірі П.Н.Савицкийдің жазғанындей, мұның өзі элиндік-македондық держава болды... “Империаландырылған” эллиндік-македондық ұлт болды; эллиндер мәдениет берді, македондықтар жаңа империалистік тұтастықтарды жасауға қажетті саяси құралдар берді. Нәтижесінде “эллинистік мәдениет жасалды, ол антик заманының аяғы мен орта ғасырларда батыс Европа елдері үшін Рим мәдениеті қандай рөл атқарса, Асуан мен Владимир арасындағы елдер үшін бұл да сондай рөл атқарды”

Жалпы алғанда, бұл Вавилон мұнарасын салудың екінші әрекеті еді; бұл да сондай сәтсіз болды, бірақ артында ұлылық атак-даңқы қалды. Сол ұлылық Шығыс классиктерінен Абайға дейінгі поэзияда бейнеленді.

Н.И.Конрадтың еске салуы бойынша, өкінішке қарай, орыстың аударма поэзиясында осы уақытқа дейін пайда болмай келе жатқан “Ескендер қамалының” сонындағы жалаңаш қол ішінәра өзгеше түрде екі рет қайталайды. Ескендер өлгеннен кейін оның өлер алдындағы тілегі

орындалады: мәйіті жерлену үшін Египетке, Александрияға апарылады, сонда оның алақаны жалаң күйінде табыттан шығарып қойылады. “Егер Әлішер тек жалғыз осы бейнені жасаған болса да, бәрібір біз оның данышпан ақын екенін түсінген болар едік”

Абайда қолдың орнына көз сүйегі алынған, бірақ онда қандай айырма бар? Астарлы бейне өзгерген жоқ қой: қаһарманның жеңімпаздық бейнесі бәрібір байлықтың, зорлықты күш пен атак-даңқтың баянсыздығын түспалдап тұр.

Шығыс классиктері сияқты, Абай болмыстың бүтіндігі мен адам өмірінің толымдылығын көксейді. Сол қалмаған көңіл, қайтпаған тілек үшін бұл соларға борышты.

Адамға одан асқан сый болар ма?!

Бесінші тараяу

ӨЗІНІҢ БАТЫСЫНДА

...Шығыс та жоқ, болған емес Батыс та...

Киплинг

*Кейде Плавтты оқып отырганда және сонымен бірге
Орта Азияның тарихын оқығанда, ...адамзаттың
ақыл-ой болмысының бірлігін сезінгендіктен
жүрегің лупіл қағып тебіреніп кетеді.*

В.И.Вернадский

“... Бұл үшін ең қыны орыс тіліндегі сөздерді оқу болды...”

Оған таңданатыны жоқ. Абайдың Семейдегі орыс мектебіне өздігінен жасырын барып жүргенінен бері көп заман өткен. Сол кезде үйренген бірлі-жарым сөздерінің бәрі ұмыт болғалы қашан. Орысша кіммен сөйлеспек? Қаланың шенеуніктерімен бе? Олардың сөзіне бұл мұлде түсінбейді және солармен араласуды да мұның суқаны сүймейді. Бірақ олардан қашсаң да құтыла алмайсың. Ал сөйлесуге тура келсе, құдай айтқан тілмаштар бар ғой шүлдірлеп тұрған. Ал мынау кітап сөздерін оқуға келгенде олардан түк пайда жоқ, кітап тілі олардан мұлде өзгеше.

Бірақ енді оның да бір жөні табылар.

Үшінші баласы Әбдірахман туғаннан кейін Абай Семейге жүруге әзірленді. Бұл жолы тіпті ұзаққа кетпек ойы бар. Айтқандай, ол жақтан өзі таяуда ғана оралған.

Абай қазір іс басында жоқ, бірақ көмек сұрап, қолқа салушылар көп. Қайсысынан бас тарта бересің. Міне тағы бір даулы істің тәбесі көрініп тұр. Өзге емес, өзінің туған ағасына қарсы шығып, әділет үшін қияннатты істің дауына араласуға тура келіп тұр. Ол үшін тағы да қаладағы адвокатқа ісі түспек. Ел адамдары Ақбас деп атайдын белгілі заңгер орыс шенеунің бар, соған бармақ. Жасы жасаң болғанымен шашы мен сақалының біраз жері ерте ағарып, қудай болып кеткен, бұл соны ізденеп келеді.

Адвокаттың үйіне кірген бойдағы мұның көзін сүріндірген нәрсе сөрелерде қатар тізілген кітаптардың көптігі еді. – Бұлар немене, заң-закон жайындағы кітаптар ма еken? – деп тілмаш арқылы жеткізген сұрағына үй иесі басын шайқап жауап берген. Одан арғы екі жақты әңгіме Мұхтар Әуезовтің романында былай беріледі:

“Мынау закон кітабы ма еken? Не жайдағы кітаптар еken, ә?.. – деп ойланған сөйледі. Ол кітаптар Пушкиннің томдары еді.

Ақбас әуелде ұғындырмақ бол: “Ол закон емес, поэт жазған сөздер... деп келді де, артынан қолын сілкіп:

– Сен білмейсің... оны білу қыын! – деді.

Өз ойынша: “Поэт” киргиз сияқты елде жоқ болар, сондықтан ондай ұғым да жоқ болар!” – деп, сөзді қысқа қайырған.

Абай тілмаштан білмек болды. Ол “поэт” деген сөздің қазақша не екенін ойлап көрмеген еken.

– Әнші... Әнші кітабы... – деп, Ақбас сияқты қысқа қайырды.

Абай әнші деген сөзге тоқтай алмай:

– Қалай дейсіз? Әнші дейсіз бе! – деп түсіне алмады.

Тілмаш Абайды керексіз сөзден тоқтатпақ болып:

– Сен білмейсің, ұқпайсың деп айтады мына кісі, – деді.

Абай намыстанып қалып, мықылдай күлді.

– Япрым-ай, бұл кісі болса білімді адам, біз де бір жүрттың сөз ұғарлық басы бар жастарымыз дейміз. Адамға адамды жанастыратын тіл-ау! Сол болмағандықтан бірімізге біріміз оп-оңай ұғындырларлық жайларды қыын асу дай көріп отырғанымызды қараши! Қазірде екі адамзат емес, мақұлық тәріздіміз. Мұжықтың мәстегі мен сахараның түйесі кездескендей ме, қалай? – деді”.

Мұндай әңгіме шындығында болды ма, әлде оны Мұхтар Әуезов бастан-аяқ өзі ойдан шығарды ма, мұны біз ешқашанда біле алмаймыз және онда түрған не бар? Романда, Абай мен Ақбастың арасындағы қарым-қатынастың бүкіл тарихы сияқты, бұл әңгіме де ап-айқын қылып берілген, ендеше өнер туындысынан бұдан артық не талап етуге болады? Ал егер нақты шындық туралы айтатын болсақ, бұл жерде де бәрі дәл келіп тұр: бұл оқиға 1870 жылдың бас кезінде болған, ол кезде Абай мұндай әңгіме жүргізу үшін өбден толысып жетілген болатын. Ал оның мәнісі білім-білік пен мәдениеттің бай қазынасына бой ұруғана емес, жаңа бір рухани өлшемге қарай бұзып-жарып өтуді білдіретін еді; ал ондай өзгеріске жан дүниені қасірет шектірмей өту мүмкін емес. Міне сондықтан да орыс тіліндегі кітапты оқудың ең ауыр қындығы алда түрған – бұл жердегі кедергі тек қана сөз құрамы мен сөйлеу ережесі ғана емес-ті.

Абай әлі жас – жиырма бесте ғана еді, бірақ көргені, бастан кешкені көп: зорлық-зомбылық пен өсек-жалаңы да, опасыз сатқындықты да көрді. Қодардың жазықсыз жазалануы буыны қатпаған баланың күйрек жанын жаралап, алдағы азапты жолдың басы ғана болып еді, тағдырының жазуы сол болар, зорлықтың өктемдігіне қарсы тұруға тұра келді – оның өзге емес, нақ осы отбасында, мындаған жылдар бойы үстем болып келген өмір жосығының нақ осылай өзгерер тұсына тап келуі сол тағдырдың бүйірғы еді. Бірақ одан өзге де жазғаны бар екен – ананың мейірі, Зередей әженің жүрек жылуы, махаббаттың ләzzаты, дарынның қуанышы деген де сыйбағалар бар еді. Дүние оған әр қырынан келгенде, соның тегершігіне түсіп үгіліп, біржола құрып кетпеу үшін, мына дүниенің сырын түсіну үшін және лажы болса оны өзгерту үшін, оған бір бүйірден тұрып қарау керек болар еді, алыстан айқынырақ көру үшін шың басына шығып көтерілу керек болар еді. Абай жүрер алдында әкесімен қоштасқанда, түсінісден үміті болмаса да осыны айтып қалуға тырысқан.

Тағы бір өбден ықтимал жағдай, бәлкім, әкесімен арада мұндай әңгіме болмаған шығар, ол тек суреткердің қиялында ғана болған шығар, бірақ бұл тұста да тек харakterдің шындығына ғана емес, тағы да құжатқа

сүйенгені байқалады. 1890 жылы Абай “Фақлия сөздерін” жаза бастайды. Міне осынау даналық жазбаның “Жиырма бесінші сөзінде” қазіргі қазақтарға да арналған мынадай ақылгөй кенес бар: “ ... Хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Заарынан қашық болуға, пайда-сына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек.

...Олар дүниенің тілін білді... Сен оның тілін білсөн, көкірек көзің ашылады...

Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі... Малды қалай адал еңбек қылғанда табады еken, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың... законсыз қорлығына көнбес едік”

Батыл айттылған, бірақ осы сөздерді айту Абайға оңай болып па? Негайбыл-ау, қалай болғанда да, оның Ресей жөніндегі екіудай көзқарасының уыты жаңағы ақылгөйлік уағызында жуылыш-шайылыш кетіп тұр (Абайдың орыс сөзіне қарай ұмтылышында іштей жәрікшектенген қиналышының бір парасы осы болса керек). Ол бұл тұста орыс рухындағы империяның боданы болуға, тіпті Пушкиннің өлеңдері мен Лев Толстойдың қара сөзіндегі рухының шын боданы болуға бейіл еді. “Осыдан былай қарай менің қасиетті Қағбам орнын өзгерту, шығысым батыс болды да, батысым шығысқа қарай ауысып кетті” дегенде романдағы Абай мен өмірдегі Абай бір-бірімен қабысып кеткен. Сондағы екеуінің де батыс деп тұрғаны – Ресей.

Бірақ саясатта бейнеленген империялық рух поэзиядағы рухтан мұлде басқа нәрсе еді, отаршыл өкіметтің зорлығы мен менмендігін көре келе, Абай ол рухтан жирене де, бостандық пен тәуелсіздікті бағалап үйрене де білді. Өз отандастарын Ресейге қарай бет бүруга шақырған сөзінен кейін іле-шала оның былай дейтіні бар: “Біз өзге жұрт білгенді біліп алсақ, күшіміз де, хұқығымыз да ешкімнен кем болмайды”

Абайдың Ресейге деген ықласын, өзге жайттарды былай қойғанда, психологиялық жағынан аса қыын жағдайға қойған жеке бастың бір ауыртпалығы болды. Абай өзінің жұртқа айтқан ақылын өз тәжірибесімен баянды ете жүріп, тұңғышы Ақылбайдан басқа балаларын орыс мектебіне

беріп оқытты. Ал оқуда ерекше зеректік танытқан Әбдірахман арнайы курсты бітіргеннен кейін, Михайлов артиллерия училищесіне тұсті де, оны да үздік бітіріп шықты, бастықтары оған өте жақсы мінездеме берді: “Мінезі барынша салмақты, инабатты және табанды. Ой өрісі кен, ақыл-парасаты кемел. Қызметіне мейлінше ұқыпты, белгіленген тәртіпке, қойылатын талаптар мен тәлімділікті орындауға әрдайым іждағатты. Жолдастарымен тату, ал кейбіреулерімен тіпті достасып кетті. Ден саулығының кемістігінен екі мәрте демалыс алып, жаттығу жөнінде жолдастарынан кейінірек қалды, бірақ өзінің қызметке адалдығы арқасында кемшін қалғанының орнын толтырып, үлгілі офицер бола алады”.

Осындай құжаттамасы бар Әбдірахман Құнанбаев Ташкент бекінісіндегі артиллерия қызметіне ықласпен қабылданып еді, көп ұзамай, поручик атағымен Верныйға ауыстырылған. Бірақ осы жерде сәтті басталған қызметін науқасы бұзып жіберді. Ауруы тез арада дендер кетті, ешқандай ем қонбады, сөйтіп 1895 жылы, жиырма жеті жасында, Әбдірахман қайтыс болды. Бұл өлім Абай поэзиясында аса бір қасіретті өлеңдер топтамасын туғызды:

Көленке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса;

Күнгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұндасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Бірақ сөз мұнымен бітпейді – сөз сонында шыр көбелек өмір заңын түсініп, соның ақыр-аяғын жаңа бір үрдістің басы деп қабылдаған кеменгер философтың ауыр күрсінісі бар. Қазаның азасы бейне бір өзін өзі жеңгендей, әлдебір шалғайдағы көкжиек күнгірт елес бергендей болады:

Отken өmіr – қu соқпақ,
Кyдырады талайды.
Kіm алдады, kіm тоқпақ
Салды, соны санайды.

Бірақ қалай дегенмен де алдынан көп сөулелі үміт күттірғен Әбіштің ерте жеткен қазасы Абайға ауыр соққы болып тиген – бұдан әрі ондағы өлең арнасы ортайып, жаңадан туындаған өлеңдерінде ауыр қасіреттің, тіпті саңылаусыз торығудың сарыны молая түскен.

Туғызған ата, ана жок,
Туғызарлық бала жок.
Туысқан-туған, құрбылас
Қызығымен және жок.

Әбіштің мезгілсіз өлімі Абай өмірінің өз мерзімін де қысқарта түскен тәрізді, бірақ ең соңғы қүйрете келген соққы Мағаштың ажалы болды – оны алып кеткен де сол өкпе ауруы болатын.

“Денсаулығының кемістігі”, – деп жазады училищенің кенсесі, шындығында бұл өкпе ауруы еді. Петербургтің дымқыл, қапырық ауа райы жағдайында бұл қатерді мұлде асқындырып жіберген.

Петербург – орыс әдебиетінің тұтас бір беті. Беті болғанда қандай-ау және: Пушкиннен, Гогольден, Достоевскийден Блок пен Андрей Белыйға дейінгі! Оның кейбір өлең жолдарын Абай оқыған. Мысалы, “Мыс салт атты” мен “Нева данғылын” Оқыған да, Неваның державалық тегеурінді ағысына, жағалауындағы гранит кемеріне, су үстіне тәнген көпірлеріне, Адмиралтейство мұнарасына Пушкинмен бірге тұрғандай болып қызықтай қараған; және сонымен бірге тұрғандай, Мыс салт аттының тұяғы астындағы дүбірден адамды бірге ысырып кететін империялық қаһардың сүйк лебін де сезінген. Бірақ қандай жағдайда да бұл өлең жолдары – тағы да Достоевскийді еске алайық – осы елес қаланың, өнің түсінде және, керісінше, түсің өңіңе айналып жататын, әсемдігінің шындығы мен жалғандығы қатар жүретін қаланың бейнесі ақын Абайды шабыттандырса да, оның жеке өз басын тіпті де селт еткізе алмаған.

Өмір әдебиетпен әрдайым ымырыласа бермейді, дәлірегін айтсақ, ешуақытта ымыраға келмейді.

Зинаида Гиппиустың Петербург жайындағы өлеңдерін Абай оқыған жоқ және оқи да алмайтын еді, өйткені ол өлеңдер бұл қайтыс болғаннан кейін жазылған. Ал оқыған

күнде де, өсіреке Әбіш қайтыс болғаннан кейінгі қаралы күндерде, оған жай әдеби шығармадай әсер етпес еді:

Астыңзындан, құлғана үстің зұлмат,
Құдай сені қарғаған нәлет қала.
Үміт етіп барғанға тұстің қымбат,
Сыйлайтының болған соң бейнет қана.

Әдебиет мемлекетінің сәулетті қаласы – Петербург Абайға, тіпті, Құдай жаратқан да қала емес, оның қара басының дүшпаны, сүйікті баласын жұтқан жендет қала, тажал қала болып көрінер еді. Ал Петербург дегеніңіз – нағыз Ресейдің өзі ғой, “Ақ патша” осында тұрады, зандар осында шығарылады. Бұл оған өзінің баласын көмелетке келмесе де күші толысқан күйінде беріп еді, толымды еркін өмірге өзір етсін деп берген, ол оны жарымжан қылыш қайтарды.

Әлі он екіде бір гүлі ашылмаған жақынынан айрылып қалып, дағдарған адамның ақыл-есі дәл осындай дағда-рыста болар еді.

Шие болып байланған түйінді шешу оңай емес.

Бірақ ақын адамның, халқының ағартушысы болған адамның сезімі қайғыдан қалжыраған әкениң сезімін женді, сондықтан да Абай халқына: орыстың кітабын оқындар, орыстан үйреніндер! – деп жар салды.

Бірақ біз тым асығыстық жасап, ілгері кетіп қалдық. Бұл сөздер әлі айтылмаған, жаралы сезім әлі жазылмаған, ақыл-ой әлі қалпына келіп болмаған. Бәрі әлі алда болатын, Абай Семейге енді ғана аттанып, біржола оқу жолына түспекші.

Жол тіпті сол кездің өлшемімен алғанда да онша ұзак емес. Шақырыммен, күн санаумен есептегенде. Ал тағдырдың күнтізбесі мен уақыт өлшемі өзінше.

Ол баяғы, бұдан он бес жыл бұрынғы, албырт көңілді шәкірт жүрген жолмен келе жатыр. Бірақ кері бағытта. Оnda мезгіл көктем еді, дүние де бозбаланың өзіндей жапжас, жасыл шөбі жайқалып, айнала жаңа шыққан күндей жарқырап, алдан тек қуанышы мен жақсы үмітін ғана тосып тұрғандай еді. Арада жылдар өтті, сана сабыр тапты, енді міне қыстың көзі қырауда, қар басқан төбелер, жапырағынан айрылған жалаңаш ағаштар. Оны Мұхтардан асырып айта алмайсың:

“Бір шақта қаладағы оқудан келе жатып, ауылды аңсап, асығып шапқан көк жазығы осы еді. Қазірде аппақ сұық қар басқан. Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу. Айықпас ауыр мұнға батқан. Бұл күнде Абай көңіліне панасыз, кемтар көрінетін бар сахарасының, бар халқының күйі де осы реңдес. Бір кезде нанғыш, таза бала жүргегі барлық рахат, бақыт осы қырда, ауылда деп алас үрған болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Енді бірақ сондағыдай үміт, бақыт тілегін қаладан іздең, соны аңсап келеді.

Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Көз алдынан өзі шегіп өткен жылдардың бірталай күйлери шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманынан, бел-белесінен өтіпті. Бір шақта өрге басып, енді міне, қияға қарай өрлеп келе жатқан тәрізді. Осындай өз тірлігінің бұраң жолын көрді”.

Абайдың сапары сәтті болды – жақсы жолсеріктер кездесті. Бәрі де – онды адамдар, таза, адал, ақ ниетті, білікті кісілер, әлбетте, әрқайсысында да жас бастарынан тартқан өмір мен қатал революциялық құрес тақсіретінің поэзия жөніндегі түсініктеріне қалдырған өзіндік іздері бар. Бұлар саяси себептермен жер аударылған орыстар болатын, енді солардың кейбір өкілдерімен танысып көреміз. Атап айтқанда, Евгений Петрович Михаэлис. Ақынның жиен-немерелерінің біреуінің айтуына қарашанда, ол кісі туралы Абай өз ойын анық айтыпты: ол маған туған әкемнен артық жақсылық жасады, менің дүниеге көзімді ашты, депті. Сонымен бірге орыс ғылым-білімінің шынына өрлеген қыын жолында оның тағы бір ұстазы болыпты, дұрысын айтқанда, ұстазы емес, көзіне көрінбеген жолсерігі десе болғандай. Бірақ бір ғажабы және өкінішті де жері сол, олардың өмір жолдары тоғыспапты, кейінгі өмірінде Абай оған бір қайырылып та қарамапты, ол жөнінде артында ешқандай жазбаша із қалдырмапты.

Жолсерігі. Ізашары. Тіпті әрілегенде, әредік болса да орынды жерінде айтылса ешбір оғаштығы болмайтын асқақ сөз қолдансақ – арғы түбі.

Бұл, әрине, Шоқан Үәлиханов, сондықтан осынау жарқын тұлғаға және Абайдың тағдырына сырттай болса да қатынасы бар оның айналасына аздалап тоқтала кету

керек болар. Бұл – көзі көрмесе де, ықпалы тимей қоймайтын кәдімгі қоршаған орта, тұлғаның өзі қалып-тасқан кездегі заман ахуалының адам бейнесіндегі көрінісі.

Ешқандай жаңалығы жоқ, бәрі белгілі жайт.

Шоқан – қыр елінің ақсүйегі, Шыңғыс өулетінің ұрпағы, арғы атасы – Абылай хан, бергі атасы – 1822 жылғы реформаға дейін Орта жүздің соңғы ханы болған Уәли, өз әкесі – полковник және Аман-Қарағай округының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиев, Омбыдағы әскери училищені, одан кейін Сібір шекаралық қазақ-орыс әскери училищесін бітірген адам. Шоқанның бойындағы орыс мінезді ерекшеліктердің барлығын тәрбиемен дарытқан әжесі – өз ортасынан асып туған ақылды және оқыған әйел екен. Орыс тілінен басқа бірнеше шығыс тілдерін менгерген сол әжесі Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментімен және өз өлкесіндегі Сібір комитетімен хат-хабар алысып, өлкедегі барлық істерге белсене араласып тұрған. Белгілі саяхатшы П.П.Семенов – Тян-Шанскийдің естеліктеріне қарағанда, ол кісі заманының ең беделді адамда-рымен таныс-біліс болған. Александр I патшаның өзі тікелей жарлық беріп, сол кісіге арнап, Қазақстанның солтүстік өңіріндегі Құсмұрын бекінісінде іргелі орам-жайы мен тұрғын үй салдыртқан.

1835 жылы нақ сол үйде Шоқан дүниеге келген. Ол даланың ауасын жұтып өсті, халықтың қаһармандық әндерінен нәр алды, оның ғасырлар бойы қалыптасқан тілін санаусына сініріп, аңыз-ертеғілерін құлағына құйып өсті. Солардың біразын дәптеріне жазып алғып жүрді. Болашақ ғалым, аса көрнекті фольклоршы, этнограф және тіл маманы осылай қалыптасты. Бірақ сондағы үлкен бір ерекшелік – сол ұлттық тұрмыс пен ұлттық мұралар оның бойына бір түрлі екіұдайлышқан: өзіне тән төлдікпен және одан гөрі өзгеше қосарлылықпен қабылданып еді, өзінікін болса-болмаса да сол қалпында табиғилықпен түйсінеді, одан басқаша болуы мүмкін-ау деген ой кіріп те шықпайды.

Шоқан туған ауылында өсті, бірақ онысы да байырғы киіз үй емес. Кәдімгі ағаштан қиған іргелі, тұракты үй, ондағылардың сөзі де бөтен, қөбінесе орысша, келетін қонақтары да – өзге ұлт адамдары, ылғи Омбы жағынан

келеді. Ол кезде хан, сұлтан балаларына Шығыстың жеті тілін үйрету міндettі болып саналатын. Ал Құнанбай ақсақалдың үйінде ондай салт жоқ. Абайдың өзі де Шоқандай емес, қазақы киіз үйде еости.

Осылай өсе келе, Шоқан үшін ауыл деген жай бір шартты ұфымға айналып кетті. Он екі жасында ол Сібір кадет корпусына оқуға жіберіледі. Бұл бір кезде өзінің әкесі оқыған Омбы училищесінің негізінде құрылған, жалпы білім беретін мектеп еді. Онда негізгі европалық тілдер түбебейлі оқытылатын да, олардан басқа жалпы ғылымдық тарих, әдебиет, философия негіздері, геодезия, зоология, көркем жазу, сондай-ақ әскери пәндер жүргізілетін. Шоқан көп үзамай корпустағы ең үздік оқушылардың қатарына шығады; өзінің жақын жолдастының естелігіне қарағанда, өзінен екі-үш класс жоғары оқытын балалардың да алдына шығып кетеді. Оның мектептен бұрын үйде жүргендеге өз бетімен машиқтанып, жаттығып қалған сызу, сурет салу өнері мектепте одан сайын жетіліп, кейін этнографиялық экспедицияларға шыққанда көп пайдасы тиеді. Осы орайда айтар болсак, оның өзінен кейінгі бір інісі – Мақыжан Петербургте арнайы мектепте оқып, маман суретші болады да, одан кейінгі бауыры – Сақып-Керей әнші-композитор болып қалыптасады.

1853 жылы Шоқан корпусты бітіргеннен кейін корнет деген әскери атақ алып, Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс аймақтарын басқарушы генерал-губернатордың адъютанты болып тағайындалады. Екі жылдан кейін бастығына еріп, Орталық Қазақстан, Жетісу және Іле Алатауы аймақтарын аралап сапарға шығады. Бұл Верный қаласының іргесі қаланып жатқан кез болатын. Омбыға қарай қайтар жолда ол әлдебір себеппен генерал қосшыларынан бөлініп, Жоңғар қақпасы арқылы өтеді. Үәлиханов жолшыбай күнделік жазады да, оның біраз беттеріне өзінің бастығын келемеж қылатын күлдіргі суреттер салады. “Жалпы роман туралы, ж. м.-ның (жоғары мәртебелінің) жазған романдары туралы трактация” деп ат қойған бұл жазбаларында ол өзінің әдебиетке бейімділігін танытатын біраз сөздерден кейін, сол заманың таңдаулы жазушылары аталып жүрген Гоголь мен Жорж Санд атына өткір сын айтады (сонғысын сойып

салатын сөлекет қатын деп атайды). Бұл келемеж сурет, басқасын былай қойғанда, Шоқанның орыс тіліне қаншалықты жақын екенін танытатын еді. Ол сірағысында барлық шығармаларын орысша жазған, бірақ әлгіндей күлдіргі сөздерді жазу үшін тілге ерекше білгірлік керек қой. Ал Шоқанның күнделіктегі тек осындай тапқыр сөздермен ғана қызықты көрінбейді – олардан сондай-ақ ғалымның көреген көзі мен алғыр түйсігі байқалып тұратын.

Дұрысын айтқанда, Шоқан Уәлихановтың ғалым ретінде тағдыры көп айға созылған осы сапардан басталған, бірақ, соншалықты жарқ етіп басталған бұл ғұмыры, өкінішке қарай, тым қысқа болған. 1856 жылы әлі де әскери қызметте жүрген ол Ыстықкөлге қарай экспедицияға аттанып, “жабайы тау қырғыздарының” ескілікті ескерткіштері мен азыздарын зерттеумен шұғылданады; сол замандарда қазақтарды қырғыздардан айыру үшін осылай деп атаған.

Арада бір жыл өткенде сол өлкеге тағы да сапар шегіп, нәтижесінде қырғыз халқының эпосы – “Манасты” ғылыми сипатта қағазға түсіреді де, жарым-жартылай орыс тіліне аударады. Оның айтуында, бұл эпос қыр елінің “Илиадасы” тәрізді шығарма болып көрінеді. Осы жаңалығымен ол ғылыми ортада танылып, Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі деген атаққа ие болады. Мұндай құрметке дәл осындай жас шағында әлі ешкім де лайық деп есептелмеген еді. Шоқан сонда жиырма екіге де толмаған.

Ал енді бір жылдан кейін Шоқанның өмірінде ең ғажайып, шын мәнісінде таңғажайып оқиға болды – ол Қашғарияға сапар шекті. Тегінде, бұл сапардың, басқасын айтпағанның өзінде, әскери-саяси да манызы бар еді – өйткені бұл сапарды ұйымдастыруға министр Горчаков арқылы Сыртқы істер министрлігі және баяғы сол генерал Гасфорп арқылы әскери өкімет орындары да қатынасқан. Бірақ Шоқанды және оның қамқоршысы Петр Семенов-Тян-Шанскийді тек қана ғылымның қызықтырғаны занды еді. Шынында да, бұл сапардың нәтижесінде Шығыс Түркістан халықтарының тарихы, географиясы және әлеуметтік құрылымы күрделі түрде зерттелді. Бірақ солай бола тұра, қалын жүртшылықты экспедицияның детективтік жағы көбірек қызықтырған-ды.

Марко Поло заманынан бері Қашғарда байғұс Адольф Шлагинтвейттен басқа бірде-бір европалық болған емес: қожа Уәлихан төрениң бүйрығы бойынша немістің осынау ірі географының басы кесілген болатын, – ертеде қалыптасқан тәртіп бойынша, Қашғария шетелдіктер үшін жабық болушы еді (рас, Шлагинтвейт Қашғарға ғылыми емес, шпиондық мақсатпен барды деген де сөз болатын). Осы қайғылы жағдай туралы қалаға да, дүние жүзіне де алғаш рет өзінің “Клодиус Бамбарнак” романында Жюль Верн хабарлаған, “Азия құрлышын зерттеген осы ержүрек адамға ескерткіш ретінде Париж бен Санкт-Петербург географиялық қоғамдарынан жіберілген екі қола тақта сонда қағулы тұр”, – деп хабарлаған да осы жазушы еді.

Қалай болғанда да, осы жорыққа аттанғанда, Шоқан басын ұлken қатерге байлаған, оның үстіне сол кезде бүкіл Шығыс Түркістанда жергілікті тайпалар арасында қатты толқу болып жатқан. Шоқан саяхатқа астыртын барды – шашын тақырлап алғызып, үстіне қарапайым көшпелінің киімін (тебетей, бешпент) киіп, ертерек уақытта Ресейге кетіп қалған саудагердің туысы Әлімбай деген атпен барып еді. Сол өтірігі сәтті болды – ондағылар Шоқанды жақын туысы деп қабыл алды, соның келу құрметіне той жасап, жергілікті әдет бойынша уақытша үйлендіріп те қойды. Ол Қашғарда жарты жыл тұрып, ғылыми және, шындығында да, саяси мәліметтер жинастырды, содан бір кезде қалада орыс жансызы жүр екен деген хабар тарап кетіп, бұл ертерек кетуге мәжбүр болды.

Қысқасы, бәрі де сәтті аяқталды, Верный, Семей (осы жерде Достоевскиймен танысқан) және Омбы арқылы Уәлиханов өзінің көптен бері асыға арман етіп жүрген қаласы Санкт-Петербургке бет алды. Онда барғаннан кейін, аса жоғары мәртебелінің тапсыруымен әскери қызметтөн босатылды да, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне қызметке ауыстырылды. Ол кезде астананың өкімет орындарында, ғылыми жиналыстарда, салондарда қазақтар болмайтын – белгілі шығыстанушы ғалым П.И. Небольсиннің айтуы бойынша, ондағы қазақтарды бір қолдың саусағымен санап алуға болатын. Демек, Уәлиханов қалай болғанда да көзге ілінбей қалмайтын еді, ал оның үстіне тамаша таланты, тапқыр шешендігі, ашық-жарқын мінезі және ақырында ақсүйекке

біткен бет-бейнесі арқасында Санкт-Петербургтегі академиялық және суреткерлік зиялды қауым оны қайдағы бір жабайы емес, қайта қалаулы адам ретінде қабыл алды. П.П.Семенов-Тян-Шанский, Е.П. Ковалевский, К.К. Гуковский тәрізді ғылымның бетке шығарлары оның тұрақты сұхбаттастарына айналды, ол ағайынды Достоевскийлер, Аполлон Майков, Яков Полонский, Николай Страхов, Беранженің аудармашысы және “Искраның” баспағері Василий Курочкин және әсіресе оның туысы, өзі де сатирик-ақын Николай Курочкин сынды әдебиетшілермен жиі кездесіп тұрды. Бірде Шоқан Чернышевскиймен кездесіп, сөйлесіп қалыпты деген де сөз бар; бірақ одан ешқандай із қалмаған, ал академик Марғұлан мұндай сөзді құптамайды. Бірақ та Шоқан Некрасовтың “Современник” журналы төнірегіндегі ортаға анық жақын болған.

Әртүрлі дәрежедегі және көбінесе бір-біріне қарама-қарсы көзқарастың адамдары – мемлекет қызметкерлері, революционерлер, эстеттер, славяншілдер, батысшылдар. Ал мінезі қоңтерілі және төзімшіл Шоқан солардың барлығымен ортақ тіл таба білді, олар да мұны жақсы көріп кетті. Достоевский Семейде алғаш рет кездесуден кейінгі Шоқанның бір хатына жауап ретінде ашықтан-ашық былай деп жазады: “Мәймәңкесіз тұрасын айтайын, мен сізді жанымдай жақсы көріп қалдым. Мен ешуақытта, ешкімге, тіпті туған бауырыма да, дәл сізге дегендей ықыласта болып көрген емес едім, осының қалай болғанын бір Құдайдың өзі білсін”. Шоқан Петербургте Аполлон Майковпен танысады. Ол кезде ақын жастықтың революциямен әуестену шағында Белинскиймен, ал одан кейін петрашевшілдер үйірмесімен тығыз байланысқан (сонда ол Достоевскиймен танысқан) және Европамен әуестеніп, төрт жыл бойы соны аралаған; ал қазір саябыр консерватор, тіпті одан да әрілеп айтқанда, мемлекет қызметкери – шет елдер әдебиеті жөніндегі Петербург комитетінің, дүрысын айтқанда, цензуралық мекеменің төрағасы. Бірақ сол көзқарас та, он бес жыл жас айырмашылығы да кедергі бола алған жоқ, жаңағы таныстық тығыз достыққа үласты, тіпті ақындық із де қалдырыды: ақынды “Альпі мұстауларына” және әсіресе Майковтың

“Емшан” атты әйгілі балладасына шабыт-тандырған Шоқанмен арадағы достық болатын:

Қаудан шөптен қуарып өң кеткенде,
Нәрі мен дәмі кетпес даласының.
Ел бейнесі жүрегін тербеткенде,
Жаны шалқыр табиғат баласының.

Майков ешуақытта Қыр елінде болған жок – ол жайындағы әңгімені оған Шоқан айтқан және өбден жеткізіп айтқан болар, әлгі өлеңдегі ақындық тебіреністің тікелей әсері көрініп-ақ тұр.

Бір сөзбен айтқанда, бәрі де ойлағандай болды. “Қазақтың Ұлы жүзі туралы”, “Қазақтың халықтық поэзиясының түрлері”, “Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы жөніндегі жазбалар” және басқа шығармалары бірінен соң бірі жарыққа шығып жатты. Шоқан шығыс зерттеуші көрнекті ғалымдар ортасына тез араласып, аты Батыс Европада да ауызға алына бастайды, өзі сол жаққа барып та қайтқан деседі. Бірақ ол туралы анық құжаттық мәліметтер өзірге жок.

Кенеттен осының бәрі үзіліп кетті. Сол бір дымқыл және сол бір тұманды ауа райы жағдайында ол ауруға шалдықты, осынау науқас бірнеше жылдан кейін Абайдың ортанышы ұлына да жабысқан. 1861 жылдың көктемінде Шоқан Санкт-Петербургтен кетіп, сонау бір жылдары Омбының кадет корпусына түскеннен кейін, тұңғыш рет туған аулына оралады. Әлі де жұмыс істеуге талпынады, халық азыздарын жазып алады, тіпті көптен бері айналыспай кеткен ісін еске алып, экспедицияға да шығады. Сөйтіп, ол Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу ісін аяқтау тапсырылған генерал Черняевтің отрядына тап болады. Ие, бұл ғылыми сипатты жұмыс емес еді, бірақ Шоқан өзім ішінде болсам, мұндай қажетсіз және өте қолайсыз қактығыстарды болғызбаспын деген ойда болған. Өйткені ол ғалым ғана емес, сонымен бірге қоғамшыл, адамгершіл, бітімшіл адам еді ғой. Бірақ одан ештеңе шықпады – генерал Ресейдің осынау кішкентай Наполеоны, Щедрин-нің “Қазіргі заманның жалған үміттері” романындағы Полкан Самсонович Редедидің прототипі болған адам мейлінше шұғыл шараптарға барды да, Шоқан тез арада отрядтан кетіп қалып, Верныйға барды. Әскери қызметті

баяғыда тастаған адам мұндай еркіндікке хақылы еді. Оның үстіне денсаулығы да күрт төмендей бастаған. Верныйдан шығып, Шоқан албан тайпасының аға сұлтаны Тезек төренің үйіне барады да, Айсара деген қарындасына үйленеді. Бұл 1864 жылдың маусым айында болған оқиға. Ал содан кейін бір жылға жетпей, алпыс бесінші жылдың сәуірінде ол дүниеден өтті.

Шоқан сонда отызға да жетпеген.

Абай жиырмада еді.

Әбдірахман әлі туған жоқ.

... “Қазақ хандарының әулеті және сонымен бірге орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыс зерттеу әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жалт етіп жарқырап өтті. Орыс ориенталистері оны өте сирек құбылыш деп танып, одан түркі халықтарының тағдыры туралы ұлы да аса маңызды жаңалықтар күтіп еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз ажалы біздің бұл үмітімізді үзіп жіберді”

Бұл сөздер аса көрнекті археолог Н.И.Веселовскийдің очеркінен алғыншып отыр, ал ол кісі не айтуды білетін. 1885 жылы қызметін жаңа ғана бастаған жас ғалым, Шоқанның ізімен деп айтартықтай жағдайда, Түркістанға сапар шегеді де, ескі қалалардың тамтығын тауып алады. Ал енді Веселовскийге бүкіл дүниежүзілік даңқ әкелген нәрсе – ғылымда “тас қатындар” деген атпен белгілі болған ескілікті статуялардың түрік текстес тайпаларға жатады деген жорамалды ашқандығы еді.

Қалай дегенмен де, Шоқан тек шығыстану ғылымына ғана тиесілі емес, бірақ солай бола тұра, оның кейір жұмыстары қазір, бір жарым ғасыр уақыт өткеннен кейін де, өзінің тарихи да зәрулік маңызын жойған жоқ деседі. Осынау тұлға ең құрметті деген корпоративтік қоғамдастықтардың шекарасынан да шығып кетеді. Шоқанды Омбының кадет корпусында бірге оқыған досы және кейін өзі Орталық Азия халықтарының түрмисы мен мәдениетін зерттеген ірі географ ғалым атағына ие болған Григорий Потанин де аспан әлемін жарып өткен құйрықты жұлдызға теңестірген. Ал бұдан кейінгі айтылатын ой-пікірлер Шоқан туралы естелік қалдырған талай адамдарға ортақ болып келеді, шындығында солардың бәрі де бір-біріне үқсамайтын бөгде жандар еді.

“Уәлихановты бағалайтын адамдар аясы онша көп емес, – деп жазады Потанин, – бірақ басқа бір жайттерде бұл одан әлдеқайды кеңірек болар еді... Ол тым европашыл еді, көптеген орыстардан да гөрі европашыл еді, сол себептен де өзінің бойындағы европалық рухани мәдениеттің белгілерін жұлып тастап, көшпелі елдің адамына ешуақытта айнала алмайтын еді... Егерде Уәлихановтың көз алдында қазақтың оқымысты жүртшылығы болса, бәлкім, сол арқылы қазақ халқы өзінің ана тілінде жазатын Лермонтов пен Гейне рухындағы жазушысына ие болатын еді”

Уәлихановтың басқа бір жақын танысы – тарихшы және Сібірдің Герцені атанған тамаша публицист – Николай Ядринцев те осы тақырыпта ой толғайды. Бірақ оған басқа бір жағынан келіп, әлде қостау, әлде теріске шығару ретінде: Шоқан Уәлиханов және Батыс деген тұжырым ұсынады. Ядринцев Шоқан өмірінің соңғы жылдарын және жүрттың бәрін таңғалдырған үйлену жайын еске алады: “Дарынды және білімді бұратана адамның киіз үйге осылай қайта оралуында әлдебір қасіретті сипат бар. Сергек және байқағыш мінезді Шоқан Уәлиханов үшін өркениет пен мәдени жарқылдақ өмірдің өзіндік тым әсерлі және кінәмшіл сипаты болды. Аса бір ашынған сәттерде ол, Пушкиннің Алекосы сияқты, әдет-ғұрпы қарапайым және таза көшпелілер лашығына барып паналайды. Өзі көп көрген астана мен жарқылдақ қауымдағы неше түрлі алдау-арбау өрекеттерінен кейін бейне бір балалық қарапайым сезімді аңсағандай, өзі сол қоғамның бойкуйез бозбаласы бола тұра, ол қазақтың қызына барып үйленеді. Қазақтың киіз үйінде тал бесіктен шықкан дарынды қазақ өлерінің алдында өзінің туған отбасына қайтып оралады, оны даланың сол баяғы салтанатты тыныштығы қайтадан аясына алады. Өркениеттің сузынынан қанып ішкен, сонда білім алып, ақыр-сонында сол өркениеттен үріккендей, өзінің туған ортасына, туған-туыстарына қайтып оралған бұратананың бұл тұңғыш тағдыры еді”

Тым көп сөз айтылған, көзқарастың естиярлығына нұқсан келтіретін тым көп романтика бар бұл сөздерде, бірақ ой-пікірдің өзі өзге мемуар жазушылардың барлығына ортақ бір бағытта өрбітілген. Римде болса ол

Брут болар еді... Көзі тірі кезінде Россия мен бүкіл дүние жүзі білмей өткен тағы бір қазақ бар. Ол – Абай. Баршаға мәлім, Пушкин өлеңдері арналған Чаадаевтың нақ өзіндей.

Академик, орыс әдебиеті мен қоғамдық ой-пікірінің тарихшысы А.Н.Пыпин, Ядринцевтен өзгеше, Шоқанның ой-санасы мен өмірін екіге бөлөтіндегі ешқандай қасірет сезінбейді, ал бірақ жалпы алғанда осы сарындағы ой айтады: “Азиялық пен европалықтың өзгеше бір қосындысы... қазақтың өмірін жақсы көрген, бірақ сонымен бірге батыс өркениетін де жоғары бағалай білген... ой-пікірінің ыждағаты мен бағыты бойынша орыстың батысшылы”

Осы айтылған үкім дұрыс па, ал ең бастысы – Абайдың рухани өмірбаянындағы ресейлік белгілермен бұл қалай үйлеседі? Ал жалпы алғанда, кең байтақ даланы дүние жүзінің шексіздігіне ұластырып жіберген осы екі адамды байланыстыратын және айыратын не нәрсе?

Ең алдымен сол мемуар жазушылардың өздері туралы азғана сөз, өйткені олардың кейбіреулери Шоқанмен тек Санкт-Петербургте ғана кездеспеген және Жидебай мен Семейден онша қашық та түрмәған, сөйтіп Абайдан, тікелей өзінің айтуынша, (мейлі мұлде басқа адамдардың қамқорлығы арқасында болса да) жаңа бір адам жасап шығарған рухани және ақыл-ой әуенін туғызуға тікелей қатынасқан.

Қысқасын айтқанда, бұлардың бәрі де азды-көпті радикалдық бағыттағы халықшылдар болатын. Пыпиннің Шоқанның батысшылдығы туралы соншалықты іш тартып жазатыны, ол “алпысыншы жылдар қозғалысымен әуестенді” деп қанағат сезімімен айтатыны тегін емес. Пыпиннің өзі де әдебиеттің кітаби-профессоры ғана емес, Некрасовтың “Современникімен” және “Вестник Европы” журналымен ынталы қызметтес, алпысыншы жылдар рухындағы публицист болған. Оның үстіне ол Чернышевскийдің немере туысы еді – ал мұндай туыстықтың белгілі бір ен-таңбасы, кейбір моральдық міндеттері болады. Дегенмен де, Пыпин алпысыншы жылдықтар ішіндегі саябыр, тіпті керек десеңіз, европалық үлгідегі либерал деп айтарлықтай адам болған.

Потанин мен Ядринцевтің жағдайы басқаша, бұлар алдымен (әсіресе жас кездерінде) революционерлер, ал содан кейін ғылыми атағы бар адамдар еді. Айталақ, екеуі

де ертеректе ғылым жұмысына едәуір қабілеті бар, соған мүдделі жандар болды, П.П.Семеновтың (әлі Тян-Шанский емес) Омбыдағы Потанинмен танысқанынан кейін, соның тезірек әскери қызметті тастанап, Санкт-Петербургке аттануын қатты талап еткен – “әйтпесе провинцияның тұңғиығы сізді батырып жібереді де, өзініздің міндепті істерінізді істей алмай, құрып кетесіз” деген. Шынында да таяу уақыттың ішінде Потанин денсаулығым бұзылды деген сылтаумен әскерден босатылып астанаға кетті де, университеттегі физика-математика факультетінің жаратылыстану бөліміне оқуға түсті. Бірақ оның тіршілік еткен ортасы көбінесе студенттердің дәрісханасы да, кітапхана да, мұражай да болмайды. Сондай-ақ, Потанин өрдайым Семеновтың алдында бас иіп жүрсе де, сірә, астанаға соның айтқанымен емес, басқа бір кісінің айтуымен кетсе керек. Бұл артиллерияның бұрынғы поручигі, болашақтағы орыс анархизмінің теоретигі және көсемі, ал өзірше Сібірге жер аударылып келіп, мерзімін Томскіде өтеп жүрген Михаил Бакунин болатын, ол қызмет бабымен келген жас офицер Григорий Потанинмен сонда танысады. Эрине, ол кезде бұл кісінің: 1848-1849 жылдары Дрезден қорғанысында командир бола жүріп, Европадағы революцияларға қатынасуы; өлім жазасына кесіліп, өмір бойғы түрме жазасына ауыстырылуы; Саксония түрмесінен Австрия абақтысына ауыстырылуы, сол жерде жарты жыл қабырғаға шегенделуі; Ресейге ауыстырылуы, Шлиссельбург және ақыр-аяғында Шығыс Сібірге жер аударылуы (ал алдағы уақытта одан қашып кетуі, мұхит арқылы сапар шегуі, Сан-Франциско, Лондон...) сияқты қаһармандық өмірбаянын әлі біле қоймаған болса керек. Жас Потанин кейде Бакунин жүріп өткен жолды өзінің де қайталайтынын немесе қайталауға тұра келетінін әлі біле қоймаған. Ол да әскери (артиллериялық) корпусты бітірген, ол да әскери қызметтен зорға деп босанған, ол да ғылыми мен шұғылданған, рас, Петербургте емес, Мәскеуде тұрып, неміс философиясының тамаша білгірі атанған. Сондай-ақ, бұл да Григорий Потанин сияқты бірден қызу практикалық іспен айналысып кеткен.

Бакунин баяғы қалпы, – деп еске алады Герцен он бес жылдан кейін Лондонда кездескен кезінде, – бет-әлпеті қартаң тартқанымен, көнілі жас, мінезі Мәскеудегідей

жайдары... Барлық жағдайды байыппен барлап, pro et contra-ны таразыға тартып, ілгері қарай жұлқынуда, іске келгенде сенгіш те ақкөңіл, әйтеуір бүркыраған революция дауылдының ортасында жүрсе болғаны”

Ие, Потанин әлгі жайттардың бірін білген жоқ, ешқандай құдігі де болған жоқ, өзі іштей дайындалып жүрген таяу болашақтағы диссидентік жанына жақындығын анық сезді де, оны бірден жақсы көріп кетті. Бұл да революциялық баррикадалардың жігері қайтпаған ардагеріне өз басы ұнап қалған-ды; қалай болғанда да, кейінректе ол туралы Герценге былай деп жазады: “Бұл кереметтей ақылды, адал ниетті және жігерлі жігіт, – қажуды білмейтін, атаққұмарлығы, артық сөзі жоқ. Өліп кетсе орны толмас еді”

Құдайға шүкір, бұл өлген жоқ, бас жағында буырқанған үзак өмір сүрді, ақырында қадірменді саяхатшы ғалым болып, жаңа екімет тұсында қайтыс болды; бөлкім, сол өкіметті алыстан арман еткен болар, бірақ оның жүзеге асқан түрін қабылдамай кетті.

Бұған дейін әлі табандатқан алпыс жыл бар еді, ал қазір Потанин өлген-тірілгеніне қарамай күреске кірісп қеткен – Чернышевскиймен танысады, студенттердің қарсылық әрекеттеріне, манифестацияларына қатынасады, барынша батыл мазмұнды ұрандар жазып, соларға қол қояды.

1861 жылы Потанин алғаш рет тұтқынға алынып, Петропавел қамалына қамалады, бірақ онда көп ұсталмайды да, бірнеше айдан кейін өзінің туған өлкесіне қайтады, ондағы ойы ғылыммен айналыспақ болатын. Қалай болғанда да, біраз жыл Батыс Сібірді аралап, сол өлкенің өсімдіктері мен жануарлар әлемін зерттейді, халық өндөрі мен мақал-мәтелдерін жинастырады.

Бірақ, кейін анықталғанындей, бұл оның болашақтағы ізденистері үшін өте пайдалы үзіліс қана болады, бойындағы жауынгерлік рух әлі сұынбаған еді. Томскіде өзінің ескі жолдасы Ядринцевпен кездеседі де, ағарту жұмысымен қызу айналысады, газет шығарады, жергілікті қоғамға, оның қатып қалған қимылына қозғау салып. қалғыған азаматтық сананы оятуға барынша әрекет жасайды. Ол қызметі жиі-жій заң шегінен шығып кетіп те жатады, әлде бір ретте астыртын әрекет жүргізген бір қоғамның жұмысымен байланысты болып шығады; ал ол

қоғам Томскі губерниясын Ресейден бөліп алып, жеке өлкеде социализм орнатпақшы болыпты-мыс. Бұл өзі бір жұмбақты оқиға екен, бірақ нәтижесі Потанин үшін барынша нақты және өте қатал болады. Қудалау-тінту, қапасқа қамау, сottaу нәтижесінде алты жыл каторгаға үкім шығарылады. Ал оның алдында азаматтық өлім жазасы қолданылмақ: дәл соның алдында ғана оның сүйікті көсемі Чернышевский нақ осындағы жазаға тартылған болатын.

“Потанинге үкім эшафотта жария етілді,” деп жазады естелігінде Н.М. Ядринцев: “екі аяғына бұғау салып, Свеаборгке алып барды. Есімде қалғаны: ол еденде отыр, маңдайы бұршақтап терлеген, аяғындағы темір бұғау салдыр-гүлдір... Мен аяғын бұғау қажамасын деп, астынан орайтын жұмсақ бір нәрсе іздеп кеттім. Қамаудағы басқа тұтқындар оған жан ашырлық білдірді, әкелген оранышты қоршаудың үстінен лақтырыдық. Өзіме әрі дос, әрі ұстаз санап жүрген адамымның өні құп-қу, екі көзі бұлдырап қарайды, бір кезде үш атты қатар жеккен жандармдар шанды бұрқ еткізіп ала жөнелді”

Қазірдін өзінде айқын болғанындағы, Ядринцевтің жолы Потаниннің өмір соқпақтарымен тығыз байланысып, кейде тіпті ажырамастай тұтасып кетіп отырған, сондықтан өзі қара жаяу емес, археология жөнінен европалық үлгідегі еңбектерімен белгілі болған және сонымен-ақ өзі жөнінде байыпты әңгіме етуге тұрарлық бұл кісі туралы қазір бірнеше ауыз сөзben ғана шектелуге тұра келеді¹

Николай Ядринцев Шоқан мен Потаниннен жеті жас кіші, бастауыш білімі Сібірдің өлшемімен алғанда жаман емес, 1861 жылы шешесімен бірге Санкт-Петербургке кетеді де, онда барған соң ерікті тыңдаушы ретінде университетке түсіп, тез арада қарсы пиғылды студенттер қатарына және Потанин үйымдастырған “Сібір жерлестігі” дейтін үйымға кіреді, ал бұл үйымда империяның шет аймақтарын әлеуметтік жағынан қайта өзгерту жоспарлары жедел түрде ойластырылып жүретін. Одан кейінгі оқиғалар сол үйымдағы мүшелер мен солардың романтикалық сенімдерін ұстанған адамдардікіндей болып шыға

¹ Ондай әңгімелер бар, тіпті аз да емес. Солардың қатарында алматылық публицист Павел Косенконың “Тағдырлар тоғысы” (1985) деген кітабын атайды. Оның беттерінде Достоевский, Шоқан Уәлиханов, Потанин, Ядринцев, Майков, Михаэлис және Абай аттары аталады.

келді. Петербургте ол рас, тұтқындалған жоқ, бірақ жер аудару жөніндегі үкімдер “Жерлестіктің” түбіне жетті. Ядринцев Сібірге қайтып келеді. Онда, өзімізге белгілі, Потанинмен бірге қоян-қолтық жұмыс істесіп, каторгалық өмірді бірге бөліседі. Ал егер дұрысын айтатын болсақ, бұл Ақ теңіздің жағасына жер аударылады. “Одан құтылуудың бірақ жолы бар: ол – кері қарай Сібірге жер аударылу”, – деп жазады ол. Айтқандай-ақ, жаппай кешірім бойынша, Ядринцев Санкт-Петербургке қарай бет алады да, одан Сібірге қайтып келеді. Өмірінің ақырына дейін Сібірдің патриоты болып, Минусин өлкесіне, Алтайға, Монголия жеріне бірнеше рет саяхатқа барады, атақты Орхон экспедициясына қатынасып, руника жазбаларының ескерткішін табушылардың ішінде болады, кітаптар жазады, солардың ішінде, мысалы, “Отар ретіндегі Сібір” деп аталатын кітaby, сыншылардың айтуына қарағанда, Сібір өмірінің тұтас бір энциклопедиясы деп бағаланады, олардың сыртында жаңадан газет-журнал көсіпорындарын ашады... Қысқасы, қажымай-талмай еңбек етеді, бірақ ақырында, алпысыншы жылғылардың талқандалуымен бірге оның да рухы мужіледі. Содан кейін бірте-бірте жан дүниесі құлдырай береді де, 1894 жылдың орта кезінде шамадан тыс у ішіп қайтыс болады. Жас кезіндегі Горький оны “тұтас тұлғалы, айқын ойлы, болашаққа кәміл сенген адам еді” деп бағалаған. Ол болашаққа Николай Михайлович жеткен жоқ, бәлкім, Ресейді қайта құру жөніндегі большевиктік жоспар, Потанин сияқты, оны да онша шабыттандыра қоймаған болар еді.

Бұл адамдар – ғалымдар, гуманитарлар, ағартушылар, кейбіреулерінің тіпті көркем шығармашылыққа да икемі бар, алайда қайталап айту теріс болмас: ең алдымен қоғамшылдар – өсірсе өздерінің асыра сілтегіш жастық шақтарында осындай адамдар болатын. Потаниннің өзімен бастан-аяқ пікірлес танысы оған Сібірде әдеби-көркем журнал ашу жөніндегі өзінің жоспарын айтқан екен, ана кісі оған қатты наразылық білдіріпті:

“Өзініздің хабарландыруыңызды өте әлсіз жазыпсыз. Отандастарға журналдың жергілікті ерекшелігі бар саяси сипаты болады деген емеурін білдірудің орнына сіз қайдағы бір сібірлік беллетристика жайында айтып кетіпсіз, ешқандай кедергі болмаса, сол көркейер еді

депсіз... Сізді сондай бір болмашы мақсатты қуып жүр деп сезіктенген емес едім. Қазір ұранның заманы туды, ал сіз қайдағы жоқ романдарды, хикаяттарды, көркем сөз бен көшірмелерді көксейсіз. Әдебиет деген, меніңше, әрдайым памфлетистика болады, роман да памфlet, бірақ біздің заманымызға сай тым қарапайым болуға тиіс. Қазір бізге Джейфферсондар, Франкліндер керек, ал сіз сібірлік Тургеневті, Гончаровты арман етесіз”.

(Алайда, заман ылғи қайталап тұрады! Арада ғасырдың төрттен үші өтпей жатып, Европаны фашизм сынды аждаһаның аузынан шыққан жалын оты өртей бастады, Испанияда азамат соғысы бүрк ете түсті, сол кездегі ең танымал “... және компания” атты романның авторы Жан Ришар Блок былай дер еді: “Қазір – жазушылардың емес, өскери тілшілердің заманы. Тарихшылардың емес, жауынгерлердің заманы. Ойдың емес, қимылдың заманы” Өзге түгіл, стильге құмартқан прозашы, ең алдымен нағыз суреткер Хемингуэйдің өзі “түсініксіз болып қалған ұстаздарды келеке қылып”, жазушыларды майдан даласына шақырады.)

Шоқанның өз жолдастарынан және, жалпы алғанда, пікірлестерінен айырмашылығы аз емес-ті. Ие, алпысыншы жылғылардың идеялары оған жақын еді, бұл жөніндегі Пыпиннің айтқаны дұрыс, ағартушылық, ар-намыс және әлеуметтік әділет негізінде дүние жүзін, Ресейді, туған даласын қайта құру туралы романтикалық түрғыдан ол да арман етті, бірақ мәртебелі революциялық мақсат үшін өзінің қабілеті мен толымды өмірін ешуақытта құрбан етпеген болар еді. Дұрысында, оған ешқандай құрбандық қажет те болмайтын; рухтың еркіндігін империялық биліктің күшімен езіп-жаншуға қарсы құресте, ұрандарға қарағанда, ойшыл мен суреткердің дербес сөзі әлде қайда өтімді болады деп есептеді ол, ал бомба жөнінде тіпті сөз де жоқ еді. Жасыратын несі бар, фанатизм мен сектанттық маңайындағылардың көбінде болғанда, Шоқанда атымен болмайтын. Ондай нәрселерге оның белгілі бір дәрежеде сактық білдіретіндігі, сірө, тегін болмаса керек: салонның бос сөзіне уақыт алдырып не керек? – дегенді жиі айтатын (бұл тақырыпта жас кезінде де, кейін, әсіресе ол қайтыс болған соң да, бөтен сөз болған жоқ).

Ие, солай, өзі жұмысқа кереметтей қабілетті бола тұрып, Шоқан жоғары қауым алдына жарқырап шығуды шынында да тәуір көретін. Бұл ол үшін табиғи нәрсе еді. Жарқылдақ қауым, шампан шарабы, ат бәйгесі – осынау европалық өмір салтына ол сонау балалық шақтан бозбалалыққа, жігіттікке көшер кезінің өзінде бой ұра бастаған. Бірге оқыған жолдастарының айтуы бойынша, ол Лермонтовтан гөрі Гейнені қөбірек, Пушкиннен де Байронды құмарлана оқитын болған. Карлейльден сірә бас алмайтын. Шоқан Шотландияның Крейгенпатток атты селенінің сол бір тұрғынының шығармаларына кейін өз жұмыстарында жиежі сілтеме жасайтын болған, ал ол кісінің тұрған жеріне (бұған дейін Веймарға, кейінректе Ясная Полянаға келгендей) Европа мен Американың ақыл-ой жағынан ең тандаулы адамдары ағылып келіп жататын. Тегінде, Шоқан ағылшындарға қатты әуес болған, Диккенсті қолдан түсірмей оқыған, ал “Бақталастық жәрменкесін”, шамасы, орысшаға аударылуын күтпей, тіпті тұпнұсқадан оқып шыққан төрізді. Қысқасы, ол орыстан гөрі европалыққа қөбірек ұқсайтын еді деген сөз тегін айтылмаған болуы керек.

Оны батысшыл орыс деп атаушылар да болған. Ол да теріс емес, Шоқан Герценмен, әлбетте, таныстыққа бармаған, бірақ көзқарас жағынан келгенде, ол бұған Достоевскийден гөрі жақынырақ болған, ал Достоевскийді білген үстіне жақсы да көрген, оның алдында бас иген, тіпті оның ең басты кітаптарын көре алмай кетсе де, сол қалпынан айнымаған (ең болмаса “Құтырғандарды” оқып шықса, жүрегі қандай елжірер еді, өйтпегендеге ше, Щигалев пен Петруша Верховенскийдің бейнелерінен ол Петербургтегі сібірлік жерлестер арасынан сәл ғана болса да ұқсастығы бар адамдарды жазбай таныған болар еді). Сондықтан да, астанада жүргенде онымен шындалп дос болып кеткен (қалай болғанда да оған хат жазғанда “сен” деп айтатын), ол оның тұлғасының зор аумақтылығын сезгендіктен, пікірлеріндегі кейбір дәйексіздіктер мен терістіктерді көргенде үнсіз кібіртікеп тұрып қалатын. Майковқа жазған хатында Достоевскийдің халықшылдық пен славяншілдік жөніндегі жалған үміттерінің себебі жайында қынжыла келіп, былай дейтіні бар: “Бокльдің айтуынша, ұлттық сапа дейтіндер болмайды, ал білім

жалпы адамдық сипатта болуы керек. Сондықтан халықтың нышандар да жергілікті жердің, біздін тіліміз берсалтымыздың ықпалымен пайда болуға тиіс”.

Таяуда қайтыс болған ағылшын социологына сілтеме жасаудың өзінде мән бар. Оның бірден-бір және ең басты кітабы – “Англиядағы өркениет тарихын” Абай оқыған кітаптарды сөз қылғанда әлі параптап көреміз. Шоқанның жаңағы сілтемесінің тағы бір мәні – оның Батысқа деген көзқарасының өзіне байланыстылығы. Міне осы жерде байқалатын бір жайт – оның батысшылдығы өзінің сырт көрінісінде, идеологиялық немесе түрмисстық жағынан алғанда да, анық айқындық жок, ал көзқарас ешуақытта да қозғалыссыз бір нұктеде түрмайды. Тағы да Герцен еске түседі, Мәскеу славяншілдері көсемдерінің бірі К.С.Аксаковқа арналған қазанама мақаласында ол ағынан жарылып былай деп жазады: “Ие, біз қарсыластар едік, бірақ біздің қарсылығымыздың өзі біргүрлі болатын. Бізде ортақ бір махабbat бар еді, бірақ оның өзі екі түрлі болатын, Янус немесе екі басты самұрық сияқты, жүрегіміз бірдей соғып тұрғанда, екі көзімізben екі жаққа қарадық” Сол сияқты былай қарағанда Герценнің қарсыласы сияқты көрінетін Достоевский де ағынан жарылып: орыстардың екі отаны бар: ол – Ресей мен Европа, – дейтін.

Осы айтылғанның барлығының да Шоқанның рухани өмірі мен тағдырына тікелей қатысы бар. Тегінде, Ядринцев былай дегенде қателескен болар: Шоқан ақыр-аяғында европалық өркениеттің көз қарықтыратын жарығынан қорықты, сөйтіп өзін-өзі аман сақтап қалу түйсігінің жетегімен туған киіз үйіне қайтып кетті, дейді ол Мұндай қорқыныш болған жок. Бірақ еске алушы осы ойын өрі қарай тарқата келгенде өте дұрыс айтады (әлгі ойын өзі байқамастан теріске шығарады немесе соған күмән келтіргендей болады): “Ескі орта, жастай үйренген әдеттер, туған үй, бұрынғы отан жүректен оңайлықпен ажыратыла алмайды. Шоқан өзінің халқын, өзінің тайпасын сүйген қалпында қалды, соларды европалық оқу-ағартумен ұштастырып, өз халқын сақтап қалуды арман етті”

Осы құралыптас пікірді Григорий Потанин де айтқан. Орыстың патриоты болған Шоқан, деп жазды ол, сонымен бірге өз отанының да патриоты болды, “Европаға жақындық оны халқынан ажырата алмады, қайта, өзі

аясында тәрбиеленген европалық рух оны өзіне өзінің қазақ халқының қызметшісі деп қарауға міндеттейтін”

Бірақ бұл ауыр міндет, бейнеті бар борыш болатын, оның екі басының аралығындағы қындық адамның жанжүрегін сырқыратпай қоймас еді.

Қыр елі мен орыс астанасының арасы Петербургтен, тіпті Мәскеуден де Лондонға, Парижге, Берлинге дейінгі қашықтықтан өлде қайда алыс еді және ол шақырыммен де, миллимен де өлшенбейтін.

Батыс Европанікі бола ма немесе орыстікі бола ма, бәрібір, өйтеуір Уәлихановтың алдында ондай қорқыныш болған жоқ десек қате емес, тіпті ол түгіл жатырқау да жоқ-ты, бірақ қысқа өмірінің ақырына дейін жүргегін тесіп жүрген қорлықтың шаншуы басылмай өткені хақ: сол кездегі белгіленген тәртіп бойынша, Омбыдағы кадет корпусында әскери пәндердің арнаулы сабактарына “бүратаананың” балалары жіберілмейтін.

Қорқыныш та, жатырқау да болған жоқ, бірақ мәдениетті түрде алалау болды, өзіне ұқсамайтын “бөтеммен” кездескенде және сол “бөтенді” игеру мен менгеру жолында және сонымен бірге өзіннің табиғи-лығынды сактап қалу міндettі болатын жағдайда ондай алалық әрдайым болады. Орыстың батысшылдары мен славяншілдері өзара соғысып жатқанда, Шоқан өзімен өзі соғысуға тиісті болған; бірақ онда бір ғана жүрек бар еді, сондықтан оны екіге жару керек болды. Демек, оны мезгілінен бұрын көрге апарып тыққан, бәлки, тек Петербургтің ауа райы ғана болmas.

“Егерде Уәлихановтың алдында қазақтың оқымысты жүртішіліғы болған болса, – деп жазған Г. Н. Потаниннің сөзін тағы бір еске алайық,” – қазақ халқында ана тілінде жазатын өзінің Лермонтов пен Гейне рухындағы жазушысы болар еді” Ал мен болсам, оның “Ыстықкөл сапарының күнделігін” оқығаннан кейін, өз тарапымнан: – Тургенев немесе Бунин рухындағы – деп қосқан болар едім. “Жәмшікке таңертен өрте, күн шығып келе жатқан кезде жететіндей болып жүру тапсырылған болатын, ал ол кезде бозторғай өзінің алғашқы өніне басып, бір жағында қара түнек пен түнгі бұлт солтүстікке қарай жылжып, ал екінші жағында шығыстан таңертенгі алқызыл күн шапағы ағаштардың үшар басы мен көлдегі су бетін

жарқырата нұрландырып тұратыны бар ғой...” – төгіліп түрған қандай проза! Шынында да Шоқанның бойындағалымның ғана емес, суреткердің де дарыны бар еді.

Бірақ барлық қыншылық сол тайпалас ағайындар арасында оны бағалай алатын бір адамның жоқтығында еді және Шоқанды қынжылтпай қоймаған бір жағдай – ол елге келгенде, ешкіммен сөйлесе алмай қойды, қай тілде сөйлесе де, мұны ешкім түсінбейді. Сондықтан орысша сөйлеуге тура келді.

Абай өзінің алдындағы ең таяу ізашарының тағдырындағы осы ацы сабақты ішпей сезген болуы керек (сондықтан болар, оған жалтақтаса да, ешкімге айтпастан, ойын жасырын сақтады). Ал өзі топырағынан ешқашан қол үзген жок, сүйенген қарағашының діңі мен тамыры әруақытта берік байланысты болды, ол ескі аңыздарды зерттеп қана қоймады, өміріне азық етті.

Бірақ қалай дегенмен де, оның алдынан жолды, дұрысырағы, көп данғылдың бірін Шоқан салып кеткен-ді.

Орыстардың ізі, орыс мәдениетінің тәжірибесі – ол өз алдына. Тіпті “Фақлиялардың” өзі Шоқанның жеке сөздерімен ғана емес, бүкіл өмірлік тәжірибесімен үндесіп отырады; бұл – қазактарға соншалықты қажет тәжірибе.

“Балаңа орыстың ғылымын үйрет!” – Абайдың осы сөзі мал соңында жүрген шала сауатты қазаққа да арналған. Шоқан басқаша түсініседі, бұл жерде тіл ғана басқа емес, бұл мұлде басқаша стиль, басқаша адреске жолданған. Бірақ бағыты мен ой мазмұны бірдей: “Біз орыстармен тарихи жағынан және тіпті қандастық ретімен де байланыстымыз. Азаматтық жолмен дамиды деп сөзсіз үміт тудыратын, өздерін солармен Отаны бір туысқандар деп санап, өз еріктерімен орыстың бодандығына көшкен миллиондаған адамдар Шекспирдің “бола ма, жоқ па” дейтін тұжырымына апарып тірелетін шешуші мәселе-лерде көбірек назар аударуға және көбірек қамқорлық жасауға лайық сияқты болып көрінеді”.

1863 жылы оныншы ақпанда Аполлон Майков Сібірдегі Шоқанға хат жазып, оны қайтадан Петербургке шақырды:

“... Сіз, дұрысын айтқанда, ғалымсыз; онда не істей алатыныңызды мен білмеймін, ал мұнда өзініз үшін, Европа үшін адам айтқызығысыз көп нәрсе тындыра алар едіңіз! Ал енді Ресей үшін тіпті айтарты жоқ! Сіздің өз халқынызға

пайдалы болуыныз үшін – кешіріңіз, оған Сіздің қабілетінің жете қояр ма екен; атап айтсақ, Сіз өз ортаңыз үшін тым сауатты және оқымысты адамсыз, оның үстіне кол ісіне онша ыңғайыныз жок, ең бастысы – осының соңғысы. Орта деген кісіні жеп қояды. Өз бойыңыздағы Европаның білімі мен ғылымын Шығыстың оқымыстылығымен ұштастыра жүріп, Сіз Европаны Азиямен таныстыруға тиістісіз, ал Азия үшін ешнәрсе де істей алмайсыз, әлбетте, әзірше. Азия мен Европаның арасын жалғастырып тұрған буын – Ресей. Ал Сіз оған өзініңдің ақыл-ой қызметініңдің жемісті алаңы деп қарауға тиістісіз. Сіздің туған даланызың Сіз сияқты адамдарды қажетсінетін уақыты әлі жеткен жок”

Бұдан бес жыл бұрын Уәлиханов тағы бір хат алған – Достоевскийден. Онда жаңағы Майковтың хатынан да қатты сөздер айтылған: “Сіз европаша толық білім алған бірінші қазақсыз” Ал осыдан басқаша қорытынды шығарылады: “Сіз ақыл сұрапсыз: қызметімді және жалпы жағдайымды не істеймін депсіз... Менің ойымша, былай істеу керек: жұмыстан қол үзбеніз. Сізде көп материал бар. Қыр елі туралы мақала жазыңыз. 7-8 жылдың ішінде сіз өз тағдырынызды отаныңызға пайда келтіретіндей етіп реттей аласыз. Мәселен: өз адамдарыныздың ішінде бірінші болып Қыр елі дегеннің не екенін, оның және халқының Ресей жөніндегі маңызын түсіндіріп берсөніз және орыстардың алдында соның мұн-мұқтажын айтып жеткізетін оқымысты жоқшысы болсаңыз, сол өз еліңізге қызмет еткендік болып шығар еді ғой”.

Шоқанның сегіз жыл өмірі қалып еді, сол мерзім Майков айтқандай емес, дәл Достоевский айтқандай болып етті де қойды. Уәлиханов әлі уақыт жеткен жок деген сөзбен келіспеп еді, сонысы дұрысқа шықты, уақыт тіпті етіп те барады екен. Қайтыс боларынан үш жыл бұрын ол азаматтық жолына түсті: аға сұлтандық лауазым алмақ болды. “Менің бірде сұлтан болғым да келген, – деп жазады ол бейне бір Достоевскийдің алдында есеп бергендей (ал ол кісі оған бұдан бұрынырақ жолдаған хатында: “азырақ қиялдаңыз, азырақ армандаңыз, көбірек іс істеніз” деп жазған болатын), ондағы ойым – отандастарыма көбірек пайда келтіру, оларды шенеуніктерден және бай қазактардың зорлығынан қорғау, оқыған аға сұлтанның өздеріне қандайлық пайдалы болатынын көрсету еді”.

Рас, ол ойы орнына келмеді, бірақ оның себебі “мезгілдің әлі жетпегендігінен” емес, жергілікті шенеуніктер мен “бай қазақтардың” Шоқаннан гөрі көнбістене, өздеріне ыңғайлырақ адамды тәуір көргендігінен еді. Таныс жағдай. Ал бірақ бәрі де сол ойлағандай бола қалғанда ше – әңгіме, әрине, лауазымда емес, Достоевскийдің ойлағаны да одан өзгешерек болса керек.

Шоқан Уәлиханов Қыр еліне Ресей мен Батыс Европа-ның көзін ашып кетті және сонымен бірге өз халқының санасын ағартты, мейлі, өз тілінде болмай-ақ қойсын, мейлі, оның сөзін санаулы адамдар ғана естісін – бәрібір. Ол жұрт санасын өзінің қара басымен, өзінің іс-әрекетімен ағартты. Отаршыл өкімет орындары оған сол себепті қырын қараған жоқ па екен – империяға оқымысты бодандардың керегі қанша, бой-басымен тәуелсіз, білімімен күшті адамдардың керегі қанша? Шоқан, Гойя сияқты, бәрінен бұрын халықтың надандығына қынжылды; ақыл-ой үйқыда болса, дүниеге тажалдар келетінін түсінді. Жарықтың жылт еткен сәулесіне қуанды. “Бізді қоршаған Империяның шет аймақтарында надандықтың қара түнегі сейіліп, содан бастырылықкан халықтар үйқыдан ояна бастады”, – деп жазылды оның “Ұлы жұз қазақтарын басқару туралы” өзінің бастығы Гасфортың атынан жолданған хаттың басында.

Шоқан Уәлиханов қазақтан шыққан тұнғыш ағартушы еді.

Ал Абай сөзін қазақ халқының тұра өзіне арнаған ағартушысы болды.

Жоғарыда айтылғандай, ол отандастарына бірденені жай ғана үйретіп қойған жоқ (рас, ол да болды, ол да болды), сонымен бірге оны саналарына сініруге, ғасырлар бойы көзіне көлегей болған шелді сыпырып тастауға тырысты, – оқындар, дүниеге көздерінді ашындар, кеуде керіп тыныстандар! – деп ұран тастады. Білім – “Фақлиялардың” философиялық өзегі де және, былайша айтқанда, басты кейіпкері де, сырт қарағанда көзге онша көрікті болмағанымен, ал шындығында құрделі, тіпті жанрлар мен стильдер, замандар мен дүниенің төрт бұрышы айналсоқтап тоғысып жататын шым-шытырық құрылымның қозғалтқыш орталығы.

Адам бүкіл өмір бойы, тал бесіктен жер бесікке дейін, білімге ұмтылады. Тіпті сонау сәби жасында, еске сала кетейін, “Жетінші сөзде” айтылғандай, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, ең қарапайым нәрселердің өзін білгісі келіп тұрады.

Ойсыздық – үлкен пәле, ауыр құнә. Адамдар қебінесе болмашы көріністі місе тұтады, іштей жан жұбатарлық мән-мағынасы жоқ рәсімдерді алданыш етеді.

Ал білім деген белгілі бір мақсатқа, алыс-жақын мұратқа жетудің жеңіл-желпі құралы емес. Білім – өздігінен-ақ асыл қазына.

“Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп ізdemекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсөн және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік үстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махабbat пайда болады” (Отыз екінші сөз”)

Абайдың Шығыспен оның гүлденіп тұрған кезіндегі табиғи байланысы туралы айтқанда (мейлі сол ғақлия сөздеріне сүйеніп айтқанның өзінде де), бұрынғы айтылғандарды қайталап жүрген жоқпыз ба екен? Ол да жоқ емес, әрине. Бірақ ол қайталауға құмарлықтан емес. Біріншіден, дүниежүзілік сипат әрдайым үйішлік жағдайда туады. Даңғыл жол қашанда соқпақшыл келеді. Абайдағы “соқпақ – Шығыс” тұрақты, оны жоққа шығара алмайсын. Ал екішіден ше... ие, занылдықтың қашанда кері әсері болады, махабbat та екі жақты: үй дүниеге қарай терезесін ашады да, сонымен тілдеспекке құмартады. Ал тілдесу үшін де кейде дедалдық керек. Міне дәл осы тұста тағы да Шоқан Үәлихановтың көленкесі пайда болады. Дұрысында, ол көленке ешуақытта жойылған емес, тек енді ғана батқан күндей алыстан барады – көршілес Ресейден және тіпті шексіз болса да ағарту сынды құбылыстан Европаға, білімнің философиясына қарай. Шоқан, өзінен өзгеше, бүкіл өмірін ауылда өткізген табиғи далалық тұлғаны, екеуін де арада орасан зор уақыт пен қашықтық айырмашылығы бөліп тұрған европалықтармен – Мишель Монтеньмен және Блез Паскальмен көзге қөрінбестен

туыстырып тұрады. “Фақлия сөздерді” Монтеннің “Тәжірибелерімен” және Паскальдің “Ойларымен” сан алуан түрде байланыстыратын жайттар туралы әңгіме алда болады, ал өзіргіміз – алыстан жарқыраған межелі сөulenін үшкynы fана.

“Ең басты нәрсе – ғылымға деген ынта мен маhabbatты дарыта білу; онсыз біздің ісіміз алтын артқан есектерді бағу fана болып шығады. Соларды қамшылаған сайын, сол алтыныңды сақтаудың қамын ойлаған сияқты боласың, ал басындағы білім-білікті игілікке айналдыру үшін, құр баста сақтау жеткіліксіз, оны ой-санана сініру қажет” (Мишель Монтеңь).

Абай да дәл солай ойлайды, тіпті ойлау былай тұрсын, сөз саптау үрдісіне дейін бірдей-ау: “Сонда есті адам (Абайда есті деген сөз білімді деген мағынада. – H. A.) орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлак, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен... Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен...” (Он бесінші сөз).

Ал Паскальдің кейбір нақыл сөздері мынадай:

“Мақтаншақтың қылышы, өзі бүлінуімен қоймай, айналыңың бәрін бүлдіріп болды”

“Білімнің екі жақ басы болады”

“Жай адамдар не айтса да дұрыс, өйткені олар дәстүрлі табиғи қалпында сөйлейді”.

“Ғылымның дәрменсіздігі. Адамның басына қайғы түскенде, жай нәрселерді біле тұрып, моральды білмегенің көңілінді жұбата алмайды, ал моральды білсөн, сыртқы дүниені білмеген надандығына өкінбейсін”

Сонда қалай болғаны? Ұлы математиктің дәлме-дәл ғылымдарға бұлайша күдікпен қарауы неліктен? Сондай-ақ Декарт заманында өмір сүрген адам ақыл-ойға қалай сенімсіздік білдіреді?

Бұл жердегі қыындық сонда – жаңағы сенімсіздік кейде мызғымайтын сенімге айналып кетеді.

“Біздің барлық артықшылығымыз – ақыл-ойда”

“Білуге болатын нәрсенің бәрін біліп, өмбебап бола алмайсың, сондықтан белгілі бір нәрселерді білу керек. Ондай өмбебаптық бәрінен артық. Жаңағы екеуін түгел

білсөн, ең артығы сол болар еді; бірақ екеудін бірін тандау керек болғанда, соңғысына тоқтаған жөн”.

“Тегінде, адам ойлау үшін жаратылған болуы керек. Оның барлық қасиеті де, құндылығы да сонда”

Ақиқатты іздеген адамның мазасын ала беретін қайшылық осындей...

“Иман деген – Алла табарака уа Тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына уа әртүрлі бізге пайғамбарымыз саллалағы ғалайғын үесөллөм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ” (Он үшінші сөз) – бұл Паскальдің сөздерінде айқын тебіреніспен аңғарылған Батыстың абыржуына мұсылманшыл Дағаның қайтарған жауабы. Бір ғажабы, өзімшіл сананың кейбір түрлерінен, мәселен, позитивистік философияның артықшылықтарынан гөрі Шығыспен ортақ тіл табу Батысқа оқайырақ болар еді. “Білім-ғылымға жетілген ақыл-ой көсіптің құпиясына жетік, оның мүмкіндіктепі шексіз. Бірақ та... адамның халықты қырып-жоятын қару-жаракты ойлап тауып, бірін-бірі жабайы аңдардай жойып жатқаны сол ғылымның қырсығы емес пе? Құштілері әлсіздерін құл қылды, бүкіл планета адамның қанына боялды” – Шәкәрімнің осылай деп қамыға ой толғауы уақыттың – Бірінші дүниежүзілік соғыстың – зардабынан айтылған жоқ па еken, бірақ мұның онтологиялық та мәні бар, ондай қауіптенушілік Паскальда да бар: моральді аяққа басқан білімнің астамшылығы адамзатты масқара пәлеге ұшыратуы мүмкін, – дейді ол (айтқандай-ақ, оның бұл қауіптенуі кейінірек өзінің жайшылықтағы қарсыласы Жан Жак Руссоға да ауысқан).

Сондықтанда да Абайдың ақыл-ой құрылымын да, сөз саптау үрдісін де тиісінше бағалағанымыз жөн. Ол “ғылымға құмарлық жайында”, “білімнің мәртебелі игілігі жайында” айтады, міне бұл жерде де Паскальдің аса бір тапқыр нақылшылдықпен ертедегі европалық рухта айтқан бұлқыныстарының алыс бір жаңғырығы естіліп түр. Айтқандай-ақ, мұны айтқан жалғыз ол емес. Николай Кузанскийдің “Оқыған надандық” туралы (ал бұл XVII ғасыр да, тіпті XVI ғасыр да емес – XV ғасырда жазылған) еңбегі де ертедегі – әрине басқа түрдегі – баяғы сол құмартқан білімнің бір үрдісі болып табылады. Сонымен бірге Оңтүстік Германияның бір түпкіріндегі шарапшы

баласының, кейиннен эпископ және кардинал болып кеткен адамның кейбір ойлары Даланың ірі феодалының ақырында аса көрнекті ойшыл және ақын болған ұлының айтқан ойлары мен стилі жағынан үйлесіп жатады. Ал стиль дегеніміз – бұл сөздің мағынасы.

“Ақиқатқа жету үшін тұа біткен құмарлықпен ізденіске түсken кінәратсыз, еркін ақыл-ой сол ақиқатты тауып, құштарлық құшағына алмай қоймайды”(Николай Кузанский).

Ал енді Абайдың ізгілікті және құштарлықты білім дегені, әрине, өні айналған Жұсіп Баласағұнның “Құтадғу білігі” – бұл жердегі байланыстың табиғи, түбірлі сипаты бар.

Қысқасы, Абай – ойшыл, оның санаасында классикалық Шығыстың ұлы жаңалықтары мен ұлы шаттаныстарының, сондай-ақ Батыстың Өрлеу заманынан Ақыл-ой ғасыры арқылы Ницшенің аузымен Құдайды өлді деп жариялаған кездеріне дейін тартылған азапты жолдағы торығуларының қойыртпағы қалыптасқан...

Міне, айтқандай-ақ, тағы бір қайшылық: Шығыстың адамы Абай, айталақ, өзі де сезбей, Сократты Ницшеден қорғайды, ал Ницше – оның өзінің замандасы ғана емес, құрдасы дерліктеі адам, туған кездерінде бір жыл, өлген күндерінде төрт жыл ғана айырма бар. Немістің визионер философи Сократты жанаарында суреткерлік шабыттың есірік ессіздік үшқыны ешуақытта жалт етпеген алапат аждаһаның көзіне теңестірген; нақ соның сызып кеткен жолы (“ізгілік дегеніміз – білім” және т.б.) Европаны тығырыққа апарып қамады деген ойды табанды түрде қорғаған. Ал Абай, керісінше, Сократты жоғары даналықтың бейнесі деп білген. Ол XIX- XX ғасырлардың тоғысындағы дүниежүзілік интеллектуалдық көрініс пен өмірлік әуеніді анықтап кеткен философиялық таластар мен идеялық және көркемдік бағыттар құресіне тікелей қатынасқан жоқ және қатынаса да алмады. Бірақ өткен заманың биігінен қарағанда, ол аталған құштарлықтардың нағыз қайнаған ортасында болған. “Жиyrма жетінші сөз” деген не нәрсе – ол Ксенофондтың Сократ жөніндегі естеліктерінің әуенінен туған азыз, көркем шығармашылықтың этикалық мазмұны туралы сол заман үшін барынша зәру болып табылатын айтысқа берілген өткір

жауап болатын. Жұртқа мәлім, Толстой осы тақырыпта “Өнер деген не?” дейтін атпен тұтас бір трактат жазған. Дегенмен, заман мен мекеннің нақты жағдайларына, яғни айтқанда, қазақ ауылына оралайық. Айналасына мұңды көзбен қарай отырып, Абай өзінің бүкіл жан дүниесі мен таланттының барлық күшін өзінің туған даласы ағарту жөнінен заманымен бір деңгейде болса еken деген мақсатқа арнады, – сол талабының іске аспағандығын көріп азап шекті. Шамасы, сондықтан болар, ол отандастарының бет-жузіне қарамай, аяусыз қatal сөздер айтуға мәжбүр болды. Ұлттық өзара сынның өткірлігі жөнінен (ал мұның өзі әлбетте, өзара сын болатын, Абай өз сөздерінде әрдайым: “біз, қазақтар...” деген есімшеші қолданып отырады) дүниежүзілік әдебиетте “Факлия сөздермен” қатар қоярлықтай шығарма өте аз кездеседі. Уақыт жағынан оған таяу тұрған мысалдардан еске түсетіні – “Философиялық хаттар” ғана, оның авторы есі ауысқан адам деп жарияланғаны жұртқа мәлім. Дұрысын айтқанда, бұл жөнінен де Абайдың ізашары болған Шоқан Майковқа былай деп жазады: “Менің туыстарымда толып жатқан ұлттық және өулеттік теріс ұғымдар мен әдеттер бар. Әсіресе, шамадан тыс қыңырлық пен даңғойлық. Ал сондықтан да олардың өздері жайындағы, өздерінің ақыл-ойы және басқалары жөніндегі пікірлері тым жоғары болып келетіні түсінікті. Сондықтан да оларға айтылған ақыл-кеңестер немесе дауласқан кездегі төреліктер өздерінің нағызына тиіп, жаңағы қыңырлығын асқындыра түсетіндігі де түсінікті. Солардың барлығына қарсы бір адамның құресуі қын екенін мен қазір көріп отырмын, ақиқат қаншалықты бағалы болғанымен, адамды заман билеген кезде сондай қателіктерден арылту қынға түсетінін де көріп жүрмін”.

Бұл тақырыпта біздің басқа бір жерде әнгімелегеніміз ыңғайлы болар, ал әзірше бөтен бір жағдайға назар аударғымыз келеді.

Француздың тамаша ақыны, католик дінінің ойшылы Поль Клодельдің ұлттың өзін-өзі сезінуі және өзін-өзі бағалауы туралы айтқан мынадай манызды ой-толғауы бар. Өзгесін былай қойғанда, осының екеуі де “әлдебір түйсікке, әлдебір жақындық сезімге негізделген; ол – аталар мен әкелердің тәжірибесін игеруге... жол ашады да, сол

тәжірибе өзінің өміріне айналады. Ол тәжірибе қысқа ма, өлде ұзақ па – бәрібір, біз нақ соны ұлттық дәстүр деп атаймыз... Ұлттық сана-сезімнің осынау жоғарғы қазылығына, өзінше бір тұракты жұмыс істейтін, мәжілістері бір минут те үзілмейтін, ал шығарған үкімдері ешқашанда бұзылмайтын парламентіне кірер есік тіл деп аталады” Қысқасы, бұл жерде әңгіме болып отырған нәрсені Пушкин халық аңызы деп атаған, бірақ ең қызығы енді басталады. Бақсақ, тіл және сол тіл бейнелейтін нәрселердің барлығы, – тұрмыс, психология, ойлау тәсілі, – өз мүмкіндітерін толық жүзеге асыру үшін сырт көзді қажет етеді еken. Тек сонда ғана “кейде өнерде, сондай-ақ ойлау тәсілінде, мінез-құлықта қайталанбайтын ерекше, типтік нәрселерді бөліп алуға болады еken, ал олардың барлығы, іштен қарағанда, табиғи және міндетті нәрсе болып көрінеді еken”.

Дәл осы сияқты пікірді Абай одан жарты ғасыр бұрын айтқан.

“Ана тілі – дүниеге ең алдымен ашылған есік” – бұл Абай үшін мызғымайтын ақықат, берік іргетас, керек десеніз, Клодель айтқан парламент, оның шығарған үкімдері әрдайым түпкілікті. Алайда осыдан кейін пікір былай жалғастырылады: “Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі – олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсөң, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды”

Бұл жердегі ең тамашасы ақыл-ой шыңдарының жай ғана тоғысуы емес, олар тіпті бір-бірінің өмірде бар екенін де білмейді, олардың тоғысқан жолдарының бірі Батыстан Шығысқа қарай тартады (Клодельдің әсессі “Жапонияның жан дүниесіне көзқарас” деп аталған), ал екіншісі – Шығыстан Батысқа қарай бастайды (Абай бұл жерде орыс тілі мен орыс мәдениеті туралы айтып отыр).

Европаның дәл жүргегінде тұратын және артында ағартушылықтың жүздеген жылдары бар француздың аузынан айтылған тілдердің диалогы туралы пікірлер табиғи болып көрінеді, оның қолтумалық жөнінде алаңдайтын ештеңесі жоқ, ал ұлы ерліктерімен және ұлы адамдар атымен нығайтылған Чаадаевтың жағдайы одан

қындау, Ресей, европалық өмірге терезесі тен қатысушы ретінде, әлбетте, ғаламдық мағынада алғанда, таяуда ғана мәлім болды – алайда, сейте тұрып, ол да өзінің аталы әuletіне, үлттық тарих пен мәдениеттің бүкіл күш-қуатына сүйенеді. Ал енді өзінің төлтумалығын енді ғана сезіне бастаған, көркем шығармашылықтың осы замандық түрлеріне енді ғана иек артқан халық ағартушысының жағдайы мүлде басқаша еді. Сондықтан оның өз тіліне, өз мұрасына қарап жалтақтауы шынайы болып көрінер еді. Алдымен соны нығайтып алу керек, ал содан кейін ғана басқалармен айтысуға болады. Абай бұл сияқты жеңілдікке қызыққан жоқ, міне, сондықтан да оның рухани және шығармашылық ерлігі өте-мөте маңызды болып көрінеді; бұл арғы заманда және кешелі-бұғінді бергі замандарда бұған керісінше мағынада – әлде мәдени өзімшілдіктен, әлде мәдени астамшылдықтан болса да – көбінесе қатар жүретін мәдениет тарихының жалпы көрінісінде жаңағы Абай үлгісі ерекше маңызды көрінеді.

Сейтіп, Абай талай ғасырлар бойы қалыптасқан біртұтас дүниежүзілік мәдениет рухының (бұл ұғымды тек XIX ғасырда ғана Гёте енгізген) өкілдері арасында терезесі тен, танылған өз адамы болып көрінді. Бірақ олар – жаңағы ұстаздар мен одақтастар, солардың ішінде өзіне ең жақын Шоқан Уәлиханов та, байлайша айтқанда, ықтимал адамдар еді.

Ал бірақ нақтылары да болды.

Міне енді осы еңбектің әртүрлі беттерінде аты аталып, белгілі дәрежеде ағартушының ағартушысы болған адамды еске алудың кезегі келді.

Жақын және таныс адамдардың естеліктеріне қарағанда, сондай-ақ барынша сенімді деген куәліктер бойынша (зерттеулер, ашылған жаңалықтар және т.б.) Евгений Петрович Михаэлис қарабайыр адам болмаған, өзінің бойындағы ғалымның дарындылығын анық қайраткер және көшбасшы қасиеттерімен ұштастырған. Мұхтар Әуезов романында егіз туған бауыры болмаса да, қандас туысы ретінде көрінетін Михайловтың сөзіне қарағанда, егер жас кезінде тамырынан қылышып кетпесе, көп нәрсені

істей алатын адам екен. Бұл оның жеке басының тағдыры емес, алпысыншы жылдары бастарын тігіп айқасқа шыққан және осы жерде, тұра қазірдің өзінде түбірлі өзгеріс жасалуын аңсаған орыс жастарының ортақ үлесі еді. Олардың арасында әртүрлі адамдар – Нечаев сияқты “құтырғандар” да, Григорий Потанинге, Михаэлистің өзіне үқсаған рухы тап-таза романтистер де, көптеген басқа да адамдар болды. Солардың бәрі кейін Сібірге жер аударылды, кейбіреулерімен Абай кездесіп, тіпті жақындастып та кетті. Рас, олардың романтизмінде бір ғажайып іскерлік болатын, бұл істің романтизмі еді. Михаэлистің мінезінде артиске тән жарқылдақтық, ашық еркіндік, қызыбалық, Шоқандағыдан тартымдылық жетіспейтін, бірақ, оның есесіне, табанды, әрдайым жұртқа байқала бермесе де терең білімді жігіт болатын. Осы мағынада онымен кездесу Абай үшін үлкен сәттілік болушы еді. Кітап атты ұшан-теңіз әлемде оған жолбасшы керек еді, жаңа таныс жас жігіт сондай жолбасшы болды да қойды.

Орта дәүлетті дворяндар әулетінен шыққан мемлекет қызметкерінің баласы Евгений Петрович Михаэлис 1841 жылы 26 қыркүйекте Петербургте туған, мектепте оқып жүргендегендегендегенде ақ асқан зеректік танытып, Патша селосындағы лицейге ауыстырылады да, үш жылдан кейін емтихансыз Петербург университетінің физика-математика факультетіне түседі. Егер шындал ғылыммен шұғылданса, Тимирязев, Сеченов, Менделеевтермен қатар аталып жүрер ме еді, кім біледі, – олар бір ұрпақтың жастары болатын. Бірақ бұл жаратылыстанушы қоғамшылдыққа бейім еді – өмір бойы сол қалпында қалды.

Студенттік өмірдің алғашқы жылдарында-ақ Михаэлис насиhatшылық жұмыспен өте белсене айналысты – ол былай тұрсын, студенттердің жасырын қоғамын басқарды. Чернышевскиймен, Добролюбовпен таныстырылғанда, олар жылы шыраймен қарсы алды, оның үстіне отбасының байланыстары да оны тұра баррикадаға алып барғандай еді. Михаэлистің апасы Людмила сол заманың көрнекті публицисі, “Жас ұрпаққа” деген жалынды ұранның авторы, дүрысырағы – қосалқы авторы Николай Шелгуновтың әйелі болатын, оның үстіне ол демократиялық қозғалыстың одан да ірі қайраткері – ақын, Гейне мен Беранженің

аудармашысы, ең алдымен тағы да публицист Михайлов-пен азаматтық некеде болған: кәдімгідей *menage a trois*¹, бірақ бұл некелестікте ешқандай қасірет болмаған, ешкім ешкімді қызғанбаған – бәрі де революциялық құреспен шұғылданған. Көп ұзамай бұларға Михаэлистиң қарындасты Мария қосылған, ол Чернышевский азаматтық өлім жазасына кесіліп, сол рәсім орындалып жатқан кезде, оған бір шок гүл лақтырып, сонымен аты шықкан қыз.

Арада көп жыл өткен кезде, Шелгунов өзінің балдызы туралы былай деп жазады: “Бұл тамаша дарынды, жігерлі және өте адамгершілігі мол жігіт еді, сол уақыттағы көп адамдар ішінде мұндайлар сирек кездесетін. Ол біздегі жүйке жүйесінің орталығы болды, сол арқылы біз университет қан тамырының қалай соққанын сезіп тұратын едік. Мінезі қызу, ақылды және батыл Михаэлис өзінің он сегіз жасына қарамастан (шындығында ол жиырмада болатын. – Н.А.) жұлқынып ілгері шықты да, депутаттыққа сайланды, өте ықпалды болды, бірақ өкінішке қарай алғашқы бесеудің қатарына ілініп кетті”.

Шелгунов 1861 жылдың күзіндегі оқиғаны еске алып отыр, онда студенттердің бостандығына нұқсан келтіргендік үшін Петербургте жастардың өте күшті толқуы болған. Сондағы жастарды өсіресе ашындырған нәрсе матрикул дейтін тәртіптің енгізілуі болатын; бұл өзі “тұрғын ережесі” сияқты, тұрған адамның толық түрдегі өмірбаяндық мәліметтерін көрсету тәртібі еді. Казарманың иісі аңқып тұратын. Университет у-шу болды, қайта-қайта жиындар өткізілді, лекциялар көбінесе басталмай жатып үзіліп кететін. Осының барлығында сырттай тәртіпсіздік көп болғанымен, іштей астыртын белгіленген айқын бір жүйе бар сияқты еді. Комитеттің бір мүшесі Л.Пантелеевтің айтуы бойынша, солардың атынан мынадай мазмұнда жазба ұран таратылған: “Өкімет бізге перчатка лақтырып отыр, соны көтеріп алуға жарайтын бізде қанша сері жігіт бар екенін енді көреміз... Ең бастысы – алауыздықтан қорықпаңдар, шешуші шарапардан тайсалмандар. Бір нәрсе естерінде болсын: олар бізді ата алмайды. Университеттің сылтауымен Петербургте көтеріліс бүрк ете түседі. Жігерленіндер, жігерленіндер

¹ Үш жақты некелестік (*фр.*)

және жігерленіндер! Жас екенімізді ұмытпайық, адам жас кезінде ізгі мінезді және жанкешті болады: ешнәрседен қорықпандар”

Өзінен-өзі түсінікті, Михаэлис комитеттің құрамына кірген, өзі шешендікпен қатар жасырын жұмысты үйымдастырудың шебері болып шыққан: диссиденттерді топ-топқа бөліп, солардың әрқайсысынан бір адамды орталық сходка дейтін үйымға делегат етіп жіберген. Онда қызу айтыс нәтижесінде құрестің стратегиясы мен тактикасы жасалатын болған.

Жиyrма бесінші қыркүйек күні, университеттің есігі жабық тұрғаннан кейін, студенттер сапқа тұрып астанадағы оқу орындарының қамқоршысы Филиппсонның үйіне қарай беттеген (ол бұдан бұрын Кавказда әскери корпустың командирі болған, осы бір фактінің өзі отқа май құйғандай болып еді: осының өзі-ақ студенттердің көз алдынан аты әлі ұмытылмаған Аракчеевтің бейнесін елестеткендегі болып еді). Әлбетте, Михаэлис бастап келе жатқан манифестанттар тобының сезін тыңдал болғаннан кейін, генерал келесі күні университетте кездесуді, сөйтіп барлық жайдан келісуді ұсынды. Міне сол кезде Михаэлис бастаған бес адамнан депутаттар тобы құрылып, барлық талаптарды айқын баяндап берді. Қамқоршы олардың кейбіреулерін қабыл етті де, ең бастыларын кейін серпіп таstadtы, ал түнде тұтқындау басталды. Михаэлис тағы да алғашқылардың бірі болып тұтқындалды.

“Өкінішке қарай”, – деп жазады Шелгунов. Әрине, өкінішке қарай екені сөзсіз: бір жарым ай Петропавел бекінісінде отыrsa, одан кейін соттың үкімімен айдауға жөнелтілсе – бұл жерде қандай қуаныш болсын. Бірақ қалай дегенмен де, Петербургте өткен үш жыл Евгений Михаэлистің өміріндегі оқиғаға ең бай кезең болды. Ал студенттердің көтерілісі, манифестация, университеттің қамқоршысымен және Петербургтің генерал-губернаторы Игнатьевпен (студенттер депутаттарымен келіссөзге ол да қатынасқан) арадағы сөз салғыласуы, одан кейінгі тұтқындау, онша камерадағы жалғыздық – осының барлығы оның жұлдызды сағаттары еді. Бұл сияқты оқиғаларды ол бұдан кейін бастан кешкен жоқ, бір сөтте аспандаған атақ, университет аудиторияларында, астананың либералдық топтарында, тіпті керек десеңіз,

Герценнің “Колокол” журналында жария болған және басқа жерлерде баршаның аузында жүрген есім – осының бәрі біртіндеп саябыrlай бастады. Бірақ уақыттың үкімі басқаша болды, Евгений Петровичтің өміріндегі ең жарқын кезең – жаңағы қаһармандық жастық шақ емес, тұтас бір ширек ғасырға созылған Абаймен екі арадағы жақын таныстық еді.

Петропавел бекінісінен Михаэлис солтүстіктегі Петропавловскіге жер аударылады, одан, кешірім жөніндегі сәтсіз өтініштен кейін¹, Тобыл губерниясындағы Тара қаласына, содан кейін ақырында қазақ даласына жер аударылады. Шындығында ол 1715 жылы подполковник Бухгольц жүріп өткен жолды қайталапты, бір айырмашылығы – аяғына бұғау салынбаған, өзі жаяу жүрмеген. Тағы бір өзгешелігі – подполковник Петр патшаның жарлығымен Ертіс өзені арқылы Тобыл мен Тара қаласына келеді де, Ямышев көліне қарай беттейді. Ондағы мақсаты “күміс, алтын, мыс және басқа кеніштерде металл жуғызып, әрі қарай басқа да қалалар салдыру болған”

Евгений Михаэлистің Сібірде өткен екінші өмірі отыз бес жылдай уақытқа созылды, әуелі Семейде басталып, 1882 жылдан былай қарай Өскеменде жалғасты, сол жерде 1913 жылы, жетпіс екі жасында қайтыс болды. Міне, сол жылдары айдауда емес, бейбітшілік жағдайда, Евгений Петровичтің қоғамдық сипаттағы, оқытушылық және таза ғылыми дарын-қабілеті барынша толық ашылды. Дұрысын айтқанда, оның айдалу мерзімі дәл Өскеменге аттанар алдында біткен-ді, одан кейін оны ешкім Сібірде үстап тұра алмайтын еді. Михаэлис келерден он жыл бұрын туып, “шіркеу қызметкерлерінің шпиондық үйіміна” қатынасқаны үшін 1938 жылы атылып кеткен священник Борис Герасимов былай деп жазады: “Евгений Петрович Европалық Ресейге оп-оңай кетіп қалып, қызмет бабында

¹ Бұл оқиғада дөрекі анекdot сияқты, бірақ құжат арқылы расталған бір жайт бар. Оның ата-анасы, ете құрметті және инабатты адамдар атынан өтініш жазылған – бірақ онда тек Михаэлистің атыға емес, басқа да жазаланған студент белсенділерінің аты коса тіркеліпті – сол күйінде II Александрың үстеліне тап болып, ол өтінішті қанағаттандырмак ниетте болған екен (“әлі балалар ғой, өздері де жақсылап жазаланыпты”), сол кезде кенеттеп қағаздың бір шетін былғаған сияның дағына көзі түсіп кетіпті де, патша соған шамданып, кешірім берудін орнына жазаны катайта түсуге тәртіп берген екен. Сойтіп Михаэлис Сібірге айдалыпты.

тамаша мансап жасай алатын еді; 1861 жылы студенттер оқиғасына белсene қатынасқан және сол үшін одан кем қасірет шекпеген кейбір жолдастары тіпті министрлік лауазымға дейін көтерілді (Неклюдов, Ковалевский)".

Ал Михаэлис осында қалды.

Шенеуніктің мансабы онша қызықтырмаған болар. Ал мұндағы Сібірде оны күтіп тұрған нақты жұмыс бар. Тіпті бір емес, екі жұмыс.

Біріншісі – тіпті сонау революциялық жылдарының өзінде құштар болған зерттеу жұмысына құмарын қандыруға ақырында мүмкіндік туды. Михаэлис қалайда ірі ғалым бола алған жоқ, шұғылданатын істердің аумағы тым көбейіп кеткен жағдайда кейбір ұстірттік болмай тұрмайды ғой, ал бірақ еңбектері тек Ресейдің ғылыми қауымдастырындаған емес, басқа жерлерде де бағаланды. Оның Онтүстік Алтай мен Солтүстік Жонғария көлдеріндегі су жәндіктері туралы бай мағлұматтар жинастырып, сол жайында жазған көлемді мақаласы Ресей ғылым академиясының еңбектерінде жарияланған. Зайсан үйезінде мұз дәуірі қалдықтарының іздерін тауып, сол жөніндегі жұмыстары да Ресей мен Англияның академиялық басылымдарында жарық көрген. Сол Зайсан көлінің манайында минералдық отын кеніштерін іздестіріп, Ертістің бастауын зерттеген, сол жерлердің толымды картасын жасаған, Алтайдағы белгілі омарташы А. Н. Федоровпен бірлесе ойлап тапқан "Алтай омартасы" үшін 1894 жылғы Нижегород жәрменкесінде күміс медальға ие болған.

Бірақ қалай болғанда да ғылым, саяхат, зерттеу, өнер-табыс дегендер қаншалықты қызығылықты болғанымен, Евгений Петрович үшін жол-жөнекей шаруалар болатын. Ал қоғамға қызмет ету ол үшін ең жоғарғы мәртебелі, ал қазіргі жағдайда шын мәнінде дәл сондай маңызды болып көрінетін.

Семейге алғаш келген бойда-ак ол арнаулы тапсырмалар жөніндегі кіші шенеуніктің лауазымын сұрап алады да, сол бойында қызу іске кірісіп кетеді: Семей мен Қарқаралының арасындағы пошта жолын қысқарту мәселеісімен айналысады.

Одан кейін – Статистикалық комитет құрып, соның хатшысы болады. "Семипалатинские ведомости" газетін

басқарады. Сол Семейде өлкетану мұражайы мен көпшілік кітапханасын ашады. Өскеменге аудиосъянан кейін қалалық думаның құрамына өтіп, шіркеу-приход училище-сі, қыздарға арналған гимназия, Халықтық үй сияқты әртүрлі нысандар құрылышының жобаларын іске асырумен шұғылданады.

Осының барлығы – ол қолға алған жұмыстардың кейбіреулері ғана.

Абай міне осындай адаммен таныс болады, әуелгі кезде Семейге барған сапарларында күн сайын дерлік кездесіп жүреді де, кейін Жидебайдарғы өзінің үйіне шақырады, ақырында Өскеменге де іздел барады. Михаэлистін апасын еске алып, соның атын қойған Людмила деген қызының айтуына қарағанда, Абай 1903 жылы, қайтыс боларының аз-ақ алдында, Өскеменге қонаққа келіпті: “Екі дос бірнеше күн жұп жазбай бірге болды... Кейін, мен ержетінкіреген кезде, маған өзінің досы туралы айтқан әңгімесінде оны өте талантты кісі деп еді, әкем оның өз бетімен оқуына көмектескен еken, Семейдің губернаторы әкемнің және басқа айдалып келгендердің Абаймен кездесулеріне тыым салған еken – оны “патшаға қауіпті адам” деп есептейді еken, сондықтан оған полиция тарапынан бақылау қойылыпты”

Әрине, кібіртіктеу айтылған сөз, тыым салды дегені де күмәндылау, ондай жағдайда қайтіп тығыз араласу болады, бірақ ондай сөзде не түр, біз үшін маңыздысы – олардың соңғы рет кездескен кезі ғой. Ал бірақ олардың алғаш рет қашан, қайда кездескені анық белгілі емес. “Абай жолы” романында жазылуына қарағанда, олар 1870 немесе 1871 жылы Семейдің кітапханасында кездеседі. Абай сонда “Русский вестник” журналының соңғы нөмірін алуға келген еken, бірақ ол қолда болып шығады.

“Кітапханашы ол журналдың кісі қолында еkenін білдіріп үлгергенше, бұл екеуінің қасына орта бойлы, кең мандайлы, қаба қара сақалды бір адам тақап келді...

– “Русский вестник” менде. Мен қарап болым. Сізге бере аламын. Тек сұрайтыным, сізге ол не үшін керек еді? Қай жерін оқымақсыз? – деді.

– Ол журналда Толстойдың жаңа романы басылыпты, соны оқымақ едім! – деді.

- Сіз Толстоймен таныс па едініз? – деді...
- Мен Толстойды бұрын аз оқыған едім. Бірақ орыс халқының шын дана, ақылды адамы деп естімін. Сол ақылды адам қандайлық өсінет айтады екен, үққым келеді. Абайдың жаңа танысы журналды Абайға беріп тұрып:
- Білмек талабыңыз жақсы екен. Мен сізді бұдан бұрын, басқа бір жағдайда көріп едім. Областное правление. Рас, ол кездесу қызықты жағдай емес болатын. Сізді мен сыртыңыздан бұрын да білуші ем. Бүгін мынау орында көруім, шынды айтсам, артық әсер етті! – деді. Өзінің жөнін айтып, Абайға қолын созды: – Михайлов Евгений Петрович! – деді.
- Ибраһим Құнанбаев, – деп Абай да өзін таныстырыды.
- Мен де сізді білемін, біздің достар айтқан... Сізben танысқаныма мен де қуаныштымын!"

Тағы да айта кетейік, Михайлов – Михаэлис емес, жинақталған кейіпкер, былайша айтқанда, оның бейнесінде сол кезде Сібірде бірге болған тағдырлас көп жолдастарының белгілері бар. Дәл келмейтін басқа да ұсақ-түйектері және бар. Катковтың “Русский вестник” журналында Толстой өзінің бір ғана романын – “Софыс пен бейбітшілікті” бастырған, – бұл 1865 жылы болатын, ол жаңағы кездесудің болуы мүмкін емес, онда Михаэлис әлі Тарада болатын. Ол кезде Семейде ешқандай кітапхана да болған жоқ. Дұрысында, Әуезов ойдан шығарып отыр және онысы өте дұрыс. Алғаш көрінген Михаэлисті әдейі бедерлі етіп көрсеткен, жазушы кейіпкердің ойдан шығарылғанын бірден танытпақ. Оның үстіне, деректі материалды бұлайша еркін пайдалану арқылы Мұхтар Әуезов шығармадағы баяндау әдісін бәсендегі, ол ондай тәсілді қолданудан тегінде қашқалақтап отырады. Осынау тағдыршешті кездесуде күлкілі бір эпизод бар, ол Абайдың әжуаға әуестігі мен тапқырлығының үстіне байыпты байсалдылығын да көрсетесе керек.

“Залдың бергі шетінде, мұртын сәнмен ширатқан, бұйра шашты, жылтыр жүзді шенеунік отыр еді. Ол қатарындағы биік причёскасы бар, сәнді киінген жас әйелге, кулімдеген көзбен, жиі иіледі. Бұл жерде де бозбастық дағдысын ұмытпағандай.

Сол жігіт кітапханаға Абай кіргенде, қасында отырған паң жүзді көрші әйеліне келе жатқан Абайды көрсетті.

Залдың ішінде отырған оқушының біразына естіртіп, даурыға түсіп, тұрпайы бір өзіл айтты. Ол өзілі кең шапан киіп, бұнда отырған жұрт ұлгісінен басқаша көрініспен келген сахара қазағы Абайды қағытқан сөзі еді.

– Бұл не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? – деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандасып, өзіне керекті кітабын енді атағалы тұр еді. Жаңағы тұрпайы өзілді құлағы шалысымен, шенеунік жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады...

Абайдың алғашқы ашуы бір-ақ сәтке білінгендей еді, енді құлқілі мысқыл жұзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты:

– Шенеунік мырза, түйе кірсе несі бар, бұнда ол түгіл есек те отырыпты ғой! – деді”

Жалпы алғанда, жазушы тарихи адамның алдында ешқандай міндеттеме алып тұрған жоқ, алайда Михайлов бейнесіндегі прототипті тануға болады: тұра Сократқа біткендей кең маңдай, қалың қара сақал, дөңгелек көзілдіріктің ар жағынан қараған өткір көз. Михаэлистиң осындай бейнесі әлдекімнің қолдан салған суреттерінде және фотографияларда осылай сақталып қалған. Егер Абайдың жиені арқылы бізге жеткен өз сөзі болмаса (“әкемнен де артық жақсылық етті”), оны Михаэлис мектебінен өтті деген ешқандай мағлұматты білмейміз, сондықтан романдағы ойдан шығарылған жайттарды өмір шындығы деп қабыл аламыз. Эрине, осындай ауыстырудың шартты түрде екенін есте ұстаймыз және өзіміздің кейбір жорамалдар жасауға еріктілігімізді тағы мойын-даймыз.

Сонымен, ақыр-аяғында, біз үшін Евгений Михаэлис пен Абай Құнанбайұлының қашан және қай жерде кездескені емес, олардың бір-біріне нені және қалай үйреткендігі маңызды (ал мұнын өзі, қалай болғанда да, әуелгіде ұстаз бен шәкірттің, үлкен мен кішінің арақатынасы сияқты болғаны күмәнсіз, бірақ олардың жас айырмашылығы да көп емес – төрт жас қана).

Михаэлис – Михайлов саяси сабак беруден бастайды. Абайдың тоңмойын қызметкерлер жөніндегі ызаланып айтқан сөзі оған үнайды, ал Абай ызаланып қана қоймайды, патшаның есірік адамдарының өз отандас-

тарына жасаған қайырусыз зорлығына батыл қарсы тұрады: жаңағы кітапханада болған кездесудің алдындағана Абай орыс төрөнін көмегімен (Лосовский) одан гөрі төменірек басқа бір орыс бастықтың, Кошкин ныспылы барып тұрған басбұзар онбаған бастықсымақтың бір топ қазаққа жасаған зорлығынан оларды арашалап қалған болатын. Михайлов осы оқиғадан хабардар болғанда Абайдың атын бірінші рет естіген.

“ – Сіз шенеуніктердің біздің Ресей халқының бүгінгі тарихы мен тіршілігіндегі зиянды, сорақы топ екендігін білмейсіз ғой. Ол қауым сонау Петербургтен бастап, сіздің Семейпалат үйезіне шейін тегіс, бірқалыпқа соққандай! – деп Михайлов қолын бір сілтеді. – Сіз оларды өздерінің ісінен ғана түгел танып болмайсыз. Қайта-қайта Кошкинмен ұстасып келіп, әр жолда бір ай, жарым айдай абақтыда отырып, олардың мінезін біліп ұлгеру аса ұзақ михнат жолы болады”

Ие, Абайдың ызалануы өте орынды, алайда (деп өрістетті Михайлов өз ойын) шенеуніктердің бірі жақсы, бірі жаман деп ойлауы бекершілік – бұлардың бәрі бірдей азғын тобыр.

(“Иә, Кошкин жаман болғанымен, Лосовский жақсы дейсіз, Кошкиндер аз болып, ұлықтар тек Лосовскийлердей болса, барлық іс әділетпен жүрер еді дейсіз, ә!? Мен сізге Лосовский сияқты кісінін ондай әдетін жұрт жұмысы үшін пайдаландыңыз демеймін, пайдаланыңыз да, бірақ оның анық шынын біліп те жүрініз деймін... Лосовский – көп шенеунік ішіндегі ақ қарға... түсінің құтығына қарап, оны қарға емес, қасиетті құс деп ойламаңыз, сыртымен көзді алдағанымен ол да қарға...”).

Бұл сияқты ақылды Абайға ауып келген басқа да саяси қылмыстылар айтқан болар. Қалай болғанда да, жыл сайын бірнеше ай уақытын Семейде өткізе жүре, Абай бұлардың тобына жақындей түсті. Жалпы алғанда, бұлардың барлығының пейілі бірыңғай – халық ісіне шексіз, біржола берілген жандар (бәлкім, оларды тым біржақты түсінген кездері де бар шығар). Көшедегі ұрыстарда жеңіліс тапқаннан кейін, олар өздерінің барлық құш-қабілеттерін қоғамдық-ағартушылық жұмысқа арнаған. Бұл жолы да дәйектілікті былай қоя тұрып, кейбіреулерінің атын атап айтқан жөн болар.

Семейдегі қазақ-орыс гарнizonын басқарған армия офицерінің баласы Александр Леонтьевтің болашак мансабы әскери қызмет сияқты көрінеді. Қалай болғанда да, ол Паж корпусын бітіргеннен кейін, Петербург университетінің заң факультетіне түседі де, студенттердің толқуына қатысқаны үшін оқудан күйлады; одан әрі – Петропавел қамалында тұтқында жатқан саяси қылмыстылармен жасырын байланыс жасады деген айыппен бес жыл Батыс Сібірге айдалған (сол Михаэлиспен бірге бірінші кезекте). Біз алдағы уақытта жақынырақ танысатын Американың саяхатшы журналисті Джордж Кеннан оны былай деп суреттейді: “... бет әлпеті тартымды жігіт, жиырма бестер шамасында, орта бойлыдан гөрі алласалау, сақал қойған, шашы ақшабдар, қоңыр көздерінде ойлылық бар, қоңқақ мұрын, иегі дөңгеленіп біткен. Түріне қарап тұрсан, ғылыми жұмысқа бейім сияқты көрінеді, егер мен оны Вашингтонда кездестірген болсам және сыртқы түріне қарап мамандығын айт десе, мен тегінде АҚШ-тағы геологиялық қызметпенен, Смитсон институтымен немесе Ұлттық мұражаймен байланысты болар дер едім” Семейге жер ауып келгендердің біразы Абай туралы осы Леонтьевтен естіген төрізді. Қалай болғанда да, ол Абаймен Михаэлистен бұрын танысқан.

Саратовтың немісі Александр Блэк ортақ тағдырмен Сібірге айдалғандардың ішіндегі ең жасы, солардың бәрінен кейін, 1880 жылдардың орта кезінде келген. Тіпті жас бозбала кезінде “Народная воля” ұйымымен байланысты жасырын үйірмелердің жұмысына қатынасқан, содан кейін біраз жыл Петербург университетінің заң факультетінде оқып, бұлдіргіш әрекеттері үшін Семейге айдалған. Мұнда келгеннен кейін Михаэлиспен бірге Статистикалық комитетте қызмет істейді де, сонынан Михаэлистің ізімен Өскеменге ауысады, онда да әртүрлі қоғамдық бастамаларға белсene қатынасады.

Северин Гросс та сол университеттің сол факультетін бітірді. Содан кейін ол астанадағы округтік сотқа қызметкө тұрды да, Конидің өзінің көзіне тұсті, бірак ол үшін бостандық жолындағы күрес басты шаруа болып қала берді: астыртын жұмыспен айналысты да, өуелі Есілге, одан кейін Семейге жер аударылды. Онда барғаннан кейін, алғашқы кезде судья Маковецкийдің қарамағында хат

көшіруші, одан кейін хатшы, ал ақырында Статистика комитетінде қызметші болып істейді. “Семипалатинский листок” газетінің 1905 жылғы 25 қарашадағы нөмірінде мынадай хабар жарияланған: “80-жылдары Маковецкий мен Михаэлистиң (ол Абайдың мінез-құлқы мен біліміне орасан зор әсер еткен адам) редакциясымен жарық көрген “Қазақтардың зандық дәстүрлері” деген кітапшасына материал жинап жүрген саяси құғындағы Северин Гросспен танысады. Екеуі де қырдағы Абайдың үйінде қонақ болады, оны орыс әдебиетімен таныстырады”. Жоғарыда айтылған Кеннан Гросстың (айтпақшы, ол Адольф Янушкевичтің жақын досы болған) сөз жүзінде әсерлі суретін жасап кеткен: “бұл отыздар шамасындағы қияпты, ақшабдар шашы, ұзын қылып есірген сақалмұрты бар, көгілдір көзді, бет-әлпеті жөндем жігіт екен. Сөзі ширақ, дауыс ырғағын құбылтып, бір нәрсеге таңданса немесе сөйлеп отырғанда әлдене ұнамай қалса, көзін бадырайта сөйлейді. Екі жігіттің екеуінде де (екіншісі – Александр Блэк – *H. A.*) ғылыми дәреже бар, екеуі де французша және немісше сөйлейді, ал Блэк мырза ағылшынша да оқып отырды; екеуі де саяси экономиямен шұғылданады, екеуін де профессор деп батыл айтуға болатын... Байсалды, білімді, ойшыл адамдар, мұндай кісілерді отан игілігі үшін мемлекет қызметіне пайдаланудың орнына монғолмен шекаралас Сібірдің бір түкпіріне айдал жіберсе, мемлекеттің өзіне зиян).

Ал осыдан кейін, ақырында, тағы да Мұхтар Әуезовке іштей алғыс айтып, сол кісінің айтқанымен жүре береміз де, ағартушы және медик, тетрапарияның екі кітабындағы Федор Павловтың прототипі Нифонт Долгополовқа ұшырасамыз. Бұл да тегін адам емес, бәлкім, Батыс Сібірге айдалып келгендердің ішіндегі ең жарқын тұлғалысы осы кісі болса керек. 1879 жылы “студенттердің тәртіп-сіздігіне” қатынасқаны үшін Харьков университетінен шығарылған да, бір жылдан кейін Сібірге айдалып, ақырағында, Семейге келеді де, Абаймен танысады. Соның жалғасы ретінде Құнанбай карттың аулына барып, денсаулығының нашарлығы себепті “қымыз ішіп, таза ауа жүту үшін” сонда жиі келіп тұратын болған.

Айдалу мерзімі біткеннен кейін (жақадан таққа отырған III Александр патшаға ант беруден бас тартқаны үшін сол

мерзімі бұрынғыдан да ұзартылған) Долгополов Ресейдің орталығына қайтады. Ясная Полянадағы Толстойға барып тұрады, Нижегородтың бір ауруханасында істеп жүргенде Чеховпен, Короленкомен кездеседі, ал Горькиймен тіпті жақын араласады, сонымен бірлесіп жергілікті пролетарлар арасында үгіт жұмысын жүргізеді. Соның салдарынан тағы да жер аударылып, бұл жолы Астраханъға айдалады. Содан кейін Нифонт Иванович эсерлер партиясының атынан Думаға депутат болып та үлгереді, бірақ көп ұзамай саяси жұмыстан біржола аулақтап, қалған уақытын және бойында сақтаған күш-қуатын медицинаға арнайды. 1922 жылы алпыс бес жасында, бөртпе сұзектен қайтыс болады.

1870 жылдары және одан кейін де, Абайдың айналасында болған және оның алдынан кең дүниенің терезесін ашқан адамдар ортасы осындей. Тіпті қөлденеңнен келген және өзі сезімтал да емес жаңағы Кеннанның өзі де Сібірден жолдаған хатында әйеліне былай деп жазады: “Солардың ішінде өте күшті, ізгі мінезді және қаһарман тұлғалар да бар, ондай тұлғаларды кейде рыцарлық романдардан ғана оқисың, әдеттегі өмірде ондайлар тіпті сирек кездеседі. Мен солармен кездескен сайын біртүрлі жігерленіп, көтеріңкі көңілмен қайтамын да, сағаттар бойы ұйықтай алмай жатамын... Алты айдың ішінде айдалып келгендердің арасында жақын дос болып кеткен адамдарым тіпті көп, мұның алдындағы он жылға қарағанда мына адамдардың жан дүниесі маған әлдеқайда жақын көрінеді”

Ал енді жас Абайдың ақындық жанын – естен шығармайық, ол кезде оның жасы жиырма бесте ғана болатын, – жаңағы батырларымыз тебірентуге тиіс еді – шындығында да түбегейлі тебірентті. Сондықтан да Абай олардың сөзін жүрек лұпілімен қарсы алып, айтқан кесімді пікірлеріне сеніммен қараса, оған таңдануға болмайды. Мұхтар Әуезов Михайловпен алғаш рет кездесудің сонында Михайловтың жаңа көрген, аңқаулау мейманының кейбір тұманды ойларын сейілтуге барынша тырысқанын асқан психологиялық дәлдікпен суреттейді:

“Кенет Абай бұл сөзді тоłyқ түсінді. Бұрын естіп көрмеген қамқорлық ойды таңдана отырып, сүйсінеге тыңдады.

Өзіне осындай сенім көрсетіп, ішін аштыып отырған Михайловқа алғысы да бар еді.

– Сіз маған бұрын мен баспаған дүниенің шетін аштыңыз. Соншалық сенім көрсетіп аштыңыз. Мен мына мәжілісінде сабак алғандай болдым той! – деді”.

Шынында да, дәл осылай немесе осыған үқсас жағдай болып еді, Абай, бәлкім үй иесінің ақыл сөзін ғана естіп қойған жоқ, оның бүкіл жан дүниесіне тәнті болды. Біреудің сөзін тыңдалып отырғанын өзінде де оны іштей қабылдамауға болар, ал бірақ ішкі ойдың оты – тегеуріні күшті дәлел; міне сол дәлел жалғыз ауыз сөзбен, тіпті қарапайым “кенет” деген сөзбен жеткізіліп, Мұхтар Әуезов сол арқылы Абайдың ішкі дүниесін толық бере алған.

Ал ішкі дүниеге сәуле жалт етіп бір кірсе болды, оны саяси ағарту сөздерімен шектей алмайсың, орыс шенеуніктері туралы Михайлов оқыған лекцияның ішінде Салтыков-Щедрин деген жазушының аты аталып, оның кітаптарында “осынау тобырдың түп-тамырын түгел ашуға өрекет жасалғаны” зор әсер күшімен жеткізіліп еді.

Орыс әдебиеті – Абайдың алдынан Михаэлис ашып берген тұтас бір ел, – бұл, әрине азаматтық сезім шаттығынан әлдеқайда маңызды нәрсе (рас, бұл екеуінің бір-бірінен айырғысыз екеніне көп ұзамай көз айқын жеткізіледі). Пушкин мен Лермонтов туралы, Гоголь мен Толстой туралы, Салтыков-Щедрин мен Крылов туралы еліге әңгімелеген сол еді. Солардың тізімін жасап, кейбіреулерінің шығармасын өзінің кітапханасынан қолмақол берген де сол еді. Айталақ, осы есімдер – түгел болмаса да, көпшілігі туралы, – Абай бұрынырақ та естіген, бірақ ондағы күнгірт елес, жай дыбыс, белгісіз бейне ғана еді, – қазір соларға жан біткендей тұлғаланып, көзге айқын көрінгендей болды. Эрине, Евгений Петровичтің оқырмандық көзбен көруі өз алдына, ол талассыз да болмас, оған Абайдың көзі кейінірек жетеді. Бірақ ол келесі, кейінгі жасалған қадам болатын.

Абайдың ауылға қарағай екінші бір қайтарында ұстазы мұны тағы да үйіне шақырып, бірден кабинетіне ертіп кіргенде, білімнің әр саласына, жалпы тарихқа, сондай-ақ Европаның географиясы мен тарихына арналған үлкен бір топ кітаптарды көрді. Мұны Абай таяу бір жылдың ішінде

оқып шығуға тиісті екен. Осыған жалғас өрістеген әңгімеде Евгений Петрович ислам мәдениетімен де, Шығыстың ақындық классикасымен де, тіпті қазақтардың өз тарихымен де бірқыдыру таныс екендігін аңғартты. Бәлкім, солар жөніндегі пікірі пәлендей терен де болмас, одан гөрі жалпы мағлұмат беру ретінде болар, бірақ Абайға оның бәрі бір бәс еді. Шынына келгенде, оның алдынан кітап әлемі, дәлірек айтқанда, адамзат тарихы түнғыш рет және толымды түрде ашылған.

“Бұғін сіз маған ерекше бір қадірлі сипатта танылдыңыз, Евгений Петрович! Мен сізді тек орыс халқындағы өнердің ойы мен тілі деп біліп едім. Өзімді бөлек бір өлкенің, сізден алыс жатқан сахара келгіні деп біліп ем. Ал қазір сіз, бейне бір мені қолымнан жетелеп, биік бел үстіне шығарып тұрсыз. Бар замандардың, бар халықтардың коныс-қонысын, өріс-жайылсын көрсеттіңіз. Алыстан болса да, бар адам баласын тұтас бір тайпадай аңғарттыңыз. Енді баксам, дүниелік білімнен сырт жатқан халық жоқ сияқты ғой. Өзімді қазақ баласы ғана емес деп сезінгендегі бір қуанышта тұрмын. Осы менің үлкен олжам болса керек! – деді”¹

Бұл жерде, әрине, роман кейіпкері ретіндегі Абай шын өмірдегі Абайдың рухани даму дәрежесінен едәуір ілгері кетіп отыр. Айталық, бұл да ілгері қарай жылжыды, жанжағынан бірдей толысып, тіпті ілгері кетті, бір күні бір айға, бір айы бір жылға татырлық тәрізді. Бірақ қаншама мазмұнды болса да, бір жолғы әңгіме санасы мейлінше сергек адамның ақыл-ойында да дүние бейнесін дәл бұлай өзгертіп жібере алмас.

Несі бар, суреткөр тілі – бейнелі, оның өз құқығы өзінде, оған ешкім қол сұғып араласа алмайды.

Солай бола тұрса да, жиырма тоғыз жастағы орыс адамының сезін жиырма бес жастағы қазақ естігенде қаншалықты тебіренгендігін мен әбден түсінемін: Шығыстың данышпаны Батыстың данышпанын терен түсінген жағдайда, ол өзін-өзі де айқынырақ ұғынады екен. Абай әл-Фазали мен Ибн Рушдты бұрын да білген, бірақ

¹ Автор кейіпкер Абайдың осы сезідерінің орысша аудармасы сол тілді жаңа иеріп жүрген адамның бейнелеп сөйлеу арқылы өте шебер жеткізілгенін ризалық сезіммен ескертіп айтады. Соның аяғында қазактардың мәнерлелеп сөйлеу шеберлігін ерекше атап көрсетеді. – Ж.Ы.

олардың Аристотель мен Платонды соншалықты терең игергенін, сөйтіп, солардың идеялары, күдіктері, олжалары өз саналарында соншалықты тебіреніс туғызығанын білген жоқ еді. Адамзаттың жетекшілері ата-тексіз кіслер емес, олар да өзгелер сияқты, өз халқымен, өз заманымен байланысты болған, бірақ бұл, кейінректе Герман Гессенің өз отандасы (және Абайдың ең сүйікті ақындарының бірі) Гёте туралы айтқанында, “...ақыл-ойдың, ішкі бостандықтың және интеллектуалдық ұжданның интернационалдық әлеміндегі азаматтар мен патриоттар өздерінің аса бір асқақ шарықтап биікке көтерілген сәттерінде халықтар тағдырын бір-бірінен жеке-дара емес, бүкіл әлемдік тұтастыққа бағыныштылық күйінде көреді...”

Евгений Петрович Михаэлис Абайға осы тұтастықты мейлі тереңіне бойламай-ақ, болашағына көз жүгіртпей-ақ көрсетсін, бірақ оның көзін ілгері қарай бағыттады, әрине, осының өзі де оның аса зор еңбегі еді. Абайдың – және онымен бірге біздің де – алғысымызға ол әбден лайық.

Алайда ақын әлі де ілгері қарай жылжуға, бүкіләлемдік су айдынында жападан жалғыз жүзуге, оның ағынымен біресе олай, біресе былай бұлтаруға тиісті еді. Бүкіл әлемдік дегенде, ең алдымен орыс әлемінде.

...Абайдың Семейге кезекті бір келуі уақыт жағынан Александр патшаның өлтірілуімен тұспа-тұс болған; сонда алғашқы кездесудің өзінде-ақ Михаэлис оған бұдан бұрын да болған қастандықтар туралы, Каракозовтың оқ атуы туралы әңгімелеген; жалпы алғанда, декабристерден бастап халықшылдарға дейінгі азаттық қозғалысының конспектісін жасап бергендей болған. Міне сондағы әңгіменің көрнекі түйіні мынадай еді:

– Есіңізде болсын, бәрі де аз нәрседен басталады, сонсоң өз жолымен кете береді. Бұл жерде төзім керек! Содан соң оқу керек. Оқу үстіне оқу керек, қандай кедергі тұрса да! Сіздің балаларыңызға, Ибраһим, мен тек осыны ғана: окуды тілер едім! Және орысша оқу керек. Содан алған білімді халыққа жеткізу қажет. Қолында жалғыз-ақ шам болсын, шырағдан ба, маздаған шам ба, бәрібір, әйтеуір қырға білім жеткізу керек. Сіздің халқыңыз – ғажайып ақын халық. Және саз өнерін жақсы көреді. Сұлу сөзге, қанатты нақылдарға әуес, шешендікті бағалай біледі. Ендеше, қай-

қайсыныздың да алдымен игерген бойда дастан, ән, күй арқылы соларды халыққа жеткізулеріңіз керек. Егер сіздердің ақындарыңыз өз шығармаларын қоғамдық өзекке құрып, сол арқылы халықтың тілек-арманын, қам-қарекетін жеткізсе, онды болар еді. Сізге айта кетейін, бұл сияқты идеялар біздің қоғамда жазушылардың кітаптары арқылы таратылды. Ал сіздерде әзірше кітап жоқ, бірақ ақындар бар, халық сүйетін ақындық шығармашылық бар, міне, сол шығармалар арқылы халықтың санасын ояту керек.

Соңғы айтылған бірнеше ауыз сөздерді (мен оларды, әдеттегідей, Мұхтар Әуезовтің романы бойынша келтірдім) курсивпен бөліп көрсетсө де болғандай еді, – бұл, әлбетте, түспалдап айтылғанмен, – орыс революциялық демократиясы эстетикасының өнердің тәрбиелік рөлі жөніндегі айқын нұсқауы болатын, ал бірақ сөздің шынтуайтына келгенде, олардың туларында айқын жазылған ұрандарды көтергенде, өнердің оларды өлтіріп тастамауы үшін, кісіде Писаревтің қуатты әдеби-сыншылдық дарыны, Добролюбовтың тамаша талғамы, Чернышевскийдің публицистикалық құштарлығы болуы керек те, қалай дегенмен де “Базаров” пен “Орыс сөз өнерінің бақтарындағы серуен”, “Орыс әдебиетінің дамуындағы халықтық сипаттың қатысу дәрежесі туралы” және “Қараңғы қапастағы жарқ еткен сәуле”, “Орыс әдебиетіндегі Гоголь дәуірінің очерктері” мен “Rendez-vous-дегі орыс адамы” тәрізді макалаларды жазу керек. Келтірілген дәлелдермен келіспеуге болады, ал бірақ стильмен таласа алмайсың. Рас, Абайға халықтың идеялық көсемдерінің және, ең алдымен, өзі ылғи да атын қызу жігермен атайдын Чернышевскийдің шығармаларын қайта-қайта ұсынғанда, сірө, Евгений Петрович стиль жөнінде онша көп ойланбаған сияқты. Ол идеяға қызмет етті және жасы кіші досын сол қызметтің қызығына әуестендіргісі келген. Өнердің пайдасы жөніндегі өз уағыздарында Михаэлис кіршіксіз адал, ол өзінің айтқан сөздеріне қалтқысыз сенеді. Бірақ оған құдайшылдықтың үшқыны анық жетпей жатады.

Бұл Абайды секем алдыруға тиіс еді. Шынында да секем алдырып жүрген, бірақ ол Евгений Петрович сөздерінің дүрыстығына зәредей де күмәндылық сөз айтып көрген

жоқ. Бірақ ағартушыға ризалығын айтуға келгенде қаншама тартынбаса да, Абай ешқашан жалған сөйлеп көрген емес, оның үстіне өлең жолдары да бар, ал ақын сөзі – шындықтың тұрған жері.

О, пәлі, қазақ халқының аныздары мен әндерінен сусындал, классикалық Шығыстың көркемдік дәстүрлөрінде есейген адам, қазіргі тілмен айтқанда, әдебиеттің қызметтік сипаты жөніндегі ой-пікірлерді ынталы ықыласпен қабылдайтын. Ал енді орыс кітаптарын оқығанда, Абай рухы өзінің бір туыстарын көргендей болады, өйткені Ресейдегі әдебиет, жұртқа мәлім, тек әдебиет қана емес, сонымен бірге жетімдердің, қорланғандар мен жәбірленгендердің қорғанышы болды, сондай-ақ философиясы, тарихы, тіпті юриспруденциясы қызметін де атқарды. Қысқасы – рух, ағартушылық және бостандық патшалығы.

Бәрі солай. Дегенмен, мұны Некрасовтың ақындық жөніндегі қисыны ойландырмай қоймайды. Михаэлис Абайға оның өлеңдері жөнінде де айтқан (бірақ сонымен бірге “Современник” туралы және, әлбетте, оның сын бөлімі жайында да әңгімелеуді ұмытпаған). Солай бола тұра, “Қызыл шұнақ аяз” деген нәрсені жазған адамның мінбеден айтылған сөздерге сенетініне мұны иландыра алмаған. Азаматтық қызмет – аса маңызды іс, ал енді ақын бола алмасаң – болмай-ақ қой. Пушкиннің жайы басқаша. Поэзия адамгершіліктен жоғары (азаматтықтан да) немесе жұмсартып айтқанда, оның мәнісі бөлек. Ал шындығында, Пушкинді қаншама жақсы көргенімен, Евгений Петрович Михаэлис мұндай көзқарасқа қосылmas еді: “Арнайық, досым туған елге...” немесе “Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім...” Несі бар, өзімізге өзіміз тағы бір ескерте кетейік: Жұмбақты өзіміздің шешуімізге тұра келеді, өйткені үнемі өздігінен шешіле беретін түйінді бізге ешкім де шешіп бермейді.

Танысу – қарсы қадам басу деген сөз. Орыстың Даласына қарай Қыр елі ғана ұмтылған жоқ, сол Даланың өзі Қырдың кең жазирасынан көз алмай қарап отырды. Сонда оған қастық ойлаған жоқ, империя сияқты оны

отарлап алғысы келген жоқ, – ондай зорлықтар мәдениетке жат, – дәл жаңағы айтқандай, көз тігіп қарады, таянып келді, дауыстап үн қатты. Дәл осы тұста, осы кітаптың бас жағында айтылғандай алғашқы кездегі, пионерлік кезеңдегі, орыс әдебиеті қөшпелі қазақ әлеміне жана-жана кіре бастаған уақытта шыққан кітаптарға жақынырақ көз тіккен жөн.

1831 жылы “Литературная газетаның” редакторы А.А.Дельвиг тарихшы және этнолог А.И.Левшиннің “Қазақ жүздері мен өлкелерінің сипаттамасы” деген тақырыппен үш томдық шығармаларының жарыққа шыққалы жатқанын аса зор сезіммен құттықтаған еді: “Қадірменді автор қазақ даласында ұзақ саяхат шегіп, сол далада көшіп жүрген халық туралы сан алуан мәліметтер жинаған... Автордың ықыласты сенімі арқылы біз оның шығармасымен ішінара таныстық: оның қолжазбасы біраз уақыт біздің қарауымызда болды, сондықтан біз: бұл сияқты ғылыми ізденістерге өте бай, шығарма иесінің таңдаған пәніне соншалықты ыждағаттылығымен, тілекtes көзқарасымен және де соншалықты жатық, тартымды сөз саптауымен ерекшеленетін кітаптар бізде сирек басылады деп батыл айта аламыз”

Шынтуайтында, бұл еңбекті Пушкин де қолына ұстап көрген тәрізді, өйткені оның “Литературная газетамен” тығыз байланыста болғаны белгілі. Ал енді ол Иван Липрандидің айтуына қарағанда, кітап авторымен анық кездескен – Левшин онымен Бессарабияда айдауда жүргендеге, Одессада танысқан. Сондықтан, тегінде, Пушкин арада бірнеше жыл өткеннен кейін, қасына Владимир Дальді ертіп, Пугачев көтерілісінің ізімен саяхат шеккен кезде, оны жылы сөзбен еске алған болуға тиіс.

Әлбетте, Орынбор даласы да, одан да бетер қазак далалары, болашақтағы “Жанды орыс тілінің мағыналық сөздігі” авторының тағдырында қасындағы ұлы серігінің шығармашылығынан гөрі әлдекайда маңызды рөл атқарған болса керек. Ол кісі мықтағанда жол-жөнекей немесе тіпті сөз арасында “Капитан қызында” еске алуы мүмкін: онда Гринев қазақ даласымен дәл шекарада, бір ескі қамалға келгенде, “Пугачевтің оқиғасында” еске алатыны бар. Ал Дальдің ол өлкедегі тағдыры он жыл бойы Орынбор генерал-губернаторының жанындағы ерекше тапсыр-

маларды орындастын шенеунік қызметін атқарып жүргенде өткен; ол сондай-ақ Исатай Тайманов пен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің оқиғаларымен де бірсыңырғы таныс болған және солардың кейбіреуіне тікелей қатынасқан да. Олай дейтініміз – көтеріліс басшылары жергілікті халықтың наразылығын туғызған нақты себептерді тексеру үшін, Петербургтегі өкімет орындарынан әділ шенеуніктер жіберуді өтінген, сол орайда мұнда Владимир Иванович Даңдің келуі әбден ықтимал. Сол кезде ол қазақтың фольклорын жинауға кіріскең, қазақ тілін үйрене бастаған және Қыр халқының тұрмысы жөнінде бірнеше көркем шығармалар жазған, солардың ішіндегі көбірек белгілі болған шығармасы – “Бекей мен Мәулене” хикаяты.

Жалпы алғанда, Даңь біраз уақыт орыс прозаиктерінің ішінде көбірек үміт күттірерлік жазушылардың бірі деп есептелген, жаңа жаза бастаған Белинский оны Гогольден кейінгі екінші орынға қойған да, кейін салқын тартқан. Мәселенің мәнісі мынада: ұсақ нәрселерді өте байқағыш, табиғат көрінісі мен адамдардың әдет-ғұрпын бейнелеуге шебер жас автордың көзқарасы солардың рухани әлемін суреттеуге келгенде тоқырап қалатын болған. Даңь өмір шындығын бағалаған, бірақ оның көркемдік шындықтан айырмашылығын жете түсінбеген. Бұл ретте оның Жуковскийге жазған хаты айқын дәлел болады: ол барынша мәймәңке сөздер айтқанымен, көшпелі халықтың өмірі жөнінде романтикалық баллада жазу үшін қазақтың халықтық өнерінің ұлгілерін жіберу жөніндегі ақынның етінішін орындаған. Сондагы дәлелі мынадай:

“Мен сізге осындағы жергілікті халықтың ойлары мен балладаларына негіз боларлық мағлұмат жіберемін деп уәде еткен едім... Мен сіз кеткеннен кейінгі уақытта бұл уәдемді, бәлкім, бір қун де естен шығармаған сияқтымын, сөйте тұрып сізді алдадым. Оның себебі мынадай, төрелігін өзініз айтыңыз: әңгімеде жергілікті жердің тұртұсін беру қажет, халықтың тұрмысы мен өмірін білу қажет – соның көлеңкесі мен жарық сәулесі айқын болуы үшін ұсақ-түйек қарым-қатынастар мен жайттарды білу керек; онсыз сіздің енбегіңіздің жарым-жартысы далаға кетеді; ондай поэманды башқұрттікі деп те, қазақтікі деп те, Оралдікі деп те атаяға болар, бірақ ол, әрине, біріншісі

де, екіншісі де, үшіншісі де бола алмайды. Ал осының барлығын мен хат түрінде қалайша жеткізуім керек? Бірнеше рет бастадым, ұзын-сонар хикая болып шықты, ал бірақ солардың ішінде сізге пайдалысы және жарамдысы, тіпті жеткіліксіз болуы мүмкін: Сіз өзініз салған суретті менің өлшеміме сыйғыза алмайсыз, ал өзімнің өлшемім болмаса, мен де ештеңе жаза алмас едім!.. Мүмкін мен қателесермін, мүмкін, мені халықтық деген ұфым билеп кеткен шығар, бірақ, құдай ақына, мен бұл істі шала-пұла істей алмаймын, егер ісімнің бір жері жеткіліксіз немесе теріс болса, мен мұны өзімे кешіре алмас едім; Сіздің өлең жолдарыңызбен мазмұны құнды және айқын нәрселерді ғана өндеген жөн... Сізге деген жан жүргімнің құрметімен және аса терең қадірменді сезіммен, сізге өле-өлгенше адаптация шын берілген күйде қалатын: В.Даль”

Ие, Владимир Ивановичтің жазушылығы Григоровичтен кем болған жоқ. Белинскийдің оны сонымен салыстыруы тегін емес еді, ал шындығында ол орташа ғана жазушы болды. Солай бола тұра, Даһьдің қазақ даласының тұрмысымен байланысты болған хикаяттары, әңгімелері, очерктері, мемуарлық жазбалары өздерінің тиісті рөлдерін атқарды: қатаң талаппен дәлме-дәл жазылған ол шығармаларында ешқандай экзотика жоқ, олар орыс өкірманының алдынан мұлде бейтаныс, өз өмірлеріне ұқсамайтын, бәлкім, сол себептен де жұмбақты болып көрінетін жаңа бір өлемді ашты.

“Капитан қызында” Жайықтың құлама жар қабақты жағасынан арғы бетте жазылып жатқан қазақ даласы туралы жол-жөнекей ғана айтылады. Белогор қамалында өткен жиырма екі жыл өмірінде Василиса Егоровна Миронова “башқұрттар мен қазақтарды” аз көрген жоқ. Ал енді Даһьдің қарапайым беллетристикалық тәжірибесін Пушкин хикаятымен қатар атая ынғайсыз-ақ, ондағы суреттегі түрғындар да тым бедерсіз. Мейлі суреттеуінің қөлемі де шағын болсын, бірақ онда Никита Муравьевтің “Қырғыз тұтқыны” атты поэмасындағыдай жалған романтикалық сөзуарлық жоқ, және, сондай-ақ, бүрнағы ғасырдың 30-жылдарында ауызға өтеп көп алынған Фаддей Булгариннің “Иван Иванович Выжигин” атты романындағыдай бір шақырым жерден атойлап тұратын империялық меммендік тіпті кездеспейді. Ондағы

көшпелілер мейлінше жабайы, надан тобыр ретінде, ал орыстар ізгілік пен инабаттылықтың анық бейнесі болып суреттеледі. Сонда қалай, жоғарыда айтылған пікірлерге қарама-қарсы, мемлекеттің тетігі ғана емес, әдебиеттің өзі де отарлау саясатының құралы болып шыққаны ма? Кейде мұндай нәрселер жай ғана бүрмалау болып көрінуі мүмкін, өйткені “Выжигин” сияқты кітаптар сырттай ғана әдебиет болып көрінуі мүмкін, ал шындығында өкімет билігінің әдеби малайлары болып шығады. Бұл – әртүрлі нәрселер.

Сезімталдық жалғандыққа қарай ойыса беретіндігіне және сюжеттік желілерінің кейбір шытырмандығына қарамастан, біrsызыра танымдық құндылығы бар шығарма – Василий Ушаковтың “Қырғыз-қайсақ” (“Қазақ” деп ұғу керек” – Ж. І.) атты хикаяты, оны 1830 жылы К.Полевой “Московский телеграфта” бастырып шығарған. “Бекей мен Мәуленедегі” сияқты, мұнда да қалың қабатты материалдық нақтылық (Ушаковтың Дағыдан бір айырмашылығы – ол қыр елінде ешуақытта болмаған), көшпелі тұрмысты бейнелеуде дәлдік және, ең бастысы, ескі ұғымдардан адалық, шыққан тегі мен тұрган мекеніне қарамастан, адамның бойынан адамды көре білу талабы бар. Оның үстінен, “қырғыз-қайсақ” Виктор Славин көшпелі елдегі қазақ әйелінен туған, шешесі жана туған сәби кезінде оны аштықтың зардабынан орысқа сатып жіберуге мәжбүр болған, өсе келе ол 1828-1829 жылдардағы Орыс-түрік соғысының ержүрек қаһарман офицері болумен қатар, өзінің адамгершілік қасиеттері жағынан Мәскеудің сырты жылтыр, жүргегі суық аксүйектерінен анағұрлым биік тұрады (оларды бейнелеуде таяуда ғана жарық көрген “Ақылдың азабындағы” Грибоедов қаламының еміс-еміс табы сезіледі және оның үстінен Ушаков сол комедияның авторымен таныс болған). Мениң ойымша, бұл кейіпкерден көп ұзамай Ресей көкжиегінде пайда болатын Шоқан Үәлихановтың бейнесі елес беретін тәрізді. Тіпті, шығарма авторының суреттеуіне қарағанда, қырғыз-қайсақтың сыртқы бет-әлпетінің өзінде Шоқанның сұлу қияптына кереметтей үқастық болған.

Көп ұзамай Дағы мен Ушаков хикаяттарының алғашқысы француз, екіншісі неміс тіліне аударылады, сөйтіп Батыс Еуропаның алдынан экзотикасы мен жұмбақтығы Ресейдегіден де молдау бір дүние ашылғандай болып

көрінеді. Ал “Қырғыз-қайсақ”, Берлинде премьерасының қойылған мерзіміне және басқа бір өмірбаяндық жағдайларына қарағанда, қазақтар туралы неміс авторының қаламынан француз тілінде туған “Владимир мен Зара” поэмасының дүниеге келуіне себепкер болуы ғажап емес. Кейін қайта оралып жүрмес үшін, ол туралы осы тұста бірнеше сөз айта кетудің жөні бар. Айталақ, Абайдың өмірлік және шығармашылық тағдырына бұл поэманың тікелей қатынасы жоқ, алайда, Ресейдің, Европа мен көшпелі қазақ елінің өзара таныстығының жалпы аясына кіре отырып, Абайдың үлкен әдебиет өлеміне жақындасу тарихына өлдебір сөулесін түсіруі мүмкін ғой.

Ресейдің “Владимир мен Зараға” назар аударуы кенжелеп, XX ғасырдың 70-жылдары ғана байқалады: оны істеген – академик М.П.Алексеев. Поэманың жарыққа шығуының басты айналдыратын тарихын баяндаған да – сол кісі. Поэма алғаш рет 1836 жылы Парижде Клер Клермонт деген әйелдің атымен басылып шығады. Ол заманындағы ең атақты адамдармен жақындығы болған романтикалық тағдырлы әйел болған. Ағылшынның атақты жазушысы және философы Уильям Годвиннің өгей қызы, оның туған қызы Мэридің тумаған сіңлісі. Кейін Мэри Шеллиге тұрмысқа шыққанда, сол үйде жүріп, Байронмен танысады да, соның ашынасы болады. Содан туған қызы Аллеграны Байрон өзімен бірге Италияға алып кетеді де, Равеннаның маңындағы бір гибадатхананың тәрбиесіне береді, ол қызы бес жасар кезінде сол жерде өліп қалады. Шелли содан кейін Жерорта теңізінде суға кетіп өледі, ал Байрон Грекияда қаза болады, ал Клер сол қайғылы 1824 жылы Мәскеуге кетеді де, бір ауқатты үйде гувернантка болып орналасады. Ол үзак өмір сүріп, сексен екі жасында Флоренцияда қайтыс болады. Соның қағаздарының арасынан Шеллидің жазулары мен өзінің күнделік жазбалары табылады. Солардың ішінде XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Англияның әдеби өмірі, карбонарий итальяндар, Грекиядағы көтеріліс, өзі екі жыл тұрған Мәскеудің жарқылдақ өмірі туралы қызықты мәліметтер бар екен. Бірақ мұрагатта “Владимир мен Зараның” қолжазбасы жоқ болып шығады және оның болуы мүмкін де емес еді.

Колжазбаның сыртындағы фамилия – тұпнұсқа, ал авторлығы – басқаша, өйткені шындығында поэманды жазған Клер Клермонттың мәскеулік танысы, Страсбург пасторының баласы Герман Христиан Гамбс, ол бір себеппен 1820 жылдардың басында Саратовтың бір түкпірінде (тура мағынасында) тұрып, өлдө тілден сабак береді, өлдө бір помещиктің отбасында губернер болып қызмет істейді, содан кейін Мәскеуге ауысады да, сонда Клер Клермонтпен танысады. Кейінірек Европаға қайтады, ал Герман бұрынғы “түкпіріне” қайта оралады. Академик Алексеевтің жорамалдауы бойынша, бұл барған жері Омбының маңайы болса керек.

Тегінде, поэма сол жерде жазылған болуы керек, толық аты “Владимир мен Зара немесе Қырғыздар” (“Қазақтар” деген мағынада – Ж.Ы.). Шығарманың поэтикалық құны онша емес. Ұзын-шұбақ өлеңмен қара сөз араласқан нұсқасы “Кавказ тұтқынынан” алынған сияқты. Белинский айтқандай, “қазақтың және басқалардың тұтқынына Пушкин кінәлы”. Кейде бұл сияқты тәуелділік тура анекдотқа айналып кететіні бар. 1818 жылғы орыс әдебиетінің шығармаларына шолу жасай келіп, Н.И.Полевой Муравьевтің бір поэмасын орынды түрде сықақ еткен: онда Федор деген қазақ-орыс қазақтың “тау қызына” айналып кеткен. Ие, солай, Пушкиндеңі жас шеркес қызының тұтқынға “тау әндерін, бақытты Грузия әндерін” айтатыны бар. Ал енді қырғыздардың (яғни қазақтардың) жазық далада тұратынын ұқыпты көшіруші ұмытып кеткен болар.

Ал “Клер Клермонтта” мұндай ұмытушылық кездеспейді, алайда, тұтас алғанда, поэманды стилистикасы – “үрейлі үн”, “үнсіз ауыз” – жалған романтикалық сантимент, ондайдың Францияда үндестік табуы ұзақ бола алмаған. Бұл кезде “Қызыл мен қара”, “Париж Құдай анасының соборы”, “Горио атай”, “Фасыр ұлының мінажаты” – әдебиеттің ауа райы осындай болып түрғанда, “Владимир мен Зара” сияқты дүниелер сөзсіз қара көлеңкеде қалуға тиіс. Дұрысын айтқанда, бұл кезде поэма орыс тілінде де ешкімге әсер етпес еді. Оның үстінене, В.М.Алексеевтің анықтағанындей, 1873 жылғы “Россика” каталогінде оның аты кездеспейді.

Бұдан жөні бөлек бір жайт, бүтіндей әдеби шарттылық бола тұра, дәстүрлі сюжеттік құрылымында (тұтқындағы орыс офицері мен хан қызының арасындағы махаббат) поэманың тарихи құжат ретінде белгілі бір құны болуы мүмкін немесе бұл әлі ойлап табылмаған фотокамераның дала пейжазын және дала әдет-ғұрыптарын бейнелеуі болып шықпақ. Бұл жерде жергілікті ерекшелік бар. Бұл жерде шын мәнінде жылқылар мен киіктедің жүруі, аспанда шын бүркіттер қалықтауы өбден мүмкін. Бұл жай әшекей емес, бұл өлеңнің мазмұны. Дұрысын айтқанда, бұл Христиан Гамбстың Мәскеулік бикешінің атын жамылдып суреттеп отырған ессіз құштарлық пен ымырасыз махаббат айқастарынан әлдекайда нанымды болып шығар еді.

Табиғаттың көктемдегі оянуы мен адамзат жастығының арасындағы ұқсастық жаңалық емес, бірақ көктемнің өзі айқын және анық бедерленген. Және М.В.Алексеев тапқырлықпен көрсеткен тағы бір жайт бар: поэма “екі жақтан қатар келген дәстүрді бір түйінге біріктірген: ол поэма Пушкинді ойлап отырып жазылған да, Францияда Байрон мен П.Б.Шеллидің жақын достары арқылы Францияда жарық көрген” Ал енді поэма авторының француз тілін өз ана тіліндей билетін неміс жазғанын және, оның үстіне, өлеңді сол тілде жазғанын еске түсірсек, онда XIX ғасырдың 30-жылдарындағы поэтикалық өмір сан алуан тасқындардың тоғысқан нұктесі және Гётенің пайғамбарлық мына бір сөзінің нақты дәлелі болып шығады; ал Гёте бұдан бес-алты жыл бұрын Эккерманмен әңгімede болашақта бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің келетінін болжап айтқан.

Осы тұста Абайға қайта оралған жөн болар: орыс әдебиетінің үйінде жайласып алғаннан кейін, ол өзі туған киіз үйде және өулеті бір Шығыста жаңаша тұрмыс құра бастайды.

Былай деп айтсақ асыра сөйлегендік болмас: орыстарды өзінің отандастарына ашқан нақ Абай болды – Ыбырай Алтынсарин Крыловтың бірнеше мысалдарын аударумен шектелді, ал Шоқан орыс әдебиетінің данышпанын және әсіресе Лермонтовты барынша жақсы көргенімен (бұл мағынада ол – Абайдың тікелей ізашары), ол сезімін

жерлестеріне жеткізе алмады, өзінің қысқа өмірінде өзімен бірге ала кетті.

Ақынды ақын біз сияқты оқымайды – өзгенің өлең жолдары мен өуендерін өзінің төл шығармасындаі оқиды, сөйтіп баяғыда шашырап кеткен сезімдерін қайта бастан кешеді, көмескі бейнелерді тірілтіп алады. Тіпті, құпия түрде, сонымен бірігіп кететін кездері жи болады. Осындаі бір кезеңді Мұхтар Әуезов өте тапқырлықпен іліп алып жеткізе білген.

Абай Пушкиннің томын бұған дейін қаншама рет актарса да, бұл жолғысы мұлде басқаша еді.

“Абай ойланған отырып, Татьянаңың хатына үңілді.

– Неткен айтқыш тіл! Тіл емес, жүректің лебі. Лұпілден соққан ырғағы. Қандай нәзік терендік! – деп отырып, кітап бетінен көзі тайқи берे:

“Фашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де ішпен біл..”

dedі.

Татьяна хатының ырғағы мен нәзік үніне өз жанынан үн қосқан бір жолдарды еске алды. Қыз бен жігіт шеріне қызыққаннан шыққан сарынның басы еді.

Абайдың өзінен өтіп бара жатқан дәурен. – Бірақ сол күнде де осындаі боп айтылған тілді естіп пе едім?” – деп біраз ойланып қалды. Осы сәтте көз алдына екі сөулетті жүз келді. Өз өмірінде әдейі бұған арнап, ағып түскен жұлдыздай болып елес берді. Бірі – жас жалынды Тоғжан жүзі, екіншісі – жалынын мұнды жаны жеңген Салтанат. Татьяна сөздерін кешелер аударып отырғанда, Абайдың көз алдына осы екі жан кезек келгендей. Жалындап сүйсе де, өмір ырқына сабырлы ақылмен амалсыз көнгендер. Осы Татьянадай болып, ғазиз бастарын тағдыр ноқтасына күйзеле жүріп көндірген жастар елестеген. Татьяна хатының ұзақ бойында, Абай ойынша олар, шері де қорғалап, ұялап орын тауып тұр... Естірлік, мұлгітерлік күй. – Ұғарлық, сергек жүрек болса, осыған шомып көрсеші. Осы улгі болар! Сезінетін жас табылар. Үлгі етіп көрсем нетер!” дейтін.

Тамаша! Поэзия, поэзия күйінде басқа бір шындық болып, сонымен бірге мына өмірдің өзіне қарай ауысады, соның топырағы мен тағдырына айналады.

Ие, тамаша, бірақ бір сұрақ туады: роман қаһарманы ретіндегі Абай өмірдегі Абайға, өзінің аттасына тең келе ала ма? Бұдан бұрынырақта, есте қалғаны, біз осындағы сұрақты қарт Құнанбайға орайластыра қойған едік те, көркем бейненің шындығы оның нақты фактіге алыс-жақын болу өлшеміне байланысты емес деп шешкен едік. Ие, солай, әрине, бұл әліппе дәрежесіндегі шындық, ал енді әңгіме “Абай жолы” атты роман-эпопея туралы болса, онда маған сонда жазылған сөзден басқа ешнәрсені білу қажет болмай қалады.

Ал бірақ басқа бір жайды білу керек – шындығында да Абай, көп адамдардың айтуынша, біреу жөнімен, енді біреу өз білдігімен жорамалдағанда: менің Пушкинім деп айтуға хақылы ма еді?

Бұл орайда Төлбасыға жүгіну жөн сияқты, мен солай істеймін, бірақ бір қолмен жасалған екі сурет бір-біріне мұлде ұқсамайтынын көремін. Мұхтар Әуезовтің романында Абай Пушкин ұғымына айналып кетеді де, ал сол автордың сыншылдық очеркінде оны өзіне айналдырып алады, ол тұрмақ, “Пушкинге зорлық жасайды”, сөйтеді де, ізінше кейіпкерінің рухани бейнесін түбегейлі өзгерту деп түсіндіреді. Өмірден тұнілген, қажыған, өзінің жастық қайраты мен дарынын жоғалтып алған, қысқаша айтқанда, “басы артық” адам “жаралы жолбарыс” күйінде көзге елестейді. Демек, оны құртқан – өзінің ортасы. “Евropa жағалауына келгенде, – деп жазады Мұхтар Әуезов, – Абай өзінің ауылы үшін де бір жаңалық тапсам деп ойлап еді, бірақ, уағадасыз Онегиннің бейнесі бұл ниетіне сай келмей қалды. Абайдың ойынша, ол өзгелер еліктейтіндей үлгілі жігіт болса керек еді. Сондықтан романын аяғында Пушкин мазақ етіп кеткен Онегинді бұл қолтығынан демеп, қолына пистолет ұстатады... Ал анау өзін-өзі атып өлтіреді”.

Бұл мақала 1934 жылы жазылып еді, ал арада жиырма жыл өткенде Мұхтар Әуезов бұдан өзгешерек жазды. Ие, “бұл тұстарында Абай Пушкиннен аударма жасамай, оның орнына Пушкиннің ізімен жаңа жайларды жырлап кетеді... Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма тұрасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше, өзгерек болған тәрізді. Жақын Шығыстың классикалық поэзиясында қолданылып жүрген “нәзира” жолын қолданған тәрізді” Мұндай жағдайда

түпнұсқа сюжеті тек негізге алынады да, “аудармашы” авторға атой салғандай болады. Рас, автор бұрынғы пікіріне сәл өзгеріс енгізіп, мынадай ескерту жасайды: “Пушкиннің данышпандық романының мазмұнын ақын тілімен қайталап жеткізгенде, орыс тіліндегі түпнұсқаны жөнсіз бүрмаламайды. Абай, Әрине, кейбір әдебиеттанушылар айтқандай, “өзінің” Онегинің, “өзінің” Татьянасын “жасаған” жоқ, Пушкин кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терендер кірді де, соларды қазақ оқырманының түсінігіне ыңғайлап “қайта жасады”.

Бірақ осы ескертуі, өз ойын дәлденкіреуі дұрыс па? “қайта жасау” мен “жөнсіз бүрмалаудың арасындағы айырмашылық” қандай? Егер шынтуайтына келетін болсақ, “шабыттана қайталап айту” да зорлықтың бір түрі фой. Оның үстіне еске алатын бір жайт, сілтеме жасалған соңғы үзінді журнал мақаласы емес, қазақ әдебиетінің академиялық тарихына арнап жазылған тараудан алынды, ал ондай басылымдардың өз стилі бар, онымен тіпті Мұхтар Әуезов сынды ғалымдардың өздері де санасуға мәжбүр болады.

Сонымен, Абай Пушкинді игерді ме, яғни нағыз ақындарғана бір-бірімен араласа алатын терендікке үңіліп кіре алды ма, әлде оны жайғана иемденіп отыр ма? Бірақ алдымен одан гөрі женілдеу басқа сұрақты қояйық: ол “Евгений Онегинді” аударды ма, әлде, Жуковскийдің “Селодагы зираты” мен “Людмиласы” сияқты, сол тақырыпта басқа бір нұсқасын жасады ма – өйткені мұның екеуі де, өздерінше, Грейдің аттас элегиясы мен Бюргердің “Ленора” дейтін балладасы сияқты, бір тақырыпта жазылған нұсқалар болатын.

Білмеймін. Тіпті Ұстаз бастаған мэтрлердің өздері де толқып, түпкілікті жауабын айтпаса, оны мен қайдан білемін?

Бір нөрсенің басы ашық: 1880 жылдардың орта кезінде, өзінің рухани және ақындық шабытының өрлеп тұрған шағында, Абай Пушкин романынан алты үзінді аударады: “Онегиннің сипаты” (“Жасынан түсін билеп, сыр бермеген...”);

“Татьянаның Онегинге жазған хаты” (“Амал жоқ, қайттім білдірмей...”);

“Онегиннің Татьянаға жауабы” (“Танғажайып бұл қалай хат...”);

“Онегин сөзі” (романның төртінші тарауындағы сол жолдардың екінші нұсқасы”;

“Онегиннің Татьянаға жазған хаты” (“Құп білемін, сізге жақпас...”);

“Татьяна сөзі” (“Тәнірі қосқан жар едің сен...”);

“Ленский сөзінен” (“Барасың қайда-қайда болмай маған...” – бұл жерде Абай аударумен шектелген, оның өзі де толық емес, небәрі бір-ақ шумақ).

Сөйтіп, Абай “Онегинді” эпистолярлық романға айналдырыды, бірақ Пушкинмен сөзбе-сөз әңгімеде өзінің еркіндігін жанрды өзгертумен шектеген жоқ. Байронның түрпатындағы “сүйкімді диалектик” – Онегин кетті – жандуниесінде тәжіриbesі жоқ, алды-артына қарамайтын ашықтықпен Татьяна да кетті.

Жаным ғашық асылым ең,
Жар есігін бермедің...

Кетті де, “михрабқа” (Онегиннің көз алдында), яғни мешіттегі молланың ғибрат айтатын жеріне айналды.

Бірақ мұнымен де іс біткен жоқ. “Орыс өмірінің энциклопедиясы”, XIX ғасырдың алғашқы отыз жылындағы астаналық және провинциялық орыс өмірінің бүкіл сан алуандығын, соның әдет-ғұрыптарымен, түр-түсімен, табиғат көрінісімен өз бойына емін-еркін сыйғызытын роман жанрының кеңістігі – міне осының бәрі қайда кетті? 1840 жылы Белинский “Евгений Онегин” туралы Боткинге былай деп шаттана хат жазған: “Дүниеге көзқарастың неткен шексіз байлығы, адамгершіліктің неткен ұлы тағылымы – осының бәрі қайда – біздің жеке өмірімізде – помещиктердің арасында” Бірақ сонымен бірге Евгений зерігіп жүретін “тамаша түкпір – деревня бар еді ғой – бұл Абайда жоқ, тек сүйіспеншілік новелласы ғана бар; рас, тамаша жазылған, сирек кездесетін ғажайып сазды өуенмен берілген – міне, бұл шын мағынасында түпнұсқаның дәрежесіне сай – мол ырғақпен, нәзік үндестікпен және тамылжыған өуезділікпен жазылған – бір сөзін түсінбесен де, осының бәрін құлағынмен естисін.

“... Соңғы бір-екі күн бойында Татьянаны ақын өз елінің тілінде сөйлете бастаған еді. Сөйлеген сайын Татьяна

майда қоңыр ұн тауып, бұл тілде де нәзік көркем күй толғап, ділмар жас шебер-шерлі бол барады. Қазір ұян, майда қызығ Пушкин жазғызыған хат пен өзі жаздырыған хатты салыстырады. Кей жерлері Пушкинше емес, қатаңдау. Бірақ ол окушының шалалығына амалсыздан берілген баж. Сонда да ұғынар ма!

Абайдың көз алдына Кекпай, Мұқалар келді. – Әй, мынадай сөзben мұнданған Татьянаны олар ұға ма екен!” – деп күдіктенеді”

Шамасы, бұл күдіктенуі бекер болған, Қыдырма әнши-өлеңшілердің кейбіреулері бұл өлеңдер мен солардың әндерін Абай жазды дегенді естіген, бірақ кейбіреулері мүлде білмейді. Ал Пушкиннің атын тіпті естімеген, бірақ оның өлеңдері кең жазира қазақ даласына шалғайлап тараң кеткен. Солардың көзі қаректы біреуі былай деп еске алады: “Шынымды айтайын, қартандау келген бір қазақ Татьянаның Онегинге жазған хатын өндөтіп айтып отырды... Мен содан: бұл өнді кім шығарған? – деп сұрадым. Әрине, ол білген жоқ. – Қайдан білейін, өздерінің бір өлеңшісі” шығарыпты дейді ғой, оны кім білген” – деді.

Қысқасы, турасын айтқанда, Татьяна әні бүкіл далаға тараған – Мұхтар Әуезовтің алғашқы өңгімесі дәл осылай аталған да, кейіннен роман-эпопеяның алып бәйтерегіне айналып кеткен.

Бұдан кейін жетпіс жыл өткенде, “Евгений Онегинді” ағылшын тіліне аударған Владимир Набоков соны баспаға берерде мынадай кіріспе сөз жазған: “Бұл – орыс өмірінің суреті” емес, бұл әрі кеткенде өткен ғасырдың екінші он жылдығында өмір сүрген орыстардың шағын бір тобының ғана өмірі; персонаждары көп-ақ, Европаның риторикалық прозасынан анық көшіріп алынған, сөйтіп, мәнерленген Ресейді ғана бейнелей алған; егер бұл суреттің француздан алынған жақтауын сыйырып тастап, ішіндегі ағылшын және неміс рөлдерін ойнап жүрген француздардан, суфлердің сөздерін орысша қайталап жүрген ерекк-әйел кейіпкерлерден арылтсақ, жаңағы суретіміз тас-талқан болып қирап қалар еді” Аудармашының айтуынша, “Онегиндегі” сорақылық – бірден-бір “Пушкин тілінің бұған дейін Ресейде ешкім естіп білмеген өлең-

шумақтарында жалт-жұлт етіп төгіліп тұрғандығы болса керек”.

Әлбетте, бұл жерде Набоков Белинскийге тиісіп отыр (өмір суретінен өмір энциклопедиясына дейін – жарты-ақ қадам), әлбетте, ол өзінің әдеті бойынша, көпшілікті қорлап, Татьяна орыс қызы емес деген өтірікке сендірмек, оның денесіне немістің немесе ағылшынның жанын енгізбек, бірақ қазіргі әңгіме ол туралы емес. Набоков романнан бір сорақылық табуға жанын салып бағады, бірақ ол әрекетінен өзі тайқып кетеді, сөйтіп, оқырманды қаралай адастырады: егер “Онегиндегі” басты нәрсе шын мәніндегі “жалт-жұлт етіп төгіліп тұрған тілі болса, онда не себепті Набоков өзі тілдің асқан шебері бола тұрып, романды неге қара сөзге айналдырған, неге оны жарым-жан еткен?

Шынтуайтқа келгенде, бұл – өз алдына жеке бір хикая, бұл жерде оны сөз қылып жату жөн болмас. Бір ғана таңданарлығы – Абай Пушкиннен дәл жаңағы Набоков сезінген және түсінген тілді өзінің туған тілінде жеткізуге барынша тырысқан болса, ал орыс тілін қазақтың данышпан ақынынан жақсырақ түсінетін Набоков оны мансұқтап сөйлейді.

Ендеше тағы сол тілге оралайық.

Абайдың “Евгений Онегинді” аудармағаны, меніше, түсінікті болды. Бірақ, бәлкім, ол одан гөрі зорырақ бір жұмыс тындырған болар: Пушкин бар байлығымен толымды етіп жеткізген тілдің ырғағын ешкім түсінбейтін Қыр еліне жеткізе білді, сөйтіп, ол жаңа бір орыс тілін жасады.

Пушкин, Белинскийдің сөзіне қарағанда, өзін де, өзінен бетер Чернышевскийді де өлердей жек көретін Набоковпен бір пікірде келісетін сияқты: ие, сол Пушкин – “сөздің толық мағынасындағы суреткер бола тұрып және мұның өзі оның ен басты, аса биік мәртебелі қасиеті бола тұрып, кемшілігіне де айналады еken, соның нәтижесінде ол қазіргі өмірден және оның мұдделерінен аулақтап кетеді-мыс” Ал арада бір жыл өткенде Белинский осы пікірін бұрынғыдан да анығырақ етіп қайталайды: “Пушкин – көбінесе суреткер. Оның өмірдегі мақсаты – Рус елінде өнер ретіндегі поэмалың идеясын жүзеге асыру болды”

Біздің есімізде, Евгений Петрович Абайға арнап орыс әдебиетінің тізімін жасағанда, әрдайым оған тек өлеңдер мен көркем қара сөзді ғана емес, солармен бірге публицистика мен әдеби сынды да қосып отырған. Олардың ішінде, әлбетте, бірінші орында Чернышевский тұрады, бірақ Белинскийдің есімі де салмақты және байсалды естілетін. Семейдің кітапханасында тентек Виссарионның кітаптарымен бірге оның мақалалары басылған журналдар да болатын, сондықтан, анық дерек жоқ болса да, Белинскийдің Пушкин туралы мақалаларын Абай оқыды-ау деп жорамалдауға қысын бар. Осындай ойға жетелейтін тағы бір себеп – “Евгений Онегиннің” аударылу сипаты, онда (әлбетте, аудармасында) Пушкин ең алдымен, суреткер ретінде танылады. Сол себептен де “орыс қызы Татьяна қазақ қыздарынан да өз мұндасын, өзімен тағдыры бір тұрғыластарын тауыпты. Тілі, тәрбиесі, тарихаты бөтен болса да, адам нәсілі көп тұста ойымен, күй-халімен, сезім жалындарымен, тағдырымен бір-біріне соншалық жақын-ау! Мынау әнші, ақын қазақ жасына соны баян еткелі тұр!”

Ие, бірақ бұл жердегі Пушкин, Евгений Петрович соншалықты шабыттана, ұғындыра айтқан, халық иғлілігінің жоқшысы деп, патшалықтың әділестіз зорлығына қарсы ержүрек күрескер деп сипаттаған Пушкиніне онша үқсамайды емес пе?

Шындығында, Белинскийдің өзінде де өзіне қарсы келетін тұстары жоқ емес: бірде Пушкин күнделікті өмірден ауытқып кетсе, енді бірде, керісінше, “шын өмірдің ақыны” деп жарияланады.

Жалпы алғанда, Абай өзінің замандас отандастары алдында өзін жұмбақ адам сезінсе, Пушкин де оған алыстан арбаған, бірақ оңайлықпен шешілмейтін жұмбақ болып көрінетін.

Озін өткен өмірдің батаоқырына шақырусыз келген, бірақ ғасырлар бойы жинақталған асылдың бәрін арқалап алып, халқын надандықтың қара түнегінен алып шығу үшін келген, қазақтың басындағы бақытсыздықты жеке өз басының жазылmas дертіндегі сезінетін Абай Пушкиннің Чаадаевқа арнаған өлеңін барынша шаттанып, жүрек тебіренісімен қайта-қайта оқыған:

Кел, достым, туған елге біз арнайық
Тасыған таңғажайып жанның күшін!

Абайдың өзінің де дәл осындай сезімге берілгені тамаша-ақ! Кейде Абайға азаматтықты орыстар, ен алдымен, Пушкин үйретті деген сөздерді естуге болады. Негайбыл Бұл мағынада оған ешқандай ұстаздың қажеті болған жоқ. Халықта жаны ашығыштық, оған қызмет етуге өзірлік, поэзияны жақсы өмірге қарай баар жолды жарқыратар сөуле деп түсінушлік – онын қанына біткен қасиеттер. Ал енді, қайталап айтайын, өзге бір халықтан өз жанына жақын данышпан тапса, оның жөні бір басқа.

Ал бірақ мынау не? Арада алты жыл өткенде, дәл сол жолдама арналған адамға басқа бір сарын естіледі:

Чаадаев, есінде ме, сол бір күндер,
Жастықтың қызыуы бар, шабыт – бойда.
Ескілік тамтығынан үзбей күдер,
Соларды жырға қоспақ болған ойда
Ал бірақ дауыл сөнді, жүрек қажып,
Бой үрдүк біз мұлгіген тыныштыққа.

Орыс ақыны өзін асқақтата пайғамбарға теңейді, бұл тұста жалпы жұрт біле бермейтін қыын сөздерді пайдаланады, – Евгений Михайловичке рахмет, “десница”, “зеница”, “шестикрылый серафим” деген сөздерді түсіндіріп, сөздік беріпті. Рас, олардың “қол”, “жанар”, “алтықанат есрафил” деген мағынасы өлең мәтінінде оп-онай орналаса алмауы мүмкін, бірақ бұл жерде істейтін басқа амал жоқ, өйткені, сөздің өз мағынасынан басқа үйқас, ырғақ, әуен деген ұғымдар бар. Соны ескермеуге болмайды.

Тұр, пайғамбар, баста, тыңда,
Әміріме ер де менің.
Жерді, суды кезіп зырла,
Жандыр сөзбен ел жүргегін.

Міне-міне, Абайдың тілегі де сол – “Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым” дегендегі тілегі – халқын үйқыдан ояту болса, оның қолындағы қаламы да, қолындағы домбырасының екі ішегі де осы мақсатқа қызмет еткен.

Ал бірақ, осынау жалынды ұран мына сияқты ақылмен қалай сыйысады.

Ақыным! Елпілдеме ел сүйді деп...
Өзінде ол Өз басына өзің қазы;
Өзіндей енбегіңе кім таразы!
Суретшім өз көңілің ұнатса оны,
Тобырлар шулай берсін боп наразы,
Менсінбей өр жанынды от маздаған,
Баладай есіргеннен жоқ лажы.

Қалай айтылған! Жалғыздығы да, жабыгуы да өте таныс:

Көңілім қайтты достан да, дүшпанинан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Осы өлеңнің ырқы мен ырғағына беріліп кетіп, оның қалың көпшілікке жеткен-жетпегенін естен шығарып алатынымыз өкінішті.

Жүргіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнарың?!

Бірақ осындай бостандыққа құқық бар ма? Әлде, ол халықтың ағартушы көсемі деген ауыр жүкті өмір бойы арқалап жүре бермек пе? Өзінің адад досы, ізгі жанды, ақылды, оқыған Евгений Михайловичтің өзі, сірағысында, ойға да алмаған осы істі қалай тыңдыру керек, – өзі осындай көрінеу қайшылыққа оп-оңай түсіп қалған Пушкин тәуелсіздігінің құпиясын қалай шешуге болады?

Абай осындай кереғарлықтан құтылу үшін өзі де тепе-тең орталыққа қарай үмтүлған, оны біз “Фақлия сөздерді” оқығанда көреміз. Пушкинде оны қызықтырап жайттар көп. Шығыс өуендері (“Кавказ тұтқыны”, “Құранға еліктеу” және т.б.) – бұл түсінікті. Махаббат лирикасы – ол да түсінікті. Нәзік эротикасы бар Шығыс ақындары сияқты, “Есімде, шіркін, сол бір шақтың” авторы Пушкин де оған бір сәтте жақын болған. Айтары жоқ – азаматтық пафос. Бірақ солай бола тұра, Пушкиннің әсіресе тартымды болатын жері – қыны келмей тұрған

шашыранды нәрсенің өзін, қаһарлы ықпалын бәсендептей-ақ, оп-онай үйлестіре алатындығы еді. Сондағы қолданатыны көркемдіктің күші болатын.

Абай “Евгений Онегиннең” үзінділер аударғанда, одан да бетер 1880 жылдардағы өз өлеңдерінде де нақ осы қасиетті пайдалануға тырысты; солардың барлығында ұлттық, психологиялық, тақырыптық және басқа кедергілердің барлығын жеңіп өткенде, ол Пушкин поэзиясымен рухтанған тәрізді.

Олардың кейбіреулерін біз жаңа ғана еске алып айттық, оларды өлі де жалғастыра беруге болар еді, бірақ онда пәлендей мән жоқ сияқты: аударма дегеннің өзі өлі тым жетілмеген өнер, олардың көпшілігінен, дүние жүзінің данышпандары қай жерде туса да, соларды туыстырып тұратын танысу кезіндегі тебіреністі сезе алмайсың. Сол тебіреністі Абай да анық бастан кешірген. Бірақ қалай дегенмен де 1888 жылы жазылған бір өлеңін, дұрысында соның екі шумағын (ортаңғы және соңғы) дәлел ретінде осы жерде келтіріп кетейік:

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы тұзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?..

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпак,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпак.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Абай өлеңінің алғашқы нұсқасындағы шеберлік пен шындық қалай үйлеседі, ол жөнінде, әлбетте, төрелік айта алмаймын, ал бірақ орысша аудармасында түпнұсқаға қарағанда нақылдық жағы басым сияқты көрінеді. Бірақ оған да дәлел бар: Абай шын мәнісінде ағартушы-акын болды ғой, соның әсері өлеңдерінің дем-тынысынан да, әдеби өрнегінен де көрініп түр. Сол “шеберлік пен шындық”, “поэзия мен шындық” басқа бір ағартушы ақынмен, Гётенің өзімен де тікелей мағыналық үндестік тауып жатса, оны кездейсоқ нәрсе деп ойлауға болмайды.

Бірақ қалай дегенмен де, бүкіл өлеңнің пафосын бейнелейтін үлгінің өзі – Пушкиндікі.

Міне, сондыктан да Абай менің Пушкинім деп айтса, оған әбден хақысы бар еді. Сол себептен де – кім рұқсат етті? дейтін данышпанның жұмбағын шешпей-ақ, мағынасын іліп алуға және де хақысы бар еді. Ал ондай өнер әркімнің қолынан келе бермейді.

Абай өзінің аудармашылық тәжірибесінде орыс тілінен елuge тарта өлең аударған, сөйте тұрып, “Евгений Онегине” келгенде не себепті үзінділерменен ғана шектелген?

Бұл жөнінде әртүрлі жорамалдар болуы мүмкін.

Пушкин өлеңдерінің әралуандығын қатты сезінген Абай осы ерекшелігін қырыман-тыңдармандары дәл сол қалпында бағалай алады деп сене қоймаған, себебі – жалпы мазмұны оп-онай ұғынылатын ақыздар мен фольклорға дағыланған өз жерлестеріне мағынасы шытырман, әсіресе, аяқ жағы тым күрделі болып келетін әдеби шығармаларды қабылдау киынға түсетін еді.

Ал Пушкинді осындай екіұдай ерекшеліктің белгілі біреуіне тануға ақындық намыс жібермеді.

Сонымен бірге Пушкиндегі үйлесімділік Абайға өнердің биік шыңы болып көрінгендейтін, ал өзін ол шамаға жетпедім деп есептегендіктен, сол биік өнерді жеткізе алар-алмасына күмәнданған болуы керек (ондай жағдайда да ол өзінің қарапайым тыңдаушыларын алдай алмайтын).

Егер осы жорамал дұрыс болса, Абайдың басқа бір орыс ақынына, өзі сияқты үйлесімді тұтастыққа жетуді арман еткен басқа бір өнер иесіне әуеленуі әбден мүмкін еді.

Ол Лермонтовқа алғаш рет 1882 жылы назар аударып, оның “Бородино” атты шығармасынан жиырма жол аударған (әлде сакталғаны сол болар), ал содан кейін 1890 жылдан бастап өмір жолының ақырына дейін бір-бірінен қол үзбей өткен. Абай Лермонтов шығармаларынан жалпы саны отыз шақты өлең аударған, солардың ішінде өлеңге айналдырылған “Вадим” хикаяты да бар. Дұрысын айтқанда, бұл тоқтамы өте таңданарлық. Шынында да, шығармашылығы халық ақыздарынан, әмбебап материалдық негізі бар мифтен бастау алатын ақынды ата-тегі жоқ, өмір сүрген мекені мен кеңістігі де белгісіз адамның бейнесі қалайша еліктіре алған? Ие, әрине, Пугачев көтерілісінің жанғырығы, орыс сөзі мен орыс тұрмысының кейбір ерекшеліктері Лермонтовқа өсер еткен болуы

мүмкін, ал бірақ оқиғаның қашан және қайда болуы шарт емес, кейіпкердің аты да әртүрлі болуы ықтимал; мәселен, Квазимода болса, Вадим одан өзінің кемтарлығы жағынан әлдеқайда басым түсер еді. Анығында, әдеби ұқастық бұдан да гөрі дәлірек болуы мүмкін. Лермонтовтың шартты тұрдегі романтикалық кейіпкері Гюгодан гөрі жастық шағындағы Шиллерге көбірек ұқсайды. Ал енді сорақылық поэтикасы – жан-жаққа шашыраған құштарлық та, халық қаһарынан жасырынып, ұнгірге тығылған Борис Петрович Палицын мен оның ұлы Юрий де – осының барлығы Абайға жат көрінуі әбден мүмкін.

Бірақ қисынсыздықтың күші – оқиғаның барлық мәні сонда шоғырланып тұрғандығында, оның үстіне Абай айдан-анық экзотикалық материалды қолға алып, соны уақытпен және мекенмен байланыстырып тұрған желіні үзіп жіберген. Соны аудара келгенде (бұл да сол баяғы “нәзір” үлгісі) Пугачев жаңғырығы және жалпы орыстық сипаты жойылып кетеді де, қарсылықтың жай ғана еркін, сүлесіз және ұлттық рухсыз сүлдері ғана қалады.

Әлбетте, Лермонтовтың шығыстық лирикасы оған әрі жақын, әрі түсініктірек болуға тиіс. Міне, сондықтан да оны Абай қайта-қайта оқыған және арасында аударып та көрген. “Мцыри”, “Теректің сыйы”, “Шеркес қызы”, “Еврей саздары”, сондай-ақ, олардан гөрі көлемдірек дүниелер – “Кавказ тұтқыны”, “Корсар”, “Измаил-би” – өте әсерлі атаулар. Ал солардың ішінде Лермонтовтың шығыстық шығармаларынан Абайды ерекше қызықтырғаны не нәрсе және солардың ішінде жергілікті бітімі мен тамаша стилі жөнінен алғанда “Измаил-бидегі” Селімнен басқа нені іздеді, нені тапты?

Мінекей, сонда іздел тапқаны бостандыққа ұмтылған дауылдың аңсары, азаттық алған жанның сағынышы мен шаттығы екен:

Тып-тыныш сүйкімді өлже маужыраған,
Шеркестің өзіне ыстық бар жаһаннан.
Батырға азаттық пен еркін тұрақ,
Жерінен, рақаттан қымбат бірак.

Дұрыс, Абай “Желкенді” де, “Жолға шықтам бір жым-жырт тұнде жалғызды” да, “Палестина бұтағын” да, “Қараңғы тұнде тау қалғыпты” да аударды, еркін

аудармадан аударылған осынау шығармалар, – бір сөзбен айтқанда, Лермонтовтың жарқын мұңы, ал кейде мұнсыз көңілдің жеңіл сезімі бейнеленген өлеңдері.

Қаранғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.

“Біздің ақынымыз тамаша әсемдікпен жеткізген Гётенің осынау кішкентай ғана пьесасында күндізгі атап ыстықтан кейінгі түннің жанға жайлы маужыраған рахат сезімі қандай тамаша берілген”, – дейтін Белинский сөзі өте әділ Неміс, орыс және қазақ тілдерінің үшеуін бірдей майын тамыза сөйлегендеге кісіні қызықтырмай қоймайтын Герольд Бельгердің айтуынша, Абай Лермонтов нұсқасын туған жердің табиғатына сәл бейімдеп (“алқап” емес, “дала”), аудармада басты нәрсені ұстап қалған да, бәлкім, түйсікпен болар, тіпті қүштейтіп жіберген: “Абай өлеңінде түннің тамылжыған, кең алымды, асқақ тынысы, дамылдаған тыныштығы, жалпақ жазығы сезіледі. Біз Гёте мен Лермонтовтағы түнді ғана, түннің көрінісін ғана көрмейміз, сол өлкенің тұн жамыла бастаған мезетін де сезінеміз”

Қысқасын айтқанда, Абай өз бойындағы қалың арманшылдықты және, Дружининің жазғанында, тіпті мұндағы “әлде бір салқындықпен, әлде бір кекесін түйықтықпен бүркемеленіп тұратын ұяңдықты айыра алған замандастарын, бәлкім, түсіне де білсе керек еді. Бірақ қалай болғанмен де, оған өзге Лермонтов – сол замандастарының айтуы бойынша, ойшылдықтан бүйірғылыққа оп-онай ауыса алатын, арасында кенеттен тасталқан болып ашуланған да білетін Лермонтов жақындау болды. Бейне бір қатерлі отқа қарай ұмтылатын көбелек сияқты, дәмі тәтті болғанмен ішінде уы бар жеміске құмартқандай, осы бейнеге, осы жағалауға қарай, ол өз еркінен тыс ұмтыла берді. Лермонтовтың бойынан, деп жазды Мұхтар Әуезов, ең алдымен қаһарлана білетін ақынды, сүйіспеншілік сезімі мұнның, реніштің, ызының зәрімен уланған ақынды көрді, – сөйтіп, қинала отырып, өзіне жаны жақын адамды таныды.

Абайдың орыс тіліне жаттығып жүрген сәттерінде Белинскийдің Лермонтов поэзиясы туралы ой толғамдарымен, атап айтқанда, “Уш пальма” атты өлеңі жөніндегі пікірімен ұшырасып қалуы әбден мүмкін. Яғни

айтқанда, Станкевичке жазған хатында Белинский Рұсъ елінде “жаңа бір қуатты дарынның” туып келе жатқанын құттықтайтынын, ол, әрине, білуі мүмкін емес, ал енді Лермонтовтың алғашқы өлең кітаптарына пікір ретінде жазған мақаласын окуы ғажап емес, ол мақаласында, рас, “Үш пальма” жөнінде асыра айтқан бағасынан ауытқып, енді ақынның ойы тек қана шығыстық әшекеймен әуестенуі мүмкін деген пікірге қарай ойысады; ал шындығында бұл ауысуы әдеби-философиялық партиялардың (Белинский лагерінің Герцен-Огарев лагеріне қарсы) күресіне байланысты еді, ал Абайдың оған ешкандай қатысы болған жок. Қалай болғанда да, Белинскийдің қолына қалам алғызған өлеңдегі шығыстық әшекей ғана емес еді. Сондай-ақ Евгений Петровичтің орыстың прогрессіл ой-пікірінің жаңа флагманына, – өзі Абайға қайта-қайта үғындырып жүрген Чернышевскийге іш бүргандықтан ғана емес. Абайдың бұл тұста да оған тілектестік білдіре қоюы неғайбыл, сол мақаласында Чернышевский былай деп жазған: “Осынау өсем пальмалар аянышты-ақ. Солай емес пе? Бірақ қайтеміз, олар мәңгілік өсіп, гүлденіп тұруы мүмкін емес, – бүгін болмаса ертең, ертең болмаса бір жылдан кейін, бәрібір қуарып қалады ғой, – жапырақтары қазірдің өзінде сола бастаған сияқты: ажалдан ешкім қашып құтылмайды. Олай болса, бостан-босқа өлгенше, адамға пайда келтіріп өлгені жақсы емес пе? Сол тамаша пальмаларды аяп, жоқтаудың орнына олардың кесілуі өз өмірлерінің ең жақсы сәті болғанын, өйткені олар адамдарды сұықтан және жыртқыш андардан қорғау үшін кесілгенін айту керек емес?”

Жоқ, ақын Абай поэзияны тек қана азаматтық қызметке және оның қандайлық дәрежедегі үлкеніне де сая алмайтын еді. Осынау шағын поэмалың әуенінен ол басқа бір жайттарды үққан.

“Үш пальма” мен “Құранға еліктеудің” арасындағы байланыс баяғыда-ақ анықталған, бірақ сол байланыстың талас тудыратын мәні жөніндегі пікірді алғаш рет Б.М. Эйхенбаум айтқан болуы керек: Лермонтовта құдайға шағым айтатын пальмалар емес, жалғыз жолаушы, ал өлеңнің аяғы қалпына келтірілген үйлесімділікпен емес...

барынша үйлесімсіздікпен бітеді. Пальманы жазалаған –
қатал құдайдың қаһары. Құран мансұқталды – сөйтіп бұл
өлең Пушкиннің айтқан пікіріне қарсылық болып шықты”.

Расында да, тоғызынышы, соңғы еліктеуде қайырымды
құдай жолаушының шөлін қандырады да, оны ұзак үйқыға
шомдырады: сол үйқымен көп өмірі өтіп кетіп, жас жігіт
оянғанда өзін шал күйінде көреді: пальма қурап қалған,
құдық суалған, есегі баяғыда өліп, арсифан ақ сүйек қаңқаға
айналған. Бірақ, ақыр-аяғында кереметтей өзгеріс болады:

...Бір ғажайып кенеттен басталды да,
Пальма қайта жайнады көк жамылып.
Курап қалған есектің сүйегіне
Жан бітті де ақырды – киелі ме?!

Шалға оралды өрімдей кешегі рен,
Жолға шықты “аллалап” есегімен.

Шашырап кеткен үйлесім қалпына келтірілді, ізгілік пен
әділет салтанат құрады деген сенім шайқалып барып, қайта
бекіді, Құдай мен адам арасындағы одак салтанатты түрде
нығайтылды.

Лермонтов жазып алған “шығыс аңызының” аяғында
бұдан мұлде өзгеше, қаһарлы, қасіретті белгілер бой
көрсетеді:

Құлазып қазір бәрі кеткен қурап,
Жапырақпен сырласпайды мөлдір бұлақ.
Жатыр құр пайғамбардан сая тілеп,
Ыстық күм көзін күнде көмеді тек.
Құладын – тұз тағысы жұні үрпиген,
Тұртқілеп жағасында шоқиды жем.

Бітімшілік емес – семсер, үйлесім емес – данғаза, сенім
емес – үмітсіздік.

Лермонтов сияқты, Абай да игілікті ортаны аңсаған,
бірақ әрдайым өзі қашқалақтаған шеткеріге қарай ойыса
берген. Лермонтов сияқты, ол да сұлулыққа ғашық болған,
бірақ өткір көз әредік бұжыр бет пен жараның тыртығын
да көре білген.

Жалпы алғанда, білгіштердің айтуынша, Абайдың
Лермонтовтан аударғандары Мицкеевичтен бастап
Байронға дейін – орыс па, европалық па – өзге барлық

ақындарға қарағанда түпнұсқаға өлдекайда жақын деседі, соған қарап Абайдың ақындық шығармашылығындағы ерекшеліктерді аңғару оңай болатын сияқты.

“Әм жабықтым, әм жалықтым...” – Абай осы жолдарды аударғанда, тура өзінің сөздеріне айналып кететін сияқты:

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос, ертең жау,
Мен не қылдым, япрыым-ау?!

Абай Лермонтовтың Байроннан еркін аударған өлең жолдары – “Еврей әуендеріне” үңілгенде, өзінің жанжүйесінде бірден үндестік туады.

Көңілім менің қаранды. Бол-бол, ақын!
Алтынды домбыраңмен келші жақын..

Жалпы алғанда, жалғыздық, өз тұрғыластарында Тютчев сияқты достықтан ада болу, түсініспеушілік, қалың жұрт арасындағы үйсіз-күйсіздік – бұл Абай поэзиясындағы өзекті тақырып қана емес, бұл оның рухы, экзистенциялық көніл-күйі: соның өзі оған тұтастық дарытып, ішкі қысылшаңдықтың салдарынан сыртқы сілкініске ұшыратып отырады:

Моласындаі бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!..
Ем таба алмай,
От жалындаі
Толды қайғы кеудеге...
Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық еш адам...

Лермонтовтағы қасірет, Лермонтовтағы қайғы, Лермонтовтағы қаһар – міне, осының барлығы дүниеден таяныш таба алмай күдер үзген жанға қайтарылған жауап.

Абай “Қанжарды” оқып, былай аударады:

...Еркелі нәзік қолмен маған тиді.
Ұмытпа деп айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзіне жас сорғалап,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.

Аударады да, өзінің таяуда жазған төл өлеңін еске түсіреді:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

“Қанжардан” кейін, соның ізінше Абай Лермонтовтың “Ақын” деген өлеңін аударады, – онда да ұқсас теңеулер, күресті аңсаған асқақ тілек:

Келеке болған есіл пайғамбарым,
Кек үшін оянар бір бар ма шағың?
Әлде алтын қынабынан суырылмай ма,
Зәбірдің тоты басқан ақ қанжарың?..

Ол да жат емес, арқауы өз өлеңінің өрнегімен біте қайнасып тұр. Әрине, метафоралық үлгілері мен өмір жағдайлары өзгеше. “Қанғыраған қонырау”, “пайғамбар”, “қанжар” – мұның бәрі 25 желтоқсан мен бес бірдей дар ағашын ұмытпаған Ресейдің өз ауаны. Ал даладағы ауан бұдан өзгеше – ол ат тұғының дүбірі, аспанда самғаған қыран құс – ал егер Абайдың өз заманын айтатын болсақ, келе жатқан өзгерістердің жер қайыстырған ауыр салмағы, аландаған көніл, ру-тайпа арасындағы бітпес дау-жанжал. Бірақ сонымен қатар Абайға бала жастан таныс ақынның адамгершілік, жәдігөйлік міндеті дәл осындағы қын заманда көнілге медеу, жаңға таяныш боларлық сүйеу сез:

Қайғы шығып иыққа,
Қамалтасын түйікқа,
Сергі, көнілім, сергі енді!
Балапан құстай ондалып,
Қанатынды қомданып,
Жатпа ұяда қорғанып,
Ұш, көнілім, көкке, кергі енді!

Енді бір сәт Абай “Ой” атты өлеңге жүгінеді:

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс – өмірі я қаранғы...

Осы өленді жаңағыдай етіп аударады да, басын төмен жіберіп, ауыр күрсінеді:

Заман ақыр жастары
Қосылmas ешбір бастары...

Бұл жерде Абай өзімен пікірлес орыс ақынына қарсы айтысқа түседі. Лермонтов әлі дүниеге келмеген үрпак жайында айтып отыр, сол үрпак “жұтаған әкенің қарекетсіздігінен” алданған үл жайын ойлап қынжылады. Ал Абай болса, замандар мен үрпақтар арасындағы мезгіл жалғастығын қалпына келтіrmек. Бірақ қалай болғанда да, жан-жағына қапалана қарап көз жіберсе, қазақ даласының сүренсіздігі де, жұтаңдығы да одан кем емес екен, онда қайнаған қалың жігер мен жарқыраған ағартушылықтан ныспы жок. “Саудасы – ар мен иманы, қайрат жоқ бойын тыйғалы; еңбекпен етті ауыртпай, құр тілменен жигалы”

Жау қожандап бұрттайып,
Дос құбылып әуре етер..
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмір өтер.

Сонда ақын не істеуі керек, осынау кесірлі топқа “ызалы жүрек, долы қол мен улы сия, аңы тілден” басқа не амал бар? Оны талай айтып, қажыған да кезі болған:

Ұрыннан асырдың
Сүм тілді қарынды.
Жасырдым-жасырдым,
Енді айттым зарымды.

Сол зардан басқа ақындық шабыт, ақындық ізгілік пен ақындық сенім дегендер бар ғой. Дүние жүзілік бүліншілік пен өткінші заманның жалған құндылықтарына қарсы күресте қолданылатын басқа да құралдар бар екен.

Абай теріс мінездері үшін өзі талай шенеген замандастарымен ортақ тіл табысудың жолын ізdep қиналады. Бұл жердегі қасіреттің басты себебі сол – Абай халқынан қанша биіктеп кетсе де, әрдайым өзін сол халықтың бір бөлшегі деп санап келді.

Атымды адам қойған сон,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған сон
Қайда барып онайын?!

Абай Байроннан алғынып, еркін аударма етіп жасалған (кейін қайта өндөліп, түпнұсқасына жақындалылған “Альбомға” дейтін өлеңнің алғашқы нұсқасын алғып

аударады. Онда өлең мазмұны ақын мен оның сүйіктісінің арасындағы әңгімемен шектеледі де, одан кейін сол тақырып “Журналист, оқырман және жазушы” арасындағы үшеуара әңгімеде бұрынғы оңашалық сипаттағы мазмұны кеңейтіліп, манифест деп айтарлық мәнге ие болады.

Баршаға мәлім, бұл жерде Лермонтов ашық түрде Пушкиндегі “Кітап сатушының ақынмен әңгімесіне” қарай ойысады; мұнда да сол драма – ақын қиялдының шарықтауы уақыт пен мекеннің шарттылықтарымен және жағдайларымен шектеле тұра, түр жағынан да солай: сахналық диалог Кейде сол жақындық тіпті бірігіп кетерліктеі әсер қалдырады.

Кекорай шалғын, қалқыған ай,
Мазарда ескі жел уілі, –
Нәзік ойым содан қандай
Тебіреніп толқушы еді!
(“Кітап сатушының ақынмен әңгімесі”)

Жарқырап сонда күн шығар
Көніліннің көгінен.
Қосылып күшті ойынмен,
Маржандай сөздер төгілер.
(“Журналист, оқырман және жазушы”)

Бірақ әрі қарай туыстық біржола жойылып кетпегенімен, барған сайын ішкі келіспеушілік нышандары ақын біліне бастайды. Бұрын тобырды жек көрген ақын, жастықтың өзімшіл армандарынан тайқақсып, енді сұхбаттас кітап сатушы сөзінің шындығын мойынданай бастайды:

...Шынын айтсам – жырыңыздан
Көп өнеге алар адам, –

деген сөзден кейін олрайдан қайтып, оқырман қауыммен кездесуге келісім береді. Ал Лермонтовтағы қыңыр мінезді ақын кездейсоқ бейтаныс қазылармен арадағы бөгетті бұзып өте алмай қалады:

Не табам мен жау топқа
Өшіктіріп өзімді?
Жорытып сөгіс, шатпаққа

Пайғамбарлық сөзімді?
Бұздырып сәби үйқысын
Аңзы тілмен, кермекпен,
Жүргімнің үйтқысын
Жүгенсіз топқа бермек пе ем?
Жоқ! қылмысты қиялмен
Былғамай тұрып атымды,
Мұндай сұмдық зиянмен
Алмасып сатып даңқымды.

Осынау тәкаббар зымыстандық Абайдың жанына батса да, оған жақын еді, сондықтан ол Пушкиндеңі жайдары еркіндікке іштей қызығатын, ал Пушкин болса, жымия күліп жүріп, шындықты патшаға да, қара халыққа айта алады. Осындағанда көпшіл өзімшілдік кейде оның өлеңдерінде де көрініс беріп жатады – өйткені олары жүртпен араласуға ынтызарлық пен дарын алдындағы борыштың арасында шөре-шөре болған жанында тұрақ етеді ғой.

Көнбіс тілім көнілшек қой, –
Сыңғырлаған үйқас құрды.
...Тұнгі теңіз ыңыранған,
Сылқ-сылқ күлген көусар бұлақ, –
Солар болды әріптесім.
Онашада өнер аштым,
Өлең-жырдың шабыт кешін
Жүртқа ұсынбай, даңқтан қаштым.

Аудармашы Абайдың Пушкиндеңі толымдылық пен үйлесім толық көрінетін Лермонтов өлеңдеріне ынтақоюы, әрине, кездейсоқ емес. Қарағай қатал Солтүстікте бой көтеріп өседі, бірақ ол апташ шөлдің ортасында жайқалып тұрған пальманы түсінде көреді. Екеуі де елегізіп бірін-бірі іздейді, бір-біріне базына айтysады. Өзінің зілмауыр салмағымен бір жерде тапжылмай тұрған жартас та жалпак төсінде бір түн панарап шыққан шүйке бұлтты есіркеп еске алады.

Сын жанрының кез келген шығармасынан – көлемді монографиядан бастап журнал мақаласына немесе тіпті үстірт рецензияға дейін – Абай туралы оқығанда, оны орыстардағы азаматтық әуен, демократияшыл сарын, халықты сүюшілік, жетімдерге, жәбірленгендер мен

корланғандарға жанашығыштық қасиеттер қызықтырығанын білер еді. Бұл – шындық, бірақ толық шындық емес, өйткені орыс әдебиетінің өзі де, бүкіл әлем, бүкіл ғарыш сияқты, мейлі қандай мәртебелі болса да, бір ғана құмарлықпен шектеле алмайды. Осы әлемге бас сұғып кіргенде, Абай көп нәрсені көріп-білді, тіпті басқа түрде, басқа өуенде болса да, олардың көбі өзіне таныс еді. Мінекей, айталық, демократияшылдық сөзге оның құлағы әбден үйренген болатын – оның туған даласында талай ғасырлар бойы өлең айтылып келген. Сондай-ақ қарапайым ұғынықты сөз бен тіпті тереңге бойлап кететін, қарадүрсіндікке әсте бармайтын құрделі ойдың кереметтей жаразтық табатынын да ол түсіне және бағалай алатын: классикалық Шығыстың соғылық ақындары осылай сөйлейтін. Ал бірақ оны шын мәнісінде қайран етіп, қалай болғанда да, алғашында түсіну былай түрсін, тіпті қабылдаудың өзі қынға соққан бір жайт – ол көркемдік толымдылық пен ғаламдық сергектік болатын: мұны Абай Достоевскийдің Пушкин туралы сөзін оқығаннан білді де, оны өзінше: тіл айырмашылығы мен ескілікті ұлттық сана-сезім қалдықтарын еске алмайтын поэзияның салтанат құрғандығы деп жорыды.

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,
Қосарлы бәйіт-мысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Бұл өлең жолдарында Шығыс пен Батыс кездеседі де, Дала Абай тілімен сөйлеп, көркемдік ой-пікірдің біртұтас кеңістігіне кіреді.

... Жидебайдан бірнеше шақырым жерде тұрған Қарауыл кентінде бір шағын саябақ бар, соны қақ ортасынан Ақындар аллеясы жарып өтеді. Аллеяның өзі ерекше бір ескерткішке барып тіреледі – бұл ақындарға арналған ескерткіш емес, үш тілде жазылған бір өлеңге арналған. Ол – неміс, орыс және қазақ тілдерінде жазылған “Дәруіштің тұнде айтқан өлеңі” деп аталады. Сүр мәрмәр тасқа ойылып жазылған өлеңнің толық мәтіні Европаны, Ресей мен Даланы достық кездесуге шақырып тұр.

Туған жерінен қол үзбеген қүйі Абай ғасырлар мен дүниежүзінің тұқпір-тұқпірін байланыстыратын өз сапарын жалғастыра тұсуде.

Алтыншы тарау

ӨЗІНІҢ ЕВРОПАСЫНДА

*Адамның ұлылығы – өзін бақытсыз деп сезінуінде,
ағаш өзін бақытсыз деп сезінбейді. Өзін бақытсыз
деп сезіну – ол бақытсыздық; ал сені бақытсыз
деп сезіну – бұл ұлылық.*

Блез Паскаль

1864 жылы күзде он тоғыз жасар Джон Кеннан газеттен оқыды ма, әлде бір жерден естіді ме, өзін жұмысқа жіберген “Вестерн юнион телеграф” компаниясы ұлан-файыр коммерциялық істі – Аляска мен Сібір арқылы Иркутскіге дейін жер үстімен кабель тарту жұмысын қолға алады еken деген хабар естіді. Таза американалық қызыққұмарлық әдетпен жас жігіт өзінің бастықтарына барып, Камчаткаға баратын экспедицияның құрамына енгізуді өтінді. Өтініші қабыл алынды – бұл тұста тілек білдірушінің үй-ішілік байланыстары еске алынғаны болу керек: шеше жағынан ол Сэмюэль Морземен туыстықта болатын, ал Морзе болса, осыдан сәл ертерек, баяндалғалы отырган оқигадан жиырма жеті жыл бұрын, өзінің алғашқы аппаратын ойлап шығарған сол заманың даусыз ұлттық батыры саналатын.

Бір сөзбен айтқанда, 1865 жылдың 1 қазанында, қасында тағы екі отандасы бар, үшеуі “Ольга” аталатын орыс сауда кемесінің бортына көтерілді, сейтіп Тынық мұхитті кесіп өтті де, жиырма төрт ай уақытын Камчатка

мен Сібірде өткізді. Сол жолы қазақ даласының шығыс шекарасына жақындаپ келді. Міне, сол кезде оның замандасы Абай Құнанбаев анда-санда өлең шығарумен әуестене жүріп, ел басқару өнеріне машықтанып жүрген. Осынау қын сапардың нәтижесінде, Кеннанның өз айтуына қарағанда, ол өмірдің алғашқы университетінен өтіп, “Сібірдегі көшпелі тұрмыс, сондай-ақ коряктардың, Камчатка мен Солтүстік Азияның басқа да тайпаларының арасында жүріп бастан кешкен оқиғалар” атты кітап жазып шықты. Бұл кітап автордың атын жүртқа танымал етті, оның шығармалары әр жерде басыла бастады, саяхат-шылық оның өмір салтына айналатын болды (атап айтқанда, Кеннан Кавказға барып қайтты), сөйтіп 1880 жылдың бас кезінде Ресейге қайта баруды ойластырып, Нью-Йорктін “Сенчурі” атты айлық ірі басылымға тілші болуды ұсынды да, басылым иелері үлкен өтінішті бірден қабыл алды (және бұдан қателескен жоқ – Кеннанның Сібір очерктері жариялана бастағаннан кейін журналдың таралымы тез есіп кетті).

Кеннанды Ресейге баруға итермелеген басқа себептермен бірге оның намысына тиген тағы бір жайт бар еді. Бұдан аз уақыт бұрын Лондонда ағылшын священнигі Генри Лэнсделлдің “Сібірді аралаганда” атты кітабы жарық көрген. Сол сапарында авторды жергілікті өкімет орындары барынша қамқорлыққа алып, сырттан келген қуәгерге (Лэнсделл Сібірде діни әдебиет таратып жүрген) жергілікті халықтан гөрі сонда жер ауып келген адамдардың тұрмыс жағдайы жөнінде жақсы әсер тудыруға талаптанған. Тегінде, шенеуніктердің үлкен ойы орнынан шыққан болуы керек, өйткені автор өзінің кітабында: Сібірге жер аударылған орыстар өздерін жақсы ұстап, заңға бағынышты болса, тіпті де жаман тұрмайды екен, олар басқа жерлердің қай-қайсысынан да жақсы тұрып жатыр екен деп жазады. Американың публицист саяхат-шысына ағылшын клерикінің үлкен пікірлерінің қандай қатысы бар дейсіздер ғой, оның мәнісі мынадай: 1882 жылы Джордж Кеннан Нью-Йорк географиялық қоғамында “Сібір – жер аударылғандар мекені” деген такырыпта лекция жасаған болатын. Бұл анғалдық іс болды, өйткені сол жолғы сапарында Кеннан ондай жерлерді де, жер аударылып келген бірде-бір адамды да көрген емес-ті, тек

қайтар жолында ғана бір кісімен жол-жөнекей тілдесіп қалған. Оның лекциясында өсіреле бір оқыс айтылған сөз – Сібірге өмір бойы жер аударылғаннан гөрі Огайо штатында (бұл – Кеннанның туған жері) бес жыл абақтыда болған жақсы деп айтқаны. Оның не себепті бұлай деп айтқаны түсініксіз, бірақ қалай дегенмен де, бұдан бірнеше ай кейін шыққан кітабында Кеннан да осы құралыптастайтын пікір айтады.

Ал осы пікірге Англияда тұратын орыс эмигранттары наразылық білдірген. С.М.Степняк-Кравчинский мен князь П.А.Кропоткин өздерінің айтыскерлік өнерін осы жерде көрсетеді. Анархия теоретигі Кеннан туралы былай деп жазады: “Охот тенізінің жағасында жүрген телеграф компаниясының қызметкері ол жерден бірнеше мың шақырым қашықта жатқан Сібір жазалау мекемелері туралы сөз қозғап, сондағы абақтылар мен тұтқындардың жағдайы туралы өзінше пікір айтқан болыпты. Ал енді Сібірдегі тұтқындардың тұрмысын зерттеген орыс адамдары бұл мәліметті мейлінше теріске шығарса, оған таңдануға бола ма?”

Бұл кезде жасы қырыққа келген мырза дәл осы сөздер үшін алыс жолға аттанбаған болар, шынында Ресейге қайта бір саяхат шегуді ол 1870 жылдардың аяғынан бері ойластырып жүрсе керек. Жаңағы сөздер соған тек қосымша себеп қана болса – оған сөз жоқ. Әлбетте, Кеннан, тек өз басының жайын ғана емес, дүние жүзіндегі бостандықтың тірегі саналып жүрген Америка Құрама Штаттарының азаматы ретінде де, әлде бір жердегі әділетсіз істерге байланысты немесе соған іш білдірді деген кінәны өз мойнына ала алмаған болуы керек.

Петербургке келген кездегі оның алғашқы кездестірген адамдарының бірі өзімізге таныс Николай Михайлович Ядринцев болды. Ал оның бұрынырақта жазған: “Қай қалаға келсөң де, алдымен көзіңе түсетіні – Қамал! Ал селоға кіргендегі көретінің – Этап!” деген сөздері мұның есінде болатын.

Онымен арада болған әңгіме саяхатшының ойын орнына келтірді: қалай болғанда да, ол қазір Сібірде: қалай қарай көз салсан да, көргенінде қателік жоқ, баржаға тиелген тұтқындар, қамал дуалдары, құлағыңа естілетіні – аяққа салынған бұғаудың сыйлдыры. Оның үстіне Джордж Кеннан

осы сапарға шығар алдында ағылшын тіліне аударылған “Өлі үйдегі жазбалар” атты кітапты оқып шыққан, бұл жолы ол жер ауып келген адамдармен жиі кездесіп, ұзақ әңгімелесті, олардың көпшілігі – жап-жас жігіттер, өкімет насихатының айтқанындай, қайдағы бір зұлымдар емес, шын мәнісінде оқыған адамдар, Ресейдің нағыз патриоттары екеніне анық көз жеткізді. Әлбетте, бұл сияқты айтылған пікірлер бізге бұрыннан таныс, енді түпнұсқасын көрсетсек те жетіп жатыр: Кеннанның еліне қайтып келгеннен кейін іле-шала жарық көрген “Сібір және жер аударылғандар” атты кітабы Батыста бұдан жарты ғасыр бұрын жарияланған маркиз де Кюстиннің 1839 жылғы Ресей туралы очерктері тәрізді жұрттың қолынан түспейтін шығармаға айналған. Бұл кітап мұхиттың екі жағында да жұртқа қатты өсер етті (ал біздің жақта алғаш шет елде жарияланған кезден бері цензура тыйым салып қойған бұл кітап 1905 жылғы ашық жарияланған кезіне дейін сол жабық күйінде қалған болатын). Американың бір оқырманы кітап авторын тамүқта болып келген кісідей екен деп жариялады. Ал енді орыс наразыларынан өзгеше, тағы бір адам – Марк Твен, ізгі жанды, көнбіс мінезді, оның үстіне өткір тілді жазушы, бұл кітапты оқып шыққаннан кейін тұра ашуға булығып, былай деп жазды: “Қазіргі орыс үкіметі сияқты билік орындары тұра динамитпен құртылмаса, құдайға тоба, ондай динамит өлі де табылады!”

Осыдан кейін орыс диссидентерінің, атап айтқанда, Степняк-Кравчинскийдің, одан кейін Плехановтың және басқа аты өйгілі адамдардың Джордж Кеннан жөніндегі пікірлері өзгерді. “Бізде, орыс азаматтарында, – деп жазды авторға Өскеменнен А.Блек, – езілгендерді қорғап дауыс көтерудің мүмкіндігі аз болады, сондықтан мен азат елдің көпшілікке арналған баспасөз органында жазылған күшті пікірге дауыс қоспай отыра алмаймын” Ол өз алдына, Кеннан Ясная Полянаға келіп, бір күн сонда болғанда, “Сібір және жер аударылғандар” Лев Толстойға қатты өсер еткен. Содан кейін іле авторға жазған хатында ол өз пікірін былайша білдіреді: “Қазіргі патшалық тұсындағы сұмдық жайттар туралы жалпыға жария етіп жазғаныңыз үшін, көзі тірі барлық орыстар сияқты, мен де сізге өте ризашылығымды білдіремін”. Осыдан кейінгі бір таяу

уақыттарда Сібірге айдалған Катюша Маслова туралы жазғанда, Толстой Джордж Кеннанның кітабын жиі-жіе параптап отырған. Бұл кітапты “Сахалин аралы” атты еңбегінде Чехов, “Менің замандасымның естелігі” атты кітабында Короленко еске алады. Әлбетте, ресми орыс “патриоттарының” лагері де бұл кітапты естен шығармай, өздерінің жұрт алдындағы лекцияларында оған үнемі сілтеме жасап отырады. Ол былай тұрсын, Вашингтондағы Ресей елшілігінің хатшысы Петр Боткин, дипломатиялық сыпайылыштың барлық ережелерін аяққа басып, жоғарыда аталған “Сенчури” журналында сол кітаптың тарауларын жариялаған авторға шұғыл қарсылық білдірген. Оның мақаласы “Ресейді жақтаған үн” деп аталады. Соған жауап ретінде жазылған “Орыс халқын жақтаған үн” атты мақаласында Кеннан өз пікірін былай деп қорғады: “Батыс республикасы мен Солтүстік империя арасындағы “рухани көпірге” келетін болсақ, ол мемлекеттік өкімет билігіне және патшаның тағына сүйенуге тиісті емес, қайта, америка халқының жүрегі мен біздің бостандыққа деген сүйіспеншілігімізді қолдайтын Висланың ар жағындағы адамдарды қосуға тиіс” Өзінің өмірлік мәнін арада ғасырдан астам уақыт өткенде де жоймаған асыл сөз! Ал кезінде бұл сөздер орыстың өкімет орындарының зығырданын қайнатқан болатын. Джордж Кеннанның есімі империя жеріне келуге тыйым салынған қара тізімге жазылды, ал әлдебір себептермен – сірә, шекара қызметкерлерінің салақтығынан болса керек, – ол ішке өтіп кеткен бойда-ақ Петербургтен кері қуылды. Бір қызығы – арада жарты ғасыр өткеннен кейін, Кеннанның жиенінен туған жиеншары АҚШ-тың Кенес Одағындағы елшісі болып шыққан.

Міне, осындай адаммен – жер ауып келген поляктарды есептемегендеге, Батыстың алғашқы адамымен – Абай 1886 жылы танысты. Дұрысын айтқанда, тікелей таныстық болған жоқ, тіпті әрілеп айтқанда, оның Джордж Кеннан деген атын да естімеген болар, ал бірақ Абайдың атын ол естігеп және осы есімді Батыс тұңғыш рет сол арқылы білген.

Оқиға былай болған. Омбыдан Семейге келіп, сонда алғаш рет “нигилистермен” кездескен жолы, Кеннан мен оны өртіп жүрген суретші Джордж Фрост екеуі бір топ

жер ауып келгендермен бірге Александр Леонтьевтің үйінде қонақта болады. Автордың айтудынша, араларында қызу өнгіме басталады. Сөз арасында Кеннан қалада тәп-тәуір кітапхана бар екенін, онда Вальтер Скотт пен Диккенстен бастап, Спенсер мен Дарвинге дейін бірсызыра европалық авторлардың кітаптары жинақталғанын айтуды, соны жоғары бағалайды. Леонтьев осы сөзді қостай келіп, кітапхананың жақсы екенін, ол қаланың ақыл-ойын оятуға үлкен себепкер болып отырғанын айтады.

“Тіпті қазақтарға дейін, – анда-санда соған келеді, мен осында Ибрагим Конобай атты бір қарт қазақты білемін, (сірағысында, кісінің атын мейман дұрыс естімеген болуы керек, әйтпесе, үй иесі оны шатыстырмайды, өйткені ол Абаймен біраз араласып қалған адам; ал бірақ, “ карт” деген сөзі түсініксіздеу, Леонтьев өзі Абайдан көп кіші болғандықтан, оған қартан адам болып көрінуі әбден ықтимал – Н.А.). Ол кітапханаға келгені былай тұрсын, тіпті Бокль, Милль және Дрейпер сияқты авторларды да оқиды.

– Сонда сіз не айтпақсыз, – дейді бір таңданған студент, – осы Семейде Милль мен Дрейпердің шығармаларын оқитын қазақ шалы бар дегініз келе ме?!

– Ие, дәл солай, – дейді Леонтьев беті қайтпастан. – Мен ол кісіні алғаш рет көргенде қатты таңғалғаным, – индукция мен дедукцияның арасында қандай айырмашылық бар деп сұрады, содан кейінгі білгенім – ол, шынында да, ағылшын философиясын зерттеп, жаңағы аталған авторлардың шығармаларын түгел оқып шықкан екен.

– Сонда, сіздің ойыңызша, ол оқығандарын түсініп пе? – дейді студент.

– Мен екі кеш бойы отырып, Дрейпердің “Европадағы ақыл-ойдың даму тарихы” деген кітабы бойынша емтихан алдым, – дейді Леонтьев жаңағы сұраққа жауап ретінде, – сонда мен ол кісінің мұны тәп-тәуір түсінгенін байқадым.

Қазір осы сөздер бірде толық, бірде ықшамдалған күйінде, Абайға арналған барлық жарияланымдарда түгел келтіріліп жүр, солардың барлығында дәл осыдан жуз отыз жыл бұрынғыдай қатты таңданыспен еске алынады. Ашығын айтқанда, мұны түсіну онай да емес. Айталық, аты-жөні белгісіз студентті былай қойғанда, кешегі

революционер, ал бүгінгі өлкетанушы және статистик Александр Леонтьевтің өзіне де қыр адамының европалық ойшылдардың шығармасына мұншама құштарлық білдіруі және соны түсіне қоюы, шын мәнісінде де, бір ғажайып нәрсе сияқты көрінуі мүмкін еді. Бірақ олар сондағы “қарт қазактың” дүниежүзілік ауқымдағы ойшыл ақын екенін қайдан білсін? Олар жай бір өрнөрсеге құмартқан, өзінің ақыл-ойы жағынан келгенде басқа қазақтардан сәл өзгешелеу ғана адам деп ойлаған болулары керек. Ал қазіргі білгіш авторлар олардың сол кездегі таңданысын қайдан түсіне қойсын! Оның үстіне жұрттың бәрі бірдей философиядан хабардар бола бермейді ғой.

Айталақ, Уильям Дрейпердің кітабы бойынша, Абайдан бір емес, қатарынан екі кеш бойы емтихан алу Александр Александровичке не үшін қажет болғаны мүлде түсініксіз, өйткені ол, алғашқы мансабын Нью-Йорк университетінде химия мен физиологияның профессорлығынан бастап, кейін әуесқой философ болып кеткен адам. Ал оның еңбегі – әртүрлі түпнұсқадан құрастырып, өте үстірт жазылған шығарма, оның үстіне Европада сол кезде кеңінен тараған позитивизмді тұрпайылап бүрмалау тұрғысынан жазылған. Дрейпер адамзат рухының тарихын түгелдей физиология ғылымының түсінігіне сәйкестеп баяндайды және өркениеттің ілгерілеу заңдылығын тек осылайша ғана түсінуге болады деп есептейді.

Египеттен, Үндістан мен ежелгі Европадан бастап, біздің заманымызға дейінгі адамзат ақыл-ойының даму тарихынан кітап авторы қөркемдік даналығы деген ұғымды мүлде алып тастаған. Ұлы гректерді, римдіктерді, Қайта өрлеу мен ағартушылық дәуірлерінің ұлы тұлғаларын – міне осылардың барлығын қасаң рационалдық ой-пікір бейне бір Кроностың балаларындай жалмап қойған да, Дрейпердің қисыны бойынша, ғасырлардың атак-даңқын тек жаңағы қасаң ой-пікір ғана асырған болып шығады. Леонардоны ол тек ғалым және инженер ретінде ғана еске алады, Флоренциядағы Платон академиясы мүлде аталмаған, Петрарканың есімі бір шатақ әңгімемен байланысты ғана ауызға алынады (соның жас өспірім қарындасын Иоанн XXXII папа арбап қойыпты-мыс), ағылшын әдебиеті деген ұғым, жалғыз Мильтондың айтпағанда, XVII ғасырдың аяғына дейін таза болмаған,

оның өзінде де “ешбір көркемдігі жок, тек бұзылған адамдар жайындағы ғана әдебиет болыпты-мыс” Көркем өнер мәдениетіне қарсы осынау жорықтың басталуындағы автордың мәлімдемесі бойынша, Вергилий, қазіргі жалпы ұғымға қарама-қарсы, әсте де ұлы ақын болмаған.

Осындай қара дүрсін қалың кітап неліктен Абайдың назарын аударған?

Ие, біріншіден, оның өз елі – Америкада, сондай-ақ Европа мен Азияда оны танымал етіп жүрген нәрсе – сол кездегі шұғылданып жүрген ісі, яғни білім тарату жөніндегі қызметі. Бұл оның үлкен дүние есігін ашардағы алғашқы қадамы болатын. Ал білім тарихы дегенді идеяның драмасы деп түсінетін болсақ, бұл соған кірудің алғашқы бір мүмкіндігі болатын, – өз бойында ондай драма жоқ болса, әліппені билетін сауаттың қолдан келері тек осы төңіректе болмак.

Әрі қарай, кітап авторының Абайдың ықыласын баураған тағы бір қасиеті – оның Шығыс пен Батысты бірден қамтып кетуге, соларды адамзат қозғалысының ортақ бір дінгегіне тіркестіріп қоюға тырысқан ниеті болса керек. Тіпті бұлайша тілдестірудің бүкіл қауырттығын Дрейпер жеткізе алмай-ақ қойын, тіпті соны толық сезіне де алмасын, бірақ сол біртұтас дүниенің бейнесі де ақынға тым тартымды көрінер еді. Аверроэстың Аристотельге берген түсінігінде Дрейпер жалпыға белгілі жайтарды қайталайды, сонымен бірге ұлы гректің ілімі мен құранды жаразтыруға тырысады – міне, осы тұста Абай оның қисынын қызу қабылдайды.

Дәл сол сияқты, дала өркениетінің күрт өзгеріс заманында дүниеге келген адамға одан мейлінше алыс жатқан замандар мен елдерде болған оқиғалар мен ойлар өте тартымды болып көрінген. Дұрысын айтқанда, бұл соншалықты тосын да ойлар емес, бұл – әлдекімнен, әлдекай түрде алынған үзінділер!

“Діннің қасиетті ғибраттары бұзылды, бұзылғандықта шек жоқ... Рим деген сүмдүк оқиғалардың театрына айналды, ондағы асыл тектілік пен асқан байлық адамдарды құртатын болды; азаматтық парасатқа жетелейтін ақыл-ойдың қүші және соларды теріске шығаратын кіші-пейілділік – екеуі бірдей күнәға айналдырылды; онда игі ниетті ізгілік адамның түбіне жететін қылмыс деп

есептеді; жансыздың жазасы мен пасықтықтың сый-күрметі бір дәрежеде теріске шығарылды; онда, осынау азған тұқым жәдігөй өuletтің де, консулдық дәреженін де, және, тіпті билікші ағзамның маңайындағылардың да ішіне етіп кетіп, солардың тиесілі сыбағасына көз алартты; құлдар өлде сатылу арқылы, өлде өз өшпенділігімен мырзаларға қасарып қарсы тұрды; онда ерікті адамдар өздерінің қожаларына опасыздық жасады, ал ешкімге жамандық жасамаған адам досының опасыздығынан мерт болды”

Тацит Римді осылай сипаттайды, ал Дрейпер оны қалай сипаттаса да өзі білсін, ал бірақ Абайға ұлы тарихшының осынау құштарлық сөздері қалай болғанда да жақын еді. Сонда оның халқы замандар тоғысының арасында толқынап па, Абайдың айналасында әдет-ғұрыптан аттап адамгершілік заңына қарсы қылмыс жасағандар болмап па? Осының бәрін ол кейінірек өзінің “Фақлия сөздерінде” жазып кеткен.

Ие, әрине, “Европадағы ақыл-ойдың даму тарихында” ағартушылықтың және дүниені ғылыми тұрғыдан танудың осы сияқты асқақ өуенін Абай толық қолдады, бәлі, әлбетте, Абай – шабытты сопылардың дүниеге кейін келген мұрагері – өзін-өзі масаттандырған ақылды білім адамды сөзсіз біржақты етіп аздырады, оның жан-жүргегін қаңсытады, – “Фақлия сөздерінде” Абай бұл жөнінде тебіреніп айтатын болады. Ал қазір, айналаны қаранды қапас надандық басып тұрғанда, ол өткен замандардың даналығынан өзінің қазіргі қүресінде сенімді таяныш табуға мәжбүр. Сондықтан ол жанына жақын Шығыс пен жанына дәл сондай жақын Батыстың өзара ұнdestігіне барлық ынта-жігерімен құлақ қояды және соны көміл түсінеді:

“Фалымның сиясы мен құрбандықтың қаны бірдей қасиетті” (арабтың данышпандық сөзі).

“Наданның ақылы ақиқаттың сәулесіне төтеп бере алмайды” (Роджер Бэкон).

Генри Томас Бокль – әрине, Дрейперге қарағанда мүлде өзгеше өлшемнің тұлғасы. Өзгені былай қойғанда, Бокльдің сонау жас кезінде адамзат өркениетінің жалпы тарихын жазбақ болған наполеондық ойының өзі-ақ адамды таң-тамаша қалдырады; сол ойын жүзеге асыру үшін ол тәулік бойы жұмыс үстелінен тұрмасстан сарылып

отырған да, пенделік қуаныштың бәрінен безіп шыққан: ертеңгілік жаратылыстану ғылымымен шұғылданса, түстен кейін әр түрлі тілдерді үйренген (нәтижесінде он тоғыз тілді тәп-тәуір игеріп, қалай болғанда да мәтінді оқи алатын болған), кешкілік тарих, география, құқықтану пәндерін зерделеген. Шамасы, осындай өмір салты оны ажалынан бұрын дүниеден өткізген, ол бар болғаны қырық жыл ғана өмір сүрген. Әлдебір сәтте Бокль осыншалықты үлан-ғайыр жоба бір адамның қолынан келетін іс емес екенін өзі де мойындаған, бірақ, соған қарамастан, сол ынта-жігермен жұмысын жалғастыра отырып, “Англияды өркениет тарихының” екі томын жазып үлгерген, содан кейін осы бағыттағы француздардың тәжірибесін зерттеуге кіріскең, Испанияның, Шотландияның, Германия мен АҚШ-тың ақыл-ой дамуына арналған кітаптың түбегейлі жобасын жасап кеткен.

Айталық, ол да халықтың рухани және интеллектуалдық өмірінің заңдылықтарын сол елдің географиялық жағдайының ерекшеліктерімен, ауа райымен, топырақ құрылымымен, тіпті тағам талғамымен түсіндірмек болатын позитивистік әдіснаманың құрбаны болып кетсін. Мысалы, Бокль Үндістандағы тобырдың санаы және, соған сәйкес, тұлғаның құлдырауы, сондағы тау жоталарының қуатымен, буырқанған өзен ағындарымен, ит тұмсығы батпайтын ормандарының қалың жынысымен байланысты болады деп есептеген. Адамның ақыл-оізы осындай мылқау табиғат күшіне тәуелді және соған кіріптар. Ал Грекияда жер бедері тегіс, адамға қауіпті емес, сондықтан ондағы адамдар өздерін Құдаймен теңестіруге өбден ерікті.

Бокль әрі қарай, Дрейпер сияқты, тіпті империкалық білімнің қандай да бір жақтаушысы сияқты, көркем өнер мәдениетінің, атап айтқанда, әдебиеттің маңызын кемсітуге өте бейім: “Кітап дегеніміз – адамның ақыл-ой қазынасын сақтауға өте ыңғайлы және сенімді қойма тәрізді бірден-бір пайдалы орын”. Айталық, XVI-XVIII ғасырлар аралығындағы Англияда ақыл-ой дамуының биік шындары ретінде жаратылыс танушылар (Ньютон, Бойль), философтар (Бэкон, Гоббс), корольдер (Георг III), саясаттанушылар (Берк) аталады, бірақ олардың арасында Мильтоннан басқа бірде-бір суретші жоқ. Тіпті

Шекспирдің өзі осынау қалың қара түнектің ортасында атаусыз қалған.

Бірақ солай бола тұра, “Англиядағы өркениет тарихын” “қалаулы ойдың қалдығынан” қысымшылық көрген, бірақ қуатты ойдан нәр алған ақылдың жемісі деп бағалаған жөн. Дрейпер баяндап сөйлейді, Бокль зерделеп зерттейді – Абай бұл айырмашылықты байқамай қойған жоқ, сонымен бірге өзінен жасы үлкен ағылшын замандасының ақыл-ойындағы әлде бір кінаратты, өзектілікті де көрмей қала алмады. Асылында, ол айырмашылықтар құні бүгін де маңызын жойған жоқ, тіпті құні ертең де сақталып қала ма деп қауіптенемін. Бір сөзben айтқанда, Абайдың ең мәнді мағынадағы Батыспен тілдесуі дәл осы Бокльді оқудан басталады, – бұл сонау әл-Фараби мен Аберроэс заманында басталған тілдесу болатын. Бұған дейін қыр еліне осы тілдесудің әлсіз жаңғырығы ғана жеткен, ал қазір сол даланың ақыны мен ағартушысының күш-жігері арқасында қайта жаңарап, жалғасын тапты.

“Өркениетті бір ел екінші бір елмен неғұрлым жақынырақ танысса, олар құрметтеу мен еліктеуге тұрарлық қасиеттерді бір-бірінің бойынан солғұрлым көбірек табады. Ұлттық араздықты туғызатын барлық себептердің ішіндегі ең қауіптісі – бейтаныстық. Сол елдер өзара жанаса келе, жаңағы бейтаныстық азаяды да, соның нәтижесі ретінде өшпендейтілік те кемі түседі. Халықтар арасындағы туысқандықтың шынайы одағы нақ осы жолмен қалыптасады, ал мұның өзі моралистер мен діншілдер айтатын барлық уағыздардан әлдеқайда өтімдірек болып шығады”

Абай осы жолдарды оқи отыра, сөз жоқ, мұңлы ойға беріліп, өз халқының рухани томаға түйіктықта қалғанына, қасындағы орыстарды былай қойып, сонау алыстағы европалықтармен байланысы болмағанына, тіпті сондағы Бокльді білмей келгеніне қынжылғаны бекер болмас-ты. Бірақ солай қынжыла тұрып, мойындауға келгенде де, оның адамгершілік ерлігі жетіп артылады. Оған кінәлы тек отаршыл өкімет қана ма, соның әртүрлі “майырлары” ғана ма (орыстың төмен дәрежелі бастықтарын қыр елінің халқы осылай атایтын), өздерінің менмендігінен ықылыш атып, киіз үйлерінің іргесінен сыртқа көз салуға бойлары жар бермейтін қазақтардың өздері де кінәлы екенін бұл іштей кәміл мойындайтын.

“Екінші сөзінің” өзінде-ақ “Англияның ақыл-ой тарихының” беттерінде жарияланған қисындарды ол өзінше дамыта түскен: “Біздің қазақ сартты көрсө күлуші еді... кең қолтық шүлдіреген тәжік; түйеден қорыққан ноғай (ноғай дегенше ноқай десенші), “ауылды көрсө шапқан, жаман сасыр бас орыс” деп кеміте сөйлейтін, ал дүниедегі ең жақсы халық – қазақтар деп ойлайтын” Осы үшін Абай өзінен-өзі іштей қапаланатын. “Енді қарап тұрса... бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?”

Абай осы қаһарлы сұрақтарының жауабын “Жетінші сөзінде” айтады: “Көкіректе сәуле жоқ, көнілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы еkenбіз. Білсек те, білмесек те, білсек еken деген адамның баласы еkenбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тұқ білмейміз, біз де білеміз деп, надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз”

Содан бері өткен уақыт жұз жыл ма, әлде одан да көп пе, біраз баршылық – ал бірақ болған өзгеріс қандай? “Темір тордың тасасында отырып алып, неше түрлі ertегіні қоздыра беру оңай, әйтеуір ешкім сенің қолыңды қаға алмайды. Зертханадай жабық жерде жат болып кету де қын емес, – обалы не керек, оның зардабын біраз тарттық. Қазір темір тор алынды, бұрынғыдай өсек-аяңға көп өріс жоқ. Олай болса, жау бейнесін қолдан жасай беру не керек, ұлттық өркөкіректікten неге арылмаймыз, қайда барсақ та – үйде де, түзде де, Ресейде де, Америкада да, Европада да, тіпті Қыр елінің өзінде де: тіпті тәп-тәуір, ақылды адамдардың сөзіне бақсақ, рухани тәуелсіздікке жетудін бір шарты – қайткенде де өзгенің мәдениеті мен дәстүрлерін мансұқтау сияқты болып көрінеді де тұрады.

Абай Бокль шығармаларын оқи келе, мынадай бір пікірге кідіріс жасайды: “Философ тек қана ақиқатқа ұмтылуы керек, сондағы ой түйіндерінің іс жүзіндегі нәтижесі қандай – онда шаруасы болмасын. Ал егер сол түйіндері шын ақиқат болса – жасай берсін де, ал жалған болса – адырам қалсын. Олар жағымды ма, әлде жағымсыз ба, жұбаныш па, әлде қасірет пе, заарсыз ба, әлде апатты

ма – ол философтарға емес, практикалық істің адамдарына қатысы бар мәселе. Жаңа ақиқаттың қандай да алғашқы кезде зиянды әсер еткен, ыңғайсыздық туғызған; өйткені бұрынғы қалыптасқан қоғамдық және діни тәртіптерді шайқалтатын болған, кейде тіпті баяғыдан бері орнығып қалған және сондықтан да көп адамдардың жаңына жақын ой құрылымдарын бұзатын болған. Арада белгілі бір уақыт өтіп, өмір құрылымы жаңа ақиқатқа ыңғайлласа бастаған кезде ғана сол жаңа ақиқаттың игілікті жемісі басым бола бастайды да, сол басымдық күшіне келе, ақыр-аяғында сол ақиқат ылғи да игілікті жеміс беретін болады”

Ал Абай философ емес, әсіресе сөздің батыстық ұғымындағы философ емес, ол өзі де және көп ұзамай басқалар да оны жүртттың ұстазы, ақылшысы, рухани көшбасшысы деп сезіне бастады. “Практикалық істің адамы” емес, нағыз көшбасшысы деп. Өмірдің сол кезеңі, кейде өзіне шаншу болып қадалса да, артта қалды. Ол кезде Абай “өз көзқарасының” салдары жайында ойланған, ойланбасқа болмайтын еді. Енді сөз айтатын болды, ал ол сөздері ешкімге ұнамайтыны өз алдына, енді көп жүртты жауалыққа шақыруы ықтимал еді. Бірақ, есесіне, солардың өзі аңы дәріге айналып, құндердің күнінде игілікті жеміс берер үміт те бар-ды.

Мінекей алғашқы “ғақлия” сөздер де жазыла бастады, ондағы сезімге толы ортақ өзекті ой, ғалымдардың сөзімен айтқанда, ұлттық өзара сын болып шықса керек. Оларды бірінен кейін бірін тізбектеп жаза берсең, қаталдығы жағынан бірінен бірі асып түскендей:

“Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылыштарын қостасам керек еді. Уә, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ” (“Тоғызыншы сөз”).

“Қазақ құлшылығым Құдайға лайық болса еken деп қам жемейді” (Он алтыншы сөз”).

“Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды...” (“Жиырма алтыншы сөз”).

“Етінен өткен (қазақтың), сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сұтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген” (“Қырық бірінші сөз”).

Ал “Қырқыншы сөз” – бұл бір қаздай тізілген кем-кетік міндер, қайсысын айтсан да, ұлттың намысын ойып түскендей.

Өзінің халқын осыншалықты қаталдықпен шенеген бірде-бір ұлттық ақынды, ұлттық ойшылды, әсіресе сөздің толық мағынасындағы тұңғыш ақын мен ойшылды көзге елестетуге болар ма еді, сірә?

Бәлкім, тұлғаның ірілігі мен сөздің ұлылығы осымен анықталатын болар?

Тегінде, Европадағы ақыл-ой өмірінің құпиясына тереңдеген сайын, Бокль, жалпы алғанда, “тарихтағы табиғи-ғылыми әдістен” бас тартпай-ақ, бүкіл халық тіршілігінің шоғырланған болмысы ретінде көркемдік тарихына, ақынның өміріне бұрынғыдан әлдеқайда көбірек назар аударады. Өзгесін былай қойғанда, “XVI ғасырдың жартысынан бастап, Людовик XVI-ның билікке келуіне дейінгі Франциядағы ақыл-ой қозғалысы тарихының очерктерінде” ол көркем өнердің жағдайы туралы көп жазады. “Күн-корольдің” билік басына келуінен бастап, деп жазады Бокль, нағыз жүгенсіз озбырлық заманы басталды, оны Паскальдің немесе Боссюэнің эпистолярлық мұрасымен де, Мольердің комедияларымен де, Расиннің трагедияларымен де өтеуге болмайды.

“Дәл Людовик XVI-ның патшалық құрған кезіндегідей, басқа ешбір заманда, әдебиетшілер сондайлық жомарттықпен марапатталған емес, олардың рухы ешуақытта дәл сондай құлдыраған емес, дәл сондай құлдық ұрған емес, білімнің жебеушісі және ақиқаттың уағызшысы ретіндегі өздерінің мәртебелі міндеттерін атқаруға дәл сондай қабілетсіз болып көрген емес. Сол замандағы ең таңдаулы деген жазушылардың тарихы дәлелдегеніндей, олар өздерінің жоғары білімдері мен табиғи ақыл-ой қабілетіне қарамастан, айналадағы бұзылғандыққа қарсы тұра алмады. Корольдің мархабатына ие болу үшін олар өздерінің өмірінен де қымбат болуға тиісті тәуелсіздік рухын құрбандаққа шалды. Олар бір тостаған асбұршақтың көжесіне бола данышпандар мұрасынан бас тартты, сөйтіп өздерінің төлбасылық хұқығын қолдан берді...”

Бұл түрғыдан алғанда, Абайдың жолы болды дерлік: егер басқа біреулермен жазысқан хат-хабарларды тексеруді және полициялық бақылау сияқты ұсақ-түйек қастандықтарды есепке алмағанда, өкімет орындары оған тиіскен жоқ, бірақ, әлбетте, оны сатып алуға, сөйтіп оның рухани табандылығын сынға салуға тырысып бақты. Мәселен, оның тағдырын Сократ пен Сенеканың, Данте мен Мольердің, Пушкин мен Достоевскийдің тағдырымен сірә да салыстыруға болар ма? Дәл сондай-ақ, ол өкімет орындарына жақындаған жоқ, олардан ешнәрсе ҫураған жоқ, яғни, Мексиканың тамаша эссешил ақыны Октавио Пастың суреткөр жөнінде айтқанындай, мәртебелі қамқорлықты іздеген жоқ, қайта, содан қашқалақтап жүрді, өйткені соның аяғы сөзсіз апатқа апарып соғатынын анық білді. Октавио Пас өзінің сөзін былай қорытқан еді: “Күн-корольдің” оқымысты абсолютизмі, бүрнағы ғасырдағы ағылшын философының айтқанын толық расқа шығарып, Францияны рухани жағынан бедеулікке ұшыратты.

Сөз орайына қарай айта кетейік, XX ғасырдағы тарихи сілкіністің күесі болған ол өзінің кездейсоқ пікірлесіне өзі білетін жайттарды қоса кетуіне болар еді: жаңағы құлдық ұру мен табансыздықтың ең асқынған түрі XVI ғасырда емес, одан көп кейін, осы таяудаған, тоталитарлық тәртіппер тұсында орын алған болатын, – демек, ертедегі жолсыздықтар қазіргінің ұзаққа созылған жаттығуы сияқтыған көрінеді!

Ие, тұра мағынасында айтқанда, Абай Бокльдің кітабындағы жолсыздықтарға іштей үндестік білдірмегенімен, сырттай бейтарап қала алған жоқ; жалпы алғанда, жақсы білімді жақтаған бұл суреткөрге жаңағы Бокль сөз қылып отырған рухани бостандық соншалықты өзекті болып көрінбейтін сияқты. 1896 жылы Абай “Отыз сегізінші ғақлия сөзін” жазады. Бұл өзі Абай сөздерінің ішіндегі ең көлемдісі, ең терені және ең жұмбақтысы. Оның мағынасы әлі күнге дейін ашылған жоқ (“Ғақлиялардың” орыс тіліндегі алғашқы басылымда ол таза алынып қалған: пәлесінен аулақ деген болар), сондықтан бұл жөнінде әлдебір жаңалық ашылар деген үміттен біз де аулақпыш. Бірақ, оқуын біз оқып шығармыз – ең болмағанда сол жұмбақтығын байқау үшін және кейбір

жорамал ойларымызды айту үшін. Дегенмен оны кейінге қалдыра тұрамыз, ал әзірше – айтқандай-ақ, алыстан үн қатысу, адам жанының бостандығы мен төуелсіздігі туралы диалог – тіпті суреткерге ғана емес, кез келген адамға тән қасиеттер хақында. Абайдың ойынша, мұндай бостандық адаммен тумысында бірге келеді екен, бірақ оны ата-аналары мен молдалар тартып алады екен де, сәбидің бойындағы ақиқатшылдықты жойып жібереді екен.

“Бұл шығынның аяғы аса ауыр бақытсыздыққа апарып соғады. Ондай балаларды оқытуда енді мән қалмайды, өйткені олардың бойындағының бәрі жалғандық: ғылымға деген үмтүлсызы да, ұстаздарға деген ықыласы да, әсіресе, ең қасиетті ілім – иманның өзіне деген сенімі де. Ондай балаларды дұрыс жолға салып, адам қылу мүмкін емес, өйткені Алла дегеннің өзі – “ақиқат жолы”, ал ақиқат пен шындық зорлықпен сиыса алмайды”

Ал енді сол зорлық қайдан келді: үкімет тарапынан ба, қара тобырдан ба, діндарлардан – онда тұрған не бар?

Бокльді оқып отырғанда оңай байқалатын бір нәрсе – ол өзінің барлық қисындары мен байқағандарын үнемі ақыл-ойдың салтанат құруына, білімді асқақтатуға барып тірек бермейді. Дұрысын айтқанда, Чарлз Дарвин мен Огюст Конттың ізбасарынан бұдан өзге нәрсені күтүге болмайтын да еді; ал Абайдың философияда және білім әдіснамасында ешқандай шаруасы жоқ, оған керегі – таза ағартушылық қана.

“Надандықты жойындаршы, – дейді Бокль, – сонда дінге орын босайды”, ал Абай дәл осы сөзді іліп алғандай болады да, тек қыр адамының көзін таныс түрге бояйды:

“Адамның ғылымға таза көзқарасы осылай қалыптасады және ол түбінде Аллаға қатынасы болып шығады, өйткені ғылым – Алла тағаланың қуатынан жараптан, соның бір қасиеті болып табылады”

Бокль өркениеттің кез келген тарихшысы алдынан көлденен тұратын қындықтар туралы былай деп жазады: “Оның қол астында дайын тұрған ешнәрсе жоқ. Ол сәүлетші ғана емес, сонымен бірге тас қалаушы да, ол болашақ үйді жобалаумен бірге, соған керекті құрылыш тастарын өзі тасымалдап әкелуге тиіс”

Абай осы сөздерге бүкіл жан-жүйесімен үн қатады, өйткені ол да өзін әрі жобалаушы, әрі инженер

құрылышы, әрі әлдекайдан тас тасымалдайтын қара жұмышы деп есептейді, содан кейін сол тастарға алғашқы сөзді өзі жазып, тиісті нобайға келтіретін де өзі болмак.

“Өркениеттің аяқ алысы, – деп ой толғайды Бокль, – әуелі білім жинап, содан кейін оны жұртқа таратумен анықталады. Бұл екі жұмыстың бір деңгейде болуы сирек кездеседі. Мысалы, Германияда білімнің орасан зор қазынасы жинақталды, бірақ оқығандар тобы мен халық бұқарасының арасындағы алшақтық адам айтқысыз. АҚШ-та, керісінше, білімнің таратылуы бір деңгей шамасында болады, бірақ сол білімнің жалпы көлемі тым жұтаң”

Ағылшын үшін осының барлығы академиялық материяғана, ұқыпты, алғыр ойдың кәсібі ғана, ал Абай үшін – халықтың өмірі мен тағдырының мәселесі, өйткені оның елінде білімділер тобы атымен жоқ. Қазір ол өз қолында ұстал тұрған “Өркениет тарихы” атты кітаптың орысша аудармасында “нақ біздің шала сауаттылығымыз туралы, қазактардың білімге көзқарасы туралы айтылған”. Сенің туған халқыңды осылай надандықтың мысалы етіп жатса жаныңа тиері даусыз, бірақ сенен наданырақ та халықтар болып жатса, оған не айта аласың?

Оқу керек, ал оқудың мәнісі – ең алдымен қасан қисыннан және үйреншікті әдеттен, өлі дәстүрден арылу деген сөз, ал оның әр жағында тасбиық пен сөлде тұр.

Міне осы тұста Абай өзінің үшінші сұхбаттасы – англосакс нәсілдес адамға жүгінеді; оның аты – Джон Стюарт Милль; алғашқы екеуі және Англиядағы, құрлықтағы басқа да көп интеллектуалдар сонын шапағатымен өсіп-өнген.

Өзінің отандасы, Англияның премьер-министрі болып талай рет сайланған Уильям Гладстон рационалистер шіркеуінің өулиесі деп атаған осынау асқан дарынды және тамаша білімді кісіден қалған философиялық-экономикалық мұра өте мол. Солардың ішінде автордың есімін дүние жүзілік көлемде танымал еткен еңбегі “Бостандық туралы эссе” деп аталады. Тегінде, Абай осыны оқыған болуы керек. Бокльдің еңбектері сияқты, мұнда да Абайды жалпы мағлұматтық тұрғыдан қызықтырған мәселелер мыналар болуға тиіс: адамның жеке бостандығы мен қоғам тарапынан болатын бақылаудың арасындағы шекара;

көпшіліктің бассыздығына айналып кетуі ықтимал халық билігін шектеудің қажеттілігі; жеке адамның ойлау бостандығы мен бүкіл халық ақыл-ойының дамуы; пуритандық этика және ерік-жігердің құлдығы; қоғам саулығының шарты ретіндегі “тәртіп пен прогрестін” жарысы және басқалар; сол басқалардың ішінде тарихы бар Европа үшін өзекті деп саналатын және Милльдің өз сөзіне қарағанда, кәмелеттену дәуірін бастан кешіп жатқан, (прогреспен бірге жүретін игіліктері мен қасіреттері бар болашақ табалдырықтарының алдына келіп тұрған) халықтар үшін әлі өзекті деп санала қоймайтын тағы көп мәселелер қамтылған.

Міне енді сол жалпы мұдденің ішінен тікелей қатысы бар мәселе бөлініп шығады.

“Салттың өктемдігі...” – Милльдің сөзі дәл осылай басталады еken, соны қорған жерде-ақ Абай елең ете қалады: қазірде оны ойландырып жүрген нақ осы жайт еді ғой. Дәл осы қалыптасып қалған салт-дәстүрдің өктемдігінен басқа халықтың, өз халқының рухын өзгеден бұрын қатты бұғаулап отырған не нәрсе? Ұмытпасақ, оның өз отбасында жарықшақ нақ осы жөннен туған, әкесімен екі арадағы ауыр қактығыстың себебі де қалыптасқан тәртіп пен ілгері жылжу тілегінің арасындағы қайшылық еді ғой. Сонымен:

“Салттың өктемдігі барлық жерде де адам прогрессіне кедергі болып табылады. Прогрестің ұстанымы қандай тұрде көрінсе де, бостандыққа ұмтыла ма, әлде жетілуді тілей ме, бәрі бір – салттың өктемдігіне тікелей қайши келеді немесе, ең болмағанда, соның езгісінен босануды қөздейді, ал адамзат тарихының басты мұддесі, басты маңызы осы ұстанымның салт үстемдігіне қарсы күресуінде болып табылады. Дүние жүзінің қөптеген бөлігінде, дұрысын айтқанда, өзіндік тарихы жоқ, себебі – салттың өктемдігі қалғандарының барлығын бір өзі жауып тұрады. Мұндай жағдайда мысалы ретінде (осы түсқа келгенде, оқырманның бұған дейінгі бүйірі мұддесі енді күшейе түскен қызу мұддеге ауысады, ал Абай болса, мыңдаған шақырым жерден автор тура өзіне қаратып отырғандай сезінеді – Н.А.) бүкіл Шығысты алуға болады; онда барлық істің шексіз ең жоғарғы төрешісі ретінде алдыңғы орында салт тұрады; “әділет”, “құқық” деген

Ұғымдардың барлығы салтқа барып саяды; өз билігіне мастанған бір тежеусіз озбыр болмаса, басқа ешкімнің басына салттан аттап кету деген ой келмесе керек”.

Құдайым-ай, деп бойы тітіреп кетті Абайдың, мынау озбыр деп отырганы – мұның туған әкесі, қарт Құнанбай ғой, ата-бабаның жолынан тайдың деп баласына кінә таққан сол емес пе еді? Қажет деп есептеген кезінде сол заңдан аттап кететін соның өзі емес пе еді? Қодардың өзін жазалаған жолсыздықтың үстіне, әдет пен шарифаттың ережесін бұзуға беті шімірікпей, үш бірдей жазаны қатар қолданып, оны асқызып өлтірген, содан соң өлігіне тас аттырған және одан кейін денесін жардан төмен лақтыртқан соның өзі деп жұрт бекер айтпаған ғой.

Әрине, Абай мен оның төңірегіндегілердің тірлігіне соншалықты жақын нәрселер туралы мына ағылшын тек академиялық түрғыдан жалаң ой толғап отыр. Ол өзгеден қаншама озық білімді болғанда да (Милльдің өз басы тырнақтайынан білімді ортада тәрбиеленіп, түрғыластарынан тұра ширек ғасыр озып кеттім деп есептеген), бүкіл Шығыс туралы бұлай деп бекер көсіле сөйлейді... Ол өзі діннен шыққан ежелгі еретик соғыларды, ерік бостандығын ойлап, сол үшін азап шегіп, өмірін құрбан еткен Халладжды біле ме еken? Бірақ қалай болғанда да, Милльдің айтқаны жөн: өлілер тірілерге мықтап жармасып алған, қатал зан – дамудың жауы.

Жә, айтқаны жөн-ақ болсын, бірақ сол айтқанын кейбір ойларымен қалай қиуластыруға болады? Бақсақ, жогарыда сөз болған халық билігі, ерік бостандығы туралы және т. б. ойлар тек “кемел халықтарға” ғана қатысты еken, ал кәмелетке жетпеген халықтарға қандай шаралар қолданса да кедергі жоқ, тек нәтижелі болса болғаны.

“Деспотизм жабайы халықтар арасында ағарту жұмысын жүргізгенде, оларды басқарудың өте занды түрі бола алады”

Білім мен ағарту ісін уағыздауға келгенде, дәл Абайдай жан салып еңбектенген басқа адамның қарасы жақын маңайда көріне қоймайды. Бірақ соны бір кездегі христиан дінін енгізгендегі крест жорықшылары сияқты от пен оқтың күшімен жүргізу керек пе? – Жоқ... Қалтқысыз исламизм түрғысынан қарағанда, күпірлікпен шектес деп

есептөлөтін соғылық ілімінің Милльге жақын көрінетіні тегін болмаса керек.

Джон Стюарт Милльдің Европадағы интеллектуалдық алаңға шыққан кезі Британ империясының өз шынына көтерілген немесе көтерілуғе жақындаған тұсы болатын, ал мұның өзі, әлбетте, барып түрған либералдық пікірдегі және еркін ойлы адамдардың өзінде де белгілі бір психология мен ойлау үлгісін туғызды. Арада азғантай ғана уақыт өткенде, айталақ, екі ғасыр тоғысында Европада алдымен пайда болған ақын Киплинг “ақ нәсілді адамдардың ауыртпалығы” туралы сөз қозғайды. Абай онда әлі тірі, бірақ әлгі сөз оған жетпейді. Егер жеткен болса, оған да, өмірге одан кейін келген бізге де, тіпті бізден кейін келетін үрпаққа да арасы бірікпейтін нәрселерді; “ақ нәсілділерді” және “Батыс пен Шығыс туралы балладаны” біріктіру аса қынға түскен болар еді.

Дәл сол сияқты, салттың озбырлығына қарсы наразылық жасаудағы алалықты түсіну де мүмкін емес. Және бұл жай ғана өмірден алыс жатқан психологиялық жұмбақ емес, олай болғанда біраз басты қатырып көруге болар еді. Демек, Милльдің пікірінше, мынадай болып шығар еді: Ресей өзінің сөзсіз кәмелетті оқымыстылығын Абайдың еліне келіп, қандай әдіспен де дәлелдеуге хақылы болмақ. Мұндай қорлыққа кім көнеді?

Тарихи жолдың қай-қайсысы сияқты, Батысқа барап жол да кедір-бұдырлы болды, бұл жаққа баратын жолда ақыл-ой мен жан-жүйенің шамадан тыс ауыр еңбек етуіне тұра келетін еді.

Ал бірақ, бәлкім, ұлылықтың өлшемі салынған сүрлеудің тегістігіне қызықпай-ақ, жаңағы қыны жолды жүріп өтуге бекінген тәуекелшілдікпен анықталатын шығар?

Бәрін былай қойғанда, Абай – жаны сергек адам, Абай – суреткер және ойшыл, өмірдің әрбір қисынының, философиялық тезистің, жарғы параграфының, тағы сондайлардың аржағында адам мүддесі жататынын жіті аңғаратын адам, – Джон Стюарт Милльдің логикасымен танысқанда, жүргегінің дір еткенін сезбеуі мүмкін емес. Ал егер аударудың шалалығынан әлгі жүрек дірілін сезбеген болса, онда оның сол 1880 жылдары оқыған Герценге сенуі хақ. Ал Герцен “Болғандар мен

толғамдардың” екінші томында былай деп жазады: “Милль сияқты адамдар еріккеннен жазбайды; оның бүкіл кітабы мұнға толы, бірақ ол торыққандықтың мұны емес, қайсарлықтың, кінәлаудың мұны, Тацит үлгісіндегі мұн... Оқымысты үкіметке қарсы бостандықты емес, қоғамға қарсы, енжарлықтың өлі қүшіне қарсы, болмашы төзім-сіздікке қарсы, “ортақолдылыққа” қарсы бостандықты қорғаштап отыр... Ол Англияда ... жалпыға бірдей, тобырға лайықталған нұсқалар әзірленіп жатқанын көріп отыр, сондықтан басын қатты шайқай отырып, замандастарына жар салады: “Тоқтандар, ойға салындар, байқандар – адам жаны азып барады... Тацит өз отандастарын қалай ұялтса, Стюарт Милль де дәл солай ұялтып отыр; Тацит оларды қалай тоқтата алмаса, бұл да отандастарын дәл солай тоқтата алмайды. Азып бара жатқан адам жанын бірнеше ауыз ренішті қасірет сөзімен тоқтатпақ былай тұрсын, бәлкім, оның алдынан дүниежүзілік тоған тұрғызысан да тоқтата алмассын”

Айталақ, Абай оқымысты үкіметке онша сене қоймайды, өйткені ол өзінің оқымыстылығын “бұратаналармен” бөлісуге онша пейілді емес, бірақ, ең бастысы, ол да ең алдымен өзінің отандастарына: “Тоқтандар, ойланындар!” деп ұран салады.

“Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. – Ол істен мен үятты болдым дедім ғой, енді нең бар?” – дейді. Я болмаса – Жә, жә, оған мен-ак үятты болайын, сен өзің де сөйтпеп пе едің? – немесе – пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менің оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе?” деп, ұялтамын десен, жап-жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау” (“Отыз алтыншы сөз”)

Жан азып барады...

Тағы да бәрі қалай тоғысады – және, сөз қосып айтсақ, тағы да бәрі қалай қайталайды. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын ағылшынды, Англияға тап болған орысты және қазақты мазалаған ой өзінің өзектілігін жойып алғаны ма?

Бәрі қалай тоғысады, айрылысқан жолдар бір орталыққа қарай қалай үмтүлады дерсін.

Абай орталыққа қарай ұмтылған осынау күш-куатты сезінеді, осынау жаппай қозғалысқа өзі де қосылып кетеді.

“Европа, – деп оқиды ол Герценнен, – бізге мұрат ретінде, кінә ретінде, игілікті мысал ретінде қажет; егер ол осындай болмаса, оны ойлап табу керек”.

Мазмұны жағынан болмаса да, пішін жағынан өзінің “Фақлияларына” ұқсас келетін Монтеннің “Тәжірибелерін” параптайды отырып, Абай, мәселен, мынадай “орыстық” эпизодты ұшыратып қалады. Өзінің турашылдығымен әйгілі болған Рим консулы Гай Фабриций Лусцин әлдебір кезде Македония патшасы Пиррge үкім шығарғанын еске ала келіп, Монтең мынадай бір оқиғаны баяндайды:

“Орыстың ұлы князы Ярополк венгрдің бір ақсүйегін пара беріп сатып алады да, оны Польша королі Болеславты зұлымдықпен өлтіруге немесе, ең болмағанда, оған орыстардың аса бір үлкен зарар келтіруіне мүмкіндік туғызуға көндіреді. Сол ақсүйек корольге адал қызмет етіп жүреді де, ақыры корольдің кеңесіне сайланады, соның ең жақын адамдарының біріне айналады. Осындай жоғары мәртебеге ие болып алғаннан кейін, ол бірде қапысын тауып, тақсырының жоқ кезінде Польшаның ірі және бай қаласы Вислицаға орыстарды кіргізіп жібереді, ал орыстар қаланы барынша тонап, содан кейін дымын қалдырмай өртеп жібереді де, қаланың және соның әдейі шақыруымен келген маңайдағы елді мекендерінің ақсүйектерін, еркек-әйелдерімен қоса, түп-түгел қырып тастайды. Ярополк кегін қайтарып, қаһары әбден басылған кезде (оның өйтетін жөні де бар екен: Болеслав алдында бұған дәл осындай зұлымдық жасаса керек), жанағы опасыздың ашықтан-ашық пасықтығын көреді де, соған сабырлы байсалдылықпен қарап тұрып, қатты ыңғайсызданады; соның ұятына шыдамай, осыған кінәлі сен ғой деген оймен оның екі көзін ойып алуға, тілі мен үятты жерін кесіп алуға бүйрек береді” (Тәжірибелер, 3-бөлім, 1 тарау)

“Тәжірибелердің” авторы осы сюжетті қайталап айтқанда мына бір жағдайды дәлелдемек екен: “опасыздықтың кешірімді болатын жері де бар дейді; бірақ ондай кешірімділік сол опасыздықтың өзін жазалау үшін қолданылған жазаға ғана жүре алады екен”. Абай бұл сияқты моральға келісе ме, жоқ па, ол белгісіз – келісіүі негайбыл: Қодар мен Қамқаны азаптап өлтірткен әкенің жан

түршігерлік опасыздығына ездігінен куә болған адам, содан кейін әртүрлі рушылдық жанжалдардың талайына амалсыздан куә бола жүрді де, өмірінің соңғы кезеңінде неше түрлі өтірік-өсек пен дау-жанжалардың қандайына да, ешбір себебіне қарамастан, қаны қас болып өткен. Сондай-ақ жаңағы сияқты ертеде болып кеткен оқиғалардың рас-өтірігінде де оның шаруасы шамалы, оны анықтау – тарихшылар мен өзге де зерттеушілердің жұмысы. Монтең де әлгі оқиғаны заманындағы бір поляк тарихшысының кітабынан білсе керек. Ал Абайды таңғалдырған нәрсе – XVI ғасырдың аяқ кезіндегі француз жазушысының әлдебір адамшылық үрдісінің жайын дәлелдеу үшін галлдар орыстарды қөшпелі қазактардан кем білетін кездे, нақ сол орыстардың өз тарихшысына жүгінгендігі еді, (ол онымен тұрсын, Монтеннің Италияға барған сапарында Иван Грозныйдың 1561 жылы Григорий XIII папаға жіберген елшілігіне соншалықты зер сала назар аударғандығы Абайды одан бетер таңдандырған болар еді).

Уақыт негұрлым өткен сайын Европа Ресейге солғұрлым жіті көзben қарайды. “Тәжірибелер” жарық көргеннен кейін екі ғасыр өткенде, соның авторының елінде “орысшыл” және “орысқа қарсы” екі партияның арасында қызу айтыс басталады. Осының соңғысын бастаған Руссо “орысқа қарсы екі түрлі қарудың ғана күші жүреді – ол ақша мен қамшы” деп есептеген, ал өзінің “Қоғамдық шартында ол: “орыстар ешқашанда өркениетті бола алмайды, өйткені олар өркениетке тым ерте берілді” дегендегі сөлемек мәлімдеме жасаған. Ал екінші топтың өкілі Вольтер оған шұғыл қарсы шыққан (Дидро мен Д'Аламбер де сол топта болған). Вольтердің біздің ел жөнінде төтенше тілекtestіk білдірген “Ұлы Петр тұсындағы Россия империясының тарихы” атты енбегі дүние жүзінде, атап айтқанда, Шығыста қызу үндестік тапқан, сондықтан ол кітап Абайдың көзіне түсуі де ғажап емес.

Ал Ресей Европаға қарайды.

Ертеректе орыстардың Батысқа баратын жолы Вольтер тұратын Ферней қамалын басып жүретін болса, Абайдың тұсында Гёте өмірден өткен Веймарға қарай бұрылыш жасайтын болған. Бірақ бұрынғы ескі жол да ұмыт бола

қоймаған-ды. Қалай болғанда да, 1858 жылы Фернейде ескі вольтершіл Вяземский болыпты да, сол жолғы сапарынан күнделік жазбаларынан басқа мынадай ақындық ізін де қалдырыпты:

Мекен етіп талай жылдар Фернейді,
Бір данышпан өткен еken кезінде.
Бұғін де оған ешкім тендес келмейді,
Сиқыры бар ойы менен сөзінде –
Даналықтың әулиесі, патшасы.

Абай жалғыз Пушкинді ғана емес, оның айналасындағы ақындарды да, оның ішінде Вяземскийді білгенімен, осы өлеңдерді ол оқыды ма, жоқ па, – ол жөнінде Мұхтар Әуезовке еріп, біз де анық қуәның жоқтығына сілтейміз де үнсіз тынамыз. Бірақ қалай болғанда да бір нәрсе айқын: көп жылдар бойы өзіне жұмбақ болып келген жердегі мәдениет құндылықтарына құлшина кіріскең Абай сонымен өзінің бірлігін барған сайын анық сезіне бастаған.

Осы мағынада алғанда, Ресей оның университеттерінде шешуші рөл атқарды, батысқа баратын жол Петербург пен Мәскеу арқылы өтетін еді.

Батысшылдар мен славяншілдердің соғысы туралы Абай, әрине, ешнәрсені немесе көп нәрсені білген жоқ, ал бірақ Герценнің өзіндік түйсігі (“ертеден таныс қарсыластар... біздің жүргегіміз бірге соқты...”) бұған жылы естілетін еді, өйткені, тайпалар мен рулардың әр алуан тартыстарына амалсыз араласа отырып, ол шындығында келісімді әрдайым жоғары бағалайтын; құрт өзгерістің адамы ретінде ол жемісті шашудан гөрі жинауды артық көретін. Ал енді қалайда қирату қажет болса, ол соның жүргегін мықтап сыйдататын.

Бәлкім, тіпті анығында-ақ, Абай “Философиялық хаттарды” оқымаған болар, бірақ соның өзінде де, “Болғандар мен толғамдардың” авторы Герцен Чаадаевтың пікірін дамыту бағытында мынадай ойтолғамды әбден-ақ қабыл алса керек-ті: “Артель мен селолық қауымдастық, кіріс бөлімі мен жер бөлімі, халық жиыны мен болыстағы өздерін-өздері басқаратын село құрамалары – осының барлығы біздің болашақтағы еркін қауымдастық болмысмызыздың зәулім храмы орнықтырылатын іргетас болады. Бірақ бұл іргетас жай қаланған тас қана... егер батыстың

ой-пікірі болмаса, біздің соборымыз сол жалаңаш іргетаспен ғана қалатын болар еді”

Абай – практикалық істің адамы, көшпелі халықтың көшбасшысы, қыр елі адамдарының болмысын жайластырумен, ал дұрысында қайта жайластырумен шүғылданып жүрген адам, – ол өз замандасының, орыс интеллигентінің тілін түсінеді, ал орыс интеллигенті, сірә, соны сезбестен, орыс әлемін жайғастыру туралы айтқанда, шындығында, оған мұлде ұқсамайтын басқа бір тұрмыс жайының түбірлі мұдделерін қозғап кетеді. Сөздері ғана басқа, ал ұғымдары бірдей – сол баяғы жын, ауыл, болыстар.

Абай – ойшыл, Абай – экзистенциалист (әлбетте, әлі пайда болмаған философиялық мектепке жатады деген мағынада емес), Герценді де түсінеді: бәрі – бәрінің ішінде, бәрімен бірге: іргетассыз үй болмайды, ал жалғыз іргетас және үй болмайды.

Осы арада, бәлкім, өзімді өзім түзетіп кеткенім жөн болар. Абайдың Батысқа баратын жолы Ресейдін астаналары арқылы өтеді деп жаңа ғана айтылды, бірақ бұл онша дәл емес, өйткені ол үшін Ресей мен Европа – бір бәс. Достоевскийдің славяншылдық пиғылы үшін Шоқан қынжылған, ол үшін Абай да қынжылған болар еді. Бірақ оның тайпалас аға замандасы мезгілінен бұрын өліп кеткеннен кейін айтылған орыс данышпанының: орыстардың екі отаны бар: Ресей және Европа – деген сөзін Абай естіді немесе естуі мүмкін еді. Егер естіген болса, оған өз жүргегінен үндестік тапты, сонан соң оған өз жанынан сөз қосып, қазактарда да екі отан бар; Европа және Азия – деген болар еді.

Арада біrsыпира уақыт өткеннен кейін, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, Толстойды және әсіресе Достоевскийді қайта-қайта оқып алған біршама жас Герман Гессе мынадай сөздер айтады: мына апаттың салдарынан, “шамасы, Ресей жеделдете европалана бастайтын болар, өйткені осыдан аман қалып, болашақта рөл атқарғысы келетін әрбір мемлекет үшін өзінің жан жүйесін тәртіпке келтіріп, үйымдастырып, бір тұрлі әскерилендіру қажеттігі заманның ең бірінші талабы болып табылады. Енжар Ресей, христианшыл, төзімді, бұрынғы қай кездегісінен де жанқияр Ресей анқау халықтың жан

дүниесінен баспана іздеуге мәжбүр болады. Сондықтан біз осынау құпия, жаны мейірлі Ресейдің дауысына байыптырақ құлақ қоюымыз керек. Бүкіл “европалық” улгіні Ресей Батыстан үйренеді, одан өлі де көп нәрсені үйренеді. Ал енді Батыс өлі қунге дейін толық бағаламай келген енжар азиялық ізгіліктерге келетін болсак, бұл тұста орыстар тағы да бізге ұстаз болып шығады және мұның өзі тіпті практикалық саясаттың мәселелеріне де қатысты болады. *Өйткені күндердің күнінде бізге тағы да әлдеқандай өзге бір полюс таянып келуге тиіс, сонда біз тағы да, былайша айтқанда, әрекеттен гөрі төзімділікті артықша бағалайтын жан-жүйе мәдениетін тағы да есепке алуға тиісті боламыз.* Европалықтар бұл өнерде әлі де сәби күйінде қалып отырганда, орыстар әлі ұзақ уақыт бойы біз бенен біздің аргы анамыз Азияның арасында дәнекер болып қалмақшы.

Курсив автордікі емес – менікі, бірақ ол таяуда бүкіл дүниежүзілік атақ-данққа ие болғалы түрған жазушының бұл айтқан пікірлері әсте де талассыз деген сөз емес. Қайта, керісінше, бір жүйе тәртіптік шараларды қажет ететін орыс рухының “енжарлығы” деген жай бір сөз, дейді әдебиетшілдік, ақиқаттан гөрі қарадүрсіндікке дес бергендік. Ал енді құндылықтардың бір-біріне ауысуы жөніндегі арманның жөні басқаша – ол игілікті, даусыз және тегінде мұрат атаулының бәрі сияқты, жүзеге аспайтын нөрсе.

Бірақ та адамзат тарихында бірегей болып туған Абай сынды адамдар өз замандастарын да, кейінгі үрпақтарды да өмірде жоқ Эльдорадо еліне қарай немесе, керек десеніз, Асан Қайғы сияқты “Жиделі Байсынға” қарай итермелеп тұратыны бар.

Абай мәдениеттің ешкім еншіленбеген айдындарында жүзіп жүрді, жай ғана жүзіп жүрген жоқ, өзі де байқамастан, ағынның бағытын да өзгерпіп жүрді.

Сонымен бірге Ресейдің өзі болмаса да, тіпті, орыс мәдениеті болмаса да, нақ орыстың тілі оған бағыт сілтеген жарық жұлдыздай болды да, алдынан Пушкинді, Лермонтовты, Гогольді, Толстойды ғана емес, солармен бірге Гётені, Байронды, Гейнені, Мицкевичті, Монтенді, Паскальді, Дарвинді және ашып берді.

Сөйтіп, бір-бірімен қатарластыра қойылған бірнеше айнаның жүйесі арқылы, Абай бір өзінің бейнесін ғана емес, яғни көшпелі бір адамды ғана емес, соның ар жағында болашақтың талай ұрпактарын көргендей болды.

...Адольф Янушкевич Құнанбай Өскенбайұлымен кездесіп, әңгімелескен сәттерінің бірінде өзінің дүние жүзіне әйгілі досы Адам Мицкевичтің есімін атап қалуы ғажап емес, тіпті атаған күннің өзінде оны есінде сақтап, құндердің күнінде баласына айтуы тіпті де мүмкін емес – оны мұлде өзгеше жолсапарға әзірлеп жүрген-ді; сондықтан ол жолда өзге түгіл, өз елінің ақындарына да орын жок еді. Оның үстіне Құнанбай соншалықты сезімтал адам болмайтын.

Ең ықтималы, Мицкевичтің есімін оның ұлы Северин Гросстан естіген болар, өйткені, біздің білуімізше, ол Абаймен тым жақын араласқан. Бұл соншалықты маңызды нәрсе емес, өйткені, біз үшін маңыздысы – бес жылдай айдаудың тақсіретін тартып, Ресей империясының ішкі губернияларында бейнет көрген Мицкевичті Абайға алып келген Грасс емес, айдауда жүрген басқа поляктар да емес, онымен кездескен адамдардың бірде-біреуі поляктің ұлы ақынының есімін атаған емес. Оны алып келген – Пушкин. Оның ең алғаш рет 1826 жылы кездескені туралы Герцен былай дейді: “Пушкин қайтып келген кезде Мәскеу қоғамын да, Петербург қоғамын да таныған жок. Өзінің бұрынғы достарын да таба алмады, – олардың атын атауға ешкімнің батылы бармады; барлығының айтатыны – тұтқындау, тінту және жер аудару; бәрінің де қабактары түсken, беттерінде үрей. Ол бір сәт Мицкевичті, славянның осынау өзгеше бір ақынын ғана кездестірді; олар бір-біріне бейне зираттағыдай үнсіз қол берді, ал тәбелерінен аспан әлемі құркіреп тұрған”

Бәлкім, осынау баяндауда реалистік дәлдікten гөрі, революциялық романтика немесе, айталық, Байронға тән көңілсіздік басым болар: өйткені бұл кездесуде Герценнің өзі болмаған – оның естелігіне қарағанда, ол Мицкевичпен бұдан жиырма жыл кейін Парижде, “Трибуна народов” газетін ашпақшы болып жүрген кезде ғана танысқан (ол газеті бірнеше ай ғана өмір сүрген). Әрине, Герценнің жалпы баяндауы дұрыс: Пушкин мен Мицкевич – рухани

туыстар және одан да гөрі маңыздырағы – бір ақындық ордениң мүшелері.

Мұны Мицкевич “Дзяды” поэмасының үшінші бөліміндегі “Ұлы Петрge ескерткіш” деген тарауда былай баяндайды:

Қара жаңбыр астында бір плащты жамылып,
Жабырқаған жандары түн ішінде түр екеу.
Бірі оның – Батыстан бас сауғалап, жан ұрып,
Бостандықты аңсаған боздақтардың бірі екен.
Екіншісі – осы елде еркіндіктің ақыны,
Отты сөзбен оятқан орысының санасын.
Бір тілекпен табысып, ізден келсе жақыны,
Неге аясын ол-дағы қорғаны мен панасын.

Баршаға мөлім, Пушкин “Мыс салт аттыда” Мицкевичтің “шыбыртқылы күйеуі тағдырдың қаһарлы бүйрықшысына” онша ұқсамайды деп, сын пікір айтып, өзінше былай суреттеген:

О, күшті ие бар тағдырга!
Тұнғиықтың үстінде сен,
Темір тізгінді алып қолға,
Ресейді өстіп көтермеп пе ең?!

(Дәл осы жолдарға Пушкин: “Ескерткіштің суреттелуін Мицкевичтен кара” деп ескерту берген).

Таласуын таласты, бірақ “Ұзінді” мен “Мыс салт атты” жарық көрмей тұрып басталған туысқандардың өзара әңгімесі ақырына дейін үзілген жоқ. Дәл сол сияқты, 1830 жылғы Поляк көтерілісі талқандалғаннан кейін орын алған салқындық Мицкевичтің пікірінде данышпан орыс ақынын ешқандай да төмендете алмаған.

Пушкин Мицкевичтің көп шығармаларын аударды (“Воевода”, “Будрыс және оның ұлдары”, “Конрад Валленродқа” кіріспе), өзінің әртүрлі еңбектерінде – “Евгений Онегин”, “Дубровский”, “Сонет” (“Қатыгез Дант сонетті жек көрмеген...”) – соған жалтақтап қарай берген, ал 1834 жылғы бір өлеңін тіпті ескі достыққа арналған ескерткіш десе болғандай. Мицкевичтің Николай Ресейіне қарсы жазған саяси сатираларының өуені байқалатын бұл өлеңнің аяғы тым қасіретті де аңы еді:

Тыңдаушы едік ақын сөзін құмартып,
Қош айтыстық ол кеткенде Батысқа.
Жылы жүзбен ізгі тілек білдірдік,
Опасызық қылды бірақ, амал не,
Қара ниет қастық сөзге елігіп.
Шашты бізге улы зарын жырының.
Естіледі жауыққаны алыстан.
Таныс дауыс! О, Тәнірі, бер тыным,
Ақиқат пен татулыққа шақырып.

Өлеңнің соңғы екі жолы оның бас жағындағы ойға қайта оралтады, онда Пушкин бұрынғы дос көнілден айтылған әнгімелерді де, кіршіксіз таза армандарды да, әсем әндерді де (“ол биіктен өзіне шабыт беріп, шаттанатын өмірден үміт көріп”) еске түсіреді және ең бастысы ғасырлар бойы ескірмейтін суретін жасап кетеді:

...Кейде әредік
Үміт артып болашақтың ырқына,
Келер ме деп бірлік пенен ынтымақ.

Алдынан Пушкин тізбектеп өткен айналар қатарынан Абай өзінің мұңлы өмірін жылышқандай арманның ақындық бейнесін көрген. Жаңағы бірлік пен ынтымағы жарасқан ортадан өз халқының ой жүзіндегі лайықты орнын көрген – бұл Абайдың ішке бүккен мұраты, сондықтан суретшілерді әлдебір мәртебелі ұфым – ақындық шындық біріктіріп жатса, әлдекімнің саяси даудамайынан әділдік іздеп несі бар?

Өзі сиқыр, сөзі тәтті мүләйім,
Билігі бар ақыл-ойға қаншама.
Дәл өзіндей қисын сөздің сыңайын,
Жеткізе алмас ешкім айтып баршаға.
Ақыны бар дейді осындаі елінің,
Салт-дәстүрі сакталыпты бұзылмай.
Қасындағы сүйген жары ерінің
Сұлу дейді бейіштің хор қызындаі.

Бұл ақын – Адам Мицкевич, ал өлең (“Субұрқақтың жанға жайлы салқыны...”) – Мицкевичтің “Қырым сонеттеріне” үн косу, оны Пушкин заманында П.А.Вяземский қара сөзбен аударған да, көп жылдардан

кейін Бунин және басқалар оны алғашқы ақындық түріне келтірген.

Мицкевичті өзінің одессалық достарына таныстыра келіп, Рылеев оған “бұл өзі және ақын да болған” деген сөздерді қосады; сонда декабризмнің идеологы үшін басты нәрсе – ақыл-ойдың революциялық бейнесі болып шығады.

“Дзяды” поэмасының үшінші бөлімінен алынған “ұзіндіде” “Орыс достарға” деген арнау бар, онда Рылеевтің аты бірінші болып аталады:

Қайдасыңдар? Рылеевтің жарқын рухы сөнді ме,
Мойындарды қылғындырып темір бұғау түсті ме?
Ыстық сезім сөніп мұлде, қара түнек төнді ме,
Жендет оғы жауды ма әлде, пайғамбар-ау, үстіне?!.

Солай болу керекті де – өзі диссидент және зорлық атаулының жауы болған Адам Мицкевич бостандықтың қаһарманы және бейнетқоры Рылеевті өзіне жаны жақын адам көрді – бірақ онысы Пушкин жанынан өзгеше болатын. Өйткені Рылеевтің ақындығы “қосымша” болса, Адам Мицкевичтің ақындығы rag excellence болатын.

Мұны Пушкин анық білді (бірақ Герцен, шамасы, Мицкевичтің сыртқы түрінен “Польша тағдырының толқымалы бейнесін” көргеннен кейін, мұны білмеген тәрізді). Ал (Пушкиннің князь Вяземскийге айтқан ақылымен) данышпанның жағына шыққаннан кейін, осы жайды Абай да білген еді.

Мицкевичтен аударған “С.Б. альбомына” деген бір ғана өлеңі сақталған. Абайдың Батыспен әдеби байланыстары туралы жазған қызықты және мазмұнды кітабында Шемшиябану Сәтбаева бұл өлеңді “европалық реакция, самодержавиелік-деспоттық жүйе асқынып келіп, нәтижесінде бостандық сүйгіш декабристік қозғалысты және 1830 жылғы Польшадағы көтерілісті тұншықтырғаннан кейінгі ауыр да қорқынышты қүндерге үндестік ретінде жазылған” деп есептейді. Бірақ олай болуы тіпті де мүмкін емес – өлең орыс желтоқсанынан бір жыл бұрын, ал Варшаваның қарашасынан алты жыл бұрын жазылған және осы қайылы оқигаларға емес, Юлиуш Словакийдің шешесі – Саломея Бекюге арнап жазылған (демек, бұл жерде де Ш.Сәтбаеваның өлең арналған адам “анықталмаған және зерттелмеген” деген пікірі түсініксіздіктен

туған). Абай ол шумакты аудару үшін сол кездегі Дмитрий Минаев жасаған орыс нұсқасын пайдаланған, ал Минаев Некрасов төнірегіндегі орта қолды ғана ақын болған, өзі көбінесе сықақ өлеңдерімен, эпиграммаларымен, пародияларымен ғана белгілі болған. Шамасы, Мицкевичті орыс тіліне аударғанда ол жаңағы пародияшылдығынан арыла алмай, жалған романтикалық сарынға түсіп кеткен¹ Абай сол жалғандықты анық сезіп, Минаевтың (бірақ Мицкевичтің емес) жасық, жабырқау сарынынан алшақтап кетеді де, шымыр, ширак үйқастар табады (бұл жерде мен Ш.Сәтбаевың ой-толғамына бағып, ол кісіге шын сенімді алғысымды білдіремін). Бір ғажабы, Абай түпнұсқаның мәнін түйсікпен танып, қазақша аудармасында орыс аудармашысының шалалығынан болған қатені түзетіп жіберген.

Бірақ, бұл мысалға қарап, Абай үшін Адам Мицкевичтің кім болғанын анық білу мүмкін болмас, ал енді Абай онын басты шығармаларын – “Гражинаны”, “Конрад Валленродты”, “Дзядыны”, “Пан Тадеушті” оқыған болса, автордың Абай үшін кім болғанын анық білер едік.

Кеңестің алғашқы ағарту халық комиссары А.В. Луначарский – көп оқыған, көбінесе өте орынды пікірлер айтатын адам – Мицкевичтің: “бір басында дүниежүзілік ақын мен революциялық ақынды біріктірген” бірегей дарын болғанын атап көрсетеді. Ол рас – бұл сияқты мысалдар көп емес, әрі кеткенде Маяковский мен Гарсия Лорка есімдері ғана еске түседі.

Бірақ, біздің ойымызша, Абайды еліктірген бұл емес, басқа бір қасиеттердің құймасы болса керек. Атап айтқанда, екі ерекшеліктің – ұлттық, тіпті жергілікті десе де болады және бүкіл дүние жүзілік қасиеттердің жұптасуы. Ол былай тұрсын, Адам Мицкевич ұлттық тарихты ғана емес, халықтық азыздарды, поляк фольклорын баршаға түсінікті тілге аудара білді, сол еңбектерінде ол бүкіл адамзатқа тән тербелістер мен дыбыстарды дәл басып жеткізе алды. Міне, сол сияқты Абай да, көбінесе өзі сезбестен, тек өз халқына ғана емес, басқа елдердің халықтарына да түсінікті болу жағына мықты болды.

¹ Бұл өлеңнің Семён Кирсанов орыс тіліне жаңадан аударған нұсқасы, лефтін сарыны бола тұра, алғашқы түпнұсқаға әлде қайда жақын болған.

Әйткені, Қыр елінде әлемге жай ғана айтып қоймай, дәл тауып, пернесін дәл басып жеткізетін сыр баршылық еді. Осы өнерде Адам Мицкевичке тең келетін авторлар көп дей аламыз ба? Абайды осыдан басқа тағы да тандандырған қасиет – поляк ақынының сыршылдық лирика мен фольклорды, азаматтық асқақтық пен юморды, керек десеңіз, белгілі бір кекесінді, демократиялық қарадүрсіндік пен өте нәзік шеберлікті, баяндау мен драманы – осының барлығын сәтті түрде үштастыратын “Дзяды” поэмасын – бірнеше үзікке бөлініп кетсе де, ішкі тұтастығын сақтайтын тамаша туындысын ерекше атап көрсетуге болар еді.

Осы поэмалың орыс тіліне аударылған екі нұсқасының біреуін – өлде 1860-1861 жылдары “Русское слово” журналында басылғаны ма, өлде 1863 жылы кітап болып шыққан нұсқасын ба – әйтеуір біреуін Абай анық оқыған; сонда кім біледі, осы шығарманы оқи отырып, өзі де осындай лиро-эпикалық үлгіде ірі шығарма жазуды, онда үзақ сонар, қалың көп оқығаларды, неше түрлі адамдарды, туған өлкесінің тарихын түгел қамтып жариялауды арман еткен де шығар. Бірақ, біздің білуімізше, ол мұндай арманын жүзеге асыра алмады. Алайда соқпақ іздермен қатарлас кен даңғылға әуестік, әмбебап ақиқаттарға ұмтылған күш-куат, соған орайлас туған жерге деген ынтажігер, – міне, осының барлығын ол ұлы поляк романтигінің бойынан таба білді және онысы заяға кеткен жоқ, астыңсті бірдей тоғысқан өлеңдерінде және “Фақлияларының” өуенінде жүйелі үндестік тапты.

“Отыз төртінші сөзінде” Абай өмір мен өлім туралы, жер бетіндегі тіршіліктің баянсыздығы туралы – қысқасы, жергілікті болмыстан гөрі кенірек ауқымда ой толғайды. Сөйтеді де, кенет ауылға қайта оралып, кез келген қазақпен тіл қатысады: “Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды... Қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы, ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақтар мұсылман екен! Егерде екі нәрсе кез болса – бірі

ахиretке керекті, бірі осы дүниеге керекті,” бірін алса бірі тимейтүғын болса”, ол осы дүниеге керекті алады да, екіншісін тағы бір келгенде алармын деп жөніне кетеді. Сөйтіп, ол Бабыл мұнарасын саламыз деп өуре болған көп пенденін бірі болып қала береді.

“Бес құндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе бірің қонақ екенсің, өзін дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білмestігін таластырып, біреудің бағына, малына құндыстік қылып, я көрсекзызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? Тілеуді Құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшешенікін өпер демек – ол Құдайға айтартық сөз бе?”

Өзгелер, яғни, басқа адамдар бар, бірақ оларда жаттық жоқ – осы оймен жігерленген Абай Европаны аралап кетеді. Сол бетімен Батысқа барады, бірақ аз уақыт ішінде көп әсер алған Германиядан өрі бармай, сонда кідіріп қалады, – қазір біз онымен бірге Ла-Маншты кесіп етпекпіз.

Әрине, әмбебаптықты іздеген сапарында ол – өзінің өрнектеп айтқан сөзі бойынша – Байронда қонақ болмай кете алмады.

Оған алғаш рет алып келген тағы да Пушкин еді; “Ақыл-ойдың өміршісі” атты шығармасында ол ғасырлар бойы естен шықпайтындағы етіп, мына өлең-жолдарын жазған:

Айтқызып бостандыққа жоқтау сөзін,
Ол кетті, алтын тәжі қалды артында.
Ақынды еске алатын келді кезің,
Толқыған көк теңіздей сөзін тында.
Бойына жиған елдің намыс-арын,
Өзі де қуатты еді, терең еді.
Қайтпайтын қайсар мінез, асау арын,
Баршаға сондай болу керек еді.

Бұқіл Европа Вальтер Скотты құныға оқып жатқан, атақ-даңқтың биік шынында Гёте отыр, бірақ замандастардың рухани және эстетикалық билігі Байронның қолында; ал Пушкин, өзінің аға замандасына көзқарасының күрделі болғандығына қарамастан, “осынау арбап алар құпия сыры бар қуатты ақынды” марапаттаудың қолайлы сөтін құр жіберместен, соны шығармашылық дарынның биік бейнесі деп ұқты: өзінің досы Вяземскийге жазған

хатында Пушкин қара тобырды қоя тұрып, әрдайым данамен бірге бол дегенде, осы Байронды еске алған айтқан (бұл ақылды ол өзінің күнделігін және ақынмен жазысқан хат-хабарларын жоғалтып алғанда айтқан).

Абай Пушкиннен кейін Герценмен әуестенді: мұны қызықтырған – европалық орыстың екі ұдай табиғаты еді. Бәлкім, ақын ретінде Пушкиннен ғөрі Байронды кемірек қабылдаған себебі – Байронның өлең жөнінде айтқан сөздерін үнемі ұға бермейді, ал оның суреткер ретіндегі ішкі қасіретін былай деп суреттейді: “Байронның торығуы жеке басының көңіл-күйінен ғөрі кірпияздығына байланысты, Байронды күйреткен себеп – өмірден алданғандығы еді, ал өмірдің алдаған себебі – оның өмірге қояр талабының жалғандығында жатты, сондықтан Англия мен Байрон жас мөлшерлері мен тәрбие мектептері әртүрлі бола тұрып, тұманның сейілген кезінде кездесті”.

Ие, “Болғандар мен толғамдар” атты еңбекте Абай бақытсыздығының себебі де дұрыс аңғарылған секілді – заманынан және өз елінен, өз халқынан қол үзіп кеткендігі дегендей пікір айтылады.

Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көнілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!

Бұдан он жыл бұрын айтылған “Тоғызынышы сөздегі” көңіл күйі, Герцен айтқандай, бүкіл бір үрпақтың түнілгендігінен туған Байронға тән жайт емес пе екен: “Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашуласам ызалана алмаймын. Құлсем қуана алмаймын. Сөйлегенім өз сөзім емес, құлгенім өз құлкім емес, бәрі де әлдекімдікі... Сол себептен бір жүрген қуыс қеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде – өттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!”... деп артқа алаң болмай өлуге”. Міне осы жерде де ой толқындарының әлде қандай бір жан тебірентерлік тоғысуы байқалады. Герценнің еске алуы бойынша, Байрон Англиядан қашқанда түсіністепеушіліктің арғы бетіне етіп кетпекші болған, сол ниетін Чайлльд Гарольдтың өз кемесіне айтқан мына сөзімен жеткізеді:

Шаттыққа тойып, шақырғанда қайғыны,
Тамұққа бармақ Альбионды қалдырып.

“Осындай бейнетті сапардан не күтіп еді ол?”, – деп сұрайды Герцен “Болғандар мен толғамдарында” – Испанияны Наполеон қырып жатыр, Грекия жабайыланып кетті, 1814 жылдан кейін өлген Лазарлардың бәрі қайта тірілді; олардан қашып Равеннаға барсан да, Диодатиге барсан да құтылмайсың. Байрон немістердің *sub specie aeternitatis* (мәңгілік тұрғысынан) теориясымен де, француздардың саяси сөзуарлығымен де қанағаттана алмады, сөйтті де күйреді, бірақ күйрегенде қаһарлы Титан сияқты өзінің өшпенделілігін ел көзіне айтып кетті”

Міне, Абай да осы сияқты, қайда баразын, қайдан орын табарын білмейді, баяғыда өмірден өтіп кеткен ағылшының ақыны сияқты күйде. “Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кенестес болмасам керек еді, тобына бармай... жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді” (“Тоғызынышы сөз”).

Пушкинді сөзсіз күрметтеуші, бірақ Герценнің анық қарсыласы болған тағы бір орыс – Достоевский, сөйте тұрып, мұның сөзін іліп әкетіп, жаңа бір өрнектермен толықтырады да, Абайдың алдынан ашылған Байронның суретін ұсынады (бұл енді жас кезіндегі құштарлықтан сұнынып, көзқарасының көбін қайта қараған, сондықтан Достоевский де Байрон жөніндегі пікірін өзгерткен, бірақ: “Байронды тәлкек қылмаңдар, бойында оның қуат бар” деп ескертуді ұмытпаған).

“Дүниеге ұлы да қуатты дана, құмарпаз ақын келді. Оның сөздерінен сол кездегі адамзаттың қайғы-мұны және өз мұратын, өз армандарын жоғалтып, түнілген қасіреті естілді. Бұл – бұған дейін құлақ естімеген ыза мен кектің, қарғыс пен құніреністің жаңа бір сарыны. Байроншылдықтың рухы бүкіл адамзатқа тарады, адамзат соған үн қосты”

Міне-міне, сол қасірет Абайдың да жан-жүйесін билеген-ді, бірақ оның жан-жүйесі әлі қажымаған, сөзіндегі қаһар мен қарғыс лебі әлі қайтпаған-ды.

Қартайдық, қайғы ойладық, үйкы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұндасарға кісі жоқ, сөзді үғарлық,
Кім көнілді көтеріп болады ермек?

Бірақ бұл тұста “қайсар Виссарионның” даусы естіледі, ал оның Байронға көзқарасы өзгеше. Оның пікірінше – бұл өз заманының Прометейі, ашуға булыққан тұлға, “өзеуреген өрліктे өзіне сенген пәтшағар”

Бұл бейне де Абайға жат емес; “еркіндікті өзіңе ғана тілейсің” деп “байроншыл” қаһарманға Пушкин айтқан үкім бұған да жат емес. Осының екеуінде де күш-куатқа, өзін-өзі орнықтыруға деген шаттану бар, ал екінші жағынан біреудің өктемдігін қабылдамау және жақынды жатсыну рухы және байқалады – осының бәрі Александр Македонский туралы поэмасында бейнеленген.

Бірақ қалай дегенмен де Абайдың Байронмен жақын-дасуында (Лермонтовпен жақындастырылған) Лермонтов ерекше рөл атқарған.

Бұл жерде өнгіме тікелей дәнекерлікте ғана емес, бірақ оның да маңызын кемітуге болмайды.

Лермонтовтың ізімен Абай, жоғарыда айтылғандай, Байронның екі өлеңін аударған – “Көнілім менің қараңғы. Бол-бол ақын” және “Альбомға”.

Біріншісі “Еврей саздары” цикліне кіреді (оған кейін композитор Исаак Натан ән жазған), бұл топтағы өлеңдерінде ақын ерекше бір сезімталдықпен және шеберлікпен сөз сарынында да, ән өуенінде де “Көне Өсиеттің” эпикалық қаһарлы күш-куаты және Иосиф Прикрасныйдың лирикалық әуезді сарыны, Мысыр тұтқындығының қараңғы қапасы қатар бейнеленген.

“Ол келеді жарқырап, жайраң қағып” – міне, бұл сөздерде ешбір қылау түспеген емін-еркін сезімнің шексіз бостандығы бар, “Әннің әніндегідей” таза сүйіс-пеншіліктің сарыны бар:

Арбаган көз, ақ жарқын жұз,
Сылдыр құлқі – бейне теңіз
Сыбдырындаі, сиқырлы өуен –
Бәрі бейбіт өмір деніз.
Жомарт қолдың мол сыйындаі,
Бал-шырынның бұлағындаі,
Ағып тұрса сол тыйылмай –
Кімді қояр бұла қылмай.

Бірақ осының барлығында Бабылдың соңғы патшасы Валтасарға арналған сөздің қаһарлы қарама-қарсылығы

және естіледі; соның күпірлік тойында әлдебір құпия қолдармен: мене, текел, фарес деген қатерлі сөздер жазылғаны мәлім. Ол жерде жылт еткен сәуледен нышан жоқ, қара пөленің түнегі ғана бар:

Валтасар-ау, кім жасар-ау
Мұндай бассыз жын-ойнақты?..
Жасағаның жарлық үні
Дәл тәбеңнен жалт ойнартты...
Аса берсең, таса берсең,
Сенің жайың табылмай ма,
Фарасатта қыл мойныңа
Қарғыс таңба тағылмай ма?!

Ал әуелі Лермонтов, одан кейін Абай аударған өлеңде мұндай үштасқан үшқарылық болмаса да, кездесуге деген ынта-ықылас бар. Рас, орысша және, болжалдап айтқанда, қазақша нұсқаларынан гөрі Байронда бұл айқынырақ сезіледі. Яғни айтқанда, сегіз жолдық өлеңнің Лермонтов аудармасында түпнұсқаның сөздік құрылымы еркін беріліп, науқастың көңіл күйіне сәйкес айтылған: жандүниесіндегі қасірет-қайғысы арфаның ішегі арқылы былай жеткізілген:

И если не навек надежды рок унес,
Они в груди моей проснутся,
И если есть в очах застывших капля слез,
Они растают и проснутся.

Абай, – деп түсіндіреді Шәмшиябану Сәтбаева, – түпнұсқалардағы жалпы көріністі сақтап, оған жергілікті рен береді (Байрондағыдай жай “арфа”, Лермонтовтағыдай “алтын арфа” емес, кәдімгі қазақ ұғымындағы “алтын домбыра”), сондықтан ол ақындық өлең сөздеріне салтанатты сарын дарытады: алтынды домбырадан күй күмбірлеткен ақын ауру мендеткен науқастың жүрегінде әлі сөнбеген үміт сәулесін қайта жандырады. “Оның көзінде қатып қалған бір тамшы жас” бойын ерітіп, тіршіліктің өміршеш қуатын дарытады.

Алайда науқас адамның жаны ауру азабының жеңіл азаттығын тілемейді, әлдебір ауыр бейнетті аңсайтын сияқты. Аудармашы орыс ақыны бұл орайда автордың

соңынан елігіп, ұқсас әуен табуға тырысады. Мәселен, Байронда:

I tell, thee, minstrel, I must weep,
Or else this heavy heart will burst.

Лермонтов осы жолдарды былай жеткізеді:

Пусть будет песнь твоя дика. Как мой венец,
Мне тягостны веселья звуки!
Я говорю тебе: я слез хочу, певец,
Иль разорвется грудь от муки.

Ал бұдан кейінгі келесі қадамда түгелдей айырылысу болмағанымен, анық сөз алалығы байқалады. Байрон, осынау “қарғыс пен түнілудің” жыршысы, жанға үміт үздірмейді, поэзияның адам жанын қасіретпен сауықтыра尔лық күшіне сенгендіктен, арада тыныс алдыра尔лық таңдау қалдырады:

For it has been by sorrow nursed,
And acted in sleepless silence long;
And now 'tis doomed to know the worst,
And break at once or yield to song¹.

Ал Лермонтовта өлең ақырында қайта оралу жоқ:

...Страданьями была упитана она,
Томилась долго и безмолвно;
И грозный час настал – теперь она полна,
Как кубок смерти, яда полный.

Әлбетте, бір-біріне жақын екі ақын жанының бұл сияқты ішкі таласын Абай білген жоқ және ол туралы ойланған жоқ, егер біліп, ойланған болса, онда сірә, Лермонтовтың бәсекелестік хақысына келіскең болар еді: егер ол өзі “назираларында”, еркіндікке жол берген болса, басқаларды қыспақça алып несі бар? Бірақ бір таңданарлығы, ойына ешбір күдік алмастан, Абай әлгі диалогты үш жақты

¹ Тұпнұсқаның әуенін тіпті нобайлап та бере алмайтын осынау сірескен жолма-жол аударма былайша да жеткізілуі мүмкін еді:

Ведь вскормлено оно (сердце) печалью,
В молчании, без сна, его тянулись годы,
Ну а теперь осталось худшее познать,
Разбиться на куски или отдаться песне.

Әңгімеге айналдырады да, өзінің аудармадан аударған нұсқасында әлгі екеуін түйсікпен түсіністікке келтіргендей болады. Мұның аудармасында Байронның музасы қандай да бір сынаққа төтеп бере алатын өзінің анық арашашыл да батыл әсемдігін сақтап қалады да, Лермонтовтағы қит етсе төгіліп кеткелі тұрған ашу-ыза сабасына да үқсас болып шығады.

“Еврей саздары” – Байрон поэзиясының кездейсок беттері емес, ол өзіне жақын соңшалықты жақын Шығыстың ауасымен тыныстайды, ол Таураттың символикасына толы, бір ғана осының өзі оның өлеңдеріне ірілік пен ұлылық дарытады. Ал “Мальтадағы альбомның бетіне жазылған өлең жолдары” (Лермонтов аудармасында да, Абай аудармасында да жай ғана “Альбомға” деген тақырып берілген) – данышпанның қаламынан шыққанымен қара дүрсін ғана үйқасты жолдар. Солай бола тұрса да, Лермонтов соған екі дүркін оралған да, алғашында тіпті аударма да емес, тақырып аясындағы жай нұсқа болған да, тек кейінірек, арада бірнеше жыл өткеннен кейін ғана мәтінін түпнұсқаға жақыннатқан. Абай осы соғы нұсқасын негізге алып аударғанда, өз өлеңін алғашқы жолынан бастап адам үрейленгендей жақындықпен өз өлеңіне үқсатып аударады:

Кім білер, жабырқанқы жазған сөзім
Жібермей, көп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен,
Сықылды өткен жанның бір күмбезін.

Ал Лермонтов аудармасындағы Байронның даусы былай естілетін:

Как одинокая гробница
Вниманье путника зовет,
Так эта бледная страница
Пусть милый взор твой привлечет.

Абайдың “Сегіз аяқтағы” қорытынды жолдары да осы әуендерес:

Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!

Айтқандай-ақ, осы жерде тағы да қайталаң еске салайық, аударма деген қатынас байланыстың тікелей түрі болғанымен, бірден-бір және ең басты жолы ғана емес.

Лермонтов Байронға үнемі жалтақтап, қарайласып отырады:

Не смейся, друг, над жертвою страстей,
Венец терновый я сужден влечить...

(Күлме дос, құштарлықтың құрбанына
Жазылған талайына ауыр тағдыр...)

Ал мынау “Байронға еліктеуден” алынған.

Прости! Коль могут к небесам
Взлетать молитвы о других...

(Faфу ет! Қабыл болса бөгде тілек –
Жолдаған жалбарынып жаратқанға...)

Бұл – 1814 жылы “Корсар” поэмасының құрамында алғаш рет жарияланған, “Farewell! If ever fondest prayer...” деген жолдармен басталатын Байрон өлеңінің басқалардан гөрі түпнұсқаға едөуір жақынырақ аудармасы.

“Ажал аузындағы гладиатор” – “Чайльд Гарольдтың” төртінші жырынан алынған бір нобайы, эпиграф та содан алынған.

Ақыр-соңында – “Жоқ, мен Байрон емеспін...” атты хрестоматия, мектеп оқулығы.

Лермонтов өлеңдеріндегі Байронның көлеңкесі елеңдеп тұратын шығармаларының ішінде бірде-біреуінің аудармашы ретіндегі Абайға қатысы жоқ, – бірақ одан келіп-кетер не бар?

Орыс ақыны оған XIX ғасырдың алғашқы үштігінде Европадағы ақыл-ойдың әміршісін сондай әмірші атандырган жаңалықты ашып берді. Чайльд Гарольдтың плащи емес, ақынның менменсіген тұйықтығы емес, ондағы қарсылық рухы да емес және бостандыққа үмтүлған сол қарсылықтың асau арыны да емес, – жоқ; Наполеон соғыстарынан әбден қажыған, быт-шыт болып ыдырап, рухани жағынан дағдарған Европада сол ыдыраушылыққа қарама-қарсы – рух бірлігін жақтаған ақынның өр дауысы саңқ етіп естілді. Байрон өлем мен адамзатты тұтас қалпында көрді, көзқарасының кеңдігі жағынан Гётенің өзіне де дес бермегені соншалық,

Европадағы интеллектуалдық қауымдастықтың сөзсіз беделі аталған соның өзі де Байронды кеңпейілділікпен мойындаған. “Мейлі ағылшындар, – деп жазды ол Эккерманға, – Байрон туралы не ойласа да өздері білсін, бірақ оларда онымен тең келетін басқа ақын бәрібір жоқ”.

“Чайлъд Гарольдтың саяхаты” – Байронды дүние жүзі әдебиетінің орталығына алып шыққан поэма, ол ежелгі дәүір мен қазіргі заманың табиғи қорытпасы, ол адамзат тарихының поэтикалық бейнесі, ондағы ғасырлар мен халықтар арасында ешқандай салынған қорған да, қазылған ор да жоқ.

“Шығыстық поэмалар” деп аталаған жүрген “Көпір”, “Абидос қалындығы”, “Корсар” – айналасы біржарым екі жылдың ішінде жедел жазылған осы шығармалар, – Абайға соншалықты жақын бола тұра! – бұлар да бөлінбейтін біртұтас адамзат рухының кезбе саяхаты туралы поэмалар, сондықтан өзі де Шығыс пен Батыстың ақыны – Пушкиннің Байрон туралы: “біртұтас адам характерін ашты, соны жасады және суреттеп берді”, – деп жазуы бекер емес-ті.

“Чайлъд Гарольдтың” аяғы теңіз бейнесімен тәмамдалатыны да тегін емес; сол теңіздің әрбір тамшысында адамзаттың басынан өткен және алдынан ашылған бүкіл жолының бейнесі бар:

Басы жоқ, өлшемі жоқ, аяғы жоқ,
Ашуы, аялауы – бәрі бұла.
Бір әлем – бәрі тұтас, саяғы жоқ,
Дауыл, аяз, аптабы бар ма – шыда!
Аты – өмір, барлығы оның – бір тіршілік,
Үлесті әр пендеге тиесі бар.
Бәрі мәңгі, емес ол бір күншілік,
Жаратқан үйлестіріп иесі бар.
Билеп тұрған әлемді киесі бар.

Сол жолдарды оқи отырып, тегінде, Абай да ағылшын саяхатшысына соншалықты таныс шетсіз-шексіз теңізді өзінің кең жазира туған даласымен, мәңгіліктің көзге көрінбейтін құпия белгілері бар мекенімен салыстырып көрген болар. Сол бедерлі жердің құпиясын шешіп, сөз бен өуен арқылы мәңгілік ету жөніндегі өз пешенесін айқын үғынған болар. Әйтпесе, бұл өмірге не үшін келіпті?

Абайдың әдебиеттегі тағдыры бейтаныс алыстан өзіне таныс жақынды іздең табу болған. Пушкиннің, Лермонтовтың ізімен оның да “Дитя в люльке” атты өлеңін “Кең жайлау жалғыз бесік жас балаға” деген тақырыппен аударған), қысқасы, осынау европалық адамдардың тек сыртқы бейнесіне қарап, олардың ақын екенін таныған. Көздеріндегі романтикалық мұны, бастарында бүйраланған толқынды шаштары, бет-бейнелерінің сызып қойғандай нәзік белгілері, жүріс-тұрыстарындағы лыптылдаған қағілез қымылдары, жер бетін шарлаған сапарлары, қанды соғыстар, революциялар, жер аударулар... Шоқан соларға аздал үқсайды, сол себептен де олармен емін-еркін араласып, танысып кеткен, ал бұл, Абай, аяқ алысы ауыр, жүрісі сабырлы, әдетте ақындық от деп аталатын жалыны байқалмайтын сәл жұмұлы көздеріне қарап, оны ақын деп те ойлауға болмайтындей. Бір үқсаса, өзі мысалдарын құныға оқып, біразын қазақша аударған орыс ақыны Крыловқа ғана аздал келетіндей, сөз саптауы да соған жақын. Ал бірақ, әлде бір себеппен алыстағыға қол созып, соған ұсынады.

Евопалықтар тобында жаңа бір тұлға – Генрих Гейне пайда болды (сондықтан біз енді Германияға қарай бет бұрамыз; өйткені туыстық жағынан өлшеп қарағанда, ол ақын Абайға Ресейден кем көрінбейді екен). Оны Абайға алып келген – әдебиеттегі Елисей аландарының адастырмас жолбасшысы Лермонтов. Абай соның “Жабайы солтүстіктеке...” деп басталатын сегіз жолдық өлеңін оқығаннан кейін, соның әсем өуеніне қызыққаннан, дереу қазақшаға аударған. Содан арада біраз уақыт өткеннен кейін ғана сол қысқа өлең өзіне бейтаныс Гейнеден аударылғанын білген. Тіпті ол алғашқы да емес, князь Вяземскийдің өтініші бойынша, асығыс бір аударып, бұл қайта оралғандағы нұсқасы екен.

Ein Fichtenbaum steht einsam
Im Norden auf kahler Hoh.

Бірақ осы екі нұсқаның екеуінде де түп нұсқадағы махаббат өуені сәл көмескіленіп, оның орнына Абайға

жақынырақ жалғыздық, адам тағдырының айырғысыз сынарында осы бір ұғым басыңқы болып шықкан.

Алайда бірінші танысқан жолдағы осындай дәлдіктер кезінде құңгірт жорамал болғанымен, кейін анық айқындыққа айналатыны бар.

Англиядағы Байрон сияқты (екеуінің арасындағы жас айырмашылығы он жыл екен), Генрих Гейнеге де немістің ергежайлі мемлекеттеріндегі қапырық ауа мықтап таршылық еткен:

Қынама бел, сәнді киім,
Жарқыраған ақ жағалар.
Адалдыққа сену қызын,
Ақ көңілге дақ жамалар.
Тәтті сөз берен салқын құшақ –
Өмір бойы төзгенің сол
Аяр мінез, жалған қайғы –
Өлер болып безгенім сол

Өзінің түрғыласы Мицкевич сияқты (поляк ақыны Гейнеден бір-ақ жас кіші болған) оны да бүлқынған революционердің жалынды рухы оттай күйдірген, поэзияда білігі шамалы болғанымен, көтерілістің мәнін жақсы түсінген жас Маркстің таң-тамаша болғаны бекер емес.

1830 жылы тамызда, Гельголанд аралында жүрген Гейне “газетке оралған бір шоқ күн сәулесін алады” – Шілде революциясының басталуы жөніндегі газет хабарын ол осылай атаған, – сөйтеді де дереу Францияға аттанады.

“Революция және одан кейінгі Гейненің Парижге баруы, – деп жазды Герцен, – оны мықтап ілгері дамытты. – Der Pan ist gestorben!”¹ деп шаттанған ол солай қарай асықты, – бір кезде мен де Парижге қарай соншалықты құлшынып асыққанмын; ол ұлы халықты және қоңыр атқа мініп алып қүйғытқан ақ шашты Лафайетті көргісі келді. Бірақ көп кешікпей, әдебиет өзінің ырқына көндірді...” – дегенмен дәл осыны Герцен неміс ақынына кешірмейтін сияқты, поэзияның баррикададан басым түскеніне көнбейтін тәрізді. Ал, айталық, Леопардиң жағдайы басқаша, “оның өлеңдері, Байрондағы сияқты, кейде пышақтай кескілейді.

¹ “Людвиг Бернеден алынған осы үзінді дәл аударылмаған; ал Бернені Гейне бюргерлер идеологиясының бейнесі деп білген; жаңағы үзінді сол жарқын публицистің атымен аталған романтикалық памфлеттен алынған.

жанынды ауыртады, ішкі қайғы-қасіретінді оятады. Ондай сөздер, өлеңдер Лермонтовта да бар, ондай жолдар Барбьеңің кейбір ямбыларында да кездеседі”

Ал, шынында, жалпы ойлары бір бағытта өрістейтін осы адамдардың қақтығысы Абайды онша еліктірмейді. Ол былай тұрсын, ол іштей, түсінік-түйсігімен ақынның жағында; мейлі, “Болғандар мен толғамдар” авторының оқырманды сендірмек болып айтқан сөздері дұрыс-ақ болсын, сол айтқандай: “Гейне де, оның тобы да халықты, ал халық оларды білмеген-ақ болсын” Сайып келгенде, Абай да, оның айналасындағы жақын адамдары да, ол жайды білсе де түсінбейтін еді, ал мұның өзі Герценнің неміс ақыны жөнінде айтқанындаі, көптің ойында күмән тудыратын, кейде тіпті кері итермелейтін.

Ал жалпы алғанда, егер ашығын айтсақ, Генрих Гейнені оның жанына жақын еткен нәрсе неміс ақынның диссиденттік құштарлығы да емес, сондай-ақ, бірде ашық үгіт ұранына, бірде саяси сатираға ойысып кететін қарсылық пафосы да, әжュー тілмарлығы да емес. Ие, әрине, “Силезия тоқымашыларының...” дауылдатқан тегеуіріні де, күреске шақырған қуатты үні бар, езілгендер мен қорланғандардың бұлқынып сыртқа шыққан наразылығы бар өлеңдері де ешкімді бейжай қалдыра алмайды, сөзсіз қуатты қарсылық тудырады. Бірақ азаматтық пафосқа толы сол өлеңдер – жай бір болған оқиғаға (1844 жылғы шілдеде болған тоқымашылар көтерілісіне) үн қату ғана емес, жай бір үгіт сөздері емес, бұл барып тұрған поэзия, балладаның шапшаңдығындаі жанды үйіріп әкететін ыргақ:

Ыза кернеп, іш қазандай қайнайды,
Тіс қайралып, көзде үшқын жайнайды!
“Германия, саған кебін тоқимыз,
Қарғап-сілеп іштен дұға оқимыз.
Саған кебін тоқимыз!”

Осындағы соңғы өлең жолы – төрт жолдық бес шумақтың бәрін қорытып, түйіндейтін қайырма, ол бүкіл өлеңге қаһарлы мәнмен бірге үннің ырғакты дәлдігін жеткізіп тұр.

Барлық мән осында. Мейлі, неміс халқының Наполеон езгісіне қарсы азаттық күресі сияқты, 1830 жылдың Шілдесі немесе 1848 жылдың Ақпаны сияқты, аса маңызды

оқиғалар болсын, – ал осылардың барлығы, өмірдің де, Генрих Гейне шығармашылығының да асқар белдері, – ата-бабалары сол оқиғаларға тікелей қатысы болған, ал өздері эпицентрден алыс жатқан кейінгі үрпактардың тарихи санасында тіпті зәредей де тербеліс туғызыбауы мүмкін. Ал поэзияның жайы мұлде басқа: ол халық жадының ең сенімді қоймасы, сондықтан оның жаңғырығы туыс жүректерде ашық та, құпия түрде де айқын естіле бермек.

Әлбетте, ақын, сазгер, жыршы Абайды, ең алдымен, Гейне өлеңдеріндегі әуезді ырғактылық, ұласқан үн байлышы, ғажайып үйқас алуандығы баураған болатын және осының барлығы оның “Ән кітабы” атты алғашқы өлең жинағында айқын көрінген.

Мұлгіген ертегідей қара орманда
Аңқиды жұпар исі қеуде кернеп.
Жарқырап ай сәулесі нұр құяды,
Жүрекке содан жақсы сезім келмек.

Айталық, “Ән кітабының” үшінші басылымына берілген кіріспенің жаңағы келтірілген алғашқы жолдарын Абай оқи алған жоқ – оларды Блок аударған, – ал ол кездегі аудармалар жаман болмайтын, тіпті кейбіреулері, әсіресе, Леопольд Мей қолынан шыққан аудармалар тым тәуір болатын.

Шуберт пен Римский-Корсаковтың, Лист пен Рахманиновтың, Григ пен Бородиннің, Шуман мен Чайковский-дің Гейне өлеңдеріне ынталанып ән жазуы тегін болмаған. Ал енді, “Лорелияға” келетін болсақ, ол бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы әлі айтылып келеді, тіпті Гейненің кітаптары отқа жағылып жатқан Гитлердің зұлмат заманында да осы өлең антологиялық жинақтарда басылып жүрді (рас, авторы көрсетілмей, халық әні деген рәсіммен).

Білмеймін, өнімде ме, түсімде ме,
Бір мұн бар сыртымда да, ішімде де.
Ертегі есте қалған мазалайды,
Елестеп ойымда да, ісімде де.

Міне, жас Гейненің осы балладасы, әлбетте, Абайға бірден терең әсер етті. Тәтті әуенді сиреналар туралы Гомер сюжеттерімен үндес келетін бұл ән Лорелия жартасына таяу тұстағы Рейн өзенінің бойымен кемелерді

бағыттап отыратын қайықшылар мен штурмандар арасындағы өте танымал аңыздан туған: бұл тұста өзен ағысы қатты, тереңдігі отыз метрге дейін жетеді, сарқыраған даусы да тым қатты. Жаңағы аңыз кейбір жолнұсқа анықтамаларда да басылып жүреді, сондықтан олардың біреуін Генрих Гейненің де параптап көруі әбден ықтимал: “Өте ерте замандарда, – деп жазылған сол анықтамада, – қара көлеңке кешкілікте айдың жарығымен Лурлей жартасының ұшар басынан (жергілікті халықтың тілінде бұл “әнші жартас” деген мағынада) бір қыз көрінеді еken де, тамаша даусымен сызылтып өн салады еken, оны естіген жұрттың бәрі есі кетіп тындайды еken, сонда ескекшілер су астындағы тасқа соғылып, жұртты апатқа ұшыратады еken, сөйтіп сиқыршы қыздың арбаған әні басқа бір мәнге ие болады еken...”

...Арбалып сиқыр қыздың әуеніне,
Ескекші естен танып елжіреген.
Қайықтар тасқа соғып әне-міне,
Қатары суға батып селдіреген.

Абайды еліктірген тек өлең сөздің әуені ғана емес, оның әні де болса керек – ол неміс ақынының халық өнеріне, фольклорға, мифке жақындығын анық сезінген, – демек, өзінің де сол ортаға жақындығын еріксіз сезінгендей болған, ейткені, неміс ертегісі қазак даласында ұрпақтан-ұрпаққа тараған өз ертегілеріне ұқсамайтын болса да, бәрібір ақынның өз шығармасына нәр бергені түсінікті (сондықтан Гейненің “Солтүстік теңіз” цикліндегі өлендерінде гельголандтар кемесі “түнгі теңіздегі ержүрек номадтарға” ұқсатылған; ал мұның өзі кездейсоқ та болар, несі бар, ол – дана, ал даналар көреген болады, олар танымалдықтың құпия дірілін түйсініп қана қоймайды, оны жүрекпен де сезеді). Ие, әрине, Гейне – романтик, бұл жағынан алғанда да, ол эстетикалық түрғыда Абайдан алыс түр, бірақ ол романтика дегенді қалай түсінеді? – сөйтсе, ол “орта ғасырларда кереметтей гүлденіп дамыған поэзия еken” – демек, сол кезде Шығыста бой көрсеткен оның ұстаздары да романтик болып шығады. “Жұрттың көбінің романтика деп жүргендері, атап айтқанда: испандардың жарқылдақ былықпайы, шотландардың құңғірт бұлыңғыры мен италяндардың мәнсіз даңғыры

ешқандай шынайы романтикаға жатпайды... Анығында, шынайы романтикалық сезімді туғызатын бейнелер соншалықты мөлдір, соншалықты айқын мәнерленген, соншалықты сүйкімді поэзия туындылары болуға тиіс. Осындай романтикалық бейнелер өздігінен алғанда қуаныш әкелуге тиіс: олар – ежелгі ертегілердің тілін сөйлететін, жұмақ періштерерінің тамаша бақтарын ашатын алтын кілт” – мінеке Генрих Гейне өзінің романтикаға көзқарасын осылай түсіндіреді; ал Абай соған түгелдей қосыла отырып, өзінше жырлайды (сөздері де неміс ақынының сөздеріне тіпті жақын келеді):

“... Өлеңі – бірі жамау, бірі – құрау”.

Гейненің өлең жинақтарын парақтай отырып, Абай барған сайын таңданады: өлең үйқастары қандай үйлесіммен, қандайлық еркіндікпен, кейде тіпті әдемілікке әжua араластырып, өзі айтқандай, ағымдағы өмірді ежелгі ертегі сөздерімен, сондайлық икемді ескілікпен жаразтық тауып суреттейді. Міне, ол Гарц бойлап серуендер келеді (Абайдың салт атпен Шыңғыстау бектерлерін аралағаны сияқты), өмірдің ең бір қарапайым суреттерін (тағы да нақ сондай) дәлдікпен іліп ала білген, бірақ олары тым сондай қарапайым болмыстық суреттер де емес, сондықтан Брокен тауындағы бақташылардың жандарына жақын көрініс қашан (күні бүгін бе, өлде баяғыда өтіп кеткен ежелгі заманда ма), қай уақытта қалай жайылатынын кім біледі? Сонда осы заман ақыны, айқын публицистік қасиеттері бар Гейненің өзі аумаған миннезингерге ұқсап кетеді (қыр елінде мұндай қыдымра ақындар “жырау” деп аталады).

Жорық емес, жанқияр ерлік емес,

Аруаққа ас емес, той да емес.

Женсен – абырай, женілсен – кемдік емес,

Сөз сайысы ақынға болған елес.

Осындай бір миннезингер туралы Гейне “Тангейзер” атты қөлемді азыз-баллада жазды, онысы Рихард Вагнердің әйгілі операсына әдеби негіз болды. XIII ғасырда өз заманының өн шығарушылары мен ән айтуышылары арасында Тангейзер өзінің қызықты оқиғаларға әуестігімен ерекшеленді. Біраз уақыт Венада сарай ақыны болып тұрды, одан кейін саяхатқа құмарлығы жеңіп, ол Палестинаға кетті, жер жүзін аралаймын деп жүріп,

бірде кеме апаты кезінде опат бола да жаздады. Көзінің тірі кезінде Тангейзердің аты ақызырақ айналып, сондай ақыздардың бірін арада үш ғасыр өткеннен кейін, XVI ғасырдың бас кезінде, неміс романтиктегі Иоахим фон Арним мен Клеменс Брентано өндеп, өздерінің “Баланың сиқырлы мүйізі” атты әйгілі жинақтарына енгізді. Ол ақызда Тангейзер папа Урбанмен кездеседі, оның алдындарайдан қайтып, өзінің күнелары үшін пәктік сұрайды, солардың ішінде Венера ханыммен ашына болғандығына кешірім өтінеді. Бірақ папа оның тілегін қабыл етпейді, қайта таяғымен жер сабалап, оған қарғыс айтады: “мына менің таяғым көктеп, жапырақ жаймаса, жер бетінде сенін де күнәңа кешірім болмайды”, – дейді. Бірақ та бір таңғажайып іс болады – Тангейзер күнәһарлық істерін жалғастыра береді, ал қу таяқ көгеріп, жапырақ жаяды.

Генрих Гейне ақыздың өндөлген осы нұсқасына (сондай-ақ, және, сірә, ағайынды Гримдердің “Неміс ақыздарына”) сүйенген болуы керек, ал сонда немістің ескі ақызы қалай құлпырып, жайнап кеткен десеніш!

Озінің өтініші сәтсіз болғаннан кейін, Тангейзер Венераның үңгіріне қайтып оралады да, бұдан бұрынғы оқиғалардың барлығы жай бір күйкі пендешілікпен аяқталады: шаршап-шалдықтан жолаушыны ақжарқын шаруа қызы қарсы алады.

Венера оған нан мен сорпа беріпті,
Қан-қан болған аяқтарын жуыпты.
Қобыраған шашын тарап өріпті,
Дүниеге жігіт қайта “туыпты”

Ал енді Тангейзер (енді оны Ганс немесе Фридрих деп атаса да болғандай еді) кезегімен өзінің өткендерін баяндаپ кетеді: Рим баяғысынша жеті шоқыда тұр, Альпіде жапалақтаған қар, Швабияда асқақтаған ақындар, Веймарда Гетё қайтыс болыпты, Гамбургте иіс-қоңыс пен опыр-топыр, ал Целлені ауызға алғандағы еске түсетіні:

Ортақ кипыс, ортақ дүре –
Біздің ортақ мұратымыз.

Ойын-құлқі, қайғы-мұн, ашу-ыза аралас осынау тіршілікке Абай таң-тамаша – ескі ақыз қазіргі заманмен

тіл қатысып тұрғаны өз алдына, тіпті өзінің бұрынғы құпия мәнін жоғалтып, өмірдің шымыр тініне айналған.

Гейненің басқа да өлеңдерінде – айтальық, “Трагедиясында” (автор оған: бұл шын мәнінде халық өлеңі, мен оны Рейнде естігемнің деп кіріспе береді), ескілікті дат балладаларынан өнделген “Рыцарь Олаф” пен “Русалкала-рында”, Апулейдің “Алтын есегі” тақырыбына арналған “Психеясында” ескі аңыздар осында өзгерістерге ұшырайды. Ал Абай болса, осынау қызық ойынға елігіп кетіп, ақынның “Тангейзерге” берген түсінігіндегі: ескі заманның өлеңдерін уақыттың өзі қайта өндеп жазады деген пікіріне іштей қосылады. Тұпнұсқа көп ғасырлар кейін жазылған өлеңдерге мұлде ұқсамайды, ал аңыздың мазмұны бұрынғы қалпында қалғаны былай тұрсын, тіпті ырғағы мен жалпы жоспары да өзгермеген. Егер екеуін салыстырып көрер болсак, “мұның өзі, – деп түйіндейді ойын Гейне, – әдебиеттің қасындағы анатомияның салыстырмалы сабагы болып шығар еді. Расында да, осы екі нұсқаны қатар оқып отырғанда, ескі заманның ақындында ежелгі нағым басым келетінің, ал он тоғызынышы ғасырдың басында туған ақында өз заманының күмәншілдігі бар екенін көресің; бұл жерде ол ешқандай беделге бағынышты емес, өзінің қиялына еркіндік береді де, өз өлеңдерінде таза адами сезімдерді неғұрлым толымды түрде жеткізуден басқа алдына ешқандай мақсат қоймайды”.

Бұл жердегі жағдайдың қындығы сонда, сыртқы қысымның қандайынан да өзін азат сезіне отырып, ақын дәстүр мен қалыптасқан ереже алдындағы, яғни ғасырлардан аманат етілген баяғы сол беделдер алдындағы ішкі міндеттемелерін саналы түрде немесе жай түйсікпен сақтап қалады.

Мифтің, халық аңызының терең тұңғылығына еркін бойлау және қазіргі өмірдің сан алуан күлкілі және мұнды ұсақ-түйектерін емін-еркін, былайша айтқанда, отбасылық өзімілдікпен игеру – міне осының өзі-ақ ақындық сөздің демократияшылдығын алға тартады. Гейне өз сөзін кол өнершісіне, шаруа адамға студент-шәкіртке, аксүйекке, өлең шығарушы әріптесіне, қысқасы, жас мөлшерлері мен атак-дәрежелері әртүрлі адамдардың бәріне бірдей арнайды.

Аңызды көбінесе осылай өзімсініп өндеудін себебі ақынның бала жасынан неміс романтизмінің ауасын бойына сіңіргендігімен, – Арним мен Шамиссо сиякты ықпалды ақындармен тікелей таныс болуымен, сондай-ақ, ақындық шабыт пен өнер шындығының қуатты қайнар көзі ретінде аңызды Европаға ашып берген ағайынды Шлегельдердің еңбегін зер сала оқығандығымен түсіндіріледі. Бірақ мәселені теориялық және тарихи-әдеби жағынан негіздеу бір жөн де, сезімге әсер ететін жанды поэзияның жөні бір басқа; Абайдың көңілін аулаған нақ осы еді: поэзия бағдарламалар мен манифестерге сәйкес келу-келмеу жағын білгісі келген жоқ, өлеңдер бір-бірімен өзара үндесіп жатты. Эрине, манифестерді де қағаберіс қалдыруға болмайтын-ды. Мейлі, Гейне барған сайын йен романтикерінен анық алыстай берсін, мейлі бір кездегі үстазы Август Шлегельді өзінің “Романтика” атты эссе сінде ешбір қысылмастан келеке ете берсін, бірақ оның туысы Фридрихтың кейбір идеяларына өмірінің ақырына дейін адап болып қалды.

Оның туы астына келіп қатаң реалист Абай да тұрар еді (шындығында, ол келіп тұрды да – бірақ стихиялық жолмен). Мәселен, оған мынадай қағидалар жақын болатын: “Мифология мен поэзия біртұтас, бір-бірінен айырғысыз. Ерте заманның өлеңдері бір-бірімен қабысып, көбейе тұскен буындардан тұтас бір тізбекті құрайды... Поэзия бөлінбейтін, аяқталған біртұтас шығарма болып табылады” Немесе тағы мынадай: “өнердің барлық қасиетті ойындары ғаламның шексіз ойындарының аулақта пайда болған туындыларынан, мәңгі жетілу үстіндегі өнер шығармасынан бөтен түк те емес”

Абай мұнымен келіседі, өйткені, ұмытпасақ, Шығыстың ұлы үстаздары, ең алдымен Хафиз, әрине, өз тілінде дәл осыны айтқан болатын:

Көне, Хафиз, ғазелінді тасфих ет те айта бер,
Құптан мезгіл шоқ жүлдyz бол тұрсын жайнап төбеден.

Абай әделкі әсемдікке толымдылықпен мағына беретін ырғақ пен сөзді іздестіре жүріп, жанды табиғаттың поэзиясын өзі де сезгендей болады, өйткені, бейтаныс немістің сөзі тағы да дұрысқа шығып тұр: “Адамның жайғана өзін, оның құштарлығы мен іс-әрекетін бейнелеу

жеткіліксіз. Поэзияға қоршаған табиғаттың қиялмен және махаббатпен нұрланған ен-таңбасы енгізілуге тиіс. Ал жалпы алғанда, “дүние дегеніміздің өзі – өнердің туындысы”

Дұрыс-ак, бірақ қалай дегенмен де, ең дұрыс идеялардың өзімен таласқа түсетіндей болып көрінетін поэзияның өз тілі қашшалықты жақынырақ та анығырақ десеңізші! Генрих Гейне осынау “қасиетті ойындарды” құлықпен, өзімсіне төмендете отырып, сол арқылы оның аясын икемділікпен кеңітеді, сөйтіп оған қатысушылардың санын барған сайын көбейте түседі. Ол сахнаны түрлендіреді, персонаждарына театрдың киімін кигізеді, айналада қысылшан өуен туғызып, тарихтың қаһарлы беттерін, мысалы, мұсылман және христиан діндерінің қақтығысын еске түсіреді, – сөйтеді де, болып жатқан оқиғаның тымырсық құпиясын оп-оңай женілдетіп, ойын табиғатын қалпына келтіреді.

Мынадай бір ескілікті аңыз бар. Католик дініне берілген Клара атты қыз сүйген жігітіне еріп, өзінің үйінен қашып кетеді. Қалыңдықтың бауырлары соларды қуып жетіп, күйеу жігітті өлтіреді; сөйтсе ол христиан да емес, маврлардың королі болып шығады. Гейне осынау готикалық сюжетті тұрмыстық сахнаға айналдырады. Донна Клара бейтаныс сүйкімді жігітке шағым айтады.

Маса шақты, шақты маса, сүйіктім,
Тұні бойы маза бермей ызыңы.
Тағы сондай мазасыз бір еркек бар,
Ұнамайды тұмсығының ұзыны.

Абайға мұндан ойындар керек емес, ұқсастықтары да, әлбетте, қызықты, алайда бұған көбірек ұнайтыны – жай әңгіменің ырғағы, ал оның өзі де жұрттың ақырына дейін түсінбейтінің біле тұрып, бәрін ортақ әңгімеге шақырады:

Ұнатарым – сарабдал да саран сөз,
Енді жайлап қара сөзді тыңдал көр.

(Европа адамына бұл сөз саран да қарапайым көрінбейді, әрине, ал қыр елінде жұрт сөзді бипаздап, жарқыратада сөйлейді, бірақ қалай болғанда да ақын өз тыңдаушыларымен ортақ бір тілде сөйлейді.)

Осы тұста Гейненің ойынға еліккен оқырманын тағы бір ыңғайсыздық күтіп тұр – ондай жағдайды ол Пушкин мен Лермонтов әлемін ашқанда кездестірген. Сөйтсе, соншалықты шабыт пен еркіндікке құрылған ойын кеңістігіне тағдырнамалық мәні бар сұрақтар да енгізіледі еken, үстел басындағы әңгімелер де өмір, өлім, өткен заман, келер заман сияқты басты тақырыптардың айналасында жүргізіледі еken. Гейнеге адамзаттың ең қасиетті идеяларын қорлады деген айыптар да тағылған – ол өз сезін ертедегі Рим айтқыштарының мақамына салып, сыншыла-рына соншалықты маңғаздықпен жауап береді: “Брут, сен өтірік айтасың, Кассий, сен өтірік айтасың, Азиниус, сен де өтірік айтасың: өйткені, менің келекем адамзаттың ең қымбат олжалары болып табылатын идеяларға қарсы бағытталған деулерің бекер, мен сол идеялар жолында қатты күресіп, көп қасірет шеккенмін. Жоқ, нақ осы идеялар ақынның көз алдында соншалықты асқақ, соншалықты әсем және айқын сөулеленіп көрінгендіктен де, ол қуаныштан сақылдан күлгөн, себебі, ол идеяларды ой-өрісі тар өз азаматтары соншалықты дөрекі, өрескел және теріс мағынада қабылдаған”

О, осының бәрі Абайға соншалықты жақын болатын – ейткені ол да өмір бойы “ой-өрісі тар өз азаматтарымен” қақтығысып келді, олар мұны күлді деп кінәлай алмаса да, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді бұзды деп кінәлады.

Әлбетте, неміс ақыны сияқты Абай да дүниежүзілік қасиетті өзінің жан-дүниесіне сыйғыза білді.

Генрих Гейне өзінің көз қарықтырап жарқын шығарма-шылық өмірінің әрбір кезеңінде өзін жауынгер сезінді де, ақынның қаламын мәртебелі және әділетті өмір жолын-дағы күрестің қаруы деп білді. Кейде, мәселең, қара сөзben жазылған “Гимн” атты шығармасында, ол – тапқыр да күлдіргіш ақын – патетиканың ең биік шынына көтерілді:

“Мен – қылышпын, жалындаған отпын. Шайқас басталған кезде, мен қара түнекті жарық қылдым, жауынгерлердің ең алдында, бірінші қатарда жүрдім. Менің айналамда қаза болған достарымның мәйіттері жатты, бірақ біз жеңіп шықтық. Біз жеңдік, бірақ менің айналамда өлі достарымның денелері жатты. Женіс шаттығының салтанатты үнімен бірге қаралы қазаның қайғы-зары қатар естілді. Бірақ бізде шаттыққа да,

қасіретке де мұрша жоқ. Дабыл қайтадан қағылды, алдымызды жаңа шайқас түр... Мен – қылышпын, жалындаған отпын”

Ал бірақ, қайсар революционер алда тұрған ауыр наласы найзадан да бетер қын кезеңдерді бастаң кешті. Сана саңылауы жарқ етіп ашылған сәттерде дауысы одан сайын асқақ естілді: көбесі сөгілген дүние ақын жүргегін тілгілеп өткен кездер болды, сондай кезеңдерде бүкіл дүние жүзінің қасірет-қайғысы өзге емес, тек соның өзінің ғана жан-дүниесіндегі тоғысқандай сезінетін.

Сақшысы – мен Азаттық соғысында,
Өлшедім отыз жылмен шайқасымды.
Арпалыс өмір-өлім тоғысында –
Жаным күрбан, білемін қайтпасымды.

Дәл Абай сияқты алпыс тоғыз жасында өткен өмірінің дәл соңғы кезеңінде Генрих Гейне осылай деп жазды; ал осы өлеңдер үміт-сенімге толы сонау алыс жастықтың романтикалық жылдарында жазылған өлеңдерімен қатты үндесіп жататын:

Мен – өлемнің атласы, жер дүние
Арқалаған қасірет, қайғы-зарын.
Көтере алмай қиналсам жан күйіне.
Күрбан болар жолына бойда барым.

Жау қамалына атой салған солдаттың ыстық сезімі бәлкім Абайды онша еліктірмеген де шығар, бірақ халықтың рухани қосемінің өз ырқымен арқалаған ауыр жүгін ол анық сезінген. “Фақлия сөздерін” жазуға енді кіріскең кезде, ол не жазарын білмей дағдарғаны да бар. “Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын. Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ...” Бірақ ең шешуші сәтте, ол алып денесін зорайта көтеріп, өзінің ұстаздық Жолдамасын ашықтан-ашық жазады. Бұл кезде ол Ұлы даланың нақ Мұса пайғамба-рындай шабыттана желпінеді:

“Ей, жүргегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылышын мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын. Ықыласпен оқып, ұғып алыныздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат” (“Отыз сегізінші сөз”).

Жан-жаққа тарап кеткен күн сөулелері қайтадан бір жерге шоғырланады.

Гейне – сайыпқыран және Гейне – ойшыл, Гейне – сатирик және Гейне – нәзік лирик ақын, Гейне – қанатты қиялшыл және Гейне – тұрмыстың қатаң шежіресін жазушы, Гейне-азамат және Гейне – мөлдір сезімнің ақыны – міне, осының барлығы суреткердің біртұтас қағілез суретін жасайды, ол романтикке жарасымды түрде әмбебаптыққа қарай ұмтылады. Ал бірақ Абайдың манифесте де шаруасы жоқ – ол сөздің көркемдік толымдылығы мен тойымдылығын қалайды.

Қаным қайнап кетеді “мадиярлап”

Ұран жетсе, майданнан маған кел деп.

Сыймай кетем соктырған әдейі арнап

Немістің сом сауытын денем кернеп.

Өзінен-өзі түсінікті, Гейненің “1849 жылдың қазанында” атты тұтас өлеңі сияқты, жаңағы шумақ та ағымдағы тарихтың сілкінісіне тікелей үндестік болып естіледі; бірақ мағынасы одан әлдеқайда кең және ішкі мазмұны – толымды. Қамзол тарлық етеді – ол неліктен? Жоқ – керісінше, кең жатыр, тіпті шексіз мол. Дүниенің жарықшағы ақынның жүргегінен өтті. Әлемнің әні де сондай.

Гейненің соңғы жылдарындағы ең көрнекті шығармасын құрастырған кітаптарының бірі “Еврей саздары” деп аталады. Тақырыбын ол Байроннан алған; Байрон баяғыда өмірден өткен, әдебиетте де ауа райының желі басқа жақтан соғып тұр, бірақ неміс ақынның жас кезіндегі шаттанған әсері әлі де басылмаған, керек десеніз, ол сол әсерін өмір бойы сақтап қалды. Шындығында, мұның өзі атағы ел аузында жүрген суреткерге деген жай ғана сүйіспеншілік емес-ті. Англиялық аға замандасының бойында мұны әрдайым қайран қалдыратыны – ондағы азаматтықтың өзін-өзі түйсінуі болатын және оның өзі дүниежүзілік азаматтықтың емес, дүниежүзілік ақындар республикасы азаматтығының түйсінуі болатын. Міне, енді бұл “Гяур” және басқа “шығыстық” поэмалар мен өлендер авторының соңынан ілескендей болып, Палестинаға аттанады да, оның лирикалық қаһарманы таурат замандарындағы ауамен еркін тыныс ала бастайды:

Бұл – ән үран сионшыл
Бен Галеви Иегудадан қалған сөз.
Жан тәсілім боларда
Қасиетті Иерусалим тамтығына арналған.

“Иегуда Бен Галеви” – XII ғасырда өмір сүрген еврей ақыны, философы және дәрігері, көп жыл бойы Кордовада тұрып, өмірінің аяқ кезінде Палестинаға ауысқан да, сол жақта хабар-ошарсыз кеткен. Оның хабарсыз кетуі туралы әртүрлі жорамалдар бар, соның ішінде Гейненің тоқтамы бойынша, ол Иерусалим қақпасының алдында сарацин атының тұяғының астында өліпті-мыс, бірақ мәселе онда емес.

Иегуда Бен Галевидің дүнияуи өлеңдерінде таурат стилінің салтанатты асқақтығы араб поэзиясының әуендерімен, бояуларымен, сюжеттерімен және тіпті шумақтарымен де табиғи үйлесіп жатады. Осынау аса көрнекті талмудшы және көріпкел (оның Палестинаға кету себебінің өзі де осындай көріпкелдігіне байланысты болған: оған әлдекім аян беріпті-мыс: оның туған еліне азаттық 4890 жылы яғни Айсаның туғанынан бергі жыл санауы бойынша 1130 жылы, Иерусалим қабырғасының алдында келеді депті-мыс) ол өз өлеңдерінде шарап пен махаббатты жырлаған; демек, оның сол өлең жолдары Абайдың қолына түскен болса (бәлкім, араб тіліндегісі түскен де болар, өйткені Бен Галеви ивритпен бірге араб тілін де еркін менгерген), онда ол Галев пен өз ұстаздары – ортасырлық Шығыс ақындарының арасындағы тілдесуді де естіп қалар ма еді, бәлкім. Ие, өлеңдерін оқуы мүмкін еді, ал бірақ орта ғасыр ойшылының және де араб тілінде жазылған басты философиялық енбегі – “Қор болған нанымды қорғаудың дәлелдері мен деректері кітабын” оқи қоюы неғайбіл; Абай білімін толықтырып жүрген жергілікті кітапханаға ондай кітаптың келе қоюы да күмәнды. Тіпті сол кітапты оқи қойғанның өзінде де, ол Абайда екіүдай пікір тудыруы мүмкін еді. Иудаизм христиандықтан да, ислам дінінен де артық деген ой диалог түрінде жазылған бұл трактаттың басынан аяғына дейін өрілген, сондықтан оны Абай сөзсіз кейін серпіп тастаған болар еді. “Дәлелдер кітабын” Гейне де қабылдамай, соған сюжет болған

айтысты гиньол тіліне аударған; ал онда христиан, мұсылман және иуда діндерінің өкілдері бірінен соң бірі келіп, хазар патшасына өз діндерінің артықшылығын дәлелдемек болады. Бүкіл циклдің қорытынды бөлімі “Айтыс” деп аталады да, патшаның нақ сүйері доңяя Бианкидің аузымен мынадай аясыз үкім шығарылады:

Мен білмедім – кімдікі өділ
Төрелігін айтсын басқа білгендер.
Раввинің де, капуцин де –
Таза ауаның иісін бұзып жүргендер.

Абай діннің менмендігін қабылдамаумен бірге, сөз жоқ, соғылар іліміне жақын келетін өзінің философиялық идеясын ұсынған болар еді. Оның мәні – тікелей діни тәжірибе Алла тағаланың болмысын рационалистік-дедуктивтік түрғыдан танудан жоғары түр демектік. Бәлкім, түгелдей келісе де қоймас, бәлкім, білім мен нанымның шекаралары туралы іштей талас та туып кетер; бірақ қалай болғанда да, ортағасырлық еврей ақыны мен ойшылын ойландырған жайтар тәңірегінде Абай да қатты ойланған болар еді. “Отыз сегізінші сөзде” бұл әсіресе айқын байқалады.

Ақиқат пен шындықтың нағыз тұра жолдары қайсы? Сенің сенімің не үшін керек? Сен Құдай үшін сенесің бе, жоқ әлде өзінді тыныштандыру үшін сенесің бе?

Алла Тағалаға Тіліңің сөзімен, Қөзіңің көрегендігімен, Жүргіңің сөзгіштігімен танылу керек дегенді айтуға бола ма?

Генрих Гейне бұл сияқты сұрақтарды өзіне ашықтан ашық қоймаған, ол, жалпы алғанда, Шеллингке де, Гегельдің өзіне де әсілен бас иместен, философиялық сана мен сөзді кемшін көруге бейім болған. Оның пікірі дұрыс па, әлде ол қателесе ме, қалай болғанда да, Гейне қашанда философтан ақынды жоғары қойған, шала түсініктер мен жалаң ойдың қасандығын ақынға жат деп есептеген. Міне сондықтан да оның кейіпкері – өзі барып тұрған иудашил және Талмудтың білгірі – Петраркамен оп-оңай тілге келеді және графиня Мелисандаға ғашық боламын деп құрбандыққа шалынған өзінің замандасы, атақты трубадур Жоффруа Рюдельдің тағдырына тікелей іш тартады:

Әрі жұмбак, әрі ғажап
Екі ақынның тағдыры.

Тек екінші ұлы атанаңп,
Аяқтаған даналықпен өз жолын!
Сол Иегуда Бен Галеви
Өлген құшып сүйгенінің аяғын.
Һәм өз басын иген де сол
Иерусалим тізесінің алдында.

Ол сүйгенінің есімі Лаура болмай, нак Иерусалим болғанының бүл жерде ешбір қажеті жоқ.

Ақындар дін мен тілдің арасында шекара бар деп білмейді, сондықтан да Гейне баяғы сол талмудшылды ұлы миннезингер яғни ел кезген европалық ақын деп атайды, ал, шындығында, трубадурлардың осынау мұрагерлерінің – тіпті осы таяуда ғана болса да – тарих алаңына шығуына тура келетін-ді. Дәл сондай-ақ, екінші бір еврей ақыны әл-Харири тек Бен Галевидің ғана емес, арабтың атақты айтқыш ақыны Хариридің де мұрагері болғандығы һәм тегін емес-ті. Ақырында, дәл сол сияқты, құлаққа ерсі естілетін “батыстық-шығыстық” деген одағай тіркес те кездейсоқ емес.

Сөйтіп, философияда ажырасқан ақындар өнерде қайтадан табысады, Абай Алла Тағала мейірленіп, мандайынан сүйген ақынның осы жайында тебіреніп жазған өлеңдерін толық түсіністікпен оқиды.

Өмірде де, өлеңде де –
Жаратқаннның бүл сыйы.
Сол сыйға кім болса лайық,
Ақтау оны – борышы.

Жаралған-ды Жаратқаннның
Нұрынан ол нәр алып.
Сондықтан да атанған-ды
Данышпан деп һәм алып.

Жаза басқан болса жері
Жауап берер тек Құдайға.
Бізге қазы – халық емес,
Сол құдайдың бір өзі.

(Тұнұсқадан жолма-жол аударма. – Ж.Ы.)

Ақынның осынау өр мінезі де, өлеңін түсінбей, мансұқ етпек болғандардың қасіретін де Абай жақсы түсінеді.

Әрине, ол неміс ақынның қарай ашық шыраймен қарсы жүреді де, әлдебір жол ортасында тоқырайтыны бар: бұл Дюссельдорф пен Парижден Қорасан мен Ширазға қарай тартқан жолдың үсті болатын. Ал бірақ... Шығыс та жоқ, болған емес Батыс та; әл-Харизидің “Вольтердің өзінен көп бұрын вольтершіл болып алғаны” сияқты, осы өлең жолдарының авторы Генрих Гейне де Бремен ратушының жертөлесінде кенеттен баршаның баршамен тоғысқанын көреді: олар Хафиз жырлаған Шираздың раушан гүлі, пайғамбарлар әспеттеген Саронның раушан гүлі және осы жертөленің ішіндегі құбіде өсірілген раушан гүлі; түрік пен грек; лимон тоғайы мен парад жасақтары; Тунис пен Гамбург.

Қысқасы, Абайдың өзі әрдайым арман етіп көксеген толымдылығы мен тұтастығы. Жүргіне орнаған бұл мұратты Абай бірде мына өлең жолдарымен білдірсе:

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,
Қосылған босаспайды жүрек жігі;

енди бірде өзінің мынадай философиялық толғамдарын да жеткізеді: (мұндағы адамдар да, басқа ұғымдар да өздерінің айқын белгісін жойып, тағдырдың, өмірдің, өлімнің баршаға ортақ ұғымдарына тарап кетеді):

“Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді. Пенdede бір іс бар жалығу деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсөн де, ақырында тағы келіп женеді” (“Жиырмасыншы сез”);
енди бірде былай деп толғанады:

“Дүние – үлкен көл Заман – соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер. Кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер” (“Отыз жетінші сез”);
енди бірде ауыр күрсініп, ең бір бейкүнә тыңдаушыларында түсіністік туғызады:

“Өстіп, жер жүзіндегі жүрттың қоры болып, бірімізді біріміз андып жүреміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздел, өрістерлік күн болар ма екен?” (“Жиырма төртінші сез”).

Мінекей, Абаймен бірге қол ұстасып, әдебиет өлеміндегі әртүрлі замандар мен елдерді аралап шықтық та, баяғы өзіміз бастаған нүктеге қайтып оралдық.

Wer den Dicter will verstehen...

Сондағы Әлішер Науайдің басында болғандай, екі ақынның тағдыры мен өмір жолдарындағы сыртқы сәйкессіздікті іздең таппақшы болған аңқау ойға берілеміз.

Қыр елінің рухани ақсүйегі Абай Құнанбаев сияқты, европалық рухтың талассыз ақсүйегі Иоганн Вольфганг Гёте де тексіз өүлеттен шықкан. Арғы атасы Тюрингияда ұста дүкенінің иесі болған ұсақ буржуа еді, атасы – алғашында әйелдер киімінің тігіншісі, одан кейін шарап ашытып, сонымен сауда қылушы, ақырында сәтті үйленуден кейін (ол да үшінші сословиеге жататын әйел) – Франкфурттағы бірінші дәрежелі мейманхананың иесі болған; әкесі де толымды зангерлік білім алып, Рим правосының бір тарауы бойынша диссертация қорғаған. Рас, ол кесіптік мамандықтан ғері жарқылдақ қауымның тобына кіріп, императордың толық кеңесшісі лауазымына ие болған. Құнанбай Өскенбайұлы да осы құралыптас лауазымда аға сұltан болды ғой, бірақ бір айырмасы – оның қолында нақты билік болды, ал мына кеңесшілік айтуға әсерлі болғанымен, жай ғана ақшаға сатып алғанған, өзі де үнемі қарыздар болып келген Карл VII-нің қатардағы қызметкери еді.

Жай ғана би атағы бар Абай сияқты. Осы орайда тағы бір ұқсастықты байқаймыз. Гётенің өзі де біраз уақыт Веймар герцогы Карл Августтің сарайында бірінші министр болған. Сөйтіп, екі данышпан ақынның екеуі де ортақ бір мақсатпен әкімшілік қызмет атқарған сияқты. Абай бұл дәрежеге асқақ мінезді жастық шағында ие болғанымен, атақ-данқын ғана асырған жоқ, өзімен рулас бүқараның мұддесін қорғады. Ал Гёте болса, Веймарға толықсан шағында келіп, ұлтарақтай неміс жерінде мемлекеттік қызметке реформа жүргізуі арман етті. Бірақ екеуінің де меселі қайтып, қызметтерін тастап кетті. Біреуі Семейдің кітапханасына аттанды, екіншісі Италияға барып, “Тавридадағы Ифигения” мен “Эгмонтты” аяқтады, “Рим элегияларын” бастады және “Торквато Тассоның” бірінші нұсқасын жазды.

Міне, осы тұста сыртқы үқсастықтар әлдеқайда керегар айырмашылықтарға ауысады. Өйткені Семей – Рим де, Неаполь де, Венеция да емес, сондай-ақ европалық ақындар мен суретшілер қауымы – бұл шет аймақтағы қала адамдарының қоғамы емес, тіпті олар жер ауып келген зиялды революционерлердің тобымен шектелгенде де болай.

Гёте – Батыс мәдениетінің заңды мұрагері ғана емес (Абай да – Шығыс мәдениетінің заңды мұрагері), бірақ сонымен бірге Гёте жастайынан нәзік білімді және оқымысты адамдардың ортасында өсті. “Поэзия мен шындықтың” авторы көп тілдермен, оның ішінде ежелгі тілдермен жастай шұғылданғанын еске алып әңгімелейді, ал мұның өзі сол жасөспірім кезінің өзінде Қияпatty Иосиф туралы аңызды өңдеумен шұғылдануға мүмкіндік туғызған. Біраз уақыт өткеннен кейін, деп жазады Гёте, “ежелгі тілдерді үйрену қажеттігі жөніндегі сенімді күшайте тұсті; әдеби шым-шытырықтың арасынан адам баласының ертелі-кешті игерген, білген сөз өнерінің тандаулы үлгілерін іріктеп алып, жадымда сақтауыма көмектесті. Сол кезден бастап, таураттық ізденістер мен еврей тілі көлеңкеге қарай ығысты. Сол сияқты грек тілі жөніндегі білген-түйгендерім де Жана Өсиеттен әрі қарай жылжыған жоқ. Бірақ солардың есесіне мен латын тілін көбірек қолға алдым, өйткені сол тілде жазылған әдебиет үлгілері бізге әлдеқайда жақын еді және сонымен бірге бұл тілде жазылған тамаша түпнұска үлгілер барлық замандар мен халықтардың бізге қалдырған мұраларын ірі ғалымдар жазған түпнұсқалармен және солардың аударма үлгілерімен таныстыратын еді”

Айталық, Абай да бала-шағынан бастап Шығыстың ұлы тілдеріне – араб және парсы тілінде жазылған нұсқаларға иек артты, бірақ Гёте өз стихиясына барған сайын терендей үңілсе, біздің кейіпкерімізді, керісінше, күнделікті өмірдің күйкілігі үнемі үстірттікке қарай итермелеп, ескі мәдениеттің қазынасынан алыштата берді. Оның үстінен Семейдегі медресе де Франкфурттағы классикалық гимназия емес-ті. Ал Ахмет Риза құранға қанша жетік болғанымен, ректор Альбрехттен тым шалғайда көрінетін. Сол сияқты Евгений Петрович Михаэлис те, өзінің әжептәуір біліктілігіне қарамастан, өзі аттас Геттинген

профессорымен (әлде фамилиясы бір ме, әлде аталас туысы ма – оны бір құдайдың өзі білсін) білім салыстыра алмайтын еді: өйткені аталған профессор Таураттың тарихи-филологиялық сынны негізін салушылардың бірі және өз заманындағы жетекші шығыстанушы филологтардың бірі деп есептелетін.

Басқаша айтқанда, Абайдың маңдайына жазылмаған мәдени орта Гётенің қарауында толық көлемінде бар еді. Оның үстінен бұл Европаның мәдени элитасына жататын. Қазір бұл сөз көп қолданылғандықтан, қадірі төмендеп қалды, өйткені, элита түрлері тым көбейіп кетті: оны дәлелдеу үшін, мысалы, әлдебір өлкенің депутаты мен губернаторының саяси элитаға жататынын немесе, айталық, футбол одағы президентінің спорт элитасына жататынын айтсақ та жеткілікті.

“Әрбір құстың өзіне лайық жемі бар, – дейді Гёте, – сол сияқты әрбір адамды да өзінше еліктіріп, адастырып жіберуге болады. Менің жаратылышым, тәрбием, коршаған ортам, әдет-машығым мені дәрекі атаулының бәрінен алшақ үстады, сөйте тұрып, мен қоғамның төменгі топтарына, әсіресе, қолөнершілерге жиі жаңастым, бірақ олардың бірде-біреуіне етene жақындаған емеспін”

Жаңа тарихта халықшылдық дәрежесі жағынан тен келетін адамдарды (Шекспирді, Пушкинді, Толстойды айтуға болар – тағы кім бар?) табу қынға түсетін бұл суреткердің, “Фаустағы” Гретхен және “Вильгельм Майстердегі” Марианна сияқты бейнелерді жасаған бұл ақынның аузынан осындағы мойындау сөздер айтылғанына сену қыын. Бірақ солай бола тұрса да, бәрі дұрыс: өзінің шыққан тегі мен өскен ортасының тектілігіне қарамастан, Гёте солардың мінез-машықтарын зордың күшімен жеңіп өткен: “Әлдебір әнтек, одан да бетер – әлдебір қауіпті нәрселерді баса-көктеп өту үшін менің бойымда батылдық жеткілікті еді” Сондағы оның қауіпті деп отырғаны – неше алуан сөз үлгілері мен диалектілерден құрастырып, ақындық тіл алхимиясын жасағандығы.

Ал Абай да тұра қарама-қарсы жылжыды. Өзінен-өзі түсінікті, ол да ғасырлар бойы сомдалды, өзінен өзі түсінікті, ол да қалаулы болды және осы жағынан келгенде, бұл да элитаға жататын (бірақ Қыр елінде халықтың бұл қабаты жай ғана нөзік емес, тіпті көзге ілінбестік дәрежеде

нәзік болатын, Абайға дейін бұл топқа жалғыз Шоқан ғана жататын), бірақ мұның алдында кедергі “талқы” болып “қолөнершілер” – көшпелі жалшылардың қалың тобыры түр еді. Бұл жердегі Абай үшін бір қисынсыздық, тіпті асырып айтқандағы үлкен қасірет – соларға қарай жақындау үшін әуелі алшақтап алыс кету керек еді.

Осының барлығы солай бола түрғанда, Абайға ішкі жағынан ең үндес келетіні нақ сол Гётенің шығармашылығы еken де, бұл арада қолайлы немесе қолайсыз деп бөліп-жаратын ешқандай сыртқы жағдайлардың тіпті де ешбір маңызы болмайды еken. Бірақ сол табиғи үндестіктерді естуге талаптанбас бұрын, жаңағы жағдайлар туралы, кейде бір кездейсоқ әнгімелер туралы бірнеше сөз айтуға тұра келеді. Солардың бірі мынадай.

Гёте шеше жағынан алғанда Лукас Кранахпен қандас туыс болатын, сол себепті оның бойында тіпті бала жасынан бастап қанына тартқан сурет өнерінің дарыны белгі бере бастады да, ол жасы қырыққа келгенге дейін әдебиет пен сурет өнерінің қайсысын таңдарын білмей жүрген. Оның ақындық пейзаждарында да, қылқалам портреттерінде де әрдайым тек суретшілерге тән қолдың ептілігі мен көздің жітілігі байқалып тұрады. Олар өз алдына болғанда – жалпыға белгілі жайт – Гётенің лирикасында кереметтей әсем әуезділік бар. Тамаша білгір Н.Н.Вильмонттың жазғанында, Гёте сөз мәдениетінің жаңа әуенін туғызды, ол “әдебиеттегі қыл қалам шеберінің” ғана қолынан келеді, оны ақындық шығармашылықтың шыр көбелек айналасында көздің жанарымен емес, тек құлақтың құрышымен ғана қол жеткізілетін – “экспрестік-музыкалық стихия” деп атайды... Өзінің кейбір өлеңдеріндегі “музыкалық” бастауды соншалықты айқын сезінетін Гёте: оларды тек іштей әндептің оқыған адам ғана түсіне алады деп қайта-қайта айтуши еді. Әлбетте, ақынның бұл сөздерімен келіспеуге де болады. Бірақ сонымен бірге Гётенің көп өлеңдерін әнге арнап жазғандары да даусыз болып көрінеді. Сондай-ақ, оның қаншама “мәтіндері” Моцарт, Бетховен, Шуберт және кейінірек Шуман сынды өзінің ұлы замандас сазгерлерін не керемет әндерге шабыттандырмады дей аласыз”.

Ал Абай болса, өзінің өлең жолдарын ырғағына келтіріп әндептің отырып, соларға ән шығарған (бәлкім, кейде

алдымен көңілде ән өуені қалыптасып, кейін соған орайластыра өлең мәтіні туындаған болар).

Гётенің өз сөзімен айтқанда, таңдап жүріп табысатын таланттар туыстығы деген осындай болады.

Кейде дәл мұндай таңдауы жоқ, қайта, керісінше, атаусыз туыстық та болады, өйткені бұл жерде сөз өмірбаянның кездейсоқтығы туралы емес, тарихтың зандаудың турагы болып отыр.

Гётенің поэзиясы Европаның тағдырын төңкеріп тастаған оқиғамен – Ұлы француз революциясымен нақ тікелей болмаса да тығыз байланысты болды. Сол атақты “Поэзия мен шындық” атты еңбегінде, осынау өмірбаяндық еңбегінің қандай қыындықтармен жазылғанын түсіндіре келіп, Гёте ірлі-уақты шығармалардың қашан қандай оқиғалармен байланысты жазылғанын еске түсірумен бірге, солардың қандай жағдайда жарық көргенін де еске түсіру қажет болды. “Кенеттен мениң жеке өмірім дүниенің кең айдынына лықсып шығарылды: маган өртүрлі реттермен ықпал еткен көптеген белгілі адамдардың бейнелері мениң жадымда жарқ етіп пайда болды, сонымен бірге маган да, мениң барлық замандастарыма да дерлік қуатты ықпал еткен дүниежүзілік саяси өмірдегі ұлан-гайыр өзгерістерге соқпай өтуге тиңти де болмайтын еді” (курсив менікі. – Н. А.)

Ескерте кету керек, мұны айтып түрған – сол баяғы дыбыс пен бейнеге терен берілген, өнерді кереметтей асқақ ермек көрген, Гейненің сөзімен айтқанда, кетіп бара жатқан “көркемдік заманының” жаршысы болған ақын. Бірақ, бақсақ, сол дыбыста да, сол бейнелерде де өз ретімен қозғалып түрған әлем бар еken; сол әлем, Вольтердің сөзімен айтқанда, un beau tapage (тамаша үн), шығарған кезде, өзгеріп сала береді еken. Орайы келгенде айта кетейік, бұл сөзді революцияның дабылшысы және сонымен бірге әдебиет елінің “бірден-бір билеушісі” Гейненің өз тағдыры да растап еске түсіреді. Ал шындығында мұның өзі де – суреткерлердің тағдырында әрқылы көрініс беретін бүкіл дүниежүзілік зандаудың. Блоктың “Катилина” атты эссе сіндіре қатаинасушы басты кейіпкерлермен бірге, кездейсоқ сиякты болып, Катуллдың бейнесі көрінеді, сөйтсек, оның тарихқа қатаинасы заманның алдыңғы қатарында көрінетін қайраткерлерден

– қолбасылар мен саясаткерлерден бірде-бір кем түспейді екен. “Ақынның жеке басының құштарлығы, – деп жазады Блок, – кез келген ақынның құштарлығы сияқты, заманың руҳына толы болады; ал заманың тағдыры, оның ырғақтары, өлшемдері, ақын өлеңінің ырғағы мен өлшемдері сияқты, уақыттың қалауынан туады; өйткені әлемнің ақындық түйсігінде жалқы мен жалпының арасында үзіліс болмайды; ақын неғұрлым сергек болса, ол “өзінікі” мен “өзгенікін” солғұрлым тұтас бірлікте түйсінетін болады; сондықтан дауылды және дабылды замандарда ақын жанының небір нәзік және небір құпия ұмтылыстары дәл сондай дауылдар мен дабылдарға толы болып келеді” Ол былай тұрсын, сырттай қарағанда, мұлде сиыспайтын сияқты құбылыстарды – мемлекеттік сілкіністер мен мифологиялық сюжетке құрылған өлендерді – бір-бірімен жақындастыра отырып, “заманың кілтін табуға, соның тебіренісін сезінуге, оның мағынасын өз ақылыңа салып түсінуге болады”

Абайдың тұсында қырда ешқандай революция болған жоқ, оның өзіндік басбұзар тентегі мен революционері – “большевик” Катилинасы да, Саллюстий мен Цицерон сияқты “конформистері” де болған жоқ. Ал енді Ресейдегі азаматтық толқуларға, солардың көзі тірі бейнесіндей болған ұстаз және жолдас – Евгений Петрович Михаэлиске келетін болсақ, Абай шығармашылығында олардың ізі де қалған жоқ.

Ал уақыт ондай ізді қалдырды. Ұмытпайық, тағысын тағы қайталап айтайық: Абай ақын және ойшыл ретінде өсіп, жалпы қалыптасқан жағдайды жер сілкінісіндей қуаттылығы жағынан, тарихи оқиғаларға толымдылығы жағынан, 1825 жылғы желтоқсан көтерілісімен де, XIX ғасырдың 30-50 жылдарындағы европалық революциялармен де, халықшылдар қозғалысы және Александр II патшаның өлтірілуі сияқты оқиғалармен де, тіпті, Ұлы деген мәртебеге ие болған француз революциясымен де салыстыра алмайсың. Ол жағдайды ғалымдар өркениеттік қүйреу заманы деп атайды: өркениеттің бір түрі – көшпелілік заман аудысып, басқа бір заманға – отырықшылық заманға кезек берді. Мұндай өзгерістер тұсында tapage ғана болмайды, нағыз explosion (жарылыс) болады, бірақ ол бір сәттік емес, ұзаққа созылғандықтан у-шусыз

әткен өзгеріс болды. У-шусыз болғанымен халықтың тағдырын талқан етті; сондықтан да ол Абайдың философиялық қара сөздері мен поэзиясында бейнеленді, ол да (Гётенің өсіресе веймарлық классицизм тұсындағы және одан кейінгі шығармашылығынан өзгеше) соншалық экспрессивтік сипатта болған жок.

Сондай замандар – әлбетте, тарихтың күнтізбесімен санааспайтын жоғарғы құштердің құпия ойындарынан өзгеше – халық алдындағы рухани борышын ерекше өткір сезінетін ақындарды тудырады. Соның төлеуіне оларға тек өзекті деген атаққа сыймайтын шығармалар дарытады. Тағы да Блок сөзімен айтар болсақ, заманың кілтін Абайдың махабbat жырларынан да, философиялық лирикасынан да іздеген жөн. Ол аз болса, қазақтың өлең құрылсында Абай жүзеге асырған – арнайы зерттеулерде көп айтылып жүрген реформаның өзі де белгілі бір дәрежеде қазақтардың рухани болмысындағы өзгерістерді бейнелейді. Сонда қандай жолмен? Үл мәселені анықтаумен тағы да сол мамандар шұғылдануға тиіс қой, бірақ солай бола тұра, Томас Стернз айтқан мына бір өткір ойды да ұмытпаған жөн болар еді: халықтардың өмірінде, дейді ол, өзінің мағынасы жағынан үйқастар жүйесіндегі өзгерістерге тең келетін нәрселер аз кездеседі. Бірақ, не айтары бар, әдебиеттің өмірмен тікелей байланысы оңай байқалады, әсері әлдеқайда құшті болады.

Гёте – Олимп дәрежесіндегі ақын, бірақ, ежелгі замандағы құдайлардан бір өзгешелігі, ол жер бетіне биіктен қараған жоқ. 1784 жылы ол “Арнауды” жазды, оның бүл шығармасын ақындық манифест деп айтуға болар еді: өмірінің актық сәтіне дейін шығармаларының әрбір жаңа басылымында осы өлеңін үнемі қайталап жүрді. Ақынның бойына муз аспекти келіп қонды да, соның даналығына баққан, даралығымен асқақтаған өр мінезді ақынның: “шырыныңды оңашада жалғыз ішсем” деген тілегі жаңа бір мәнге ие болды.

“Faфу ет, – деді ол бәсек үнмен, – ойым,
Жақсылық жасау еді өзгелерге,
Бір ғана өз даңқыма етпей тойым.
Журекте мейір барда, көз көрерде.

Басқаға нәсіп болсын шарапаты,
Деп өзің бойға Дарын бермедін бе?
Басқаға жол көрсетіп, бастаймын деп,
Өмірге сол мақсатпен келмедім бе?!”

Халқының санасын ағартпақ болып, өзіне-өзі аса ауыр жүк артқан – бірақ дауысы сол халқына жетпегендігі Даланың ұлы ақынының өзін-өзі түйсінуі, өз-өзінен күрсінуі осындай еді:

Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.
Мендей ғаріп кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса – сол алсын.

Абай көзінің тірісінде кітап шығарған жоқ, ал егер шығарған болса, 1890 жылы жазған немесе “Қаранды тұнде тау қалғыпты” аударып, оған ән шығарған кезде өмірге бірге келген осы екі шумақ өлеңді ақын өзінің қай кітабына болса да манифест ретінде айдар қылып таға алар еді.

Біз бұл жерде ішкі үйқас мәселесіне кіріп кеттік, ал шындығында манағы қосарланған жағдайлар жөніндегі әңгімені аяқтап кетуіміз керек еді.

Әдеттегідей, Абайды Гётеge орыстар алып келді, ең алдымен Лермонтов алып келді, бірақ бұл тұстағы жол, барлық сыртқы қындықтарына қарамастан, табиғи көрінгенімен, бұралан болып шықты. Петербургтік және Мәскеулік ақындардың Веймар кеменгеріне көзқарасының өзі көңілде кірбен туғызды, өйткені ол екіұшты және толқымалы көзқарас еді.

Яғни айтқанда, алғашқы кезде Батюшков пен Жуковскийден бастап, неміс ақынына деген көзқарас әбден салиқалы және сарабдал болатын. Жуковский Гётенің он сегіз өлеңін аударды, олардың ішінде айтулы “Орман патшасы” да бар еді. Ал ақындық арнау (“Гётенің портретіне”) тіпті әнұранға айналып кетті десе де болғандай еді, сондықтан оның мазмұны Абайдың жан жүргегіне қатты әсер етті (немесе қатты әсер етуі мүмкін еді):

Айнымас азаттықты зан деп ұғып,
Көреген көз жеткізген барлық жерге.
Ешқашан пенде алдында корқып-бұғып
Көрмеген, бас имеген күштілерге.

Арада жылдар өткеннен кейін, Тютчев Гётенің қайтыс болуына арнап мынадай өлең жазады:

Адамзаттың мәуелі бәйтерегін,
Бойлап өскен болдың сен жапырағы.
Бал-шырының нәр қылып, бар қорегін
Берді саған күн нұры, жер топырағы.

Солардың пейілімен жан-жүйене,
Үн бітіп, тілдестің сен жай отымен.
Бердің сен сан түрлі өуен дүниеге,
Күш бердің сарқылмайтын Тәнірі атымен.

Абай осы өлең жолдарын оқиды, содан кейін неміс данышпаны жөніндегі құңгірт сезімі оның санасы мен жан әлемінде айқын сөулеге айналады. Одан кейінгі көңілінің анық ашылуы, бәлкім, дәл сол жылы дәл сол қайғылы оқиғаға байланысты жазылған орыстың тағы бір ақыны Баратынскийдің өлеңінен кейін пайда болған еді:

...Жүректін тереңінен берді жауап,
Жүрек айттар сұрактың баршасына.

Қанатты оймен өлемде ұшып жүріп,
Шексіздіктің бір шетін берді тауып.

Жұлдыз кітап сырына болды қанық,
Теніздің толқынымен тіл қатысты.
Адам сырын түгелдей білді танып...

Осынау екі философ-лирик Гёте поэзиясының ең түбегейлі мөнін қалай дәл іліп ала білген десеңізші! Ал енді орыстың басқа өлеңшілеріне зер салып қарасақ, жаңағы жан жай табар айқындық құңгірттене бастайды. Пушкин, кәдімгі Пушкиннің өзі “Фаусттың” жоспарын “Тәнірі комедиясының” жоспарымен бір деңгейге қоя тұрып, ақылойдың әміршісін іздеңенде, Гётені емес, Байронды атайды. Лермонтов та, өзінің жастық шақта жазған “Өсиет” атты

өлеңіне мазмұн етіп Вертердің өлер алдындағы хатын алғанымен және өз өлеңінің өуеніне ыңғайлап “Дәруіштің тұнгі жырын” аударғанымен, Байронның кейіпкері мен Байронның субъективтік, құштарлықты поэзиясы Гётенің ақындық натурфилософиясынан оған да анық жақын көрінеді. Сол сияқты, ұстазы Евгений Петрович Михаэлистиң пікірінше, ең түпкілікті ақиқат болып көрінетіндер де Гётені ұғынуға келгенде одақтас бола алмайды. Белинский де Гегельмен әуестенуін артта қалдырып, қазір Байронды артық санайды, ал Герценнің шыдамсыздана қызынып: “Гётенің бүкіләлемдік әндері адам қанының үстінде лапылдаған отпен жарастық таба алмайды!” дейтіні және бар. Ал енді Чернышевскийге келетін болсақ, оның окуындағы Гёте өзіне өзі ұқсамай, реформатор мен диссидентке айналып кетеді, шындығында Николай Гаврилович бір ғана Гётені емес, кез келген суретшіні соларға апарып таңуға бейім. “Фаусттың” кейіпкерінен ол, Тургеневтің ойынан өзгеше, адамға пайда келтіретін қайраткерді көргісі келсе, “Көл басында” дейтін өлеңінен, оның өз сөзімен айтқанда, жай тамашалаудан бас тартып, іс-қимылға шақырған ұран үнін естітін тәрізді:

P.S.

*Көл бетінде хош көңіл, сергек ойдың,
Тыныштықтың бір тылсым тынысы бар.
Серісінде ләззатышыл ойын-тойдың
Бұдан қымбат қандайлық жұмысы бар?!
Қайық ақырын жылжиды суды сыйып,
Сыбырында ескектің әлде не сыр?
Тұнгі аспанның тірлігі – ол бір қызық
Бұлтқа орап тізбегін таудың жасыр!*

Осы жерде қандай ұран, қандай іс-қимылға шақыру бар? Рас, қуанышты жайма-шуақ көңіл күйі бар, ал құрес-ке шақырудан тіпті ныспы жок. Мұндай күйді, ақыл-ой мен дүние түйсінудің не бір қасіретті кезендерін Абай да бастан кешірген. Сонда ғой, өмірдің ацы-тұщысын татып, сақа болған қырық бес жастағы ақын Абайдың төсөлген қаламынан туған, танертеңгі мөлдір ауаның тұнығындей мына бір өлеңінде, Гётенің “Дауыл мен қысым” өлеңі жазылған жылдарда, ақынның бозбалалық армандары мен

көнілдің асқақ алқыны басылмаған кезде өмірге келген, дәл жаңағы “Көлдегі” сияқты тамылжыған табиғат аясындағы өсерді бейнелейтін өлеңінен қандай айырмашылық бар:

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бер ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өні қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық, сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде көп қожандап,
Күйеу келді – ай, жұлдыз к...н қысты.

Дәл осы сияқты, Абайдың көңілі жабырқап, пәс болған кезінде, ол да Блок тәрізді үнемі түнеріп жүрмейтін герман кеменгеріне қарай тура аунап түседі:

Қараңғы түнде тау қалғып
Үйқыға кетер балбырап...

Жә, тура Лермонтовпен бас қосып, бірлесіп емес, неміс тілінен еркін аударылған нұсқасынан бұл да еркін аударады (орыс ақынының сегіз жолдық өз өлеңіне “Гёteden” деп байқастап ат қоятыны тегін емес-ті).

Бірақ бұл Абайдың қасында дәнекерші болуының бірден-бір некен-саяқ мысалы болса керек. Ал жалпы алғанда, бұл тұста ол аяқты аңдап басады да, Гётенің бейнесін өз санасында өздігімен жасап алуға тырысады.

Әуелі Франкфуртқа, одан кейін Веймарға қарай басқаша тартылған жол-сапар айқын да талассыз болып көрінеді.

“Поэзия және шындықтың” авторы патриоттық сезім мен іс-қимылдың өuestігі туралы, бәлкім, өзінің жасы кіші отандасы Генрих Гейненің революциялық құштарлығынсыз, бірақ оның есесіне әлдеқайда артықша орнықтылықпен және кемел зерделілікпен жазады. Ол Клопштокты, “Герман шайқасын” – Рим езгісін үстерінен сілкіп тастаған немістер ер қайратты және асқақ қаһармандар болып суреттелетін осы поэманды еске алады. Ондай шығармалар ұлттық сана-сезімді нығайтады – тамаша-ақ! “Бірақ бейбітшілік уақытындағы отаншылдық, негізінде, әркімнің өз үйінде тәртіп болуын көздеуінен, ол үшін әуелі өз үйінің алдын сызыруынан, өз лауазымын құтуінен,

өз сабағын пысықтауынан көрінетін болғандықтан, Клопштоктың ұлттық сезімі өзіне қолайлы нысан таба қойған жоқ” Ақынның сонау Наполеон соғыстарының тарсыл-гүрсілдері тұсында жаза бастаған өміrbаяны жарық көрген кезде (1830) бірде мәймөңке, бірде ызалы көрінетін бұл қалжынды замандастары жайбарақат қарсы алған-ды. Ал арада бірнеше үрпак өткеннен кейін, Герман Гессенің есімізге салуы бойынша, бұл шығарма қызыба отаншылдық мұраттар жолында тіпті мызғымас ұлттық ардактылардың өздерін талқандаудан тайынбайтын азаматтар тарапынан қарсылық туғызды. Бірақ та дейміз-ау, олар неге тек қана ұлттық болады? “Гёте ақыл-ойдың, ішкі бостандықтың, интеллектуалдық ар-намыстың интернационалдық әлеміндегі азамат және патриот болған...”

Әрине, “Поэзия және шындықты” Абай оқыған жоқ. Ол өмір сүрген кезде өміrbаян орысшаға аударылған жоқ-ты. Бірақ онда тұрған не бар? Сайып келгенде, неміс бюргеріндегі ұлттық өркөкіректіктің қыр адамындағы тоқ-мейілдікten немесе Ресей державашылындағы отаншыл әуеýілікten не айырмашылығы бар? Болса, сыртқы түрінде ғана болар, ал ішкі мәнінде “адамның жан дүниесі мен адамзат деген ұғымның өзін күл қылып жіберетін сезім” біреу-ақ. Нағыз ақын мұны басқалардан гөрі жақсырақ түсінеді, бұл сияқты “отаншылдықтан” ада-күде безіп шығуға келгенде, Абай – Иоганн Вольфганг Гётенің қандас туысы.

Бұл тұста біз таза азаматтық мұраттар дегенді жайына қалдырып, оларды поэзиямен шенdestіretіn болсақ, қазіргі заман ақындарының ескі аңыздардағы, ертегілер мен мильтердегі кейіпкерлермен тілдесуіне Абайдың толық түсіністікпен іштарта құлақ қойғанын анғарамыз. Соларды түсінуге және қазіргі тілдерге аударуға келгенде, XIX ғасырда Гётеден ешкім аса алмағанын Абай, бәлкім, түйсікпен анғарған болар.

Жалпы алғанда, орта қол жазушы, бірақ ірі ойшыл болған, “Адамзат тарихының философиясы жөніндегі идеялар” деп аталатын іргелі еңбектің авторы Иоганн Готфрид Гердермен студент кезінде танысқанын, кейінгі кезде онымен жақын қарым-қатынаста болғанын Гёте өз

өмірінің мәнді бір оқиғасы деп есептейді екен. Гердер аталған еңбегінде, өзгесін былай қойғанда, Европа мен Азияның шекарасын бөлу қын екенін және соның өзі әдет-ғұрыптар мен мәдениеттер арасында айтыс туғызатының дәлелдейтін этнографиялық пейзаж жасап береді. Рас, бұл көрініске ол әлдебір діни сипат бергісі келеді және сонымен бірге автор ойына анық сынаржактық сипат беретінде сыйнайда жазылған, ал поэзия болса, берекесіздікке үйлесім енгізу үшін және бұра тартқан ақыл-ойды түзу жолға салу үшін өмір сүреді ғой. Сонымен ол кісі былай деп жазады: “Бір кезде Батыс Европаның Сібірден және мұңғыл тұқымдастардың тұп тамыры болып есептелетін Монголиядан ешқандай артықшылығы болмаған; мұнда да, ол жақтарда да көшпелі халықтар ата дәстүрімен ауа көшіп, бір жерден екінші жерге қоныс аударып отырған, өздері хандардың билігінде болған. Ал оның үстіне, Европа Альпі тауларынан солтүстікке қарай көсілген иен дала болғандықтан және Батысында дәл мұхит жағалауларына дейін созылып жатқан сол далада Татар қыратының халықтары мекендейтін болғандықтан, бір-бірімен қақтығысып, батысқа қарай ығысқан сол тобырлар лап берген де, Европаның ұзақ уақыттар бойы татар сипатты болуының осындай географиялық себептері болған. Міне, біздің қөзқарасымызша, қолайсыз саналатын осындай көрініс тұтас мың жыл, тіпті одан да ұзақ уақыт бойы біздің тарихымызды толтырып келген”.

Алайда жас Гётені еліктірген, әлбетте, “осынау ақпейіл айқайшының” философиялық еңбектері және әсте де көркем шығармалары емес еді; өзінен бес-ак жас үлкен аға жолдасының оны қызықтырғаны – бүкіл әдебиеттің бастауы халық өлеңіне барып тіреледі дейтін ілімді зерделеп жүрген филолог ретіндегі еңбегі болатын. Гёте осынау рухтанғыш ойды қазірдің өзінде қабылдауға өзір еді: “Мен таза ауаға жұлқынып шықтым да, өзімнің қолаяғым бар екенін алғаш рет сезінгендей болдым” Сөз орайында айта кету керек, даналардың бізге дәлелдеп қөрсетіп отырған бас айналдырарлық ой шыркөбелегі және қарама-қарсылықтардың таңғажайып тоқайласу үлгілері міне осындай (ал солардың өзі тек біз сықылды жұмыр басты пенделерге ғана қарама-қарсылық болып көрінеді, ал жоғарғы жақта олар бір-бірімен бәрі тоғысып жатады).

Бақсақ, Иоганн Вольфганг Гёте өзінің құрметті азаматы болып саналатын интернационалдық дүние ұлттық дыбыстарды емін-еркін қабылдайды екен, ал өзі келеді деп болжал айтқан дүние жүзілік әдебиет те ұлттық әдебиет-терден құралады екен. Гердердің ізінше Гёте де әдебиеттегі халықтық, табиғи бастауды барлық күш-қуатымен қолдап шыққан. Ақыр-аяғында екеуі бірігіп, “Немістің мінезі мен өнері” деген тақырыпта ортақ жинақ та шығарған. Ұстаз бен шәкірт арасында айырмашылық та болды – ол шындығында идеолог пен ақынның арасындағы, фольклор танушы ғалым мен суреткердің арасындағы айырмашылық еді. Халық өлеңдерін іздестіргендеге Гердер ескілікті қолжазбалар мен кітаптарға жүгінді; ал Гёте болса, ондайды құлағы естіген бойда жазып алатын және әндерін де ұмытпайтын. Тегінде, фольклордан өсіп-өнген оның өз балладаларының жүйелі музыкалық әуенмен ерекшеленетіні де сондықтан болса керек.

Абай соларды қатты зер сала құмартып оқыған және олардағы халық шығармашылығы мен автор үнінің ара қатынасын іліп алуға тырысқан. Ал Гётенің өзі оларды толығымен тоғыстыруға күш салған және бұл бағыттағы талабының жемісті болғаны соншалық, оның кейбір өлеңдері, мысалы, “Жабайы раушаны”, анық білетін адамдардың айтуынша, халық өлеңіне айнымай ұқсайды екен:

Қырда жүрген бір бала
Раушан гүлді көріпті;
Өскен жері – кең дала
Хош іісін беріпті.
Жұпар іісін құмартып
Сінірген сол балақай
Айқайлапты далада:
“Раушан көрдім, алақай!”

Сол “Жабайы раушан” – сонау Орта ғасырларда қалыптасып, XV-XVI ғасырларда гүлденген неміс балладасының тамаша стильденген түрі. Шындығында, Гёте басқа тайпалар мен халықтардың да ақындық сөз өрнегін кереметтей келтіре алған:

Королінде Фуланың
Қымбат зат бар мақтаулы –

Сүйгенінің көзіндей
Алтын қобди сақтаулы.

Әлбетте, Қыыр Шығыста аты аңызға айналған Фула (Тула) дейтін ел бар екенін Абай ешуақытта естіген жоқ және “Фула королі” атты балладаның арғы тамыры ежелгі скандинав аңыздарына қарай кететінін де ол аңғармаған болар (егер түсіндірушілердің, әсіресе А. А. Аниксттің ағартушылық қызыметі болмаса, оны біз де аңғармаған болар едік), бірақ мұндағы әуеннің “Жабайы раушандағыдан” мүлде өзгеше екенін Абай ақын құлағымен іліп алған-ақ болар.

Сондай-ақ “Асан ағаның зайыбы, ізгілікті ханымның жоқтау өлеңі” дейтін ұзын-шұбақ атының өзінде жүректі шымырлатқандай бір таныстық сезілетін өлең де сербі-хорват балладасының өндөлген түрі екенін де ол білген жоқ, бірақ Гёте лирикасының Гербелъ атымен аталып алғаш рет (1878-1879) жарық көрген орыс тілді басылымындағы онтүстік халықтарының жұмсақ әуенін ол анық сезінген болар. Ал енді тағы бір баллада – “Сыған жыры” өлеңінің жайы атынан-ақ көрініп тұр; бірақ жалғыз-ақ қайран қалдыратыны – сол бір әуенге неміс, ағылшын және орыс есімдерінің қалай сыйып жаастық тауып тұрғандығы.

Мен бұрыннан білемін, бәрін де анық таныдым –
Аннетаны, Урзелді де, Кэтті де,
Луиза мен Варвара, Марихен мен Бэтті де...

Шынында да, осынау сөздер мен дыбыстарды неміс өлеңшісінің құлағына сыйырлап, түсіндіріп кеткен кім және ол осының барлығын өз тілінде қалай оп-онай түсіне қалған (сонан соң олар орыс тіліне орнығып, Батюшков пен Жуковскийдің ізінше Тютчев, Фет, Мей келді де, немістік мәнін сақтай отырып, Гётені орыс ақынына айналдырды)? Бұл Абай үшін жай ғана жалан сұрақтар емес, ейткені ол да өз өлеңдерінде даланың фольклорын да, Шығыстың классикасын да, Европаны да, демек, өзінен-өзі түсінікті, Ресейді де бір жерге тоғыстыруды арман етті ғой. Міне осынау аса қыын шаруада Гёте таптырмайтын мектеп еді, оның неліктен олай болатын себебін Абай болжалдап түсіне бастаған. Көп ұзамай, “Батыс-шығыс

дәптерін” оқығаннан кейін, жаңағы дүдемал біржола айықты да, бәрі айқындалды.

...Гётенің өмірінде осының бәрі – әдебиет, тарих және махаббат мاشақттары біртүрлі араласып кеткен ерекше кезең болды.

Неміс тілінде Хафиздің жаңа аудармасы пайда болған, ал Гёте Шығыска, оның қаһармандарына, оның суреткерлеріне тіпті сонау жастық шағынан бастап қарайлай бастаған да, парсының ұлы перзенті оның сүйекті ақынына айналған-ды.

Ресейде женіліс тапқаннан кейін Наполеонның жұлдызы сөне бастады да, Европадағы дауылдар бағытын өзгерти, бірақ екпіні басылған жоқ; сол сияқты ақын жаны да өзінің сергектігін жоғалтпастан, заман оқиғалары бұрынғыша оның шығармашылығының шабыт шақырарлық қуатын сақтап қалған еді.

Міне енді ақыр-аяғында алпыс бес жастағы Гёте банкирдің отыз жастағы әйелі – Марианна фон Виллемерге ғашық болып қалып, Өмірбаянды жазу жөніндегі таяуда басталған жұмыс кейінге ысырылды, сөйтіп лирикаға қайтадан кезек келді. Марианна атын өзгерти, Зылиха болды да, Гёте біріне-бірін жалғастырып он бес өлең жазды; олары тұтас бір цикл болды да, әрі қарай тұтас бір кітаптың бөлігіне айналды. Автор оны алғашында “Батыс ақынының шығыс жинағы” деп атамақшы еді, ойланған келгенде, онысы “Батыс-шығыс дәптері” деген атпен дүниежүзілік поэзияда мәнгілік сақталып қалды.

Бірсесе Хафіз өлеңдерінің еркін аудармасы, бірсесе соның поэзиясының (және Руми, Фирдоуси, Низами сияқты басқа да Шығыс ақындары поэзиясының) тақырыбына жазылған айшықты жинақ, енді бірде тарихтың айтуымен емес, қазіргі өмірдің өз талабынан туған лирикалық шалқыма болып шыққан бұл ұзақ циклдің өз оқырманын таңғалдырған жері сол – мұндағы ой-сезім өрімдерінің тұтас бір көркемдік ііріміне айналуы: солардың оп-онай ауыс-түйіс болып, асты үстіне шыққандай, лирикалық сезімнің философиялық ойға айнала шашырап кетуі; пантеизмнің тамаша толғамдарының ішкі жан тебіренісіне үласуы, салтанатты гимннің көшеде айтылатын әнге, тағылымды нақыл сөздің өткір өзіл-қалжынға үштасуы сияқты ғажайыптарға толы болуы еді.

“Батыс-шығыс дәптерінің” екінші бөлімінде Гёте өзін шабыттандырған тұлғаға қарай туралап ойысады; кітаптың өзі де соған орай “Хафиз-наме” деп аталады: екі адамның тілдесуі арқылы Құран-кітапқа бірдей берілген жандардың рухани тұтастыры аңғарылады;

Ақын

Неліктен мынау Иранның халқы
Мұхаммед болса Шемседдиндей атадан
“Хафиз” деп оны қалайша ғана атаған?

Хафиз

Айтайын мен себебін оның Құранның
Мәтінін жатқа білуші ем.
Бір сөзін мүкіс қалдырмай,
Мақамдап айтып жүруші ем.
Бұзылған мынау заманда
Пайғамбар жолын хақ дедім.
Дін мұсылман аманда
Соларға тәнірім жақ дедім.
Сондықтан Хафиз атандым.

Ақын

Ендеше мен де атандым
Хафиз бол елге әйгілі...

Бірақ бұл жерде Құдай жолына шын берілген мұсылман үшін күпірлік болып көрінетін өуен де байқалып қалады:

Хафиздің ақындық бейнесі
Ақиқат болып танылар.
Бірақ кейде ол-дағы
Хақ жолынан жаңылар.

Сонда қалай, шала ақиқатты малданып, Құдай жолынан ауытқып кетуге де бола ма екен?

Міне осылай Хафиздің сұхбаттасы, оның сөз саптауы мен өн ырғағына “біржола ендім” деген адамның өзі Құран сөзіне шұбәсіз сену мен оны тәркілеудің арасында әрі-сәрі болып жүре ала ма екен:

Мәңгіліктен келе ме осы Құран?
Мен үшін де бейтанаис осы бір өн.
Сол Құранды жазған кім, кісі ме екен?
Ол да менің білмейтін ісім екен.

Бар кітаптың ішінде киелісі,
Ақиқатқа құрылған жүйелісі.
Нактылығы көдімгі шарап дерсін,
Сенбекендер өздері қарап көрсін.
Ішкен білер шарапат, қасиетін,
Құдайдың да көрер сол шапағатын.

Жас өрім сақи жігіт ойын осылай білдіреді, сонда осындай сөздерді тыңдалғанда Пушкин еріксіз еске түседі, өйткені “Құранға еліктеу” – жалпы алғанда, осынау данышпандық топтама “Батыс-шығыс дәптерінің” бетіне жазылған тамаша ескерту сияқты ғой.

Мұсылмандардың қасиетті кітабын Гёте де, ең алдымен, биік мәртебелі поэзия деп қабылдаған және, одан да бетер, Хафиздің лирасын соған орайластыра сөйлеткен, сол жолда тіпті соғылармен де кетісіп қалған:

Тап-таза әулиедей сен бір жансын,
Жалғыз-ақ соғыларға ұнамадын.
Құлшылық құрбандыққа күнде барсын,
Жалғыз-ақ аярлыққа шыдамадын.

Сөздің толымды әуезділігі, оның сағыздай созым-дышылығы табиғи түрде “Батыс-шығыс дәптеріндегі” тағы бір ерекшелікті тудырады. Оның әлемі – қабыргалары айнадан жасалған бөлме сияқты.

Саған ұқсас өмірде болып бақсам,
Жарқыратып достықтың шамын жақсам!

Гёте Тендессізben осылай сөйлеседі, ал бұлай сөйлескен жағдайда арада бір кеңістік, белгілі бір қажеттік қалдырылатыны бар ғой: ол – ол да, мен – мен деген сияқты.

Несі бар, солайы солай, автордың лебізі – сыртқы бақылаушының көзқарасы, тіпті ол мейлінше тілекtes және сонысымен жақтастық ауыртпалығын арқалаған адам болса да солай.

Міне осы тұста тамаша құбылыс болады: арадағы қашықтық шегірен бұлғарыдай тартылып, жақындағы бастайды да, бұрын Хафизді жүртқа таныстырып жүрген ақын енді Хафиздің өзіне айналып кетеді.

Толқын шаш – ортақ белгі алысқанбыз!
Қарманып қара орманда адасқандай,

Және де жақсы ойменен жарасқандай,
Жүректің дұрсілімен табысқанбыз.
Ақ маңдай, қылған кас, қызыл ерін –
Қызығын бірге көріп тауысқанбыз.

Бұл – XIX ғасырдың басындағы европалық ақынның тілі. Бірақ өлеңді бұдан алты жүз жыл бұрын жазған парсы ақынның тілінен іс жүзінде айырмасы жоқ сиякты.

Жүзін нұрлы, сұлу тұлғаң
Сәру десе лайық.
Күн -айнаға шағылысадар
Ақ дидарың – бұл анық!
...Сал орамал сыйлас едім,
Былай деді ол, күлді де:
Үйқыдағы түстерінде
Жолығысып тұрайық!

Әрине, бір ескеретін жайт, бұл тілдесулерде немесе, дұрысырағын айтсақ, бұл алмасуларда аралық дәнекер бар (Абайдың бір артықшылығы: ол да біз сиякты Гётені орысшасынан оқығанмен, Хафизге келгенде, арадағы қашықтықты қысқартып, оны түпнұсқадан оқыды); солай бола тұрса да, үшінші тілде алғашқы екеуінің үндестігі тамаша үқастықпен берілген, себебі сол кезде Гётені аударған жас ақын Алексей Парин бұрынырақта Хафизді аударған ұстазы Илья Сельвинскийге қарап жалтақтаған жоқ. Сірә, өлеңнің алғашқы түпнұсқадағы тегеурінінің қуаты сондай, ол аударма үдерісі кезіндегі кедергілердің бәрін де женіп өтетін болса керек. Және сондай тамаша артықшылығын өзі де сезінетін сиякты.

Хафизді оқырманына кезекті бір таныстыруында Гёте поэзия наданның үкімінен жоғары тұратынын айта келіп, былай дейді:

Еркінді алып, кернеп кетсе бойды күш –
Сезім буған жастықтың ол сыйлығы.
Шар болатың отқа балқып болса мыс,
Өкпелеме, ол – ақынның бүйріғы!

Поэзия билеушінің үкімі мен күш-қуатынан жоғары тұр, дейді Хафиздің өзі де, Батыс пен Шығыстағы белгісіз болашақ ізбасарларымен көрегендік тұрғыдан үн қатысу ретіндегі бір сөзінде:

Мен Шираздың фәк сұлуын Тәніріме тенер ем,
Бір меңіне Самарқан мен Бұқараны берер ем.

Ел аузында сақталып қалған аңыз бойынша, Ширазды енді ғана жаулап алған Ақсақ Темір осы ғазелді естіген бойда қаһарланып, дереу ақынды алдына шақыртып алады.

– Менің дүние жүзін жаулап алғандағы мақсатым: Бұқара мен Самарқандың даңқын асыру еді, енді сен келіп, сол қалаларды Шираздың бір шөпжелке түрік қызының табанына таптатпақ екенсің, сондағың бетіндегі бір құрыған мені ме?!

– Көрінізші, шах, менің сол жомарттығымның түрі мынау ғой, – деп ақын үстіндегі дәруіштің жыртық-жыртық киімін көрсетеді.

Сөйтіп, Хафиз өзінің тапқырлығы мен батылдығының арқасында қаһарлы қолбасының алдында өмірін сақтап қалады.

Гёте осы ғазелге (демек, жаңағы аңызға да) байланысты өз сөзін айтып кеткен, сондағы өлең жолдары мынадай:

Біздің ойға келмеген
Шәһар беру қалынға.
Бір сұлуға бермеген
Не қадір бар малында.
Махаббаттың орнына
Жүре алмайды айырбас.
Жүректерді табысқан
Ешбір билік айырмас.
Кім бар дейсің бір мендей
Сұлулыққа таласар?
Жетім қыз бен ол мендей
Дәруішке жарасар.

Самғау қарышының қашықтық аясы осындай: билік пен өнер арасындағы алалықтың қасіреті ретінде басталған нәрсе (аңыз) одан әрі сүйіспеншілік хатына айналады, сөйтіп алғашқы мәндерін сақтайды да, жеңіл құлкімен аяқталады, онда да тұпнұсқаның асқақ мәні сақталып қалады: жауланған ел де, жаулаушының өзі де Тәнірінің сыйындай өлеңмен тенденсесе алар ма, сірә?

Бұлайша шыркөбелек айналма жол – Гёте үшін табиғи құбылыс. Ол сонау жас шағының өзінде, “Дәруіштің дауыл

кезіндегі жыры” естілген кезде-ақ, өз бойындағы астам сергектіктің асқан дарының сезінген болатын. Ол – замандар мен халықтардың үні, “асқан даналықтың астам дарыны кімді аяласа”, кім баршамен қандас туыс болса, бұл – сол.

Ән-жыр біткен, қаптаңдар
Маған қарай!
Бұл – нәрлі су,
Бұл – жапан тұз,
Бұл – су мен тұзден туған перзент,
Мен соларды басып жүретін
Құдайлардың бауыры!

“Мұхамет туралы жыр” да дәл сол кезде естілген, онда Пайғамбар дүние жүзіндегі барлық су көздерін өзіне тартып алатын тау бұлағына ұқсатылған. Қиялдағы бес актілі пьесадан қалған бірден-бір үзінді – осы өлең, оның кейіпкері аянға келу мен өзін-өзі алдаудың азапты жолынан өтеді. Автордың баяндауында Мұхамет жана дін ойлап табады да, алғашында соны жер жүзіндегі барлық нәсілдің адамдарын біріктірудің жолы деп біледі, ал кейін өзінің ілімін басқа елдерді жаулап алудың құралына айналдырады (“жер жеміті асқына береді, аумағы арта түседі, Құдай аты ұмытыла бастайды, қара тұнек орнайды”), ақыр-аяғында қүйеуі өлім жазасына кесілген бір өйел Мұхаметке у береді; ол өлер алдында райдан қайтып, баяғы имандылық жолына түседі.

Пьеса жазылмай қалады, бірак жердің астын қуалап аққан бұлактың сүйндей, баршаның баршамен байланыс идеясы өзінің алдынан жолды аршып алып, оның пьесаларында да, өлендерінде де, әлбетте, “Фаусттың” ұланғайыр жоспарында да бір-біріне ұласып келіп, бәлкім. өзінің ең жинақты түрін осы “Батыс-шығыс дәптерінде” тапқандай болады, оның затын аты да толық ақтап түр.

Бұл “Хыжырамен” – ақынның Батыстағы қирап жатқан дүниеден Шығысқа қарай қашуымен ашылады, өйткені онда:

Жалған даналықтың жолы тар,
Төл сөзде дәйім жаңалық бар,
Өйткені уәлі сөздің түбі бір.

Бірақ осы тұста анықталатын бір жайт: кету деген Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тұйықтап тұрған шенберде айналудың алғашқы қадамы екен. Шынар ағаш, жұпар иіс, жібек мата – өмір ырғактарының, адам дидарының, халықтар мәдениетінің түпкі бірлігін жасыра алмайтын, тіпті оны өсілен жасырығысы да келмейтін бір тамаша декорация екен. Жалпы алғанда, белгілі үлгінің өнін айналдырып айттар болсақ, “Батыс-шығыс дәптері” деген тоғыспайтынды тоғыстыру болып шығады екен.

Алыс жолдың кеңістігі мен мезгілін көктеп өтіп, ақын көзді ашып жұмғанша бір дайын үйге қайтып келеді, бірақ сондағы көретіні бұрынғыдан өзгеше бір көрініс, солардың арасынан ол көздің жауын алғандай жарқыраған өсем бір өлем:

Қызылы, ағы аралас!
Жұлдыз берен тамшы – бір ағын!
Ал Хафиз Күнгірт киырға
Шираздың жақты шырағын.

“Батыс-шығыс дәптері” он бір бөлімнен құралған, соның әрқайсысында Батыс пен Шығыс өзара тіл табысып сөйлесіп отырады: “Махабbat кітабы” мен “Ой-толғамдар кітабында” да, “Наразылықтар кітабы” мен “Аңыз-ертеғілер кітабында” да солай.

Кейде осындай тілдесу өзінің баяндылығы мен байыптылығын тікелей тіпті ұранды сөздермен де шегелеп отырады:

Бейтаныс адамның ақ жарқын сәлемін
Қадірлі досынды көргендей қабыл ал!

Кейде кейіпкерлерді және солармен байланысты оқиғаларды жұмбақты жолмен ұштастырып жіберетін тұстары да бар. Гёте “Ақсақ Темір кітабында”, – деп түсіндіреді зерттеушілер, – Наполеон соғыстарының қанды зардаптарын суреттемекші болған. Ол ойы жүзеге аспаған, “Мұхамет” пьесасы сияқты, мұның да жай жүрнағы қалған, ал кітаптың өзі “Аяз берен Темір” және “Зылиха” деген екі бөлімнен тұрады екен. Екіншісі – қандай зорлықты да женіп өтетін махабbat туралы гимн, ал анау бірінші бөлімде Шығыстың жаугер қаһарлы билеушісінің мінез-құлқы арқылы Батыс тудырған қатал жаулаушы

Наполеонның бейнесі берілсе керек. Араб шежіресінен Гёте бір өлең оқиды да, соның әсерімен Ақсак Темір мен француз императорының Ресейге қарсы жасаған қыскы жорығынан бір ұқсастықтар тапқан сияқты.

Ал бірақ поэзияның негізгі бетке ұстары тақырып та, кейіпкерлер де емес – тіл, әртүрлі замандар мен жер жүзінің әртүрлі аймактарын табыстыратын нақ сол “Батыс-шығыс дәптерінің” жалпы өлшемінің өзінде, оның ыргақтық құрылымында ғазел мен Ағартушылық заманындағы Европаның қатаң стилі, қасида мен неміс деревнясының қарапайым тілі, рубайлар мен “Дауыл мен тегеурін” кезіндегі Гётенің өзінде кездесетін “ұлкен гимндердің” гарышшылдығы таңғаларлықтай женілдікпен ұштасып отырады.

Лирикалық қаһарманның бола ма, басқа кейіпкерлердің бола ма, сөздері (“Батыс-шығыс дәптерінің” кейбір көріністері драматургиялық түрде берілген) солардың халықаралық төркінінен хабар береді. Зылиха Шығыстың ұялшактығын ұмытып, кейде “Декамеронның” кейіпкеріне ұқсап кететіні бар, Хатем (Гёте өзінің атын исламға дейінгі араб ақынының атын сөл өзгертип, осылай атайды) көшे алаңы мен базар үлгісінде сөйлеп кетеді:

Құтырган қыздар жүреді
Көрі ақынды қаумалап.

Хафиздің өзі кейде Ульрих фон Гуттенмен тілдесіп қалатыны өз алдына, кейде, айталақ, Франсуа Вийонға да ұқсап кетеді, – онда да сол ұқсастық тілден көрінеді:

Хафиздің шығып аузынан
Өлең болған солар да.
Сондай ғафыл істерден
Бас ауырмас болар ма?
Бұл дүниеден қашканмен,
Қайдан рақат табарсың?
Тіпті амалың таусылса,
Балағат сөзгес баарсын!

Арасында бөгесінің жок біртұтас дүниенің бейнесі осылай жасалады. Гёте оған біртіндеп сатылап барды, ал ол тұтастықтың өзі бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі сияқты қабаттардан тұратын еді.

“Дауыл мен тегеурін” кезеңінің өз лирикасы болды: оған салтанат құрған турашылдық пен классицизмнің ақылман қатаңдығына қарсы ереуіл, тегеурінді дарашылдық пен алыпты тобырдың төбесіне көтеретін “данашылдықтың” үстемдігі тән болды.

“Жас Вертердің қасіреттері”, Пушкиннің сөзімен айтқанда, осынау азаткер-азапкердің заманы болды.

Ал содан кейін Веймардың алғашқы онжылдығы, оған жалғаса классика заманы (“Рим элегиялары”, “Ксениялар”, балладалар) келді; ол кезде өзін қарсылықта емес, одактастықта, табиғатпен, көвшілікпен тұтастықта көрсеткісі келетін үйлесімділік адамы баяғы дауекес тентекті ығыстырып шығарған. Айталақ, ақынның отандасы және жасы кіші замандасы Гегельдің сөзін қолданарап болсақ, үштік бірліктің ортағы мүшесі – антитезис болып шығар еді. Бәлкім, бұл сияқты көніл-күй Гётенің ғылыми жұмыстарына орайлас келетін болар. Әйткені ол өз заманының ең ірі жаратылыстанушы ғалымдарының қатарына жататын. Ол туралы академик Вернадский, оның өз аузынан естіген Вильмонттың айтуынша, былай деген: “Сол өтіп кеткен арғы замандарда, қарапайым сөзбен айтқанда, Гёте үшін бір ғана шындық, бір ғана нақты дүние болған. Әйтпесе, оның көміл сенімі бойынша, “табиғаттың ашық жұмбақтарын” ашатын құралдарды не себепті сол өмірдің өзінен іздеу керек болады? Ғылым Гётенің қөзқарастарынан қаншалықты алыс кетсе де, кетер болса да, салыстырмалы анатомияны, морфологияны, генетикалық биологияны, т.б. ашқан даусыз жаңалық бәрібір сол кісінің атында қалады” Бір сөзбен айтқанда, бұл Өрлеу заманындағы алыптардың ішінде, бәлкім, Леонардомен ғана салыстыруға боларлықтай тікелей және бірегей мұрагер еді. Бірақ нақ осы жағдайдың өзі, қандайлық әбестік болса да, жаңағы академик Вернадский айтқан үлгілі сөзге ескерту жасауға итермелейді. Гётенің ашқан ғылыми жаңалықтары қаншама зор болса да, оған төреші болатын біз емес, ол ең алдымен суреткер болып еді, міне сондықтан да ол табиғаттың жұмбақ құбылыстарына жауапты тек шындық өмірдің өзінен ғана іздей алмады. Толымды оң білімі оның алдынан әлемді тұтас күйінде, бірақ шетінен орталығына қарай ашты – сол шет жақтарды алғыс сезімімен есте

сақтай отырып, ол нақты өмірмен әрдайым есептесе бермейтін ақындық шығармашылық жолмен жүрді. Ал шындығында, кейде Гёте үшін ғылым мен өнердің арасында ешқандай шекара болмағандай да түйсік пайда болады; ол үшін ең болмағанда оның гекзаметрлерін, “Өсімдіктердің құбылысы” мен “Жануарлардың құбылысын” оқып шығудың өзі жетіп жатыр.

Кәдімгі Гегельдің тілімен айтқанда, “Батыс-шығыс дәптері” терістеуді терістеу болып шыққан.

Осыдан тартылған тұп-тура жол оның қайтыс боларынан үш жыл бұрын жазылған, ұзақ өмір жолында жинақталған ақындық даналықтың көрінісі болып табылатын бір өлеziне қарай бастайды. Ол өлең дәл сондай өрлікпен салмақты түрде “Өсиет” деп аталады.

Откеннің ізі ешқашан жоғалмайды,
Алыстан келер заман қол бұлғайды,
Қас қағым – өзі тұрган бір мәңгілік.

Сол биік шында Гётені қөптен бері Шекспир күтіп тұрған, өйткені мұның оны “біздің арғы өкеміз” деп атауы тегін емес-ті. Айтса айтқандай-ақ: “Фасырдан да ұзақ құндер бар”

Сол шынға кейінірек, Гётенің сөл алдында фана Уильям Блейк көтерілген-ді: “Бір қас қағым сәтінен мәңгілікті көре біл..”

(Сондықтан да Гётенің ұлы отандастарын сыйламады деп ағылшындарды кінәлауы бекер болар: немістер Шекспирге “әрдайым соншалықты әділ, ықыласты және жанашырлықпен қарады, олар өздері бір-біріне ешуақытта олай қараған емес” деп соны үлгі еткен).

Алда тағы басқа аздаған таңдаулылар түр еді, солардың ішінде Абай да бар болатын.

Баяғыдан бері жақсы мәлім сюжеттерді қайталап айту үстінде біз оны мүлде ұмытып кеткендей көрінуіміз де мүмкін.

Шынында олай емес, басқасын былай қойғанда, алдын ала ойластырылған мынадай қарапайым есеп осыған дәлел болса керек: Гётенің өлендері жайында неше түрлі сын мақалалар тасқыны қобейіп, зерттеу еңбектері әлі тау болып үйілмеген кездегі Гётені тұнғыш рет оқудың әсері қандай болар еді? Міне Абай оны дәл осындай күйде

оқыды, асықпай, бабымен, табанды түрде, ішкі-сыртқы қындықтарын (олар туралы жоғарыда сөз болған) кездестіре отырып, оңашада, ешбір жолбасшысыз, суреткер шығармашылығының тұңғиығына шома, даналығының ашықтығына таңдана, орнықтылығына тоқтаусыз беріле отырып оқыды.

Абай оның “Өситетіне” өлеңдер арнады, бірақ, әрине, туралап емес, арнау етіп емес, ақындық ойдың мәнінен сәйкестеп жазды:

Кім жүрер тіршілікке көңіл бөлмей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терен ойдың телміріп соңына ермей.

Ол өзінің Жаратқанға жақын екенін сездірместен, бірақ оған ашық түрде қол созды да, “Отыз сегізінші сөзді” жазды. Біз оны ауызға қаншама көп алсақ та, енді міне, ақыр-сонында, оны бастан-аяқ тыңдаудың сәті келген сияқты.

Ол бүкіл шығармалар өріміне тән емес макаммен – онда шын мәнінде сирек кездесетін ғибраттық сөздермен басталады да, өмірдің ұзақ жолынан өтіп, жан-жағындағы алыс-алыс қияларға көз жеткізетіндей биікке көтерілген адамның кейпін танытады:

“Ей, жүргімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып, ядкар қалдырайын. Ікыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат”

“Сөз” эпикалық сарында басталады да, ұзік-ұзік болып аяқталады, бастапқыдағы баяу философиялық ойтолғамнан күткен ырғактылықтан ешқандай белгі қалмаған сияқты:

“Бәлкім, осы “Сөзден” не үқтың деп әркімнің өзінен сұраған дұрыс болар?”

Әттең! “Сөзде” жазылғаннан әлдекайда аз ұғыппыз. Халықтың мындаған жылдардағы тәжірибесін игерген ойдың әлдебір терен тұңғиықтарынан әлде бір күнгірт түйсік қана қалмаған сияқты. Сондықтан үстірт болса да, сонымен ғана бөлісуге тұра келеді. Үстірт болатын себебі, менің көзқарасым – зиялды пендениң, оның үстіне европалық адамның көзқарасы, ал Абайдың сөзі бастан-аяқ діни мазмұнға толы, оның үстіне – құрандық мазмұнға.

Батыс күндылықтары мен құбылыстары өлсімен осыған үқсас дүниені іздестіріп отырып, Джон Донның уағыздарына тап боламын; ал “Отыз сегізінші сөз” – әрі намаз, әрі поэзия, әрі практикалық мағынадағы ғибратты ілім. Ал оның аржағы – философия.

“Біз Алла Тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла Тағала – өлшеусіз, біздін ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуғе болмайды” Бұл – діни ойшылдың сөз саптау үлгісі, бұл, тағы да европалық категориялар үрдісімен сөйлесек, әулие Фома рухындағы схоластика. Дегенмен де, бұл жерде ұлы мұсылман ойшылдарының, мысалы, Әбу Әли Синаның әсері білініп тұр: ол кісі естияр ой мен он білімді барынша құрметтей отырып, басқа дүниенің баршасынан бұрын Алла Тағаланың ықтиярында болатын өлдебір өмбебаптық бар деген ғой.

“Құдай Тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпен сипаттанбақ: иждиһатіңмен шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық адамгершілігің бар болады. Белгілі жәуандар мәртлік үш сипатпен болар деген, шындық, жомарттық, ақыл – бұл үшеуінен шынайы ғадаләт болар, артықша шафақат болар”

Бұл – молдалардың мешітке жиналған пенделерге айтатын шаригат сөзі.

“Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі өсімдіктерді өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып, дария болып, хайуандарға, құска, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен...”

Осының бәрі өзінің ырғақтарымен, бейнелерімен бірден Құранды еске түсіреді (“Алла аспаннан жаңбыр жаудырды, жылғалар толып, су акты...” – 13:17) және Тауратта – Еккласиаст кітабында да осыған үқсас сөздер бар: “Барлық өзендер теніздерге құяды, бірақ теніздер жағасынан асып кетпейді...” – 1:7).

“Фылымға байлық, атақ-данқ, құрмет үшін барғандар сол фылымның мәнін ешқашанда түсінбейді. Ол былай тұрсын, өзінің қара басының қамын ойлаған адам өзінің адамшылық бейнесін жоғалтады. Соған керісінше, байлық, атақ, абырой дегендер қажырлы еңбектің нәтижесінде келсе, адамның мәртебесі одан сайын арта түседі”

Бұл орайда сөздің ырқы философ пен уағыз айтушыдан гөрі жай ұстаздың ыңғайына қарай ауысады да, ол жастарды ағат жолдан сақтандырып, мақсатқа жетудің дұрыс жолына қарай мегзейді.

Ол өзі солай болуға тиісті де, өйткені Абайдың өзі айтады ғой: оның қолына қалам ұстатқан нәрсе – “адам әлемі туралы” жазу деп. Ал енді сол әлем, яғни ағымдағы істердің әуре-сарсаны Жоғарғы күштің бүйіріғындағы үлкен уақыттың аласапыраңына қосылып кетсе – оның жөні басқа. Міне осы арадан келіп, Гётенің ту сыртында тұрған Спинозаның тұлғасы көрінеді. Берtrand Рассельдің айтуы бойынша, ол – барлық замандардағы ұлы философтардың ішіндегі ең ізгісі және сүйкімдісі. “Интеллектуалдық жағынан кейбіреулер одан артып кетті, ал адамгершілік жағынан ол бәрінен жоғары тұр” Семей кітапханасында Абай оны зер салып оқыған, сол оқығанының іздері “Отыз сегізінші сөзінен” байқалады. “Тұрмыс данышпандарының айтуынша, ғұндардың шапқыншылық жорықтарынан немесе Иерусалим храмының қиратылуынан гөрі бізге бүгінгі қүйкі өмірдің күйбендері қаттырақ бататын сияқты. Спиноза мұны саяздыққа санаған. Болып жаткан істің бәрі – мәңгілік әлемнің бір бөлшегі, оны Құдай қалай жаратса, дөл сол күйінде көреді. Ал адамның, әлбетте, қолынан келмейтін міндеті – қазіргі заманға кекжиектің сондағы ең биік нұктесінен – sab species aeternitatis – қараста. Сонда ғана ол өзін қорқыныштын кос үрейінен құтқаратын бостандыққа ие бола алады. “Басы азат адамның ең аз ойлайтын нәрсесі – өлім, оның кеменгерлігінің өзі де сол өлімді емес, өмірді ойлайтындығында. Спиноза қайшылықты осылай шешеді де, шекіздік пен шектіліктің, өлшеулі мен өлшеусіздіктің арасындағы қарама-қарсылықты үйлестіріп жібереді.

Абай да дәл солай қарай үмтүлады, бірақ, шынтуайтына келгенде, Спинозаның жарқын оптимизмі оған жат. Ол үшін ең бастысы – тоғысу нұктесі, айнадай жарқыраған

айқындыққа құштар. Оның ақыл-ойы тоғыстыру қуатымен жарактанған.

Фылым иманмен – діни наныммен сыйыспайтын сияқты болып көрінеді, бірақ бұл – адасушылық, “пайғамбарлар мен ғалымдар, сайып келгенде, бір нысананаға қарай ұмтылады, бірақ баар жолдары басқа” “Фылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықлық өзі де хақылыш һәм адамдық-дүр”

Білімде объективтік, ал адамның еркінде субъективтік сипат бар, бірақ осынау су айырығының өзі де – елес, шалағай ойдың тығырығы.

“Кез келген адамның бойында ерік пен фылым үйлесім таба алады деп ойлауға болмай ма? Егер болатын болса, мұның өзі адамның қуаты немесе оның бойындағы білімінің қуаты деп ойлауға болмай ма?” Абай осындай сұрақ қояды да, оған өзі он жауап береді, бірақ, әлбетте, оның ар жағындағы басты шартты да ұмытпайды, яғни “сол Ерік те, Фылым да бір ғана Жаратушының сипаты екенін” есте үстайды.

Табиғат салтанат құрды дейік, бірақ ол өзімшілдіктің мерейі емес, өйткені “құллі таңғажайып дүние адам иғілігі үшін жаралған”

Ұждан мен наным, ақыл-оі мен иғілік, білім мен аяныш – осы қасиеттердің барлығы бір жерде түйіскенде ғана адамды адам етеді.

Фылым өнермен одақтасуға тырысады, ал осы одақты “ғадаләтті, игі істерді жүзеге асыру үшін пайдалануға тырысу керек”

Әулиелік пен имандылық өмірдің қызығынан безу деген сөз емес, олай болғанда адамзат өзін-өзі құртып тынған болар еді: “Егер адамзат имандылық жолына түсіп, пайғамбарлар мен әулилердің үлгісімен жер бетіндегі иғіліктен безетін болса, яғни пенделіктің кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, құллі адам тәркі дүние болып, һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда, малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Құдай Тағаланың қуатыменен, ижтиһад ақылың менен тауып, рахатын көрмегіне жаратқан, берген берекебайлығына, одан көрмек рахатына сұық көзбен қарап,

ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па? Құдайдың бергеніне шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнөкөр болмайсың ба?”

Менің ойымша, “Сөздегі” ең асқақты тұс осы, өйткені бұған дейін тұспалдан немесе орағытып кеткен сөздер бұл тұста барынша анық айтылған. Алла құдіретті, әділетті деп қайталауға жалықпайтын шын мұсылман Абай үшін оның қатынаспайтын жері жоқ, ол барлық ереже, дәстүрден жоғары тұрған дүниенің тұтастығын қалайды, оның ісінде ешбір ғафылдық жоқ, “Құдай тағала бұл ғаламды... келісімменен, хикметпенен көмалатты бір жолға салып жаратты... Құдай Тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады” Бірақ әулиелер мен қасиеттілер, тіпті солардың ішінде Мұхаммед пайғамбардың қасында жүрген – Фабдірахман Fayf, Сағид ибн Әбүдікас, хазіреті Fұсман – ниеттері қаншама дұрыс бола тұра, қателесулері мүмкін еді. Ал енді моллалар туралы сөз қылудың да жөні жоқ. Төлбасының “ақылдың, сыншыл ойдың діні” дейтіні осы болса керек және ол бұл ойына өзі мынадай түсінік береді: “ол (Абай) ислам дінін қабылдай отырып, оның кейбір қағидаларына сын көзімен қарайды, оны моралистік, жалаң ойлы философиямен үштастыруға тырысады”

Басқа сөзбен айтқанда, баяғы сол синтезге ұмтылу-шылық.

Моллалар туралы Абай өте наразылық сөздер айтады, ишандар туралы одан да өткен ғайбатты пікір білдіреді: “Бұлардың сүйгені – надандар, сейлегені – жалған, дәлелдері – тасбиғы мен шалмалары, одан басқа ешнәрсе жоқ”. Сонымен бірге Абай Пайғамбардың дініне сенбегенмен, жалпы шындықты жақтайтын ойшылдарды ақтап сөйлейді.

Сондай даналардың біреулері Алланы мойындармайды, енді біреулері иманнын шарттарын қабылдамайды, үшінші біреулері адамға тән сегіз сипатқа күмән келтіреді” Сонда қалай, солардың барлығын күстانا қылышп, жалпы имандылықтың жауы деп білу керек пе? Әл-Фазали мен Аверроэстің, Аристотель мен Спинозаның мектебінен өткен адам ешуақытта ондайға бара алмайды. Солардың (діні басқа даналардың) ішіндегі ең дарындылары “электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алышп, дүниенің

бір шетінен қазір жауап алғып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мын адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, әсіресе адам баласының ақыл-пікірлерін үстартып, хак пенен батылдықты айырмактықты үйреткендігі – баршасы пайдалы болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жок”

Теологтер оны әкуменалық дін деп атар еді. Біз басқаша айтайық – кең пейілді болды, ол өзгенін пікірін тындай білді, соны ұннatty, арада тұрған бөгеттердің қандайынан да, – мейлі, тарихи, діни немесе тілдік бөгеттер бола ма, бәрібір – солардың үстінен қарап, өзіне керегін үға білді. Немесе одан да гөрі түсініктірек етіп айтсак – Абай Шығыстың адамы, Шығыстың философиялық идеяларының мұрагері бола тұрып, Орта ғасырлардан Жана заманға ауысар тұстағы ұғымның европалық мағынасындағы гуманист болды.

“Соғыс пен бейбітшілікте” мынадай бір эпизод бар. Пьер Безуховты өртеніп, бықсып жатқан Мәскеу арқылы маршал Давудың ставкасына алғып келетіні бар ғой. Оған өлім жазасы қолданылғалы тұр, бірақ та ...оның мазмұнын баяндап жатқанша, түпнұсқаның өзіне-ақ үңіліп, Семейдегі Абайдың осы жолдарды қандай көзбен оқығанын (немесе қалай оқуы мүмкін екенін, өйткені Толстойдың бас кітабымен Абайдың таныс болған-болмағанын біз анық білмейміз) көзге елестетіп көрейік:

“Даву көз жанарын жоғары көтеріп, Пьерге тесіле қарады. Бірнеше секунд бойы екеуінің көздері бір-біріне қадалып қалды да, осы көзқарас Пьерді құтқарып жіберді. Бұл көзқараста, соғыс пен соттың барлық шарттарын былай қойғанда, екі кісінің арасында кәдімгі адамдық қарым-қатынас пайда бола қалып еді. Дәл осы сәтте бұлардың екеуі де талай-талай жағдайды бастан кешкендей көзге шала-шарпы елестетіп тұрды да, екеуі де өздерін адамзаттың перзенті күйінде, бірін-бірі ағалы-інілі адамдардай сезінді”

Абай да дәл осы сиякты адамзаттың туысқандығы жөніндегі гуманистік идеяның жетегінде болмады ма екен?

Гёте де Хафізді басы азат суреткер деп қабылдап, оның көздеріндегі ешбір қылаусыз жайнап тұрған қуаныштың – адамдардың қарым-қатынасынан туатын қуаныштың діни әдет-ғұрыптардан жоғары екенін – “соғыс пен сот

шарттарының” қандайынан да жоғары екенін көргенде, дәл осындай идеяның жетегінде болмап па еді?

Сөйтіп біз Веймарға қайтып оралдық, ал мұның өзі табиғи еді, өйткені Абайды Гётемен байланыстыратын нәрсе тек лириканың әуені ғана емес және тіпті өмбебаптыққа қарай құштарлана үмтүлған іңкәрлік те емес және де... басқалар ашқан жақалық та емес, ол басқалармен біздің әңгімеміз кейін болады, әлдебір көркемдік түрдің ашилуды емес, қайта, соның әрі қарай дамытылуы болатын, ал мұның өзі дүниеге кезқарастық сипаты бар төтенше маңызды ойларды білдіру үшін екеуіне де қажет еді.

Жазу жөніндегі жұмыс 1810 жылы басталып, арада жиырма жыл өткенде, автор қайтыс болғаннан кейін тоқтап қалған кітаптың толық аты “Менін өмірімнен. Поэзия және шындық” деп аталады.

Шынында да, бұл Иоганн Вольфганг Гётенің өмірбаяндық үзінділерінен құрастырылған, оның Франкфуртта туған кезінен бастап, өзінің сүйгені, Франкфурт банкирінің қызы Лили Шенеманнан қашып, герцог Карл Августың шақыруымен Веймарға кетуі арасындағы жиырма жылды қамтиды.

Алайда, Гётенің шындықты поэзиядан бөліп алуы тегін емес-ті. Бұл тұстағы “шындық” деп отырғаны – өмір фактілері де, ал “поэзиясы” – фактінің ойға, фактілер тізбесі – рухтың өмірге айналуы. Бұл кітаптағының барлығы, – деп түсіндіреді Гёте Эккерманмен арада болған бір әңгімесінде, – “менің өмірімнің нәтижесі, ал мен баяндаған жеке фактілер менің жалпы байқағанымды, одан биігірек түрған шындықты раставу үшін ғана қызмет етеді... Біздің өміріміздегі кез келген факт нақты болғандығымен құнды емес, белгілі бір мәні болғандығымен құнды” (бұл тұста басқа бір өлкеде сынғыр еткен қоңыраудың талып жеткен жаңғырығы естіледі, – “бұл жолдарды көніл қойып оқып шық, байыптасаң жүрекке орнар махабbat”).

Гёте “Эгмонтты” жазу үстіндегі жұмысын баяндайды, сондағы ойы, әлбетте, сонау дүниежүзілік құштарлықтар айқасқа түсіп жатқан қырыларға, ізгілік пен зұлымдық, жарық пен қаранғылышқ, үміт пен түңіліс, ең бастысы –

сайтандық пен адамгершілік шайқасып жатқан жерлерге қарай ауып отырған. Бірақ автор жоғары қарай көтерілген бойда ешбір сыртқы себепсіз қайтадан төмен қарай түседі: “Сол биқте шарықтаған ойдан мен өзімнің шағын өміріме қарай қайта төмендесем, мұнда да сайтандықтың әлдебір салқыны тиген оқиғалар болып жатады”

Көлемді кітап бастан аяқ осылай құрылған: нақты болған, бірақ көбінекей тым ұсак, негізінде тағдыршешті деп айтарлықтай жазмышты оқиғалар жайындағы әңгімелер метафизикалық таңба басылған құбылыстармен боршаланып отырады.

Өнер табиғаты туралы.

Францияда орын алған кейбір қолайлыш оқиғалардың әсерімен, деп ой толғайды Гёте, XVIII ғасыр өзінен екі ғасыр бұрын егілген танаптың масағын жинағы. “Ал сол екі арада көп нәрсе, ең алдымен комедия ескіріп кетті, ал ол болса, өмір мен ғұрыпқа, тіпті шамалап болса да, жаңаша бейімделу үшін, үнемі жаңғырып тұруды қажет етеді. Көптеген трагедиялар сахнадан түсіп қалды, ал Вольтер Корнельдің шығармаларын қайта бастырып шығару мүмкіндігін құр жіберген жоқ, ондағысы өзінің алдындағы ізбасарының қаншалықты олақтығын қөрсету еді, бірақ жалпы жүртшылықтың пікірі бойынша, өзі оған да жете алмады. Міне сол Вольтер, өз заманының кереметі, өзі бір ғасыр бойы тірілтпек болып әуреленген және өзі сонда ғасырға жақын үстемдік еткен әдебиетпен бірге қартайды.

Оқиғалардың байланысы туралы – бұл енді, біздін білуімізше, Гётенің даналығынан туындаған бүкіл әлемнің орнығып тұрған іргетасы.

Көльндегі собор туралы бір жақсы кітап шыққан екен, тәжірибе үстінде даналығы толысып, жалпы жүрттың құрметіне бөленген патриарх жас авторға осы бір монографиямен шектеліп қалмай, орта ғасырлардағы неміс сөүлеткерлігінің тарихына зер салу жөнінде тілек білдіреді. “егер негізгі белгілері қалпына келтірілсе, соны грек-римдік және шығыс-мысырлық өнермен салыстыру арқылы қалпына келтірсе, оның аржағында бітпеген шаруа онша көп болмайды”, – деп жазады.

Есімнің маңызы туралы.

“Адамның есімі – иығында салбырап тұрған плашы емес, оның ол жер, бұл жерін тартқылап, созғылап, денемен дене қыла дұрыстауға болар, бірақ денеге жарақат түсіретіндей етіп кескілеуге, қайшылауға болмайды”

Осы тәріздес жалпы идеялар шығармашылығында ең жоғарғы дәрежеде жүзеге асырылған яғни адамзаттың даналары аталған адамдарға осы тұрғыдан жітірек қарауға мәжбүр етеді. Сөйтіп, “Поэзия және шындық”, бұл.. айталық, адам суреттерінің жиынтығы емес, бірақ Шекспир, Вольтер, Руссо және басқа энциклопедистер портреттерінің жол-жөнекей жасалған нұсқасы немесе нобайы. Сондай бір нобай туралы қайталап сөз етудің реті келіп тұр. Спинозамен арада талай келіспеушіліктері бола тұрып, – ал “Фаусттың” авторы кіммен болса да келіспеуге ықтиярлы еді, – Гёте, жөйтітер мен христиандар да, жарқылдақ қауымның салоны мен шіркеу де бірдей сақтықпен қабылдайтын, сондай жағдайдың өзінде дүниеге жарқын түйсігін сақтай білген осынау ойшылға деген сенімі, ие, Спинозага деген сенімі “оның (маған) тигізген жайма-шуақ ықпалы мениң қадірменді мистиктерім мені спинозашыл деп кінәладап жүргенін білгеннен кейін – ал мұндай кінәдан тіпті Лейбництің өзі де сырт қала алмаған – ие, содан кейін тіпті күшайе бастады, ал дәл осындай кінә арқалаған Бургаве¹ діншілдікті қойып, медицинамен шүғылдануға мәжбүр болды”, – деп жазған еді.

Спинозаны оқығанда Абай да дәл осындай түйсікте болған шығар-ау деген ой келеді. Сол үшін кітап оқудың мұндай ыңғайсыздығына төзуге тұра келеді, – ал оның ыңғайсыздығы өте күшті. Спинозаның басты енбегі – “Этикасы” геометрия оқулығының үлгісінде жазылғаң, оның әрбір қисыны математикалық дәлелмен дәйектеліп отырады. Гётедей емес, рационалистік ойлау әдістемесінің өзіне жаттықпаған адам үшін осынша көп формуласардан бас қатырмай өту дегеннің не екенін түсінуге болады (шамасы, бұл тұста Абайға Бокльдің дедукция жөніндегі ой толғамдарының пайдасы тиғен шығар, бірақ оған ол енді ғана кірісе бастаған ғой). Алайда, қайталап айтайын,

¹ Герман Бургаве (1668-1738) – голландиялық әйгілі дәрігер және химик.

жұмсалған еңбектің интеллектуалдық және сезімдік қайтарымы мол болатын. Бәлкім, Спиноза ой толғамдарының қисының Абай ақырына дейін толық түсіне де алмаған шығар, айтқандай, оны Гёте де ақырына дейін түсіне алмаған, жоқ, түсінуге тырысып жатпай-ақ, біржола лақтырып тастаған, бірақ нәтижесі екеуіне де бірдей жақын: “Алла Тағаланың пендесін махабbatпен жаратқанын біліп, махаббатына махабbatпен елжіремекті Құдайға ғашық болды дейміз”. Бұл – “Отыз сегізінші сөздегі” ең жүрекжарды ойлардың бірі. Ал енді осы ойдың бір ұшығы жаңағы “Этикада” былай тарқатылады: “Жаратылысынан ақылды адам әлдебір жан толқынысына берілмейді; өзін-өзі, Құдайды және өзге жайттарды танып білуді тұрақты қажеттілік деп санағандықтан, ол өз тіршілігін ешқашан тоқтатпайды, соның барлығынан өзінің жан дүниесіне шынайы қанағат табады. Ал егер осыған аппаратын жол, мен айтқандай, өте қын болып шықса да, ол табылмайды деген сөз емес. Ол қын жол және табылуы өте сирек болады. Егер ол сондай оңай жол болса, оны кім пайдаланбас еді дейсін? Ие, жақсылықтың жолы қын, сондықтан да ол сирек болады”

Айтқандай-ақ, Абай кейде Спинозаның ойын ғана емес, оның сөз саптау жосығын да дамытып отырады. Сондықтан мен оны түсіну қын дегенде асырып айтқан да болармын. “Өмірдің өзі аксиома ғой, адамды өзінің таңдап алған мақсатына қарай жетелеп отыратын күш болады” – осынау ой “Этиканың” теоремалары секілді бір жүйеге құрылған. Спиноза әлдебір қағиданы ұсынады да (мысалы, “интеллектуалдық махабbat” туралы), әрі қарай соны дәлелдейді және мынадай қорытындыға келеді: “бұл махабbat (14-теоремаға сәйкес) дененің барлық жағдайымен байланысты болады да, соған септестік жасайды (15-теоремаға сәйкес). Ал сондықтан (11-теоремаға сәйкес) ол барған сайын жанды байыта беруге тиіс. Міне біз осыны дәлелдеуге тырыстық” “Отыз жетінші сөзге” кіретін нақылдар ішінара “Этиканың” осы рухы мен стилінде құрылған, бірақ олар әдеттегі Абайдың өзіне тән ақындық қуат пен өсемдікке толы болып келеді. Спинозадан өзгеше Абай дәлелден гөрі метафораға көбірек сенім артады:

“Дұние – ұлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – агалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер
Баяғыдай көрінер.

Бұл тұста Абай қайтадан Гётеге жақындаған түседі, өйткені ол Абайдың Спинозамен және, бәлкім, Батыстағы философиялық ой-пікірдің басқа да өкілдері – Сократпен, Платонмен, Аристотельмен арадағы тілдесулерінде дәнекер болған-ды. “Фаусттың” авторы философты ақынша оқиды: “Мениң Спинозаны жете меңгергенімді оған Мәңгілік Жөйіт келген көріністі суреттеуімнің өзі-ақ айқын дәлелдей алар еді; ол көрініс менің поэмамның бір өзекті бөлшегі болар деп ойладап едім, бірақ мен оны ойлағаныммен, жазып алғаным жок-ты”

Бірақ солай айтылып, тақырыбында бекітілген ғой: Поэзия және шындық. “Фақлиялар” да дәл солай, оған бұрын да, бұдан былай да көз жеткіземіз, – ой мен бейне, факті мен аныз, тарих пен пайғамбарлық жалпы алғанда – поэзия және шындық.

Ие, ал бірақ олар бір-бірімен қалай ұштасады, басқаша айтқанда, кітапқа тұтастық беріп тұрған не нәрсе: автор өзі бірден-бірге секіре береді, оқиғалардың болған уақытын қалай болса солай бұза береді және жалпы алғанда баяндауына әлдеқандай бір сыртқы, сюжеттік дәйектілік беру дегеннің жайын тіпті бір ойламайды, сонда оған тұтастық беретін кім? Ең алдымен – баяндаушының өзі. Біздің білуімізше, Абайдың оқыған адамдарының ішіне кіретін, тіпті оның сапарласы және белгілі дәрежеде үстаздарының бірі болды дерлік Герцен мұны барынша айқындалап беріпті. “Бұл жазбадан гөрі, – деп түсіндіреді ол өзінің бас кітабына жазған кіріспесінде, – ішкі сырға көбірек үқсанқырайды, соның қасында, соған байланыстыра, Болғандардың әр жерінен жұлмалап алынған естеліктер мен Толғамдардың әр жерінде қалып қойған ойлар ғой. Қалай болғанда да, осынау жамау-жасқаулардан, құрама-құрақтардан тұтас бірдене шықты ғой деп ойлаймын, әйтеуір маған солай көрінеді”

Гёте де осындай тұғырға қарай ойысатын сияқты, қалай болғанда да, “Поэзия және шындық” кітабының соңғы

бөлімінде оқырманға арналған мынадай ескерту бар: “Сан тарау жолдарға ыдырап кеткен өмірді жазғанда, бірімен-бірі жарыса қатар болған оқиғаларды айқынырақ елестету үшін, бір-бірінен ажыратып көрсетуге, кейде, керісінше, мағынасы бір бөлек-салақтарды біріктіріп жіберуге, сөйтіп оларды дұрысырақ түсініп, бағалайтындей етуге тура келген жайттар бар”

Шындығында да, қадалған нұктесі біреу болса, циркульдің екінші басымен аумағы әртүрлі шенберлерді сыза беруге болатыны сияқты, – “Эгмонт”, “Фауст”, “Вертер” сияқты кітаптардың шығармашылық тарихы іштей қабысып жатады... айталық, Американың бейнесі “ол кездері... өз отанына сыймаған кім көрінгенге Эльдорадо болып көрінгені немесе француздар мен немістердің ұлттық бейнесі жайындағы әңгіме жаңа ғашық болған жас жігіттің құмарлығын баяндағаны сияқты болып көрінетіні бар емес пе?! Бір сөзben айтқанда, Гётенің өзі (Вильгельм Мейстерге байланысты) айтқандай, бұл кітап бір кесектен емес, қайткенмен де бір мағынадан жасалды”.

“Сөздердің” түзілу тәртібі де осыған ұқсас, бірақ оларда, “Болғандар мен толғамдардан”, “Поэзия және шындықтан” өзгеше (бірақ біз қазір қарастырғалы отырған бүкіл дүниежүзілік сөз өнерінің тағы екі үздік үрдісіне ұқсас), сюжеттің рөлі жоқтың қасы. Расында да, Абай біресе ағарту жайында, біресе діни нағым жайында, біресе киім жайында ой толғап кетеді; ұлт жөніндегі өзара сыннан орыс тақырыбына көшеді; Сократ пен оның шәкірттері жөніндегі аңыз және мақалдар туралы нақылдар, ақыл-ой туралы шалқыма мен сол кездегі әдет-ғұрыптардың құлдырап бара жатқаны туралы ренішті ойлар бір-біріне жалғастыра айтыла береді. Дәл сол сияқты, “Сөздердің” стильдік нұсқасы, импрессионистердегіше, шашырап кетеді де, логикалық дәлдіктің орыны оп-оңай поэтикалық дәлдікпен ауыстырылады. “Он бесінші сөзде” ақылды адамдар мен ақылсыз адамдардың айырмашылығы олардың ой-ниеттері мен іс-әрекеттерінің арасындағы қарама-қарсылықты көрсетуден басталады. Бұл, басқасын былай қойғанда, сол “Этикадағы”... тіл. Бірақ әрі қарай жаңағы стиль жалғаса береді – істің байыбына бармай, сырттай даурығып жүретін жайдак мінезді ағайындар сөз болады: “Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі

атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен...”

Осындай әрқиалықтың басын қосып біріктіретін – Абайдың өз дауысы; Герцен сияқты, Гёте сияқты, іс жүзінде Абайдың өзі сөйлейді – тіпті “Бірінші сөзден” бастап. Өмірдің біраз жолынан өтіп келіп, көп нәрседен түнгіліп, шалдықкан, енді не істерін білмей дағдарған шағындағы тоқтамы мынадай:

“Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байлладым...”

Ие, лирикалық бастама, шығарма иесінің рухани тәжірибесі мен табиғаты – қуатты біріктіргіш күш.

Бірақ бірден-бір емес.

Автордың “мені” тарихи тәжірибемен және ағымдағы өмірдің жағдайларымен толықтырылғанда, өзінің бейтараптығын жоғалтады да, тиісінше, арылу сөзі таза монологтан басым түсетін басқаша бір түр іздейді. Сөйтіп өзінің ерік-жігері бар ерекше жанр пайда болады.

Бұл туралы басқалардан гөрі анығырақ етіп айтқан адам – Мишель Монтень. Абай бұл есімді Гётеден естуі мүмкін, өйткені ол XVI ғасырдағы француз әдебиетін құмарта оқыған, соның ішінде Монтеннің жазғандары мен оның өз басы ерекше орын алатын. Бәлкім, Герцен арқылы да білген болар; ол да Монтеннің өмір құбылыстарын келеке етіп суреттеу шеберлігіне, еркін ойлылығына, атақтыларға бас ие бермейтіндігіне таң-тамаша болып, пікірлер айтқан. Қалай болғанда да, оның “Тәжірибелері” Абай оқыған кітаптардың қатарына кірген және оның әдеби құрылымының өзі “Болғандар мен толғамдарға”, “Поэзия және шындыққа” қарағанда “Façliajlarға” әлдеқайда жақын көрінеді.

Тағы бір мәлім жайт, ол Монтеннің кітабын ашқан кезде, оның атының өзінде белгілі бір айқындық бар еді. Алғашқы нұсқасы сонау Екатеринаның түсында, 1762 жылы пайда болған орысша аудармасының өзінде Les Essays деген ұғымның түпкі мағынасы айқын аңғарылған: кісі өзінің бақылау және ойлау қабілетін анықтау үшін өзіне-өзі тәжірибе қоймақ болған. Расында да, алғы сөзінің өзінде

автордың оқырманға хабарлайтыны – кітаптың бірден-бір мазмұны автордың өзі екендігі (біздің есімізде: Гёте де, Герцен де және олардан да гөрі анығырақ Абай да осы жолмен жүрген). Содан кейін осы ой қайталап айтылады: “Менде басқа тақырып болмағандықтан, мен өз еңбегіме өзімді тақырып етіп алдым” Осыдан кейін біраз уақыт өткенде бұл әңгіменің даусыздығының өзі де маңызын жояды: “мен өзімнің кітабымды қалай жасасам, кітабым да менің өзімді солай жасады”

Осы сәтте шығарма атының бұған дейін жасырын тұрған екінші бір – әдеби мағынасы айқындалып қалады, оны енгізген де – сол Монтень. Ол осы жөнінде де айтады – немесе, бәлкім, тұспал жасайды: “Мен бірден-бірге адасып жүрмін, бірақ білмегендіктен емес, еріккендіктен. Менің ойларым бірінен соң бірі келе бастайды, – бірінебірі тіркесе, түйдектеліп емес, бірінен кейін бірі кідіріңкіреп. Бірақ олар бірін-бірі көзінің қиығымен болса да көреді... О, тәнірі, ой дегеннің осылай кенеттен бұра тартып, бұлқынатын шексіз әрқиулығы неткен ғажап десенізші, солардың кездейсоқтығы мен аңғалдығынан гөрі осындай әсемдігі әсіресе қайран қалдырады. Ал егер әлдекім менің осы ойларымның тізбегін үзіп алса, ол әсте де мен емес, жаңағы жаңғалақ оқырманның өзі; ол әлдебір түкпірде түсіп қалған бір сөзді тауып алса, сол жетіп жатыр, бәрі орны-орнына келе қалады, бірақ сол түскір сөздің өзі оңайлықпен табыла қоймайды ғой”

Біздің бәрімізге – Радищев пен Руссоның, Герцен мен Абайдың, Фрэнсис Бэкон мен Карлейльдің, Торо мен Адамстың, Хорхе Луис Борхес пен Милан Кундердің әрдайым төзімді бола бермейтін оқырмандарына жақсы, ақылды ескертпе. Зердемізге құйып алатын ақыл, ал бірақ өзірге еске сала кетеріміз – ешқандай іздеудің қажеті жоқ, онсыз да көзге көрініп тұрған бір нәрсе: кейбір әдейі ойластырылған былық, кейбір ашық қайшылық. Монтень заманынан бермен қарай “эссе” аталып келе жатқан жанрдың сипаты осындай ерекшеліктермен анықталады. Қалай болғанда да, әдеби терминдер сөздіктерінде бұл туралы ештеңе айтылмаған. Оларда басқа бір ерекшеліктері көрсетіліпті және дұрыс көрсетілген: еркін композициясы, нақылшылдығы, әңгімешілдік өуені, т. б. Бірақ, менің ойымша, жанрдың анықтамасын әде-

биеттанушылардан гөрі жазушылар дәлірек беретін сияқты. Роберт Музильдің пікірінше, ол – жанрдың мынадай түрі: “затты барлық жағынан алады, бірақ түгел қамтымайды. Түгел қамтылған зат өзінің көлемінен ұтылады да, толымдылығын жоғалтады”. Ол аз десеніз, Эссе дегеніңіз – жай ғана әдеби жанр емес, бұл – “моральдық қайшылықтар ортасында өмір сүре алатын ерік пен батылдықты бейнелейтін өмірлік ұстаным”

Бәлкім, мұндай әдебиет үлгілері халықтар тарихының күрт өзгерісті сәттерінде пайда болатын шығар “Петербургтен Мәскеуге сапар”, “Арылу”, “Поэзия және шындық”, “Сартур Резартус”, “Фақлия сөздер” – бұл тізім онша үзак болмаса да өте қадірлі – бұлардың барлығы да – заманның ең жанды жерлерін жалаңаштап көрсететін және сол себептен де ғасырлар бойы сақталатын кітаптар.

Ізашар – Монтең – жаңсақ айтқан: “Мен кітабымды санаулы адамдар үшін және аздаған жылдарға ғана арнап жаздым”, – деп. Шынымен солай ойлады ма әлде жорта айтты ма – оны кім білсін? Бір нәрсенің басы ашиқ: ойлағанындай болған жоқ (әлде жай айта салды ма екен). Ғасырлар өткеннен кейін, “Тәжірибелердің” авторы өз отандастары Вольтер мен Руссоға – жоқ, тек өз отандастарына ғана емес, сондай-ақ, көршілері – ағылшындарға, немістерге, – одан әрі орыстарға да – Пушкинге, Герценге, Толстойға қол созады; ал Толстой “Тәжірибелерді” күн сайын дерлік параптап, белгілі бір бетін ашып отырған және Ясная Полянадан өзінің соңғы рет жолға шыққан сапарына аттанып бара жатқанда қызына: артымнан беріп жіберерсің деп тапсырған заттарының ішінде Монтеннің кітабы да аталған.

Ал орыстар оны Абайға берген.

Алайда бұл кітап қалың бұқара арасында тарамағанымен, тіпті тек таңдаулылар арасында ғана қалып қойған жоқ, бірсыныра жұртшылыққа мағұлым болды. Ол неліктен еді? Оның себебі, “әр жерге бір сөзді тастанап кетіп отырып, онда да бір-бірімен мықты байланысы жоқ, үзік-үзік сөздерден құрастыра отырып, алдына ешқандай міндет қоймастан және ешқандай уәде берместен”, автор өз жайындағы әңгімеден заман жайында әңгіме тудырды. Монтеннің (христиан дінінің қағидаларына сүйене отырып) өкіметке әр уақытта бағынып жүру керек және

қазіргі мемлекеттік құрылышты қолдау керек деген пікірі талас тудырларлық сөз, бірақ азаматтық сипаттағы жанжалдар мен соғыстардың зардабынан қорқу мағынасында оны түсінуге де, түсіндіруге де болады. Өйткені онын “Тәжірибелері” жазылған кезде Францияда дәл сондай шатақтар қаулап тұрған және кітаптың алғашқы жолдары қағаз бетіне түскен сөт Варфоломей түнінен кейінгі ертеңгілік болатын. Ал сондағы қанды оқиғаларды айтпағанның өзінде, сол ғасыр тұтасымен үшінші сословиенің өсуімен және, демек, соған байланысты шаруашылықты жүргізудің жаңа тәсілдерінің, сондай-ақ өмірдің жаңа үлгілерінің пайда болуы себепті әртүрлі оқиғалармен ерекшеленгенін еске сала кетуге болады. Ал ондай оқиғалардың кінәратсыз болмайтыны бізге тағы белгілі.

XVI ғасырдың аяғы жалпы Европада және, айырып айтқанда, Францияда дүние түйсінуі жарқын және адам мүмкіндігіне, адам ақыл-ойының шексіздігіне сенімі қалтқысыз әлі Ренессанс күйінде болатын. Бірақ бұл енді гуманизм дағдарысының басы, бұл енді Жаңа заманның тамаша елестеріне күмәнданудың басы және содан түнілудің аңы зардабы еді.

Ақыл-ой күйінің осынау күрт өзгерісі, А.Ф. Лосевтің сөзімен айттар болсақ, Шекспир сахналарын толтырып жіберген тау-тау өліктер арқылы шындыққа айналып еді.

Мұның өзі сондай-ақ “Тәжірибелердің” беттерінде де толығымен бейнеленген болатын, өйткені онда тежеусіз оптимизм жаппай күдікшілдікпен ғажайып ұштастырылған – тәбеміздегі аспанды қорғасындей ауыр бұлт торлап тұр, бұл ғасыр рухани жағынан босаңсып, әлсіреп тұр деген сөздерді автор тым жиі айтатын.

Әлбетте, тарихи қасірет жағынан Монтеңьмен арадағы жан-жүйе туыстығын Абай бірден сезді; екеуі де – ізгі өзгерістердің жаршысы және уағыздаушысы, екеуі де – заманның жарқабағында тұрған адамдар; тек осындағы кісілер ғана скептик бола алады. Тегінде, “Тәжірибелер” авторының: жаңалық атаулыдан меселім қайтты деген, олай етуге толық негізім бар деген жерлерін, өйткені “солардың барлығының зардабы апатты болады” деген сөздерін әбден іштарта оқыған болар. Сондай-ақ, әлі өркениеттен бұзыла қоймаған, өздерінің табиғи зандары

бойынша өмір сүріп жатқан “жабайы халықтар” туралы баяндалатын “Каннибалдар туралы” тараудың үзінділери оның жанынан үндестік тапса керек; бәлкім, онысы екішты да болуы мүмкін, өйткені ескі тәртіптерге қатты берілген әкесіне де ол осылай екішты көзқараста болдығой.

Жалпы алғанда, рух әлемінде, соның ішінде әдебиетте де, жанама сыйықтардың неевклид геометриясындағы сияқты қылышысып кететін кездеріне талай рет көз жеткізіп журміз.

Гонзаго монологынан бір үзінді мынадай:

Табиғаттан табылар бар керегін,
Оларды іздеп әуреге тұспей-ақ қой:
Опасызың, қастандың, қару-жараС –
Оларсыз да зұлымдың бола берер.

Әңгіме Америка туралы болып отыр (байқауымызша, Гётеден көп бұрын болған), Шекспирдің “Дауылындағы” бір кейіпкер Монтең нобайын жасап кеткен көрініс туралы былай дейді:

“Халық деп міне осыны айт... ешқандай саудасы, ешқандай жазуы, есеп атаулымен ешқандай таныстыры, ешқандай өкіметтің немесе өзін басқалардан жоғары ұстаудың нысpsyсы, ешқандай құлдықтың іздері, ешқандай байлық пен ешқандай кедейлік, ешқандай мұрагерлік, ешқандай мүлік бөлісушілік, ахахаудан басқа ешқандай жұмыс, ешқандай туыстық байланыстарды артықша бағалаушылық, ешқандай киім-кешек, ешқандай егіншілік, ешқандай металды, шарапты немесе нанды тұтынушылық атымен жоқ”

Асан Қайғының қиялындағы кейір көріністер де осы сияқтығой, кім біледі, бәлкім, Монтенниң “Тәжірибелерінен” осынау жолдарды оқып отырып, Абай да өзінің арғы замандардағы аталасының – Ұлы даладағы ертегідей жазықты шарлап жүрген саяхатшының жан-жүйесіндегі кептерді тағы бір бастан кешпеді ме екен?..

Дегенмен бәрін де рет-ретімен баяндаіык.

Эрине, Абай Монтенниң өмірбаянын білген жоқ, ал егер білген болса, Гёте сияқты, тағдырларының сыртқы үқсастырына тағы бір таңданған болар еді.

Монтень 1533 жылы туып, 1592 жылы, Абай секілді, алпысқа жете бергенде қайтыс болды.

Ол да ауқатты отбасынан шықты, бірақ жоғары дәрежелі өulet емес еді, дворяндыкты XV ғасырдың аяғында ғана алған. Абай Құранның қағидалары мен араб тілін медреседе оқыды – Шығыс үшін латын тілі сол болатын, ал Монтеньге үйде оқытатын мұғалімдер оған бұл тілді екі жасынан бастап үйретті де, содан былай онымен тек осы тілде ғана сөйлесті, демек, оны ана тіліндегі менгеріп өсті.

Ол, былайша айтқанда, “болыс” та болды, яғни қала парламентінің кеңесшісі болып қызмет етті, ол жердің адам намысын қорлайтын сатқындығы мен тоңмойын төрешілдігінің Абай мен отаршыл әкімшілік арасындағы қарым-қатынастан айырмашылығы көп болмайтын.

Күғыншылықтың құрбандығын да Монтень бастан кешірген. Рим куриясы “Тәжірибелерді” цензураның тергеуіне салды, әйтеуір олары онша қatal болған жоқ еді. Бірақ ол бергі жағы екен. Кітабының үшінші бөлімін жазып болғаннан кейін, соның басылуын қадағаламақ болып, ол атамекен қонысынан Парижге аттанбай ма. Сөйтсе, оған дәл “Баррикада күнінде” тап болады (1588 жылы 12 мамыр), сол күні Генрих III король сарайы нөкерлерімен астанадан қашып жатыр екен, бұл да соларға еріп кетеді, бірақ артынан ағаттық жасап, Парижге қайтып оралған бойда, аз күн билік басында болған Генрих Гиздің жақтастарымен бірге Бастилияға қамалады. Одан Екатерина Медичидің шешесі – королеваның қамкорлығымен ғана босанып шығады. Әрине, меніреу провинциядағы қипыс Бастилия емес, бірақ олардың қай-қайсысы да ақын үшін мекен емес екені, әрине, белгілі.

Ал содан кейін, ақырында, жиырма бес жасында әкімдердің өуресі мен ағайын арасының кикілжінін қашқан Абайдың қаладағы кітапхана үйінің тыныштығына барып өлең жазғаны (ал отыз жетідегі Гётенің Веймар сарайынан Италияға қашқаны) сияқты, Монтень де жасының отыз сегізге шығуы карсанында қызметті таставды да, есігіне дәл мынадай сөздерді жазып кетеді: “Айса пайғамбардың дүниеге келгенінің 1571 жылында, наурыз күнтізбесінің қарсанында (ақпанның соңғы күнінде) сарайдағы құлдық қадарынан және қофамдық

міндеттерден мезі болған, ал өзінің қажыр-қайраты толысып тұрған шағында, жасырынып кетіп, өлең падишасының, ақыл-парасат әмбиесінің құшағында паналауға мәжбүр болды; осындай тыныштық пен қауіпсіздік жағдайында ол қалған өмірін өткізбек, бірақ сол өмірінің көбі қазір өтіп те кетті, – егер тағдырдың мархабаты болса, ол осы мекенін, ата-бабалардың жүргегіне жақын осынау баспананы мүкәмалына келтіріп, оны бас бостандығы мен жан тыныштығына және көніл көнішіне арнамақ”

Рас, бұл тұста да өлі зат (саясат) жанды затқа (поэзия) жармасып бақты: Монтең Бордо қаласының мэрі болып екі рет сайланды да, ол орынды қайтыс боларынан алты жыл бұрын ғана қалдырды, бұл тұста, айтқандай-ақ, өзінің досы, Францияның болашақ королі Генрих Наваррскийдің ең жақын кеңесшілерімнің қатарына келіп қосыл деген ұтымды ұсынысын да қабыл етпеген.

Ие, бұлардың барлығы да бірде кездейсок (өмір мерзімдері), бірде занұы, бірақ бәрі де реті келіп қалған жеке бастан тыс нәрселер еді – ал, шындығында, өкіметтің қуғындауына душар болмаған ақын дүние жүзінде бар ма екен, сірә?

Сөйтіп, “Сөздерде”, өздерінің барлық айырмашылықтарына қарамастан, “Тәжірибелермен” қандастық байланыс бар.

Ең жалпылап айтқан күннің өзінде, Монтеннің ұлы кітабы деген не нәрсе? Оның өзі айтқандай, мұлде әртүрлі себептермен айтылған үлкенді-кішілі сөздер. Римдіктер мен мамлюктердің жорық аттары сипатталып жатқанда, арасында Демокрит пен Гераклитке арналған құттықтау сөздер кіріп кетеді, ал кейде әңгіме өр нәрсенің иісі туралы, дүғалықтар, ізгіліктер, маскүнемдік, пошта бекеттері т.б. жайында болып кетеді.

Рас, олардан гөрі жалпылама, тіпті ғарыштық мәселелер төнірегінде де әңгімелер болады. “Тәжірибелер” – артық-кемі жоқ, табиғат туралы ой толғамдар, ал табиғат дегеніңіз өздігінен алғанда – игілік те емес, қырсық та емес: “табиғатты сіз не затқа айналдырыңыз, соған қарай ол игілік те, қырсық та бола алады” Жалпы алғанда, адамның жауапкершілігі, адамның таңдау бостандығы туралы ой – ренессансстық ой – “Тәжірибелердің” аса

маңызды тірегі болып табылады. Заттар өздігінен алғанда, деп көп қайталауды Монтень, қын да, қыншылықты да бола алмайды, оларды солай етіп көрсететін – тек біздің шарасыздығымыз бен әлсіздігіміз ғана.

“Тәжірибелер”, әрі қарай, – дәл сол қатарлы философияның табиғаты жайындағы еркін ой толғамдар. Нәсекінде солай: жалпыға мәлім мағынасындағы философияның өзі емес, одан гөрі интеллектуалдық әшекейлер, сол баяғы жеп-женіл, үлпілдеген, жылтырақ “сөзтұмарлар”, ішінде бір мәні болса, ол тек зәрге ғана толы. Монтень ылғи да өткендегі ежелгі заманға қарай мойын бұрып отырады. Және онысы түсінікті де: күш-қуатынан айрылған, нәуетек, азып-тозуға айналған ғасыр әл-дәрменнің үлгісін өткеннен іздейді. Бір ауызба-ауыз әңгімеде ол өз өміріндегі барлық еңбегі – ежелгі авторлардың мәтіндеріне берілген азды-көпті ескертпелері ғана деген бір сөзді жол-жөнекей айтып қалатыны бар, “Тәжірибелерінің” өз беттерінде сырқылып айтқан мынадай сөздерін де кездестіруге болар еді: “Мен басыма не келсе, соның бәрін сырттан ешкімнің көмегінсіз, тек өз қауқарыма сүйеніп ойға салмақ болсам, ондайда менің басымда болатын – және де жиі болып тұратын жағдай – менің бақытыма қарай, өзім дамытсам ба деп отырған ойларымды жақсы жазушылардың әлде біреуінен кездестіріп қаламын да, сондай адамдармен салыстырғанда өзімнің қаншалықты болымсыз және былжырақ, оралымсыз және әлжуаз екенімді түсіне бастаймын (осы таяуда ғана біздің ой-қиялымыздың күші жөніндегі Платондың ой толғамдары мені дәл сондай күйге түсірді)”. Тағы бір қызығы: өзі қапысыз жақсы білетін осындағы адамдармен жаңағыдай тілдесіп қалған сәттерде, оның өз замандастарының бәрінен артығырақ тұратыны – Монтень әрдайым ғылыми трактаттардағы ұсақ-түйек нәрселерді басқалардан гөрі жиірек көреді де, сол арқылы ойдың ақыл жетпес биіктігі мен мынау жексүрын болмыс арасындағы қашықтықты көзді ашып-жұмғанша қысқартып жібереді.

Александр Македонскийдің өмірбаянын жазғанда, Платон шынында да ұлы қолбасыдағы тердің иісі өзгелерден артықша хош иісті екенін еске салып өтеді, ал сонда дейміз, Монтень тарихшының басқа бір мәндірек мағлұматтарын келтірмей, өз оқырманына не себепті

жаңағы болмашы ерекшелік жайында хабарлап отыр? Тациттің хабарлауында ертедегі жабайылардың корольдері өзара шарт жасасқанда, соны он қолдарының бас бармақтарын айқастыру арқылы бекітеді еken. Монтень осы жайында жазғанда, оны “Анналдардың” тасмұсіндей барлық құрылыштарынан кем көрмейді. Сенека туралы жазған еңбегінде оның бір хатынан әйелінің бір құрбысының көзі соқыр болып қалған хабарын келтіреді, ал Солон жайында қызықтап айтатыны – оның: “қарын ашқанның емі – тамақ ішу” деген данышпандық сөзі еken.

Осының барлығын келтіргендегі Монтеннің мақсаты, әлбетте, өткеннің ұлыларын кемсіту емес – әрине, философтар да, тарихшылар да, қолбасылар да – өз заманының айтулы адамдары, бірақ сонымен бірге олар да өз заманының пенделері болған; тұлғалары биік шындағы болғанмен, олар да жер басып жүрген; сол Монтень өнер табиғаты жөнінде ой толғап жүргенде Аристотельдің “Поэтикасына” жүгінсе, енді бір сәтінде, бойға сіңген әдеттердің пайдасын білмек болып, тағы сол Аристотельдің “Никомах этикасынан” мынадай бір үзіндіге тап болады: “ауру қалса да әдет қалмайды дегендей... әйелдердің кейде шаштарын бір талдап жұлып, тырнақтарын тістеп, көмір немесе топырақ жейтіндері болады еken”

Ал одан кейін, тағы бір кездейсоқ сияқты жағдайда, жалаулатпай-ақ, ұрандатпай-ақ, Монтень өзі үшін ғана емес, сонымен бірге толымдылыққа ұмтылысы көп болғанмен, соған сенімі аз заманы үшін төтенше маңызы бар мынадай бір пікір айтады:

“Адамгершілік туралы зандарды көбінесе табиғаттың өзі тудырады деп жиі айтылғанымен, шындығында олар әдет-ғұрыптан туады; әрбір адам жалпыға тараған және жүрттың бәрі қабылдайтын көзқарастар мен ғұрыптарды құрметтей отырып, реті келген тұста солардан бас тарту немесе оларды марапаттамау арқылы өзінің ар-намысын қорғап қала алмайды”

Яғни айтқанда, метафизика жұрт жексүрын көріп жүрген болмыспен байланысты, керек десеніз, содан өніп шығады.

Осы арада біз “Тәжірибелердің” тағы бір қабатымен тоғысып қаламыз да, ол, әлбетте, өнін өзгерктен тұрде, Абай “Сөздерінің” қалың ой қабатына да сініп кетеді.

Абайдың әрдайым әдет-ғұрып өктемдігіне қарсы шығатыны есімізде. Ол “Он екінші сөзінде-ақ” ғибадатты қылмай жатып шектеліп қалмауды діттейді ғой: “кімді-кім иманның неше нәрсемен көмәлат табатұғынын білмей тұрып, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірадар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға үқсайды”. Ал “Отыз сегізінші сөзінде” сол ойы ең жоғарғы беделге сүйене отырып бекітіледі. Бұл жерде мынадай аңыз келтіріледі:

Ұлы Мұхаммед “пайғамбарымыз салаллау ғалайни уәссәллам “ақыр заманда бір жылдық бір күн болар” депті.

Сонда мұридтері ойланып қалыпты да, пайғамбардан сұрапты: “шын мұсылмандар күннің шығысынан батысына дейін бес ракат намаз оқиды. Ал сіз айтқан бір жылдық күнде намаз нешеу болар?” деп. Сонда Мұхаммед пайғамбар: “Оның пәтуасын сол заманың ғалымдары білер” деп жауап беріпті.

“Бұл сөзден ғибратланып қарасаң, – деген қорытынды жасайды Абай, – замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағұлым болады”.

Міне, сол сияқты Монтеньге де, ол әдет-ғұрыптарды қанша құрметтеп, өзгерістерге секем ала қарағызымен, педантизм жат көрінген. Бала кезінде деп еске алады ол, италиялық комедияларда педанттардың (ол кезде бұл сөздің мағынасы мұғалімдер, ұстаздар дегенді білдірген) міндettі түрде есерсоқтарды бейнелейтіні мұны қатты қынжылтатын болса керек, тіпті “магистр” деген сөздің өзі де онша қадірлі болмағанға үқсайды. Ол аз болса, Плутархтың куәландыруы бойынша, римдіктерде “ритор” балағат сөзге баланған, ал шын мәніндегі суреткер талантқа кедей болған өз заманында Монтень нағыз талант деп мойындаған Дю Белле:

“Педанттың ғалымға үқсаған ұқсынын сондай жек көремін”, – деп жазған.

Әсіресе жас күнінен бастап осындаі оқымысты адамдардың бақылауында, солардың қамқорлығында болған адамдар мұны қалай түсіне алмақ? Тек арада

жылдар өткеннен кейін ғана, деп жалғастырады ойын Монтеңь, “педантизм жөніндегі мұндай көзқарастың өте дұрыс екенін түсіндім: *magis magnos clericos, non sunt magis magnos sapientes*”.

Ал әрі қарай, әдеттегідей, тезис метафораға айналып кетеді: “Мен былай деп айтуға көмілмін: ылғал тым көп болған жағдайда да өсімдіктің семе бастайтыны сияқты, шырағданның май көп болғанда да сөне бастайтыны сияқты, шамадан тыс көп оқып, білім көбейген сайын, солардың барлығы бастың ішіне сыймай, адамның ақылы да, көп білгенді көтере алмай, өзінен-өзі азып, бажи бастайтын көрінеді”

Міне осы тұстан былай қарай ойдың ұзын ырғасын тұра Абайға қарай тартады, Сөз саптау үрдісінің өзінде де ұқастық көп.

Оның окуға, ғылым-білімге, ақыл-парасатқа ерекше құрметпен қарағаны есімізде. “Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды” (“Оныншы сөз”)

“Мал тапса қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен... Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пенден үяд, балаң бала болсын десен – оқыт, мал аяма!” (“Жиырма бесінші сөз”).

“Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, Құдай Тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? “Мені таныған ақылмен таныр” дегені қайда қалады? (“Жиырма сегізінші сөз”).

Білімсіз дін-мұсылмандығының өзі бос нәрсе, онсыз бар игілігің жалған болып шығады, барлық күмәнның бәрін сол шешеді деп біліп, білімді қадір тұтқан және, керісінше, “етінен өтіп, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетіргенін” (“Қырық бірінші сөз”) білгендіктен, сол надандыққа өлердей өш болған Абай шын мәніндегі ойшылдың батылдығымен сол білімнің өзіне атой салады.

¹ “Гаргантюа мен Пантагрюэльдегі” пірәдар Жанның айтқан бір сөзінен үзінді. Латын тіліндегі мағынасын әдейі бүрмалаған кездे күлкілі болып шығады: орысша мағынасы шамамен мынаған келеді: ұлы ғалымдардың бәрі бірдей ұлы данышпан бола бермейді.

Енді бәрі айнадағыдай керісінше болып шығады. Шынайы инабаттылық өлі әдет-ғұрыпқа сүйенбей, парасатты ақыл-ойдан нәр алатын болса, сенімге негізделмеген білім де бос қауашақ болып шығады екен.

“Отыз екінші сөзінде” Абай баяндау үрдісінің сөз саптауын құрт бұзып, білімді болымсыз схоластикадан жемісті, өзгерктіш күшке айналдыратын талаптардың өзіндік бір жосығын жасайды. Ондай күшке қайсар мінезді, алды ашық адамдар ғана ие бола алады; ең бастысы – ак ниетті боларға керек. “Егер дін көнілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсөн, ондай білімге көніліңнің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады. Адамның көнілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі”

Ал енді “Сөздің” шарықтау шегінде – отыз сегізде – тезисті уағыздың қуаты мен поэзияның әсемдігі бірден қатар кернейді. Тегінде, олардың қол ұстасып қатар жүруі сирек болады, ал одактасуы одан да некен-саяқ, дегенмен кейде болып қалады; протопоп Аввакумның, Мильтонның, Джон Донның тәжірибесі осыны дәлелдейді. Абайда да сол.

“Адам өзінің бар болмысымен ақиқатқа, шындыққа үмтүліп, құбылыстардың мәнін ұғынуға талаптанғанда ғана ғылымды, білімді игереді. Оларды ілгері жылжытатындар – ақыл мен сенім. Өйткені ақиқат жерден өнеді, адам оған ақылмен барады, ал шындық – Алладан, адам соны өзіне сенім етеді”.

Осы ой өрістей келіп, аса қуатты екпінмен аяқталады:

“Шынайы діндар адамның бойында үш түрлі қасиет болуға тиіс: білім, адалдық және мұсіркеу. Сенім оны Аллаға қарай жетелейді, ал адам әмбебаптыққа, әділетке және ізгілікке қарай үмтүлады. Осы үш түрлі күш ақыр-аяғында не мұратқа жеткізбек? Адам ақылының көмәлаттығы неде? Рухани дамудың шегі қайда? Көмәлаттық кай түрлерде көрінбек? Бұл – өлшеусіздік пен ең жоғарғының түп-тұғыры. Бұл – ақиқат, ақыл және игілік”

Осынау қисындардың батылдығын лайығымен бағалай білу керек.

“Тәжірибелер” бұл әдеби жаңалық және сонымен бірге Францияның, сондай-ақ бүкіл Еуропаның рухани және ой-

пікірлік дамуындағы жүлқынып ілгері басқандық. Нәк солай – дамуындағы, өйткені Монтенниң ар жағында – философиялық ой өрбітудің ұзак дәстүрі бар, ол дәстүр тамырын Сократтың мұрасына қарай жібереді де, аз уақыттан кейін Декартты тудырады, ал одан кейін Афартудың тұтас ғасыры келеді. Сондықтан да адамның емін-еркін білім алуды жөнінде асқақ ұран көтерген Өрлеу заманының тұсында да Монтең шегіншектеу немесе тіпті надандықты діттеу деген сияқты айыптаулардан именбей-ақ, әртүрлі ескертулер мен құдікті пікірлер айта алатын еді. Оу, әлбетте-ақ, ол оқымыстылықты аспанға көтере дәріптей отырып, сонымен бірге, Тацитті бетке ұстап, шектен тыс білгіштікті теріске шығарады, ал педанттық пен педанттарды, өзіміз жоғарыда көргендей, өсілен ашық түрде келеке қылышп отырады: “Менің перигорлық жерлестерім ол сияқты оқығыштарды – Lettreferits (оку өтіп кеткендер) деп, немесе, француздар айтқандай, Letter-ferus яғни бастинағының шертіп кеткендер деп атайды” Ал одан әрі Монтең тілін одан бетер безей түседі: “Ізгілік ғылымын игермеген адамға өзге ғылымдардың бәрі зиянды. Оның себебі... бәлкім, мынада болар: біздің Франциядағы ғылым адамға тікелей өзіне пайда түсіруден басқа ешнәрсеге үйретпейді ғой”

Демек, Абайдың “Сөздері” өзінің алдындағы ертеректе өтіп кеткен ізашары айтқан сөздердің жаңғырығындей болып естіледі, бірақ мұның өзі мүлде басқаша жағдайда болып көрінеді.

Әрине, Абайдың артында түрған да ғасырлардың өртеніп кеткен қу медиен даласы емес, оған да мұра болып қалған қалың философиялық ой мен ақындық өнердің қазынасы бар, бірақ сол мұра ұзак уақыт бойы көшпелі халықтың жанды игілігіне айналдырылмай, бейне бір қоймада тығулы жатқан сияқты болып көрінеді.

Сол Сезамның ашылуы үшін Абай секілді тұлғаның пайда болуы қажет болды, тіпті соның өзінде де жұрттың бәрі бірдей сол білімнің бұлағына бас қойып кеткен жоқ, тіпті ол былай тұрсын, сол ғасырлардың ұзына бойы қорланған надандықтың қалындығы сондай, жаңағы шырақшы ұзак уақыт бойы жапа-жалғыздықта болды. Мұны Мұхтар Әуезов өзінің тетралогиясында терен

тебіреніспен көрсетті. Олай болғанда, деймін мен қайталап, сол Абайдың соншалықты беріле қызу құштарлықпен уағыздаған біліміне құмән келтіру үшін қандайлық моральдық батылдық қажет болар еді.

Кезінде Мартин Лютер адам еркінің бостандығы мен құлдығы туралы роттердамдық Эразммен мықтап дауласқан.

Абайда ондай пікір таластыра алатын лайықты әріптес болған жоқ, оған өзіне өзі әрі Лютердің, әрі Эразмның қызметін атқаруға тұра келді.

Ол үшін оған Мишель Монтень ойлап тапқан әдіс онтайлы бола кетті.

Бұл өзі қайшылыққа негізделген және соның ауыртпалығын өзі көтеретін әдіс болатын. Ал сәйкес келетін тақырыптар – мәтелдер, киетін киім, поэзияның табиғаты және тіпті білімнің шекаралары – осының бәрі туынды нәрселер.

Монтень – бір өзі бірде эпикурейшіл және енді бірде пирронышыл-скептик (құмәншыл), өлімді өлердей жек көреді және өмірді қызықтай біледі, сөйті тұрып, бәрінен күдер үзіп, құлази қалатыны бар. Кей-кейде адам сенбестей дәйексіздікке барады.

“Ізгілікпен нұрланған рахат пен бақыт табалдырықтан бастап, соның арғы шегіне дейінгі өзіне қатысы бар нәрсенің бәріне жарық сәулесін түсіріп тұрады. Оның барлық игіліктерінің ішіндегі ең бастысы – өлімге деген өшпендерлік; біздің өмірімізге тыныштық пен алаңсыздық дарытатын – сол, өмірдің қылаусыз таза қуанышының дәмін татуымызға мүмкіндік беретін – сол; ал ол болмаған жердегі басқа ләzzаттың барлығы уланған”.

Тамаша айтылған, бірақ кісіні жігерлендіретін осындай сөздерді, айталақ, мынадай мойындаумен қалай сыйыстыруға болар еді:

“Біздің болымсыздығымыздан жексүрындығымыз кем емес” Әлемнің сый-сияпатының қасында сондай болымсыздықтың не жөні бар?

Монтень философиялық ой толғаудың таза қуанышы туралы айтқанда да ежелгі ойшылдардан таяныш іздейді, философиялық ойға берілу дегеннің мәні өле білуге үйрену деген Сократтың сөзіне тұтас бір тарау арнайды.

Дәл мұндай қайшылықтарды “Фақлия сөздерден”, бәлкім, таба да алмассын, алайда олардың да үздік-создығы арасында, сырттан қысым-қарсылық болмағанымен, ішкі айтыс-таластардан құр алақан емес екені аян және ондай женіс те, шешім де бола қоймайды.

“Сөздердің” өуенінде мұн бар, тіпті басталуының өзінен қасірет ізі байқалады.

“Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жерге келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік” (“Бірінші сөз”).

Жол-сапардың барысы да көнілсіз: “Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей” (“Төртінші сөз”) есіл өмірді қор етіп өткізеді:

“Мен өзім тірі болсам да, анық тірі емеспін... Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансаным ызалана алмаймын. Құлсем қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, құлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі” (“Тоғызынышы сөз”).

Қайда қарасаң да – алдау, тонау, ой жұтаңдығы. Болымсыздық және надандық.

“Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым.

Байды қадірлейін десен, бай жоқ...

Мырзаларды қадірлейін десен, осы күнде анық мырза елде жоқ...

Мықтыны құрметтейін десен, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ.

Есті кісіні тауып құрметтейін десен, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Құлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті.

Фарып-қасар, бейшараны құрметтейін десен, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес” (“Жиырма екінші сөз”).

Ақыр-аяғы қаран:

“Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, “Әй, әттеген-ай! Үйтуім екен, бүйтуім екен” деп,

өмір бойы ғафил болып отырғаның” (“Қырық үшінші сөз”).

Жаназаның ақырғы зары осындай – ескі өмір есесінен мақұрым қалды, азып-тозып құрыды, өзін-өзі күлкі қылды, жаңа өмір тамыр жаймады.

Осындай құмыққан үндер кейде басқа бір дыбыска ұласып кететіні бар. Рас, “Тәжірибелердегідей” бұл сияқты қайта жанданудың қуанышты нышаны “Сөздерде” байқалмайды. Адам баласының шексіз мүмкіндігіне деген көміл сенім де жоқ оларда. Олай болатыны, біріншіден, Абай мұрагері ретінде көрініп отырған шығыстық Өрлеу заманы рухының лебі басқаша және оның бейнелену түрі бізге үйреншікті европалық Өрлеу заманының рухымен салыстырғанда басқаша болып келеді, ал біздікі нақ осындай сенімге негізделетін.

Ең бастысы, Монтень мен Абайдың арасындағы үш жұз жылдан астам уақыттың ішінде Батыста да, Шығыста да адам қаны дария болып ақты да, гуманистік деп аталатын дүние түйсігіне негіз болып қаланған соны үміттердің барлығы өзінің алғашқы балиғатын сақтай алмады. Тіпті соншалықты ұзақ уақыттың қажеті де жоқ еді: Монтеннен бір үрпақ қана кейін келген Паскальдың өзі адамзаттың жарқын болашағы жөніндегі ауыр құдіктерге бой алдыра бастаған. Ал одан кейінгі тарихтың бар қам-қарекеті осындай құдікті нығайта түсуге бағытталды да, ақырында, XX ғасырда соның өзі көміл сенімге айналды. “Біз қазір буржуазиялық-гуманистік және либералдық дәүірдің соңғы рет түяқ серпіп, жан тәсілім қылар кезеңіне куә болып отырмыз, – деген болатын Томас Манн, ал Абай осы сөздерді естіген болса, басын зілдей қылып ауыр изеген болар еді; мейлі, Абайдікі басқа-ак дүниенің күйреуі болсын, бәрібір оның көргені де жанағыдай түяқ серпу мен жан тәсілімі болатын.

Демек, “Сөздерге” қайтып оралайық, сондықтан бұл жерде қандай ақжарқындық болсын. Бірақ ақырзаман да жоқ, ой – бар, өмірді даналық оймен түсіну – бар, ал даналықта үшқарылық болмайды.

Мұн – айналада жайылып жатқан дүниеге көкірек көзімен қарайтын адам жанының айырғысыз күйі. Сонымен бірге:

“... Үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-

қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қыл-дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды қарекет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды қарекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды қарекетпен азайт!

Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антүрган-дық” (“Төртінші сөз”).

Уайым-қайғы – қасірет және сонымен бірге уайым-қайғы – жанның қажеттігі: мінекей өзінің рухы жағынан нағыз ренессансстық толымдылықтың көрінісі осы. Эссешілдік қайшылықтың ұлгісі де осы; оны жай бір жадағай тезиспен жойдыра алмайсың.

Білім – игілік, бірақ сонымен бірге ол – аңғал жан үшін – тұзақ; дегенмен бұл “Сөздерді” біз өткенбіз.

“... Мақтаншақ деген біреуі “демесін” демейді, “десін” дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да “десін” деп азаптанып жүріп, “демесінді” ұмытып кетеді” (Жиырма бірінші сөз”)

“Білім сияқты қуаныштың бәрі бірдей қуаныш бола бермейді” (“Жиырма үшінші сөз”).

“Біздің қазактың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не Құдайшылылықта, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар” (“Жиырма тоғызыншы сөз”).

“Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да – көpte, бар қызық та, ермек те – көpte. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?” (“Отыз жетінші сөз”).

Жалпы, “Сөздердің” эссешілдік, яғни көрінеу аяқтал-мағандық табиғаты олардың түрлік құрылымындағы екі жақтылығынан да көрінеді. Кейбір мағынасында бұл шынайы-ақ ғибратты сөздер, ал көбінесе тіпті сан алуан нәрселерге байланысты айтылатын ақыл-кеңестер; олардың күші күнделікті тұрмыстан бастап, мезгілден тыс болмысқа дейінгі, бір күндік сабактан бастап, адамның, бәлкім, талай үрпақтардың бүкіл өмір бойына дейінгі мерзімге жарамды болып жүре береді.

“Бұрынғы қазақ жайын білгендер айтыпты: “Би екеу болса, дау төртеу болады” деп... Өйтіп би көбейткенше,

әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар тұссе жаманшылығы өшкере білінгендікпен тұссе, әйтпесе тұспесе... егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, тез бітім болар еді” (“Үшінші сөз”) – әртүрлі даулы істерді көп қарап, тіс қаққан адамның ақыл-кеңесі осындай.

Міне осы тұста Абай туған топырағынан табанын ажыратып, биіктен айтылған сөзін барлық адамдарға арнайды:

“Кұлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды” (“Төртінші сөз”).

Абай осындай сөздерін ешкім құлағына ілмейтінін айтып қынжылады – болыс та, би де, ұры-залым, сұм-сүркія да, ең аяғы жай қарапайым адамдар – “қой жұнді қоңыршалар” да тындармайды (“Сегізінші сөз”) – бұл күні бүгін де осы жерде өмір сүріп отырған адамның реніші.

“Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіннен өзін есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің еken, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? (“Он бесінші сөз”) – ал енді бұл, дәл уақыт өлшеміне қарамастан, барлық дін, барлық заман адамдарына арналған сөз. Хадис ұлгісінде айтылған, бірақ немістер айтатын моральдық педагогиканың шенберінен шығып кететін ешнәрсе жоқ.

Бірақ қалай дегенмен де Абай ақыл-кеңестен, өсіреле ғибраттық сөзден гөрі ойын сұрақ түрінде жеткізуі ұнатады, ал мұның өзі алдымен қайшылықты ойға жетелейтіні белгілі.

“Мен оқырманның назарына, – деп ескертеді Мишель Монтең – мағынасы құнгірт, аяқталмаған ойларды ұсынамын, – кәдімгі фалымдардың талқысына ұсынылатын дүдемал сұрақтар сияқты: ондай сұрақтар ақыкатқа жету үшін емес, соны іздеу үшін беріледі ғой” Осы сөздерді оқыған болса, Абай тағы бір пікірлес бейтаныс адамның табылғанына қуанар еді; онан соң және – ол өзінің ертеде

өтіп кеткен ізашарлары – соғылар туралы ойлаған болар еді, өйткені олар жолды өмірдің түп негізі деп ойлаған фой. Сондай-ақ Абайды толғандырыған мәселе бұрынғыша – өткінші бір сәт және мәңгілік.

Мінекей сондай өткінші құндердің біреуі:

Қазақтардың кейде бір-бірімен тату болмайтыны қалай?
Өтірік айту не үшін керек, шенқұмарлық қайдан келеді?

Егер жұрт бірін-бірі тындаамаса, сөйлескенде жанжағына жалтақтап тұрса, бір жаққа асығып немесе басқа бір нәрсені ойлап тұрса, ондай адамдармен қалай сөйлесуге болады?

Егер көш адасып кетсе, оларға жолды білетін, жөнге салып жіберетін адам керек емес пе?

Бірақ күн артынан күн келіп немесе күн райы өзгеріп, басқа бір сұрактар тууы мүмкін фой: “жұрттым-ау, бір-біріңе қонақ емессіңдер ме? Біреудің басындағы ақылына талас қылуға, біреудің басындағы бақытын күндеуге, біреудің мүлкін алып бер деп құдайдан тілеуге бола ма еken? Құдай солай етіп, біреудің жақсылығын біреуге алып беріп жатса, сол дұрыс болар ма еді?”

Ал “Қырқыншы сөз” (орысша тұпнұсқада “Отыз тоғызыншы сөз” деп жаңылыс кеткен – *ауд.*) бастан-аяқ тізбектелген өңкей сұрактардан құрастырылыпты:

“Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

(Осы тұста дереу Пушкин еске тұседі – “Борис Годунов” – “олар тек өлгендерді ғана жақсы көреді”.)

“Жаттың бір тәуір кісісін көрсө, “жарықтық” деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?”

(Ал енді бұл тұра Бас кітаптан алынған сөз: өз елінде пайғамбар жоқ.)

“Көп кісі досым жетілсе еken демейді, егер де жетілсе, бағанағы досына бір бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?”

(Ал Омар һайям былай дейді:

Пайда жоқ бұл заманда толы достан,
Жақсы фой жұртпен сирек жолығыскан.
Біреуге серігім деп сене қалсан,
Алдымен саған соның өзі дұшпан.)

Жалпы алғанда, бірде алғаш рет жамандық көріп, томсарып қалған баладай, енді бірде өмір жолында талай қыныңдықтар көріп, әбден қажыған жолаушыдай әртүрлі көнілмен құллі адам баласына ортақ қасіреттерді көре жүргенде, Абай кейде бейтаныс замандас қазақпен іштей тілдессе, әлде бір әулиелермен немесе бүкіл дүниежүзілік тарихтың алыптарымен дидарласқандай ой толғап кететіні болады.

“Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – кезекті сұрақ осылай қойылады да, Абай оған табан жолда жауап береді; сөйтіп бірде көз алдында бұлдырап, бірде айқын өң беріп, әрдайым Сөз әлемінде сақталып келген тақырыпқа, дұрысын айтқанда, бейнеге қайта оралады. Ол – көп. “Ендеше көpte ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал” (“Отыз жетінші сөз”).

Бірақ көптін ырқы, Ортега-и-Гасет жазған бұкараның көтерілісі – бұл, тегінде, өткен ғасырдың – дүниежүзілік соғыстар мен тарихта болып көрмеген әлеуметтік қайшылықтар заманының ең сүмдікты, ең масқара қарғыс таңбасы еді ғой. Абай соны алдын-ала болжап білгені ме? Демек, сондай қырғын мен апатты ауыздықтаудың амалын ойлап, қайғы шеккені ме? Олай болғанда, ол ұлттық айырмашылықтар мен мемлекеттік шекаралар дегенді білмейтін ұлылардың аруағын босқа тебірентіп жүрмеген болды ғой.

Дүниенің әр тарабынан алдына жол салып, жарып шыққан ойлар бір жерге келіп түйіседі де, өзара жымдастып түйінделеді.

Сол айтулы 1845 жылы қазақ даласының Жидебай деген жерінде Абай Құнанбайұлы дүниеге келді, ал бірақ оның Абай атануына әлі көп уақыт бар еді. Міне сол кезде Евразия құрлығының қарсы бір бетінде, Данияда, “Өмір жолының белестері” деген бір кітап халыққа жария болды да, кейін ол экзистенциализмің алғашқы тәжірибесі деп аталды. Көп кешікпей, оның авторы Сёрен Кьеркегор “Жиреніш” деген атпен басқа бір кітап жазды. Онда дүниедегі өмір дұрыс құрылды деген елестен айрылған адамның дүние жайындағы түйісігі баяндалады: “Дүние маған жиренішті, онда дәм жоқ, жасық, мәнсіз” деп жариялайды.

Арада жетпіс жыл өткенде, Парижде дәл сондай атпен Жан Поль Сартрдың (Абай қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң туған) романы шықты да, авторды бүкіл Европаға әйгілі етті. Шығарманың кейіпкері, гуманитарий-тарихшы Антуан Рокантен бір күні бар болғаны аймақтық шағын қалада кафеге кіріп келеді де, кенет бір кереметтей жиіркеніш сезінеді: “Хал жаман! Хал тіпті іске алғысыз: жексүрындық. Менде бір жиреніш пайда болды... Жиреніш менің ішімде емес; мен оны ана жерлерден сезіп тұрмын, анау қабырғадан, анау аспалардан, бүкіл ішкі сарайымнан. Сол мына кафемен тұтасып кетті, мен соның ішіндемін”

Бүкіл әлемдік рухтың дағдарысын бейнелеген осынау екі түрлі көркемдік-философиялық сипаты бар екі кітаптың дәл ортасынан келіп “Фақлия сөздер” орын алды – мұндай нәрселердің мән-жайын жақсы білетін халық – француздар бұл қітапта экзистенциализмің белгілері бар деп тапты. Солардың айтқаны дұрыс:

“...Бақсақ, бұрынғының бәрі адамды қорлау ғана екен”.

Енді бір сәт өткенде **ЖИРЕНИШ** пайда болады.

Бұдан әрі қажып шаршаған Абай алдағы жүрер жолды ойластырып отыр – немен шұғылдану керек? Ел бағу ма? Малды көбейту ме? Білімді тереңдешту ме? Бала тәрбиелеу ме? Әлде осының бәрінен безіп, дін жолына тұсу ме? Соның жауабын таба алмайды: “Соны таба алмай, өзім де қайранмын”

Бұдан алпыс жыл бұрын, дәл осылай дағдарған Кьеңегор күнделігіне былай деп жазады: “Істер іске келгенде менің өзімде айқындық жоқ... Мен өзіме бір ақиқатты анықтап алуым керек қой: сол үшін өмір сүріп, сол үшін өлемін деген идеяны тауып алу керек”

Сөйтіп, бұл екеуі – бірі даланың, бірі қаланың адамы, екеуі де – ой-пікір әлемінде көшіп жүрген мазасыз жандар – Батыста философиялық ой-пікірдің негізін салған Сократқа жүгінеді. Демек, көп тобырдың құрбаны болып кеткен бейнетқорлар арасында оның аты аталуы тегін емес-ти.

Былай қарағанда, Абайдың Кьеңегордан бір ерекшелігі – жақынырақ жерден бір адамды тауып алуына болатын еді. Дұрысында, ол тапты да, бірақ бір анықталғаны – түйсіктің алғырлығымен біздің кездесуіміз бір бұл ғана

емес, – ол үшін жердің алыстығы жоқ екен. Ол өз алдына болсын, Абай бейне бір Шығыстың атынан Сократты өзінің туған Батысынан қорғаған болып шығады. Кімнен десеніз – өзінің замандасы, тіпті тұстасы деуге болатын Фридрих Ницшеден. Біздін есімізде, Ницше классикалық философияға қарсы қаһармандық шайқасын “манда-йындағы бадырайған жалғыз көзінен көркемдік шабыттың тамаша ессіздігі ешуақытта білінбекен” Сократты құлатудан бастаған болатын.

Абай басқаша шешті.

Ие, әлбетте, ол да – Ницше сияқты – Сократты “теорияның адамы” деп білді, онысы мына өлеңнен көрінеді.

Бейнетте көр өзінді,
Сократ пілдей төзімді.
Ақылың асса – арыстан
Платондай құнда сөзінді.

Алайда мұндай “ақылгөйлік” әлдебір өуейінің құрғақ киялды емес, ол дүние хикметтерін шығармашилықтың жан әлемінен өткізіп, рухтандырудың нәтижесі болып көрінеді. “Жиырма жетінші сезінде” Абай Ксенофонттың естеліктерінен алғып, Аристодемнің өз шәкірттерімен арадағы әңгімесін келтіреді. “Ол өзі Құдайға құлшылық қылғандарға күлуші еді.

Сократ айтты:

– Эй, Аристодем, ешбір адам бар ма, сенің білуінше, қылған өнерлері себепті адам танырқауға лайықты? – деді.

Ол айтты:

– Толып жатыр, қазірет.

– Бірінің атын аташы, – дейді.

– Гомерге бәйітшілдігі себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сипатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті танырқаймын...

– Олай болса, кім артықша ғажайыптануға лайықты: жансыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтүғын суретші ме? Я ақыл иесі, жан иесі адамды жаратушы ма? – дейді.

Яғни Жаратушы – кәдімгі өсемдікке ғашық және өсемдікті жасаушы суреткер. Ал енді өсемдіктің Жоспары болса, ол басқа мәселе. Дүниенің бәрі келісіммен жасалған және бәрі де ешқашан бұзылмайтын зандағылышқа сәйкес”

Ал зандылық өзінің пішінін іздейді, сондыктан міне Абай да неше мәртебе өзінің стильдік үрдісін өзгертип, бұл ретте ҫұрақтан дау туғызбайтын нақылшылдыққа көшіп отыр (бірақ оның өзі де кез келген сәтте жаңа бір толқыныстарға ауысып кетуі мүмкін еді, солай ауысып кетті де).

“Көнілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады.

...Егер закон қуаты қолында бар кісі болсам, адам мінезін түзетіп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қан ағызса – домбыт мақтаншақ, я қорқақ.

Жаман дос – көлеңке: басынды күн шалса қашып құтыла алмайсын; басынды бұлт алса іздең таба алмайсын.

Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл” (“Отыз тоғызыншы сөз”).

Бірде жақын, бірде қашықтау үндестікті бұл тұста да естүге болады:

“Сөзге айналған ой жалған” (Тютчев).

“Досым деп жүрген адамым жауымды жағалап жүрсе, оның достығынан сақ болғаным жөн. У қосқан қанттан абай бол, өлі жыланның үстіне қоған шыбыннан сақтан” (Әбу Әли Сина).

Бірақ кейде кейбір үндес дыбыстар мен мағыналас үйқастардан үнсіз тілдескен артық болады.

Абай Шығыс классиктерін оқыды.

Орыстарды да оқыған.

Немістерден оқығандары – кем дегенде Гёте мен Шиллер.

Ал енді Блез Паскальды оқыды ма – ол белгісіз. Тегінде, окуы мүмкін – XIX ғасырдың өн бойында оның “Ойлары” орыс тілінде үш рет шыққан, соңғы толық басылымы 1892 жылға келеді, бұл Абайдың өз ойларын қорытып, “Фақлия сөздерін” жазып жүрген кезі. Алайда Семей кітапханасының арғы ғасырдың аяқ кезіне жататын мұрағат мәліметтерінде, библиографтардың айтудынша, мұндағы деректер жоқ, демек, француздың ұлы математигі мен ойшылының бұл кітабы Абайдың көзіне түсеп қалса, оның бір орыс досының үйінен кездейсоқ көруі мүмкін; ал қалай болғанда да, Абайдың қара сөздерінің бірінде кездесетін лұғатты нақылдар өз отандастары Ларошфуко мен

Лабрюйерге мықтап өсер еткен Паскальға ешқандай катысы болмаған сияқты. Ал Паскальдың ықпалы тек өз отандастарына ғана тимеген, бұл орайда Оскар Уайлд пен Бернард Шоуды еске алсақ та жетіп жатыр.

Қысқасы, бұл арадағы үндестікті кездейсок деп есептеген жөн болар – соның өзі дұрыс та шығар, өйткені мұндай арапастыққа ықпал етпей, қайта зиянын тигізетін жайттар да баршылық еді.

Айталық, Паскаль, әдетте, өзінің алдындағы ең таяу тұрған ізашары Мишель Монтеньгे өте жақтырмай көз тастап отырған.

“Монтеннің айтқаны дұрыс емес...”, “Монтендікі жалған дилемма”, “Монтеннің кемшіліктері басынан асып жатыр” – осы тәріздес ескертпелер “Ойлардың” әр жерінде кездеседі. Мұндай жаратпаушылық қайдан келеді? Бір есептен, Паскаль – математик, демек, даусыз формула-ларға үйренген адам “Ойлардың” ішінде қаптап жүрген ретсіздіктерге шамдануы да мүмкін: оның авторы бір мәселеден екінші мәселеге секіріп кетеді немесе сөзін аяқтамай жатып үзіп тастайды, т.т. Ең бастысы, Паскальдың Монтеньгे кешірмейтіні – Монтеннің адам табиатындағы адамгершілік бастауларға пирроншылдық тұрғыдан күмөн келтіруі болатын. “Ол адамды қоркынышсыз және өкінішсіз, өзін-өзі құтқару қамын ойламай жүрге итермелейді. Оның кітабы адамды ғибраттылық жолына салу үшін жазылмағандықтан, ол мұны істеуге тиіс те емес еді, бірақ біз оны бұл жолдан тайдауда мауға сөзсіз міндеттіміз. Өмірдің кейбір жағдайларындағы оның өуейілеу және ләззатшылдық көзқарастарын кешіруге болар еді, ал бірақ оның өлімге деген мұлде мәжусилік көзқарасын кешіруге болмайды. Ең болмағанда христианша өлуді тілемеу үшін ғибадаттылық атаулыдан біржола бас тарту қажет болғаны ғой. Ал оның кітабының басынан аяғына дейін ойлайтыны – тек қана бұлалыққа бөгіп, пасықтықпен өлү”.

Жә, олай болса, “Ойлардың” авторы не себептен “Тәжірибелердің” авторына қайта-қайта, тіpten кейде ешбір себепсіз жалтақтап қарай береді? Кейбір сәттерде Паскаль Монтеннен ажырай алмайды емес, тіпті еркінен тыс болса да, содан ажырағысы келмейді-ау деген бір түйсік пайда болады да, барған сайын сол түйсік нығая

түсегін сияқты, ал Монтень болса, онымен әңгімелесуге құмартып тұрған жоқ, тек магнитке тартылып тұрған секілді көрінеді де тұрады. Арада екі жұз жыл өткеннен кейін сұңғыла Сент-Бёвтің былай деп жазатыны бар: Паскаль үшін Монтень “спартан баласының қойнына тығып алған тұлқінің қүшігі сияқты болды; ол әрдайым қыбырлап, тістелеп, мазасын ала берді” Бәрі дұрыс, бірақ Паскальдың өзі ғой сол тістелей берсе екен деп тілеген.

Сонымен – не себепті? Себебі сол, сірәғысында, ол амалсыз туыстықты түйсінген болуы керек, тіпті бір күні аузынан: “онда көргенімді мен Монтеннен емес, өз бойымнан тауып жүремін” деген де сөз шығып кеткен екен.

Абсолютті іздептін діни ойшыл болғандықтан, Паскальды, сыпайылап айтқанда, қобалжытқан нәрсе Монтеннің материалистік ой жітілігі, еркін ойлылығы болса керек, ал эпикуршілдігі жөнінде тіпті сөз қылудың да қажеті жоқ. Расында да, өзі жайында өзіне ой қадалтқанда, ол “ақыл мен құштарлық арасындағы ішкі айқастың” іздерін байқамады дейсіз бе? Сондай-ақ, өзі өте діншіл адам болғандықтан, өзі өлердей жек көретін пирроншілдікке (құдікшілдікке – ауд.) бой ұрмады дейсіз бе?

“Біз ақиқатты іздемек боламыз да, әрдайым күмәншылдыққа тап боламыз”

Ендеше оған қайшылық жат па екен?

Бірде ол: “адамның ұлылығы”, – деп бастап, әрі қарай бір нәрселерді жазбақ болады да, кенет ішкі ой өрімін өзгертіп, басқа бір сорапқа түсіп кетеді: “Мен адамды мақтамақ болғандарды да, даттамақ болғандарды да бірдей жазғырамын” .

Сонымен, тіпті адамның жаңын жеген скепсистің (кумәншылдықтың – ауд.) өзі жемісті болып шығады екен. бірақ оны дәлелдеу үшін формалдық логиканы бұзуға тұра келеді екен:

“Адамдар аяқ басқан сайын алданады, бірақ сол үшін бұған дейін өздері мақтан етіп келген білімдерін кінәламай, жіберген қателіктерін кінәлайды. Бірақ бір тәуір жері, пирроншілдердіңabyroyына қарай, дүниеде саны соншалықты пирроншіл еместер де бар екен: ал мұның өзі адам баласының адам айтқысыз қателіктерге бара алатынын дәлелдейді, өйткені ол өзінің бірден-бір табиғи

қасиеті деп даналықты емес, керісінше, көрсоқырлықты есептейді екен. Пирроншілдіктің дұрыстығын дәлелдейтін бірден-бір айғақ – дүниеде пирроншіл еместердің де бар екендігі. Егер де жұрттың бәрі пирроншілдер болса, олардың айтқандарының бәрі теріс болып шығар еді”

Қайшылықтың тұрған жері деп міне осындаған ой толғамдарды айтпас па?

Ол аз десеңіз, Паскальдың мына бір сөздері күпірлік болмағанның өзінде нағыз күнәшарлық болып шығар еді; христиан дінінің өзі қайшылыққа негізделген дейді ол:

“Христиандық дегениңіздің өзі қызық нәрсе: ол адамнан өзінің пасықтығы мен онбағандығын мойындауды талап етеді – сөйте тұрып, одан Құдайға ұқсауды және талап етеді. Мұндай қарсы күш болмаса, бұлайша рухын көтермелеген шакта ол шамадан тыс даңққой болып кетер еді, ал жаңағыдай ғайбаттау оның өзіне өзін шамадан тыс жиіркенішті етіп көрсетуге тиіс болады”

Яғни айтқанда, өзін-өзі түсінген қайшылық – игілікке аппаратын жол Олай болса, тіпті өзі білмей істеген күнде де, адамды солай қарай итермелеген Монтеньге қандай кінә артуға болады.

Іздеу өрекеті табу олжасынан маңызды деп ескертеді Монтень, ал өуені басқаша, уағыздық және құмарпаздық сарында болғанымен, мәні өлгіндей тұғырдан Паскаль да табылады: “Мен итшілеп жүріп ізденген адаммен ғана келісе аламын”

Бұл болмыстық және интеллектуалдық сипаты бар ұқастықтар мен айырмашылықтар, ал олардан басқа байланыстар деген бар. Ішінде өте тапқырлықпен айтылған нақыл сөздері және бір нәрседен дереу екінші нәрсеге көшіп отыратын стильдік ерекшеліктері бар “Ойлар” да – бастауын таяуда ғана Монтень ашып кеткен жанрдың нақ өзі, демек, бұл тұста да, “Тәжірибелердің” авторы не себепті дәйектілікті жазғырады деп Монтеньді кінәлағанда да Паскаль айнадан өзін көріп отыр.

Олай болса, аралары сондайлық керегар ойшылдармен тілдескенде Абай да соғұрлым “ұстанымсыз” емес екен.

Басқа да бөгеттер бар, бірақ олар да соншалықты алынбастай қамал болып көрінбейді.

Христиан дінінің ұлылығын діттей отырып, шұбәсyz айқындықпен оған исламды қояды.

“Ойлардың” тұтас бір бөлімі “Басқа діндердің жалғандығы” деп аталады, онда фанатизмге жел беріп, Европаны және бүкіл дүние жүзін ұзақ жүзжылдықтар бойы сілкінтіп келген діни соғыстарға себеп болған талай сүмдүсік кептер баяндалады.

“Мұхаммедке қарсы.

Інжілді жазған әулие Матфей болса, Әлқұранды жазған – Мұхаммед. Көптеген авторлар ғасырдан ғасыр бойлай содан үзінді алып келеді. Тіпті оның қастары Цельс пен Порфирий де оған күмәнданбаған.

Әлқұранда әулие Матфейдің соғылық құрғаны айтылған. Демек, Мұхаммед – жалған пайғамбар, себебі – ол бірсесе есалан ғадамдарды соғы деп атайды, бірсесе Айса пайғамбардың соғылар жөнінде айтқан сөздерін қолдайды”.

“Айса пайғамбар мен Мұхаммедтің арасындағы айырмашылық.

Мұхаммед бұйрықсыз жараптан, Айса пайғамбар бұйрықпен жараптан. Мұхаммед кісілерді өлтірген, Айса пайғамбар өз адамдарын өлтіруге жол берген.

Мұхаммед кітап оқуға тыйым салған, апостолдар оны оқы деп бұйырған.

Осылардың арасындағы айырмашылықтың күштілігі сондай, Мұхаммед жер бетіндегі салтанатты қалап алса, Айса пайғамбар жер бетіндегі өлімді қалап алған.

“Менің тілегім – Мұхаммедті оның сөздерінде әлдебір көлеңкелі нәрселер болғандығы үшін және ол сөздерде әлдебір құпия мағына болғандығы үшін жазалау емес, қайта, оның істерінің айқын болғандығы үшін – жұмақ және басқа сол сияқтыларды айтқандығы үшін жазалау. Оның күлкі болатын жері сол. Оның істеріндегі көлеңкелі жақтарды құпиялық деп ойлаудың қате болатын себебі – оның айқындығының өзі кісі құлерлік. Таурат жазбаларында олай емес. Мейлі, онда да Мұхаммедтегі сияқты ерсі және түсініксіз жерлер бола берсің, бірақ ондағының бәрі таңғаларлықтай айқын және тұра жүзеге асырылған көрегендік сөздер. Бұл жердегі ойын тен емес. Айқын мағынасында ұқсастық болмай, тек сыртқы көлеңкелі жақтары ғана ұқсас болып келсе, сол себепті ғана оларды теңестіріп, шатастыруға және көлеңкелі жақтарын әспеттеуге әсте де болмайды”

Біз Абай Паскальды оқымаған болар деген жорамал жасап, бұл жайында пікір айтқанда, осы ойға сүйенеңік деп келіскең едік. Енді бір сәтке сол ойдан қайтып, ол соны оқыды деген байлам жасап көрейік. Жарайды, оқыған екен дейік, сонда ол нені сезінді? Ол өзі инабатты адам, нағыз мұсылман және “Отыз сегізінші сөздің” авторы бола тұрып, қандай ойда болуы керек, “Мұхаммед ғалайни уәссәләм” дей тұрып, Паскальдың кітабына қалай қарауы керек?

Риясыз қаһарға берілуі керек пе?

Ақылға салып мұндануы керек пе?

Немесе, рухын төмендетіп, жүргегін жарагалаған кітапты лактырып тастауы керек пе?

Мұны біз біле алмаймыз, жорамал айту да жөнсіз болар. Бірақ, қалай дегенмен де, Абай кітапты қолына бір алған болса, шамасы, оқи берген болар еді. Ал оқи берсе, ойлы ұлы адамдар шыдамсыздыққа бой алдырмай, оған төзім тапқан да болар еді және мұндай төзімділіктің өзі ұлылықтың бір нышаны болып шығар еді. Солай болған жағдайда қайтымсыз, қайырымсыз қарсылықтың орнына кейбір келісім нышандары да байқала бастаған болар еді.

Демек, Абай сынды ауыз сөздің жорғалығын ғана жоғары бағалайтын емес, сонымен бірге ақын, сазгер, шешен болған, өзінің өлеңдері мен әндерінде бүкіл бір халықтың даналығын бейнелей білген, соның сөз өнерінде тәрбиеленген адам Паскальдың мынадай қанатты сөзін де жан дүниесімен қабылдаған болар еді:

“Шешендік деген – ойдың көркем суреті, кімде-кім сол суретке өз жанынан бірдене қоса алған болса, бұл жеке адамның суреті емес, тұтас бір көрініс болып шығар еді”

Өзінің ақындық және сазгерлік шығармашылығы тыңдаушылардың тікелей бұқаралық ортасына арналған және өзінің қадір-қасиетін түсінген сондай адам әбден диалектикалық сипаты бар деп бағалауға боларлық мынадай жазбаны да түсіністікпен қарсы алған болар еді:

“Стиль. Табиғи стильге тап болған жағдайда біз таңданып қуанған болар едік, өйткені біз авторды көреміз деп отырып, адамға кез болған болар едік, ал талғамы түзу кісілер кітапты колға алғанда, бір адамды көрейін деп отырып, ол жерден құр авторға ғана тап болады. Plus

poetice quam humane locutus est¹. Табиғатқа сен өз тілінде барлық жайдаң, тіпті теология жайында да сөйлесе аласың деп ұғындыра алса, табиғатты шын құрметтейтін адам сол болады”

Ендеше Абайдағы табиғат дәл сондай емес пе еді? Онда табиғат шынында да жүрттың бәріне түсінікті тілде сөйлеуші еді ғой және ақын сөзімен рухтанып, асқақтатылған ол аса бір мәртебелі де құпия сырға толы болушы еді ғой. Қырдағы көктем деген ол – суылдаған терек, сайраған құс, көлдегі судың шолпылы, ботасын іздеген інгениң боздауы, ояңдағы қып-қызыл ала кілемдей жайнаған қызғалдақ – міне осының бәрі көзге айқын көрініп, құлаққа естіліп тұрады емес пе. Ойдағы ел өзінің анық болмысын жоймaston қырдағы елмен араласып жатпай ма:

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне өкендей үстіңе аспан төнер.

Кешке қарай күн көзінің “қызыл арай сары алтын шатырына” кіріп кеткенін ақын көзімен көреді”

Паскаль үзінді келтіріп жүгінетін “Сатирикон” авторының айтқаны дұрыс, дұрыс-ақ, – plus poetice quam humane locutus est.

Рухтың биік мәртебелі дертіне ғана емес, оның үстінен ауыр тән науқасына да душар болып, көп бейнет кешкен Паскальдың кейде тіпті білім күшіне де құдіктенетін кездері болған. “Фылымның шарасыздығы, – деп жазады замандастары өз заманының Архимеді деп атаған сол кісі. – Қасірет мендеген сөттерде сыртқы заттардың жайын білгенім моральды білмегенім үшін мені жұбата алмас еді, ал бірақ әдет-ғұрыпты білгенім сыртқы дүние жөніндегі басқа ғылымдардан надан болғаным үшін мені әрдайым жұбата алады”.

Солай бола тұра, Декартқа қояр кінәсі көп болғанымен, әсіреле Сен адамнан гөрі ақын болып сөйледің ғой (Петроний. Сатирикон, 90).

“Мен қолы жоқ адамды көзге елестете аламын, – деп жазады Паскаль, – аяғы жоқ, басы жоқ дейді – адамға аяқтан гөрі бастың керегірек екенін біз өмір тәжірибесінен ғана білеміз. Ал бірақ мен ойсыз адамды көзге елестете алмаймын. Бұл жай қара тас немесе тілсіз жануар болып шығар еді”

“Адам, тегінде, ойлау үшін жаратылған. Оның барлық қасиеті де, құндылығы да сонда; ал оның борышы – дұрыс ойлау. Олай болса, адам дұрыс ойлауды өзінен, өзінің Жаратушысынан, өзінің мақсатынан бастауға тиіс. Ал жарқылдақ қауым не ойлайды? Әлгілерді ешқашан ойламайды, оның ойлайтыны – би, аспапта ойнау, ән айту, өлең шығару, жарысқа қатысу, жекпе-жек атысқа шығу, король болу; бірақ король болу деген не, адам болу деген не – оны ойламайды”

Декарт заманы баяғыда өткен, қазақ даласында ол болған да емес, бірақ тарихтың ұзақ та қын жолы адамның мұратына дәл әлгіндей көзбен қарайтын адамды тудырды. Айталық, бұл өңірде жекпе-жек атыс та, жарқылдақ салонның ойын-сауығы да, корольдер де болған жоқ, бірақ ашқарақтық, сатқындық, шен үшін қандасып таласу, барлық жердегі сияқты, мұнда да болды.

“Әрбір мал іздеген, малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмак, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмак” (“Ушинші сөз”)

Біреулер айтар, философқа мал мен шеннің керегі не, оның өрісі басқа ғой дер. Оған дәл жаңағы Паскальдың: “Апталық өмірін болса, ғұмырлық мал жина” деген сөзімен жауап беруге болар еді.

Міне Абай да солай бір тамшы судан тұтас бір мұхитты көргендегі болады, құнделікті өмірдің күйкі тіршілігінде жүріп, адам өзінің бойындағы ең қымбат қасиетінен айрылады – ең алдымен ойлау қабілетін жоғалтады, ал ақыл-ой адамды басқа біреуге кіріптар қылмай, өз бетімен жақсылық қылуға ниет еткізеді (“Отыз сегізінші сөз”). Абай белгілі дәрежеде ақылды – есті ақылдылықты бірінші орынға қояды, есті адам мен есалған адамның айырмашылығын атап-атап көрсетеді (“Он бесінші сөз”).

Бірақ қалай дегенмен де үлттықтан жоғары, уақыттан тыс тұратын қандас, бауырлас туыстық тамырластықтан арғы өзгеше бір қабаттарда туады да, содан жоғарыға қарай байланыстың көзге көрнектірек арқаулары тартылады.

Ен ұлы деген ақыл-ой иелері мен ең көнемал деген жүректердің өздері де төзімсіздік күнәсіна ұрынып қалады – бұл мағынада Блез Паскаль әсте де тыс қала алмайды. Осы көнілшектікке беріктік көбіне-көп ұлылық өлшемімен анықталады. Шынтуайтында, неліктен ол христиан дінін дүние жүзіндегі басқа діндерден жоғары қоя алады? Олай ететін себебі, Паскальдың ойынша, тек сол ғана ұшқарлыққа ұрынбай, баршаның өзара сәйкестігінің дәлме-дәл өлшемін таба алатын сияқты. Ондай теологиялық таласқа түсетін біздің не жөніміз бар? Бірақ сен католиксің бе, православиеліксің бе, мұсылмансың ба әлде таза дінге кірмеген адамсың ба, бәрібір – ең сенімдісі ақиқаттың өз өлшемі болып табылады.

“Ойлардың” басынан аяғына дейін өзек болып өтетін басты бір ортақ ой бар, алуан түрлі заттарға байланысты бөлшектердің баршасын сол біріктіріп отырады. Паскаль сол ойдың жан-жағынан келіп, соның мазмұнына әрдайым жаңа бір қыр, айтылуына жаңа бір түр тапқандай болады. Онысы қат-қабат ғылыми, көркемдік және тіпті, Паскальдың поэзияға өте сақтықпен келетініне қарамастан, кейде поэтикалық стильде болып келеді.

“... Ұшқарлық дегендер біз үшін жоқ сияқты болып та көрінеді және олар үшін біз де жоқ сияқтымыз; кейде олар бізден немесе біз олардан жылыштап кетеміз. Біздің ақиқат жағдайымыз осындей. Соның нәтижесінде біз білмей қалатын да және білмей қалмайтын да жағдайда боламыз. Біз ұлан-ғайыр кеңістіктің ортасында, ылғи да күмәнді, әрі-сәрі жағдайда тұрамыз; бізді бір жағалаудан екінші жағалауға қарай қуалап, ешбір жерге тұрақтандырып тұрғызбайды, ылғи бір толқын айдалап, ешбір тиянаққа қол тигіздірмейді; біз үшін тұрақты ешнэрсе жоқ. Мұндай жағдай біз үшін табиғи болғанымен, біздің өз болмысымызға мұлде жат. Бір жерден тұрақты, өзгермейтін орын тапсақ деген тілек өзегімізді өртеп барады; табанымыздың астында мықты бір тірек болса,

сол жерден шексіздікке қарай бой көтеретін күмбез де тұрғызар едік, бірак, амал не, табанымыздың астындағы іргетас талқан болып, жер қақ айрылып барады.

Енді ешқандай сенімді тірек, мызғымас тұғыр іздемейік; тұрақсыз елес бізді ақылымыздан алжастырып барады; екі шексіздіктің арасындағы шектілікті ешнәрсе мықтап ұстап тұра алмайды, олар оны екі жақтан қысып алады да, сонан соң өздері кейін қарай сусып кетеді.

Менің ойымша, біз осыны түсінгеннен кейін, әркім өзінің табиғат бұйыртқан орнына барып, тынығуға тиіспіз.

Біздің несібемізге тиген осы орталық екі шеттен әрдайым қашық тұрады...”

Діни ойшыл, ғалым, әдебиетте барокко ғасырының таянып келе жатқанын сезген ақын және тағы, бәлкім, адам санасының құпияларына үніле алатын психолог-суретші және бұл мағынада да классикалық жазу мектебінің арғы ізашары осылай ой толғайды.

Бұл сияқты қисынсыз сөз саптаулармен қатар тұруға лайық математика маманының қысқаша жазбасы, әлдебір өрнекті немесе теореманы құрастыруға өзірленген дайындағы сияқты бірденелер және, бәлкім, ойға ғылымилықтан тыс кенірек мағына дарытарлық төменде берілетін сілтеме түсінік болуы мүмкін:

“Екі шексіздік. Ортасы. Егер тым тездете немесе тым жайлап оқыса – дым түсініп болмайды”

Бәлкім, шыдамсыздықпен айтылған лептілік шығар:

“Тантық пен тәкаббар екеуі де маған жексүрын!”

Немесе философиялық тезиске көрнекі дәлел ретінде берілген лингвистикалық құйтырқылық болар:

“Бізді табиғат дәл ортаға жақсы орналастырған: егер біз бір жағына қарай жантайсақ, онда екінші жағына қарай да өзгертуіміз керек, Мен істейміз, zoa trekei¹.

Сондықтан кейде мен ойлаймын, біздің басымыздың ішінде кішкентай серіппе сияқты бірденелер бар-ау деп:

¹ Өзім де жок жоғары ғалымдыққа тыраштанбай-ақ, Блез Паскальдың орыс тіліндегі соңғы, үшінші басылымында осы жазбаға берілген түсінікті келтірумен шектелейін: “Жануарлар жүгіріп барады (грек.). Француз тілінің көптеген диалектілерінде жекеше I-жақтағы есімдік көпшедегі етістікпен жүптасады, ал грек тілінде көпшедегі зат есім жекешедегі етістікпен жүптаса береді”. Бір сөзben айтқанда, – ендігі сөзді ез жанымнан қосайын: – грамматика екеш ол да тепе-тендікті ансайды.

солардың біреуіне басып қалсаң, сол сәтінде қарсы беттен керісінше тағы біреуі сопаң ете түсетін сияқты”

Ақыр-аяғында мынадай айқын нақыл сөз болуы да мүмкін:

“Кімде-кім орталықтан қол ұзсе, ол адамзаттан қол үзген болып шығады”

Абай өзінің “Бірінші сөзін” 1890 жылы, соңғы “Қырық бесінші сөзін” – 1897 жылы жазды. Алда өлі жеті жыл өмірі қалып еді, ендеше өткен өмірінің тәжірибесі де, білім-білігінің даналығы да, кеменгерлік көзінің ашылуы да, үзілген үміттері де – бәрі-бәрісі шоғырланған осы сөздерінің үзіліп қалу себебі не? Бәлкім, Абай жылдар өте келе барған сайын анық сезінген жан-жүйесінің қажуы ма еken? Әлде дауысым тек жас достарымның ортасында ғана естілмей, қайғы-қасіреті мен ауыр дерті өз жүрегінің дертіне айналған анау қалың халқының құлағына да жетсе еken деген ыстық тілегі мен сөнбекен үмітінің үзіл-гендігінен бе? Оның Толстой психологизмі рухындағы осынау жан күйзелісін Мұхтар Әуезов өте нәзік жеткізген. Күн еңкейе берген кездे Абай ас үйдегі дос-жарапдарын сол әңгіме үстінде қалдырды да, өзі оңашаланып тысқа шығып, содан жай жаяу басып, жақын жердегі биік сарғыш тәбеге шықты. Осы қоныстан... айнала кен дүние мол ашылып, аса жақсы көрінуші еді... Сары теңіз, шексіз ұзақ жазық толқынсыз тыныш теңіз тәрізденіп кетеді. Сол теңіздің бетінде күдір белімен кесіп алғандай боп, бөлек-бөлек орнаған көк биіктегі көк кемелердей.

“Абай рахат бір әдемі жайлы әсер байқайды. Енді аңдаса, шығыс жақтан асықпай соққан салқын самал тұла бойын шіміркендіріп, өзгеше бір рахатқа, қоныр салқын майда бір лепке орағандай еken... Бұл күй айналадағы бар дүниеге ақынның дағдыдан тыс дәл бүгінгідей ой көзімен үңіле қарауына жетекші болады. Тағы да кен, тыныш, жымжырт өлкеге, өзі туып-өскен осы өнірге Абай ұзак-ұзақ көз тастайды”

Күн төмендеген сайын айнала дүние әралуан ауысып, өзгеріп барады. Дағдылы қара барқын тау-төбелер тәрізді емес, енді сол таулар, биіктегі аса бір жаңыра жадырап, алтындей сары, ашық реңге ауысыпты.

“Сәт пен жаманат боп тайталаса бастаған. Енді біраз түрғанда Абай көзі тағы да жылжып өтіп, әр сәтін айқын

танытып бара жатқан бейуақ мезгілін анғарады. Кеш женіп келеді. Қолеңкелер тұтасып барады... Қазір күн астында жарқырап тұрган Қарауыл, Қөлқайнар биіктегіне жанағы сүйк қолеңкелі, быжырық бетті батыс жақтағы төбелер күдік пен сүмдік баяндап тұргандай... Абайдың бұрын бір шақта: “Мұнлы көнілім сырласар сұрғылт тартқан бейуаққа!” – дейтін шағы келеді.

Шынында да, Абайдың өмірінің сондай сұрқай тартқан шағында, “Қара сөздерін” жазып жүрген жылдарында және одан кейін де жазған өлеңдері аса ауыр мұнға толы болып келеді. Олардан да жаңағы жарқыраған ақбас шындарды басқан қара түнек сияқты ауыр қасіреттің лебі еседі:

Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?..
Халқым надан болған соң,
Қайда барып онайын?!

Белгілі сөз: “өлді, өлді”: белгісіз оның мекені,
Не халатқа әурілді, қайда, қандай екені.

Жүрегім менің қырық жамау,
Киянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң өр нeden.

Абай “Қара сөздерін” жазуды неге тоқтатқан деген сұраққа қайта оралар болсақ, жаңағыдай ауыр сезімдерді философиялық толғаулардан гөрі өлеңмен жақсырақ беруге болар деген жауап сұранып тұратын сияқты. Бірак олай дейін десек, алдымыздан “Тоғызыншы сөз” шығады. Ол былай аяқталған: “Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде “әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!” деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өтуге”

Олай болса несіне бал ашамыз?

Ал енді екі жақты әңгіме үзіліп қалды деп реніш білдірсек, тіпті жөнсіз болар еді. Ол өсте де үзілген жоқ. Абай басты сөздерін айтып үлгірді, ал айтылған аталы сөз уақыт өткен сайын ескірмейді, керісінше, өзінің ортаймас өзектілігімен қайта жаңғырып, нығая түседі.

“Тәжірибелер” сияқты, “Ойлар” сияқты “Сөздер” де композициялық еркіндігімен және әсселік сарқыл-

мастығымен өлдебір мазмұндық орталыққа қарай мойының соза береді де, сонысымен-ақ шығарма тұтастығының бірлігіне ие болады.

Соларды асықпай байыппен қайта бір оқып шығайықта, ондағы айтылған ойлардың айқындығының, байсалды байқағыштық пен үздікті сюжеттің ар жағындағы дәл жаңа айтылған үйелменді үйірсектікті айырып қарайыкшы. Олар бірде тоғыса толқып, бірде шашырай шалқып, нақ сол ішкі тін бірлігінің арқасында “Сөздер” ұлттық рухтың бәлекей ғаламына айналады да, одан өрі өз орайымен бүкіл әлемдік рухты барып бейнелейді.

“Бесінші сөзде” Абай қазақтың бірсызыра мақалдарының тіршілік болмыс қамын көбірек күйттеп, ғылымбілім, әділетті, бейбіт өмір жағын естен шығарып алатынына қынжылады. Қазак “мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен”

“Алтыншы сөзде” осы тақырып өрі қарай жалғастырылады.

“Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәуulet ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздел не керек?”

“Он төртінші сөз” – адамның жүрегі туралы және ол жөніндегі адамның адасқан түсінігі туралы мұнды ойлар.

“Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Одан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды”

“Он жетінші сөз”, біздің есімізде, қайрат, жүрек және ақыл үшеуінің таласы туралы.

“Жиyrма бірінші сөз” – намыс пен жалаң мақтан туралы.

“Жиyrма үшінші сөз” – жалған қуаныш пен жалған жұбаныш туралы:

“Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның бүл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, соған қуанады. Айтады: Құдай пәленшеден сактасын, о да адаммың деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісілердің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп”

“Жиырма үшінші сөздің” жаңғырығы “Жиырма алтыншы сөзден” естіледі:

“Біздің қазактың қосқан аты алдында келсе, тұсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып үстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазак қарындастың ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес”

“Жиырма тоғызыншы сөз” – мақалдар туралы тағы бір толғам.

“Біздің қазактың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не Құдайшылылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар”

“Отыз төртінші сөз” – жер бетіндегі және ол дүниедегі өмір туралы, адам мен адамгершілік туралы қысқаша ғана трактат.

“Қырық екінші сөз” – адамның табиғаты және оның дүниемен қарым-қатынасы туралы:

“Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан... Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу. Бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым, бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен үстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көнілге түседі”

Осы жердегі ортақ арқау болып, байланыстырып тұратын тіндер қайсы?

Олардың кейбіреулері ашық көрініп тұрады, оларды байқамау мүмкін емес, сондықтан біз де ерте байқағанбыз: білімнің мәртебесі, ұлттық өзара сын, кейде оның қатаандығы сондай, тіпті қазірдің өзінде, арада жүз жылдан астам уақыт өтіп кеткеннің өзінде, ақынның отандастарында намыс пен жәбір нышанын туғызатыны бекер емес. Міне “Сөздердің” айналасында электрондық форум сияқты бірдеңенің туа бастағаны да сондықтан болса керек.

“Жас бала кезімде Абайдың “Фақлия сөздері” турасындағы үлкендердің әңгімесін тыңдай отырып ойлаушы едім,

– деп бастайды сөзін біреулердің сырттай үйымдастырып жүрген дөңгелек үстеліне қатысушы Мартин Хайдеггер деген біреу, – осы біздің халық өзгелерден неге соңша өзгеше деп. Кітабының басынан аяғынан дейін Абай қазақтардың басынан толып жатқан мін табады. Солардың ішінде мұлде жосықсыздары да бар. Мысалы, бір сөзінде айтады, қазақ аты бәйгеден озып келсе, есі шығып куанады деп. Ол айтады: сен неменеңе қуанаңсың? Сен өзің бе едің бәйгеден озып келген? – дейді. (Енді өздерің ойлап қарандаршы: Сервантес корридаға құмар болғандары үшін испандарды кінәлар ма еді?)

“Сөздердің” ішіндегі бір өзектісі – қазақтарды ұлтшылдығы үшін кінәлайтыны. Ол қазақтарды басқа ұлттардан жоғары қояды деп сыйнайды. Өзінің ұлтын жақсы көрмейтін халық бар ма, сірә?

Абайдың қазақ халқының аса ұлы ақыны және ойшылы екеніне менің ешбір таласым жоқ. Бірақ менің бір түсінгім келетіні – біздің ең қадірлі адамымыз бізді жерден алып, жерге салып кінәлайтын болса, онда біз қандай халық болғанымыз?

Ол бізді неге кінәлады? Не үшін? Қазақ нигилизмінің арғы тамыры Абайда жатқан жоқ па екен? Ең сонындағы білгім келетіні – осының бәріне қарамастан, біз оны неге жақсы көреміз? Сіздерге қоятын сұрағым осы”

Егер мен интернет желісіндегі осы әңгімеге қатынасқан болсам, шамамен былай деп жауап берген болар едім. Біріншіден, жамылғы атты таңдағанда абай болған жөн. Мартин Хайдеггер саясат істерінде өзі үшін қайғылы түрде қателескен, егер жұмсартыңқырап айтсақ, тым аңғал болған адам. Гитлер режимімен ынтымақтас боламын деп өзініңabyroyын айрандай қылған, сол үшін Еуропаның ең таңдаулы адамдары одан теріс айналып кеткен, бұл оған лайықты жаза болатын. Ал ойшыл ретінде ол өзінің ұлы отандасы Гётеге ұқсас; ал Гёте Германияның, әсіресе ондағы қарақшылар өкіметінің патриоты болған жоқ, мемлекеттік шекаралар мен ұлттық тар өріс деңгелдерді білмейтін ішкі азаттық пен интеллектуалдық ожданың патриоты болды. Ол әлемдегі болмыс туралы (*inder-Welt-Sein*), өзгелермен еншілес болмыс (*Mitsein*) туралы ой толғады, ол Германияның емес, дүние жүзінің тағдыры туралы экзистенциялық тұрғыдан қайғы-қасіретке бөленді.

Әрі қарай, “ұлтшылдық қай халыққа тән емес” деген қыздырма сұрапқа мен: еш халыққа да тән емес деп жауап берер едім. Ұлтшылдық деген – ниеті таза емес идеологтар мен саясаткерлердің саудагерлік құралы, бұл жерде ондай онбағандардың соңғы тірегі болған доктор Джонсонды еске ала кетсек, ешқандай күнәлігі жоқ. Ондай індеге халықтың белгілі бір, тіпті әжептәуір бөлігі уақытша болса да шалдығуы мүмкін, бірақ оның зардабы өте қанды оқиғаларға апарып ұрындырады. Оның мысалдары баршаға аян.

Оған қоса тағы айтарым: “ондай аңқылдақ данышпандар” тек қазактардаған емес, өзге халықтарда да болуы мүмкін. Басқаны былай қойғанда, жанағы “Мартин Хайдеггер” оқыстар еске алғып отырған Сервантесті айтайық – ол өзінің халқын соншалықты құлкілі халде көрсеткенде, соған батылдығы жеткен жоқ па еді (жарайды, оның коррида жайында ештеңе айтпағаны рас-ақ болсын). Сондай-ақ мен өзіміздің бүқпантай сұхбатшымызға Уильям Фолкнердің “Оңаша өмір” атты эссеін оқып шығуға кенес берер едім. Онда жазушы Жана Дүниенің тарихы мен рухының өзінің ең қасиетті деп саналатын ұфымы – “америка арманына” тіл тигізеді ғой. Содан кейін әлгі сұхбаттас ойланып көрсінші: ұлттық өзара сынға деген мұндай қабілеттілік халықтың рухани көмалаттылығының көрсеткіші болып табылмай ма және де ұлтшылдық дегеніміз тарихи шалалық комплексінің белгісі емес пе екен?

Елеске айналып кеткен бұл айтысты мен жан дүниемнің ешбір кірбіңісіз-ақ былай аяқтаған болар едім: Абайдың өзі де, оның мұрасы да тегінде жас адамдардың ақыл-ойы мен жан жүйесін мазалайтыны, сондай-ақ бізді және “Мартин Хайдеггер” мен басқаларды ойлауға, кателесуге һәм жол табуға жетелейтіні жақсы-ақ.

Бұл жайында біз толығырақ кейін эпилогта сөз қылармыз, ал әзірше “Сөздер” тізбектелді дейтін әлдебір жұмбак сияқты болып қалған өзек мәселесіне қайтып оралайық.

Ал дұрысында бұл жерде ешқандай құпия жұмбак жоқ. тек, қайталап айтайын, әрбір “Сөздің” бүгінгілік мазмұнына тым әуестеніп кетпей, соларды зерделеп кайта бір оқып шығайықшы.

Мақалдар, мал, бәйге, болыс сайлауы, билер, байлар – бұлардың барлығы жергілікті нақыш, жергілікті сюжеттер,

жергілікті кейіпкерлер. Ал тұтас оқиғалар жүйесі тек осы жерге және осы заманға жалпы тиістілігімен ғана біріктірілмеген.

Күлкі туралы жаздық, енді қасірет-қайғы туралы жазып көрейік, – деп жазылған “Бесінші сөзде”; мұнда әңгіме мақалдар төңірегінде өрбиді, бір қарағанда, оның негізгі сюжетке ешқандай қатысы жоқ сияқты.

Ие, қатысы жоқ. Бірақ оны тепе-тендік заны үстемдік етіп тұрған кеңістікке әкеліп орналастырады. Ал олар қазақтардың қалыпты құқығымен реттелмейді.

Бірліктің негізі – малдың, киім-кешектің ортақтығы деп ойлау қазақтардың санасына сіңген қауіпті қателік, – “Алтыншы сөздің” тезисі осындай. Осы сөзді қайталап айтайық та, мазмұнын тарқатып көрейік: басқа бір халықтар, өздерінің тарихы мен этнографиясына сәйкес, бірліктің негізі тұрғын үй архитектурасының, белгілі бір ішкілік түрінің, қайыңды орманды жақсы көрудің, т. б. ортақтығы екен-ау деп ойлад, дәл жоғарыдағыдан қатты қателесулері мүмкін фой.

Бұларға қарама-қарсы қағидат мынадай: “Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көнілі бір болса, соны айтады. Өзін тірі болсан да, көкірегін өлі болса, ақыл табуға сөз үға алмайсың. Адал енбекпен жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың”

“Қазақ құлшылығым Құдайға лайық болса екен деп қам жемейді” Оның қамын жейтін кім? – “Мартин Хайдеггердің” аузынан осындай сұрақ естімін, бұл жолы оның сұрағын дұрыс деп есептеймін. Бірақ “Он алтыншы сөздегі” сұрақ маңызы одан әлдеқайда басымырақ басқа сұрақпен шешіледі фой, жауабы да соның ішінде: “Оның тілі өзге жүрттан бөлекше жаратылып па?”

“Отыз төртінші сөз” асқақ өуенмен басталады, ол бұл жерде бірнеше рет қарастырылған, тағы бір рет қайталанса артық болmas.

“Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десен, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өтуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен”

Ақын және философ кісі осы жерде сөзін тек өзінің отандастары мен замандастарына ғана арнап отыр ма?

Ие, өлбетте, ұлттық меммендікке қарсы атой, бүкіл дүниежүзілік ауқым (“Адамдар-ау, сендер бір-біріне қонақсындар ғой”) – бұл “Сөздердің” көрнекі, ашық композициясын белгілейтін ең мәнді мазмұны осында.

Ал енді композицияның ішкі, бүркеншік негізінде қағида, пішін, бейне – бәз-баяғы Блез Паскальды шабыттандыратын ОРТАЛЫҚ жатыр.

Ақылдың қайыспайтын беріктігі мен естілігіне жүректің құштарлығы басалқы болады.

Сенім жоқ жерде білімнің құны шамалы.

Жұмыстан кейін көніл көтеру керек.

Мұңның емі – шаттық күлкі.

Сөз әлемі (ақырғы кезекте Абай поэзиясының әлемі) – бұл тепе-тендіктің, үйлесімділіктің, келісімділіктің әлемі, ол тіпті үйлесімсіздік пен жарасымсыздықтан құралса да солай. “...Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен, керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көніл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданbastық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар...

“Нениң қызығын көп іздесен, соның күйігін бір тартасың” деген. Ашық және құпия... бұл екеуі қосылып тұратығын нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады уа күллі зарар да бұлардан шығады” (“Қырық екінші сөз”).

Бұл – кеменгерлік өсиет, оның құндылығы – апатты бүліншілік кездे айтылғандығында, Абай шығармашылығы жер сілкінісінің өлшеуіші де және апattan құтылудың құралы да болды.

Уақытты сезіне білу – тамаша талант, ол санаулы адамдарға ғана дариды.

Ал енді бір заманды ғана емес, талай замандарды сезіне білу одан да бетер, бірен-саран адамдардың бойына ғана біtedі.

Біз оларды – неден бастасам, сонымен аяқтайын – даналар деп атایмыз.

Абай – сол ортада, бірегейлердің ішіндегі бой теңестірер бірегейі.

ЭПИЛОГ

АБАЙ АСҚАРЫ

*Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтүгын артына сөз қалдырган?*

Абай

...Мағауияның жаназасында айтылған азалы жоқтаулар үні сап болып, осынау жас өлімге қабырғалары қайысқан алыс-жақын ағайындар аяғы басыла бастаса да, қыршын өмірді қынп кеткен сүм ажалға біржола мұжіліп түскен әке көңілі айығар емес, қайта өзі де соған қарай мойын ұсынып, біржола үнсіз, тілсіз қалған-ды. Жаңа ғана алпыстың табалдышырығынан аттап, ақсақалдыққа қарай бет бұрса да, бой-басы жинақы, дене бітімі мығым ақын тұлғасы күні кешелер ширақ көрінуші еді. Бүгін кілт өзгерген. Бала қазасының үстіне сыйлас досы Базаралы да кенеттен қайтыс болып, мұны біржола мендетіп кетті. Қара жердің қасіреті ақылман ақын қажырын еңсеріп, ол дүниеге қарай тартып бара жатқанын сезгендіктен болар, көп күндік үнсіздікті бұзып, әлде өлең, әлде сөз түрінде артына өсиет айтып кеткісі келгендей ишарат білдірген шағы да байқалып еді. Ауыр дерптің шаманы келтірмеді. Бәлкім, оны кімге арнап, кімге аманат етуді ойлап та ұлгерменеген болар. Бірақ бір даусызы – ақын кекірегіндегі көп арман, үмітке сенімді ие болардай, соны өз өмірінің түп мақсаты етіп қабыл етердей бір сағым елес көз алдында берік сенім бейнесіндей қарандап тұрғаны бар-ды.

Кім еді ол? Жан тәсіліміндей қысылшаң мезетте кам көнілге медет болғандай қай сенімнің бейнесі еді?

Бүгінде есімі әлемге дәл өзіндей әйгілі болған Мұхтар Әуезов қаламынан қағазға түскен аныз әңгімені еске алсақ, сол бейненің дәл өзі көз алдымызға келері анық.

“...Жапан тұз, елсіз, жолсыз сардалада жалғыз тұп ағаш есіпті. Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Әрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып, гүлін атыпты... Талай жылдар өтіпті. Әр жылның гүлдері мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпті де, жайрапты. Бар бұтақтан, гүл жапырақтан, дән нәрден айрылыпты, ажырапты... Қуарып, шошайып қалған жалғыз ғана қу ағаш көк аспанға тіл қатыпты: “Не жазып ем, не сүмдық, не зұлымдық етіп ем?! Біттім міне, тек көк аспан, күем едің, сенен ғана сұраймын. Сорымның да куәсы сен едің – кең көк аспан!.. Сен ғана бір айтшы... Мен өлейін, бірақ, сол сан жылдарда сенің желдерін қыып әкеткен гүлдерім, дәндерімнен үрпақ, нәсіл қалар ма?.. Шанда біреу, санда бір сайда болса да, жас жапырағын көкке созып, гүл жемісін жер жүзіне берер ме?! Әлде бір-бір өлкеде, тағы бір замандарда сол гүлдердің бір тобынан саялы тоғай, мәуелі бақ өсер ме!.. Бұтақтарында өнген-өскенді мадақтап құмыр бұлбұл сайрап ма! Саясында жас өмір, жаңа дәурен мекендер ме!” – деп, өзімен өзі шын бір ұлы шабыт, ақын шабытымен шарықтап бір барды да, содан соң үні өшті”

Осылай деп зар төккен жалғыз ағаш тілегін Жаратқан Иесі қабыл еткен дейді. “Жоқ өлмен, жаным жасар өлеңімде” // Есіне алар елім мені әр күнде” деп орыс ақыны жырлағандай, Абай да өз жырымен туған халқының мейірін туғызып, жанын жылтықтан жоқ па еді?! Адам арын ардақтап, ақиқаттың жоғын жоқтаған қазақ ақылманы Абай мен бостандыққа, еркіндікке ұмтылған орыс ақыны Пушкиннің жүрек үндестігі бір жерден шықпап па еді?

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ кайтып келіп ойнап-күлмес.
“Мені” мен “менікінің” айрылғанын
“Өлді” деп ат койыпты өншең білмес.

XVIII ғасырдың 70-жылдарында Франциядан қайтып оралған Фонвизин өзінің жарылқаушысы граф П.И.Панингे былай деп жазған: “Вольтердің Парижге келуі мұндағы халыққа әлдебір тәңірінің жер бетіне келіп түскеніндей өсеп етті. Оған көрсетілген қошемет-күрметте жаратқанға көрсеткен тағымынан ешбір айырма жоқ еді. Егер ол көрілкке жендеріп, қайратынан айрылмаған болса және өзі жаңадан бір секта ашып, уағыз айтқысы келсе, барша халықты өзіне қаратып алатынына мен кәміл сенімдімін”

Шамасы, дәл осы тұста Вольтердің жаңа ғана құрылған Солтүстік Америка Құрама Штаттарының елшісі Бенджамин Франклинмен танысып, онымен бірден дос болып кеткенін көзі көрген француз әйелі өзінің күнделікті дәптерінде сол екі кісінің достығына барша жүрттың таңтамаша қалып сүйсінгенін былай деп жазады: –Қашан, қайда жүрсе де олардың жұбы жазылmas еді; театрға келе ме, паркте жүре ме – жүрт дүрлігіп, ду қол шапалақтап қарсы алар еді. Ал енді текті бекзадаларға тіпті назар да аудармас еді. Вольтер түшкіріп қалса болды, Франклин дереу: “Жәракімалла” дейді, ал өзге жүрт соның өзіне мәз!”.

Әрине, Вольтердің аты – Вольтер, ойшыл философ, айтулы жазушы, “Орлеан бойжеткені”, “Кандид” тағы басқа толып жатқан шығармалардың авторы. Сонымен бірге, қандай да зор тұлғалы жалғыз-жарым байшыкешіннен әлдеқайда басым көрінетін үғым. Вольтер – еуропалық жаңа заманда ақынның беделі шіркеу беделінен, тіпті мемлекет беделінен де басым түсетін сол заманың көзге көрініп түрған тірі бейнесі. Осы мағынада одан да гөрі бедерлі, одан да гөрі күштірек рөл атқарған бір адам Гете болды. Карлейль де дәл сондай еді. Немесе жаңағы Франклин, ал одан кейінрек шығып, тіпті ерекшелене көрінген Эмерсон тұтас бір ғасыр бойы ұлттың көсемдері ғана емес, нағыз тұра мағынасындағы америкалық арман-тілектің жанды бейнесі болған жандар еді.

Фонвизин задында дәл осы адамдарды еске алып отырып жазған болар. Ол ішкі мұңын бүгіп отырып жазған-ды; өйткені ол кезде империя өзінің жеке-дара билігін өлеңшілермен, философтармен әсте де бөлісе алмақшы емес-ті. Ал көпшілік қауым болса, өкімет билеушілеріне

әрегірек ығысындар деп айтарлықтай кәмелет сатысына тіпті де көтеріле алмаған болатын (шынтуайтына келгенде, ол кез былай тұрсын, казіргі XXI ғасырда, ойран-топай қаныпезерліктің одан әлдекайда қatal тұтас бір дәуірін бастаң кешірген осы кездің өзінде де ондай кәмелетке жете алдық па екен, сірə?). Тіпті Ұлы Екатеринаның өзі де, тіпті француз революциясынан кейін-ақ, еркін ойдың өскіні атаулыны баудай қылып ора бастады, ал Николай патшалығы туралы сөз қылудың да жөні жоқ. Бірақ соған қарамастан, ақындарды айдауға жібергендері, цензураны енгізгендері, Булгарин-Флюгариндерді жалдамалы қызметке пайдаланғандары тегіннен тегін емес-ті. Өкіметке тән салпаңқұлақ сактықтың соқыр сезімдері еркіндіктің ескек лебі кіріп кетеді-ау деген секеммен есік-терезені тарс бекіттірген. Ақындардың ықпал күшін мемлекет сезді, оны ақындардың өздері де білді.

Атағым кетер дабылдан... (*Державин*).

Дабысым Ресейге кетер жалпақ... (*Пушкин*).

Ал қыр өлкесіндегі жағдай одан өзгеше еді.

Мұндағы ақын мен мемлекет арасы былай тұрсын, ақын мен қоғам арасындағы қарым-қатынас та әлі қалыптаса қоймаған-ды. Мұнда халықтың тарихы мен рухын бейнелейтін суреткердің өлең жолдары да, әсем өуендері де, жарқын бояулары да әлі өз мәртебелерін орнықтырып, санаға сіңе алмаған-ды. Сондықтан ғой Абайдың “Қайран сезім қор болды” деп налығаны, манағы жалғыз ағаштай – менің ұрығымнан өрбіген бұтақтарда төгілтіп бұлбұл сайрап ма екен, менің сая бақтарымда бақытты өмір орнар ма екен” деп арман еткені...

Ол арманды: “көзімнің тірісінде қадірін көре алмаған өнерімнің жемісін бағалар қауым ең болмаса өзім өлгеннен кейін пайда болар ма екен, шіркін-ау?!” деген сөздермен ғана жеткізуге болар еді.

Өмірдің дәмі таусылған кезде тағдырдың талқысы басталмақ.

Оның басталуы да сан қылы. Кейде сәтті, тіпті сән-салтанатты басталуы да мүмкін.

Сонау 1914 жылдың өзінде-ақ Семейдің билік басындағылары Абайдың дүние салғанының он жылдығына арнап әдеби кеш үйімдастырды да, содан былай қарай еске алу

шаралары тұракты түрде өткізілетін болды. Бұл істің басы-қасында Абай мұрасын шексіз сүйетін және оның өз басын қатты қадірлейтін замандастарының көмегімен әрдайым жас Мұхтар Әуезов жүрді. Бірақ олардың арасында өлең мәтінінің қадірін билетін адамдар жоқтың қасы еді. Ұлы деген перзентінің мұрасын зерттеп, тиісті бағасын беретін мамандар легі кейінірек пайда бола бастады. Ақын атына арналған мадақ сөздер, өлең-жырлар көбейді, оның есіміне қойылған елді мекендер, көшелер, театрлар мен кітапханалар, мектептер мен жоғары оқу орындары пайда болды. Оның сом тұлғасын бейнелейтін тұғырлы ескерткіштер тұрғызылды.

Бірақ осындай игілікті істерге жақынырақ көз тігіп, зер сала қарағанда, кейбір сызаттар мен жарықшактар бар екені де байқалатын еді. Ақынның қайтыс болғанына жиырма жыл толуын атап өтуге сол Семейдің өзінде әжептәуір әзірлік жүргізіліп жатты. Еске алу кештерін өткізу, әртүрлі конференцияларға дайындық жүргізіліп, ең бастысы, ақынның қолда бар шығармаларын жинақ етіп бастыру қарастырылған.

Солардың ақыры немен бітті?

Кей жерлерде әдеби-музыкалық кештер өткізілгені рас. Бірақ бәрі де біртүрлі сүренсіз, ешқандай жариялы жарнамасыз, елеусіздеу өтті. Мұхтар Әуезов әзірлеп қойған ақын шығармаларының толық жинағын баспадан басып шығару ісі он жыл бойы кейінге қалдырылып келді. Әуезовтің сол басылымды әзірлеу барысында тындырған қыруар жұмысы, әрбір шығарманың библиографиялық мәліметтерін әзірлеу, қолда жоғын жинастырып, оларды тексеру, дәлдеп анықтау сияқты, тағы басқадай тыңғылышты істері үзақ уақыт бойы ескерусіз қалдырылды. Сондай бағалы іске белсене қатынасқан ақынның Кекбай сынды шәкірттері, жасы келіп қалса да көп жұмыстың басы-қасында болған Шәкәрімдей жанашыр туыстары өздері тындырған істің нәтижесін көре алмай кетті.

Мұның барлығының да ауызben айтып жеткізгісіз себептері бар еді. Ең алдымен, кеңестік кенселердегі тоңмойын төрешілдік, халықтың рухани қазынасы мен мәдени құндылықтарға деген меммендік көзқарастар еді. Күні кеше бұл істердің өзін бұзып-жарып, өңін айналдырған белсенділер бір күннің ішінде халыққа жандары

ашығыш қырағылар болып шыға келді. Олардың түсінігі бойынша, Абай ұлы ақын ғана емес, халықтың жоғын жоқтаған жанашыр қорғанышы, көзін ашуға тырысқан ағартушы ғана емес, шықкан тегі жағынан ірі байдың тұқымы, өзі де барып тұрған феодал, буржуазиялық ұлтшыл, тіпті мал баққан көшпелілер арасында буржуазияның іісі де болмағанына қарамастан, ол соның өкілі, бұл жерде асыра сілтеуешілік болып жатса оқа емес, – сактық пен қырағылық керек”.

Міне, осы сияқты сорақылықтар белен алған тұрған заманда Абай аты кем дегенде жарты ғасыр бойы саяси сенімсіздік пен жөнсіз құмәншілдіктің құрбаны болып келді. Сөз жүзінде оның атын даңғазылықпен ауызға алған, ұранға айналдырып жүрген күннің өзінде бәз біреулердің тіксіне, тікірейе қарайтынына тыйым салынбады. Абай аты аталған жерде тек оның үстем саясатқа сәйкес келетін жақтары ғана айтылып, көп қырлары ескерусіз қалдырылды. Әсіресе дін жөніндегі кейбір сыншылдық ой-пікірлері болмаса, жалпы исламға көзқарасы қатты сынға ұшырады; тіпті ондай сын болмаған күнде де, ақынныңғылыми ілгерішілдігі тек ағартушы деген жалпы атақтан асырылмады. Бақсақ, өлген адамды да ескертусіз еске алуға болмайды еken.

Жұрт алдында – даурықпалы даңғаза, жариялы жарнама, ал Кафканың трибуналы сияқты, биліктің жасырын түкпірлерінде осы Абайдың өзі ілгерішіл игілік пе, өлде керітартпа кесел ме деген күнкіл әңгімелер. Ақыр-аяғында олардың келген тоқтамы – тәуір деген жағын басынқырай айтып, дінге көзқарасы сияқты кедір-бұдырларын бұқтырып тастау болды. Осындай алақұлалықтың өзі кейбір идеологиялық науқандар кезінде одан сайын асқындырылып, қайдағы бір Бокль, Милль деген сияқты бірденелермен бас қатыру оған не үшін керек болды еken деген сияқты дүдемал сөздер айтылып жүрді. Чернышевскийді қызықтау – басқа мәселе, од, өрине, өте мақтарлық. Одан гөрі онтайлылау ұлтшылдықтың мөрін былш еткізіп баса салу тиімді көрінетін. Тіпті Абайдың тікелей өзіне тістері бата коймайтын тұстарда оның Көкбай секілді бейкүнә шәкірттерін даттау жетіп жататын.

Жә, өткен іс өтті-кетті, бірақ тырнауыштың басын басып қалмау үшін бүгінгінің өзіне абай болайық деген жосық белең ала беретін.

Абай – күрт өзгеріс заманының адамы, ол өмір сүрген кезде мындаған жылдар бойғы қалыптасып қалған дала мәдениетінің қаймағы бұзылмай, жаңа бір қасандар дәуірдің қатал зандары үстем бола бастаған. Сондықтан оның шығармашылық мұрасында, барлық ұлы суреткерлерге тән қайғы-қасірет пен болашақтың сәулелі саңылаулары бірде қатарласып, бірде қайшыласып жататыны бар-ды. Егер Анна Ахматованың бір өлеңін қара сөзben мазмұндап айтсақ, күні өткен заманды жерлеп жатқанда жаназа оқылмайды, қабіріне гүл өспейді, тікенек қана тамыр тартады. Болашақ мұрагерлері ата-бабасын танымай өседі.

Абайдың өмірден өткеніне жүз жылдан жаңа асты. Бұл оған дейінгі заманмен салыстырғанда тіпті келте кезең. Сол өлшеулі уақыттың өзінде қазақ даласын қопарып кеткен талай жарылыстар болып, өмір енді ғана сабасына түсебастады.

Абай – сол астан-кестен ауыспалы шақтың қайраткер тұлғасы. Мұндай кезде мен сияқты идеалистеу адамға өлең өнері, яғни жалпы мәдениет әлемі саясат пен экономикадан ғөрі маңыздырақ көрінетіні бар. Мен соған сенгім келеді.

Абай ескерткішіне қарай із түсірген халық сүрлеуін шөп баспайды. Ал ақынның өзіне барап жолға, оның өлеңдері мен сөздері тамыр тартқан биікке шөп шығып кеткен жоқ па екен? Онымен екі арадағы түсініспестік қамалы алынды ма? Бір кезде ақынның жанын жаралап, жүрегін езген өнердің емес-ау, өмірдің өз жатсынуы жойылды ма? Оның өз тұсында таба алмаған достық пейіл ұрпағының бойына дарды ма? Абай құпиясының сыры ашылды ма?

Міне, осы сияқты құрмеуі қыын сұрақтарға мен құралыптас келіп-кетпе жолаушылар жауап таба алмас еді. Ол үшін адамның тамырында қазақтың қаны соғып тұруы керек. Ондай адам даланың ауасымен тыныстауы керек, осы жердің топырағында сәл ғана қыбыр еткен қимылды жүрек дірлімен сезінетіндей ішкі көздің жанары, тіпті ең болмағанда жиі қатынасатын жай тамыр-тансыстыры болу керек.

Менің өз басымда ондай артықшылық бар деп есептеймін. Енді соны пайдаланып қалғым келеді. Осы

кітабымның соңғы нүктесін қояр кезде соның әртүрлі жолдарын ойластыра келгенде бұгінгі Қазақстанның саяси және мәдени өміріне белсене қатынасып жүрген дос-тарымды әңгімеге шақыруды жөн көрдім. Енді соларды таныстыра кетейін.

Мұрат Әуезов. Оның есімі осы еңбектің ішінде аракідік аталып та жүрген. Енді толығырақ тоқталайын. Біз онымен ертеректен, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері таныспыз. Онда ол Әлемдік әдебиет институтына оқуға түсіп жатқанда, мен соның аспирантурасын бітіргелі жүргенмін. Арада талай жылдар бойы сырттай білісіп жүріп, Мұхтар Әуезов туралы кітап жаза бастағанда жақын араластым. Ақыры достасып кеттік. Мен жасырақ кезімде білмеппін, Мұрат студент күнінің өзінде “Жас тұллар” атты бейресми үйым құрып, соған бас болған еken. Мәскеудің жоғары оку орындарындағы қазақ шәкірттерінен құрылған бұл үйымның мүшелері жазғы демалыстарда ауыл-ауылды аралап, өздерінің ғылыми жұмыстары үшін көшпелі елдің эстетикасынан әртүрлі мағлұматтар жинайды еken. Бәлкім, олардың мұндай сапарларында жастыққа тән білмекке құштарлық жетеледі ме, әлде одан да гөрі естиярлыққа бейім: ұлттық мәдениет құн-дылықтарының ізі суып, көмекілене бастағанда, болашақтың жолы қалай ашылмақ деген мазасыздық болды ма, – кім білсін.

Күні бұгінде бұрынғыдан да өткірірек сезілетін мұндай міндетті шешу үшін немесе ондай шешімге жақынырақ бару үшін, әлбетте, Абай атты биік шыңға қарай өрлең барып, оның биігінен тәмендегі теренге көз жіберу қажет болар еді. Мұндай сапарға Мұрат Әуезов Ұстаз әкенің жол сілтеуімен тіпті сонау балаң кезінде-ақ бет бұрған да, содан әрі жалғастыра берген.

Жас жігіт буыны бекіп өсе келе атпал азамат болып, тіпті мансаптық жолда да едәуір баспалдақтан өтті. Білімі жағынан Қытай зерттеушісі мамандығын алған ол Парламент мүшесі, Тәуелсіз Қазақстанның Қытайдағы тұңғыш елшісі болды, одан кейін ақыр-аяғында елдің бас кітап қоймасы – Ұлттық кітапхананы басқарды. Соларға Ұстеме ретінде әртүрлі қоғамдық комитеттерге, төреші алқаларға, басқармаларға, тағы сондайларға қатынасты. Бірақ мәселе тек осыларда ғана ма?

Мұрат Әуезов – қазіргі Қазақстандағы адамгершілік пен ақыл-ойдың даусыз бір беделі. Әрине, бұл орайда оның абыраймен алып жүрген ныснысының да маңызы осал емес. Бірақ әлгі абырай-беделдің барлығына ол өз білігімен жетті. Бұрынғы заманда да, қазіргі кезде де мән-мағынасы кемімеген азаматтық дейтін ізгілікті өрістегі ақ адаптацияның маңызы да кем болған жок.

Мұрат Әуезов – Шығыстың гуманитарлық ұлы мұрасының тамаша білгірі.

Мұрат Әуезов – адам-пенде мәдениетінің бірлігін де, көзге көрінбейтін ішкі байланыстарын да қалтқысыз көре білетін кісі. Оның қолынан ертеректе шыққан “Иппокрена” дейтін кітап, өзгені былай қойғанда, осының айқын айғағы (соны оқығанда, Мұраттың, қазіргі ныснысымен атасаң Мұрат Мұхтарұлының жазба сөзден гөрі ауызшаға ұсталығының, соған бейімірек екендігінің себебіне айқынырақ көз жеткіземін; ал әзірге, баспа жүзін көрген еңбегінің аздығына өкініп қалатыным да бар, бірақ болашақта да өмір бар рой).

Менің екінші сұхбаттас адамым – Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Оның мансап жолындағы жетістіктері тіпті шүғыл һәм айта қалғандай өсерлі: Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, Республика Президентінің Әкімшілігіндегі басшылардың бірі, Қызылорда облысының губернаторы, мұндағыша айтсақ, өкімі (біздің алғашқы әңгімеміз 2008 жылдың сәуірінде, оның сондағы резиденциясында болған еді). Таяуда ол министрдің орынтағына қайтып оралды.

Білетін адамдардың айтуына қарағанда, бұл кісімен істес болу да, сұхбаттасып әңгіме-дүкен құру да бір ғанибет деседі; Өйткені, барды “бар”, жоқты “жоқ” деп кесіп айтар бір сөзді кісі болса керек; екіншіден, оның табиғатында төрешілдік тоңмойындылықтан титімдей жүрнақ жоқ екеніне өзімнің көзім жетті. Әрине, маған салсаныздар, лауазымдық дәрежеге мен онша көп мән бере бермеймін, бірақ жаңағыдай абзal қасиеттер әркімге де керек-ақ.

Сондықтан оған дән ризамын. Мен оның басқа себептерін тәптіштеп жатпайын. Ең басты себебі – өзімді барынша батысшыл санап жүргенде бетімді әуелі Мұхтар Әуезовке қарай бүрған да, қазіргі кезде Абайға әкеліп

жүгіндірген де – осы кісі. Соның қолындағы мол мүмкіндіктерді пайдалана отырып, әуелі Абайдың шежірешісіне, одан кейін ақынның өзіне бағышталған екі кітабымды шығара алармын деп үміттенсем, оның ағаттығы бола қойmas деп ойлаймын. Бұл орайда да мен оның мансабына емес, өз басының табиғи жомарттығына сенемін.

Ендігі еске саларым, Абай жөніндегі ең бірінші және ең ілкі мәнді сөзді айтқан адам – Элихан Бекейханов, мейлі ол қазанама болсын, мейлі өзіндік ерекшелігі бар естелік жанры болсын, қайткенде де ең алғашқы бейресми маңызды сөзді айта алған сол еді. Енді осыған орайластырып, екінші бір айтарым Элихан Бекейхановтың өзі туралы. Санкт-Петербургтың орман-техникалық институтын бітіріп шыққан ол табиғат зерттеуші, әрі кеткенде этнолог фалым болса керек еді. Оның артында қалған азын-аулақ зерттеу еңбектері (әлбетте, орыс тілінде жазылған) осындаі ойға мегзейді. Олардан кейін Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры”, – Қарқаралы үйеziндегі қазақтардың рулық құрылымы” деген еңбектер жазыпты. Фольклоршы болған күнде де көштен қалмаса керек еді: “Қозы Көрпеш-Баян сұлудың” бір нұсқасын қағазға түсіріпті, Абай мұрасының алғашқы жинағын бастыру ісіне белсене қатынасыпты. Әдебиеттің қисыншыл теоретигі де бола алады еken, өйткені өзге бір еңбектер жөніндегі ескертулері негізінде “Роман деген не нәрсе” деген мақала жариялапты. Солардың арасындағы қаға берісте Толстой-дың, Чеховтың, Короленконың, Мопассанның, Мамин-Сибиряктың әнгімелерін қазақ тіліне аударыпты.

Бірақ осынау жарқын тұлғалы адамның болашақ өмірі мұлде өзгеше арнада қалыптасқан. Революцияның алдындағы дауылдатқан жылдарда өмірге келген Алаш партиясына бас болып, ұлттың мәдени мұра байлығы негізінде, бүкіл дүние жүзімен достық қарым-қатынасты көздейтін Қыр өнірінде жаңа өмір орнатуды мақсат етіпті. Кейінірек, үкімет басындағы жебірлер Бекейханов пен оның үзенгілестерін ұлтшыл фанатиктер деп атаған еken, сол жалған атақ оларға желімдей жабысып, ұзақ уақыт сондарынан қалмапты. Ал, шындығында, батыс және ең әуелі орыс мәдениетінің мұраттарын бетке ұстаған алашордашылар нағыз плюралистер, яғни мемлекет-

аралық, мәдениетаралық, дінаралық алыс-берісті жақтаған кең тынысты, кең өрісті қайраткерлер болған екен.

Міне, сонымен жоғарыда сөз болған Мұхтар Абрагұлы Құл-Мұхаммед, ең алдымен гуманитарлық мамандықтың адамы, философиялық ой өрісті тарихшы (ғылым докторы деген ғылыми дәрежесі де бар заңгер) жаңағы Алашорданың ақылмандық және саяси мұрасын зер сала зерттей жүріп, оларға тағылған жалған атақтың тас-талқанын шығарған, сейтіп, ардақты Алаш арыстарының абыройлы да қыын-қыстау өмірлерін бейнелеп берген алғашқы Қазақстан ғалымдарының бірі де бірегейі болыпты. Ал мен үшін бұл кісінің Әлихан мен Ахмет, басқа да алашшылар жөніндегі еңбектері шын мәнінде жаңалық болып көрінді. Сонымен бірге бұл еңбектерге қазақ зиялышарының аға буынындағы рухани көшбасшылардың тәжірибесінен бүгінгі өз қызметіне пайдасы тиерлік бір таяныш табамын ба деген ішкі ой да жүретін тәрізді. Ал мұндай ерекшелік – ғылыми жұмыс авторларында онша көп кездесе бермейтін қасиет. Мұның арғы төркіні сол Алаш қайраткерлері өздеріне бағдар еткен ұлы Абайда жатқаны да бекер болmas.

Замандар мен үрпақтар арасындағы, адамдар мен идеялар арасындағы бұл сабактастық біздің ортақ әңгімемізге де арқау болып еді. Осындай түйінмен мен өз кітапымды да тәмам еткен сияқтымын.

Николай Анастасьев:

Бернард Шоудың мынадай бір сөзі бар: “мен дегенім – мен және менің маңымдағы жағдаят” Қисынсыздау сөз. Бірақ қыыстырып айттылған таза шындық. Одағайлығы және бар. Өйткені, “менің жағдаяттыңын” артында келетін болашақ жағдаяттар да бар ғой. Ажыратып айтсақ, бірінің сонынан бірі тізбектеліп келетін жана үрпақтар бар емес пе? Әр заманың өз Шекспирі, Сервантесі, Гетесі, Пушкині, Абайы болады.

Ақын өмірі жер бетінде өз пешенесіне жазылған меншікті мерзімнен құралады. Сол мерзім біткен кезде тағдыры басталады.

Ендігі әңгіме сол тағдыр жайында болмақ.

Абай дүниеге өзінен кейін келген қазақтардың тағдырын қалай қалыптастыруды? Сол қазақтар Абайдың өз тағдырын қалай қалыптастыруған және әлі де қалай

қалыптастырып жатыр: өйткені біз де, ен алдымен ұлы ақынның үрпақтары Сіздер де – суреткердің әріптес авторларымыз. Оның өлеңдерін оқығанда соларды қайтадан жазған болып шығамыз.

Сол себептен де мені ен алдымен қызықтыратын бірсыпыра қарапайым нәрселер бар.

Сіздер Абайдың атын, өлеңдерін, әндерін алғаш рет кімнен естідіңіздер? Оларды кім айтты: аналарының ба, әжелеріңіз бе? Әлде мектептегі мұғалімдеріңіз бе еді өлеңдерін оқыған? Қысқасы, әуелі сол бастауларды айталықшы. Өздеріңің және де өзгелердің ақынмен араласуының кейінгі жалғасына содан кейін кірісерміз. Көнекей, сізге өтініш, Мұхтар Абраұлы!

Мұхтар Құл-Мұхаммед:

Бұл бастаудың да бастауы бар, ол тым арғы тарихқа кетеді. Бұрнағы ғасырдың 30 жылдарында, яғни қыр елінің соңғы рет бас көтерген батыры Кенесары ханның тұсында Мұрат Мұхтарұлы екеуміздің бабаларымыз Түркістаннан Семей облысының жеріне қарай қоныс аударыпты. Оларды бұлай қарай атақты Ақтайлақ би шақырса керек. Өзі исламды терең білетін, мейлінше діндар адам өзінің қалың руластарын құдай жолына салып, оларға құран хадистерін үйретпек ниетте болған көрінеді. Ал біздің аталарымыз болса, дін іліміне өте жетік болған да, сол біліктерінің аяғы кейін XX ғасырдың басында жәдитшілдікке барып ұласқан. Солардың бірі, менің арғы атам Мірхалид, мына Мұрат Мұхтарұлының арғы атасы Саяқып деген кісілер отыз отбасы ағайын-туыстарын бастап ұзақ жолға шығады да, қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Аяғөз ауданының жеріне келіп тоқтайды.

Осы арадан олардың жолы тағы да ажырасып, Саяқып отағасы Бердіқожа атты баласымен бірге солтүстік-батыс жақтағы Шыңғыс тауларына қарай беттейді. Ол кезде сол өнірде Абайдың әкесі аға сұлтан Құнанбай билік жүргізіп тұрады екен. Ал менің ата-бабаларым онтүстік-шығыс жақта, Абай дүниеге келген жерден 400-500 шақырымдай қашық жерді мекендейді. Сөйтіп, мен Абай есімін де, оның өлеңдерін де сәби кезімде бойыма ана сүтімен бірге сінірген болсам керек. Ал өз құлағыммен қашан естігенім, әрине, есімде жоқ. Әйтеуір бір анығы – өзім хат танығанға дейін де бұл есімге құлағым қанық болған.

Абайдың о дүниелік болғанынан бері онша көп уақыт өткен жоқ. Соның өзінде қырдағы ел ішінде ұзатылатын қызыға жасау өзірлегендеге ішіне Абай өлеңдерінің кітабын салу дәстүрге айналған. Соның сәл өзгерген бір түрі ретінде Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев кіші қызына қымбат сыйлық ретінде Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясының мүқабасы күміспен күптелген қос томдығын тарту еткені есімде.

Бұл сыйлықта, өсіресе оның атында, ұлken мағына бар. Әйткені, Абай деген ұғым ұлken сапар, ұзақ жолды білдіреді. Ақын сол сапарда, оған қоса ұзақ сонар әдебиет әлемінде адастырmas бағдар болып табылады.

Н.А.: Ал анау Пушкинге де алып барған сол ма, әлде жол тапқан өзіңіз бе?

М.Қ.-М.: Сол болмағанды ше? Бірінші, екінші класта оқып жүргенде, біз тіпті Пушкиннің атын естімеген кезімізде, Абай жазған Татьянаның хатын құлағымыз шалған. Ал бірақ мен қазақ мектебіне алғаш барған 67 жылғы Абай мен 77 жылы мектеп бітіргендегі Абай екеуі екі басқа адамдар еді. Жоғарыда айтқанымдай, Абай деген үнемі қасында жүретін жолбасшың және өзінді жоғары қарай көтеретін аспалы күймен.

Мектептен кейін Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде тамаша ұстаздар болды. Соның бірі Зейнолла Қабдолов еді. Мұхтар Әуезовтің шәкірті есептелеңтін жарқын тұлға болатын. Оның лекцияларында Абай өр қырынан жарқырай ашылып, философ, ойшил, ағартушы, халықтың көсемі бейнесінде көрінетін.

Ал қазір, арада отыз, жиырма, он жыл өткен кезде мен Абайды одан да басқаша кейіпте көремін. Мен оған жақындаған түскен тәріздімін. Бірақ кәдімгі көкжиек сияқты, сен жақындаған сайын, ол шегініп алыстай береді.

Н.А.: Иә, ол жөнінде біз кейін тағы да әнгімелесеміз.

М.Қ.-М.: Қысқасы, Абай артта, тарихта қалып қойған жоқ, әрдайым алда. Сол қашық жерден ол біздің ойымызды үққандай басын изейді, әлденені ишаратымен білдіреді. Біз соны есіте білуіміз керек.

Мұрат Әуезов:

Менің Абайым да бала күнімде пайда болған. Өмір-баянымының кейбір ерекшеліктеріне байланысты кейбір

айырмашылықтары да болды. “Абай жолын” шамасы жетісегіз жасымда оқи бастадым-ау деймін. Алматыда тұратынбыз. Анам халық жауы ретінде атылып кеткен Илияс Жансүгіровтің әйелі болғандықтан, Меркеге жер аударылып, содан қайтып оралғанда, әкем бізге бір кішкентай үйді сатып өперген. Анам іс тігіп отырғанда мені қасына жайластырып қойып, кітап оқытатын. Үш класты қазақ мектебінде оқыдым да, ана тілін тәп-тәуір білетін едім. Әрине, оқығанымның бәрін түсіндім деп айта алмаймын. Бірақ анамның діттеуі бар, оның үстіне әкемнің: “Алтын балам – Мұратқа...” деп жазып берген кітабын қызық көріп оқи беретін едім.

Н.А.: Сол кітабыңыз қазір бар ма?

М.Ә.: Иә, бар. Осы таяуда ғана, өзімнің архивімді ақтарып отырып тауып алдым. Жүргегім біргүрлі қобалжып кеткен. Шындығында, бұл қыын өмірде көргені көп әкенің әлі есі кіріп болмаған жас баласына табыстаған жай ғана сыйы емес екенін мен енді ғана түсініп жүрмін. Мұхтар Абрарұлының айтқан бір ойын тірілте кетейін. Қыр елінде, былайша айтқанда, рухани ұстаздық деген бір жақсы дәстүр бар. Ол – атадан балаға, баладан келер үрпаққа ауысып отыратын мирасқорлық рәсімі. Онда тек білім-білік қана емес, сонымен бірге ғасырдан ғасырға тарап, жалғасып отыратын дала зиялышының тұқым қуалаған, өнер дарытатын мектебі сияқты бір мағына бар. Сол арқылы атадан балаға тарайтын аманат сияқты белгілі бір дүниетанымның, дүниеге көзқарастың жүйелі жиынтығы болады. Оның негізінде мұсылмандықтың діні, мәдениеті, бүкіл әркениет әлемінің қазыналары жатады. Сонда бұл әкенің балаға көшкен жай ғана сұлбасы емес, үрпақтан үрпаққа тарайтын рухани аманаты болып шығады. Сондықтан тәрбие дегеннің мәні әкенің үрпақ алдындағы мәртебелі борышы болып шығады. Менің әкем осыны жақсы сезінген.

Абай менің өміріме дәл осылай күн көзінің айнаға шағылышқан сөүлесі болып кірген еді. Сондай-ақ, әкемнің Қазақстандағы құғыннан бас сауғалап жүргенде Мәскеуден жіберген тәтті сәлем-сауқатымен бірге әкем арқылы жеткен ақын даусының ырғағы да менің зердемде сақтаулы. “Шырағым, ержетерсін, ержетсөн сірө нетерсін,

алысқа шырқап кетерсін, шыңнан шыңға жетерсін” деген сөздері де құлағыма дәл бүгін айтылғандай естіліп тұрады.

Ал бірақ, дұрысында, Абайдың менің өміріме шындалп кіргені бозбала жігіт кезімізде, Мәскеудің жоғары оқу орындарының қазақ студенттері болып “Жас тұлпар” атты жастар қозғалысын құрған тұсымыз болса керек. Шынтуайтында, біз үшін мықты тұрткі болған нақ осы Абайдың әндері еді. Әлі есімде, бірде Ленин тауларындағы ММУ-дің жатақханасында жиналышп отырғанымызда біреуіміз “Айттым сәлем, қаламқас” пенен “Көзімнің қарасын” шырқап кеп жіберсін. Содан бері қанша жыл өтсе де, әлі ойымнан кетпейді, құрбыларымның көздеріне мөлтілдеп жас келе қалған. Ал сондағы жігіттер мен қыздар босандықты білмейтін, шетінен қайсар жандар еді. Сол есіме түссе әлі күнге дейін жан-жүйем елжіреп қоя береді. Содан былай қарай ешқашан жабылмайтын Абай әлемінің қақпасынан оның өлеңдері мен әндері, оларға жалғаса қара сөздері бірінің сонынан бірі ілесіп келе берді. Сөйтіп ақылойдың биік шының көз алдымыздан бой көтерді.

Қырдағы елімізге жер қозғалғандай бір аласапыран апат төніп келе жатқанын жалаңашталған жүйке жүйемізге құдіретті Абай рухы солай сездірген еді. Бұл тұтас бір өркениеттің болашақ апаты еді. Мен оны жылқы айдаған көшпелі елдің өркениеті деп атадым. Жаңағы дүбір дәл соның қош-кошындай естіліп еді. Оған қатысқан адамдардың өздері де сол дағдарысты кезең тудырған ұлы жыраулар, Құрманғазы, Диналар сияқты арқалы күйшілер, айтқыш ақындар еді. Абай солардың алдында өткен, оның өлеңдерінен төніп келе жатқан сапырылыстың зарлы гөйгөйі естілген, ал қара сөздерінде соның апatty аужайы бейнеленген.

Мен бақсы-балгерлікке ұрынғым келмейді, бірақ кейде маған Абай Алланың бүйрығымен жоғарыдан бізді құтқару үшін келгендей болып көрінеді. XX ғасырдың ауыр апаттарынан – 30-жылдардағы ақсүйек аштықтан, осы таяуда ғана ақынның туған жерінде өткізілген ядролық сынақтардан біржола қырылып кетпей, жарым-жартылай болса да аман қалғанымыз дәл сол Абайдың желеп-жебеуі арқасында мүмкін болған шығар деп те ойлаймын.

Әлбетте, Абайдың өзі де жоқтан бар болып жаралмаған. Оның ар жағында Ресей мен Батыс тұр еді, ал олардан

әріде ұлы парсы, араб жүрттары бар-ды... Иә, мен оны несіне айта берейін, өздерініз де талай жаздыңыздар. Бір өкініштісі – өзге бір жүйе адамдар – Қыр еліне ақыл-ойдың сәулесін әкелген, жазу-сызу дәстүрін таратқан қожамолдалар туралы тым кешеуіл, тым кемшін жазылды. Шындығында, Семей кітапханасында Абай тек Пушкин емес, Хафизді, Гете мен Монтеньді ғана оқыған жоқ, жаңағы адамдарды да танып білді. Оны Шығыстың рухани мұрасымен таныстырған да солар еді ғой.

Н.А.: Faфу етініз, сөзінізді бөлейін. Жоғарыда айттылған отыз отбасының іс-әрекеттерінен шартты түрде болса да сақталып қалған заттық белгілер бар ма еken?

М.Қ.-М.: Бар, бірақ ол кейінірек, XIX-XX ғасырлардың тоғысында ғана пайда бола бастады. Мұның өзі қазақ мәдениетінің тарихында өте жемісті кезең болды. Ол кезде Ресейдің ірі-ірі ғылыми орталықтарында, мұсылмандықтың Қазан, Уфа сияқты ғылыми орталықтарында қазақ тілінде мыңға тарта кітап атаулары жарық көрген. Жаңағы өзініз айтқан заттық белгілер деп нақ сол жанкешті адамдардың тындырған істерін айтуға болар еді. Ол кітаптардың таралымы сегіз-он мыңдап саналатын. Бұл – тіпті біздің қазіргі өлшемдерімізben салыстырғанда да өте көлемді мөлшер.

Сол жылдары, ерсілеу болса да, атымен атап айтайдын, жаңа ағартушылар дейтін бір ағым пайда болған. Араб тілінде “жадид”, “хадим” дейтін екі сөз бар, мағыналары “жаңа”, “ескі” дегенді білдіреді. Солай деп айырым жасаудың өзінде заманалар арасындағы байланыс үзілмейді деген ұғым жатыр. Содан шығарып аталаған “Усули жадид” мектебі төңірегіне өте оқымысты адамдар шоғырланғанды. Өздері Каир, Ыстамбұл, Самарқанд, Бұқара секілді ислам оқуының орталықтарынан білім алғып келген соғылар болатын. Ахмет Ясаудің төл мұрагерлері де солар. Түркістаннан бір кезде Семейге қоныс аударған отыз отбасының бірінен шыққан Жұсіпбек Шайхыисламұлы есімді ағартушының бір өзі қазактың ондаған лиро-эпикалық және діни сипатты дастандарын бастырып шығарған.

Н.А.: Сонда бұл үрдіс сонау орта ғасырлардан із тартқан болды ғой.

М.Қ.-М.: Иә. Сірəғысында солардың ішіндегі ең білімдісі Шәкәрім еді. Айтқандай, ол да, басқалары да орыс тіліне өте жетік болған. Өкінішке қарай, кеңестік дәуірде сол дастандарға тыйым салынған еді, қазіргі “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша олар жаппай жарық көріп жатыр.

Н.А.: Сөйтіп, мәдени өмірге берік кірікті ме олар?

М.Қ.-М.: Қаншалықты берік екенін айта алмаймын. Мен өз басым жиырма шақты діни дастандарды оқып шықтым. Олардан басқа Мәшһүр Жүсіп Қөпейұлының есімін атайды.

Н.А.: Шәкәрімнің тағдырына ол кісі ұрынған жоқ па?

М.Қ.-М.: Қалай деуге болады? Рас, өз ажалынан өлді. Бірақ құғынға ұшыраған кездері бар. Артында қалған мұрасы – он томдық шығармалар жинағы тәуелсіздік кезінде түгелдей жарық көрді.

Оңтүстік Қазақстан жерінде өмір сүрген Шәді Жәңгірұлының мысалын айтайық. Егер сұрыптаң тәртіпке келтірсе, одан да он томдай мұра табылады.

Н.А.: Орысшаға аударылғандары бар ма?

М.-Қ.: Әзірше жоқ.

Н.А.: Жарайды, күтерміз. Ілгері жылжи берейік. Мұрат Мұхтарұлы екеуініздің жолдарының болған екен, Абаймен емін-еркін қатынаста болған ортадан шығыпсыздар. Мұрат Мұхтарұлы тіпті туыстық жағынан да жақын болды ғой. Біз үшін дүниенің бәрі жұмбақ деп Абай сүйген Лермонтовтың өзі айтпады ма. Өзгенің жүргегіндегі құпиясырды ашамын деген адам үлкен қатеге ұрынады. Ал даналардың жұмбағы одан да бетер құпия. Айтқандай-ақ, осы Абайдың тілі тым жұпыны көрінеді. Орысша аудармасында бір шалалық бар ма? Осының себебі неде?

М.Қ.-М.: Қын саул Оған әр адам, әр ұрпақ өзінше жауап береді. Сіздің тілге тиек етіп отырған сауалыныздың төркінін сезіп отырмын.

Жүргегіннің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммың, оны да ойла.

М.Ә.: Бұл жерде екі түрлі мағына бар. Әлде біреулер “мен” деген бірінші жаққа алданып қалар. Енді біреулер “сендерге айтамын” деп екінші жаққа бұрмалайды. Өзінің ішінде үніл деген мағынаға тоқталып қалады.

М.Қ.-М.: Әркімнің жеке түсінігіне келетін болсақ, Абай тұлғасының дүниеге келуінің өзі жұмбақ. Осы жерде бір тылсым бар. Бұл кісі меніреу далада дүниеге келді де, ірі феодалдық отбасында тәрбиеленді. Бұқараада, Самарқандада, Ыстамбұл мен Каирдың бірінде оқып білім алмасада, ислам дініне өте жетік болды. Соның “Отыз сегізінші сөзі” Құранды, сондай-ақ Тораны өте терең білетініне айғақ.

Н.А.: Иә, бұл шынында да жұмбақ екен.

М.Қ.-М.: Оның өлеңдері – қазақ әдебиетінде бұрын айтылмаған мүлде соны сөз. Тамырын тереңге жіберген байырғы ұлттық дәстүрі болмаса, ондай өлеңдер қайдан туады? Оған дейінгі поэзиямызда “шұбыртпалы үйқас”, “қара өлең үйқасы” дейтін екі-ақ түрлі өлең бар еді. Университет былай тұрсын, аты жүйелі мектеп дегенді көрмеген, филологиялық арнаулы білімі жоқ адам “сегіз аяқ”, “алты аяқ” дейтін жаңа өлең нұсқаларын қалайша ойладап тапқан? Қазіргі поэзияда солар үйреншікті үлгілер болып алды.

Н.А.: Иә, бүгін қалыпты үлгі. Ал бірақ кезінде кісі жатырқатар жаңалық болса, Абайдың өзін де қалың ортасына жат етіп көрсетпеді ме екен?

М.Қ.-М.: Фажап емес. Ал енді жаңағы жұмбаққа қайта оралайықшы. Соның үшіншісі – дүниедегі ең қыын тілдер қатарына жататын орыс тілін ол қалайша жетік менгерген? Ол бар болғаны Семейдегі шіркеу қасынан ашылған приход мектебіне үш-ақ ай өз еркімен барып жүрген. Сейте тұрып, орыс тілінің ең бір нәзік тіндерін игерген. Оның қаламынан шыққан Пушкин, Лермонтов шығармаларының аудармасына қазіргі қазақ ақындарының бірде біреуі жете алған жоқ. Содан бері бізде төрт үрпақ ауысты дейік. Сол уақытта ешкімнің Абай дәрежесіне көтеріле алмауында не сыр бар? Бізде Герольд Бельгер дейтін тамаша тәржімашы және аударманың білгір зерттеушісі бар. Соның “Созвучия” (“Үндестіктер”) дейтін кітабын оқып көргенмін. Өзі үш тілді – неміс, орыс, қазақ тілдерін таза менгерген. Сол кісі Абайдың бір аудармасын жіліктей шағып талдайды.

Н.А.: “Горные вершины” деген өлеңді ме?

М.Қ.-М.: Нәзік. Лермонтов нұсқасы – дананың алғыр ақылды мен қанатты шабытынан туған дүние.

Ал Абай болса, неміс тілінен мұлде хабарсыз. Сөйте тұрып, Гете өлеңіндегі Лермонтов байқамаған бір нәзік ерекшелікті Абай қалайша сезіп білген? Фажап! Бельгер осы өлеңді тамаша талдаған береді.

М.Ә.: Не айтары бар, Николай Аркадьевич, сіз бүгін көп олжаға кенелдіңіз.

Н.А.: Аңға шыққанда серікті тандай білетін болғаным ғой.

М.Қ.-М.: Ақыр-соңында төртінші жұмбаққа келейік. Ол мынадай: Абай ғой – Еуропа халықтарының тілін білмеген адам. Сөйте тұрып, шығармаларын оқымаған ойшылдармен, әдебиет майталмандарымен қалай сұхбаттаса алады? Тіпті оқыған күнде де – орысша аудармалары. Ендеше солардың ой-пікірлеріндегі өзге жұрт байқамаған тылсым-тұңғибықтарға қалайша бара алған? Мен бұл жерде Дреперді айтып тұрғаным жоқ, онда жаңағыдай тереңдік жоқ, жазғандары көбінесе физиолог, әуесқой философ аузынан шыққан жайдақ сөздер болып келеді. Ал анау Абай сырттан тіл қатысқан Бокль, Милль тәрізді сұнғыла, ірі энциклопедистер ше? Әрине, Абай да осал емес, ақындығының үстіне Шығыстың ежелгі дәстүрлерін, философия мен математика ғылымдарына өте жетік әл-Фараби, Хафiz сияқты алыптардың дәстүрін қайта тірліткен адам ғой. Бірақ аналар мұсылман дінінің ірі-ірі білім орталықтарының тұлектері болғанда, Абай бір губернияның шегінен шықпаған.

Н.А.: Бәсе, бәсе, менің айтып отырғаным да сол ғой. Бұл кісі адам жанының жайлауларында емін-еркін көшіп, әлем мәдениетінің дарияларында жүзіп жүрген болды.

М.Қ.-М.: Заманаlardың үнсіз тіл қатысқандары. Үнсіз, құпия. Сол “Отыз сегізінші сөзін” алайықшы. Мен оны қайта-қайта оқымын. Адамның рухын көтеріп, жан дүниесіне нәр беретін дүние. Рас, кейде тіпті ерсі, дудемал, қисынсыз пікірлер де айтылып жатады.

Н.А.: Сіз мұнымен не айтпақсыз?

М.Қ.-М.: Кейде мынадай кептер болады. Интернет арқылы әредік бір лақаптар таратылады. Бейне бір мен Қазақстанда әлдеқандай соғылық мектепті басқаратын сияқтымын. Әлдеқандай бір құпия үйымдарда белсене жұмыс істейді екенмін деген тәрізді. Қисынсыз сөздер, әрине. Рас, мен соғылардан қалған мұраны оқыдым.

Бәлкім, мына бір сөзім доғалдау естілер, ал шындығында соғылардікі – оқымысты ислам жолы. Демек, ол – ақиқатқа, Құдайға, Құдайды танып білуге аппаратын жол.

Бір өкініштісі, біздің кешегі атеистік кенес заманында соғылықтың рухани көздері, оның мұсылман мәдениетіндегі рөлі мен маңызы туралы жете зерттелмеді. Бұл тақырыпта аса көрнекті шығыстанушы Евгений Бертельстен өзге бірде-бір адамның жүйелі еңбегін көрген емеспін.

Ал қазір, сол соғылардың тамаша өлеңдері мен терең ойлы даналық сөздері Еуропа тілдеріне аударыла бастағанда, бұл рухани дәстүрдің жақтастары да көбейе түскенін байқаймыз. Соғылық ілімді насиҳаттау бағытында қыруар жұмыс тындырып жүрген адамдардың бірі – ағылшын тілді соғы Ыдырыс Шах. Ол осы саладағы аударма әдебиетті жинақтап, бір жүйеге келтіре жүре, ағылшын тілінде бастырумен нәтижелі түрде шұғылдануда.

Н.А.: Иә, оның еңбектерін мен де білемін, соларға сілтеме жасаған кездерім де бар.

М.Қ.-М.: Қазіргі кезде соғылық шеңберінің үлғая түскені сондай, тіпті онымен шұғылданатын шығыстанушы, дінтанушы, соғылық ілімді зерттеуші мамандардың еңбектерін оқып үлгермейсің. Соңғы бір-екі жылдың ішінде ғана менің қолыма швед оқымыстысы Андре Тордың, Мичиган университетінің профессоры А.Кныштың, Оксфорд профессоры А.Дж.Арберридің, ағылшын шығыстанушысы Дж.Тримингемнің, америкалық философия докторы Линн Вилкокстің кітаптары түсті. Бұл тізімді өрі қарай да соза беруге болар еді.

Осының бәрін мен неге айтып отырмын? Біздің Абайымыз он төрт жасар кезінде жеті бірдей аса көрнекті соғы ақындардың атын тізбелеп өлең жазды емес пе: Физули, Шамси, Сайхали, Науай, Сағди, Фирдоуси, Хафиз ақындардан медет тілейтіні қайда? Демек, солардың айтары да, шығармалары да Абай үшін жарық жүлдьыздай, ақындық шабыттың қайнар көзіндегі көрінген. Міне осыдан келіп Абай және суфизм деген тың зерттеу тақырыбы туындейды. Бірақ бұл – өз алдына дербес мәселе.

Қайталап айтайын, Абай Еуропа тілдерін білмегенімен, араб-парсы тілдеріне жетік болған. Бірақ ол тілдегілердің

бәрін талғаусыз оқи бермеген. Ал осының өзі тағы бір жұмбақ. Ұлы соғылардың ой-пікірлерін ол дамытып қана қоймаған. Кейбір өлең жолдарын, үзінді пікірлерін айнаңтай қайталап отырады. Қысқасы, тағы да пысықтап айтайын, ақыл-ой алыштары замандар мен жер қашықтығына қарамай, үндесіп-тілдесіп отырған.

Н.А.: Ендігі кезек – сіздікі, Мұрат Мұхтарұлы. Бұл жұмбақ туралы не айтасыз?

М.Ә.: Менің ойымша, Абай өзін тылсымға айналдырмакшы емес еді. Мұхтар Абраұлымен келісемін: “Мен сендерге жұмбақпын” деген сөздің жаны бар. Абай өуелі солай деп алады да, сонсоң мен “жұмбақ адаммын” дейді. Онысы да түсінікті. Өзінің арқалаған жүгін – халқын болашақ ғасырлардың сынына өзір ету міндеттін айқын сезінгендікten де Абай өзін түсінетін адамдардың неғұрлым көп болуын аңсады. Мен қателеспесем, суфизмде “пасаруф” деген бір ұғым бар. Оның мәнісі – болашақ буынның жүргегі мен санасын билеп алу деген сөз. Соған орай, поэзияда да, ой ырғактарында да осы ұлы міндетті атқарудың ерекше амал-тәсілдері пайдаланылады. Абай, бәлкім, осыны түйсікпен болса да, ішінара саналы түрде де өз өлеңдерінде, өсіреле философиялық сөздерінде пайдаланып отырған. Былайша айтқанда, ол әртүрлі әдістерді қолданады, адамның ақыл-сезіміне өсер етудің әрқылы амал-тәсілдерін іздестіреді. Ақыл-ойдың Абай сепкен дәндөрі тез арада тамыр тартып отырған да, ғасырлар тоғысының өзінде-ақ қазақ зиялыштарының тамаша бір шоғыры пайда болған.

Әрине, тарихтың халықтар тағдырында өгейлік білдіретін кездері де болады....

Н.А.: “Болады” ғана ма? Меніңше, ол қашанда өгей. Тарихы жоқ халықтар бақытты деген сөз бекер айтыймаған. Бірақ сол тарихы жоқ халықтар қайда екен?

М.Ә.: Атап айтсак, XX ғасыр біздің қазақты мықтап тұрып сілкіледі. Абай соны көрегендікпен білген де, қайталап айтайын, отандастарын соған өзірлеп кеткен. Міне, осы орайда алдымыздан тағы бір жұмбақ шығады: сонда деймін-ау, алдағы болар апатты, дүние түйсігінің қайғы-қасіретін және де сол болашақ заманды қолмен тұрғызуудың мүмкіндігін бір өзінің бойына қалай сый-ғызған? Бұл арада бір ғана нақты тарихи болмысты емес, бүкіл адамзат әлемін түгел алып ойға қаласын.

Н.А.: Дегенмен, әлгі нақтысы туралы айтсақ ше? Айталық, сол болашақ қазірдің өзінде орнаған екен, бірақ ол ойлағандай жарқын болмапты: шаттық өні шырқалып жатса да, ол әу бастан-ақ қара түнегін ала келіпті. Ал қазір түпсіз тұнғиыққа батып кеткен кеңестік заманның тамтығы орнына жаңа өмір құрылып жатыр. Құдай жарылқап, сол болашақ ақылға сыйымды тұрде дүп-дұрыс жасалсын да, ел-жүртқа қамсыз-қайғысыз өмір сүретін жағдай тусын. Сонда менің білгім келетіні, қайталап айтпайын, жаңа мекен-жайдың құрылысына Абай қай мөлшерде қатыса алар еді? Басқаша айтқанда, сол жаңа тұрмысқа қазақтар қаншалықты жақындал келді?

М.Ә.: Сіз бір сөзінізде Мұхтар Абрауұлы екеуміздің жолымыз болған деп едіңіз. Солай да шығар. Ал бірақ Абай – барша қазақтың игілігі, сондықтан оның мұрасын сақтай білген адамдардың бәріне бас ию керек. Бәлкім, мұны жұрт түгел түсіне бермес, бірақ қазақ атаулының бәрі сезетіні көміл. Абай біздің тіршілігімізben айырғысыз біртұтас. Одан да асырып айтсақ, ол біздің өмірімізді қалыптастырыды, сіздің сұрағыныздың тікелей жауабы – ол әлі де соны қалыптастырып жатыр.

Абайды кең тынысты, айдын шалқар дастан дерсін. Одан әркім өзіне керегін алады. Асқар тауды екінің бірі өз көшіне тиеп, біржола көтеріп өкете алмайды, әкетпек түгіл оған түп-түгел көз жеткізе де алмас. Бірақ оның өлеңін алады, енді біреуі аталы сөздерін пайдаланады, үшіншісі ұлағатты ілімін игереді, төртінші біреулер иманына үйиды.

М.Қ.-М.: Біз әрдайым оның жаңа қырларын жарқырата ашамыз, сөздеріне мұлгиміз. Бір ғана мысал келтірейін. Оның –Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” дейтін ғылыми очеркі бар. Онда “қазақ” деген атаудың өзі қайдан шыққанын діттей келіп, халқымыздың бүкіл өсіп-өну тарихына талдау жасайды. Қара сөздері, рас, онша көп емес. Бірақ сөз болғанда қандай-ау! Сонау XIX ғасырдың аяқ кезінде Абай қыруар тарихи фактілерді ғылыми айналымға енгізген. Зерттеушілеріміз соларды ой жүзінде енді ғана игеріп жатыр. Байқайсыз ба?

Н.А.: Иә, ғасырдан астам бұрынғы кеше ғана болған іс емес қой.

М.Қ.-М.: Ал ол зерттеушілеріміз – тамаша мамандар, байсалды біліктілер, жоғарыда айтқанымыздай, өңкей университет бітірген, араб, парсы, қытай тілдеріне жетік адамдар.

Демек, Абай бұл тұста рухтың ғана емес, білім-парасаттың да жолашары болып көрінеді. Біз оған әрдайым қуып жетсек дейміз де, сол сапарда өзімізді де ашып, жаңғыртып, толықтырып отырамыз.

Н.А.: Нәтінде, Абай үнемі толысып, қалыптаса беретін тұлға болды ғой. Солай ма? Айтқандай-ақ, сіздердің бірегей асыл тұлға Абай жөніндегі сөздерінізді тыңдал отырғанда маған бір ой келеді. Сіздердің данышпандарының Шекспир сияқты неше түрлі алып-қашпа сөздердің құрбаны болмаған екен. Ал шынтуайтына келгенде, олардың екеуі де ұқсас ортадан шығып, атақты болған ғой. Анау да – провинциялық шаруаның баласы. Сөйте тұрып, мәнгі өлмейтін сахналық шығармалар мен маржандай сұлу өлең жолдарын туғызған. Ал Бэконның немесе, айталық, граф Саутгемптонның жөні бір басқа.

М.Қ.-М.: Шолохов жөнінде де соны айтуға болар еді.

Н.А.: Жок, қайткенмен де тұлғалары әртүрлі, оның үстіне Шолохов деген өз замандасымыз ғой, оның ақиқатына жету оңай. Бірақ, әрілеп келгенде, бұл жерде де бір ілгешектер бар. Жә, бұл жөні бөлек әңгіме. Оған көніліміз алаң болмасын. Енді Мұрат Мұхтарұлы көтерген мәселеге: Абай және қазақ зияллыарының алғашқы үрпағы жайына келейік. Сіздер қалай ойлайсыздар, сол Алашорда көсемдері мен Абайдың арасында іштей туыстық болды ма? Уақыт жағынан олар Абайға өте жақын тұр, кейбіреулері тұстас та болды. Соларда мезгіл жағынан ғана емес, рухани жағынан да байланыс бар ма еді? Алашылар өздерінің ақыл-ой қызметінде, қазақтың ұлттық мемлекетін құру жөніндегі практикалық істерінде Абайдың мұрасына, оның ақындық қана емес, философиялық құндылықтарына да саналы түрде сүйенді ме, әлде олары жай ғана стихиялық машық қана ма еді?

М.Қ.-М.: Бұл – қын да күрделі мәселе, оған аз сөзben жауап бере алмайсың. Дегенмен, ықшамдал айтсақ, ол былай: алашордашылар, кем дегенде олардың басым көпшілігі тікелей Абайдың қанаты астында есті, сонымен ортақ бір аудан тыныстады. Мысалы, Жақып Ақбаев

Абай ауылына жақын маңда дүниеге келді. Әлімхан Ермеков те Қарқаралы өнірінен. Абай шығармалары ол кезде әлі жарық көрмеген, бірақ атағы бүкіл Қыр елінде дүрілдеп тұрды. Жақын маңындағыларға өсіресе етене болды. Демек, бүкіл ел болып Абай мектебінен дәріс алды десе болады. Ал енді оқымады дегенге келсек... Қыр елінде жазба сөзден гөрі ауызша сөз өтімдірек келеді және ол кезде қазақтың бәрі бірдей хат танымайды (ал орыс тілін білетіндері он пайызы да жетпейді).

Әрине, әңгіме жер жағдайының алыс-жақындығында емес. Абай Әлихан Бекейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Жұсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың рухани және ақыл-парасаттық жағынан қалыптасуына орасан зор ықпал етті. Ал Мағжан Жұмабаев жалпы Абайдың тікелей мирасқоры, оның ақындық мектебін ары қарай жалғастыруши болған. Әлихан – Абай мұрасын алғаш рет кітап етіп бастырган адам. Мен Алашорда тарихымен көп шұғылданым, сондықтан...

Н.А.: Соны білгендіктен сұрап отырмын.

М.Қ-М.: Сеніммен былай деп айта аламын: Абай поэзиясы, оның “Фақлия сөздері”, бүкіл өмірі, өсиеттері алашшылар үшін шамшырақ, бағдаршам секілді болды. Бұл арада тікелей үндестіктің көптігі сондай, құдды олар Ұстазының дауыстап айтқан сөздерін тікелей қағазға түсіріп отырғандай өсер береді.

Кеңес идеологтары алашордашыларды буржуазиялық ұлтшылдар, ғасыр идеяларына жат көрсоқырлар деп айыптады, тақпаған кінәлары жоқ. Сорақылық! Керісінше, олар томаға түйіктықça мүлде жат, көздері ашық, оқыған адамдар еді. Ұлттық оқшаулықты да білмейтін. Мен оларды өз заманының жиынтықты, әмбебап Шоқаны деп атар едім. Ә.Бекейханов Санкт-Петербургтің орман-техникалық институтын, Ж.Ақбаев, М.Шоқай, Р.Мөрсековтер – Санкт-Петербург университетінің заң факультетін, М.Тынышбаев – Санкт-Петербургтегі транспорт инженерлері институтын, Х.Досмұхамбетов – сондағы әскери-медицина академиясын, Ә.Ермеков – Томскі технология университетін, Х.Фаббасов – Мәскеу мемлекеттік университетін, С.Аманжолов, А.Бірімжанов, Ү.Танашевтер – Қазан университетінің заң факультетін

бітірген. Осы топтағы ең жасы кішісі Молданияз Бекімов – Қазандағы юнкерлер училищесінің түлегі. Айтқандай-ақ, ол Пушкиннің “Капитан қызын” ең бірінші болып аударған. Езілген отар аймақтан шыққан осынау жас романтиктер ағартушылық арманның жетегімен Ресейдің басты-басты қалаларына барып, Ресей мен Еуропаның мәдениетінен сусындаған, солардың тілін үйренген. Олар туған даланың шынайы патриоттары еді...

М.Ә.: Осы орайда тағы бір сөз: біздің қазіргі мекендең отырған жерлеріміз – нақ сол алашшылардың арқасында қол жеткен олжамыз. Өте білімді оқығандарымыз Қазақстан құні бүгінгі шекарада өмір сүргенін даусыз деректермен дәлелдеп, қорғап қалды. Ұлттың тарихындағы олардың тындырған ұлы істерін тубегейлі бағалау алдағы болашақтың міндегі деп ойлаймын.

М.Қ.-М.: ...Сонымен бірге олар орыстың да патриоттары болды. Бірақ орыстың оқуын оқып, елге қайтқанда олардың көргені не еді? Олардың көргені – жергілікті топас шенеуніктердің зорлық-зомбылықтары, жергілікті халықты “бұратана” деп қорлауы болды. Олар тіпті өздерінің бойындағы білімдерін де іске асыра алмады. Ондай жағдайда Ресей мемлекетінің азаматымыз деп айтуға да ауыздары бармады, бойларына сінген орыс патриоты деген сезімдері де аяқсыз қалды. Осы жайттер “Абай жолы” романының эпизодтарында тамаша көрсетілген. Оның ұлы Әбдірахман Михайлов артиллерия училищесін бітіріп, Петербургтен елге қайтқанда халі мүшкіл болған.

Н.А.: Расты рас деу керек. Жақынды жатқа айналдыруға келгенде шеберміз ғой. Ондай “өнерге” жетілгенбіз.

М.Қ-М.: Жақып Ақбаев ныспысын үшінші рет атайдын. Оның магистрлік жұмысына жетекшілік еткен өзге емес, Санкт-Петербург Императорлық университетінің ректоры Адольф Христианович Гольстеннің нақ өзі болған. Енді ойлап қараңыз – аспан әлеміндегі олимптен түсіп, орасан зор Империяның қараңғы бір шет аймағынан келген жігітке жолдама беретін сол екен: жігітім, сіздің болашағыңыз тәуір екен, – дейді. Айтқандай-ақ, Ақбаев қазақтардың отбасылық-некелік праволары жөніндегі магистрлік жұмысын тамаша қорғап шығады да, құстай ұшып еліне қайтады. Бірақ, амал не, жоғарыда айтқанымдай, бұл жерде

ол ешкімге қажет болмай шығады. Бұдан 5 жыл бұрын, Петербургке аттанған кездегі қорлықты қайыра бастаң кешеді.

17-жылдың төңкерісі бүрк еткенде Ақбаев та, оның жолдастары да қызылдар мен ақтардың ешқайсысын жақтамайды. Біреулер анық түсінген шығар, кейбіреулер, бәлкім түйсікпен сезінген шығар, ақтар мен қызылдардың қай-қайсысына да ұлттық мәдениет тағдыры қажет болмай шықты. Екі жақтың да басшылары өздерінің тар өрісті мұдделерін бетке ұстап шықты. Ал мұның өзі туған үйдің түңлігін кескілеп, біржола талқандаумен бірдей еді.

Оның үстіне алашордашылар психологиялық сипатты тағы бір қыыншылыққа тап болды. Әрине, олардың бәрі бірдей Қыр елінде сый-құрметке ие бола қоймаған, отандастарының өздері де оларға әртүрлі пиғыл білдіріп еді. Біреулер бұл адамдарды дінсіз, орысшыл, ұлы державашыл, орыс идеяларын таратушы деп қабылдаса, енді біреулері елге батыстың өмір салтын тықпалайтын, батыстың құндылықтарын, соның философиясы мен мәдениетін таратушылар деп білді.

Осындай төтенше қыын жағдайда алашордашыларға әлдебір даусыз бедел, ықпалды есім, барлық қазақтарға, олардың оқығандары мен шала сауаттыларына да, байлары мен кедейлеріне де бірдей ұфымды нысан керек болды.

Ондай өтімді бедел Абай еді.

Сөз жоқ, ол – өздерінікі, осы өлкеде, мына адамдардың арасында тұрады, солардың жанды сыздатқан дерті еді.

Ал сонымен бірге Абай Шығыстың ұлы поэзиясы мен философиялық білім-ұфымдарының мұрагері болатын.

Ол – Ресейдің азаматы, ен таңдаулы орыс ақындарының аудармашысы. Мұндағы отаршыл әкімшіліктің надан шенеуніктерінен халыққа әлдеқайда жақын тұрған адам.

Және сонымен бірге ол – Батыстың адамы, соның классиктерінің сұхбаттас әріптесі. Ал мына шенеуніктер оның аты-жөнін тіпті естіп көрмеген.

Қысқасын айтқанда, бір өзінің бойына бүкіл өлемді сыйғызған қуатты тұлға, ал оны алашшылар да туған даланың қадірлі бір бөлшегі деп үқты.

Сондықтан да олардың бұл таңдауы өте дәл, қапысыз дұрыс еді, Абай әлі де ұзағырақ өмір сүрген болса, сөзсіз

Алашорда съезінің және жалпы осы қозғалыстың белсенді мүшесі болып шығар еді (өйткені оның балалары да соған косылып, сол үшін әсіресе Тұрағұл қатты қуғынға ұшыраған). 1917 жылдан кейін оның атымен журнал шыға бастағаны тегін емес-ті. Оны сол кездегі Алашорданың ірі екі санағері, жап-жас Мұхтар Әуезов пен Жұсіпбек Аймауытов басқарып шыққан.

Жалпы айтқанда, Абай мен Алаш егіз деп айтартықтай, бір-біріне өте жақын ұғымдар.

М.Ә.: Осынау шабытты сөздерге менің косып-аларым шамалы.

Тек бір аз ғана сөздерді қосайын, менің ойымша, алашшылар Абаймен екі мәрте кездескен. Біріншісін шамамен екі ғасырдың тоғысқан кезі деуге болар еді: ол кезде олар Абайдың өлеңдерімен, әндерімен тікелей жаңасты, бейнетқор уағызышының бүкіл өміріне таяу келді. Солар арқылы бүкіл Қыр елі Абай айткан ұранға үн қосты, Абай құштарлығын, әсіресе оның ғылым-білімге құштарлығын өз бойларына сінірді. Жәдитшілердің рухани мұрагері болған Абай жұртқа адамгершілік тәрбие берудегі, олардың дүниеге көзқарасын қалыптастырудың ғылым-білімнің атқаратын рөлін өзгелерден артық түсінді.

Екі ғасырдың тоғысында тіпті шаруалары қонторғай қазақтардың өздері де тын-тебендеп қаражат жинап, балаларын оқуға берді. Жасөспірім үрпақтарға арналып бүкіл Жетісу өлкесінде, Торғай облысында мектептер ашылды. Осы тұста алашшылар Абай идеяларының таратушылары ретінде бой көрсетті. Осындай себеп-салдарлы байланыс, Мұхтар Абрарұлы айтқандай, көзге көш жерден көрінетін еді.

Екінші кездесу қозғалыс талқандалғаннан кейін болды. Совет әкіметі саяси партия ретіндегі Алашорданың талап-тілектерін су сепкендей басты. Оның басшылары енді Ташкентке жиналып, сол басқосуда алдағы іс-қимылдың тактикасы белгіленді, осындай қыын-қыстай жағдайда не істеу керек? Бұл сұраққа жауап ретінде ағартушылық идеялары қайтадан алдыңғы орынға шыкты, оны әсіресе Ахмет Байтұрсынов қызу қорғады. Қайтадан дейтініміз, менің жоғарыда айтқанымдай, алашшылар жұмысты алғашында осыдан бастаған, саясатқа содан кейін көшкен. Осы заңдылық болып көрінген. Өйткені, қызу қимыл мен

батыл шабуылдың адамдары ең алдымен отандастарын болашақ айқастарға әзірлеуге тиіс болды. Міне енді жарқын армандар мен үкілі үміттер күл-талқан болған кезде шұғыл шабуылдың сәті болмайтын. Сондықтан олар өздерін-өздері тежеп, күш-куаттарын сақтауға, байыпты ағарту жұмыстарын жандандыруға тиіс болды. Оған керекті оқу-құралдар туралы, тілді менгеру, қазақтың ана тіліндегі әдебиетті дамыту істеріне бет бүрдь.

Әрине, бұл істе Абай тағы да ақылшы және көшбасшы болуға тиіс еді. Бұл тұста тағы да деудің және реті жоқ, ейткені бұл әрқашанда солай болатын және солай болып қала бермек. Сонда мирасқорлықтың мынадай тізбегі жасалар еді: Абай мен Алашорда, содан кейін біз және бізден кейінгілер.

М.Қ.-М.: Мен және бір-екі сөз қосайын. Біздің есімізде Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков өкіметтен кешірім сұрап, “Мәлімдеме” дейтін бірдене жазды дейтін қауесет бар ғой...

Н.А.: Менің Мұхтар Әуезов жөніндегі кітабымда жазғанымдай, райдан қайтты деген бұл сөзде жай бір рәсімдік қана сипат болған. Тіпті театр көрінісі десе де болғандай. Ол қойылымға екі жақ бірдей қатынасқан: “күнәлілдер” мұләйімсіп, төстерін ұрса, қазылар соған сендік деген рай танытады.

М.Қ.-М.: Мейлі, солай-ақ болсын, менің қазіргі айтпағым басқа нәрсе. “Мәлімдемеде” “буржуазиялық-ұлтшылдық” қателер дейтін бір сөздер бар. Бұл тегінде Ермековке қатысты болса керек, ейткені ол Томскіде оқып жүргенде, бір кездегі Шоқанның досы – Григорий Потаниннің беделі күшті болған. Сол алпысыншы жылдардағы революционерлердің бірі еді. Ермеков сонымен бірге Потаниннің досы, диссиденттік көзқарасы бар Николай Ядринцев деген тағы бір кісінің атын атайды. Ермеков тура былай деп жазады: Біз Ядринцевтің “Отар ретіндегі Сібір” деген кітабымен тәрбиеленіп жүрдік. Сонда ол кімнің отары? Әлбетте, Ресей империясының отары. Міне, біз сол отаршылдық саясатқа қарсы құрестік, дейді “Мәлімдеменің” авторлары, себебі, біздің ойымызша, жаңа өкімет оған қарсы батыл қүресе алмай отырған секілді көрінді. Ал осы қүрестің буржуазиялық ұлтшылдық бұрылышқа түсіп кетуі мүмкін еді. Тегінде, бұл жерде

мынадай тұспал бар: біз қателестік, бірақ бұл ақ ниеттен туған қателесу еді.

Н.А.: Жарайды, сүм заман тудырған бұл ойындар мен тұспалдарды қоя тұрайық. Олар өз заманымен бірге кеткен болар. Одан гөрі қымбатыраққа тұсken қазіргі өмірге оралайықшы. Оның да өз дерттері мен шешілменген мәселелері бар ғой.

Сіздердің біреулеріңіз бейнелі түрде болса да Абай қазақтарды құтқару үшін жіберілген деген бір пікір айттыңыздар, онсыз дүниежүзілік бұрқасында олар халық ретінде жоғалып кетуі ықтимал еді деген емеурін білдірдіңіздер. Сол орайда Толстойдың әркім өзінің өзіндігін сақтауға тиіс деген сөзін тілге тиек етті. Екінші біреуіңіз Абайды патриарх, ұлттық пайғамбар, тұтас бір халықтың көсемі деп атадыңыздар.

Әдемі-ақ сөздер! Бірақ сол патриарх өз отандастарына тым аяусыз, қatal болған ғой. Ашығын айтсам, мен өз халқына мұншалықты ашы, мұншалықты кекті сөздер айтқанды біле бермеймін. Абайдың қазақтар жөніндегі қаталдығына қарағанда, орыстың Чаадаевы әлдекайда мейірбан көрінетін сияқты.

Бұл ойымның қаншалықты өділ екенін білмеймін, бірақ мынадай бір сауал қойғым келеді:

Біріншіден, бұл сияқты иіні қатты өзара сынды Абайдың өз замандастары қалай қабылдады екен? Жандарына тиген-ақ шығар, сондықтан сұрақты басқаша қояйын: ақын мен бұқара халықтың арасына шіркеу болған осы емес пе екен, “жұмбақтың” шешімін қындалып тұрған да осы жайт емес пе еді?

Екінші сұрақ. Қабірдің құлпытасындағы зілмауыр осы кінәға Абайдың емес, біздің өз замандастарымыз қалай қарайды? Интернетті аралап отырып, бірде осы мәселенің егжей-тегжейлі жазылғанын көрдім. Интернет желісінде осы жайт тіпті кеңінен қозғалыпты. Оған қатысуышылар – үш қазақ. Сөз саптауларына қарағанда, сөз сайыс секілді, бірақ жалпы әңгіме сарындарында ортақ бір ашу-ыза бар сияқты.– Осы Абай ылғида бізге неге тиісе береді, дүниедегі ең сорлы халық біз болыппыз ба?” дегендей.

Осыған сіздер қалай қарайсыздар?

М.Қ.-М.: Мұндай жағдайға мен де ұшырасқанмын. Немене, дейді олар, дүниенің қоры біз бе екенбіз? Ылғи

бізді жерлейді, ал орыстарда кемшілік жоқ па еken? Англосакстерде ше? Еврейлерде ше? Көзге шыққан сүйел біз болыпты ба?

Н.А.: Бәсе-бәсе, сол неліктен?

М.Қ.-М.: Менің ойымша, бұл мейлінше үстірт сұрақтар. Олар сол адамдардың Абайды тұсінбегендігін көрсетеді. Яғни олар Абайды дұрыс оқи алмаған. Мен бірде оны үлттың әкесі дедім. Балаларын әкеден артық кім біледі, сіздер айтасыздар ғой: –Балам, ішкілікке әуес болма, есірткіден аулақ жүр, жаман әдетке бой үйретпе, – дейсіздер ғой. Абайда да сол, оның балалары – тұтас халқы. Сондықтан ол әлемде өз халқы жөнінде жаман атақ тарап кетпесін деп әлгіндей теріс қылықтардан, жөнсіз ойлардан сақтандырады. Абайдың философиялық-педагогикалық сарында бір керемет өлеңі бар. Онда ақын дүниені бір-біріне қарама-қарсы: жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, қадір-қасиет пен жаман мінездер және т.б. туралы айтады. Қазақ тілінде ол өлең мынадай болып келеді:

Өсек, өтірік, мақтаншаш,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеніз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеніз.

Қысқасы, бес жақсы қасиетті әлдиле, дамыт, ал бес теріс мінезден арыл.

Ал олай болса, дананың сол өсиетіне адал болайық, құлқілі жағдайға ұшырап, балаларша торсыып жүрмейік. Абай осы мәселеде де бізге үлкен дәріс беріп отыр. Өз басының кемшіліктерін де ол жасырмай айтқан: “Ат шаба алмас мінімнен” деуі сондықтан.

Н.А.: Сіздің айтқаныңыз дұрыс, Абайдың сөзі, ең алдымен өзара сынға жатады.

М.Қ.-М.: Бұдан өзгеше бір жайт – бізде қазағы бар, қазақ емесі бар, нигилистер пайда болды. Олар Абайдың атын саудаға салып, өздерін өздері соракылықпен соққылауды дәреже көреді. Ондайларға менің айтарым: “Қазақтарды осынша ғайбаттауға қандай қақыларын бар? Абайды ауызға алмас бұрын дұрыстап оқып алындар, сонсон әкенің істегенін баласы істемес болар” – деймін.

Бір тәуірі – бұл сияқты өзін-өзі өспеттеушілер де, өзін-өзі даттаушылар да көп емес.

Мұса пайғамбар өзінің халқын неге қырық жыл бойы қу медиен шөлде қаңғыртып жүрді. Сондағы оның мақсаты құлдық сана мен құлдық әдеттерден ада жаңа буын өсіру болатын.

Бізде де қазір сондай жаңа үрпақ өсіп қалыптасты: оқыған, жан-жақты білімі бар жандар. Бұрындары біздің жастар Гарвард университетінің атын ғана естуші еді. Қазір Қазақстанда соны бітіріп келіп, еңбек етіп жүрген жүздеген жастар бар. Тіпті олар өздерінің клубын да үйымдастырып алған. Бұл жерде Президентіміздің “Болашақ” бағдарламасын айтпаса да болар еді, бірақ сол бойынша дүние жүзінің университеттерінде бес мындан жастарымыз оқып жүргенін несіне жасырамыз! Ал мемлекеттің көмегіне мүқтаж болмайтын ауқатты адамдардың қатары да жеткілікті. Бұл жайында біз Мұрат Мұхтарұлымен жақында ғана әңгімелескенбіз. Ал сондағы оқымысты жастар Абай сөздерін үлкен жауапкершілікпен саналы түрде, әке сезіндегі қастерлеп қабылдайды.

Н.А.: Бұл жерде әңгіменің барысына қарай кейір дәлдіктер қажет болатын сияқты. Бірақ, алдымен Мұрат Мұхтарұлының сезін тыңдалап көрейік, бәлкім, сол әңгімeden менің сұрақтарымда жауап табылып қалар.

М.Ә.: Байқайсыздар ма, бұгін мен өзімді екінші қатардағы аңшылардай сезініп отырмын.

Н.А.: Олай болса, бұл – әңгімеміздің бастаушысы ретіндегі менің қателігім. Кешірім өтінемін, қабыл алыңыз.

М.Ә.: Жок-а, бәрі дұрыс. Сірә, бұл сияқты сұхбатқа менің ұқыптырақ дайындалуым керек екен. Дегенмен, сын, өзара сын ретінде тағы бірденелер айтқым келеді. Қыр елінде бұл жаңалық емес, тіпті, мен айттар едім, бұл бағытта “Дүшпан құлдіріп айтады, дос жылатып айтады” деген мақал да бар.

Н.А.: Сонда мұның мәнісі не болмақ?

М.Ә.: Мұхтар Абрарұлы дұрыс айтады, мақалды басқа тілге аудара бастасаң әрі кетіп, дәлдігі бұзылады. Әлгіндей мақалды Қыр еліндегі адамдар арасында қалыптасқан ашықтықтың белгісі деп ұғынған жөн.

Абай – этносты құрастыруышы тұлға. Тарихи-географиялық және геосаясаттық ұғым ретінде қалыптасадан бұрын

қазақ ұлты рухани бірлік ретінде үйысты. Абайдың бұл істе баға жетпес еңбегі бар еді, Алашорда адамдары соның тікелей мирасқоры болып шықты. Сондықтан, қазақ ұлт болып қалыптасып үлгерді деген қағидаға құдікпен қарайтын адамдарға айттар бір ақылым: Абайдың бүкіл мұрасын тұтас күйінде алып оқындар, содан барлық сұраққа жауап табасындар, дер едім.

Абай – әртүрлі ру-тайпалардан бір ұлтты біріктіріп жасаған нағыз шебер. Сондықтан сол перзенті мінсіз болсын деп қамқорлық білдірсе, оған таңырқайтын не бар? Артық-тыртық жерлері болса, оны бүтінде, тігісін жазып жіберудің не айыбы болмақ?

Н.А.: Жарайды, бәрі түсінікті. Дәлірегін айтсак, сіздің жалпы тұғырыңыз түсінікті: қазақтардың қазіргі үрпағы бұдан жүз жыл бұрын айтылған Абай сөздеріне түгелдей бас шұлғып, қол қояды екен. Жылдар бедерінде беделі кетпеген аталы сөздерге бүгінде құлақ қойып жатса, оған сүйіну керек. Тамаша-ақ. Бірақ, сіздер ренжіменіздер, мені әлі де бір нәрселер алаңдатады. Мен осы жердегі газеттерді оқығанда, қазақтардың ұлттық қасиеті жөнінде, отаншылдық жөнінде айтылған басылымдарға назар тоқтатамын. Соның рухы жөнінде сөз болады. Бәрі дұрыс, солай болуы керек. Рухы мен санасында егемендік болмаса, мемлекеттік егемендік те жай бір жалған нәрсе болып шығады. Бірақ, менің түсінуімше, осындай мақалаларда ұлттық байырғылық жөніндегі сөз жарыстырулар естіледі. Олардың естілмеуі мүмкін де емес. Бірақ мұндай жерде бір нәзік шекара бар. Отаншылдық деген ұғым кейде құбыжыққа, ұлттық өзімшілдікке айналып кетуі ықтимал. Менің байқауымша, сол шекара кейде бұзылып кете береді, әрине, мұндай сөздерде Абай аты аталмайды, аталуы да мүмкін емес. Ұлттық байырғылық туралы ой толғағанда Пушкиннің “Ақын” деген өлеңін еске алмасқа болмайды. Баланың ойынына елігіп жүргенде әкениң беделіне дақ түспеуі керек. Бұл жерде жанама кінәлар айтыла ма, әлде бұрмаланған ойдың елесі ме? Әрине, газет мақалаларына сілтеме жасау ыңғайсыз. Біз Мұрат Мұхтарұлы екеуміз кеше ғана Қызылорда университетінің профессорларымен, студенттерімен кездестік. Сонда Қазақстанда орыс тілінің тұғыры әлсіреп бара жатқаны жайында ашық айтылды. Жастар табиғи салтымызға

айналған қостілділікten бас тартатындаі көрінеді. Осы саладағы жағдай бұлтсыз аспандай ашық қүйде ме?

М.Қ.-М.: Әрине, жағдай дәл ондай болмас. Сіз сілтеме жасаған газет материалдарында шындықтан гөрі саясат-шылдық, анық жалғандық болуы мүмкін. Біздің кейбір жалған отаншылдар қазақ тілін қорғау керек деп дауыстары қарлыққанша айқайлап жатады. Сонда қазақтың тілін, мәдениетін кімнен қорғау керек?! Ондай жалған отаншылдардың балалары орыс мектебіне барады, өздері қазақ жазушыларының шығармаларын оқымайды. Өйткені, ана тілін өздері білмейді. Ал енді орыс тіліне келетін болсақ, Абай – тұмысында Шығыс адамы. Алған білімі, тәрбиесі, бүкіл түп тамыры дәл сондай шығыстық, сөйте тұра өз замандастары арасында орыс тілі мен әдебиетінің маңызы туралы шегелеп тұрып айтқан адам – жалғыз Абай. Оның айтуынша, қазақтарды дүниежүзілік мәдениеттің кең айдынына алып шығатын көпір – сол

Менің ойымша, бұл сөздер естір құлаққа жеткен. Кім не айтса да Қазақстандағы орыс тілінің жайы, менің ойымша, тіпті де жаман емес. Бұрынғы Одақтың басқа республикаларының бірде-бірінде біздегідей кеңшілік жоқ сияқты. Бұрын бізде небәрі үш қана теледидар арнасы болатын. Соның бірі “Алатау” хабарды Қытай мен Қазақстанға, “Қазақстан” арнасы жартылай қазақша, жартылай орысша, ал Орталық теледидар тек қана орыс тілінде жүргізеді. Ендеше, бұл арада қандай әңгіме болуы мүмкін.

Менің өз отбасымды алып қараңыздар. Екі үлкен қызым қазақ мектебін бітірді, бірақ өзара орысша сөйлеседі. Одан кейінгі қыздарым Айжан мен Дидарап – олар да қазақ мектебінде оқиды, ал үйге келгенде орысша сөйлесіп отырады.

Н.А.: Сіз осыған қынжылмайсыз ба?

М.Қ.-М.: Әрине, қынжыламын. Менің ойымша, Қазақстанның әрбір азаматы, ал жергілікті қазақтар одан да бетер, ұлттың өз тілін білуге тиіс. Бұл жерде ешқандай қайшылық жоқ. Ал орыс тілінен бас тарту деген – барып тұрған ессіздік, оған бізде ешқашан жол берілмейді. Сірә, Мұрат Мұхтарұлы екеуміз қазақтың мақал-мәтелдерін көп айттып, сізді мезі қылған болармыз. Бірақ мынадай бір сөз

және бар: “Неше тіл білдің, сонша өмір сүрдін” деген. Оның мәнісі неше тілді менгерсөн, сонша өмір сүресін дегенді білдіреді.

Н.А.: Тіл үйретін мәтел екен!

М.Қ.-М.: Осыдан он бес жыл бұрын, тәуелсіздікке қолымыз жеткен кезде, біреулер айтып жүрді, бес жыл өткеннен кейін жұрттың бәрі қазақша сөйлейтін болады, он жыл өткенде іс қағаздарының бәрі қазақ тіліне көшеді, ал он бес жылдан кейін орыс тілін мұлде ұмытып кетеміз десті олар. Қазақ тілінде сөйлей алмады. Әрине, ол жақсы емес. Бәлкім, мен тақырыптан аздал ауытқып кеттім-ау деймін.

Н.А.: Жоқ, олай емес. Дәл тақырып бойынша сөйлесіп отырмыз. Сөйтсе де, жалған отаншылдардың (бұл сіздің өз сөзіңіз, менікі емес) кейбіреулері Абай атымен ант етеді, енді біреулері оған астыртын дау айтады.

М.Қ.-М.: Бұл тағы да саясатшылдық! Абай өз балала-рына жақсы білім алғызы, бәрінің де орысша сауатын ашты. Тіпті Құнанбайдың өзі де сондай: Халиолла деген баласы орысша керемет білім алған, кадет корпусын бітірген. Абай да өзінің сүйікті баласы Әбдірахманды Шоқанның жаңа бейнесі ретінде көрген. Демек, ол қазіргі кейбір сөзуарларға одақтас бола алмайды.

Н.А.: Сіз не айтасыз, Мұрат Мұхтарұлы, сіз жас кезінде сонау, “Жас тұлпардан” бастап ұлттық мәселелермен шүғылдандыңыз ғой?

М.Ә.: Бұл жерде не айтуға болады? Мен алпыстың алтауына шықтым, Абай жасынан асып кеттім...

М.Қ.-М.: Есіңізде болар, оның көрілік туралы бір өлеңі бар емес пе? Қырық жасында жазған.

М.Ә.: Жоқ, одан бері жас мөлшері жөніндегі ұғым да, шекара да қатты өзгерді. Ал, енді, Абайға келейік. Ол – алып, ол – данышпан. Бірақ данышпандар да кәдімгі адамдар ғой. Өзінің замандастары алдында парасаттылық борышы бар. Дүниеге көзқарасы соншалықты нөзік Абай, жүйке-жүйесі әбден жалаңаштанып, қажыған кезде өмірдің олқылықтары оны қатты қажытқан. Сондықтан оның көп өлеңдері мен философиялық ой-толғамдарында қайғы-қасірет, түнілу сарындары жиі кездеседі.

Сонымен бірге ол сол уайым-қайғыны жеңетін рухани, шығармашылық қуат-күшті де таба білген. Адам бойындағы тұмысынан бері келе жатқан маймылдық шарасызыңдаққа қарсы ем де тапқан. Абайдың ұлылығы да, мінез-құлқындағы тазалықта осыдан. Ол – шын мәнісінде барлық замандарға лайық адам.

Н.А.: Менде тағы бір екі сұрақ бар. Ол бәлкім бұрынғылармен салыстырғанда академиялық сипатта болуы да мүмкін. Ол үшін кешірім сұраймын.

Испан халқының ұлы жазушысы Сервантес өзінің мәңгі өлмейтін “Дон Кихотын” дүние жүзіне баяғыда-ақ мағлұм еткен. Ағылшын жазушысы Шекспирді ешбір елдің драматургі, көзі ашық ешбір адам ескерусіз қалдыра алмайды. Немістің ойышыл ақыны Гете дүниежүзілік әдебиет деген ұғымды қолданысқа енгізіп еді, өзі де соның символына айналды. Орыс жазушылары Толстой, Достоевский, Чехов туындылары бүкіл XX ғасыр әдебиетінің бейнесін айқындағы.

Ал солардың бәрінен бұрын жасаған Пушкин өз Отанының шекарасынан бір қадам аттап шыққан жоқ. Ал осыдан Пушкиннің өзі емес, бүкіл дүние жүзі ұтылды. Бірақ мынадай да факті бар. Владимир Набоков Пушкинді студенттерге жақсырақ таныстырымсын деген оймен “Евгений Онегинді” ағылшын тіліне аударған. Ал сондағы ішкі ойы – орыс ақынын бүкіл ағылшын жүртшылығына таныстырмақ, одан әрі бүкіл оқымысты әлемге атағын жаймақ болған. Бірақ бұл ойы сөтсіз болды. Ақын Пушкин аруағы өлеңмен жазылған романын қара сөзге айналдыруды, сірә, қаламаған болар.

Мен мұны неге айтып отырмын? Абайдың жағдайы да Пушкинге үқсас болғаны-ау деген оймен айттым. Рас, Абайдың Мұхтар Әуезов сынды мықты елшісі бар. Ал Абайдың өзі болса, оның өз тілінде жазған шығармалары бәрібір сол дүниежүзілік әдебиеттің бір бөлшегі бола алады. Солай болды да. Герман Мелвиллдің айтуынша, оны көргенде кімнің болса да жүргегі елжіремей тұра алмас еді. Ал бірақ Абай өлеңдерінің орысша аудармасын оқығанда мұндаі әсер тумайды. Аудармаларына қарап, Абайды әлемдік тұлға деп айтуға ауыз бармайды. Бұл жердегі гәп неде? Бәлкім, ол аударылмайтын ақын шығар?

М.Қ.-М.: Алдымен Пушкиннен бастайық. Оны ауызға алған өзініз ғой. Роман тілдері мен герман тілдерінің арасында қашалықты айырма болса да, европалық халықтардың көпшілігі сол тілдерде сөйлейді. Сондықтан оларда классиктерді өз тілінде оку керек деген ұфым бар. Ал Абайға келетін болсақ, оның жағдайы жаңағы Пушкин жағдаймен бірдей. Айналып келгенде, Абай – қазақ ақыны. Ол қазақтар үшін жаратылған. Оның қаны да, жаны да, тәні де қазақтікі.

Н.А.: И-ие, Абай туралы кітап жазған қазақ емес жазушы үшін бұл бір шабыттандыратын сөз болды. Айтары жоқ. Сіз де солай ойлайсыз ба, Мұрат Мұхтарұлы?

М.Ә.: Әлі есімде, 70-80 жылдары көркем аударма проблемалары баспасөз бетінде көп талқыланды. Әрине, әртүрлі, тіпті керегар да пікірлер айтылды. Бірақ бәрінің қол қойған ортақ пікірі болды. Ақын өзінің ана тілінде неғұрлым табиғи жазса, оны өзге тілге аудару соншалықты қыын. Бірақ бұл аударуға болмайды деген сөз емес. Ал менің ойым бойынша, аударуға көнбейтін шығарма жоқ. Пушкинді де, Абайды да, халықтық эпостарды да, сонау “Әддадан” бастап “Қозы Қөрпешке” дейін түгел аударуға болады. Ал эпоста халық рухы жоқ деп кім айта алады?

М.Қ.-М.: Fafu етініз, бір сөтке сөзінізді бөлейін. Студент кезімде, Пушкин жолжазба дәптерінде “Қозы Қөрпеш – Баян сұлудың” ұзын-ырғасын жазып алған екен дегенді естіп, мен Модзалевскийдің сол жазба келтірілген кітабын іздей бастадым. Фылым академиясының Орталық кітапханасынан таптым. 1937 жылы шыққан әлгі кітап “Рукою Пушкина” деп аталады екен – онда жазбаның неше түрі табылады, мысалы, қарыз алғаны жөніндегі қолхаттар, оқыған кітаптарының шетіне жазғандары, Пушкин Арзрум сапарында үйренсем бе деген араб, түрік тілдеріндегі бірнеше сөздер бар, солардың арасында қазақ эпосының сюжеті түсірілген екі парап қағаз шынында да жүр.

М.Ә.: Соның өзі аз олжа емес, Пушкин поэзиялық аударма жасады деп жатқан ешкім де жоқ. Бәлкім, мұның өзі жай дайындық болған шығар? Әйтсе де, мен ойымды айтып болған жоқпын. Меніңше, мәселенің мәнісі қызығушылықтың өлшемінде, мүмкін, басқа тілдегі оқырмандардың ақынның өзінен де гөрі, оның туған жеріне, өскен шаңырағына қызығушылығы маңыздырақ шығар.

Мынандай мысал келтіреін. Орта ғасырлардағы қытай және жапон поэзияларында қағазға қаріп бол түсіу і жағынан да, көркемдік өрнегі жағынан да үқастық бар. Алайда, қарап отыrsaңыз, жапонның ескі жырлары орысшаға қандай төгіліп түскен, Таң дәүірінің қытай ақындары болса, сондай нашар аударылған.

Менің ойымша, көзге ұрып тұрган осынау айырмашылықтың себебін Ресейдің ірі синологи Любовь Дмитриевна Позднеева жақсы түсіндірген. XX ғасырдың басында Жапония әлемдік саясат театрының авансцена-сына жұлқынып шыға келгендей болды. 1905 жылы Цусимада орыс флоты талқандалды. Бүкіл әлемде, әсіресе, Ресейде, оған дейін көп таныла қоймаған осы елге ерекше қызығушылық ояңбауы мүмкін емес еді. Ақыл-ойдың алыптары Жапония феноменін байыптауға кірісті, таңдаулы тәржімешілер жапон әдебиетін аудара бастады. Ал Қытай өзіне ешқашан дәл мұндай қызығушылық тудырған емес. Иә, белгілі жай ғой, Анна Ахматова қытайларды (сол сияқты корейлерді де) аударған, сонымен бірге оның бүл іспен құлықсыз, құнқөріс үшін айналысқаны да белгілі. Басқасын былай қойғанда, поэзияға қажетті жағдай да, ақындық шабыт та атымен болған емес.

Қазақ поэзиясының да орыс әдебиетшілерін, тіпті шығармашылықтың бетке тұтар тұлғаларын да тұтастай алғанда енжар күйде қалдыратының себебі даланың тарихына, Қазақстанның қазіргі ахуалына шындал қызығушылықтың жоқтығынан емес пе еken? Бәлкім, Пушкиннің өзі де сондай жағдайға түскен шығар...

Н.А.: Сонда Достоевский басқа жағдайда болған ба? Сонда сіз, жалпы, Пушкиннің түсындағы, Пушкиннен кейінгі Ресей әлемді қызықтырмады дегініз келе ме?

М.Ә.: Жо-жоқ, әрине, олай емес, әйтсе де Достоевскийдің жөні бөлек. Ол адам жанының сол кезде де, онан кейін де, ешкім, еш жерде үңілуге дәті шыдамаған қатпар-қалтарыстарына үңіле білді, ол келер замандардың тарихи үстама ауруын жүрттың бәрінен бұрын сезінді – оның жаңалықтарына қалайша селт етпеске? Айтқандай, мұның бәрі белгілі жай. Менің айтпағым басқа. Бәлкім, қателесермін, бірақ менің ойымша, қандай да бір себептермен Ресей әлемдік иірімнің ортасына түсіп қалса, онда Англияда да, Францияда да, Америкада да Пушкинге

бет бұрып, Пушкин жырының ғажайып сөз сазын өз тілдерінде жеткізуге талпынатын ақындар табылар еді.

Жарайды, Абайға оралайық. Оның “Қара сөздері” қытай тіліне тамаша аударылған, бұл менің ғана пікірім емес, Аспанасты еліндегі өте беделді мамандар осылай деп санайды. Эрине, өлеңдері жайында бұлай дей алмаймыз...

Н.А.: Мен сол өлеңдерді айтып түрмyn ғой.

М.Ә.: Несі бар, Абайдың ақындық дауысы да әлемге естілуі ғажап емес. Мұсылмандық ортадан басқа жерлерде де, көп елде суфизмге қызығушылық арта түсуде, яғни Абайға сүрлеу салына бастады.

Мен жалпы аударманың болашағына үмітпен қараймын, оның үстіне сол үмітшілдігімді үстейтін жайлар да кездесіп тұрады. Мысалы, Мәскеуде Абайдың махабbat лирикасын арқау еткен спектакль қойылғалы жатқанын білемін. Сібірден келген бір режиссер, өкінішке орай, аты-жөнін ұмытыңқырап түрмyn, бірақ, жастығына қарамай қазірдің өзінде танымал Жақында режиссер Алматыға келіп кетті, “ТұранӘлем-Банк” қойылымға қолдау көрсететін болып келісіпти.

М.Қ.-М.: Солай ма? Алғаш рет естіп түрмyn.

Н.А.: Мен де. Әйтсе де, қызығылықты жай. Премьераны құтеміз енді.

М.Қ.-М.: Абайдың әлемдік сапары жайында бірер ауыз сөз айтуға рұқсат етініздер, алдымен тым болмаса оның шығыстық бастауларына тоқталайық. Жылап-сықтай беретін ештеңе жоқ, істі жөн-жосығымен жүргізе білсек, Абай иран және араб тілді әлемде әбден-ақ әйгілі бола алады. Әйткені, оның поэзиясы парсы поэзиясымен үндес, ал парсы поэзиясының арабтарға қандайлық әсер еткені белгілі. Шығыста араб тілі – ғылымның, трактаттардың тілі; парсы тілі – поэзия тілі, түркі тілі – әскери өнердің тілі деп саналған. Рас, Әлішер Науай түркіше де, парсыша да жазған. Абай онымен анық астасып жатады, сондықтан, қайталап айтамын, көкейіміздегіні көңілге қонымды етіп атқара алсақ, бәрі де қолдан келеді. Әрі бүгінгі таңда, біз ислам әлемінің бір бөлігіне айналған кезде, солай болғанына сөз жоқ: қазақтар мұсылмандар ғой – Батыс бізге өздерін Шығыспен байланыстырып тұратын көпір сынды қарайды. Қазақстан – зайырлы мемлекет, ондағы дінге сенушілердің басым бөлігі – мұсылмандар мен

православиеліктер. Біз екі тілді қатар менгергенбіз. Батыс демократиясының құндылықтарынан тіпті де бас тартпаймыз, сонымен қатар ұлттық мәдениетімізді де сақтап, дамытып отырамыз. Міне, осы телқозылық сипатымыз, тегінде, бізге баршаның басын біріктіріп тұрады.

Мұның бәрін неге айтып тұрмын? Айтпағым тағы сол жай – осындай жағдайда Абай жыры өзінің жаһандағы жолын араб елдерінен бастап, әрі қарай жалғастыра алар еді. Бар мәселе әдеби және баспагерлік менеджментті дұрыс үйімдастыра білуде.

Мұрат Мұхтарұлының пікірін қолдан, егер аударманың қызындықтарын еңсере білсек, Абай дауысы Қытайға да қарлықпай жетер еді дегім келеді. Бұл не деген сөз? Қытайдың өзі де аса алып ел – бір жарым миллиард адам тұрады. Әйтсе де, бұл одан да артық, өйткені, Оңтүстік-Шығыс Азияда қытай тілін білетіндер өте көп, ол, тіпті, түптің түбінде әлем тілі ретінде ағылшын тілін де шетке ысырып шығаруы мүмкін. Демек, Абай үшін де қытай тілі дәнекер тілге айнала алады. Оның үстіне көшпелі халықтардың өлең өрнегінің өзі қытай поэзиясына жат емес, Го Можоның айтуынша, Таң дәуірінде түркі тамырлы ақындар жыр төккен. Мен сол кезеңдегі қытай ақындарының біразын оқыдым, сондағы сипатталатын ортанды суретіне қарағанда, автордың көшпелілік стихиясын бейнелеуіне қарағанда, ақынның өзі де сол әлеммен барынша қойындасып кеткен деуге келеді.

Ал енді жалпы Еуропада, батыс әлемінде Абай аса танымал бола қоймайды. “Қара сөздердің” жөні басқа.

М.Ә.: Танымалдылықты айтып тұрғанымыз жоқ. Сүймесе сүймей-ақ қойсын – мойындаса болды.

Н.А.: Мен тіпті басқаша айттар едім – әлемдік ұлы тұлға ретінде танысын деп.

Мұхтар Абрарұлы, Абайдың қазақ даласына сонша терең тамыр жібергеніне қарамастан, оның даусы даладан тыс өңірлерге де, Шығысқа, Шығыстан басқа жерлерге де жете алатынын айтқаныңызға қарағанда, әу бастағы үстанымыңызды біршама өзгерткен сияқтысыз. Әйтпесе, тіпті ұнжырғам түсіп кете жаздал еді. Маған сондай-ақ Мұрат Мұхтарұлының ақынның өзге тілді ортадағы тағдыры өлдебір құбылыстармен, тіпті әдебиетке атымен қатысы жоқ оқиғалармен байланысты болатындығы

жөніндегі ойы да маңызды сияқты көрінеді. Бір жоқты бір жоқ табады деген.

Ал ендігі айтарым таза әдебиетке қатысты жай.

Орыс поэзиясында Пушкин мектебі жоқ. Айталақ, философиялық лириканың Тютчев мектебі бар дейік, Некрасов мектебі бар, оның XX ғасырдағы аса көрнекті екілі – Александр Твардовский. Ал Пушкин мектебі жоқ, ейткені, Пушкиннен бөрі де бастау алған, алайда, нақты ешкімді де дәл Пушкиннен шықты дей алмаймыз. Осыдан мынандай сұрақ шығады: қазақ поэзиясында Абай мектебі, оның тікелей мұрагерлері бар ма?

М.Қ.-М.: Ислам әлемінде пір деген үғым бар, рухани үстазды, шамшырақ сынды, бағдар беретін адамдарды осылай атайды. Барлық қазақ ақындары үшін, жасына да, жасамысына да, сондай пір – Абай. Ешкім де өзін Абайдың мұрагерімін дей алмайды, оған дәті де бармайды, мұндай ойдың өзі астамшылыққа жатар еді. Сөзіме Мұрат Мұхтарұлы куә болсын, біздеңі қолына қалам алғандардың арасында мен Абайдың қай жеріне келдім деп салыстыратын салт бар. Қарап отырсаныз, ешкімнің де Абайдың тым болмаса “тізесіне” дейін жеттім деуге батылы барған емес. Өзім сүйіп оқитын тамаша қазақ прозашысы Мұхтар Мағауиннің ғұмырбаяндық романы “Мен” деп аталады. Атына қарап-ақ автордың бері қойғанда өзін өзі төменшіктетуге бейім еместігін көруге болады. Сонда не айтқан дейсіз ғой? Өзін Мұхтар Әуезовтің ізбасары, оның дәстүрлерін жалғастыруши, тіпті онымен өнер жарысына түсуші санай тұра – ұлы Зергер өмірден өткелі бергі жарты ғасырдай уақыттың ішінде біздің әдебиетіміздің қатты кемелденгенін ескеру керек қой – Мағаун Абайдың “тізесіне де” келмегенін тіке айтады. Ал жұрттың көбі Абайдың тілерсегіне де жетпегенін іштей мойындейды. Қысқасы, Абай – барша ақындардың үстазы, Мұхтар Әуезов айтқандай, ага ақын.

М.Ә.: Қайым Мұқамедхановтың “Абайдың әдебиет мектебі” деген кітабы бар...

М.Қ.-М.: Иә, ол еңбек Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен жазылған диссертациядан туындаған. Автор ол үшін біраз құқай көрген – жазықсыз жазаланып, сталиндік лагерълерде отырған.

М.Ә.: Бірақ онда, негізінде, әңгіме әдеби оқу тұрғысында емес, кең мағынада алғандағы дәстүрді мұра тұтушылық жөнінде қозғалады. Мұның өзі түсінікті де – Абайға еліктеу мүмкін емес, дәл сол өрнекпен жазу да мүмкін емес. Ал әрбір нағыз ақынның өзін Абайға қарап өлшейтінінің жөні басқа. Ол бір құлақ күйі сияқты. Оның аса ауқымды, алапат орны да осында. Абай болмағанда, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Мұқағали Мақатаев сияқты алып тұлғаларымыз да болmas еді. Қазақстанда қазір де мықты ақындар бар.

М.Қ.-М.: Тағы бір-екі ауыз сез қосайын.

Н.А.: Әрине, қосыңыз.

М.Қ.-М.: Мен жаңа біз, қазақтар – мұсылман-сұнниттерміз дедім ғой. Сөйте тұра, мына жайды жаным ауыра мойындаймын: бізде, тіпті зиялды ортада, ғылыми, көркем интеллигенцияның арасында Құраннан бетін әрі бұрғанымен қоймай, қасиетсіздікпен тіл тигізетін адамдар да табылады. Ал Абайдың ұлылығына ешкім шек келтірмейді, оның есімінің киелілігі сондай.

М.Ә.: Иә, мұның өзі ғажайып құбылыс.

Н.А.: Әңгімемізді осындағы рух асқақтататын ауанмен аяқтауға болады ғой деймін. Сіздерге алғыс айтамын, бұл әңгіме маған өте пайдалы болды, оқырмандарға да қызығылышты көрінер деймін. Өзін өзі мақтағандай жазғырмаңыздар, менің ойымша, осы әңгімеміз кітаптың құрылымында орнын дәл табатын сияқты. Мен мұны нүкте қою емес, қайта қайрау, жолы ашылған мәре сияқты көремін.

Солай болғаны да жөн, өйткені, Абайға баар жол қашанда өрлеу жолы, оның өзі – қашанда жалғасатын жол

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ МЕРЗІМДЕРІ

1845 ж., 10 тамызда – Семей облысы, Шыңғыстау ауданында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында) ірі феодал Құнанбай Өскенбайұлы мен оның екінші әйелі Ұлжанның отбасында дүниеге келді.

1855 – 1858 ж. – Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқыды, біраз уақыт орыс приход мектебінде қосымша дәріс алды. Араб, парсы және тағы да басқа кейбір шығыс тілдерін менгеріп, Науай, Низами, Сағди, Жәми, Хафиз, Фирдауси дің және басқа да шығыс классиктерінің шығармаларымен танысады, олардың гуманистік ойлары оның көзқарасын қалыптастыруға әсерін тигізді.

1861 ж. – Ділдәға үйленіп, тұңғыш ұлы Ақылбай туды.

1874 ж. – Әйгерімге үйленді.

1875 ж. – ұлы Тұрағұл туды.

1875 – 1878 ж. – Қоңырқекшеде болыс болды.

1870 – 1880 ж. – саяси қылмыспен жер аударылып келген – Е.П.Михаэлиспен, И.И.Долгополовпен, А.А.Леонтьевпен, С.С.Гросспен танысып, жақын араласты.

1885 ж. – генерал-губернатор Цеклинскийдің басқарумен Қарамолада өткен Орта жүз рубасыларының төтенше съезінің жұмысына қатысты. Сол жылы әкесі Құнанбай қайтыс болды.

1886 ж. – Абай Е.П.Михаэлистің ұсынуымен Семей облыстық статистикалық комитеттің толық мүшесі болып сайланды. “Жаз” – Абайдың алғаш рет баспасөзде жарық көрген шығармасы. Бұл өлең үш жылдан соң “Ақмолинские

областные ведомости” газетіне айрықша қосымша ретінде Абайдың жақын досы және шәкірті Көкбай Жанатай-ұлының атымен жарияланды.

- 1882 – 1888 ж. – “Қансонарда бүркітші шығады анға” (1882), “Қалың елім, қазағым, қайран жүртүм” (1886), “Сегіз аяқ” (1888), “Айттым сәлем, қалам қас” (1888) және тағы да басқа поэтикалық шығармалары жазылды.
- 1886 – 1898 ж. – Орыс және Батыс Европа әдебиетінің классиктері – А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов, Шиллер, Гёте, Байрон, Гейне, Мицкевичтердің шығармаларын қазақ тіліне аударды.
- 1887 – 1889 ж. – “Масғұт”, “Әзімнің әңгімесі”, “Ескендері” поэмалары жазылды.
- 1890 – 1898 ж. – философиялық цикл “Қара сөздер” (“Факлия”).
- 1895 ж. – өкпе ауруынан ұлы Әбдірахман (Әбіш) қайтыс болды.
- 1904 ж. 14 мамырда – өкпе ауруынан ұлы Мағаш (Maғаш) қайтыс болды.
- 6 шілдеде – Абай дүниеден өтіп, Жидебай қыстауында жерленді.

КРАТКАЯ БИБЛИОГРАФИЯ

СОЧИНЕНИЯ АБАЯ

Абай Кунанбаев. Стихотворения. Поэмы. Проза. М., 1954.

Абай. Избранное / Вступ. Ст. М.Ауэзова. М., 1970.

Абай. Избранное стихотворения. Поэмы. Слова назидания / Сост. М.Магаин. Вступ. ст. М.Ауэзова; послесл М.Каратаева. М., 1981.

Абай. Избранное / Сост. Г.Бельгер; отв. Ред. А.Нурпесов. Алматы, Прага, 1995.

Абай. Слова назидания (Кара соз) / Пер. С каз. С.Санбаева. Алма-Ата, 1979.

РАБОТЫ О ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВЕ АБАЯ

Абай. Энциклопедия. Алматы, 1995.

Ауэзов М.О. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959.

Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев. Статьи и исследования. Алма-Ата, 1967.

Ауэзов М.О. Неопубликованные материалы по абаеведению. Алма-Ата, 1988.

Ахметов З. Современное развитие и традиции казахской литературы. Алма-Ата, 1978.

Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. Алма-Ата, 1976.

Бейсембаев М. Новое об Абае. Алма-Ата, 1988.

Бельгер Г Земные избранники (Гёте, Абай). Алматы: Жазушы, 1995.

Букейханов А. Избранное. Алматы, 1995.

Габдуллин Б. Этические воззрения Абая. Алма-Ата, 1970.

Галиев В. Ссыльные революционеры в Казахстане. Алма-Ата, 1978.

История казахской литературы. В 3 т. Т.2. Дореволюционная казахская литература / Под. Ред. И.Дюсенбаева. Алма-Ата, 1979.

Касымбаев Ж. Старший султан Кунанбай Усkenбаев и его окружение. Алматы, 1995.

Кеннан Дж. Сибирь и ссылка. Путевые заметки (1885 – 1886). СПб., 1999.

Косенко П. Скрещенье судеб. Историческая хроника. Алма-Ата, 1988.

Мир Абая. Алматы, 2004.

Мирзахметов М.М. Абаеведение: Библиографический указатель, Алма-Ата, 1988.

Мухамедханов К. Поэты абаевской поры. Алма-Ата, 1983.

Мухамедханов К. Текстология произведений Абая. Алма-Ата, 1959.

Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток. Алма-Ата, 1982.

Сатпаева Ш.К. Слово об Абае. Предисловие. Алматы, 1994.

Сильченко М.С. Творческая биография Абая. Алма-Ата, 1957.

Шаймерденова К.Ш. Педагогические взгляды Абая Кунанбаева. Алма-Ата, 1990.

Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966.

МАЗМҰНЫ

Пролог.....	4
<i>Бірінші тараяу.</i> Шет аймақтардың мифологиясы.....	8
<i>Екінші тараяу.</i> Өзінің киіз үйінде.....	28
<i>Үшінші тараяу.</i> Өзінің Даласында.....	78
<i>Төртінші тараяу.</i> Өзінің Шығысында.....	121
<i>Бесінші тараяу.</i> Өзінің Батысында.....	208
<i>Алтыншы тараяу.</i> Өзінің Европасында.....	288
Эпилог. Абай асқары.....	423
Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығының негізгі мерзімдері.....	464
Краткая библиография (орыс тіліндегі басылымдар – Ред.).....	466

“Әлем әдебиеті” сериясы

**Николай АНАСТАСЬЕВ
АБАЙ
Самғау салмағы**

(қазақ тілінде)

Oryс tіlіnen aударған Ж.Ысмагұлов

Редакторы *Ж.Болтанова*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Компьютерде беттеген *F.Сатыбалдиева*
Корректоры *Қ.Құрманғалиқызы*

ISBN 9965-18-301-5



9 789965 183010

ИБ №306

Теруге 19.07.10 ж. жіберілді. Басуға 30.07.10 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Қағазы оффсеттік. Қаріп түрі “KZ TimesNR Сүг”
Басылымы оффсеттік. Шартты баспа табағы 24,78 б.т. Есептік баспа
табағы 24,5. б.т. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 832.

“Аударма” баспасы,
010009, Астана қаласы, F.Мұсірепов көшесі, 5/1, ВП2



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: grik-dauir81@mail.ru, grik-dauir2@mail.ru



Николай Аркадьевич Анастасьев – бүгінгі ғандагы орыс әдебиетіндегі ең танымал, білікті де білімді әдебиет зерттеушілерінің бірі. Ол М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

ХХ ғасырдағы Америка әдебиетінің маманы ретінде Н.А.Анастасьев 20-дан асташ монография, мынан астам мақалалар жазған ірі ғалым. Ол өз енбектерінде әлем әдебиетінде айрықша құбылыс ретінде танылған авторлар мен

шығармаларды іріктен, соларға терен талдаулар жасайды.

Қаламгердің кітаптары Ресей ғана емес, АҚШ пен Еуропаның көптеген елдерінде жарық көрген. Солардың ішінде «Феномен Набокова», «Творчество Эрнеста Хемингуэя», «Уильям Фолкнер» атты зерттеулері әлемдік әдебиеттанудың шоқтықты шығармалары саналады.

Н.А.Анастасьев кейінгі жылдары қазак әдебиетіне айрықша ден койып, «Небо в чашечке цветка: Абдижамил Нурпеисов и его книги в мировом литературном пейзаже» атты монография жазған. Сейтің біздің ұлттық әдебиетімізге ерекше қызыгуышылық танытып, Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан, «ЖЗЛ» сериясымен «Ауззов», «Абай» атты китаптар шыгарды.

Оқырманға ұсынылып отырған бұл күрделі туынды – Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген «Абай» китабының қазақша нұсқасы. Тәржімалаған – қазак аударма әдебиетінің классигі, профессор Жұмагали Ысмағұлов.

